Колониализм самым отрицательным образом оказал разрушающее действие на развитие производительных сил края, его политическое и социальное развитие. Будучи типичной колонией Туркестан стал огромным рынком скота и сырья для российского капитализма, превращался в место политического резервуара самых реакционных и консервативных сил империи, которые стремились лишить местное население — казахов и узбеков не только экономического влияния, но и ликвидировать его культуру, традиции в сферах материального производства.

Следует отметить, что сложившиеся политическое и социальное-экономическое положение оказывало отрицательное влияние на дальнейшее более широкое развитие кустарно-ремесленной промышленности. В частности, отдельные отрасли ремесла, не выдержав конкуренции фабрично-заводской продукции, пришли в упадок. Завозимые из России фабричные ткани в значительной степени вытеснили из обихода городского населения бумажные ткани ремесленного производства; лишь в сельской местности сохранился спрос на низкие и грубые сорта тканей. В значительной мере утратила свое былое значение металлообрабатывающая кустарная промышленность. Не выдержали конкуренции с завозимой из России фарфоровой посудой изделия гончарного производства, за исключением грубой глиняной посуды.

Вместе с тем изученные нами данные по обобщению ремесленно-кустарному производству свидетельствуют о том, что в Туркестанском крае в течении всего колониального периода и даже в первые годы установления Советской власти продолжали сохранять свое значение многие виды ремесленно-кустарного производства, которые снабжали край некоторыми товарами первой необходимости.

В новых условиях местные мастера начали приспосабливаться к потребностям рынка, используя завозное сырье для изготовления продукции, что не могло улучшить ее качества. Появились новые отрасли ремесла, такие как кровельное, часовое и другие, неизвестные до этого времени, но уже превнесенные колониализмом.

Расширился ассортимент изделий, изготавливаемых местными мастерами. Продукция ремесленников-кустарей имела спрос и со стороны русского населения. Вследствие увеличения потребности в продукции определенного вида ремесла и за счет разорившихся мелких товаропроизводителей происходило расширение мастерских, а вместе с тем появились предприниматели — хозяева, с одной стороны, а с другой, — мастера, лишённые средств производства и работающие по найму.

Однако, несмотря на все эти изменения положительного характера, в целом кустарно-ремесленное производство Туркестанского края на протяжении всего изучаемого периода продолжало сохранять архаичные черты, сложившиеся еще в средние века. Оно велось при наличии небольших средств и несовершенных орудиях труда.

В ремесленно-кустарной промышленности решающее значение имел ручной труд. Только полное овладение навыками производства, высокая трудоспособность и знание своего дела делали возможным изготовление высокохудожественной и разнообразной продукции, которой славился край.

Продолжительный рабочий день, мизерная заработная плата - характеризовали их труд в крупных мастерских. Не лучшим было и положение кустаря-ремесленника, имевшего собственную небольшую мастерскую и работавшего со своей семьей. Чтобы обеспечить скудный прожиточный минимум своей семье, он вынужден был трудиться от зари до зари. К тому же ремесленники-кустари, как и все остальное население, страдали от двойного гнета — царских колонизаторов и местных эксплуататоров — скупщиков-ростовщиков. Тяжелые условия работы и жизни кустарей и ремесленников, придавленных колониальным гнетом и бесправием обрекли большинство из них на полуголодное, нищенское существование.

С зарождением капиталистических отношений и вытеснением местных ремесленных изделий фабричными сократилось число самостоятельных ремесленных заведений, все меньше становился заработок ремесленников. Отсутствие же достаточного количества крупных промышленных предприятий приводило к тому, что разоренные ремесленники не могли найти себе работу в промышленности. Все это значительно ухудшало их экономическое положение.

1. Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Ч.Ч. Валиханов. Собр. соч., Т.1., Алматы, 1961. - 466 с.
2. Небольсин П.И. Очерки торговли России со странами Средней Азии — Хивой, Бухарой и Кокандом. СПб., 1856. - 310 с.
3. ЦГА РУ. Ф.И-1. Оп.1. Д.6921, л.5.
4. Заорская В.В., Александр К.А. Промышленные заведения Туркестанского края. Пг., 1915. - 557 с.
5. ЦГА РУ. Ф.И-17. Оп.1. Д.4110, л.389.
6. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г. Ташкент, 1911. С. 121.
7. ЦГА РК. Ф.44. Д.48535, лл. 16-145.
8. Занятия и быт народов Средней Азии. М.: Наука, 1971. С.142.
9. ЦГА РУ. Ф.И-17. Оп.1. Д.20324, л.40.
10. ЦГА РУ. Ф.И-17. Оп.1. Д.20324, л.9.
11. Пещерева Е.М. Гончарное производство Средней Азии // Труды Института этнографии им. Н.Н.Миклухо-Маклая АН СССР. Нов. сер. Т.ХИ. М.-Л., 1959. - 395 с.
12. Массальский В.И. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Туркестанский край. СПб., Т. 19. 1913. - 219с.

#### **Әлжанова Ә.Е.**

*Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті  
т.ғ.к., доцент, Қазақстан, Түркістан қ., E-mail: [elmira.alzhanova@iktu.kz](mailto:elmira.alzhanova@iktu.kz)*

### **XIX ғ. СОҢЫ МЕН XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ ҚОЛӨНЕР ҰСТАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ**

#### **Түйіндеме**

Бұл мақалада XIX ғ-ң екінші жартысы мен XX ғ-ң басы Түркістан өңіріндегі қолөнер шеберлерінің әлеуметтік жағдайды қарастырылған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырларда Қазақстанның экономикасында, әлеуметтік жағдайында және мәдениетінде айтарлықтай алға ілгерілеушілік байқалады. Олар ең алдымен отаршылдықтың енуі тауар және ақша қатынастарын құру негізінде туындаған болатын. Өңірді отарлағаннан кейінгі көптеген қолөнер өндірісінің сақталуы және мыңдаған қолөнер шеберлерінің болуы жалпы схема бойынша дамған отандық өндірістен зауыттарға дейін құлдыраған бірақ оның даму сатысы анық емес және өндірісінің дамуы бір жақты және тек метрополиға қажетті болған салалардың өнімдердің дамуы капитализмнің өзіндік дамуын көрсететін Түркістан өңірінің әлеуметтік және экономикалық қатынастардың негізгі ерекшелігі еді. Қазақстан экономикасының, әсіресе жергілікті өндірістің дербес дамуына патша үкіметі үнемі кедергісін жасап отырды.

**Тірек сөздер:** Түркістан өңірі, қолөнершеберлері, өндіріс, экономика.

#### **Alzhanova E.E.**

*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish university, Republic of Kazakhstan, Turkestan, the associate professor, E-mail: [elmira.alzhanova@iktu.kz](mailto:elmira.alzhanova@iktu.kz)*

### **THE SOCIAL SITUATION OF ARTISANAL CRAFTSMEN OF TURKESTAN REGION IN THE SECOND HALF OF 19-EARLY 20 CENTURIES**

#### **Summary**

*This article examines the social situation of artisanal craftsmen of Turkestan region in the second half of XIX-early XX centuries. The second half of XIX and early XX centuries Kazakhstan was marked as a major shift in the*

*economic, social and cultural development. They were caused, first of all, the penetration and the establishment of commodity and money relations on the basis of colonialism.*

*Saving many kinds of handicraft and cottage industry after conquering the region and the presence of thousands of craftsmen were the main factor of social and economic relations in Turkestan region, demonstrating the kind of development of capitalism, which developed under the general scheme from: domestic production to factories, only the stage of its development here and it was not clearly expressed, and the development of industry was one-sided: developed, basically, only in those industries whose products are needed metropolis. The Russian government in every way obstructed the independent development of the economy of Kazakhstan, especially delayed the growth of the local industry.*

**Keywords:** *Turkestan, artisans, craftsmen, industry, economy.*

ӘОЖ 021+ 027.7: 94(574)

### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КІТАПХАНАЛАРЫ: ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (1941-1945 жж.)

**Асанова Б.С.** – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚазМемҚызПУ кітапханатану және библиография кафедрасының аға оқытушысы

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы кітапханалардың әскери-патриоттық тәрбие берудегі қызметінің мүмкіншіліктері мен жұмыс түрлері жан-жақты қарастырылған. Зерттеу барысында келесідей көрсеткіштер талданған: әр кезеңдегі қызмет көрсетіп отырған кітапханалар мен оқу-үйлерінің саны, кітапхана қызметкерлерінің саны, партия және кеңес ұйымдарының саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартудағы іс-шаралары, кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы нәтижелері және кітапхан жүйелерін қайта қалпына келтірудегі өткізген жұмыстарының негізгі көрсеткіштері. Кітапханалар жүйелерінің, кітапхана қызметкерлерінің дамуын сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді білу, қазіргі заманғы мониторинг жүргізумен қатар, болжамдық көрсеткіштерді құруға өз септігін тигізуде.

**Түйін сөздер:** инвентарлық кітап, кітапхана, библиография, абонемент, оқу залы.

Соғыс кезіндегі көптеген қиыншылықтарға (мекемелер саны қысқарды, материалдық базаның нашарлауы) қарамастан, жалпы кітап қоры 10 млн. томнан асатын 10,5 мың кітапханалар жұмыс істеді. Соғыстың түсірген ауыртпашылықтарына қарамай, кітапхана мамандары өз жұмыстарын жалғастыра берді. Бұл тұрғыда, А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана материалдарындағы жазбаларынан келтіруге болады: 1943 жылғы ақпан, наурыз айларында А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана осы саладағы мамандарға арналған семинар өткізеді. Семинар қорытындысы бойынша, колхоздарға көктемдік егістік кезінде барлық көпшілік кітапханалар шет ауылдардағы колхоз кітапханаларын қамқорлыққа алып, сабақтар өткізді. Сабақтар мынадай төмендегідей бағытта өткізілді:

1. Ауыл шаруашылығына арналған әдебиеттерге шолу өткізу.
2. Егіс бригадаларына күнделікті газеттегі ақпараттарды жеткізу.
3. Қабырға газетін, жауынгер парақшаларын шығару.

А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың әдістеме бөлімі республика кітапханаларындағы кітапханашылармен тәжірибе алмасып, кітапхана мамандығын көтеруге курстар, семинарлар өткізді. Осындай жолмен 45 кітапхана мамандары даярланып шықты. 1943 жылдары А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана 200.00 оқырмандарға қызмет көрсетіп, кітапхананың 10.000 тұрақты оқырмандары болды. Кітапхана қызметкерлерінің құрамы 91 адамдарға есептелген болатын. Алайда кітапханашының еңбек ақысының төмендігіне орай 65 кітапхана мамандарының орнына – 48 адам, 27 ғылыми қызметкердің орнына – 22 адам жұмыс жасады. Оның ішінде 7-уі тылдан келгендер, ал 5-уі ғана қазақ ұлтынан болды. Олар қосымша күніне төрт сағаттан жұмыс істеді. Кітапхана алдағы жарты жылдықта жаңа мамандарды жұмысқа тарта алмады. Біраз кітапхана қызметкерлері жалақысы жоғары жұмысқа ауысып жатты. Алматы қаласындағы кітапханалардың қала сыртындағы колхоздарға шығып отыруы өте аз болды. Себебі, ауа райының жайсыздығы, кітапханашылардың материалдық жағдайының нашарлығы көп әсер берді. Осындай келеңсіз жағдайларға қарамастан А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана қызметкерлері өз жұмысын тиянақты түрде орындап отырды. Кітапхана қызметкері – В. Кислицин колхоздарға шығып, оларды шағын жұмыспен қамтамасыз

етті. Көктемгі егіс кезінде колхозшыларға мәдени қызмет көрсету мәселелеріне орай, А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік халықтық кітапхана кітапханашылардың семинарын өткізді. Семинардың мақсаты – қала маңындағы колхоз кітапханаларына басшылық ету еді. Семинарда өткізілген сабақтар төмендегідей тақырыптарда жүргізілді:

- 1). Мәдени-ағарту қызметкерлерінің міндеттері және 1943 жылғы көктемгі егіс;
- 2). Көктемгі егіс жұмысшыларына ауыл шаруашылық әдебиеттеріне шолу жасау;
- 3). Егіс бригадаларында газетпен жұмыс;
- 4). Дала қостарындағы оқу-үйлерінің ақпараттық жұмыстары;
- 5). Оқулар, әңгімелер өткізу;
- 6). Дала жұмыстарындағы халықты әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- 7). Әскери қағаздарды тарату және қабырға газеттерін шығару.

Кітапхана совхоздың алыстағы бөлімшелеріндегі қызыл бұрыштарға да көмектесіп, жаңа шыққан мерзімді баспа басылымдарын жеткізіп тұрды. Аптасына екі рет жауынгерлік парақша, газеттер шығарылып тұрды. Олар, «Дән жинауға қарқын мен сапа керек», «Әрбір сағат еселі еңбек», «Оқып-үйрен де өндіріске қолдана біл», деген ұранмен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстарды ұйымдастыруға, бригада жұмысына 3 кітапхана қызметкерлері бөлінді. Олар тәжірибесі аз колхоз кітапханашыларына көмек көрсетіп, көшпелі кітапханалар ұйымдастырды. Кітапханашылар концерттер қойып, кітапханалық үйірмелер ұйымдастырды. Кітапхананың әдістеме бөлімі республиканың барлық көпшілік кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетіп, кітапхана жұмысының тәжірибелерімен алмасуды ұйымдастырды. Ақпаратты-библиографиялық бөлім оқырмандарға жеке көмек көрсетіп, партия, өнеркәсіп кәсіпорындарына, ғылыми-зерттеу ұйымдарында анықтамалар орындап, ұсыныс және библиографиялық тізімдерді құрып, кеңестер ұйымдастырды. Кітапхананың көпшілік секторы лекциялар, баяндамалар, әдеби кештер, тақырыптық анықтамалар жұмыстарын жүргізді. 1943 жылы театрларда 12 кітап көрмелері ұйымдастырылды. Оқырмандарға қызмет көрсетумен қатар, «Қазақстантану», «Библиография» саласы бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізеді. 1943 жылы кітапхана 1000 00 тақырыпты қамтыған «Қазақстанның пайдалы қазбалары және кәсіпорны», деп аталатын библиографиялық көрсеткішін аяқтады. Бір жарым ай ішінде кітапхана меңгерушісі – Т. Гусева барлық бригадаларда «Құрмет тақтасын» және «Құрмет белгісі» тақтасы жарысын ұйымдастырып, 42 әскери үндеулер шығарып, 25 оқулар, 4 жиналыс, 18 әңгімелер өткізіп, 825 адамдарға қызмет көрсетіп, 63 ұрандар жазды. Кітапхана меңгерушісі – Т. Шебалдина дала бригадаларына 11 жылжымалы кітапханалар ұйымдастырып, пункттер мен госпитальдарға қызмет көрсетті. 1943 жылдың бірінші жарты жылдығында кітапханаға 23070 оқырмандар қатынап, 49454 экз. кітап берілді. Т. Шебалдина және басқа да кітапхана қызметкерлері 183 ұжымдық радио тыңдау, 224 оқулар, 21 әдеби викториналар, 15 әдеби көрмелер ұйымдастырды. Әскери мәселелер жайындағы анықтама столдары, анықтама бұрыштары оқырман сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, республикалық жарыстарға қатысып отырды.

Кітапхана жұмысында өзін жақсы қызметкер ретінде көрсете білген, көпшілік жұмыстарды кең көлемде өткізген, оқырмандарға керекті жағдайды жасап отырған кітапхана директорлары –

В.Н. Шмелева, Васильева, кітапхана меңгерушілері – Т. Шебалдина, Слюсарь, Желяева және т.б. сыйақымен марапатталды. А.С. Пушкин атындағы кітапхана жанындағы әдістемелік бөлімі «Көпшілік кітапханалардың жұмысы», «Ұлы Отан соғысы» тақырыптарына арналған картотека құрастырып, ұсыныс тізімдерін жасады. 1944 жылдың 1 қаңтарында А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың қоры 930 мың томға жетіп, оның ішінде 10.000 қолжазбалар мен сирек кездесетін шығармалар болды. Соғыс жылдарындағы ауыр жағдай кітапхана жұмыстарын баяулатқан жоқ. Тек бір жыл ішінде оқырмандар саны 189 мыңға, кітап беру саны 3 миллион кітапқа көбейсе, кітап қорының орташа айналымы 3,3 ретке жетті. А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың, кітапхана мамандары оқырмандарға арнап 25600 библиографиялық анықтамалық 195 тізім дайындады. Алайда, мамандардың, қаражаттың, қағаздың жетіспеуінен кітапхананың басқа кітапханаларға әдістемелік көмегі күрт төмендеді [1]. 1944 жыл бойынша ауылдық жерлерде егіс кезінде 2168 жылжымалы кітапханалар жұмыс істеп, 204 мың әңгімелер, 35 мың лекция, баяндамалар оқыды. Солардың бірі – А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың абонемент, оқу залы бөлімдері бір жарым миллион адамдарға қызмет көрсетті. Оқырмандар саны 1940 жылмен салыстырғанда, 180 мыңға көбейіп, берілген әдебиет саны 2800 мың томға өсті. Өткізілген лекцияларға, баяндамаларға және жазушылар, ғалымдармен кездесуге 200 мың адам қатысты. Партия және кеңес ұйымдарына, ғылыми мекемелерге 25600 анықтамалар, 195 библиографиялық тізімдер, 200 библиографиялық шолулар өткізді. Сонымен қатар,



«Қазақ КСР-ның тарихына арналған» көрсеткіш, «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарда» тақырыптарына арнап картотека шығарады [2].

БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 сәуірдегі «Көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмысын жақсарту қаулысы» кейбір облыстарды өз шешімін таппады. Мысалы, Батыс Қазақстан облысындағы мәдени-саяси ағарту жұмыстары қанағаттанарлықсыз болды. Облыс бойынша, 302 мәдени-саяси ағарту мекемесінің 150-і жұмыс істемеді. Қызметкерлердің тұрмыс жағдайы ешкімді қызықтырмады, нәтижесінде, оқу-үйінің менгерушілері 6–8 ай еңбекақыларын ала алмай, көбісі жұмыстарын тастады. Осындай себептерден бос қалған бөлмелерді басқа жағдайларға қолданылып отырды. Мысалы, Чингирлауск ауданының «Егіншілер» колхозындағы қараусыз қалған оқу-үйін дін жорасын оқу мақсатында молдалар қолданды. Көптеген оқу-үйлері жартылай қираған жағдайда болса, ал біраз бөлігі аудандық және облыстық жұмысшылардың келісімімен астық құятын пункттерге қолданылды. Теректі ауданында 5 оқу-үйлері астыққа толтырылды. Облыс бойынша, 194 оқу-үйі, 63 қызыл бұрыштар, 32 аудандық және қалалық, 1 облыс кітапханалары қызмет көрсетті [3].

Жергілікті ұйымдар, ҚКСР халық комиссары және БК(б)П Орталық Комитеті 1944 жылғы 13 қазандағы қаулысының іске асу мақсатында, партия ұйымдарының көмегі арқасында саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуда бірқатар шаралар өткізді. Саяси-ағарту қызметкерлерінің облыстық, аудандық мәжілістері өткізілді. Аудандағы мәдениет үйлері, кітапханалар жанынан кітапханашылардың, клуб қызметкерлерінің, оқу-үйін басқарушыларының семинарлары, Республикалық социалистік жарыстар ұйымдастырып отырды. Сонымен, 1944 жылы Республика бойынша өткізілген саяси-ағарту жұмысының қорытындысы бойынша бюджеттік саяси-ағарту мекемелері – 3222, оның ішінде, 357 клубтар, 426 кітапханалар, 15 мұражайлар, 21 қызыл бұрыштар, 2358 оқу-үйлері, 45 қызыл үйлер жұмыс істеді. Мекемеден тыс саяси-ағарту мекемелері – 3056 болды. Ал, 1944 жылғы 1 желтоқсан айындағы мағлұмат бойынша, республикада 3992 саяси-ағарту қызметкерлері жұмыс істеген, соның ішінде, қосымша жұмыс істейтіндердің 1046 мұғалімдер болды. Көптеген облыстарда саяси-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне қайта даярлаудан өткізу курстарын жүргізді. ҚКСР Халық Комиссарлары Кеңесі және Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің шешімі бойынша «Облысаралық 300 адам шамасында 3 айлық оқу-үйін басқарушыларын даярлау» жоспарланған болатын, бірақ жоспар бойынша, тек 26 адам ғана оқып шыққан.

1944 жылы Халық Комиссары мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау, қайта даярлауда жүргізілген жұмыстарына қарамай, кітапханаларды мамандармен толықтырудың мүмкіндігі болмағандықтан кітапханалар жабылып жатты. Көптеген аудандарда мамандармен қамтамасыз ету 60–70 пайыздан аспады. Осы жылы Республикада 3992 мәдени-ағарту қызметкерлері жұмыс жасаған екен. Олардың 79-ы жоғары білімді, 777 орта, 1212 аяқталмаған орта, 1074 бастауыш білімдері болса, кітапхана саласы бойынша олардың 76-ның ғана жоғары және арнайы орта кітапхана білімі болған. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінде мамандармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегендердің дәлелі еді. Соған байланысты, 1944 жылғы 13 қарашада ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің шешімімен соғыс кезінде, яғни 1942 жылы жұмысын тоқтатқан Алматы кітапхана техникумы қайта ашылады. Техникум өз жұмысын 1944 жылдың 1–ші қазанынан бастап, саяси-ағарту бөлімінің 3 курсына 24 студентті оқуға қабылдайды. 1945 жылдың наурызында техникумның кітапхана бөлімінің 3 курсына 28 студент, барлығы 52 студент оқуға қабылданды. 1946 жылы техникум Алматыдан Семей қаласына көшіріліп, 1946-1947 оқу жылының жоспары бойынша техникумға 120 студенттер қабылдануы тиіс болса, көшіп-қону жұмыстарына байланысты тек 74 студенттер ғана қабылдап үлгерді. 1946 жылы ҚКСР Министрлер Кеңесінің мәдени-ағарту мекемелері жөніндегі Комитетінің бұйрығымен Республикалық кітапхана техникумы, Республикалық мәдени-ағарту техникумы болып қайта құрылады. Ол кітапхана және клуб қызметкерлерін даярлау бөлімдерінен тұрды [4, 10-п.].

1944 жылғы 13 қазанда саяси-ағарту қызметкерлерін даярлау барысында ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына негізделген, Алматы қаласында 1944 жылғы 15 желтоқсанда қазақ кітапхана техникумы құрылды. Қаулыда бұрынғы кітапхана техникумының жатақханасы берілуі тиіс болғаны көрсетілген болатын, бірақ бұл ғимарат Қазақстан БК(б)П-ның Орталық Комитетінің парткурсына беріліп, техникум ғимаратсыз қалды. Осыған байланысты техникум жатақханасыз қалып, оқуға облыстан келетіндер саны қысқартылды. Техникум республика бойынша мәдени-ағарту мамандарын даярлайтын жалғыз оқу орны болды. Техникумның оқу корпусы болмағандықтан оқу сабақтары шет тілдер институты және Мемлекеттік халықтық кітапханада өткізілінді. Өз жеке оқитын ғимараты болмағандықтан сабақтар болмай жүрді. 120 студенттің тек 30 ғана жатақханамен қамтамасыз етіліп, қалғандары жеке пәтерлерде тұрды. Техникум студенттерінің төсек-орны болмады, киіммен, аяқ-

киіммен қамтамасыз етілмеді. Оқу корпусын ғылым академиясы иеленіп, ал жатақханасын Коммунистік партия Орталық Комитетінің жұмысшылары мен жанұялы курсанттарына пәтерге берілді. ҚКСР Халық Комиссариатының 1944 жылғы 13 қазандағы № 603 қаулысында, Алматы қалалық кеңесінің атқару комитеті еңбекшілер депутаты жолдас Миловановаға, Красин көшесі 54–те орналасқан техникум жатақханасының ғимаратын қайтарып беруін міндеттеді, бірақ бұл қаулы орындалмады. Сондықтан Атқару Комитеті мамандарды қайта даярлау міндетін қойды. Бұл үшін келесі шараларды өткізу міндеттелді:

а) Саяси-ағарту техникумын кітапхана техникумы етіп қайта құру;

б) Республикада оқу-үйінің басшыларын даярлайтын 3 саяси-ағарту мектебін ұйымдастыру;

в) Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында, Семей, Орал педагогикалық институттарында кітапхана бөлімін құру;

г) 1946 жылы жаз айында 1500 оқу-үйінің басшыларына жарты айлық, 100 кітапхана қызметкерлеріне 3 айлық қайта даярлық курстарын ұйымдастыру белгіленді [5, 33-41-пп.].

Республикада 1944 жылдардағы кітапханалар және оқу-үйлеріндегі жұмыстардың жағдайы қанағаттанарлықсыз болуы, халыққа білім беру бөлімінің басшылары Қазақстан Компартиясы ОК бюросының 1943 жылғы 26 ақпандағы қаулысының шығарған шешіміне орай, оқу-үйлеріндегі, кітапханалардағы жұмыстарды жақсартуға ешқандай шара қабылдамады, қызметкерлерге мәдени шараларды ұйымдастыруға дұрыс нақты көмек көрсетпеді. Мысалы, Ақтөбе, Ақтау және Павлодар облыстарындағы оқу-үйлері мен кітапханалардағы қызметкерлерге халық арасында көпшілік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру сауалдарына ешқандай семинарлар, консультациялар (қосымша) өткізбеді, мекемелердегі қызметкерлерге тәжірибелік көмек көрсетілмеді. Жергілікті жерлердегі партия, кеңес ұйымдары оқу-үйлері мен кітапханаларға көңіл бөлмей, олардың жұмыстарын басшылыққа алмады. Дзержинский ауданында ешқандай оқу-үйлері және кітапханалары орталық және республикалық мерзімді басылымдар алмады, аудандағы 9 оқу-үйінің 4-еуі астыққа толтырылды. Андреев ауданында көптеген оқу-үйлері жұмыс істемеді, олардың мекемелері дэнге көміп тасталынды. Аудандағы кітапханалар мүлде кітап қорымен толықтырылмады, аудандық тұтыну одағы кітаптарды саудаға сатуға жіберіп отырды. Мысалы, Ақтөбе облысында орналасқан Ресей Коммунистік партиясының хатшысы - Мочинев кітапхананың арнаулы мекемесін пәтерге алып, ал кітапхананы клубтың кішкентай бөлмесіне орналастырды. Ресей Коммунистік партиясы кітапханада әйелдермен, әскер жасындағылармен әр түрлі кеңестер өткізіп, оқырмандармен жұмыс жоспарын жасауға мүмкіндік бермеді. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 215 оқу-үйлері, 36 кітапханалар есептелінді. 151 оқу-үйлері үнемі жұмыс істеп, ал 39 астық сақталынды. 95 оқу-үйлері селолық кеңес, колхоз басқармаларының бөлмелерінде орналасқандықтан, мұндай жерде жұмыс істеу мүмкін болмады. Көптеген оқу-үйлері, әсіресе, Көкшетау ауданындағы Паладино, Соколов селоларындағы оқу-үйлерінің отындары болмады, барлық ауданның есеп инвентар кітаптары тасып құртылды, әйнектері сындырылған, терезелері жабылмады. Осы аудандағы «Красное село» колхозындағы оқу-үйі қараусыз қалды [6, 80-п.]. 1945 жылғы 1 қаңтарда республикада бюджеттік жүйе бойынша 3460 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істеді, оның ішінде, оқу-үйлері – 2408, кітапханалар – 481 болды. Республикада мәдени-ағарту мекемелерінің штаттық кестесі бойынша барлығы 4722 қызметкерлер қызмет көрсетті, оның 1196 кітапхана қызметкерлері, 2425 оқу-үйін басқарушылар, 146 қызыл үй қызметкерлері болды. Әлі де болса, Республика бойынша кітапханаларда 949 қызметкерлер жетіспеді. Осы жылы кітапханаға бөлінген 57200 қаржының, тек 7200 сом ғана есеп инвентары мен әдебиетке жұмсалынды

1945 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша аудандық кітапханалардың кітап қоры - 114038, оның 50333 қазақ тілінде болды. 1944 жылы 66330 кітаптар берілсе, 1945 жылы 37717 кітаптар берілген. Облыстық кітапханалардың кітап қоры 45656 дананы құраса, 16600 данасы оқу залында, 20177 дана абонемент бөлімінде және жылжымалы қорларда 8879 құрады. Оқу залына келген оқырмандар саны – 132991, ал абонемент бөлімінде – 9330 оқырмандар қатынаған, оның ішінде қазақ оқырмандар саны - 1347 құрады. Оқылған және үйге берілген кітаптар – 41800 болса, қазақша кітаптар саны – 6549, қазақ тілінде оқылған кітаптар саны – 2106 болды. Орал облысының «Қазкітап» дүкенінен 1945 жылы кітапханаларға 13999 дана көркем әдебиеттер алынып, оның 7589 қазақ тілінде, 17732 саяси әдебиеттер болды [7, 1-4-пп.].

Республика бойынша толығымен оқу-үйлері жұмыс істеп тұрған ешқандай облыстар болмады. Партия және Кеңес ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің мамандарына керекті көмек бермеді. Көптеген фактілер бойынша кітапханалардың, оқу-үйлерінің қызметкерлеріне жарты жыл бойы еңбек ақылары берілмеді. Мысалы, Қостанай облысының Таран ауданының Придорожной, Ново-Ильиск, Тобольск, Аманқарағай және т.б. селоларындағы оқу-үйінің меңгерушілеріне 1945 жылдың қаңтарынан

енбекақылары берілмеді. Республика кітапханаларына мемлекеттен бөлінген қаржы шамалы болды. 1945 жылдың 1–ші жарты жылдығында кітапхана жұмысына бөлінген қаржының 5.902 мың сомның 1, 620 мың сомы (27, 4%) белгісіз себептермен кітапхана жұмысына жұмсалынбады [8, 45-47-бб.].

Кейбір облыс газеттерінің 1945 жылғы тамыз, қыркүйек айларындағы демалыс күнгі нөмірлері 2-3 күнге кешіктіріліп отырды. Әсіресе, алыс колхоздарда тұратын еңбекшілерге газеттер апару қиынға соқты. Газеттер кейде 15-20 күнге кешіктіріліп жіберіліп жүрді. Осы жылдың 1 қазан айындағы мағлұматтар бойынша көптеген оқу-үйлері мамандардың іріктелмеуінен, ғимараттың болмауынан және жұмыс істеп тұрған оқу-үйлерінің астыққа толтырылуы себептермен жұмыс істемеді. Мысалы, Таран ауданындағы 6 оқу-үйлері мамандардың болмауынан, бөлменің жоқтығынан жұмыс істемесе, Орджонкидзе ауданында 4 оқу-үйлерінің бөлмелері астық қоймасына айналды. Савицкая басқарған Таран ауданының Ново-Ильиновск селосындағы оқу-үйінің жұмысы басқа аудан, облыстарға қарағанда жақсы нәтижемен жұмыс істеді. Бірақ, ауыл шаруашылық жұмыстарының басталуымен оқу-үйінің меңгерушісі Савицкаяны жұмысынан алып, колхоз жұмысына жіберді. Сәуір айынан бастап оқу-үйінің жұмысы бригадаларда, егіс далаларында, лагерлерде еш жүргізіліпбеді. Өз уақытылы лайықты мамандармен толықтырылмауынан Мендіғара ауданындағы, Долбушинск селосындағы оқу-үйі жүйелі түрде жұмыс істемеді. Оқу-үйлеріндегі жұмыстың тоқтатылуы, мамандардың тұрақсыздығынан болып жатты. Нәтижесінде, жабдықтардың, әдебиеттердің, есеп инвентарларының ұрлануы жиі етек алды. Мысалы, Пешков ауданының, Хворостанск селосындағы оқу-үйіндегі әдебиеттер селолық кеңестің материалдық есепті қараусыз қалдыруынан оқу-үйі меңгерушілерінің жиі ауысып отыруынан ешкімге керексіз болып қалды. Мендіғара ауданындағы Татьянавка селосында, бір жағынан, мұғалімдік қызмет атқарып, бір жағынан оқу-үйінің меңгерушілік жұмысын жүргізіп жүрген Шрожеринаның істейтін оқу-үйінің жұмысы, облыс бойынша ең үздік болып есептелінді. Оқу-үйінің бөлмесі жақсы жөндеуден өткізілініп, әдемі безендірілген. Кешке қарай оқу-үйіне соғыстан жақсы хабарлар тыңдауға, жаңа газеттер оқуға колхозшылар, жастар жиналды. Мұнда сонымен бірге, хор, драма, музыка үйірмелері жұмыс істеді. Оқу-үйі 13 қойылымдар, концерттер беріп, 26 қабырға газеттерін, 76 әскери қағаздар, 6 фотомонтаждар шығарып, ғылыми-жаратылыстану, дін, тарих, халықаралық жағдайларға арнап 21 баяндамалар, 16 лекциялар өткізілді. Күнделікті газеттерден Отан соғысы жайлы оқулар өткізіп, ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындау туралы әңгімелер өткізіп отырды. Түскі үзіліс кезінде сауаттылыққа үйретті. Селода осындай жұмыстарды ұйымдастырудың арқасында Татьянавкада сауаттылықты жою толығымен аяқталды. Ақсуат селосында да жұмыстар жақсы жүргізілініп отырды. Оқу-үйінде кітап қоры 1023 дана болды. Жұмыстары жақсы Каракучинск селосындағы оқу-үйі болды. Меңгерушісі – Танатқанова. Оқу-үйінде колхозшылар күн сайын соғыс жағдайы туралы жаңалықтарды білуге қатынап отырды. Оқу залында 16 лекция, 19 баяндама, 23 қабырға газеттері шығарылып, 67 әскери парақшалар, 10 қойылым көрсетіліп, 3 концерт ұйымдастырылған. Әңгіме, оқулар күн сайын өткізілініп отырды. Кітап қоры 350 данаға есептелінген оқу-үйінде өз есеп инвентарымен, жылумен қамтамасыз етіліп отырды [9, 3-17-пп.]. Қазақстан бойынша, 1945 жылы 2405 кітапханалар, оқу-үйлері, 146 қызыл үйлерге мемлекет қаржысының қарамағына қабылданған. Бірақ тексеру кезінде бірқатар облыстардың көп бөлігінде халық арасында ешқандай жұмыс жүргізбеген, тек олар қағаз жүзінде ғана көрсетілген. Мысалы, Қостанай облысының Феодоровск ауданында 14 оқу-үйінің тек 5–уі, 15 қызыл бұрыштың тек 3–уі ғана жұмыс істеген.

Республикада 1945 жыл бойына кітапханаларда 782 кітапхана қызметкерлері қызмет атқарды. Кітап қорларының және маманданған қызметкерлердің жетіспеушілігіне қарамай облыс кітапханалары біраз жұмыстар атқарды. Олар кітап көрмелерін, жылжымалы кітапханаларды ұйымдастырып, аудан, ауыл кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетті. Ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде 8 облыста 8000 кітап қорлары жинақталған 700 жылжымалы кітапханалар жұмыс жасады. 283, 517 көлемдегі бригадаларға 44, 281 әңгімелер, оқулар оқылды. Жылжымалы кітапхана жұмыстары жақсы ұйымдастырылды. Ал, қала, аудандарда 100 жылжымалы кітапханалар жұмыс істеді. Әрқайсында 50–150 кітаптардан жинақталған кітап қорлары болды. Республика бойынша кітапхана жұмыстары Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында жақсы жолға қойылды. 1945 жылы Қарағанды облысының кітапханасы 40 мыңдай оқырмандарға қызмет көрсетіп, оқу залында 15 кітап көрмелерін ұйымдастырды. Кітапхана библиографиялық жұмыстар жүргізіп, оқырмандарға өз білімін көтеруге көмектесті. Солтүстік Қазақстан облысындағы Н.К. Крупская атындағы кітапхана 150 мың оқырманға қызмет көрсетіп, оларға 250 мыңдай кітаптар, журналдар берілді. Құрылғанына 15 жыл ішінде мықты кітап сақтау қоймасына айналған А.С. Пушкин атындағы халықтық кітапхана өзінің бай кітап қорының арқасында, кітапхана мамандарын даярлауда, ғылыми ізденіс және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда республикада

ірі база болып саналды. Кітапхана қоры 1935 ж. 500 мың томды құраса, 1 қаңтар 1946 жылғы есеп бойынша 976 мың томды құраған [10, 34-п.].

Қорыта келе, соғыс кітапханалар жұмысының төмендеуіне әкеп соқты. Оған мамандардың майданға алынуына байланысты қатарының сиреуі, қаржыландырудың нашарлауы, орналасқан үй-жайлардың босатылып, кәсіпорындар мен мекемелерге берілуі, кітапханалардың азаюына әсер етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында идеологиялық мекемелердің барлық буындары майданға қызмет көрсетуге тиіс болды. Қалалар мен селолар еңбеккерлерінің патриоттық бастамаларына, майдан мен тылдың байланысын нығайтуға байланысты мәселелер – кітапхана қызметкерлерінің негізгі ісі болды. Кітапханалар: «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін», – деген ұранмен жұмыс істеді.

1 *Культурное строительство в Казахстане (1933-1941 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – Т. 2. – 283 с.*

2 *Бердигалиева Р.А. Становление национальной библиотеки Республики Казахстан и развитие исторических исследований (1931-1945 гг.). – Алматы: Нац. биб-ка, 1998. – 47 с.*

3 *Ленин және кітапхана ісі туралы. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 182 б.*

4 *ҚРПМ. 725-қ., 4-т., 641-іс, 10-п.*

5 *ҚРПМ. 725-қ., 4-т., 33-іс, 33-41-пп.*

6 *ҚРПМ. 725-қ., 4-т., 765-іс, 80-п.*

7 *ҚРПМ. 725-қ., 4-т., 796-іс, 1-4-пп.*

8 *О работе культурно-просветительных учреждений республики» (февраль 1948 г.) // Большевик Казахстана. – 1948. – № 3. – С. 45-47.*

9 *ҚРПМ. 725-қ., 4-т., 804-іс, 3-17-пп.*

10 *ҚРПМ 725-қ, 4-т, 1033-іс, 34-п.*

1 *Kulturnoe stroitelstvo v Kazahstane (1933-1941 gg.). – Alma-Ata: Kazahstan, 1985. – Т. 2. – 283 s.*

2 *Berdigalieva R.A. Stanovlenie nacionalnoj biblioteki Respubliki Kazahstan i razvitie istoricheskikh issledovaniy (1931-1945 gg.). – Almaty: Nac. bib-ka, 1998. – 47 s.*

3 *Lenin zhane kitaphana isi turaly. – Almaty: Kazakstan, 1968. – 182 b.*

4 *KRPM. 725-k., 4-t., 641-is, 10-p.*

5 *KRPM. 725-k., 4-t., 33-is, 33-41-pp.*

6 *KRPM. 725-k., 4-t., 765-is, 80-p.*

7 *KRPM. 725-k., 4-t., 796-is, 1-4-pp.*

8 *O rabote kulturno-prosvetitelnyh uchrezhdenij respubliki (fevral 1948 g.) // Bolshevik Kazahstana. – 1948. – № 3. – S. 45-47.*

9 *KRPM. 725-k., 4-t., 804-is, 3-17-pp.*

10 *KRPM. 725-k., 4-t., 1033-is, 34-p.*

### **Резюме**

**Асанова Б.С.** - кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры библиотековедения и библиографии КазГосЖенПУ, [bayan-777@mail.ru](mailto:bayan-777@mail.ru)

### **Библиотеки казахстана в годы великой отечественной войны: деятельность и особенности (1941-1945 гг.)**

В статье даны возможности деятельности библиотек в военно-патриотическом воспитании и всесторонне рассмотрены виды работы в годы Великой Отечественной войны. Были изучены такие показатели как: количество обслуженных библиотек, читальни и сотрудников библиотек, меры партийных и государственных организации с целью улучшения работы учреждений, результаты профессиональных навыков сотрудников библиотеки, а также основные показатели с восстановлением системы библиотеки.

Знание статистических показателей, характеризующих развитие библиотечной системы, библиотечных работников, способствует проведению своевременного мониторинга, а также построению прогнозных показателей.

**Ключевые слова:** инвентарная книга, библиотека, библиография, абонемент, читальный зал.

### Summary

**Assanova B.S.** Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer Department of Library Science and Bibliography KazGosZhenPU, [bayan-777@mail.ru](mailto:bayan-777@mail.ru)

#### **Libraries of kazakhstan during the great patriotic war: activity and peculiarities (1941-1945 yy.)**

In this article the author describes the means of libraries in the military-patriotic education, and comprehensively considered the types of work during the Great Patriotic War. There were studied such factors as the number of served libraries, reading rooms and library staff, the party and government measures to improve the organization of institutions, the results of the professional skills of library staff, as well as the main indicators on the restoration of library system.

The knowledge of statistical indicators characterizing the development of the library system, library workers, promotes timely monitoring, as well as the construction of the targets.

**Keywords:** inventory book, library, bibliography, subscription, reading room.

### ӘӨЖ 364. 11

#### **1920-30-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНЫҢ САЯСИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ДИНАМИКАСЫ**

**Бакторазов С.У.** - *М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к., Тараз қ., e-mail: [nucha13-94@mail.ru](mailto:nucha13-94@mail.ru)*

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада 1920-30-шы жылдардағы Сырдария облысының саяси кеңістігіндегі өзгерістер динамикасы қарастырылады. Автор, осы орайда Сырдария облысында қалыптасқан қоғамдық – саяси ахуалға тоқтала келе, жаңа билік құрылымдарына тікелей қарама-қайшы мәселелерді - бір жағынан Патша және Уақытша Үкіметтердің бұрынғы бағытын жүргізіп, салықтар мен салымдарды күштеп тартып алуға, екінші жағынан жұмысшылар мен шаруалар жағында тұрған Үкімет ретінде жаңа биліктің артықшылықтарын дәлелдеуі керек болғандығына, дегенмен осындай қарама – қайшылықтарға қарамай билеуші партияға саяси кеңістікті игеру үшін белсенді күрес жүргізу қажет екендігіне, соның ішінде қарастырылып отырған Сырдария облысының саяси кеңістігіндегі саяси күштердің көшбасшысы БК(б)П – ның өлкелік филиалы ретіндегі, Түркістанның Коммунистік партиясы басымдылық жағдайда болғандығына назар аударады.

**Тірек сөздер:** Сырдария облысы, Уақытша Үкімет, большевиктер, Түркістан Коммунистік партиясы, Әулиеата уезі, Кеңестік органдар.

Жүргізілген әкімшілік - территориялық реформалардың, соның ішінде, әсіресе Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межелеу және қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-іне қайта қосылуы нәтижесінде республика аумағы 700 мың шаршы км-ге жуық, яғни үштің біріне ұлғайып 2,7 млн. шаршы км болды, ал халқы 1468мың адамға көбейіп, жалпы саны 5230 мыңға жетті. 1926 жылғы халық санағы бойынша қазақтар республика халқының 2/3-сіне жуығы (61,3%) болды [1, 167-б.]. Бұл арада Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі небары 8-9 жыл аралығындағы аласапыранда аталған өңір халқының қосқан үлес салмағы қарапайым арифметикалық тұрғыдан қарастырғанның өзінде (1917жылғы 2.665.441 қазақтан 1926 жылғы санақ бойынша шамамен 1.468.000 қазақ қосылған.) ойсырап-ақ қалғаны көрініп тұр.

Осы орайда тарихи – демографиялық экскурс (талдау) жасай отырып, құбылмалы, тұрақсыз саяси жағдайға қатаң қысы мен құрғақшылығы қосымша болған 1917 жыл мен азамат соғысының аумалы-төкпелі 1918 жылы Түркістан қазақтарына жеңіл тимегендігін айтуға болады. Осылай 1918 жылдың 30 қыркүйегіндегі Әулиеата уездік комиссарының баяндамасында уезд жағдайы мынадай мазмұнда беріледі: «Маған сеніп тапсырылған Әулиеата уезі төрт бөлімшеден тұрады: Таулық (Горный), Аса, Шу және Меркі, онда 43 қырғыз болысы мен 75 орыс селениесі; олардың ішінде 21-і ескі 54-і жаңа». Осы селениелердің 15-і жеке және 60-ы 12 болысқа біріктірілген; 5 селение неміс - менониттік, 4 селение түземдік, 2 поселок дүнген, 1 селение татарлардікі; барлығы жеке селениелер 87. Қазіргі уақытта шамалап есептегенде халықтың саны 200 мың адамды құрайды. Аштықтан өлген түземдіктер қазіргі уақытта, яғни 1917 және 1918 жылдың алғашқы жартысында 60 мың төңірегінде; 1917 жылдың 1 қаңтарына дейінгі статистикалық мәлімет бойынша халықтың саны 300 мың адам болған [2].

Бұл арада уездің саяси кеңістіктегі параметрі айқындалып-ақ тұр - көп ұлттық құрамы, елді - мекендердің көп екендігі сол кезеңді алғанда, жалпы халықтың санының көптігі; сонымен қатар

большевиктер Үкімет басына келуінің жергілікті халыққа бірден қырғын әкеліп 60 мыңдай адамдардың аштан өлгендігін де осы құжат көрсетіп тұр.

Ары қарай баяндамада «1) түземдік халықтан 1917 жылғы салықтың көлемі ... Барлығы 297, 381 р. 79к. 2) Биылғы жылға халықтан алынатын салыққа байланысты төлем қағаздары (окладные листы) таратылып берілген жоқ.; Қаланың әртүрлі мекемелеріндегі қарыз 100 мың рубль. Бұларды менің орнымдағылар қоғамдық қордан берген екен; қоғамдық қордың 4 кассасы босаған, ол әлі де бос»[3]. Берілген құжат уездегі экономикалық жағдайдың ауырлығын көрсетеді, мұның өзі тиісінше жаңа үкіметтің нығаю мүмкіндігін, оның беделге ие болуын тежеді., себебі олар өз іс-қимылдарын сүйкімсіз іс-шаралардан - өткен жылы төленбеген салымдар мен осы жылғы салықтарды жиюмен бастаған еді. Жергілікті үкіметтің «халықтың төленбеген салымдарын үш жылға соза тұру әрекеті» жүзеге аспай Ташкенттен тез арада төленбеген салымдарды да, сонымен қатар осы жылғы салықтарды да тез өндіру туралы нұсқау түсті. Түземдік және орыс халқының экономикалық жағдайы, 1917 жылғы егіннің болмауына байланысты, әсіресе біріншілерінікі өте ауыр, сондықтан да олардың 1917 жылғы төленбеген салым мен осы жылғы салықты төлей ала ма оны болашақ көрсетеді»[4]. Осылай жаңа билік құрылымдарына тікелей қарама-қайшы мәселелерді - бір жағынан Патша және Уақытша Үкіметтердің бұрынғы бағытын жүргізіп, салықтар мен салымдарды күштеп тартып алуға, екінші жағынан жұмысшылар мен шаруалар жағында тұрған Үкімет ретінде жаңа биліктің артықшылықтарын дәлелдеуі керек болды.

Осыған қарамай билеуші партияға саяси кеңістікті игеру үшін белсенді күрес жүргізу қажет болды соның ішінде біз қарастырып отырған Сырдария облысының саяси кеңістігіндегі саяси күштердің ішінде БК(б)П – ның өлкелік филиалы ретіндегі, Түркістанның Коммунистік партиясы басымдылық жағдайда болды.

Жалпы, партиялық және Кеңестік органдардың билік өкілеттіліктеріндегі ерекшелігі олардың билік пен саясаттағы ресурстарының тым жұтаңдығы болатын. Бірінші дүние жүзілік және азамат соғысы жылдарындағы экономикалық тұралаудың салдарынан материалдық және қаржы ресурстары жетімсіз болды. Лайықты кадрлардың жетіспеуі орын алды және соңында саясаттың ерекше ресурсы ретіндегі «саяси уақыт» ресурсы күрмеуге келмеуі себепті, алға қойылған қайта құруларды жүргізуді өте қысқа тарихи мерзім ішінде жүзеге асыру қажеттілігі туды.

Ал, осы жоспарларды жүзеге асырушы билік құрылымының өзі үш деңгейге бөлінетін еді. Ең жоғарғы деңгей «макробилік» деп аталынып, мемлекеттің негізгі ішкісаяси процестері мен сыртқы саясатын қамтиды. Ол өзіне жоғарғы орталық саяси институттарды, жоғарғы мемлекеттік мекемелерді, саяси партиялар мен жетекші қоғамдық ұйымдардың басшыларын кіргізеді. Макробиліктің негізгі міндеті жалпыпартиялық, жалпымемлекеттік саясатты қалыптастырып, жалпы мақсаттар мен міндеттерді декларациялау болып табылады. РКФСР және кейіннен КСРО тұрғысында қарастыра болсақ бұл, БК(б) П ОК, БОАК және ХКК арқылы жүзеге асты. Осындай арнаулы органдар Түркістанда да құрылып жатты. Олардың алғашқысы ретінде 1919 жылдың ақпанында БК(б)П ОК қаулысы негізінде құрылған «Түркістан істері жөніндегі ерекше (уақытша) комиссияны» айтуға болады. 1919 жылдың қазанында БОАК мен РКФСР ХКК-ның Түркістан істері жөніндегі комиссиясы –Түрккомиссия құрылады. БК(б) П ОК саяси бюросының қаулысымен 1920 жылдың маусымында:«Түркістандағы мәселелер туралы», «Түркістандағы билікті ұйымдастыру жөнінде құжаттар қабылданып», «Түрккомиссия Ережесі» бекітіледі. 1920 жылдың шілдесінде БК(б)П ОК-ның Түркістандық бюросы - Түркбюро құрылады[5, 723-724-бб.]. Осылай Түркістан өлкесіндегі жоғарғы билік эшелоны құрылған еді.

Орталық, аралық, билік деңгейі «мезобилік» деп аталынып, орта звено билігі мен осы деңгейдегі бюрократиялық аппараттардан құрылады. Мезобилік өзіне жергілікті аудандық, облыстық және өңірлік масштабтағы партия және әкімшілік органдарын кіргізеді[6, с.43-45]. 20 - жылдардың басына қарай Түркістанда мезобиліктің мынадай құрылымы қалыптасты: партиялық тұрғыда - Түркістан Коммунистік партиясының ОК, кейіннен, зерттеліп отырған өңірге қатысты, ТКП-ның Сырдария облыстық комитеті, уездік комитеттер, мысалы, ТКП-ның Әулиеата уездік комитеті, уездік қалалық комитеттер - Әулиеата Уқалкомы, уездік болыстық ( аудандық) комитеттер - болкомдар. Кеңестердің өкілеттілік билігі де осындай тұрғыда құрылып, ол Түркістан ОАК-нен вертикаль бойынша уқал және уболкомдарына дейін таралды.

Осы деңгейдегі биліктің ерекшелігі ретінде жалпыпартиялық саясатты Түркістан өңірі үшін қажетті формаға келтіруді айтуға болады. Орталықтың мәлімделген ,декларативтік мақсат –мүдделері іс жүзінде нақты жетістіктерге жеткізе бермейтін, бұл құбылыс мынандай факторлар арқылы,

мысалы, орталықтан тым алыс екендігіне, яғни үнемі бақылап және қажетті кезінде араласу мүмкіндігінің болмауына, өңірлердің бір-бірінен алшақ орналасуына және оларды жалғастыратын транспорт пен байланыс инфрақұрылымының дамымай қалғандығына байланысты болды. Сонымен қатар зерттеліп отырған кезеңде орта буын кадрлердің, әсіресе аудандық деңгейде жетіспеушілігі білініп тұрды. Әртүрлі себептерге байланысты орта буын кадрлердің кейбір бөлігі әркілы мәселелер төңірегінде өзіндік позицияда болды, мұның өзі 20 - жылдардың соңы - 30 жылдардың басына, әлі тоталитарлық жүйе толық құрылып біткенге дейін ғана мүмкін болды, сондықтан орталықта немесе жергілікті жерлерде көптеген жалпыпартиялық пікірталастар жүріп жатты.

Дегенмен, биліктің орталық деңгейі өзінің өңірдегі ықпалын үдету үстінде болды. Түркістан Компартиясының съездері үнемі өтіп тұрды, 1919 жылдың мамырында ТКП-ның І-ші Қазалық уездік съезі, 1920 жылдың тамызында Шымкентте Түркістан К(б) П-ның Сырдария облыстық съезі өтті [5, 721-726-бб.]. 1925жылдың ақпанында Орта Азияда өткен ұлттық межелеудің нәтижесінде БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті құрылып оның құрамына Сырдария облыстық партия ұйымы да кіреді. [5, 730-б.]. Билік өлшемінің үшінші деңгейі – «микробилік», - адамдардың, кіші топтардың, жергілікті өзін-өзі билеу саласындағылардың саяси өмірге ашық араласуын білдіреді. Бұл деңгейдегі, негізінен еңбек ұжымдары мен төменгі қоғамдық бірлестіктерде, қоғамдағы саяси мәдениет, сенім, пікір және өмірлік позиция қалыптасады. Бұл деңгей бұған дейінгі макро және мезобилік деңгейлерінен құрылымы және атқаратын қызметі тұрғысынан ерекшеленеді[6, с. 43-44].

Тікелей БК(б)П құрылымындағы микродеңгейде бастауыш партия ұйымдары, партия ұялары, қоғамдық және басқа да әртүрлі ұйымдардың бастауыш бөлімшелеріндегі большевиктік фракциялар іс-қимылда болды. Микродеңгейде Орталық деңгейден алынған тапсырмалар жүзеге асырылады, мұның өзі Орталық декларациялаған мақсат пен міндеттердің тағы бір өзгеріске ұшырауымен жалғасады. Мұндай өзгерістерге (деформацияға) ұшыраудың жаңа өрісінің пайда болуының себебін, оны жүзеге асырушылардың білімі мен теориялық деңгейінің төмендігінен және мұндай іс-шаралар жүргізу тәжірибесінің жоқтығымен түсіндіруге болады.

Осылай, Тұрар Рысқұлов, Түркістан ОАК-ның Әулиеата және Черняев уездері істері жөніндегі комиссияның төрағасы болып тұрған кезінде, 1919 жылы жазылған мақаласында: «Кеңес Үкіметі аталған уездерде тек қалаларда ғана қызмет етуде. Деревняларда, кишлактарда және болыстарда осы уақытқа дейін, тіпті Уақытша Үкімет тұсында құрылған кулактар мен байлардың атқару комитеттері жұмыс істеп келді, ал кейбір жерлерде... тек «болыстар» немесе «селолық старшиналар» жұмыс істеп жүр. «Кедейлер үкіметінің ұйымдары не істеп жүр - кедейлердің және партия ұйымдарының атқару комитеттері не бітіріп жүр. Түк те бітіріп жүрген жоқ деп айтуға болады» [7]. Т. Рысқұлов осы сапарында, 1919жылы 7 тамызда Әулиеата партия ұйымының жетекшілерімен бірлесіп өткізген мәжілісте, Әулиеата атқару комитетінің мүшелерін өз міндеттерін іске асыра алмағаны үшін қатаң сынға алып, бұл комитеттің таратылғанын жариялады. Олардың орнына 5 мүше кірген уездік уақытша Революциялық Комитет ұйымдастырылды. Мәжілісте сонымен қатар Т.Рысқұлов кедейлер комитеттерін (одағын) ұйымдастырудың маңыздылығын ерекше атап көрсетті[8, 87-б.]. Дәл осындай бағаны Түркістандағы жағдайға Г.Сафаров та берді. «Түркістандағы күштер аз, қызметкерлер бүкіл ел бойынша және кеңестік Ресейде жетіспейді. Бірақ оларды табу керек. Қайткен күнде де табу керек» [9].

Биліктің мезо-микро деңгейлері қалаларда өзіндік ыңғаймен бір-біріне кірігіп жатты, бұған салыстырмалы түрде ұйымдасу деңгейі жоғары уездік, қалалық комитет қызметі әсер еткен еді. Қалалық ұйымдардың мүшелерінің аз болуы кәсіподақтарда, кооперациялар мен басқа да ұйымдарда коммунистік фракция құру мәселесін күн тәртібіне қойды. Осылай, Әулиеата уезінде, Уқалком аталған ұйымдардағы партиялық ықпалды күшейтуге тырысты. Сонымен қатар коммунист - мұсылмандар арасындағы жұмыс, олардың аздығына қарамай жекеше жүргізілді, әйел мұсылмандар арасындағы жұмыс та жолға қойылды.

БК(б)П – қызметінде жергілікті халықты партия және кеңес құрылымдарының орталық деңгейіне тарту маңызды орын алды. Әулиеата уезінде «РК(б)П –ның Әулиеата уездік - қалалық мұсылман ұйымдарының бюросы» делінген қаланың өміріне белсенді араласып отырған мұсылман коммунистерінің ұйымы қызмет жасады. Осылай 1919 жылдың 20 қазанында Қошмамбетовтың төрағалық етуімен «Қазан революциясы мерекесіне арналған манифестацияға екі жауапты шешен тағайындау мәселесі тыңдалды, ...Жауапты шешендер ретінде жол. Абланов, жол. Сармолдаев тағайындалсын». Осы мәжілісте Коллегияның халық шаруашылығы бөлімі бюросына өкіл ретінде Ж.Ж.Фахрутдинов пен Бабаназаров делегат ретінде жіберілді[10]. Бюро түйткүл мәселелерді де,

дәлірек айтсақ ЧК(ТК) төрағасы Краснокутскийдің Шақпақ болысының төрт үй қырғызының 208 қойы мен 4 түйесін айдап кеткендігі туралы фактіні қарастырды. Бюро мынаны атап өтті – ТК сонымен қатар Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ретінде кедей малшылардың соңғы жинап - тергенін тартып ала отырып мұның ешбір заңдылыққа қиыспайтындығын айтуымыз керек, себебі малшының артық малын алу үшін оның 200 қойы мен 4 жылқысы болуы керек... Біздіңше бұл жерде мал қорғаушысыз қырғыздардың қолынан тартып алынып отыр, себебі бюроға уездегі шаруалардың арасында мың қой және жүздеген ірі қара малдары бар адамдардың бар екендігі белгілі, әйтсе де ТК және Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ол бай шаруаларды білсе де (көрмегендей) білмегендей болған» [11]. Кеңестік органдарда жергілікті халықтың тең өкілдігі болуы туралы мәселеге де үлкен маңыз берілді. РК (б) П-ның төртінші Түркістандық өлкелік төтенше съезінің Қарарларында өлкелік және жергілікті Кеңестер съездерінің талаптары бойынша өкілдіктердің тепе-теңдік принципін қатаң сақтау жөнінде қадап айтылады, мұның өзі Кеңес Конституциясында көрсетілген ережелерді сақтай отырып жүзеге асу керектігі ескертіледі.

Сонымен қатар мұсылман еңбекшілері мен кедейлерді Кеңестік құрылысты өркендетуге тарту қажеттілігі атап айтылады. Қалаларда мұсылман пролетариаттары ұйымдарын құру жөніндегі іс - шаралар жүргізіліп, кишлактар мен ауылдардағы еңбекші халық пен диханшыларды таптық тәңгілігіне байланысты ұйымдарға біріктіру көзделінді. Анығында тепе-теңділік жағдайы бұрын да болған еді, онда Әулиеата Кеңестік құрамына «орыстардан» 10 адам, «Кеңес мүшесі болып түземдіктерден» - 14 адам кірген болатын. Әйтсе де Кеңестің атқару комитетінде оның 14 мүшесінің тек үшеуі ғана жергілікті халықтың өкілдері болды – большевиктерден Рысқұлов пен Қошмамбетов, солшыл эсерлерден Жұмағұлов [12].

РК(б) П- ТКП жалпы қоғамдағы, соның ішінде Түркістан өлкесіндегі әйел-мұсылмандар мәселесін барынша белсенді түрде қолға алды. Бірінші партияда жоқ мұсылман әйелдерінің конференциясы 1921 жылдың 9 наурызында Әулие-Ата қаласында өтті. Қаланың ірі саяси белсенділері Абланов, Ахметжанов, Рахманберды және Палийлер делегаттарды конференцияның ашылуын құттықтады. «Москвадағы жалпы Ресейлік мұсылман әйелдері съезі» туралы мәселені қарап конференция съезге өзінің қызығушылығын танытты және Кеңес үкіметін қолдайтындығын білдіртті. Облыстық конференцияға делегаттар сайланып, олардың конференцияның президиумы төрайымы Серікбаева таныстырды. Конференцияға жиналған делегаттар мұсылман әйелдер ұйымын құру мәселесін уақыт оздырмайтын қажеттілік деп қарауды өз қаулыларында атап көрсетті [13]. Кейіннен облыстық партия мектебі жанында әйелдер секциясы жұмыс істеп, сонымен қатар «Шығыс арасындағы университеттің бөлімшесі жанынан әйел жұмысшылар үшін 3 айлық мектеп ашылып, онда 32 курсант есепте болды» [14]. Нәтижесінде, кейіннен Қызылордада 50 әйелдің кілем тоқитына ретелі ашылды [15, 30-б.].

Әйтсе де 20 – жылдардың басында партиялық ықпал барынша әлсізеді. 1921 жылдың сәуірінде өткен ІҮ Әулиеата уездік - қалалық конференциясында «...Уездік партия ұйымының тым әлсіздігі, партия жұмысының уезде де, қалада да әлсіз екендігі, Уқалкомның жетекшілік ролінің жоққа тән екендігі, онсыз коммунистік ұйымдар мен басқа да партия ұйымдары күнін көре алмай кететіндігі... Уқалкомға мынадай ұсыныстар: «...қала мен уезде коммунистік бастауыш ұйымдарын құруға барлық күш-жігерді жұмсауды, ал коммунистік фракциялардың кәсіподақтары жанынан жастарды, мұсылмандар мен орыстар одағын және әйелдерді қоса отырып еңбекшілер ұйымдастыру қажеттілігі айтылды» [16]. Дәл осындай жағдай Перовск және Черняев уездерінде де болды. Бұдан кейінгі кезеңдерде бастауыш партия ұйымдары мен партия ұяшықтары орта деңгейдегі аппараттың қырағы көзқарасымен жұмысі стеді, дегенмен мұндай бақылау орталық партия органдарының бағытынан айнымауға кепілдік бере алмайтын еді.

1. *Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ҚРОММ) 698 - қор, 14-тізбе, 299а-іс, 159 – п.*

2. *ЖОММ 50 - қор, 2 - тізбе, 16 - іс, 12-13 - п.п.*

3. *ЖОММ 50 - қор, 2 - тізбе, 16 - іс, 13-14 - п.п.*

4. *ЖОММ 50 - қор, 2 - тізе, 16 - іс, 14 - п.*

5. *Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері. – Алматы: Қазақстан, 1984.- 735б.*

6. *Политология. «Энциклопедический словарь».-Ростов-на-Дону. 1997.-608с.*

7. *«Туркестанский коммунист» . 1919 г. 26, 27, 30, август, 3сентябрь.*

8. *Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Қазақстан, 1994.- 448б.*



9. «Правда» № 133, 20 июня. 1920г
10. ЖОММ 10 - қор. 1 - тізбе, 22 - іс, 1 - п.
11. ЖОММ 10 - қор. 1 - тізбе, 22 - іс 2 - п.
12. ЖОММ 10 - қор., 1 - тізбе, 8- іс, 3 - бет. ЖОММ 10 -қор.1- тізбе, 22 -іс 2 - п.
13. ЖОММ 10 - қор, 1 - тізбе, 76 – іс, 3 - п.
14. ЖОЭМ 10 - қор, 1 - тізбе, 188 - іс, 8 - п.
15. Алғашқықарлығаштар.-Құраст. Дауренбекова Д. - Алматы: Қазақстан, 1993. 30 б.
16. ЖОЭМ 10 - қор, 1- тізбе, 76 - іс, 1-2 - п.п.

#### Резюме

**Бахторазов С.У.- к.и.н., доцент ТарМу им. М.Х.Дулати** e-mail: nucha [13-94@mail.ru](mailto:13-94@mail.ru)  
**Динамика изменения расстановки политических сил в Сырдарьинской области в 1920–30 – е годы.**

В данной статье рассматривается динамика изменения расстановки политических сил в Сырдарьинской области в 1920 – 30 – е годы.

Автор публикаций показывает что новым властным структурам приходилось решать прямо противоположные задачи – с одной стороны проводить прежний курс царского и Временного правительств в виде выколачивания налоговой и податей, а с другой доказывать преимущества новой власти как власти стоящей на стороне рабочих и крестьян. Тем не менее правящей партии необходимо было вести активную борьбу за освоение политического пространства в том числе и в приведенной частности Сырдарьинской области, где доминирующей политической силой была коммунистическая партия Туркестана, как краевой филиал в ВКП(б).

**Ключевые слова:** Сырдарьинская область, Временное правительство, большевики, Коммунистическая партия Туркестана, Әулиеатинский уезд, Советские органы.

#### Summary

**Bahtorazov S.U. - PhD, associate professor of Targu them. M.H.Dulati**  
**Changes in the balance of political forces in the Syrdarya region in 1920 - 30 - ies.**

This article discusses the dynamics of changes in the balance of political forces in the Syrdarya region in 1920 - 30 - ies. Author of publications shows that the new power structures had to deal with opposite objectives - on the one hand to hold the same course of the tsarist and provisional governments in the form of squeezing tax and taxes, and on the other to prove the benefits of the new government as the government stands on the side of the workers and peasants. Nevertheless, the ruling party had to wage an active struggle for the development of the political space, including in particular given the Syrdarya region, where the dominant political force was the Communist Party of Turkestan, as the boundary branch in the CPSU (b).

Keywords: Syrdarya region, the Provisional Government, the Bolsheviks and the Communist Party of Turkestan, Әулиеатинский county Soviet authorities.

ӘОЖ 94 (47+57)

### ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ПОЛЯКТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

**Г.К. Көкебаева – т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, [kokebayeva@mail.ru](mailto:kokebayeva@mail.ru)**  
**А.М.Сманова – т.ғ.к., ҚазМемҚІТУ доценті, [aigulsmanova@mail.ru](mailto:aigulsmanova@mail.ru)**

Мақала поляктардың Қазақстанға көшірілу тарихын зерттеуге арналған. 30-40-жылдарда миллиондаған адам кеңестік тоталитарлық режимнің құрбаны болды, саяси және діни сенімдері үшін, әлеуметтік, ұлттық немесе басқа себептермен жазалауға ұшырады. Зорлықпен көшірілгендердің қатарында поляк халқы айрықша орын алды. Поляктарды зорлықпен көшіру КСРО батыс аймақтарының поляк тұрғындарын жер аударудан басталып, бірнеше кезеңмен іске асырылды. 1920 жылғы кеңес-поляк соғысында Кеңестік Ресей жеңілгеннен кейін Ресейдің поляк тұрғындары «бесінші сап» деп саналды, ал 30-жылдарда осы сенімсіздік оларды елдің солтүстік-шығыс облыстарына жер аударуға ұласты. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және алғашқы кезеңінде поляктарды жаппай Сібір мен Қазақстанға жер аудару іске асырылды.

**Тірек сөздер.** Депортация, тоталитарлық режим, жазалаулар, кеңес-поляк қатынастары.

Кеңес-поляк қатынастарының күрделі буындарының бірі поляктардың тұрғылықты жерінен қуылып, елдің шығыс аудандарына көшірілуі. Шекараларға жақын аудандардан мыңдаған адамды жаппай көшіру кездейсоқ оқиға емес, ол кеңес мемлекетінің сыртқы саясаттық доктринасынан туды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Париж және Вашингтон конференцияларының шешімдері негізінде халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе ХХ ғ. 20-шы жылдардағы халықаралық қатынастардың тұрақты, байсалды түрде дамуын қамтамасыз етті, халықтардың өзін-өзі билеу құқығын заңдандырды, бірқатар халықтардың тәуелсіздігі мен егемендігі мойындалды, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауға қызмет ететін ұйым – Ұлттар Лигасы құрылды, алғаш рет қарулануға шек қойылды. Кеңестік Ресей бұл жүйеден мүлде тысқары қалды. Әрине, Үштік одақпен сепараттық бітім жасап, соғыстан шығып кеткен Ресей Париж конференциясына шақырылуға тиісті емес еді. Сонымен қатар 1919 жылы Коммунистік Интернационалдың құрылуы, большевиктердің «әлемдік революция» идеясын іске асыруға тырысуы да Кеңес елінің басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарының жақсаруына жағдай жасаған жоқ. Алайда кеңес үкіметі елдің 1918-1923 жылдардағы халықаралық қатынастардан оқшау қалғанын «капиталистік қоршаудағы жалғыз социалистік ел» болғандығынан деп түсіндірді. «Капиталистік қоршауда» қалу туралы идея кеңес өкіметінің бүкіл Батыс елдеріне, өзінің көршілеріне сенімсіздікпен, күдікшілдікпен қарауына, үнемі «империализмнің тыңшыларын» іздеуіне ұласты. 30-50-жылдарда Кеңес Одағындағы бірқатар халықтар «сенімсіз» элементтер ретінде жер аударылды.

1920 жылғы кеңес-поляк соғысындағы жеңілістен соң Кеңес үкіметі Польшаны «бейбітшіліктің басты жауы» деп санады. Соған орай кеңес өкіметі Ресейде тұратын поляктарға қатысты арнаулы саясат бағыттарын белгіледі. 20-жылдарда негізгі әрекет поляктарды «буржуазиялық Польшаға» қарайламауға, кеңестік ниетте болуға тәрбиелеу үшін үгіт-насихат жүргізу болса, 30-жылдарда оларды болашақ «бесінші колонна» ретінде қарап, шекарадан алыс аудандарға жер аудару саясаты жүргізілді. Кеңес өкіметінің поляк мәселесіне айрықша назар аударғанын 1923 жылы 14-наурыздағы Әскери-революциялық кеңестің ерекше міндет орындайтын бөлімдерге берген № 141/20 бұйрығынан да көруімізге болады:

«Қызыл Әскер партия ұйымында поляк ұлтының өкілдері немесе поляк тілін білетін басқа ұлт өкілдері бар екенін анықтау үшін бүкіл әскер бөлімдері бойынша РК(б)П мүше немесе кандидат поляктарды және поляк тілін білетіндерді айрықша есепке алу туралы бұйырамын. РК(б)П мүшелерінің барлығы қандай қызмет атқаратынына қарамастан (саяси құрам, қолбасшылық құрам, әкімшілік құрам және қызыл әскерлер) толық есепке алынсын» [1, 21-22]. Есепке алу үшін барлық поляктар мен поляк тілін білетіндер арнаулы анкета толтыруға тиісті болды. Анкетада: «Польшаның қай бөлігінде (бұрынғы орыс, австриялық немесе пруссиялық), қай жылдары тұрдыңыз?», «Польшада не қызмет атқардыңыз?», «Польшада партиялық немесе саяси қызмет атқардыңыз ба?», «Польшадан қашан кеттіңіз?», «Польшада соңғы рет қашан болдыңыз?»-ң «Поляк тілінде еркін оқу жазу, сөйлеу қолыңыздан келе ме?», «Поляк тілінде қандай (үгіт-насихат, мәдени-ағарту, редакциялық, кеңестік, партиялық ұйымдастырушылық) жұмыстарды атқара аласыз?». Есепке алу, әрине, Кеңес Одағының шекаралық аймақтарында тұратын поляктардың арасында әртүрлі жұмыстар жүргізуге қажетті адамдарды табу үшін жүргізілуі де мүмкін, сонымен қатар, осылайша анықталған поляктардың кейіннен жазаға ұшырау мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды

Кеңес Одағындағы поляктарға қарсы саяси жазалау шаралары 30-жылдарда басталды. Жаппай ұжымдастыру шараларын жүргізу барысында Украина мен Белоруссиядағы кулактар ретінде жер аударылуға тиісті топтарға бірінші кезекте поляк ұлтының өкілдері енгізілді. БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1930 жылдың 5-наурызындағы «Шекара маңындағы облыстардағы поляк қоныстары туралы» қаулысы бойынша, Украина мен Белоруссиядан жер аударылатын топтардың ішінде бай кулактармен қоса поляктар аталды.

Поляктарды Украинадан Қазақстанға көшіру 1936 жылы басталды. БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауымен Қазақстанның орталық партия және үкіметтік мекемелері 1936 жылдың ақпан айында батыс шекаралық аудандардан поляктар мен немістерді көшіру мәселесін арнайы талқылап, 16-ақпанда Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі «Украинадан көшіп келетіндер туралы» қаулы қабылдады. Бұл құжатта Оңтүстік Қазақстанға – 5500 жанұя, Қарағанды және Алматы облыстарының әрқайсысына – 3000 жанұядан, Шығыс Қазақстан облысына – 2000 жанұя, Ақтөбе облысына – 100 жанұя көшіріледі деп жоспарланды. Көшіп келгендердің басым бөлігі бұрыннан бар ұжымшарларға (колхоздарға) орналастырылады, сонымен қатар арнаулы жаңа қоныстар да құрылатын болды. 1936 жылдың 28-сәуірінде БК(б)П Орталық Комитеті Украинадан Қазақстанның

Қарағанды облысына поляктар мен немістерді көшіру туралы мәселені талқылады. Шекараға жақын аймақтан – негізінен Житомир, Винница, Кировоград, Киев облыстарынан Қазақстанға 45 мың поляктар мен немістер (15 мың шаруашылық) көшірілуге тиісті болды [2, 762]. Көшірілгендер «саяси сенімсіз элементтер» деп аталды. Іс жүзінде 1936 жылдың жазы-күзінде Украинадан Қазақстанға 69283 адам көшіп келді, оның 75,7% – поляктар болды [2, 333-334]. Қаулыда көшірілген тұрғындардың азаматтық құқығы шектелмейтіндігі, олардың әкімшілік аудан шегінде еркін жүріп-тұра алатыны, алайда қоныстанған жерден басқа аймаққа кете алмайтындығы ескерілді. Көшірілігендерді жаңа жерге орналастыру, оларды тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері тұтастай Ішкі істер халық комиссариатына (НКВД) бағынатын Лагерьлердің жоғарғы басқармасына (ГУЛАГ) берілді. Тұрғын үй, тұрмыс мәселелерін шешуге қоныс аударушылардың өздерінің қаржысы да жұмылдырылатын болады деп жоспарланды.

1936 жылы Қазақстанға поляктар мен немістерді көшіру екі кезеңмен іске асырылды: бірінші топтар маусым айында, екіншілері қыркүйекте көшіп келді. Маусымда 35 820 поляктар көшіп келді, оның ішінде 23 234 жасөспірім балалар болды [4, 90]. 1936 жылдың 17-маусымында Қарағанды облыстық партия комитеті И.В.Сталиннің атына хат жазып, қоныс аударушыларды орналастыруға қажетті қосымша қаржы бөлуді өтінді [5, 27]. Бұл мәселе Москвада ұзақ талқыланды, ақыры 1936 жылдың 5-қыркүйегінде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қосымша қаржы бөлінбейтіні туралы қаулы қабылдады.

Поляктардың тағдырындағы бетбұрыс көшірумен ғана шектелген жоқ. 1937 жылдың 9-тамызындағы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысына негіздеп, 11-тамызда КСРО Ішкі істер комиссариаты (НКВД) «Поляк бүлдіргіш-тыңшылық топтарын және ПӘҰ (Поляк әскери ұйымының)\* бөлімдерін жою туралы» бұйрық шығарды. Поляк әскери ұйымы – 1915 жылы Ю.Пильсудскийдің басқаруымен Австро-Венгрия мен Германия жерінде Польшаны қайта қалпына келтіру жолында күрес жүргізу үшін құрылған құпия ұйым. Ұйым 1921 жылы тарап кетті. Жоғарыда аталған бұйрық шыққан кезде бұл ұйым мүлде жоқ болатын. Соған қарамастан Украина мен Белоруссияның жеріндегі көптеген поляктар осы ұйымға қатысы бар деген жалған жаламен тұтқындалып жатты. КСРО Ішкі істер комиссариатының барлық орталық және жергілікті мекемелеріндегі поляктар жазалауға ұшырады. Бұйрық бойынша, поляк ұлты өкілдерінің мынадай топтары тұтқыдалуға тиісті: а) Поляк әскери ұйымының аса белсенді мүшелері; б) бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес жерінде қалып қойған поляк соғыс тұтқындары; в) Польшадан қашып келгендердің барлығы (қай кезде қашып келгені маңызды емес); г) поляк саяси эмигранттары және Польшамен алмастырылған саяси тұтқындар; д) Поляк социалистік партиясының және басқа да кеңес өкіметіне қарсы саяси партиялардың мүшелері; е) поляк аудандарындағы кеңес өкіметіне қарсы неғұрлым белсенді элементтер және ұлтшылдар. Ресейдегі революциялық оқиғалар мен азамат соғысы бірқатар поляк соғыс тұтқындарының еліне қайтуына бөгет жасады. Большевиктер де поляктардың еліне жылдам қайтып кетуіне барынша кедергі жасап бақты. Ақыры 1923 жылы «барлық уақытымен дайындалған эшелондардан қалып қойып, еліне қайтпаған және ұлттық төлқұжаты жоқ соғыс тұтқындары РКФСР азаматы болып саналады» деген қаулы шықты. Осылайша кезінде Австро-Венгрия әскері қатарында болып, тұтқынға түскен бірқатар поляктар 1937 жылы жазалау тырнағына ілікті.

Поляк азаматтарының аталған топтарын тұтқындау 1937 жылдың 20-тамызынан басталып, үш айдың ішінде аяқталуға тиісті болды. Бұйрықтағы «Поляк әскери ұйымы» деп аталып отырған ұйымның мүшелерінің «барлау жұмысының нәтижесінде» жасалған тізімі орталықтан жіберілетіні хабарланды. Тұтқындалғандарды екі топқа бөледі. Бірінші топқа «тыңшылық, бүлдіргіштік» әрекеттер жасаған құпия поляк ұйымдарының мүшелері жатады, олар ату жазасына кесіледі. Екінші топқа аса белсенді еместер жатқызылады, олар 5-10 жылға түрмеге отырғызылады немесе лагерьлерге жіберіледі. Бұйрық келген бойда Қызыл Әскер қатарындағы, Ішкі істер халық комиссариатының барлық буындарындағы, өнеркәсіп орындарындағы, кеңшарлар мен ұжымшарлардағы барлық поляктар тұтқындала бастады.

1937 жылдың 15-тамызындағы бұйрық бойынша, «бүлдіргіштік-тыңшылық қызметі» үшін жазаға ұшырағандардың әйелдері мен 15 жастан асқан балалары тұтқындалды. Әйелдерді Ерекше Кеңестер 5-8 жылға түрмеде отыру жазасына кесті, 15 жастан асқан балалар лагерьлерге, қатаң тәртіптегі колонияларға жіберілді. Жетім қалған 15 жасқа дейінгі балаларды балар үйіне орналастырды. Осылайша мыңдаған отбасылар түгелдей жазалау құрбаны болып кетті. 1937-1938 жылдары 134519 поляк азаматтары жазаға тартылды. 1937 жылдың 5-қыркүйегінде КСРО Ішкі істер комиссариаты (НКВД) поляктарды жазалау шараларын күшейтуге, тұтқындалған поляктарға 10 жылға дейін түрмеде отыру жазасын кесуге бұйрық берді. Бұйрық бойынша КСРО Ішкі істер комиссариаты мен Прокуратураның өкілдерінен «екіліктер»

құрылды, оларға соттан тыс жаза беру құқығы берілді, қылмыстық істі сотталушының өзін шақырмай-ақ сыртынан, тізіммен тұтас қарау жүйесі бекітілді.

1939 жылы Польшаның шығыс аймақтарын Кеңес Одағына қосқан соң, қазан айының ортасына дейін басып алынған поляк облыстары мен Батыс Украина, Батыс Белоруссия аймақтарын күштеп кеңестендіру басталды. Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядағы алғашқы аптаның өзінде-ақ жаңа кеңестік облыстарда мемлекеттік құрылыс және басқару қатаң командалық тәсілмен жүзеге асырыла бастады. Ірі өнеркәсіп орындары мен банктерді мемлекет қарамағына алу жөніндегі заңдар қабылданса, да мұның барлығы іс жүзінде басқаша өріс алды. Ұсақ қолөнер шеберханалары және жекеменшік үйлер тартып алынды, ақы-пұлсыз помещиктердің жерлерін тәркілеу науқаны жүргізілді. Бай кулактарды тәркілеу шаралары туралы КОКП (б) Орталық Комитеті Саяси Бюросы «мұндай іс-қимылдар кеңес өкіметіне қарсы арандатушылық мақсатты көздеген адамдарға қолданылуда» деп түсіндірді. Сонымен Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінде бірінші кезекте ауқатты шаруалар шаруашылықтары жойылды. Осадниктер- бұл жерлерге Польшадан келген. Олар алғашқы кезде поляк армиясының құрамында болып, 1920 жылы поляк-кеңес соғысында көзге түскен бұрынғы әскери қызметкерлер орналасқан жерлер болатын. 20-30-шы жылдарға дейін украиндар мен белорустар қоныстанған аймақтан оларға жер бөлініп берілді. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Кеңес Одағының құрамына кірген соң поляк осадниктері «еңбекші халықтың ата жауы» деп жарияланып, бүкіл отбасыларымен бірге Сібір, Қазақстан, Поволжье, Орал және Ресейдің солтүстігіне жер аударылып, айдауға кетті.

Сонымен, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінен «еңбекші халықтың ата жауы» деп танылған осадниктерді арнайы поселкелерге қоныс аудару жұмыстары 1940 жылы 10-ақпанда басталды. Олар КСРО Ішкі істер Халық Комиссариатының өкілдері тарапынан бақылауда болып, бастапқы кездің өзінде-ақ 21 өлкелік облыстың 115 арнайы поселкесіне 139 596 осадниктер орналастырылды. Олардың алғашқылары Киров, Пермь, Вологда, Архангельск, Иванов, Ярослав, Новосибирск, Свердловск, Омбы, Красноярск, Алтай және Коми АКСР-нің солтүстігіне 100 ден 500-ге дейін отбасылар қоныстандырылды [6, 26]. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті қаулысына сәйкес Красноярск, Алтай өлкесі, Новосибирск, Омбы, Челябинск және Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстары, Грузин, Тәжік, Өзбек және Түркімен кеңестік республикаларына қоныс аударушыларға баспана салуға жер бөлініп беріліп, оларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету туралы жарлық шығарылды [7, 24]. Кеңес өкіметінің басшылары үшін Қазақстанның жері бүкіл әлемнің өздеріне ұнамаған халықтарын айдап апаратын «дайын тұрған» орасан зор түрмесі сияқты болды. 1939 жылы қыркүйек айының өзінде «Правда» газетінде: «Қазақстан даласы қоныстанушыларды күтуде», – деп жазды. Көшірудің келесі топтарынан 35 670 арнайы қоныстанушылар Қазақстанның жеріне келді. Олардың ішінен 26 771 адам әр облыстарда бесжүзден аса түрлі шаруашылықтарда қызмет атқарғаны мәлім [8, 96].

Қоныс аударушыларға жолға жиналуға бір-екі, ал кей жерлерде небәрі жарты сағат уақыт қана берген. Адамдарды жабдықталмаған жүк тиеуге арналған ескі вагондарға мінгізіп алып жүрді. Осы акциялардың құрбаны болған адамдардың естеліктері, құжатта көрсетілген мәліметтерден, әрине, жоғарыда мәтіні берілген нұсқаулардан әлдеқайда алыс жатқан шындық. 1940 жылдың қақаған сары аязында есігі мықты жабылған, ішіне от жағылмаған вагондармен аш-жалаңаш қалжыраған ересек адамдар мен балаларды апта бойы құлазыған даламен алып жүрген. Осының салдарынан алғаш Қазақстан мен Орта Азияға келгенде олардың көбісі әлсіз, әлжуаз ауру халде болды [9, 52]. Жергілікті көші-қон бөлімшесі қоныс аударушылар арасында дәрігерлік көмек, мектеп және басқа күнделікті мәдени шараларды іске асыру қажеттігі туралы республиканың, облыстардың денсаулық сақтау, ағарту және мәдени мекемелеріне хабар жіберді. сондай-ақ жергілікті жерлерде оларға арнайы дәрігерлік көмектер көрсетілді [10, 50-52]. Дегенмен қаржы саласындағы тапшылықтарға байланысты оларға көздеген мақсатқа лайықты жағдайлар да жасала бермеді [7, 146]. Сонда да әр саладағы қиындықтарға қарамай-ақ мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында арнайы қоныс аударушыларды көкөніс, киім-кешек және ұнмен қамтамасыз ету жұмыстары жақсы нәтижелер беріп отырды. Қоныс аударушыларды бірінші кезекте адам қолы жетіспейтін колхоздарға жұмысқа қабылдады. Жергілікті ұйымдар поляк азаматтарын жұмыспен және пәтермен қамтамасыз етті [8, 98] Алғаш келген кезде балалардың денсаулығының нашар, әлсіздігіне байланысты бала еңбегіне тыйым салынды [8, 100]. Жаңадан келіп жатқан арнайы қоныстанушылардың ішінде техниканы меңгергендер баршылық болғандықтан олардың есебінен әр облыстарда жаңа машина-трактор станцияларының саны көбейе бастады. Сонымен қатар алғашқы кезде қоғамдық пәндер бойынша арнаулы білім алуға рұқсат етілмесе де, мемлекет тарапынан шаралар жүргізіліп, жергілікті жерлерде поляк мектептері ашылып оларға арнап арнайы оқулықтар шығарылды [9, 20-21].

Комендатура қызметкерлері жер аударылғандарды арнайы журналдарда белгілеп, КСРО Ішкі істер комиссариаты белгілеген тәртіпке сай қатаң тұрғыда бақылап отырды. Жер аударылғандар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту бақылаудың тікелей тергеуі негізінде жүргізілді. Жер аударылғандардың күн тәртібі олардың негізінен бастапқы тұрғылықты жері мен дәрежесінің шығу тегіне байланысты болды. Жұмыспен және жергілікті жерлерден баспанаға ие болған қоныс аударушыларға КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің №1142-208с қаулысына байланысты «арнайы қоныс аударушылар мен олардың балаларына тұрып жатқан жерлерінен төл құжат беру туралы» арнайы бұйрық шықты.

Поляктарды көшірудің тағы бір кезеңі 1940 жылдың сәуір-мамыр айларында іске асты. Бұл көшіру поляк офицерлерінің отбасыларын қамтыды. 1940 жылдың 7-наурызында КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берия осы үш лагерьдегі поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын Қазақстанға жер аудару туралы бұйрық берді. Поляк офицерлерінің отбасыларын Қазақстанға 10 жылға жер аудару 15-сәуірден басталады. Жер аударылатын отбасылардың толық тізімдері 30-наурызға дейін толық жасалып болуы қажет. Поляк офицерлерінің отбасыларының құрамында әйелдері, балалары, отбасымен бірге тұратын әке-шешелері, аға-інілері мен апа-қарындастары саналады. Жер аудару операциясы бүкіл Батыс Украина мен Батыс Белоруссияда бір мезгілде таңғы алаң-елеңде басталады. Арнаулы топтар жер аударылатын отбасыларының үйіне тінту жасап, қару-жарак, контрреволюциялық әдебиет, шетелдік ақша іздейді. Жер аударылатын отбасыларының қозғалмайтын мүлігі мен сауда-өнеркәсіптік меншігі тәркіленеді. Жер аударылғандардың босап қалған тұрғын үйлері мен шаруашылық құрылыстары Қызыл Әскердің қызметкерлеріне, Украина мен Белоруссияның батыс облыстарына іс-сапарға жіберілген партия-кеңес қызметкерлеріне беріледі. Жер аударылатындарға қажетті керек-жарақтарын жинауға 10 күн беріледі. Тұтқындағы поляк офицерлерінің отбасыларын есепке алу нәтижесі 31-наурызда жеделхатпен Ішкі істер министрлігіне хабарлануға тиісті. Украина мен Белоруссияның батыс облыстарында тұратын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын жер аудару туралы Л. Берия қол қойған бұл құжат 1940 жылғы 2-наурыздағы БК(б)П Орталық Комитетінің шешіміне және Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына негізделген болатын.

1940 жылдың 20-наурызында Л. Берия Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары С.Н. Бурдаковқа Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан жер аударылатын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын қабылдауға дайындалу туралы бұйрық берді. Бұйрықта Қазақстанға тұтқын поляк офицерлерінің, жандармдарының, полиция қызметкерлерінің, барлаушыларының, ірі помещиктері мен фабриканттарының, ірі мемлекеттік қызметкерлерінің 25 мың отбасыларының – шамамен 75-100 мың адамның Қазақстанға 10 жылға жер аударылатыны хабарланып, оларды орналастырудың тәртібі белгіленді. Олар Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарына орналастырылады. Жер аударылғандарға тек сол орналасқан ауданында ғана жүріп-тұруға рұқсат беретін төлқұжаттар беріледі. Жер аударылғандардың арасында міндетті түрде тыңшылық жұмыстар ұйымдастырылады. Қазақстанның мекемелері осы жер аударылатындардың қандай бекетке келетіні, қалай орналастырылатыны, осы жұмысқа жауапты қауіпсіздік қызметкерлері туралы мәліметтерді орталыққа хабарлап отыруға тиісті. Осы нұсқаулардың негізінде 1940 жылы 4-сәуірде Қазақ Кеңестік социалистік республикасының Ішкі істер Халық Комиссариаты Қауіпсіздік бөлімі арнайы бұйрық шығарды [11, 97]. Онда Қазақстанның әр облысы немесе әр ауданы өкілдері жергілікті жерлердегі бекеттерден поляк азаматтарын қабылдап алып, орналастыратын жерге әкеліп, бірінші кезекте оларды баспанамен қамтамасыз етуге тиісті болды. Екіншіден, жер аударылған контрреволюциялық элементтерді жергілікті халықтан алшақ ұстау керек. Үшіншіден, олар қашып кетпеу үшін алдын-ала бақылау орнату керек. Сондай-ақ, поляк тардың осы жерде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жасауына жол берілмеуі керек. Осындай арнайы талаптар ісе асырылуымен қатар барлық жераударылып келген поляктарды 1939 жылғы №001223 КСРО ішкі істер Халық Комиссариатының Бұйрығына сәйкес тізімге алулары керек екендігі қоса ескерілді [11, 96].

Поляк офицерлерінің отбасыларын жер аудару 1940 жылдың 13-сәуірінде басталды. Алғашқы жылдың өзінде-ақ сәуір-мамыр айларында Солтүстік-Қазақстан облысына бұрынғы Польшаға қарасты Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан 28 000 поляк азаматтары келді [11, 111]. 1940 жылдың 25-қыркүйегіндегі мәлімет бойынша Павлодар облысына 11 201 жер аударылғандар орналастырылды.

Кеңес Одағының алыс аудандарына, Қазақстанға, Орта Азияға және Сібірге көшіріліп, осындай еріксіз қуғын-сүргінге ұшыраған поляк азаматтарының тағдыры 1941 жылы Германия Кеңес Одағына соғыс ашқаннан кейін Кеңес Одағы мен Лондондағы Польша эмигранттық үкіметі арасында болған саяси келіссөз біраз жеңілдіктер алып келді. 1941 жылы 12- тамызда Кеңестік Одақтағы поляк соғыс тұтқындары мен азаматтарына кешірім (амнистия) жарияланды. Алайда арнайы жер аударылған поляк

азаматтарының кейбір бөлігі бостандық алғанымен өздері қалаған жерлерге орналаса алмады. Поляк азаматтары туған жеріне екінші дүниеүзілік соғыстан кейінгі кезеңде ғана оралуға мүмкіндік алды. 1989 жылдың 14-қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі зорлықпен жер аударылған халықтарға қарсы қолданылған жазалау шараларын заңсыз және қылмыстық сипаттағы әрекет деп бағалаған Декларация қабылдады.

- 1 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 139-қ., 1-т., 766-іс.
- 2 Политбюро ЦК РКП(б) – ВКП(б). Повестки дня заседаний. 1919-1952. Каталог. Т. II. – М., 2001.
- 3 Население России в XX веке. Исторические очерки. В 3-х т./ Т.1. 1900-1939 гг. Отв. редактор издания Ю.А.Поляков. – М., 2000.
- 4 Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. – М., 2001.
- 5 Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.): Сборник документов – Алматы, 2000.
- 6 Иосиф Сталин – Лаврентию Берия: «Их надо депортировать». – М., 1992.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 708-қ., 16/2-т., 54-іс.
- 8 Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты, 141-қ., 1-т., 10644-іс.
- 9 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 141-қ., 1-т., 12263-іс.
- 10 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 141-қ., 1-т., 12277-іс.
- 11 Қазақстан Республикасының Президенттік Мұрағаты, 708-қ., 14/2-т., 55-іс.

#### **Судьба депортированных в Казахстан польского населения**

**Г.К. Кокебаева** – д.и.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби, [kokebayeva@mail.ru](mailto:kokebayeva@mail.ru)

**А.М. Сманова** – к.и.н., доцент КазГосЖенПУ, [aigulsmanova@mail.ru](mailto:aigulsmanova@mail.ru)

#### **Резюме**

Статья посвящена исследованию истории депортации поляков в Казахстан. В 30-40-е годы XX в. миллионы людей стали жертвами произвола советского тоталитарного режима, подверглись репрессиям за политические и религиозные убеждения, по социальным, национальным и иным признакам. Среди депортированных особое место принадлежит польскому народу. Депортация поляков началась с высылки польского населения из западных областей СССР и осуществлялась в несколько этапов. После поражения Советской России в польско-советской войне 1920 года, польское население России рассматривалось как «пятая колонна», и в 30-х годах это недоверие привело к их высылке в северо-восточные области страны. Накануне и в начальный период второй мировой войны была осуществлена массовая депортация поляков в Сибирь и Казахстан.

**Ключевые слова.** Депортация, тоталитарный режим, репрессии, советско-польские отношения.

#### **The fate of Polish deportees in Kazakhstan**

**G.K. Kokebayeva** – Doctor of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi KazNU

**A.M. Smanova** – PhD, Ass. Professor, Kazakh State Womens Teacher Training University

#### **Summary**

The article is dedicated to investigation of the history of the deportation of Poles in Kazakhstan. In 30s-40s of the 20<sup>th</sup> century, millions of people were victims of arbitrariness of the Soviet totalitarian regime, were persecuted for their political and religious beliefs, due to social, national and other characteristics. Among the deportees the special place belongs to Polish people. The deportation of Poles began with the expulsion of Polish population from western regions of USSR and was carried out in several stages. After the defeat of Soviet Russia in Polish-Soviet war in 1920, the Polish population of Russia was seen as “fifth column” and this distrust led to their expulsion to north-eastern regions of the country in 30s. At the brink and initial period of World War II the mass deportation of Poles to Siberia and Kazakhstan was carried out.

**Keywords.** Deportation, a totalitarian regime, repressions, the Soviet-Polish relations.

ӘӨЖ 316.3.(574)

## ҰЛЫ ДАЛА «АҚТАНДАҚТАРЫ»: ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ

Ерімбетова Қ.- ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты  
Астана., Қазақстан erimbet99@mail.ru

Мақалада Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошақтарының бірі Торғай көтерілісі және оның барысының «ақтаңдақ» беттері сипатталады. Көтеріліс басшысы Әбдіғапар Жанбосынұлының шыққан тегі, өскен ортасы, көтерілісті ұйымдастырудағы іс-қимылдары баяндалады. Сол сияқты Әбдіғапар Жанбосынов ұрпағының кеңестік қуғын-сүргінге ұшырауы зерделенген.

**Тірек сөздер:** тарихи сана, ұлт-азаттық көтеріліс, тарихи кезең, ұрпақтар сабақтастығы, тәуелсіздік.

**Кіріспе.** Халықтың рухын тұсаулау, шарасыздықтан тәуелсіздікке талпынуға, қажет болған жағдайда ашына күресуге жол ашқан болатын. Бұл қоғамдағы табиғи әрі заңды құбылыс. Сондықтан да болу керек, көрнекті қайраткер Т. Шонанұлы мұндай халық көтерілісін - халық ойының сәулесіне теңеген. Замануи көзқарас бойынша, 1916 жылғы Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілісі мен оның басшылары әмір Әбдіғапар мен Аманкелді Имановты, Алашорданың Торғай бөлімінің мүшелері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Есполов, С. Қадырбаев, К. Тоқтабаев, А. Кенжин және тағы басқалар есімдерін кеңестік Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихы бетінен алып тастау мүмкін емес. Алайда, мүмкін болған тарихи кезеңнің куәгерлері бар, олар - кеңестік дәуірдің азаматтары. 1916 жылғы Торғай ұлт-азаттық көтерілісі тарихы бойынша кеңестік тарихнамада халық батыры ретінде Аманкелді Иманов есімі аталынады да, нағыз көтерілістің үйлестірушісі, халық сайлаған көтеріліс басшысы Әбдіғапар Жанбосынов жөнінде еміс-еміс әңгімелер ғана қалады. Әбдіғапардың кеңес мемлекетінің қас жауы ретінде тарихи таным қалыптастырылды. Бұл көтеріліс ауқымын қолдан бұрмалау еді. Бұл ахуал 1991 жылы КСРО ыдырап тынғанша жалғасты. Сәл тарихқа көз жүгіртсек:

Батыр тұлғасын қалыптастыру тарихы бойынша композитор Е. Брусиловский естелігінде былайша береді: «1935 жылы Сталиннің қабылдауында болған Мирзоян, Исаев және Жанкелдин әңгімелесіп отырып, Қазақстанның солтүстік-батысындағы аумақта әскери іс-қимылдар жүргізген Чапаевты еске алады. Сонда Сталин кенеттен «Сіздердің өздеріңіздің Чапаевтарыңыз бар ғой», - дейді. Сонда Исаев пен Мирзоян Жанкелдинді көрсетеді. Ол Жанкелдин туралы айтпаған еді. Сталин Царицынды қорғауда жүргенінде қазақ даласындағы көтерілісті басқарған көзсіз батыр Аманкелдімен байланыс жасағанын айтады. Брусиловский сол кезде Мирзоян мен Исаевтың Аманкелді туралы естігені жөнінде тұшымды бірдене айта алатынына сенімсіздік білдіргенімен, Жанкелдиннің Аманкелді туралы деректі толық білетіндігін және бұл деректі растап, ондай батырдың болғандығын айтқандығын көрсетеді. «Сол Аманкелді Имановтың дәл өзі қазақ Чапаевы болып табылады», - дейді Сталин. Осылайша Мәскеуде Сталин біліп отырған Қазақстандағы революциялық қозғалыстың батырын Қазақстанның басшыларының білмеуі елеулі ыңғайсыздыққа ұшыратады. Осы жерде композитор жеке тұжырымын жасайды: 1933 жылы да, 1934 жылы да Аманкелді туралы ешкім айтпаған, еш жерде жазылмаған, ал оны білетін Жанкелдин де батыр туралы айтуға асықпаған деп көрсетеді. Осы оқиғадан кейін жедел түрде өткізіп алған кемшіліктің орнын толтыру қажет болды. «Казахстанская правда» газетінің редакторы (1933-1937жж. аралығында) Верховский тарихшы Шафироны шақырып алып, Аманкелді Иманов туралы деректерді іздеп тауып, ол туралы көлемді мақала дайындауға тапсырма береді. Шафиरो қанша тырысқанымен батыр туралы еш дерек таба алмайды. Бірақ оның тәжірибелі тарихшы екендігін ескерген естелік жазушы, қажет болғандықтан бірнәрсені тауып әйтеуір жазды деп еске алады. Кейіннен екі драматург Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов Аманкелді туралы пьеса жазуды қолға алады. Олар Аманкелдінің алашордашылардың қолынан Торғай қаласында 1919 ж. қаза тапқанын анықтайды. Торғай қаласы сол кезде революциялық күштердің қолында, Аманкелдінің басқаруында болғанымен, кенеттен алашордашылар билікті басып алып, Аманкелді олардың қолында қалып қояды да, жылдам атқызылып жіберіледі. Бұл оқиғаға композитор «біртүрлі әдеттен тыс, толықтай күрмеуі шатасқан, түсініксіз көлеңкелі тарих» ретінде қарайды[1].

Естелікте көрсетілген мәліметтер арқылы И.В. Сталиннің кедей-шаруа отбасынан шыққан Аманкелді Иманов туралы сөз қозғауы, оның алдын-ала деректік мағлұматтарға қаныққанын, батырдың аңғалдығы мен жанкештілігінен де хабардар екендігі байқалады, ал елді ұйытуға ел ішіндегі тұлғалардың рөлінің зор екендігін білмеді деп тағы да айта алмаймыз. Осылайша, 1935 жылдан бастап Торғай көтерілісінің қолбасшысы, жауынгер-батыр ретінде Аманкелді ғана дәріптелінді. Тоқырау жылдары

тарихи оқиғалардың ақиқат беттері күнгірленіп, тот баса бастағанда, жаңа заманның жаңа тәуелсіздік лебі соқты. Бұл Торғай көтерілісі тарихына егемендікпен келген жаңа серпін, жаңаша көзқарастар әкелген – **жаңғырту кезеңі** еді.

Тәуелсіздік үшін ту ұстаған 1916 жылғы көтерілісшілер тағдыры, билік үшін күрестегі 1917 жылғы қос үкіметтік тайталастың ортасына түсті. Шытырман оқиғаның ішінде зорлық-зомбылық, қорлықтың және туған-туыс арасындағы түсініспеушілік пен жікке бөлінудің де ауыртпалығы, бұқара халыққа түсті. Сол кезеңдегі қазақ қоғамына, бүкіл елдегі сияқты, билікке келген жаңа өкіметтің (кеңестердің) жалынды ұрандары, әлеуметтік қарама-қарсылықтар әсерін берді. Кешегі ұлт-азаттық жолында ынтымақтасқан бұқара арасы жікке (ақ пен қызыл, алашодашылар мен кеңес өкіметін жақтаушылар) бөлінді. 1916 жылы көтеріліске қатысқандар, оның кейбір басшылары большевиктер партиясы өкілдерінің ықпалымен Кеңес өкіметін мойындаған болатын.

### ӘБДІҒАПАРДЫҢ ШЫҚҚАН ТЕГІ

Әбдіғапардың арғы тегі Қара Қыпшақ Қобыландыдан (15ғ.) басталып, бері Тілеулі батырға (18ғ.) жетіп, оның ұлы-Нияз биге келіп тірелетінін, Нияз - Әбдіғапардың бесінші атасы екенін айқындайды. Нияз шамамен 1745 жылы туып, 1790 жылы дүние салған. Нияз жасынан өте алғыр, сөзге шешен болған. Қариялардың айтуына қарағанда 7-8 жасынан бастап үлкендер сөзіне араласып, ерте билік айта бастаған. Кейін Торғай, Қараөткел өлкесінде халық арасында жүргізген әділ билігімен үлкен сый-құрметке ие болған. Нияз ұрпағы ішіндегі сол кезеңдегі білімдісі, белсендісі – Жанбосын болған. Білімділігі мен әділеттілігі үшін оны бүкіл Торғай өлкесі қошаметтеген. Торғай губернаторы оны сайлаудан өткізбей-ақ Қараторғайға болыс етіп тағайындаған. Жанбосын Торғай қаласына барып жүргенде Алуамен (арғын Ақтас байдың қызы) танысады. Кейін әкесі құда түсіп үйлендіріп, отауын Үлкен Қарасуда тігеді. 1895 жылы көре алмастық салдарынан кейбір рубасылары Жанбосынға у бергізіп өлтіреді. Жанбосынның бес ұлы болған, солардың үлкені Әбдіғапар дүниеге 1870 жылы келген. Әбдіғапар білімді, бойшаң, қарулы болған. Ал келесі балалары: Садуақас, Әбдікірар, Мақыш, кенжесі Жағыпар [2].



1916 жылы Торғай облысының құрамына Орынбор, Қостанай, Шалқар, Ырғыз, Торғай сияқты уездер енетін. Патша өкіметі үшін Торғай даласы Ұлы далаға енетін алтын қақпа болды. Петербордан созылған телеграф Қазан, Орынбор, Шалқар арқылы Торғай дуанына жеткізілген болатын. Қараторғай болысында Әбдіғапар маңында топтасқан жастардың саны күннен күнге өсіп, 1916 жылдың қыркүйегінің аяғында үш мыңға жетті. Әбдіғапардың інісі Жағыпар жастар ортасында болды. Мұнда халықтың басым көпшілігі Әбдіғапардың соңынан еретіндерін айтты. Мұндағы халықтың басым көпшілігі қыпшақ руынан, көбісі Әбдіғапардың жақын туыстары еді. Қайдауыл болысындағы жастарды Үдербайұлы Аманкелді ұйымдастырды. Қыркүйектің аяғында мұнда да 1000-ға жуық сарбаздар жиналды. Сарыторғай өлкесінде топтасқан жастар саны 1500-ге жетті. Бұл тұста бас көтерген Өмен Мұсабайұлы болатын, кейін ол мыңбасы болып тағайындалды. Торғай халқының көтерілуін алдын ала басуды ойлаған губернатор Эверсман Торғай қаласында ақсақалдар мен құрметті азаматтарды жинап, мәжіліс өткізді. Халықты қорқыту арқылы жарлықты жүзеге асырғысы келді. Әр болыстан 10-15-тен ел сыйлаған ақсақалдар болды. Эверсман бірнеше рет патша жарлығының мәнін түсіндіргісі келді, бірақ осы жиналысқа Қараторғай болысынан келген Әбдіғапар: «Жастарды бермейміз!», -деп кесіп айтты.

### ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ

Әбдіғапар Жанбосынұлы басшылығымен көтерілісшілер патшаның жазалаушы отрядтарына Торғай, Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа, Батпаққара, Доғал-Үрпек түбіндегі шайқастарда табан тірескен қарсылық көрсетті. Торғай-Ырғыз өлкелерінде толқу күннен-күнге өршіп, жазалаушы әскер келіп



үлгіренше, жаппай көтеріліске айналған. Бұрыннан бай-болыстардың зорлық-зомбылығына шыдамай, ашықтан-ашық қарсы шығып жүрген ер-азаматтар «патша жарлығына қарсы» үгіт жүргізуге кірісті: Аманкелді Үдербайұлы – Қайдауыл болысынан, Абдолла Дүйсенұлы, Уәлі Баспақұлы – Аққұм болысынан, Қиякбай Үркімбайұлы, Әсемғазы Үркімбайұлы, Дәуренбек Сандыбайұлы – қарақоғадан, Омар Тынымұлы, Хакімбек Төкеұлы – Шұбалаң болысынан, Қасымхан Кенесарыұлы – Тосын болысынан, Әбдірахман Иманқұлұлы – Сарықопа болысынан, Жалмағамбетұлы Уәлі, Жанбосынұлы Садуақас – Көртоғайдан[3]. Ежелден қазақты өзіндік тарихы мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тілі мен діні бар ел санамайтын Ресей патшалығы «бұратана» халықтың бас көтергеніне қатты қаһарланып, қыркүйек айының 27-жұлдызында Торғай даласына генерал Лаврентьевтің жазалау экспедициясын жіберді. Және олар мұнымен де шектелмей қазан айының 13-жұлдызынан 16-жұлдызы аралығында Қазан әскери округінен жазалаушы қосынға қосымша күштер бөліп, оған Орал, Орынбор, Астраханьнан арнайы бөлімшелер жөнелтті. Сөйтіп жазалаушы қосын құрамы 17 жаяу әскер ротасына, 19 жүздік эскадрондарға жетіп, олардың қолында 14 зеңбірек, 17 оқшашары болды. Жазалаушылар қосынның жалпы саны 30 мың әскерге жетті[4]. Қазан айының ортасында Шұбалаң, Тосын, Қараторғай болыстарында топтасқан сарбаздар Торғай қаласына жақын қыстауларда орналасып, жинала бастады. Жиналған сарбаздар Торғай дуанына шабуыл жасап, «күлін көкке ұшырғысы» келді. Бұл кезде Торғай бекінісінде 200-дей атты казактар, 100-ге жуық жаяу әскер бар болатын, оған қаруланған қала тұрғындары қосылды. Қазанның 22-сінде көмекке тағы 140 атты әскер келді. Сарбаздар қарашаның 6-күні таңсәріде шабуылға шықты. Қалаға лап беріп, жабыла ұмтылды. Бірақ қарша жауған оқ зеңбіректің жарылысы сарбаздарды казармаға жолатпады. Қолдарында дұрыс қаруы жоқ сарбаздар кері шегінді. Тек мылтықтары бар Кейкі, Аманкелді, Жағыпарлар ғана оншақты жауды оқтың астына алды. Жағдайдың осындай боларын сезген Әбдіғар о баста-ақ жалаң шабуылға қарсы шыққан еді. Оның ұсынысы бойынша: қоршап, тек шығамын деушілермен шайқасып, жойып отыру керек еді. Мая-мая шөптен айырылған, суы жоқ, телеграф сымдары үзілген қала ұзақ өмір сүре алмайтын. Өздері ұзамай бағынатын. Қыс болса келіп қалған еді. Бірақ көпшіліктің ниетімен жасалынған шабуыл жеңіліске ұшырағанмен, біріншіден, Орынбор губернаторынан бастап Ресей бас штабына дейін дүрлікті, екіншіден, халық арасында Әбдіғардың әскери өнердегі стратегиялық ой-өрісі танылды.

Қараша айының аяғында Жалдама өзенінің бойында Торғай уезінің шығыс бөлігінде орналасқан 13 болыстың ақсақалдары, іштерінде сарбаз басшылары Әбдіғар, Амангелді, Үмен бар үлкен жиналыс өткізді. Осы ел отаршылдыққа қарсы шыққан Кенесарыны одан 75 жыл бұрын хан сайлаған еді, бұл жолы да күн тәртібінде елге беделді, білімді, әділ адамның тарихи қажеттілігі болды. Ақсақалдар бірауыздан ата салтымен Әбдіғарды әмір сайлады. Себебі бір орталықтан басқару қажеттілігі туындаған болатын.. Әбдіғарды көтеріліс ханы етіп сайлады, Хан Кеңесін құрды. Соғыс ісі болсын, шаруашылық, сот ісі болсын Кеңестің шешімімен істелетін болған. Осылайша қарапайым демократиялық жүйе іске қосылды[5]. Бұл Кеңестің негізгі міндеті - елді жаудан сақтау, қорғау, аман алып қалу.

Ырғыз және Торғай уездерінде бірнеше елді мекендерде қырғыздардың үлкен қарулы топтары жиналып, олар жергілікті ауылдарды тонай бастады, бірнеше болыс басшыларын соққыға жықты, бір болыста хатшыны өлтіріп тастады.



Ақпан айының 22-сі күні Тургенев басқарған жазалаушы әскердің бір тобы Әбдіғапар сарбаздарын жойып, көтеріліс отын өшіру үшін хан ордасына қарай беттеген әскерін Доғал түбінде қарсы алады. Әбдіғапар мен Аманкелді әрбір ұрымтал тұста айламен қаша ұрыс салды. Құмкешуде осылай бір тосып алып, патша әскерін бөлшектеп кетеді. Батпаққараға таяу Қамысбай деген жерге келгенде оймен қашып, әп-сәтте жер соқтырып тайып отырады. Ызаланған патша әскері Қамысбайда жазықсыз он шақты адамды атып өлтіреді. Ең алғашқы жүздіктің үлкен басшысын аңдып тұрып, Кейкі батыр көздемей атып кетеді. Одан кейін жүздік дереу кейін қайтып, басқа жолмен қашқанда, екінші топ Батпаққараға қарай жүруге дайын болады. Бұлар өлтіріп кеткен солдатқа келгенде ел көрмеген сорақы қылықты көріп, зәресі ұшады. Жазалаушыларға әбден өшіккен Кейкі батыр солдатты өлтіріп кетеді. Мұны көрген солдаттар жол бастаған Молдахметұлы Ідірісті сөзге келмей атып тастайды. Солдаттар бұдан кейін Торғайды өрлеп Доғалға тура тартады. Қолға түскен қазақты аямайды. Зеңбіректен бірден он рет «дөп» түсірді. Доғалдағы осы соңғы шайқаста Кейкі, Өмен бастаған 200 мергенді Аманкелді жол бойындағы қалың қамыс пен тоғай ішінде орналастырған болатын. Алғашқы бір дүркін атыста тасадағы мергендер оғынан жаудың отыз шақтысы құлап түсті. Содан кейін олар да қарсы атыс бастап, шегініп оқ шашарларын, зеңбіректерін орнатып оқ жаудырды. Мергендер түске дейін атысты. Жау атысты одан әрі күшейтіп мергендерді қоршауға ала түсті. Түс ауа Аманкелді сарбаздарға шегіну туралы бұйрық берді. Өзен бойындағы сарбаздарды да шегіндіріп, кең далаға алып шықты. Шегінбей қалған отыз шақты мергенге Әбдіғапардың інісі, жүзбасы - Жағыпар рух берді. Аманкелдіден үш рет «қайтыңдар» деген хабар жетсе де мергендер шегінбеді. Оқтары біткен соң қолма-қол айқасқа шықты. Бесін кезінде тек екі жүзбасы ғана тірі қалды. Мергендерге қосылған Өмен батыр да қаза болды. Жазалаушылар жақындап келіп, жүзбасы Әмірбекті атып өлтіріп, Жағыпарды бірнешеуі жабыла қылыштады. Жағыпар өзіне келген үш сарбаздың да көзін жойды. Қолы мен бет аузын қан жаққан ер көзі қанталап келіндер деп қасқайып тұрды. Жабай түрінен қорыққан әскер басы тірідей қолға түсіре алмасын біліп «атындар» деген бұйрық берген. Бірнеше рет атқан соң барып Жағыпар жерге құлаған. 22 жасар жас жігіт өмірімен осылай қоштасты[6].

Доғал -Үрпек соғысы 1917 жылдың 23 ақпанында аяқталды. Кейін сүйектерін алуға барғанда Жағыпардың білегінде тек қылыштың бүлдіргісі мен екінші қолында безбеннің темірі табылды[7]. Осы тұста Доғал сарбаздарының ерлігі 1986 жылғы Желтоқсан ызғарында алаңға шыққан жастардың қайсарлығы 1916 жылғы азаттық күресімен тағдырлас тарихи орын алды[8]. Бұл соғыста қайтыс болған Әбдіғапардың інісі Жағыпарды және 70 шақты ер-азаматтарды үйлеріне жеткізеді, сонымен қатар жау әскерлері де көп шығынға ұшырағанын, олардың жан тапсырған адамдарды 15 шақты шанаға тиіп алып кеткенінен көруге болады. Жазалаушы әскер Батпаққарада бір-екі күн болып, Торғай қаласына қайтуларына тура келді. Әскердің шығынын жасырып, бас штабқа «екі ат, екі адам ғана өлді. Әбдіғапар ханның ауылы да, ордасы да жойылды» деп хабарлады. Дәл осы кезең Ресейдегі ақпан төңкерісімен тура келіп, 1917 жылы наурыз айының 11-і күні патшаның құлағаны туралы хабар Қараторғайға келіп жетті. Әбдіғапар Уақытша үкіметке қарсы еместігін хат арқылы Торғай әкімдеріне білдірді. 1918 жылы наурыз айында Әбдіғапар мен Аманкелді Орынборда өткен Торғай облысының І-ші Кеңестер мәжілісіне қатысты. Ол кеңестік саясатты даурығып қолдамады және Алаш партиясы құрамына да кірмеді. 1918-1919жж. билік қолдан-қолға өтіп жатқан кезеңде Аманкелді өлтіріледі[9]. Бұл ел азаматтары арасындағы алауыздық жоғарыдан таңған іс-қимылдарының нәтижесі болатын.

Ал, 1919 жылдың 25-қарашасында Зәуре қопасында Әбдіғапар атылады. «Көртоғай ауылында арнайы асылған қонақасыны жеген қызыл әскерлер Әбдіғапарды ерте шығады, жол-жөнекей бөгелген Зәуре қопасында намаз оқып тұрған кезінде Әбдіғапарды атылуымен, Қазақстандағы тұңғыш репрессия басталғаны» туралы пікірге келген әңгімені газет тілшісі Нұрлан Жұмаханұлы Қабден Қалиұлынан жазып алады[10]. Әбдіғапардың сүйегін екі жұп ат жегілген шанамен оның ұлы Садуақас алып келеді. Ол інісі Жағыпардың жанына Көртоғай ауылына жерленді. Кеңес дәуірінде оның азаттық жолындағы күресі бүркемеленіп, тарихи мұрағаттар қойнауында қалды. 1928 жылы байлар мен жартылай феодалдар дегендердің (кеңестік атау) мал-мүлкін тәркілеу науқанынан басталған шаруаларға қарсы қысым 1929-1931 жылдары шырқау шегіне жетіп, Қазақстанда жаппай шаруа көтерілістері мен наразылықтарын тудырғаны мәлім. Заңсыздық пен шектен шыққан қысымға ең алғаш болып қарсы көтерілген Торғай өңірінің шаруалары еді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқандар 13-14 жылдан кейін саяси күрес орталығына тартылуға мәжбүр болды. Бұрынғы Торғай уезінің көлемінде Батпаққара, Торғай және Наурызым аудандарында болып өткен бұл көтерілістің негізгі ұйытқысы 1916 жылғы көтеріліске қатысушылар, оның сарбаздары дәстүрін жадында сақтағандар еді. Ол ел арасында «Сарбаздар көтерілісі» деп аталды. Көтерілістің негізгі ошағы Батпаққара ауданы болды. Шаруалар 1929 жылы 2 қарашада аудан орталығын басып алып, бір апта бойы билік етті. Өз кеңесін құрып, ауылдық кеңестер

орнына үштік басқару жүйесін енгізу туралы шешім шығарады. Ол үштік әкімшілік және әскери басқару міндетін атқаратын болды.

Халық жиналысын шақыру белгіленіп, оның басшылығына 1916 жылғы көтеріліс сарбазы Омар Бармақовты ұсынады. Жалпы ОГПУ-дің тергеу құжаттарында, партия-кеңес ұйымдары мәліметтерінде «көтерілісті ұйымдастырушылар және басқарушылар Алашорданың, бұрынғы ханы Әбдіғапардың туысқандары» деп көрсетілді. Әрине, бұл шындықтан аулақ еді. 1929 жылдың 1 жетоксанына дейін «Батпаққара ісі» бойынша 335 адам тұтқындалған. Ақиқатында көтерілісшілер құрамында бұрынғы сарбаздар да, ауыл жастары да қатынасқан-ды[11,-386.]. ОГПУ-дің ресми құжаттарында көтерілісті ұйымдастырушылар және басқарушылар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған «бұрынғы Алашорда ханы Әбдіғафардың туыстары» екені көрсетіледі[12]. Тергеу ісі барысында Ә. Жанбосыновтың ұлдары Мағзұм, Назар Әбдіғапаровтар атылып кетті де, Қали 5 жылға лагерьге айдалды. Інісі Садман (Садуақас) Жанбосынов, жақын туысы Уәли Жалмағамбетов және басқалары да үштік үкімімен ату жазасына кесілді.

«Үштіктің» нақақтан нақақ жазасына ұшыраған (Қалидан басқалары) Әбдіғапар ұрпағының осылайша мәйіттерінің қайда қалғаны да белгісіз қала берді. Қали туған жеріне, әкесінің басына құран бағыштамақ түгілі, Әбдіғапардың басына тұрғызылған күмбездің кірпіштерінің тоналуына жол берілді. 1930 жылы Әбдіғапар ауылында тек әйелдер қалды десе де болады, ал балалар: Мәрден, Әжметден, Мәлике, Рахима, Төкеш пен Әлиақпар, Сапарғали, Зейнол-Ғабиден (Қабден) Қызылорда, Алматы балалар үйіне тапсырылды, кейін осылардың біразы Ұлы Отан соғысына қатысып, қаза болды. Ауылда қалған ұсақ балалар аштықтан өлді. 1932 жылғы аштық кезінде Жағыпардың зайыбы Айсұлу мен Үміт Шымкентке барып жан сақтауға мәжбүр болған. Тек 1970-жылдары ғана Әбдіғапар ұрпағы Қабден мен Ғабдолла өз қолдарымен әкелерінің басына бұзылған күмбездің орнына «төрт құлақ» орнатуға, ал тәуелсіздік алғаннан кейін Қабден Қалиұлы, Сағадат Едігеұлы және Марат Мырзағалиұлының басшылығымен ақ кесене тұрғызуға мүмкіншіліктері болды.

Ал КСРО көлемінде түбегейлі реформалар күштеп іске асырыла бастағанда (тәркілеу, жаппай ұжымдастыру т.б.) БК (б)П-ның Л. Троцкий және басқалары басқарған ішкі оппозициясының, әрекетінен әбден қауіптенген И. Сталин және оның жақтастары оларға қарсы ашықтан-ашық саяси қуғын-сүргін жүргізді. Оппозиция өкілдерімен қатар ұлт республикалары мен аймақтарында бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістер мен қозғалыстарға, партияларға қатысқандар қуғын-сүргінге ұшырады.

Осының бәрінде Әбдіғапардың есімі ілесіп жүруіне орай, отандық тарихтың 1916-1919 жылдар оқиғаларында оның есімі атаусыз қалды. Халықтың тарихи санасынан алып тастауға күш салынғанмен, ақиқаттың айнасынан қалқып қайта шықты.

**Әбдіғалық** – 1895 жылы Жанбосынның шаңырағында дүниеге келді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Әбдіғапар әмірдің атқосшы шабарманы болды. Алматы облысының Талғар ауданындағы «Қызыл қайрат» колхозында есеп қызметкері болып еңбек етті. Ол 1980-жылы қайтыс болғанынша, қарапайым тірлік кешіп, ешқандай саясатқа араласпады.

Белгілі академик Б.Е. Көмеков Хафиз-и Абрудың негізінен Рашид ад-диннің тарихи мәліметтеріне сүйене отырып, жаңа мәліметтер, сонымен қатар монғол жаулап алушылығына дейінгі және одан кейінгі кездегі қыпшақтардың орналасуын келтіретіндігін атап көрсетеді. Сонымен бірге ол Хондемирдің қыпшақтар жайлы жиі кездесетін монғолдардың Ортаазиялық, ирандық әулеттері мен Темір әулеттерінің өмірінен келтірілетін тарихи фактілердің маңызды орын алатынын ескертеді [11, 30-б.].

Сонымен қорығар болсақ, темірлік деректерде Қазақстанда мекен еткен қыпшақ тайпасы жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардағы қыпшақтар жайлы мәліметтер ортағасырларда Қазақстан территориясында мекен еткен қыпшақ тайпасы екенін зерттеулер нәтижесінен көріп отырмыз. Жоғарыда атап өткеніміздей Темір ұрпақтарының тарихшылары негізінен ірі, жеке ел ретінде өмір сүрген ру-тайпалар жайлы ғана өз шығармаларында баяндап отырған. Темірлік деректерде тайпа әмірлері сол ру-тайпа аттарымен аталады. Мысалға: Қыпшақ Сары Бұға және т.б. Бұл есімдер Темір ұрпақтары шығармаларында жиі кездеседі, сонымен қатар олардың билік жүргізген елдері жайлы да мәліметтер бар. Ортағасырларда есімдері әйгілі болған тұлғалардың темірлік шығармаларда ізі қалғандары бізді қуантады. Сол ру-тайпа аттарымен есімдері қоса аталған адамдардың арқасында біз сол ру-тайпалардың тарихта қаншалықты жоғары орын алатындықтарын байқаймыз. Ол тұлғалар өздерінің жақсы іс-әрекеттерімен өз елдерінің даңқын асырған. Осылайша темірлік шығармалардан біз тек ру-тайпалардың тарихынан ғана емес, сол заманда өмір сүрген тарихи тұлғалар жайлы да мәліметтер ала алады екенбіз.

1 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Баспаға дайындаған және шығаруға жауапты филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметов және М. Қазбеков. Алматы, 1991, 80 б.

2 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1961.-752 с.

3 Ибрагимов С.К., Храковский В.С. Махмуд Кашигарский о расселении племен на территории Казахстана в X веке. // Вестник Академии наук Казахской ССР. № 11 (164) ноябрь 1958, с. 93-98.

4 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное.- Алматы: Гылым, 1999.-296 с.

5 Востров В.В., Муқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX-начало XX). Алма-Ата, «Наука», 1968.-256 с.

6 Шарафиддин Али Яздий. Зафарнома. О.Буриевтаржимаси, Т., 1994, 42-б.

7 Материалы по истории киргизов и Киргизии. Под ред. А.А. Ромодина, М., 1973. Вып. 1.- 280 с.

8 Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв. Дисс. на соискание уч. степени д.и.н. А., 2003.-406 с.

9 Исина А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай, 1999, № 1, 34-42 б.

10 Исина А. «Біз – қазақ, қалмақ және қарақалпақ» // Абай № 1, 2006, 36-42 б.

11 Көмеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Научно-аналитический обзор. Алма-Ата, 1987.-41 с.

#### **Резюме**

**Ибрагимова М.Н.** – КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, преподаватель по истории, [ibragimova.meruert@mail.ru](mailto:ibragimova.meruert@mail.ru)

**Нусупбаева С.А.** – КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, преподаватель по истории, [n.salta\\_82@mail.ru](mailto:n.salta_82@mail.ru)

#### **Некоторые вопросы об истории кипчаков, проживавших в Средней Азии**

В этой статье рассматривается история племени кипчаков в средневековье на основе данных во времена правления Амира Темура. На основе исследований определяется их местоположение. Также исследуется, что кипчаки играли немаловажную роль в истории Амира Темура. На основе фактов рассматривается, что кипчаки существовали как огромное племя (тайпа), и правителей этих племен величали по названиям племен, которым они руководили. Так как историки поколений Амира Темура и

его самого использовали одни и те же источники, их описания события совпадают. Исходя из этого, в статье приводятся доказательства того, какие из данных более достоверны.

**Ключевые слова:** Амир Тимур, кипчак, казах, этнические группы, племена.

#### Summary

**Ibragimova M.N.** – *al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, teachers of history, [ibragimova.meruert@mail.ru](mailto:ibragimova.meruert@mail.ru)*

**Nusupbaeva S.A.** – *al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, teachers of history, [n.salta\\_82@mail.ru](mailto:n.salta_82@mail.ru)*

#### The some issues on the history of Kipchaks lived in the Middle Asia

In this article the history of the Kipchak tribe which inhabited in The Middle Ages will be considered on the basis of the Amir Timur's data. Their inhabited territory is determined on the basis of the research. Also the Kipchaks in the Timur's period of history was of great importance that has been researched in the given article. According to Timur's data, Kipchaks' major tribes that lived in the country as a state and tribes' Amirs' names were given to their tribes. Because of Amir Timur's and the historians of his ancestors used the same data and information their reporting is similar. Therefore, in the given article by comparing them which of them is close to the truth is proved.

**Keywords:** Amir Timur, Kipchak, the Kazakh, ethnic groups, tribes.

УДК 94(574)(07)

#### ЕЖЕЛГІ ҮЙСІН МЕМЛЕКЕТІ ДИПЛОМАТИЯСЫ

**Раев Д.С.** – *филол. ғ.д., профессор,*

**Тоқмұрзаева А.Ж.** – *халықаралық қатынастар магистрі, аға оқытушы. Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, [Raev\\_53@mail.ru](mailto:Raev_53@mail.ru), [aqbota\\_zh@mail.ru](mailto:aqbota_zh@mail.ru)*

Мақалада Қытай деректеріне сүйене отырып, Ежелгі Үйсін мемлекетінің негізінен көршілес Ғұн елімен, Хән патшалығымен жүргізілген сыртқы саясаты мен дипломатиялық қарым-қатынасының ментальдық ерекшеліктері мен универсумдық болмыс-бітімі саяси контент-талдамалық және саяси метатеориялық әрі метаәдіснамалық тұрғыдан сарапталады. Ежелгі Үйсін елі қазақ халқының түп-тегі ретіндегі таным негізге алына отырып, оның б.з.д. II-I ғасырларда Іле алқабы мен Жетісу өңірінде, тіпті Орталық Азия аумағында іргелі мықты мемлекеттің бірінен болғандығы қытай деректері бойынша негізделеді. Сонымен бірге, Ежелгі Үйсін мемлекетінің көрші мемлекеттермен ұстанған сыртқы саясаты мен елшілік қарым-қатынасындағы ерекше уникал мәселер: саяси құдаласу, саяси некелесу, әйел-елші, елшілік корпусының ментальдық қалыптасу дәстүрі, саяси әменгерлік және саяси сүйек жаңғырту ұстанымдарының ерекшеліктері, ұзатылған қыздардың саяси аренадағы әрі халықаралық қатынас жүйесіндегі рөлі мәселелерін саяси идеологиялық, саяси мәдени, саяси аксеологиялық тұрғыдан талдауға кадам жасалады.

**Тірек сөздер:** Ежелгі Үйсін мемлекеті, ғұндар, Хән патшалығы, саяси қатынас, саяси құдаласу, саяси неке, дипломатиялық қатынас, елшілік, дипломатиялық келіссөз, әскери-саяси одақ, дипломатиялық атрибуттар мен семиотика.

Бүкіл Қазақ даласындағы мемлекеттік жүйенің қалыптасу тарихы философиясына зер салар болсақ, ерекше ментальдық сипатқа ие болатын саяси болмыстық универсум әлеміне енеміз. Соның бір парасы – Ежелгі Үйсін мемлекетінің әлемдік саяси сахнадағы бет-бейнесі мен бітім-қарырымы мәселесі. Үйсін – қазақ ұлтын қалаптастырған этностық топтардың бірі болғаны, яғни қазақтың этникалық тек-тамыры болғандығы тарихтан белгілі. Мысалы, Қытай Халық Республикасының деректанушы тарихшы ғалымы Жақып Мырзақанұлы үйсіндер жөнінде мағлұматтар бере келе «олар қазақтың этникалық түп-тегінің ең тереңде жатқан ежелгі тамыры есептеледі» [1, 5 б.], – деп жазады. Жалпы ежелгі үйсін тайпасы туралы біздің заманымызға дейін жеткен деректердің басым көпшілігі тек қытайдың тарихи жазба деректері арқылы ғана болғанын тарих мойындайды. Соңғы бір жарым ғасырдан бергі уақытта ежелгі үйсін елі тарихы әлем ғалымдарының зерттеу нысанына айналып, ол туралы мағлұматтар орыс, жапон, француз,



ағылшын, неміс тілдеріне аударылғанын тарихшы ғалымдар тілге тиек етеді. Әсіресе, қытай тарихшылары тарапынан қызығушылықтың мол екендігі айтылады [1, 6 б.].

Сонымен бірге, Ежелгі үйсін елі – қазіргі Орталық Азия өңірінде өз кезінде мықты мемлекет құрған ірі тайпаның бірі болғанын да тарих дәйекті баяндайды. «Ежелгі үйсіндер – қазіргі Қазақстан мен оған көршілес аймақтарда (Қырғызстан және ҚХР Шыңжаң) іргелі мемлекет құрған байрығы этнос... Ғалымдар ежелгі қытай жазба деректемелерінде және археологиялық материалдарға сүйене отырып, ежелгі үйсіндерде мемлекеттік биліктің көшпелі халықтарға тән едәуір кемелді жүйесі қалыптасқанын, мемлекеттіліктің барлық нышандарының болғанын атап көрсетеді. Мұның өзінің қазіргі Қазақстан жеріндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен қалыптасып, даму эволюциясын зерттеп-білудегі маңызы зор» [1, 5 б.], -деп келтіреді деректерде. Ал ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2015 жылдың 14 қыркүйегінде Астанадағы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналысында сөйлеген сөзінде: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды» [2, 2 б.], -деді. Қытай тарихшыларының айтуынша, тарихи жазба деректер ежелгі Үйсін мемлекетінің шоғырланған орталық аумағы Жетісу жері, Іле өзенінің жоғарғы аңғары, ҚХР-ның қазіргі Іле қазақ автономиялы облысының өңірі болғандығы [1,7 б. ], ал Нығмет Мыңжанның нақтылауынша, үйсін жұртының жер көлемі «батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тәңіртаудың (Тяншан тауының) шығыс сілеміне, солтүстікте Балқаш көлінен бастап оңтүстік-батыста Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қамтыды» [1, 16 б.]. Жақып Мырзақанұлы: «Іле аңғарында 1988 жылы жүргізілген археологиялық жаппай барлау кезінде есепке алынған байрығы үйсін обаларының ұзын саны он мыңнан асады. Олардың арасынан диаметрі 100-150 метрге жететін әйдік обалар да жиі кездеседі» [1,7 б.], -деп жазады. Сонымен, осы деректерде Үйсін елі сол өңірде тұрақты орныққан, өркен жайып гүлденген, ұлан-байтақ аймақты қамтыған қуатты мемлекетке айналғаны, астанасы – Чығу қаласы, мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі Елжау би болғаны айтылады. Үйсін билеушісінің аты Нығмет Мыңжанұлының «Үйсін туралы жалпы шолу» атты мақаласына – Лежяу би, Елжау би, күнби, Лапкөк би деген версиялармен беріледі [1, 13 б.]. Бұл Қытай деректеріндегі лингвистикалық вариацияларға байланысты болса керек деп есептейміз. Тарихи деректерде: «Елжау би үздік көсем, қажырлы қаһарман, соғыс өнеріне шебер, асқан ақыл-парасатты адам» [1, 20 б.] ретінде сипатталады. Сол дәуірдегі үйсін елінің түтін саны, адам және әскер санын оған көрші мемлекеттердің жан саны мен әскер санымен салыстыра келе тарихшылар Үйсін Батыс өңірдегі «мейлінше күдіретті мемлекет» [3], -болғандығын жазады.

Ежелгі Үйсін мемлекетінің сыртқы саяси қатынасы б.з.д. II ғасырдағы Ежелгі Қытайдың Хән Уди патшасының үйсіндермен одақтасуды көздеген әрекеттерінен басталды деуге негіз бар. Тарих оның үш түрлі себебін көрсетеді: біріншісі – Хән патшалығының өздеріне солтүстігіндегі ғұндардан төнген қауіп болса, екіншісі – сол кездегі үйсін елінің дербес мықты мемлекетке айналып, ғұндарға тәуелділіктен бас тартуы, үшіншісі – бұрынғы ғұндардың иелігінде болған, ал қазір олардан босатылған үйсін елінің шығысындағы Хыши дәлізіне қайта келуін өтіну идеясы. Осы мақсатпен Хән Уади патша 119 жылы Жаң Чянды бас елші етіп тағайындап, 300 адаммен елшілер тобын жібереді. Тарихи деректердегі Хән Уади патшаның атынан Жаң Чяң елшінің Үйсін күнбиі Елжау биге алып елген дипломатиялық хаттамасының (дәттеме) мәтіні: «Егер Үйсін елі шығыстағы атамекеніне көшіп қоныстанатын болса, онда Хән патшасы сізге ханымдыққа ханшасын берер еді, екі ел ағалы-інілі туысқа айналып, тізе қоса отырып ғұндарға қарсы тұрар еді» [1, 66 б.], -деген ұсынысқа саяды. Ежелгі Шығыс ментальдық елшілік дәстүрі бойынша олар Үйсін күнбиіне тарту ретінде «мың сәрілік алтын, күміс, торғын-торқа, асыл бұйымдар» [1, 18 б.] алып барады. Бұл ежелгі Шығыстың дипломатиялық мәдениетіндегі атрибутивтік рәсім-салтты, утилитарлық тәсілді, екінші жаққа деген құрмет көңілін әрі өзара ымыраласу символын білдірсе керек. Мұндай жол-жоралғылар елмен-ел арасындағы жалпы дипломатиялық қатынастың субстанциялық негізі болатындығына көз жеткізуге болады.

Жаң Чяң бастаған елші топ Үйсін күнбиіне келіп сәлемін айтып: Хән Уди патшаның күнбиге шығыстағы атамекеніне қайта оралып, Хән әулетімен одақтасып, ғұндарға қарсы бірлесіп күресу жөніндегі ұсынысты жеткізеді. Үйсін мемлекетінің көсемі Елжау би (Елсау би) Хән Уди патшаның «шығысқа көшіп кел» деген ұсынысын мақұлдамайды. Қытай тарихшыларының дерекнамасына қарағанда, оған әртүрлі факторлар себеп болғанын айтуға болады. Біріншіден, Үйсін күнбиі үшін Хән патшалығының күш-қуаты белгісіз болды. Екіншіден, өз көршісі – ғұндардың әлеуетіне Елсау би қанық еді. Үшіншіден, Ғұн елі жауласып отырған Хән патшалығымен қыз алысып одақтасу көрші намысына тиетін қауіпті іс екенін жете түсінетін. Төртіншіден, ол кезде өз мемлекеті үшке жарылып, Елжау бидің

әулетіндегі ішкі бірлік сыр білдіре бастаған кез еді. Бесіншіден, Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірінің құнарлы жеріне орнығып, іргелі ел болған жерден көшу маңызды болмады. Сонымен Үйсін ордасына келген елшіліктің көздеген мақсаты орындалмады. Алайда, Елжау би Хән елінің күш-қуатын барлап қайту үшін Жаң Чяңға қосып өз елшілерін жібереді. Біздің пікірімізше, бұл – дипломатиялық тұрғыдағы өте сауатты, өркениетті шешім, өз кезегінде ұтымды таңдалған дипломатиялық тәсіл. Оған қоса елшілік дәстүр бойынша, оның ішінде Орта Азиялық – үйсіндік ментальдық салтқа сай «ондаған тұлпар тарту етіп, алғыс айтты»[4], - делінген қытай деректерінде. Осы орайдан Ұлы Дала халқының дәстүрлі субментальды дипломатиялық атрибутивтік кәдесі – негізінен жылқы болғандығын айқын көреміз. Тарихи мәліметтер бойынша, осы Үйсін мемлекеті елшілерінің Хән патшалығының орталығы Чаң-ән қаласына б.з.д. 115 жылы жетіп барады және Қытай патшалығының халық саны көп, бай ел екеніне көз жеткізіп қайтады және оны Үйсін күнбиіне баяндайды. Осының негізінде Хән патшалығының күшті мемлекет екеніне көзі жетіп, үйсін күнбиінің көзқарасы өзгереді. Қытай жылнамаларында осы кезге Хән патшалығының басқа да Қаңлы, Дауан, Ұлы йүзі және т.б. елдермен елшілік қарым-қатынас жасағаны сәйкес келендігі және осыдан бастап Хән патшалығы мен Батыс өңіріндегі елдердің арасындағы сыртқы саяси байланыс арта түскендігі айтылады.

Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Үйсін мемлекетінің Хән патшалығына елші жібергенін естіген Ғұн ордасы үйсіндерге соғыс қауіпін туғызбақ болады. Үйсін елі соғыс қауіпін сақтану үшін Хән патшалығымен одақтасуға ұмтылғандығы сөз етіледі. Бұл Үйсін мемлекетінің геосаяси қауіпсіздікті сақтау мүддесінен келіп туындаған стратегиялық саясаты болған деуге негіз бар. Осыған байланысты Үйсін елінің превентивтік дипломатиялық әрекетін байқауға болады. Хән патшалығымен саяси-әскери одағын нығайту және елдегі саяси қауіпсіздікті сақтау мақсатымен Елжау би Хән Уди патшаның ханшасымен отасуға әрекет жасайды. Мәселен, белгілі қытай деректерін танушы, тарихшы-ғалым Нығмет Мыңжанұлы: «Б.з.б. 110-109 жылдары Үйсін күнбиі Хән патшасының ханшасын айттыруға кісі салды, бұдан кейін мың жылқы қалың мал айдатып Хән патшасына құда болады. Б.з.б. 108 жылы Уди патша өзінің туысы Жяңду уаңның қызы Шижүн ханшаны Үйсін күнбиі Елжау биге ханымдыққа ұзату жөнінде шешім қабылдады. Бұл той аса салтанатты болды»[1, 19 б.], -десе, қытай ғалымдары Уаң Биңхуа мен Уаң Минжы: «Хән әулеті Жяңду уаңы Лю Жяңның қызы Шижүнді Лапкөк биге (Елжау би – Р.Д.) ұзатты, күнбиі оны оң тізе басар ханымы етіп отырғызды» [1, 67 б.], -деп жазады. Осы бір саяси құдаласуда екі жақтың да мүдделі болуы астары болғанын айтқан жөн. Ең алдымен, Хән патшалығының мүдделі болуы бұл саяси одақтан ғұндарға қарсы күресте стратегиялық маңыздылықты аңғаруы. Сонымен бірге, ол кезде Үйсін елі Қытайдың Батыс өңіріндегі ең ірі мемлекет санатында болуы. Ал үйсіндердің тарапынан да бұл саяси-әскери одаққа қызығушылықтың болғаны жоғарыда айтылды. Сондықтан, бұл неке – екі мемлекет арасындағы саяси неке деуге болады. Бұл Үйсін мемлекеті тұсындағы мемлекет аралық алғашқы неке әрі халықаралық қатынастар тарихы әлеміндегі мемлекеттер арасындағы саяси некелерге жол ашты деп айтсақ артық емес. Нығмет Мыңжанұлының айтуынша, бұл саяси мақсаттағы құдалық Хән әулеті мен үйсіндер арасындағы саяси одақтық байланыстың негізін қалады [1, 20 б.]. Мұндай жағдайдағы құдаласу басты назар саяси-әскери күш ісіне бағытталғандықтан қыздың қалың малын төлеу негізінен формальды нәрсе. Осындай ойды басқа да Қытай тарихшылары «Хән әулетімен құда-анда болуға негізгі себеп болған нәрсе – қалыптасқан жағдайлардағы шұғыл өзгерістер еді, ол осындай құда-андалық қатынас арқылы өз билігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді армандады» [1, 67 б.] және «Батыс Хән әулеті мен Үйсіннің құдалығы іс жүзінде – ол саяси одақтасудың тәсілі болып есептеледі»[1, 69 б.], -деген пікірлермен бекіте түседі. Бұл мысал қилы замандарда, әртүрлі мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастарды қыз алысып, қыз берісу арқылы нығайту, тарихқа ежелгі б.з.д дәуірлерден бастап енгендігін, елдер арасындағы ежелгі саяси ымыраласу жолдарының бірі болғандығын көрсетеді. Жалпы тарихи тәжірибелерге үңілетін болсақ, мүдде-мақсаттары ортақтасып, саяси бағыттары біріккен екі ел арасындағы табиғи құдаластық оң нәтиже бергенін аңғаруға болады. Мысалы, Уаң Биңхуа мен Уаң Минжы: «Тиімді саяси, әскери жағдайларда мұндай құда-андалық арқылы тамаша саяси табыстарға жол ашуға болады. ...Ханның өзіне қыз беру, сөйтіп сол ханайым арқылы ханға және бүкіл ордаға ықпал жасаудың өзі белгілі нақты жағдайда айрықша рөл атқарады. Батыс Хән әулеті Үйсінмен құдаласқанда осындай тілекті негізге алды»[1, 69 б.], -деген пікірді келтіреді. Сондықтан осы бір орнатылған екі жақты дипломатиялық қарым-қатынас, құрылған саяси және әскери одақ стратегиялық даналықты көрсетеді деп есептеуге болады.

Ондай саяси мүдделіктен туындаған тағы бір тарихи факт – Ғұн тәңірқұтының Үйсін мемлекеті күнбиімен құдаласуға талпынысы. Осының өзі халықаралық саяси болмыс тұрғысынан қарағанда ежелгі Үйсін мемлекеттігі үшін зор өркениеттік дәреженің көрінісі деп айтуға ғылым-теориялық тұрғыдан негіз

бар. Өйткені осыдан бұрын оның қанаты астында болып, Ғұн әулетіне кіріптарлықта болған Үйсін елі, қытай тарихи деректерінің айтуынша, үйсіндер тарихта ұзақ уақыт бойы ғұндар биледі, бұл ғұндарға бодан болған, оларға белгілеме бойынша салық төлеп тұрды, еңбек, тіпті соғыс борыштарын өтеді, саяси тұрғыда қол тапсырып отырды. Ал кейінгі тұста Үйсін елі халықаралық деңгейде ел санасатын Орта Азиядағы өз тәуелсіздігін өз қолымен иелеп алған, мықты мемлекет мәртебесіне ие болды. Байлығы көрші елдер өздерінің сыртқы саясатында дипломатиялық амалдарды қолдануға мәжбүр болатын іргелі мемлекет болмысына ие болды. Бұл – жер бетіндегі ойкумендік заңдылықтың метатеориялық-әдіснамалық қырын білдірсе керек. Бұл әлі өз зерттеуін күтіп тұрған саяси физиканың метатұстарын аңғартады және бір этнос шеңберіндегі саяси-холистік универсумды баяндай алатын феномен-құбылыс деп айтуға болады.

Қытай тарихи деректерінің пайымдауынша, Үйсін елінің Хән әулетімен құдалық байланысын білген Ғұн билеушілері үйсіндердің Хән патшалығы жағына ауып кетуінен қауіптеніп, Ғұн ханшасын Үйсін күнбиіне ұзатады. Елжау би өзімен іргелес отырған күшті ел ретінде және олармен ара-қатынасты үзудің мүмкін еместігін мойындап, ғұндармен де байланыстың қажеттігін сезген саяси мақсатпен ғұн ханшасын сол тізесін басқан бәйбіше етіп алады. Ғұндардың салты бойынша сол тізесін басқан бәйбіше нағыз патшайым болып саналатын болған деген және Ғұн ханшасы Үйсін ордасында абырой-атақ, мәртебе жағынан Жянду (Шижүн) ханшадан үстем орынға шықты дейтін көзқарас орныққан [1, 21 б.]. Қытай деректанушысы Шүй Сұнның «Хәннама. Батыс өңір баянына қосымша» атты еңбегінде: «Ғұн ханшасына жоғары орын берілуі күнбидің ғұндардан қорыққандығынан болған»[6], -деп жазады. Біздің пікірімізше, бұл пікір – көп пікірдің бірі. Мұны да бірнеше факторлардың тоғысы тұрғысынан қарастырған жөн. Біріншіден, Елжау бидің азамат болып, атжалын тартып мінген, қол бастаған шағында Ғұн тәңірқұты Бақтұғ күнбиге әкесінің бұрынғы ел-жұртын өз иелігіне беріп, Батыс өңірді баянды қорғау жөнінде әмір берген қамқорын ұмытпаған кісілік мінезді ескермеуге болмас. Бұған «Лапкөк би Ғұн тәңірқұты Бақтұғтың қамқоршы болып, қолдап-қуаттауында ержетіп-есейіп, елінің басын қайта құрады. Үйсіндер мен ғұндардың арасында ерекше тығыз байланыстың болуы да осыдан еді» [1, 65 б.], -деген хансу тарихшы-ғалымдарының пікірі дәлел болмақ. Екіншіден, үйсіндерге қатысты «олардың салты ғұндармен ұқсас» [1, 58 б.] дейтін пікірді ескрген жөн. Үшіншіден, қытай ғалымдарының айтуындағы үйсіндердің «көк бөрілік» табиғатындағы «күдіретті» көршілік әдепті ұстану танымында құрметтеу қажет. Оған қытай тарихшы ғалымдардың келтіруіндегі: «Ғұндар атты қосындарын қапталса да оларды (үйсіндерді – Р.Д.) жеңе алмаған екен. Мұны киенің күдіретіне жорыған ғұндар олардан бойын алыс ұстапты»[1, 57 б.], -деген ойтұжырым дәлел болмақ. Төртіншіден, таразының басын тең ұстау ататектік этикет-заңдылықты ұмытпаған абзал. Бесіншіден, саясатта жалаң эмоцияға ұрыншақтық білдіру орны толмас қателікке апарады дейтін этномәден өлшемге жеңдірген саяси көрегендік стратегтік қарым болмады деу болмас. Алтыншыдан, саясаттағы стохастикалық құбылыс Елжау бидің назарына тыс болды деп айту да ғылыми болжамға келіңкіремейді деп санаймыз. Жетіншіден, Елжау бидің шешімін тек ғұндардан «қорыққандық» деп қысқа қайыру, қытай еліндегі конфуций этикетімен өлшегенде ғылыми таным ұстанымына сия қоймаса керек. Сондықтан Үйсін күнбиінің Ғұн әулетінің саяси құдалық ұсынысын дұрыс қабылдауын әрі тактикалық, әрі стратегиялық тұрғыдан ойластырылған саяси дипломатиялық шешім деп есептейміз.

Үйсін елінің Хән әулетімен Шижүн ханша ғұмырындағы саяси құдалық мақсатында орындалған саяси неке өз жалғасын Елжау биден кейін оның өз немересі Жөнші бимен отастырудан (үйлендіруден) табады. Қытай тарихи деректерінде Жөнші бидің аты – Шыншы, «Чынжу би», Семзеу би (Нығмет Мыңжанұлы), Күнсүй би (Уаң Бинхуа, Уаң Миңжы) деген нұсқалармен беріледі. Бұл орайдағы біздің көздейтін мақсатымыз – аталмыш некенің саяси-дипломатиялық астарын ашуға қадам жасау. Ең алдымен, алғашқы кезден-ақ Елжау би мен Шижүн ханша некесінің тек саяси-дипломатиялық мақсатпен формальды-номинальды болғандығы және сол сәттен-ақ Елжау би Шижүн ханшаны өз немересі Жөнші биге қосу үмітінің болуы. Бұл Үйсін мемлекеті күнбиі тарапынан жасалған дипломатиялық стратегиялық қадам деп айтуға болады. Осы ойды: «Елжау бидің Хән әулеті ханшасы Шижүнді айттыруы оған некелесу үшін емес, тек саяси дипломатиялық мақсат үшін еді, ол кезде Елжау би жасы 70-тен асқан, немере-шөберелі адам болатын. ...Ел-жұрттың қамы мен мұрагерінің май өкшесін ойлаған Елжау би Хән патшасының ханшасы Шижүнді өзі алмай, немересі Жөнші ...биге қосуды ұйғарған еді» (Н.Мыңжанұлы); «Жянду (Шижүн) ханша... ордада тірі жесір болып отыра берді. Тек құрғақ атағы болмаса, бір жылдан астам мезгіл ішінде күнбидің (Елжау бидің) дидарын бір-ақ рет көрген еді» (Жаң Шимән) [1, 20-21 б.], «...Ісжүзінде, ол (неке – Р.Д.) – саяси одақтасудың тәсілі болып есептеледі. Шижүн... сойылының қаруы қалмаған қартамыс (қартайған деген мағынада – Р.Д.) Лапкөк күнбиге күйеуге шықты, Лапкөк би кейін

Шижүнді үлкен немересі Күнсүйге қаратпақ болған...»(Уаң Биңхуа, Уаң Миңжы) [1, 69 б.], -деген қытай тарихшы-ғалымдарының пікірімен растауға болады.

Ал сонымен бірге, Хән патшалығы тарапынан да саяси дипломатиялық шешімнің болғандығын айтқан жөн. Елжа би жоғарыда айтылғандай Шижүн ханшаны Жөнші биге қосуды ұйғарады. Бұл шешімге разы болмаған ханша Хән патшалығына хат жолдап кеңеседі. Хән патшалығынан келген жауаптың мазмұны Нығмет Мыңжанұлының тәпсірлеуіндегі нұсқасында: «Уди (патша – Р.Д.) оған үйсіндердің әдет-ғұрпына бойсұнуың керек деп жауап қайтарылды» [1, 21 б.], -деп берілсе, Кәкеш Қайыржанұлының аудармасымен жарияланған Уаң Биңхуа, Уаң Миңжының нұсқасында: «...Хән әулетінде конфуцийшілдік-этикалық өнегемен өскен Шижүн бұған мақұл болмай, сарайдан ақыл сұрады. Лю Чы оған: «Сол елдің әдет-ғұрпына көгенің жөн. Үйсіндермен тізе қоса отырып, ғұлардың (Ежелгі қытайлықтар Қытай Ұлы қорғанының Солтүстігіндегі және Батыс өңірдегі халықтарды осылай атаған. Жалпы қытайлық емес, шетелдік деген мағынада – Шадыман Ахметұлының нұсқасымен алынды) тұқымын құртуға ниет бекіттік» деп жауап берді. Осының өзі-ақ бұл саяси құда-андалықтың мәнін айпарадай ашып тастайды»[1, 69 б.], -деп айтылады. Бұл пікір толық келісуге тұрарлық. Шындығында да жоғарыдағы келтірілген көзқарастардан Хән патшалығы тарапынан да бұл некенің саяси мақсатта құрылуына мүдделі болғандығын көрсетеді және оның дипломатиялық жолмен іске асырылу тәжірибесін мақұлдата түседі. Әсіресе, Лю Чының «сол елдің әдет-ғұрпына көгенің жөн» -деген дипломатиялық ойорам амалы шығыстық ортодоксальды саяси мәдениеттің ішкі нәзік метафизикасын әрі саяси руханият әлемінің трансценденттік мәнін көрсетеді. Бұл – жалпы Шығыс дипломатиясына тән универсум құбылыс.

Ежелгі Үйсін мемлекеті мен Хән патшалығы арасындағы саяси қатынас пен дипломатиядағы ерекше назарға ілінетін жәйт – ол сол саяси құдаласу фарматындағы «сүйек жаңғырту» ұстаным-дәстүрінің орын алуы. Мәселен, Шижүн ханша тарихи дерек бойынша Жөншібиге қосылғаннан кейін 5 жыл өмір сүріп, б.з.б 103 жылы шамасында дүниеден өткен соң, Уди патша өз туысы Чу уаңның немере қызы Жею ханшаны (б.з.б. 102-101-жылдары) Үйсін күнбиі Жөнші биге некелестіреді. Осындай ұстаным-дәстүр негізіндегі құдаласуға тағы бір мысал ретінде Оңғай бидің өз ұлына Янгүй биге Хә әулетінен қыз айттырғанын айтуға болады. Бұл жөнінде Нығмет Мыңжанұлы: «Екі ел арасындағы одақтық байланысты үздіксіз күшейту үшін, Үйсін күнбиі Оңғай би Чаң-ән қаласына елші жіберіп: өзінің үлкен ұлы (Жею ханшадан туған) Янгүй биге Хән патшасының ұрқынан қалыңдық айттырып «сүйек жаңғыртуды және ғұндарға қарсы үздіксіз күресуді» талап етті. Хән патшасы бұл талапты қабыл алып, Шяңфу ханшаны... беруді ұйғарады»[1, 25 б.], -деген фактіні келтіреді. Бұл «сүйек жаңғырту» дәстүрі туралы қытай тарихшыларының ортасында үйсін еліне ғұндардан енген деген көзқарас бар. Оған тарихи негіз болды деп есептейміз. Бұл да екі мемлекет арасындағы туыстық дәнекерді, саяси-әскери одақты үзбеу саясатына негізделген құдаласуды жалғастырудың дипломатиялық технологиясы деп айтуға негіз бар. Сонымен қатар, аспанасты еліндегі «квазиұлылық меннің» империялық «статуспен» жымдасқан эго-онтостық қасиеттің көріну формасы десек те қателеспесек керек. Қалай десек те бұл мүмкін өз заманында екі жаққа да тиімді дипломатиялық айла болған деген ой туады.

Сонымен қатар бұл саяси құдаласу үдерісінің ежелгі шығыс елшілік дәстүрі бойынша атқарылғанын атап өткен жөн. Нығмет Мыңжанұлының айтуынша, Оңғай би өзінің ұлы Янгүй биді қалыңдығы Шяңфуды әкелу үшін үйсін қолбасылары мен бектері бастаған 300 адам мың жылқы, мың қашыр қалың мал айдап саяси-құдалық үшін Шюанди патшасына елші жіберіледі. Тағы бір қызығы бұл тойдың халықаралық қатынас жағдайындағы дипломатиялық мағынадағы той болғандығы. Яғн «оған Ғұн және басқа елдердің елшілері де шақырылғанды, шекарадағы ұлттармен байланысқа үлкен ықпал жасау үшін бұл тойға Хән Шюанди патшаның өзі де қатысты» [1, 25 б.], -деген деректер бар.

Жоғарыдағы «сүйек жаңғырту»дәстүрінің баламасы ретіндегі «аға өлсе жеңге мұра» дейтін **әменгерлік** дәстүр бойынша, Жөнші би қайтыс (б.з.б. 96-93 жылдар аралығында) болған соң Жею ханшаны оның орнына такқа отырған Оңғай биге қосады. Мұнда да саяси құдалық үдерісінің жалғасу формасын аңғаруға болады.

Енді Оңғай бидің дәуіріндегі Үйсін мемлекетінің сыртқы саясаты мен дипломатиялық тәжірибесіне назар аударатын болсақ, өздігінше ойластырылған креативті этносаия өнер әлемімен танысуға болады. Ең алдымен, Үйсін мемлекетінің шығысындағы Тұрпан (Каси) өлкесіне Ғұн тәңір құтының ерекше қызығушылықпен қарауын және осыған байланысты Оңғай бидің жүргізген саясатына тоқталу маңызды. Бұған байланысты ғұндардың көздеген геосаясатын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, Шығыстағы Тұрпан ойпатынан Шонжы өңіріне дейінгі аймақ маңызды жол қатынас торабы және бай өлке болуында. Екіншіден, бұл өлке егіншілік пен бау-бақшалық шаруашылыққа өте ыңғайлы болды. Үшіншіден, Хән патшалығының Батыс өңірдегі елдермен саяси, экономикалық және мәдени

байланыстарын үзу мақсатының көзделуі. Төртіншіден, үйсін елін жаулап, өзіне бағындыру мақсатының күн тәртібіне қойылуы және бұл мәселе сол дәуірдің ІІ ғасырының басынан бастап көкейді үзіп келе жатқан проблема болғаны тарихтан белгілі еді. Осы саяси қыспақты өте жақсы сезген Үйсін күнбиі Оңғай би мен Жею ханша Хән әулетіне бірнеше рет дипломатиялық дәттеме (хат) жолдап, ғндарға қарсы тізе қоса отырып, қайтарма күрес жүргізу үшін әскери көмек көрсетуін сұрайды. Қытай тарихшылары дипломатиялық хатта: «Өз басым бүкіл елдегі сайлауыт қосынның жарымын – 50 мың қол аттандырып, ғндарға шабуылдауға әзір отырмын. Көктің ұлы, ханша мен күнбиді арашалап қалу үшін қосын аттандыра көргейсіз»[1, 68 б.], -деген сияқты ұсыныс айтылғанын баяндайды. Хән сарайы мұны мақұлдап, «150 мың атты қолды бес санғұнға бастатып, тұс-тұстан жорыққа аттандырды» [1, 68 б.], -дейді тарихи деректер. Қытай тарихи мәліметтері осы ұрыста үш елдің – ту сыртынан делендер, күншығысынан ауғандар, батысынан үйсіндер – әскері ғндарды ойсыра жеңді дегенді және Хән әулеті мен үйсіндердің біріккен соққысы Ғұн империясының күйреуінде үлкен рөл атқарғандығын көрсетеді. Сонымен бірге, дипломатиялық тұрғыдағы қызық деректің бірі – ол Хән патшалығы тарапынан әскерге қосымша Үйсін еліне бақылаушы ретінде жіберілген елшілік топтың қосымша аттандырылуы. Осы жөнінде қытай деректері былай дейді: «Батыс өңір шебіне «аламанбасы Чаң Хүйді мойшақ (мойшақ – елшілер сапарға шыққанда патша тарапынан берілетін бамбук таяқ, таяққа қыл құйрық ілінеді)» ұстатып. Үйсін жасақтарын бақылауға жөнелтті...»[1, 68 б.]. Осының өзі дипломатиялық символика мен семантиканың ежелгі дәуірлерден бері болғандығының және оның мемлекетаралық елшілік қатынаста пассионарлық қызмет атқарғанының дәлелі болмақ.

Сонымен осы ұрыста дипломатиялық келіссөздің және саяси-әскери одақтасудың арқасында зор жеңіске жеткен Үйсін елі тарихи мәліметтерге қарағанда барынша ныңайып, Орталық Азиядағы халықаралық аренада мемлекеттік беделі арта түскенін, халық саны молығып, геосаяси шеңбері ұлғайып, Үйсін елінің кемелденген дәуіріне көз жеткізуге болады. Бұған дәлел ретінде Н.Мыңжанұлының: «Батыс өңірдің бұрын ғндарға тәуелді болған елдері енді Хән патшалығына және Үйсін күнбиіне жағатсып, олардың қамқорлық етуін тілейтін болды. Олардың кейбіреуі Үйсін күнбиінің баласын өздеріне хан көтерді, кейбірі үйсіндермен құда-андалы болды, тіпті кейбір елдің қысым көрген хандары Үйсін еліне келіп паналады»[1, 24 б.], -деген көзқарасын келтіруге болады. Осыған саяси құдаласудың және дипломатиялық некелесудің тарихи факторын тілге тиек етуге болады. Мысалы, тарихи деректер үйсіндердің оңтүстік көршісі Күшәр ханы Үйсін күнбиімен саяси одақтасу мақсатында Оңғай бидің қызына құда түскенінен мәлімет береді. Оңғай бидің Жею ханшадан туылған қызы Дес Жібек жолы бойындағы Күшәр еліне келін болып түседі. Тарихтан бұл процестің де үйсін еліне елші жіберіліп, дипломатиялық келіссөз, елшілік кәде, жол-жоралғылар беру дәстүрі бойынша өткенін айқын көруге болады. Сонан соң Жею ханша Хән патшасына елшілік дәттеме жазып: «жиендеріңіз Деске Хән патшалығының ұрхынан шыққан ханша деген атақ беріліп, Хән патшалығына төркіндеп баруына рұқсат етілсе екен деп өтініш енгізді»[3], -деп айтылады деректерде. Бұл елшілік өтініштің оң шешім тапқанын тарихи дерек былайша баяндайды: «Б.з.б. 65-жылы Күшәр ханы мен Дес Чаң-әнға барады, Деске «ханша» атағы берілді. Бұлар Чаң-әнда бір жыл тұрып, арнаулы таңба, сәнді күйме, көптеген музыка аспабы, ондаған музыкант, салтанат бұйымдары, асыл бағалы заттардан мол сый-сияпат алып, Күшәр еліне қайта оралады» [3]. Бұл да елшілік жүйенің ішкі логикасын білдіретін өзінше бір ментальдық дипломатияның технологиялық қырын көрсетсе керек.

Жоғарыдағы айтылғандарды талдау жасай келе, саяси құдаласу Ұлы қазақ даласындағы мемлекет аралық қатынастағы ерекше саяси концептсфераны білдірсе керек. Халықаралық қатынас жүйесіндегі ментальды метатеориялық парадигма деп айтсақ артық айтпағандық. Саяси құдаласу, ең алдымен ел аралық қатынастағы туыстық фактордың шешуші рөлін дәлелдей түседі. Оны біз біздің дәуіріміздің әр кезеңдердегі мемлекет аралық қатынаста дәстүрге айлану тенденциясын байқаймыз. Ал саяси неке – мемлекет аралық қатынас мәселесін шешудің «дипломатиялық кілті» немесе дипломатиялық келісім символына айналған деуге болады. Бұл да жалпы дипломатия феноменінің метапарадигмасы, метакоды болды десек артық емес. Қазақ даласындағы саяси концепцияның перцептуалды шемім табуының универсум формасы. Ұлды дал кеңістігіндегі мемлекеттердің сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің, бүкіл ішкі және сыртқы саяси болмысының субмәдени ерекшелігін айқындайды.

Осы тарихи саяси құдаласу саяси некенің тағы бір дипломатиялық болмысын келін ханшайымның Үйсін еліне үлкен елшілік рәсім-жоралғымен ұзатылуы. Бұл дипломатиялық рәсімді Нығмет Мыңжанұлы Шижун ханшамен бірге Үйсін еліне жүздеген қызметкер, нөкер, күтуші адам аттандырылғандығын айтады. Ұзатылған ханшаның алтын, күміс, торғын-торқа, киім-кешек, жасау-жиһаз артқан көш керуен екі шақырымға созылғандығы, деректе айтылғандай «мейлінше мол жасау-жиһазбен ұзатылған»[3]. «Уди

патша Шижүн ханшаға патшаға арналған самұрық суретті күймесін мінгізді, елден аттанғанда қоштасу күйін тарту үшін Уди патша өз атынан пипа (қытай музыка аспаптарының бір түрі) аспабын ханшаға қайран етті» [5], -деп айтылады деректерде. Бұл фактінің дипломатиялық астарына үңілетін болсақ, ең алдымен, шығыстық саяси мәдениеттің өзіндік биігін көрсетеді. Екіншіден, екі мемлекет арасында саяси-әскери одақ құрудағы туыстық факторға арқа сүйеп, сенім арту тенденциясы байқалады. Үшіншіден, шығыстық дипломатиялық мәдениет жүйесінің ішкі ерекше рухани интенциялық қуатынан хабар береді. Төртіншіден, дипломатиялық қатынастағы саяси некенің халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен маңыздылығын баса назар аударуды ұсынады. Бесіншіден, ұзатылған қызбен бірге жүздеген қызметшілері мен күтушілерін жібері шығыстық дипломатиялық этикет пен хаттамалық заңдылықты білдірсе керек. Осының өзін ежелгі дәуірдегі халықаралық қатынас жүйесіндегі мегатрендтік, брендтік әрі саяси имидждік мәселе санатына жатса керек.

Осыған байланысты саяси құдаласу мен саяси неке нәтижесіндегі ұзатылған қыздарды – елші деп тануға негіз бар деп есптейміз. Өйткені Үйсін мемлекетінің сыртқы саяси және дипломатиялық тарихындағы ұзатылып алынған немесе басқа елге ұзатылған ханшалардың жәй әйелдік қызметінен көрі саяси-дипломатиялық қызметінің басым болғанын ашық айтуға негіз бар. Бұны қытай тарихшы-ғалымдарының: «Жеюдің Үйсін еліндегі іс-қимылына жалпылама назар салғанымызда, ол ісжүзінде Батыс Хән әулетінің Үйсін елінде тұратын өкілетті өкілі болып табылады» [1, 70 б.], -деген пікірімен дәлелдеуге болады. Бұған саяси теориялық-әдіснамалық негіз ретінде екі ел арасындағы құдаласу мен некелесудің ең алдымен, әскери-саяси одақтастық мақсаттың болуын айтуға болады. Осыдан туындайтын нәрсе – ол сол ұзатылған ханшалар арқылы барлық жағдайда елге саяси ықпал жасау міндетінің көзделуі және оның белсенді іске асырылу тәжірибесінің қалыптасуы. Оны Елжау күнбиі тұсындағы Шижүн, Жөші және Оңғай күнбиі тұсындағы Жею ханша, Үйсін елінің ғұндарға ұзатылған Дес ханшалардың саяси дипломатиялық қызметтерінен аңғару қиын емес. Мысалы, оған Қытай тарихшылары Оңғай бидің үлкен табыстарға жетуін Жею ханшаның еңбегімен байланыстыра келіп: «Жею ханшаныңмықты көмекші және демеуші болғанын Оңғай бидің Хән әулеті мен үйсіндердің біріккен қосынының ғұндарды есеңгіретіп соққан атышулы шайқастағы көрсеткен кесек еңбегінен айқын аңғаруға болады: осы шайқастың сәтті жүрілуі үшін Жею ханша Хән әулеті сарайына сан мәрте дәттеме жолдап, пайда мен зиянды ізерлеп түсіндіру арқылы ойға алған нәтижелерге жетуге мүмкіндік жасады» [1, 70 б.], -деп жазғаны дәлел. Сонымен бірге, осы елші-ханшалар арқылы ежелгі саясиполистерде дипломатиялық корпустың немесе елшілік институтының алғышарты қалыптасты десек артық айтпағандық болады. Мысалы, Шижүн ханшаға арнайы сарай салынғандығын тарих көрсетеді.

Тарихи деректердің айтуынша, ежелгі Үйсін мемлекеті өз дәуірінде өзімен көршілес елдердің көпшілігімен сыртқы саяси әрі дипломатиялық қарым-қатынаста болған. Олардың қатарында Хән патшалығы, Ғұн тәніркүты және т.б. халықтар да болғандығы айтылады. Мәселен, Нығмет Мыңжанұлы өзінің «Үйсін туралы жалпы шолу» атты мақаласында: «Үйсін елі өз заманында Орта Жазықтағы (Түнязыдағы) Хән патшалығымен, ғұндармен және басқа халықтармен: диңлиңдермен, енисей қырғыздарымен, Алтайдың және Орта Азияның тайпаларымен қарым-қатынас жасап отырды. Әсіресе Орта Жазықтағы Хән патшалығымен саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынас жасауы олардың саяси, экономикалық және мәдени жағынан гүлденіп, дамуына ізгі ықпал жасады» [1, 30 б.], -деп келтіреді.

Мақаладағы көтерілген мәселеге қатысты айтылғандарды қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, ежелгі Үйсін мемлекеті б.з.б. II ғасыр мен I ғасырларда іргелі қуатты саяси институт болғанын және оның сыртқы саясаты кең ауқымда болғандығын әрі көпжақты дипломатиялық қатынас жұмыстарын жүргізгендігін тарих мойындайды.

Екіншіден, Үйсін мемлекетінің дипломатиялық қатынастың ерекше ментальдық формасын саяси қатынас айналымына енгізгенін, яғни «саяси құдаласу» мен «саяси некелесу» дәстүрін қалыптастырып, оның халықаралық қатынас жүйесінде саяси идеологем және саяси парадигма ретінде орнығуы байқалады.

Үшіншіден, дипломатиялық келіссөздер техникасы мен технологиясының өзіндік субмәдени формасының және дипломатиялық кәде атрибутивтік символикасы мен семиотика жүйесінің алғышарттары мен түрлерінің қалыптасу тенденциясын аңғаруға болады.

Төртіншіден, ұзатылған ханшаларды – елші деп мойындауға тарихи негіз бар.

Бесіншіден, осы елші-қыздар арқылы Үйсін мемлекетінің экономикалық, техника-технологиялық және мәдени дамуына жол ашылғандығына тарихи деректер куә болады. Алайда жоғарыда айтылған тұжырымдардың әрқайсысы өз зерттеуін күтіп тұрған мәселелер.

1. Ежелгі Үйсін елі. Қытай деректері мен зерттеулер/Құрастырған Шадыман Ахметұлы. ҚХР Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі. -2005. -390 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Біз – Ұлы Дала ұрпақтарымыз: Қазақ хандығы – 550 жыл//Егемен Қазақстан: Республикалық қоғамдық-саяси газет. –Алматы, 12 қыркүйек 2015. -№174. 1-2 б.
3. «Ханнама. Батыс өңір баяны».
4. «Тарихи Жазбалар. Дад-уан баяны».
5. «Көне таңнама. Музыка дерегі».
6. «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», -419 бет

### Резюме

**Раев Д.С.** – доктор филос. наук., профессор, Тоқмұрзаева А.Ж. – магистр международных отношений, старший преподаватель

КазУМОиМЯ имени.Абылай хана, Алматы, Казахстан [Raev\\_53@mail.ru](mailto:Raev_53@mail.ru), [aqbota\\_zh@mail.ru](mailto:aqbota_zh@mail.ru)

### Дипломатия древнего государства Уйсун

В статье на основе исторических документов анализируются ментальные особенности и универсумная природа дипломатических отношений древнего государства Уйсун с соседними странами – гуннами, Ханьской империей. Рассматриваются генетические истоки древнего уйсунского государства казахского народа, которое берет начало со II-I веков до нашей эры и являлось мощным государством во всем регионе Центральной Азии, как об этом свидетельствуют китайские источники. Вместе с тем внешняя политика и дипломатические отношения древнего Уйсунского государства с соседними государствами носят уникальный характер: политическое сватовство, политические династические браки, снохи, которые одновременно являлись послами, политико-дипломатическое аменгерство. Еще одна особенность, которую впервые вводит в научный оборот автор в дипломатическом контексте: в случае смерти женщины, отданной в жены правителю соседнего государства, ей на смену отправлялась ее родственница.

**Ключевые слова:** Древнее государство Уйсун, гунны, Ханьская империя, политические отношения, политическое сватовство, политические династические браки, дипломатические отношения, аменгерство, посольства, дипломатические переговоры, военно-политические союзы, дипломатические атрибуты и семиотика.

### Summary

Doctor of Philosophical Sciences, professor D.S. Raev and Master of International relations, Senior lecturer A.Zh. Tokmurzaeva. University of International relations and World languages, Almaty, Kazakhstan.

**E-mail:** [Raev\\_53@mail.ru](mailto:Raev_53@mail.ru), [aqbota\\_zh@mail.ru](mailto:aqbota_zh@mail.ru)

### Foreign policy and diplomacy of ancient uisun state

In the article, according to Chinese materials the foreign policy and diplomacy of ancient Uisun state with Hunnu and Khan states have been analyzed from the point of political meta-theory and mental features. The ancient Uisun state, one of the pre-Kazakh state and nation, in II-I BC were situating along the Ili and Zhetysu rivers and, according to Chinese data, were one the most powerful countries in the Central Asian region at that time. Thus, from the viewpoint of political psychology, political culture and political ideology there are analyzed and considered unique problems and peculiarities of foreign policy and diplomatic relations between the Uysun state, such as political courtship, political marriage, the fact of female ambassador, the mental tradition of the establishment of the diplomatic corps, political amengership and especially the principles of political modernization, betrothed brides role in the political arena of international relations, etc.

**Key words:** ancient Uisun state, Hunnu, Khan state-dynasty, political relations, political courtship, political marriage, diplomatic relations, embassy, diplomatic negotiations, military-political union, diplomatic attributes and semiotics.

ӘОЖ 323.10

## XX-ҒАСЫРДЫҢ І-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Тулбасиева С. Қ. - т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Мақалада XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының жер мәселесіне қатысты көзқарастары мен ұстанымдары, баспасөз беттерінде жариялаған мақалаларына сараптама жасалынады.

Қазақ елі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында феодалдық қоғамдық қатынастар дәуірінде болды. Қазақ халқы, бір жағынан, жергілікті феодалдардың, екінші жағынан, Ресей Патшасының зор қанауының, езгісінде болды. Еңбекші бұқараның хал-жағдайы өте нашар болды, өйткені олар әр уақытта алуан түрлі ауыр салықтар төлеп отыруға мәжбүр болды. Қанаушылар олардың құнарлы-шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерін шөл және шөлейт жерлерге ығыстырды. Ресей патшасы байырғы ұлтты одан әрі жаныштап, езуді күшейтті. Ал, жергілікті үстем тап, қалыптасып келе жатқан буржуазия, дін басылары, патшалық ресей үкіметі халықты революциялық күрестен аулақ ұстауға тырысты, қазақ бұқара халқын орсыйтын жұмысшы-шаруа табынан, алдыңғы қатарлы интеллигенциясынан алыс ұстауға әрекет жасады, араға іріткі салды, ұлтаралық дау-дамайды, жанжалды насихаттады. Осылардың салдарынан Қазақстанда бұқара халықтың патшалық ресей үкіметіне, жергілікті хандарға, байларға қарсы әлденеше стихиялық ереуіл-көтерілістері болды, бірақ олардың бәрі күшпен басылып отырды.

Осындай ауыр жағдайлардың нәтижесінде және орыс демократиясының, мәдениеті мен ғылымының игілікті әсерінің негізінде Қазақстанда алдыңғы қатарлы философиялық, әлеуметтік-саяси ой-пікірлер қалыптаса бастады.

Қазақ халқы ұлттық мәдениетінің тарихына жаңа жол ашушы бір топ ұлы ойшылар мен прогрессивті ағартушылар, қоғамдық-саяси қайраткерлері шықты.

**Тірек сөздер:** ұлт зиялылары, жер мәселесі, қазақ қоғамы, Қазақстандағы отаршылдық, Ресей патшалығы.

Алаш-арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан көне сөз. «Алты алашқа»: қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді. Бұл халықтардың бұрынғы көшпелі өмірі, тілі, салт-санасы, әдет-ғұрыптары бірыңғай. Қазақтар елге қамқор болған қадірменді адамдарын «алаштың азаматы» деп атайды. XX ғасырдың басында алты алаштың баласының мұң-мұқтажын жоқтап, өздері сол үшін жанын қиған ұлт зиялыларын алаштың азаматтары деп қалай атамасқа. Қазақ қоғамында XX ғасырдың басында жер мәселесінен үлкен дау болған емес. Қазақ жерінің тағдыры – ел тағдыры еді. Қазақ жерінің жоқтаушысы болған белгілі ғалым Телжан Шонановтың елді отарлау- жерді отарлау тарихы деп бағалауы шындық болатын [1]. Сондықтан да алаш азаматтарының көтерген өзекті мәселесінің бірі қазақтың өмір сүруінің тіршілік көзі – жер мәселесін әділетті шешу еді.

XX ғасырдың басында қазақ халқының алдында тұрған негізгі де, өзекті де проблема - ұлт проблемасы болып, ел болып сақталып қалуы болатын. «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынов №4 санындағы бас мақалада бұл туралы: «Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап, күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етеді ғой. Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе» деп көрсетті [2]. Қазақты шын теңдікке жеткізетін мәселенің бірін А.Байтұрсынов «Андаспаған мәселе турасында» деген мақаласында «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі»[3] деп көрсетіп, жер тағдырының ұлт тағдыры екенін айқындай түседі.

1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейін Троицк қаласында үзбей шығып тұрған «Айқап» журналының ұлттық дәрежеге көтерген мәселесінің бірі – жер мәселесі болды. Оның осы мәселе бойынша қалыптастырған көзқарасына байланысты белгілі ғалым профессор Б.Кенжебаев «Айқапты» прогрессивтік демократтық бағыттағы басылым болды деп әділ байлам жасады[4].

Ғасыр басында жер мәселесін күн тәртібіне қойған басылым «Айқап» журналының бетінде жер мәселесін биік деңгейге көтеріп, оған демократиялық сипат беріп, отаршылдыққа қарсы наразылық рухын жандандырған авторлар Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов болатын. Олар кейін Әлихан Бөкейхановпен қанаттасып, «Қазаққа» ауысқан тұста «Айқаптың» дауысы бәсеңдеп, ықпалы төмендей түсті. Мұнан кейін «Айқап» журналы алғашқы деңгейінен артық жер мәселесін көтере алмады. «Қазақ» газеті бұл проблеманы Ресейдегі реформаларға байланыстыра, отаршылдық сипатпен біртұтас қарап, оны қазбалай түсті.

«Қазақ» жер мәселесін тереңдете қарады, олар қарашекпенділер қозғалысының қазақ шаруасына, көшіп-қонып келгендерге деген пайдасымен, залалын бірге қарады, ұлтаралық шиеленістерді алға тартты, болашақта қазақ жері эрозияға ұшырап, дағдарыс боларын айтты. Қазақ елінің жерінен айырылып, шөл



далаға, тау-тасты бөктерлерге кетіп, шаруасы құлазып, бара жатқанын дәлелдеді, переселен қозғалысын тоқтатуды талап етті. Патша өкіметінің аграрлық саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты. Бірақ, бұл аграрлық мәселеге деген біртұтас тұжырымды көзқарас қалыптасқан жоқ еді. «Айқап» журналында ол алғашқы талқыдан өтті, сөйтіп ол осы бүкілхалықтық сипат алған отаршылдыққа қарсы демократиялық оппозицияны «Қазақ» шыққанға дейін бастады. «Қазақ» газеті «Айқап» салған баспалдақтан әрі өтіп, одан әрі өрлей алды, екі басылым осы тұста қазақ зиялы қауымының бөлшектенген жеке қанаттарын бастады.

«Айқап» журналының бірінші санында Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың өкпесі» деген мақаласы басылды. Бұл мақалаға журналдың редакторы М.Сералин кіріспе сөз жазған. Осы мақалаға ғасырдың негізгі проблемаларының бірі болған жер мәселесі көтеріледі. өйткені жер мәселесі отарлауға ұшыраған елдің болашағы. Автор қазақ жерінің қазыналық болуы – амалсыздықтан деді. Бірақ сол қазыналық болу нәтижесінде ғана қазақ жері біртұтас. Ал башқұрттар болса жерді «шәй, шекер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып» жерін тауысты. «Жерден айырылып, - деп жазады А.Байтұрсынов, - шаһар-шаһарға тозып, тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарының көшесін сыпыратын, қорасын тазалайтын, отынын жаратын, боктығын таситын о ғайри қара жұмысын қылатының бәрі болмаса, көбі естек (башқұрт)» [5].

Ахмет Байтұрсынов қазақтың күнінің, тіршілігінің жермен байланысты екендігіне «шаруа жермен бай, жерден айырылған соң, жұмыс біткені» деп баса көңіл аударады. Қазақстанда капиталистік қоғамға тән элементтер дами бастаған кезде «Амалынды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма» деп жерден айырылмау керектігін қатты ескертеді. Ол амал – еңбек. «Еңбексіз егін шықпайды, терлесек терін тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды», - деп қазақ шаруасын еңбекке шақырады.

Ахмет Байтұрсынов өзінің «Тағы да жер жайынан»[6] деген мақаласында патша өкіметі орыс қара шекпенділерін қазақ жеріне орналастырылуы кеңінен жүргізіп жатқан кезде қалай жерді молырақ игеру мәселесіне өз пікірін білдіреді. Патша өкіметі қазақ жерін мемлекеттік деп танып отырған тұста «жердің басы патшалық болғанымен шөбі, суы қазақтыгі, қазақ жерді патшалықтан сродсыз арендаға алған қисабында»,- дей келіп, шұрайлы жерлерге егін егуді, қалың қазақ тұтас отырып қалу мүмкіндігін ойластырады.

«Қазақтың Сарыарқа деген жайлары»[7] атты мақалада 1606687 шаршы сахараны 1868ж. Бері қарай, әсіресе ғасыр басынан қарашекпен шаруалар келіп, қазақ жеріне қол салғанын, оған «қайтерсің бұл қарашекпен алды жерді-суды түбімізге жетті. Сорды ғой қанды, алды ғой жанды», - деп, салы суға кеткен сары уайымнан басқа қимыл-әрекет жасамай отырғанына қынжалады. Шаһмардан Әлжанов А.Байтұрсыновтың жер алып, қазақ қала салу керек деген ұсынысына қарсы, патша өкіметіне арнайы делегация жіберіп, келіссөз арқылы жер мәселесін шешуді ұсынады.

Журнал бетінде жарияланған «Қазақ халқы жоғала ма, жоғалмай ма?» [8.48] деген мақалада қазақ жерінде нарықтық экономикасы қалыптасып, ол жаңа өмірге – тиын табуға үйрене бастағаны сөз етіледі. Автор Қостанай уезінің Сарой болысында қазақтардың 1907ж. Жүзден елу екісі мал, егін кәсібі, жиырмасының өнерші, қызметші, он бесінің сәудегер болғандығын тілге тиек етіп, «қазақ жоғала ма, жоқ па» деп сөз бастамай, алаш жөн білсеңізші, кәсіп қылсаңызшы деген наз айтады.

Ахмет Байтұрсынов дискуссияға қосылмайды, қазақ ауылдары жерлерінен қуылып жатқан кезде ол өзінің «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар, бұйрықтар» [9] деген мақаласында патша өкіметінің жер туралы жарлықтарын, заңдарын кеңінен талдап, қазақ шаруасының мұн-мұқтажын қорғайды, елдік заңды біліп, өз орнынан заңсыз қозғалмауына шақырады.

Ресей билеушілері аграрлық дағдарыстан шығу үшін екі жол анықтады. Бірі – жер тарылған жердегі елдің бірсыпырасын кең жерге көшіру; екіншісі – егін шаруашылығын бұрынғы қалпымен жүргізбей, өнерлі (неміс, француз) елдері секілді жаңа тәртіппен жүргізу. Олар бірінші жолды тандады. Қазақ басына күн туды. Патша өкіметі мұжықтарды қазақ сахарасына көшірді. Бейғам жатқан қазақ жері көршілес болып мұжықтар қоныс ала бастаған соң, жер тарылды. Жері тарылған қазақ қалайша күн көрерін білмей дағдарды.

«Айқап» журналының бетінде Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болған М.Дулатовтың «Жер мәселесі» атты мақаласы жарық көрді. Автор мақалада қазақ қауымның екіге бөлініп, туыстарына тиісті жерлерді кестіріп алып, қала салғанын, ал екінші жағынан көшпенділік өмірді қалайтындығын айта келіп: «Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бұзып өзгертуі (көшпенділіктен отырықшылыққа, отырықшылықтан көшпенділікке шыққан секілді) оңай іс емес» [10] деп түйіндейді. М.Дулатов бұл

мәселені ғылыми жолмен шешуді ұсынады. Ол айналып келгенде қазақты жерсіздендіру – көшпелі өркениетке балта шабу екенін аңғартады.

Автор ең алдымен «Қала болу керек деушілердің пікірі» - деген түйінмен «миллиондай жерсіз мұжықты хүкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата-мекеннен ірге қозғалып қазақтың шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, былай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал» деп қорытады.

Сонымен қатар Дулатов жер жүзіндегі қазақтардың һәммесі біразы ғана болмаса, қала болып отыр. Мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалғаны естілмейді. Қайта бұл күнде көзіміз көріп, ақылымыз жетпей тұрған не түрлі тамаша нәрселерді атарба, телеграмма шығарып тұрған солар. Олар бізден кедей емес, бізден өнерсіз емес, бізден аз емес, бізден күшсіз емес. Бұларды көре тұра, біз қазақтарда қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып өзімізде алдағы жұрттың істегенін істеп солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтың бірі бола аламыз» деп қазақтардың болмысы сақталған күйде, ырын-жырынға түспей өркениеттік жолға түсуді қалайды.

Мұнан кейін «Айқап» журналында Мағжан Жұмабаевтың «Дала, қала» деген мақаласы жарияланды. Даланы идеал қылып, қазақтың даламен кіндігі бір екенін айта келіп, ұлы ақын даланың бір кемшілігін анық көрсетеді: «Оның баласы білімсіз, ойсыз, ішіп-жеу, ойнап-күлу, ұйқтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері, ол жарты адам» деп сол кездегі қазақы ауылға көңілі толмайды. Қаланың даладан көп кемшілігі бар екен саралап көрсеткен Мағжан оның бір артықшылығы бар екенін естен шығармау керектігін көрсетеді. «Оның баласы білімді, ойлы. Ол таңқаларлық істер істейді. Отты дүние айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын атсыз арба жасайды, қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араласады. Түпсіз теңізге сүңгіп меруерт-маржан шығарады, қысқасы қала баласы асқан адамдар. Естімейтін нәрселері жоқ, қолдарынан бәрі келеді. Қала – ол өнер-білімнің бесігі, анасы. Онда шын бүтін адамдар бар. Онда өнер бар, онда білім бар, онда адамға жан бар.» [11].

Ұлы ақын қазақ халқының болашағы үшін отырықшылыққа көшіп, елді мәдениетке, білімге тарту идеясын ұсынады. «Аз уақытта көп білу жолының басы» деген мақаласында Мағжан XX ғасыр «Білім ғасыры» болады деп үміттенеді. Балаларды оқу бәйгесіне қосуды армандайды, онда бәйге алмаса да, бөлініп қалмайтынына кәміл сенеді.

Сонымен бірге «Айқап» бетінде «Қала болушылар» деген мақалада Томск губерниясында Бараба татарларының Стамбулға көшкені, ол жерде тұра алмай азып-тозып қайтып келгені туралы мәлімдеді. Ал Ресейге барған қазақтардың Мачалинск деген жерде қала салып, отырықшылыққа көшкенін, кәсіпкерлікпен айналысқанын ризашылықпен атап көрсетеді.

«Қазақ» газеті жер мәселесін тереңдете, жан-жақты қарады, біртұтас көзқарас қалыптастырды. Егер М.Дулатов жер мәселесі туралы «Айқап» бетінде жазып, өзінің «Қала болу керек деушілердің» пікіріне қосылса, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов жер туралы комплексті бағдарлама жасады.

Ә. Бөкейханов өзінің «Жауап хат» деген еңбегін «Қазақ» газетінің бетінде Семей облысы Павлодар уезі Теренкөл, Мұздықөл болысы қазақтарының жерін 1891ж. 25 наурызда шыққан «Степное положение» 120 бабының қосымшасы бойынша қазақтан артық жерді алып жатқанына наразылық білдіреді. «Бұлай болғанда, - дейді Ә.Бөкейханов, - әуелі қазақты орнықтыру керек емес пе, қазаққа жер белгілеу керек емес пе? 15-тен жер алсаң жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң, жерден күнде көшірем деп, қазақты күнде көшіріп отыр. өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің патшалық конституциялы емес пе, біздің патша қол астындағы адамның бәріне әділ емес пе? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретін не жазып еді? Бұл жұрт жұмысын, жұрт болып іздемейтін бе еді? Әр жерде әр қайсың аяғын ат басқан баладай шыңғырмай» [12].

Автор жер мәселесі туралы жазғанда «Айқап» пен «Қазақ» басылымдарының екіге бөлінгендігін мәлімдейді. «Біріміз – дейді ол, - қазаққа жаудан түк те болса олжа, 15-тен жер ал дейміз, біріміз бұған жуыма, түк олжа болып, не болады дейміз». Ал Ә.Бөкейхановтың оппоненті ретінде Рахмет Илиясұлы «Шыңғысхан дүниені алды, артында түк белгі қалған жоқ, Ақсақ-Темір дүниені алмаса да артында Самарқанд, мешіт-медреседей белгі қалды», - деп отырықшылықты өркениетке тірек етеді. Әлихан «жердің көп-азына қарамай, жердің һауасына қарай адам баласы мал баққан иә егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің һауасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған», - деп оған қарсы шығады. Мысал ретінде Европада Швейцария жұрты, Түркістан жері, Алтай, Алатау баурайын келтіреді. «Австралия жері біздің қазақ жері сияқты шөл, топырақ жасық болған соң, Австралия

жұрты қой бағып, мал шаруашылығын қылып отыр», - дейді Ә.Бөкейханов. Самарқандта жердің бедеріне, климатына қарай сайда егін, тауда мал бағу кәсіптері қатар жүргізіледі. Түркістанда өзен бойындағы қазақтар алма, өрік, жоңышқа егумен айналысады.

Ұлы экономист ғалым Ә.Бөкейханов «Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел жаппайды. Қала болып мал шаруасын атқаруға болады» деп көрсетеді. Ғалым әңгіме отырықшылыққа шектеліп, қазақ бар жақсы жерінен айырылып, мал шаруашылығынан қол үзіп, егін мәдениетін игермеген кезінде жоқшылыққа кездесетінін барынша түсіндіреді. «15-те отырып, тамақ асырайтын болсаң, 15-тен жер ал, 15-не мал бақпақ болсаң адасқаның, қаңғырғаның», деп мәселені төтесінен қояды.

Сондай-ақ мақалада Ә.Бөкейханов «Көп мақсаты иін тіресіп, тізе қосып, бір жүрсе табылады. Жер дауы-тәмәм 5 миллион қазақ дауы», - деп отаршыларға қарсы «иін тіресіп, тізе қосып» күресуге шақырады, жер мәселесінің жалпықазақтық бағыт-бағдарын түйіндейді.

Ә.Бөкейханов жер проблемасына тарихи тұрғыдан қарайды. Ол «Қазақ» деген шағын мақалада демографиялық ахуалға көңіл бөледі. Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закаспий, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстарында және Астрахань губерниясында 1913 жылы 5 миллион 64 мың қазақ болғанын айтады. «Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрады» [13] - деп көрсетеді. Ә.Бөкейханов қазақ жерінің ауқымын: «Темір қазықта Жайық һәм Тобыл, күншығыста Ертіс, оңтүстікте Түркістан таулары, мұның ең биігі Хан тәңірісі, күншығыста Амудария. Осы облыс, бір губернияда 260 миллион десятина шамасында жер бар» - деп көрсетіп қана қоймайды, ұлттың меншігін қызғыштай қорғап, Торғай, Ақмола облыстарынан қазақ пайдасындағы жерден ғасыр басында таланып жатқан жерлерді атайды.

«Үшінші дума һәм қазақ» атты мақалада Ә.Бөкейханов патша өкіметі қазақ жерін талаудың қалай заңдандырғанын баяндайды. Ең алдымен қазақ жері 1891 жылы 25 наурызда «Степное положениенің» 119-бабы бойынша «Көшпелі қазақ отырған жер қазынанікі» деп белгілеуімен тоналған. 160-бабты жетік білетін ғалым екендігін патша саясаткерлерінің айтыс-тартыс арқылы аңғартады. Автор Дума трибунасынан «Қазақтың жерден қысылған белгісі міне: қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады», - деген Забайкал депутаты Волковтың сөзі арқылы қазақ басына төнген қысыл таян кезенді суреттейді.

Автор 1908 жылы граф Паленнің Түркістандағы істерді тексергенде жазылған мәліметтері еді деп төмендегі сөздерді келтіреді: «Қазаққа артық жер деп қалдырған тастақ, тақыр, ащы, сортаң жер, осы зорлыққа көніп, мінез шығармай тиыш отырғаны қазақтың дүнияде жоқ момындығы» [14].

Ұлт көсемі Ә.Бөкейханов «Жауап хат» деген мақалада «мемлекет қазақты өзінің баласының бірі қылса, қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді...» [15]. Міне мәселенің түп-төркіні, орысша айтқанда, «сөздің тұздығы» осында жатыр. Біріншіден, қазақтың дәстүрлі шаруашылығын бұзбау керек, екіншіден, шаруаның тұрмысын эволюциялық жолға салу керек. үшіншіден, шаруа ісіне зорлық-зомбылық жасамау керек. Төртіншіден, қазақ шаруасы да орыс сияқты бір империяның баласы. Оған да орыс шаруаларындай санау керек.

Әлихан «әуелі тұрған жұртты орнықтырып, қалған жерге переселен мұжықтарды еншілес қылу керек емес пе еді?» - деп айтқан Баку депутаты Жағыпаровқа ризалығын білдіреді. Переселен бастығы Глинка Волков пен Жағыпаровқа берген жауабында: «Біз мұжыққа жер бергенде қазақтан артық жерді ғана береміз. Қазақты көшпелі деп есеп қылып, жаңа закон шығарып, жер берсек, мұжыққа артық жер қалмайды. Біздің тұрғын жұртқа жер белгілеп беретін закон жобасын шығара алмай күбежектеп тұрғанымыз осы еді. Көшпелі қазаққа мәңгі ғұмырлық деп жер беруге тіпті керек емес, сол үшін қазаққа мұжықша, мұжықпен бірдей надел жер алсаң береміз деп едік, қазақ шырғаға түскен құстай сұранып, топырлап өз еркімен мұжық болып жер алып жатыр» [16] деп қазақ даласының бөліске түскендігін айқын көрсетеді.

Ә.Бөкейханов жер алып, күн көріс елдің жері суармалы жерде екенін, Солтүстік өлкеде тек мұжықтай еңбекшіл болған күнде ғана күн көре алатынын айтады. Автор отаршылдардың тағы бір қулығын әшкерелейді. «Степное положениенің» 136-бабында «Қазақ жүрген жерден бөтен патшаның адамы һәм христиан дінінде болмаған адам жер сатып алмасын» деп дінді шаруашылық мәселесімен араластырған патша өкіметінің саясатының шын бейнесін ашып көрсетеді. «Осылай етіп, - дейді Ә.Бөкейханов, - қазақ өз жеріне өзі бөтен патшалықтың кісісімен бірдей болмақ». Басқаша айтқанда, қазақтың жерін «қазақтан басқа сатып алып, мирастап алып, өзінікі қылмақ, жалғыз-ақ бұл жол - қазаққа жоқ», - деп автор қазақ мұңын жеткізеді. «Тарихи әділеттілік үшін атап айту керек, - дейді тарих ғылымының докторы, профессор М.Қойгелдиев, - «Қазақ» газеті Ә.Бөкейханов және оның серіктері қазақ халқының

отырықшылыққа көшуіне емес (кезінде солай түсіндірілді), отырықшы норманың отаршыл мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шыққан болатын» [17].

«Айқап» бетінде «Азып-тозып кетпеске не амал бар» деген атпен Жиһанша Сейдалининнің мақаласы жарық көреді. Онда автор қазақ «Қазақ жерді айтса жылайды, дінді айтса – жылайды, малды айтса – жылайды, жарқырап-күліп айтатұғын қазақ байғұста ұрлық пен өтірік қалды», - қазақ қоғамының ауруына ем есебінде съезд шақыруды ұсынады. Ә.Бөкейханов «Думаға һәм советке депутат барса, қазақ жұмысы тәмәм болады деген дәлелсіз қысыр сөз», -деп, «-«болатын бас қосудан қашпаймыз, болмайтын бас қосуға арам тер болмаймын, қазаққа қызмет қылмай қоймамын», -деп жауап берді. Өйткені Бөкейханов патша өкіметінің Думалық саясатының сырын терең түсінді, сондықтан дәмелі болудан қашты.

Қыр баласы (Ә.Бөкейхановтың бүркеніш аты) «Қазақ» бетінен жер туралы көптеген кеңес берді, ашық та, ашынып та жазды. өзінің «Жауап хат» деген оқырмандар сұрағына жазған мақаласында «Ашылып ақыл айтатын халім бар ма? Көкіректе сайрап тұр. Қолымды заман байлап тұр», - деп өкініш те білдірді.

«Төртінші Дума һәм қазақ» деген мақалада осы өкініштің астарын Думада сөйлеген Қазан депутаты Мақсұловтың сөзі арқылы береді. Дума өз үйін жөндеуге ақша бермек болады. «Сіздер, - деді сонда Мақсұлов, - Думаның үйінің төбесін түзетеміз деп отырсындар, әуелі Думаның өз төбесін түзетіндер.» Басқаша айтқанда, Ә.Бөкейханов жер проблемасын билік мәселесіне, бостандық мәселесіне тірегені анық байқалады.

Ә.Бөкейханов жер мәселесін нарыққа байланыстырып та қарайды. Бірде «Австралия қойының еті төрт ай мұхитта кемемен жүріп келіп, Петербург базарында сатылады», -десе, бірде «Жапонияда адам тезегі де ақша», -дейді. Зайсан түбіндегі Шіліктіні-мал кіндігі деп танып, «Бұл жерде Европаның Альпы деген тауындағы Швейцария жұрты болса, мал шаруашылығы іс қылып, сиыр сауып, мал алып, ірімшік кайнатып, жүні жақсы шұға болатын қой бағып, дүрілдетер еді», - деп тамсанады.

«Қазақ» газетінде жер мәселесінің аясын кеңіткен қайраткер Ахмет Байтұрсынов еді. Оның «Қазақтың» 1914 жылғы 9 қаңтарындағы санында «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» деген мақаласы жарияланды. Онда патша өкіметінің шоқындыру саясаты сөз етіледі. Ал шоқынған қазақтар орыс қолында малай болғандар, күні үшін христиан дінін оңай қабылдаған жарлылар.

А.Байтұрсынов қазақ жерінің пайдалану жөнінде әртүрлі пікір бар екенін айтады. Шудалы түйе, жабағылы қойдың жері деп профессор Вернер айтса, көктің дымын жерге түсіруге амал тапқанша, қазақ даласы егін жері бола алмайды деп профессор Богданов айтады. Ал Байтұрсынов болса қазақ жеріне мәдениет туын эволюциялық жолмен орнатуды қалайды. «Қазаққа қала болсаң дар мәдени жұрт боласындар деп ақыл берушілер, әуелі, қала адамына тиісті кәсіпті үйретіп алып яки ғылым, өнер үйреніп, жаман жерді жақсы жер орнына, аз жерді көп жер орнына тұтынарлық дәрежеге жетіп алып, қала бол десе, оған біз де қол қояр едік», -дейді автор. «Жұрттың тірлік күйде я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» [18], - деген сөзі парық ұранындай.

А.Байтұрсынов «Андаспаған мәселе турасында» деген мақалада «Қазіргі қазақ мәселерінің ең зоры жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлу болу мәселесі.» деп жер тағдырына терең үңіле түседі.

Қыр баласы «Қазақ һәм жер мәселесі» деген мақалада патша өкіметі екі түрлі норма белгіледі. Бірі – мал нормасы, екіншісі – егін нормасымен үй басына 45 десятина (3 еркекке) жер, ал мал нормасымен (ат басына 6 десятина) 90 десятина жер алады. Патша өкіметі Щербина экспедициясы кезінде үй басы 24 атқа 144 десятина жер беретін еді, енді ол норманы 12 атқа азайтбақшы. Ә.Бөкейханов патша өкіметінің айла шарғыларының динамикасын, өзгерісін осылай қадағалап, әшкерелейді.

Қыр баласы қазақты эволюциялық жолға шығаруға нақты ат салысқан. Ол «Игілік іс» деген мақаласында кооперативке бірігуге шақырады. «Кооперативті» тура тәржімесін – бірігіп әдіс қылған, бір одақтас, бір қостас, бір оттас, құрдас мүшелердің, қазақша оны автор «Игілік іс» деп атайды. Қыр баласы кооператив пайдасын былай түсіндіреді: «Бар малды атқа шақса, 20 ат болса, осындай байлық қазынасы бар қазақты статистика ғылымы орта шаруалы қазақ үй – шаңырағы дейді. Бай қазақ мұнан жоғары, кедей қазақ мұнан төмен. Төмен қазақ малын шаңыраққа 20 ат есебі мал қазынасы келеді. Бұл 20 ат орта қазақ байлығы ғылым жолының қарауылы. Бұл қарауыл атқаратын қызметі кездеме кездегендегі кез, бидай пұттағандағы пұт қызметі. Нақ мал қазынасы 20 ат болатын қазақ 70%-ақ, бай қазақ–8%, 75% қазақ кедей тонын киіп жүр. Орта қазыналы қазақ үй басы бір жылда 100 сомға мал, жүн, тері сатады. Киімнің жартысы бір жылда жаңаласа 50-60 сомға пұл, 24 сомға шай, қант алады. Бұл есептен бір жылғы бір үйдің алып-саттығы орысша обороты 174 сом болады. Бір ауылнай қазақ 100 үй болса, бұл ауылдың алып-саттығы 17 мың 400 сом болады. Ана Бөрте қазағы бастаған игілік ісіне ауыл болып кіріссе, 17 мың 400 сом үстінде жүрген пайда халыққа қалады. Және игілік қауымы сатып алған нәрсе абзалырақ болмақ, мал

базарда бағасына сатылуға ыңғайлы халық базарға барып, қайтқан шығыны кемиді. Игілік ісі болған бір ауыл халықтың қалтасында аз дегенде 1 мың 740 сом қалады. Осы күні бұл ақша жазғытұры жайылып барып, бұта сайын тастаған түйе жүні есебінде, саудагерлердің қалтасына алынып қалып тұр. Игілік ісін саулатып жүргізіп жіберуге таза мінез, білім, шаруа ісіне ұсталық шарт» [18].

Ұйымдасудың тиімділігін көрсетуге тырысқан қазақ зиялыларының «Қазақ» газетінің бетінде «Маслодельная артель», «Уақ қарыз серіктігі», «Уақ қарыз серіктігінің қаулысы», «Ұйымдасу» сияқты мақалалар жарияланды. Оларда қазақ даласына нарықтың ену барысы көрсетілді.

Қыр баласы сериялы «Жауап хат» атты мақаласын «Сауда өнері де мәдениет дәрежесіне құл» деген тезиске бағындырған. Автор онда мал бағудың өнер екендігін дәлелдейді. Қыр баласы қазақ жерінің қайсысы қой өсіруге қолайлы екенін көрсетеді. Қазақ сиыры қазақ жерін жайлағанына 8 мың жыл болғанын айтып, одан қалмақ сиырдың өгізі 100 пұт кіре тартады, еті 30 пұт, базарда қазақтың екі-үш өгізі орнына сатылатынын айтады. Қазақтың мал шаруашылығына мамандануын қалайды. Әсіресе, қой өсіруге көңіл бөледі ол. «Қошқарды жақсыдан, ұзын сыйрақ жүндіден салу, тамағын тоқ, қорасын жылы қылу, саулықты екіден артық қоздатпау, қошқар тоқты, бестен асса баласы нашар туады. Қазақ ішінде базарда пұл болатын қой Қарқаралыда, Керей, Төлеңгіт, Бесата, Тобықты – Ақмолада, Тама-Атбасарда, Бағаналы-Балталы-Торғайда, Торғай-Ырғыз қойы» [18.], - деп көрсетеді.

Ә.Бөкейханов әлемдік деңгейдегі экономистік ғылыми жолымен мал өсіруге замана талабына сай жолға салуды насихаттайды. «Мал нормасына һәм қазақ положениесіне қайту» деген мақалада қыр баласы «Қазақ пен крестьянин – екеуі екі басқа жұрт. Екеуінің қалпы да, салты да, рәсім жолы да басқа. Тәм біріне-бірін тұтынып келе жатқан шаруасының түрі де жанаспайды», - дей келіп, - «түбінде қазақ мұжықтай бәлкім егінші де болар. Бәлкім мұжық салтына да түсер. Бірақ оған уақыт керек.»,-деп қазақтың малдан қол үзбегенін қалайды.

Қыр баласы өзінің «Астрахань қазағының жері» деген мақаласында «Астрахань жері-қазақ жері», - дейді, ол жерде қазақ 1802 жылы қоныс етті деп қазақ жерін қорғайды. ұзақ жылдар бойғы айтыс-тартыс нәтижесінде «Қазақ» газетінде көтерілген жер проблемасын әділ шешудің жолдары табылғандай болды. «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты қазақ зиялыларының жер мәселесі туралы көзқарастары патша өкіметін ойландырмай қоймады.

1. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы, 1995.
2. Қазақ Алматы, 1998. 14 бет.
3. Бұл да сонда, -86 бет.
4. Кенжебаев Б. Казахские просветители – демократы начала XX века. - Алматы, 1958 – 85 бет.
5. «Айқап» - Алматы, 1995 – 66 бет.
6. Смағұлова С.О. Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы аграрлық мәселе. Автореферат, Алматы, 1999. – 28 бет.
7. «Айқап» - Алматы, 1995. 47 бет.
8. Дала уалаятының газеті. — Алматы, 1994. — 815-б.; Айқап. — Алматы, 1995. — 82, 367-б.; Қазақ. — Алматы, 1998. — 557 б. Бұл да сонда - 48 бет.
9. Дулатов М. Государственная дума һәм қазақ // Айқап. — Алматы, 1995. — 63-б, 367-б.;
10. Айқап. — Алматы, 1995. — 96-б, 367-б.;
11. «Қазақ» – Алматы, 1998. 62 бет.
12. Аппасов С. Білімнің қажеттігі турада. (О необходимости образования киргизов) // Дала уалаятының газеті. — Алматы, 1994. — 459-461-б. Айқап. — Алматы, 1995. — 63, 367-б.;
13. Журнал : Отан тарихы. №3-4/2000. – 15 бет.
14. «Қазақ». – Алматы, 1998. – 91 бет.
15. Бөкейханов Е. Шығармалары. – Алматы, 1994 - 46 б.
16. Журнал: Ақиқат. №11/1992 - 45 б.
17. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995. 256б. [№2,153б.]; [№2,27б.].
18. Дулатов М. Государственная дума һәм қазақ // Айқап. — Алматы, 1995. — 63-б.

## **ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛЕГЕНЦИИ О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ НА РУБЕЖЕ I-ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА**

*Тулбасиева С. К.-к.и.н. Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая*

### **Аннотация**

В этой статье мы рассмотрим основные аспекты формирования взглядов казахской интеллигенции о земельном вопросе.

На рубеже XIX-XX веков колониальный Казахстан вступил в качественно новый этап своего интеллектуального развития. Адаптация традиционного казахского общества к условиям и потребностям рыночно-капиталистических отношений, охватившим последний бастион коренного населения – аул и аграрный сектор экономики, безраздельное господство политико-идеологических установок метрополии, рост социально-культурной общности народов Евразийского пространства обусловили рождение казахской интеллигенции новой формации. В общественном сознании она утвердилась под названием «оқығандар» - «образованные» и «зиялылар» - «интеллектуалы».

Новое поколение казахской интеллигенции как социальная общность сложилось из выпускников профессиональных учебных заведений России, национальных окраин, в том числе Казахстана, а также дальнего зарубежья. Ее отличали такие качества и свойства, как мобильность, открытость ко всем инновационным веяниям, широта кругозора, жажда знаний, хорошая осведомленность о событиях и процессах в мире.

Данной статье дается анализ трудам и взглядам казахским интеллектуалам, объединившиеся вокруг газеты «Казах», журнала «Айкап», исламской идей, кружков социал-демократического толка, мобилизованные миссией освобождения народа от бесправия и колониального гнета, хотя каждая группа имела собственную модель решения вопроса, во взаимоотношениях соблюдали определенный этикет, дальше словесных перепалок и критических газетно-журнальных статей не перешагнули.

Национальная интеллигенция разбудила великую степь. Призыв М. Дулатова: «Оян, қазақ!» - «Проснись, казах!», отражая содержание переломного этапа, оправдал себя и исторически, и политически, и методологически, и теоретически.

**Ключевые слова:** Национальная интеллигенция, земельный вопрос, казахская общества, царская Россия, колониальный Казахстан.

## **VIEWS OF OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA ABOUT THE LAND ISSUE AT THE TURN OF THE I-HALF OF XX CENTURY**

*Tulbasieva S. K. Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

### **Annotation**

In this article we consider the basic aspects of formation of the Kazakh intelligentsia views on the land question.

At the turn of the nineteenth and twentieth century's the colonial Kazakhstan has entered a new stage of his intellectual development. The adaptation of the traditional Kazakh society to the conditions and needs of the market-capitalist relations, has captured the last bastion of the indigenous population - village and the agricultural sector of the economy, the undivided domination of the political-ideological metropolis, the growth of social and cultural unity of the peoples of the Eurasian space led to the birth of the Kazakh intelligentsia of the new formation. In the public mind it is established under the name "okygandar" - "educated" and "ziyalylar" - "intellectuals."

The new generation of Kazakh intelligentsia as a social community has developed from Russian graduates of vocational schools, national suburbs, including Kazakhstan and abroad. It is distinguished by such qualities and properties, such as mobility, openness to all innovative trends, breadth of vision, thirst for knowledge, a good knowledge of the events and processes in the world.

This article analyzes the works and views of the Kazakh intellectuals grouped around the newspaper "Kazakh", the magazine "Aikap" Islamic ideas circles social democratic wing mobilized mission of liberating the people from injustice and colonial oppression, although each group had its own model of solution of the problem, in relationships follow certain etiquette, more verbal skirmishes and critical newspaper and journal articles are not crossed.

National intellectuals awakened great steppe. Call M.Dulatov: "Oyan, Kazakh" - "! Wake up, Kazakh", reflecting the content of turning point, proved itself both historically and politically, methodologically and theoretically.

**Keywords:** national intelligentsia, the land issue, the Kazakh society, Czarist Russia, the colonial Kazakhstan.

ӘӨЖ 987.11

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙШЫЛЫҚТАР ТҰСЫНДАҒЫ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ

Мұратқазин М.М. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, т.ғ.к.

Мақала барысында 1914-1918 ж.ж Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Өскемен қаласындағы мыңдаған ер адамдар тылдағы қара жұмысқа жіберілуі, қалада мобилизация процесінің тереңдей енуі сипатталады.

Аталған кезеңде ауылшаруашылығы жұмыс қолының жетіспеушілігінен уақыт өткен сайын орта шаруа шаруашылығының құлдырай бастауы, жергілікті халықтың жалпы жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін орын алған басқару мекемелеріндегі саяси ұйымдардың қызметтері, қалалық уақытша үкіметті қолдау мақсатында Шығыс қалаларындағы қос өкімет орнағаннан кейін де контрреволюциялық ұйымдардың жұмыстары жайында қысқаша баяндалады.

Қазан революциясынан бастап уақытша үкіметтің және кеңестік басқару жүйесіндегі Өскемендегі мекемелер мен ұйымдардың қызметтері мұрағат құжаттары мен мерзімді баспасөз мәліметтері негізінде талданып, олардың негізгі бағыттарына арнайы көңіл бөлінді.

**Тірек сөздер:** қала, өскемен, комитет, үкімет, кеңес, ұйым.

XX ғасыр басында Өскемен қаласы осы кездегі саяси тартыстар мен пікірлердің орталығына айналды. Қалада меньшевиктер, эсерлер партияларының ұйымдары жұмыс істеді. Өскемен қаласы алдымен декабристердің, одан кейін әсіресе XIX ғ. 70-80 жылдарынан әр бағыттағы саяси жер аударушылардың мекеніне айналды.

XX ғасыр басында Өскемен қаласының халқы саны 12469 адамды құраса, 1917 жылы 14164 адамды құрады. 1914-1918 ж.ж Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Өскемен қаласындағы мыңдаған ер адамдар тылдағы қара жұмысқа жіберілді. Соғыс ұзақ уақытқа созылды. Мобилизация процесі қалаға да тереңдей ене бастады. Өскемен аймағындағы орыс ауылдарында тек әйелдер мен жасы жеткен адамдар ғана қалды. Ауылшаруашылығы жұмыс қолының жетіспеушілігінен уақыт өткен сайын орта шаруаның шаруашылығы құлдырай бастады. Бай-кулақтар олардың жерлерін тартып ала бастады, нан өнімін сату барысында оның құны жоғарылады, астық салу көлемін ұлғайту туындай бастады.

Аталған кезде Өскемендегі алтын кендеріндегі жұмысшылардың жағдайы қиындап, адам төзгісіз күй кешті. Тауар құны артып, қалада сомның сатып алу құны төмендеп кетті. Шынайы белгіленген жалақы екі есеге кеміді. Қаладағы қымбатшылық нәтижесінде тұрғындардың тұтыну тауарларын сатып алуы жарты есеге азайды. Риддер жұмысшыларына сауда-саттықпен қамтамасыз ету үшін Өскемен уезінен алты мың пұт нан сатып алуға рұқсат берілді [1] – деп жергілікті Рудный Алтай газетінде сипатталады.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс жалғасқан сайын еңбекші халықпен қатар өскемендік еңбекшілер де оның кімнің мүддесінде жүріп жатқанын, оны Отанды қорғау деген ұранмен түсіндіруге болмайтындығын Өскемен халқы да айқын түсіне бастады. Осы кезеңде Өскемен саудагерлері және қалалық кәсіпкерлер үшін армияға ұн тасымалдауда үлкен пайда таба бастады. Жергілікті қалалық аймақ тұрғындарының балалары, туыстары әскерге шақырылды немесе қалалық жергілікті командада әскери қызмет атқарды.

Мұндай қайшылықтар Өскемендік қазақ байларына тиімді болды. Өскемендегі ауқатты топ өкілдері мен саудагерлер әскерге қымбат бағаға мол көлемдегі мал, жүн, ет, тері сатты. Сұлтаннар, байлар патша үкіметі тарапынан барлық берілген нұсқауға қарсы шықпады. Байлар байыған сайын еңбекші қазақтардың жағдайы нашарлай бастады.

1917 жылы қаңтарда Өскеменде солдаттар бөлігі орын алды. Онда әскерге, қара жұмысқа кеткен өскемендік қазақтардың әйелдері қарсылыққа шыққан еді [2]. Олар көшеге «біздің балаларымыз аш! Жәрдемақы төленіздер! Күйеулерімізді қайтарыңыздар! Соғыс болмасын!» – деген лозунгтармен көшеге шықты. Қажеттіліктен қажыған, шаршаған, ызалы әйелдер дүкендер маңынан өтіп бара жатып, дүкендерге тас лақтырып, терезелерін шаққан. Әйел адамдар қаладағы саяси билікке қарсылықтарын осылай білдірді. Осылай қарсылықтармен шектелмей, тұрғындардың бас көтеруі қала халқының саяси оянуына ықпал етті.

Осындай халық наразылықтарынан кейін өскемендік жұмысшылар мен қарапайым халық үшін үшін патшаның тақтан таюы қуанышты жаңалық болды. " Бостандық " деген сөз барлық жерлерде естіліп жатты. Қарапайым халық жаңа үкімет еңбекшілердің жағдайын жақсартып, қажеттіліктерін қанағаттандырып, соғысты тоқтататынына сенді. Жұмысшылардың талап етуі бойынша облыстық губернатор тұтқындалып, оның орнына облыстық комиссар тағайындалды. Уақытша өкіметтің уездік

ұйымы - уақытша атқару комитеті қалада жұмысқа кірісті. Қаланы басқарушы бұрынғы қалалық Дума болды [3].

Өскемен қаласындағы жұмысшылар мен қызметкерлер Ресейдегі пролетарлық орталықтың нысаны ретінде 1917 ж. наурыз айында өздерінің басқару органы – жұмысшылар мен солдат депутаттар кеңесін құрды. Кеңестің мәжілісінде өте маңызды мынандай мәселелер шешіле бастады: а) сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу. ә) кеңестің басқаруымен ағылшындар суға толтырып тастаған Риддер шахтасы мәселесін зерттеу. б) жалақыны көбейту

Өскеменде бұл кезде эсерлердің партиясы болды. Аталған партияның құрамында қалалық аймақтағы ірі саудагер Кожевников те кірген еді. Эсерлер партияларының мақсаты мен міндетін кең түрде жарнама жасап, ақ гвардияшыларды жақтаушылар өз хабарландыруларында қала тұрғындарын осы партияға кіруге үгіттеді [4].

Семей облыстық революция комитетінің 1917 жылдың 22 желтоқсандағы ұйғарымы бойынша Өскеменде уақытша Өскемен уездік комитеті құрылып, құрамында: председателі – И.Ф. Лягин, мүшелері: А.А.Александров пен И.Г. Малашкиндер өз міндеттерін атқаруға кірісті.

Шығыс қалаларындағы қос өкімет орнағаннан кейін, қалалық аймақта контрреволюциялық ұйымдар құрыла бастады. Бұл ұйымдар қалалық уақытша үкіметті қолдады.

1917 ж. Риддер кеніші және темір жол жұмысшылары Петроградтағы басқару әкімшілігіне мынандай талаптар қоя бастады;

1. Зауыттар мен фабрикаларда 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеу;
2. Мейрам күндері 7 (14) сағаттық жұмыс күнін енгізу;
3. Жер астындағы тау жұмыстарына 6 сағаттық жұмыс күнін белгілеу;
4. Еңбекақыны 5% дан 30% - ға өсіру;
5. Еңбекақыға қатыссыз барлық жұмысшыларға 20%-дық үстеме жалақы қосу қажет.
6. Барлық өсімдерді шектеу, жұмысшыларға ілтипатты қатынас.

Жұмыс бабында кездесетін келеңсіздіктерді шешу үшін үш мүшеден тұратын Кеңес құру қажет болды. Өскемендегі Риддер кенішіндегі атқару комитетінің жұмысшыларының және депутаттардың талабы бойынша Риддер кенішіндегі жағдайды тексеру жүргізілді. Кеңес атқару комитеті мынандай қаулы шығарды: Риддер кенішіндегі қызмет көрсетушілер мен жұмысшыларының және темір жол мен зауыттардағы жұмысшылар талаптарын қарастыра отырып, қымбатшылықты және кен орындарындағы жағдайларды ескере отырып, Петроградтағы кеніш басшыларынан көмек көрсету жөнінде өтініш жасады.

Алайда Акционерлік қоғамның басшылығы Риддер кенішіндегі, Өскемен қалалық аймағындағы кен орындарындағы және темір жол жұмысшылар талаптарын қанағаттандырмады. 1917 ж. сәуір айында теміржол жұмысшылары атқару комитетінен Риддер темір жол жұмысшыларын мемлекеттің тарапынан қамтылған талаптарды бұзды деп айып тағыла бастады. Осындай талаптардың негізінде уақытша үкімет тарапынан тұтқынға алынған жұмысшылар тұтқыннан босатылғанымен жұмыстан қуылды. Ақпан-буржуазиялық революциясының алғашқы айында Кеңестер революцияны қолдаушы халыққа сүйене отырып, халық билігінің жаңа арманына айналды. Уақытша үкімет құрылған кезеңінде ұлт аралық қарым-қатынасқа, әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлгенін көреміз. Уақытша үкімет шешілмеген барлық ұлттық мәселелерге мән беріп, өзінше шешіп беруге тырысқанын байқауға болады. Қалада орнаған уақытша үкімет жергілікті халық мүддесімен санаспай, капиталистік қатынастарды негізінен дамытуға мән берді. [5].

Бірақ әскер жұмысшыларды ұйымдастыру барысында және оларды басқаруда немқұрайлылық танытты. Олар «революциялық» фразаларды дауыстап, айғайлап буржуазиялық уақытша үкіметті жақтады, ал олар жұмысшылардың талаптарын қанағаттандырмады.

Бірақ әскер жұмысшыларды ұйымдастыру барысында және оларды басқаруда немқұрайлылық танытты. Олар «революциялық» фразаларды дауыстап, айғайлап буржуазиялық уақытша үкіметті жақтады, ал олар жұмысшылардың талаптарын қанағаттандырмады.

Қалада осы кезеңде халық арасында большевиктік насихат белсенді жүргізілді. Оның өзіндік себептері де болды. Жүріп жатқан дүниежүзілік соғыс зардаптары, басқа саяси партиялар, қаладағы Уақытша үкіметтің оны жалғастыра беру мақсатындағы үгіт, әскерге адамдар алу, майданға көмек шаралары т.б. осы бағыттағы істер халықтың басым көпшілігінің наразылығын тудырды. Ал большевиктік үгіт, насихат керісінше соғысты тоқтату, жерді, зауыт-фабрикаларды шаруалар мен жұмысшыларға тегін беруді негіздеді. Бұл ұран қарапайым халықтың көңілінен шықты. Осыдан барып олардың бұхара арасындағы беделі арта түсті. Оны қолдаушылар саны көбейді. Сонымен бірге майданнан оралған солдаттар Кенді Алтай өңіріне большевиктік «Правда» газетін таратты.



Міне, осындай жағдайда 1917 жылдың қазан-қараша айларында Өскемен қаласының большевиктер ұйымының негізі қаланды.

1917 ж. Өскеменде Сергей Рябов және т.б. большевиктер, солдаттар қалада большевиктік фракциялардың құрылуына негіз болды. 1917 ж. қазан айының басында Өскеменге Сібірден қуғын-сүргіннен революциялық қозғалыстың мүшесі Николай Карманов келді [6, 2 б.]. Сонымен қатар Кротовтың қалаға келуі де саяси ағымдардың жаңа бағытта қалыптасуына өз септігін тигізді.

Кротов қалаға келгеннен кейін революциялық әрекетті қалада жандандыра түсті. Ол прокламациялар, листовкалар жасап, оны көбейтіп халыққа таратты. Кейбір кездері қаладағы жергілікті типографияда листовкалар құпия шығарылды. 1917 ж. қараша айында Өскеменде большевиктік ұйым тұрақты ұйымдастырылды. Оның негізгі ошағын У.Яков, Кротов, И.Данилов, Сергей Рябов, Т.Карманов, И.Беспалов т.б. 1917 ж. большевиктік ұйым басшылығына Яков Ушанов отырды. Кеңес өкіметі еліміздің басқа орталық бөлігіне қарағанда Өскеменде кешігіңкіреп орнады.

Өскемен депутаттар Кеңесімен оның атқару комитеті тарапынан өзі өмір сүрген қысқа мерзім ішінде көптеген жұмыстар атқарылып, құрамы майдангерлер, жергілікті әскер бөлімі солдаттарынан, теміржол жұмысшыларынан, қаланың тағы басқа әлеуметтік топтары өкілдерінен тұрды. Аталған таптар Өскемен қаласында Кеңес үкіметін орнату мәселелерін талқылады. Осы оқиғаларға қатысушы Д.Я. Ослоповтың естеліктерінде былайша сипатталды: «Бізде идеялық басшылық болған жоқ. Я.В. Ушановтың келуімен Кеңес депутаттары билігін ұйымдастыру жұмыстары бірден тиісті жолға түсті. Қаладағы кеме айлағы ауданында, Үлбінің арғы жағындағы аймақтарда жиындар өте бастады. 1917 жылдың желтоқсан айында құрылтай жиыны өткізіліп, онда РСДРП(б) Өскемен ұйымы құрылды» [7, 14-15 бб.].

Өскемендегі революциялық Комитет өз жұмысын саяси шиеленіске толы кезеңде жүргізді. Бұл қиыншылықтар Козерьдың іс-әрекетіне байланысты туындап отырды және оның жақтастары тарапынан Козерь патшалық шаруалар бекінісіне партизан армиясы партизандық армия басқарушысы Мамонтовтың бұйрығымен басқарып отырды. Бұл штабтың бас мекемесі Семей қаласында орналасқанымен оның көпшілігі Өскемен қаласында топтасты. Козерь Өскемен, Семей қалаларында Кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасамақшы болды. Козерь негізінен алғанда жекелеген топтардың саяси күшіне сенді. Алайда Семейде бүлік ұйымдастыру мүмкіндігі болмады, өйткені қалаға тұрақты жақсы жасақталынған тәрбиелі қолбасшылар мен саяси тұлғалар келген еді. Бұл кезеңде қарсы күреске шығу өте қауіпті еді. Сондықтан Козерь Өскеменге жетті. Осы жерде қақтығыстар әлі жалғасып жатқан еді. Козерь Өскемен қаласындағы халық үйінде сөз сөйлеп, қаладағы большевиктік басшылықты ауыстыруға әрекет жасағанын айтты. Бірақ, ол оған қол жеткізе алмады.

1918 жылы сәуірде Өскеменде Совдептің съезі өткізілді. Онда атқару комитетінің төрағасы болып Ушанов сайланды. Өскеменде Кеңес Үкіметі жаңа өмірге бағыт алды. Қалаға жарық енгізілді. Ұжымдық еңбек дами бастады. Мысалы: Александр мен Иван Беспаловтың алтын кендеріндегі жұмысшылар одағы Михаил және Мединин типорграфиясында жұмыс істеп, партия ұйымының тапсырмасымен әр түрлі листовкалар шығарылып, Өскемен тұрғындарына таратылды [8, 3 б.]

Азамат соғысы жылдарынан кейін жетім балалардың көшеде жүруімен күрес жүргізуге сол кезеңде комсомол ұйымдары өте үлкен көмек көрсетті. Сол кезеңдегі қаладағы комсомол ұйымының мүшесі А.Лях бұл жөнінде мұрағат құжаттарында былай еске алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс және азамат соғысы көптеген балаларды ата-анасынан айырды. Ата-анасынан айырылған балаларға пана табу мақсатында қала тұрғындарын аралап, қарсылық көрсетпей кейбір тұрғындар балаларды қамқорлыққа алды. Ал кейбірі қарсы болды. Осы кезеңде қалалық партия комитеті бұларға арнап жетімдер үйін қалада ашты. Бұдан да басқа жетім балалар Повольже аймағынан қалаға көшіре бастады. Алайда балалар үйіне олардың барлығы сыймады. Сондықтан дені сауларын жеке тұлғаларға бағып қарауға жанұяларына беріп те отырған. Көпшілігі оларды өз балаларындай бағып қараса, кейбіреулері ұлдар мен қыз балаларды үй қызметшісі ретінде көріп пайдаланды. Қаладағы комсомол ұйымдары оларды бақылап, кейбір кездері алып алған жағдайлар да кездесті. Мемлекет тарапынан жетімдер үйіне жеткілікті қаржы бөлінбеді, балаларға жағдай жасау үшін қосымша кіріс көздері қарастырылды [9].

Қорыта келгенде, XX ғасырдың басында еліміздің тарихынан орын алған саяси қайшылықтардан Өскемен қаласы да алшақ қалмады. Қала тарихында Кеңес үкіметін қалада орнату үрдісі өзінің ұзақ та күрделі даму жолынан өтті. Өскемен қаласында Кеңес үкіметі жолын тарихи тұрғыдан алғанда революциялық жолмен орнады.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін орын алған басқару мекемелеріндегі саяси ұйымдар барынша өз қызметтерін атқарды. Қалалық уақытша үкіметті қолдау мақсатында Шығыс қалаларындағы қос өкімет орнағаннан кейін де контрреволюциялық ұйымдарда жұмыс жасап тұрды. Кеңестік жүйенің

қалада орнауы барысында комитеттер мен саяси ұйымдардын қызметтерін жандандыруда Ушанов, Беспалов, Рябов, Карманов сияқты т.б. азаматтар үлес қосты.

- 1 Рудный Алтай // 1976ж. 16.07.
- 2 ҚР ОММ, Қ.74, Т.1, Іс 16, п.15.13 б.
- 3 ҚР ОММ, Қ.81, Т.2, Іс 27, п.7.
- 4 ҚР ОММ, Қ. 350, Т.1, Іс 2, п.3. б. 23
- 5 Очерки историй Рудного Алтая. Усть-Каменогорск 1970.–С.133
- 6 Рудный Алтай - 6 июль 1983. – 1 б.
- 7 Герасимов С.Н. Яков Ушанов,- Алматы, 1984.–С.14-15
- 8 ҚРОММ Қ 2866 т. 1 іс 9. с 3
- 9 ШҚОМ 50, т 1, іс 506 2 б.

## ГОРОД УСТЬ-КАМЕНОГРСК В НАЧАЛЕ XX ВЕКА: СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Мұратказин М.М.- к.и.н. КазНПУ имени Абая

Аннотация

Статьи 1914-1918 годы во время Первой мировой войны в Усть-Каменогорске тысяч мужчин, отправленных в город, чтобы работать на задней процесса мобилизации характеризуется глубоким проникновением. А также, недостаток сельскохозяйственного труда в начале среднего крестьянского хозяйства рассыпались в течение долгого времени, осмотрели случай местного потребителя. Кроме того, после революции в феврале 1917 г. управление услуги организации, политические институты, в поддержку временного правительства, после создания двойного правительства в Восточных городах подведены контрреволюционные организации.

В статье рассматриваются Усть-Каменогорск в контроле временного правительства после Октябрьской революции и Советского архивные документы и термин по данным пресс-службы учреждений и организаций анализируемых на основе их основных направлений особого внимания.

**Ключевые слова:** Усть-Каменогорск, комитет, правительство, совет, организация.

**Muratkazin M.M.** – PhD Kazakh National Pedagogical University named after Abai

## POLITICAL AND SOCIAL CONFLICT IN OSKEMEN AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY

Annotation

Articles 1914-1918 years during the First World War in Ust-Kamenogorsk thousand men sent to the city to work on the back of the mobilization process is characterized by deep penetration. This lack of agricultural labor in the early middle-peasant economy crumbled over time, examined the case of the local consumer. In addition, after the revolution in February 1917, management services organization, political institutions, to support the interim government, after the creation of dual government announced in the eastern city of counterrevolutionary organizations.

Ust-Kamenogorsk in the control of the interim government after the October Revolution and the Soviet archival documents and the term according to the press-service agencies and organizations analyzed on the basis of their main areas of emphasis.

**Key words:** ust-kamenogorsk, the committee, the government, the council, organization.

УДК 611.19

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ В 20-30 ГГ. XX ВЕКА.

Сейткасымов А.А. - к.и.н., доцент,  
Кокишетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова,  
г. Кокишетау. [pvch\\_1@mail.ru](mailto:pvch_1@mail.ru)

Статья посвящена вопросам административно-территориального устройства в республике в 1920-30 годах. Автор раскрывает задачи, сущность и значение, а также положительные и негативные стороны этих изменений. Особое внимание обращается на вопросы районирования, особенности проведения реформ, образования национально-однородных районов, перегибы местных и партийных органов на местах, последствия силовых административных методов. На основе анализа динамики численности населения, хозяйственных и природных условий, национального состава, качества проводимых решений руководства, а также характера взаимодействия населения и партийно-хозяйственного аппарата определяется степень значимости административно-территориального устройства.

**Ключевые слова:** Административно-территориальное устройство, районирование, разукрупнение, коренизация национальных кадров, выборы в Верховный Совет Каз.ССР, сталинская концепция

В период после октябрьского переворота была восстановлена прежняя историческая и этническая общность народа. Не все в решении этого вопроса проходило гладко (споры по северным территориям, размежевание на юге), сказывались последствия колониальной политики царизма, разделившего казахский край на ряд административно-территориальных частей. Итогами территориальных изменений первой половины 20-х годов явилось создание национальных республик и завершение формирования территории казахских земель в единой Казахской республике.

Территория республики составила 2,7 млн. квадратных километров, а население – 6025 тыс. человек<sup>3</sup> (на 17 декабря 1926 года). На этой территории было 6 губерний и 2 округа. Территория каждой губернии насчитывала в среднем более полумиллиона квадратных километров. Большим по размеру был и уезд, в среднем занимавший территорию в 60-80 тыс. кв. километров с населением до 150 тысяч человек. Территория волости нередко превышала 10 тыс. кв. километров.<sup>4</sup> При таких огромных размерах территории губерний, уездов и волостей расстояние от губернского до уездного центра зачастую превышало 500 км. К этому следует добавить, что на тот период в республике были слабо развиты средства связи и транспортного сообщения.

Дальнейшее сохранение прежнего административно-территориального устройства, по мнению руководства, станет тормозить проведение коллективизации и индустриализации, а также в организаторской работе края. Поэтому VI Всеказахстанский съезд Советов (март 1927 года) отмечал необходимость... приближения власти к обслуживанию масс и широкого привлечения, трудящихся к советскому строительству.<sup>5</sup> Действительно, для проведения «малого Октября» в казахском ауле, раскулачивания и изъятия «излишков» хлеба у крестьянства было выгодно проведения такого переустройства руководству страны. Именно с этого периода партийное руководство ищет наиболее «оптимальное» административно-территориальное устройство для тотального контроля над всеми сторонами жизни общества.

В процессе подготовки и проведения административно-территориального районирования Казахстана выяснилось, неподготовленность местных органов. Были слабо изучены хозяйственные и природные условия, что затруднило определение перспектив развития экономики отдельных округов и районов. Крайне небольшое число промышленных городов и крупных населенных пунктов затрудняло правильное установление центров экономического и культурного тяготения отдельных районов, выбор административных центров округов и районов.

По проекту нового административно-территориального устройства в республике упразднились губернии, уезды, волости и вводилась трехзвенная система: округ-район-город, село, аул. По своим размерам округ был значительно меньше губернии. Его партийные и административно-хозяйственные органы обладали почти всеми правами упраздняемых губернских органов и, естественно, имели больше возможностей для осуществления оперативного руководства работой нижестоящих органов. Округ был

<sup>3</sup> Народное хозяйство Казахстана за 70 лет. стр.9

<sup>4</sup> Справочник: административно – территориальное деление Казахстана (авг. 1920 – дек 1936 г.), стр. 176

<sup>5</sup> Там же, стр.176-177

основным звеном, связывающим республиканские органы с районными, городскими, аульными и сельскими советами.

В новой системе административно-территориального устройства Казахстана важную роль играл район. Он представлял собой основное звено, связывающее, округа с городскими, аульными и сельскими органами власти. Районные органы власти осуществляли непосредственное управление коллективизацией и местной промышленностью, руководили социально-культурными мероприятиями. По своим размерам район был меньше уезда, но значительно больше волости. Районные органы государственной власти обладали всеми правами уездных Советов.

Проект административно-территориального районирования 17 января 1928 года был утвержден 2-й сессией ЦИК Каз. АССР 6-го созыва. На территории Казахстана создавалось 13 округов и 180 районов.<sup>6</sup> Постановлениями Президиума Каз.ЦИК от 13 марта и 5 мая 1928 года был внесен ряд изменений в границы округов и районов. В начале мая 1928 года 3 сессия Каз.ЦИК 6 созыва утвердила эти изменения и поручила Президиуму Каз.ЦИК внести проект административно - территориального районирования Казахстана на утверждение Президиума ВЦИК и обеспечить проведение его в жизнь. 3 сентября 1928 года Президиум ВЦИК РСФСР утвердил новое районирование республики. Вместо ранее существовавших 1 автономной области, 6 губерний, 2 округов, 31 уезда и 411 волостей в республике было создано 13 округов и 180 районов. Сохранялась Каракалпакская автономная область, делившаяся на 10 районов. Весной 1929 года состоялись выборы в аульные, сельские и городские Советов и прошли съезды Советов вновь созданных округов и районов Казахстана.

В ходе административно-территориального районирования республики, компактно проживающие на определенной территории национальности выделялись в национально-однородные районы. Из 193 районов, созданных на территории Казахстана, 114 были казахскими, 3-каракалпакскими, 47-русско-украинскими, 2-уйгурскими, 5-узбекскими и лишь 13-смешанными.<sup>7</sup> Но не все национальные районы были однородными.

Выделение национально-однородных районов способствовало коренизации государственного аппарата и вовлечению в работу районов представителей всех национальностей, населяющих КАССР. Упразднение уездов и волостей дало возможность направить на укрепление партийного и советского аппарата районов свыше 1400 партийных и советских работников. Таким образом, усиление партийных организаций давало возможность усилить давление на массы крестьянства с целью проведения коллективизации. Территории Кокчетавского, Энбекшильдерского и ряда других районов вошли в состав образованного 17 января 1928 года Кызыл-Джарского округа. 10 мая 1928 года округ переименован в Петропавловский с центром в г. Петропавловске. Округ образован из волостей Петропавловского, части Атбасарского и Кокчетавского уезда Акмолинской губернии в составе 21 района.<sup>8</sup>

1. Арык - Балыкский - с. Арык - Балыкский
2. Балкашинский - с.Балкашино
3. Бейнеткорский - п. Кедей
4. Булаевский - с. Булаево
5. Володаровский - с. Володаровка
6. Ворошиловский - г. Петропавловск
7. Кызыл - Аскерский - п. Орпек
8. Кызыл - туский - аул Кулы-Куль
9. Кокчетавский - г. Кокчетав
10. Красноармейский - с. Ново - Сухотино
11. Крестьянский - г. Кокчетав
12. Ленинский - с. Явленское
13. Октябрьский - к.п. около с. Володарское
14. Пресновский - с. Пресновское
15. Преснегорьковский - с. Преснегорьковское
16. Рузаевский - с. Рузаевка
17. Трудовой - г. Петропавловск
18. Тонкепейский - к.п. у озера Майбалык

<sup>6</sup> Там же, стр. 179

<sup>7</sup> Там же, ст.р180

<sup>8</sup> Там же, стр. 181-182

19. Урицкий - с. Марьинское
20. Щучинский - с. Щучинское
21. Эңбекшілдерский - п. Казгородок.

Эңбекшілдерский район с центром в поселке Казгородок находился в самой восточной части Петропавловского округа, граничил на севере и западе с Кокчетавским районом, на востоке с Кызыл-Тусским районом и Акмолинским округом, на юге тоже с Акмолинским округом.

2. Офицер шенеуніктер	540	465	1005
	30	-	30
3. Әйелі мен балалары	18	39	57
4. Төменгі шендер	651	-	651
5. Олардың әйелдері мен балалары	45	169	214
6. Запастағы шенеуніктер	100	149	249
Шетелдіктер	35	6	41
Жоғарыда аталған сословияға жатпайтындар.	32	18	50
Барлығы:	2498	1394	3892

1897 жылы Түбек Есенқұлов Қазан ветеринарлық институтының студенті бола жүріп Дала облыстарына жасаған Добровольскийдің зерттеу экспедициясының құрамында болды. Ол Қазандағы малдәрігерлік институтында жұмыс істеген. 1899 жылы Добровольский мен Түбек Есенқұлов Зайсан уезіне тарихи және жаратылыстанушылық шаруашылық -статистикалық жағынан зерттеу үшін экспедиция ұйымдастырады.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақстанға жер аударылған жұмысшы қозғалысына қатысқан поляктар келе бастады. 1884 жылғы далалық аймаққа оның ішінде Павлодар, Атбасар, Ақмола, Семей, Зайсан, Петропавл қалаларына үш жарым жыл мерзімге жиырма полякты халықтық үйірмеге жіберген. Олардың қатарында С. Грос, И. Залецкий, В. Дзонецкий болды.

Батыс Сібірге көптеген ішкі Ресейден қоныс аударушылар легі келе бастаған. Бұрғасутай шекаралық бекінісі Зайсан әскери бекінісіне 50 шақырым жерге орналасқан. Зайсанның штабтық дәрігері полковник

Папов болған. Сонымен қатар Александр Константинович Тиханов Зайсан бекінісінің басшысы болған. Оның қарамағына 4 шекаралық бекеттің тек біреуі ғана басшылығында болды және бір көмекшісі, екі хатшысы болған. Сонымен қатар халық саны 66. 125 оның тек 3843-і ғана отырықшы халық. Алғашында бұнда 11 болыс болған. Отырықшы халық үшін уезд ретінде Көкпекті саналынған. Көкпектіде (300 адам) екі елді мекен, бірі әскери бекініс, екі казак станциясы болған, Зайсан округында 4-ші Сібір батальоны орналасқан және казак әскерілерінің үш полкы орын тепкен [7].

Зайсанда 1886 жылы Батыс Сібірдің қоныс аудару мәселесі бойынша отрядтың жұмысына Фролов, Богреевичтің түсініктемелік күнделігінен: Зайсанда Жеменей өзенінің оң жағында елді мекен орналасқан. Мұндағы үйлер негізінен тастан және күйдірілмеген саз кірпіштен жасалған. 8 көшеден тұрады. Бұнда мың кірпіш 1 сом 25 тиынды құраған. Бір үй салудың орташа шығыны 200-300 сомды құрайды. Зайсан, Омбы қаласынан 1336 шақырым (верст). Облыстық Семей қаласына почта жолымен 613 шақырым, төте жолмен 480 шақырым (Қытайдан Шәуешекке 170 шақырым). Жерде орналасқан Зайсан бекінісі негізінен шекаралық аймақта орналасқандықтан күзет отрядына толы. Негізінен әскери топтар, көпестер, мешаньдардан және қалалық паспортпен тұратын шаруалардан тұрды. Жалпы бекіністе 992 адам тұрады, оның ер адамдары 462, ал әйелдері 530, орыстар 362, татарлар мен казактар 630-ын құраған.

Зайсан уезінде ХІХ ғасырдың аяғындағы ел басқарған болыстарға келсек, Маңырақ болысын Зейнолла Бұтабай ұлы және Қара Ертіс болысын Қалит басқарған. Қалит 1825 жылы туылған, ол 65 жасында қайтыс болған. Қалит есейгеннен кейін ақ болыс болған адам, оның мінезіне, биязылығына қарай ел “әділ болыс” деп атапты [1].

1893 жылы Зайсан уезі Семей облысына қараған, оның шеткі Оңтүстік шығысын алып жатқан. Уездің табиғи жағдайы сан-алуан, Оңтүстік Алтайдың таулы қыраттары, жазықтар, Зайсан, Марқакөл, көлдері, Ертіс өзені, көптеген өзендер, қыстық, жайылымды жерлері болды.

Уезд 17 болыс құрады. Ол арада 2499 ауыл, 99443 адам тұрды. 1595 адам отырықшы 950-і жартылай отырықшы еді, 23343 шаруашылық болған, оның 63. 2%-і 22. 507, 8 ондық егіндікке иелік еткен. Бұл егіндіктің 98. 5%-і суармалы. Керейлер 1622 шаруашылықты құраған. Керейлер Кендірлік болысын мекендеген, Қытаймен шекаралас аймақта орналасқан еді. Солтүстік шекарасы Қаратал, Жеменей өзендері, батыста Үйдене өзені мен Сауыр тауы, оңтүстікке Сауыр тауы арқылы өткен. Абақ – Керейлер (жастабан, меркіт, жантекей, ителі, шеруші) осы аймақта қыстаған, жайлаған. Уездің басқа жерлерін қаракерейлер (байжігіт, қожымбет, ақнайман, қыржы, мұрын) қоныстанған. Қаракерейлер қыстамасы Аяғөз өзенінен Алтай тауларына дейін, Ақжар, Балтақоңыр, Қалжыр, Ертіс өзендерінде, Зайсан қазан шұңқырында дейін созылып жатты. Жазда Тарбағатай, Сауыр, Алтай тауларына шығатын. Сонымен ХІХ ғасырдың екінші жартысында қорғаныс пункті ретінде бой көтерген Зайсан қаласы мен аталған аймақтағы басқару жүйесі алғашында ерекше бекіністі құрай отырып, бекіністік арнайы басшылық мекемесі басқарды. Кейіннен аймақ территориясы кеңейіп, халық саны өскеннен кейін басқарудың бұрынғыдай түрі қанағаттандырмай, уақытша ереже негізінде уездік басқару жүйесіне 1875 ж. өтті. Зайсан бекінісі қалалық статусын 1871 жылы алып әкімшілік басқару мекемесі ретіндегі өз жұмысын атқарып отырды. Кейіннен уездік басқармаға өткеннен кейін уездік басшылық өзінің қарамағындағы болыстарға жалпы аймаққа басшылығын жүргізіп, патшалық Ресей саясатын орындаушы аппарат ретіндегі ролін атқарды. Қалада бұл әкімшілік басқару орындарымен қатар полицейлік басқару бөлімшелері ашылып, қоғамдық тәртіп сақтау құқтарын қадағалап отырған. Осы кезеңде ауылдық жерлерді болыстықтар басқарған. Зайсан аймағынан да болыстар сайланып тұрған. Солардың бірі Халит атты кезінде ел билеген, халқы құрметтеген ақ болыс атанған болыс та сол қоғамда өмір сүрген ел аузында қалған басшылардың бірі болған. Аталған кезеңде Зайсан аймағында әкімшілік басқару орны қала бой көтерген біраз жылдың ішінде басқа қалалар сияқты жалпы дала облыстарына ортақ үлгіде дамып жетіле бастаған.

1. ҚРОММ. 4 қ., 1 т., 490-іс (68).

2. Сулейменов Б. *Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. и в начале XX века. (1867-1907 гг.)*. – Алма-Ата: Изд-во АН. КазССР, 1963. – 402 с. (40).

3. ҚРОММ. 15 қ., 1 т., 246-іс (11-13).

4. *Памятная книжка Семипалатинской области за 1897 жс.* – Семипалатинск, 1898. – 170 с. (170). Толыбеков С. *Кочевое общество казахов в XVII-нач. XX века (Политико-экономический анализ)*. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 634 с. (221).

5. ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (1-2).

6. ҚРОММ. 386 қ., 1 т., 91-іс (3).

7. Касымбаев Ж.К. Города восточного Казахстана в 1861-1917гг. Социально-экономический аспект. – Алматы: Ғылым, 1990. – 180 с. (77, 6, 25, 48, 49-50).
8. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 116-іс (1-3).

**Оспанова Р.Р.** – к.и.н., доцент ҚазНПУ им. Абая  
**Система управления г.Зайсана и одноименного уезда во второй половине XIX века**  
**Резюме**

Статья рассматривается формирования системы управления города и округа с одноименным названием Зайсана во второй половине XIX века. В то же время, проанализировав историю городской администрации. На основе ситуации границы является точка административной, политической, военной сделки, описывают процесс военных крепостей, что были выбраны важности Зайсан. Чтобы предоставит информацию о деятельности руководителей местного региона.

Во второй половине XIX века из начально в этом регионе строились крепости и город Зайсан где руководствовалась специальные учреждение. После увелечение региона увеличилась количество числа людей

Встроенный в качестве точки обороны второй половины городского и системы управления XIX века. В связи с расширением территориальной зоны региона количество числа людей увеличилось, но предыдущая система управления не была самодостаточной и перешла 1875 году к временной уездной системе управления.

**Ключевые слова:** крепость, район, округ, зайсан, военные крепости, город.

**Ospanova R.R.**  
**In the second half of XIX century control system of Zaisan and Attasy country**  
**Summary**

Article discusses the formation of the city management system and district of the same name Zaisan in the second half of the XIX century. At the same time, analyzing the history of the city administration. On the basis of the border the situation is, the administrative, political, military deal, describe the process of military fortresses that were selected Zaisan importance. To provide information on the activities of the local leaders in the region.

In the second half of the XIX century from the initial in the region to build a fortress and the city of Zaisan where special guided urezhdenie. After uvelechenie region has increased the number of people

Built as a defense point of the second half of the XIX century and the urban management system. In connection with the extension of the territorial area of the region the number of people increased, but the previous control system was not samadostatochnoy and moved in 1875 to the time of the county administration.

**Keywords:** fortress, district, county, zaisan military fortress city

## ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

УДК: 930(73) «20»: 94 (560)

### ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ГЕРМАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР БАҒЫТТАРЫ. (XIX Ғ. СОҒҒЫ ШИРЕГІ)

Абдукадыров Н.М. - *М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-нің аға оқытушысы*  
*nurjigit.85.kanuni@mail.ru*

Төлешбеков М.Р. - *Сырдария университетінің магистранты Majit\_19\_1992@mail.ru*

Қарастырылып отырған ғылыми мақалада XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясының Германиямен жүргізілген экономикалық байланыстардың негізгі бағыттары зерттеледі. Аталған кезеңде Осман империясы мен Германия арасында экономиканың сауда, қаржы, несие, банк және аграрлық секторлары бойынша тығыз экономикалық байланыстар орнады. Империялар арасында орын алған мұндай экономикалық байланыстардың даму деңгейі жоғары дәрежеде болып, ол Осман империясының экономикасы мен сыртқы саясатының дамуына зор үлес қосты. Ғылыми жұмыста Осман империясының Германиямен экономикалық байланыстардың орнатылуы мен күшеюі, және нәтижелері ғылыми талдауға түседі. Сонымен қатар, экономикалық байланыстардың Осман империясы үшін экономикалық және саяси маңыздылығын зерделеу мақаланың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Империялардың экономикалық ахуалы мен олардың халықаралық экономикадағы рөлін айқындау мақаланың маңызды объектілерінің қатарынан орын алады.

**Тірек сөздер:** Осман империясы, Германия, Экономика, Қаржы, Несие.

Осман империясы XVIII-XIX ғасырларда өзінің Тоқырау және Құлдырау дәуірін бастан кешірді. Империяның құлдырауына әсер еткен факторлардың бірі сыртқы экономикалық факторлар болды. Алайда, империя өзінің саяси-экономикалық дағдарыс жағдайында отырғанына қарамастан, Еуропаның капиталистік елдерімен сыртқы экономиканы барынша дамытуға тырысты. Ол үшін ең алдымен экономиканы реттеп алу қажеттігі туындап, империя еуропалық мемлекеттермен экономиканың банк, қаржы және өндіріс салаларында байланыс жасады. Осман империясы XIX ғасырда Еуропаның Англия, Франция секілді экономикасы дамыған мемлекеттерімен тығыз экономикалық байланыстар орнатты. Бұл мемлекеттер Осман империясымен жоғары деңгейдегі экономикалық байланыстар орнатудың нәтижесінде империяның экономикалық және тіпті саяси өмірінде маңызды роль ойнады. Ендігі кезекте, Құлдырау дәуірінде, дәлірек айтқанда XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясымен сыртқы экономикада өте тығыз байланыста болған еуропалық мемлекет ол Германия болды. Бұл уақытта герман мемлекеттерінің бірігу процесі жүрді және оның нәтижесінде Отто фон Бисмарк, ғасырлар бойына бытырап жатқан ірілі-ұсақты герман мемлекеттерін біріктіріп, 1870 жылы Герман империясын құрды. Герман империясының құрылуынан бастап, XX ғасырға дейінгі кезеңде осман-герман экономикалық байланыстары, халықаралық экономикадағы жоғары көрсеткішке ие болды [1, 210-215 бб.]. Әрине, осман-герман экономикалық байланыстарында Германияның да өзге еуропалық империялар сияқты саяси және экономикалық жоспарлары көп болды. Құрылғаннан бастап Еуропада мықты саяси және экономикалық күшке ие бола бастаған Герман империясы өзіне жақсы экономикалық әріптес іздеді. Солардың бірі, Осман империясы болып, екі империя арасындағы экономикалық қатынастар I дүниежүзілік соғыстың аяқталуына дейін жалғасты.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде екі мемлекеттің экономикалық ахуалы екі түрлі болды. Атап айтқанда, бұл кезеңде Осман империясы экономикалық салада құлдырау үстінде болды. Империя экономикасында тек аграрлық сектор ғана басты роль ойнады. Өндіріс өте аз болды. Экономика саласы бойынша үкіметте мамандар тапшы болды. Мемлекетте экономиканы көтеретін басты құрал білім мен ғылым Еуропа елдерімен салыстырғанда әлдеқайда артта қалып қойды. Ғылым дамымады. Үкіметте қазына қаржысын ұрлау дәстүрге айналды. Заң әлсіз болды. Мемлекеттің сыртқы қарызы көбейіп, империя банкроттық жағдайда болды. Еуропа елдерімен жүргізген сыртқы саудада осман тауарларының басым бөлігі шикізат күйінде болды. Сондықтан да осман тауарларының бағасы халықаралық базарларда арзан бағаға сатылып, мемлекетке үлкен көлемде кіріс әкеле алмады [2. 337 б.]. Сонымен қатар,

империяның экономикалық жағдайына негізінен XIX ғасырдағы сыртқы саяси факторлар мен еуропалықтармен болып өткен толассыз соғыстар және халықаралық саясаттағы түрлі саяси қысымдар кері әсерін тигізді. Бұл кезде Осман империясына сыртқы саясат пен экономикадағы басты бақталас Ресей болып, олар бірнеше рет соғысты, соғыстарда көбінесе Осман империясы жеңіліске ұшырады. Солардың бірі 1877-1878 жж. орыс-түрік соғысы болды. Сондай-ақ, XIX ғасырдың басынан бастап «Шығыс мәселесіне» байланысты, Ресей, Австро-Венгрия, Франция және Англия сынды империалистік мемлекеттер империя территориясын бірте-бірте жан-жақтан талауға түсірді. Осы аталған саяси және экономикалық факторлардың әсерінен XIX ғ. соңғы ширегінде Осман империясының экономикалық ахуалы ауыр жағдайда қалды. Осыған байланысты, XIX ғасырда Осман империясы «Еуропаның ауру адамы» деген атқа ие болды [3, 278 б.].

Келесі кезекте, жаңадан бір орталыққа біріктіріліп, біртұтас мемлекетке айналған Герман империясының экономикалық ахуалы зор болды. Орта ғасырлардан бері дамып келе жатқан неміс ғылымы герман экономикасының дамуына серпін берді. Герман империясы құрылғанға дейін-ақ, Германияда өндіріс орындары ашылып, олардың қатары уақыт санап көбейіп отырды. Герман канцлері Бисмарк мемлекетте өнеркәсіп өндірісі мен жалпы герман экономикасының дамуына ерекше назар аударды. Канцлердің Германиядағы саяси және экономикалық әрекеттері мемлекеттің дамуына септігін тигізді. Германияның өндірісі уақыт өте ұлғайып, 1890 жылғы болат өндіру көлемі 4,1 миллион тонна болса, 1900 жылы 6,3 миллион тонна болды. Электр энергиясы 71 миллионнан 112 миллион кВт-ға жетті. 1880 жылы әлемдік өндірістің 8,5 пайызын Германия иеленген болса, 1900 жылы бұл көрсеткіш 13,2 пайызға жетті [4, 228-251 бб.]. Герман халқының өнеркәсіп өндірісі мен электр энергиясының өндірісі көлемінің күн сайын артуы бұл мемлекеттің экономикалық тұрғыда жаңа бір сатыға көтерілуіне мүмкіндік берді. Бұл кезеңде, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегінде Англия, Франция, Ресей және өзге де империалистік мемлекеттер мемлекеттің қазынасын отарлардан түсетін алым-салықтан толтырып зор байлыққа кенеліп отырса, Германияда мұндай мүмкіншіліктер болмады. Бисмарк тұсында Германияның бірқатар отарлары болғанымен олар Германия экономикасы үшін маңызды роль ойнай алмады. Герман империясы тек ғылым мен өндірісті ұштастырып, соның нәтижесінде өз экономикасын жиырма жыл ішінде аса жоғары дәрежеге көтеріп алды.

Жоғарыда аталған мәліметтерге қарай отырып, аталған кезеңде Осман империясы мен Германияның экономикалық жағдайында жер мен көктей айырмашылық бар екенін аңғару қиын емес. Германия Осман империясының экономикалық тұрғыда әлсіреп отырғанына қарамастан, онымен бұл салада байланыстар орнату қажеттігін басты назарға алды. Осман империясымен экономика саласында байланыс жасауда Германияның басты мақсаты Осман империясы провинцияларынан шығатын шикізаттың сарқылмас қорын Германияға тарту болды. Өйткені, уақыт өткен сайын Германияның өндірісі қарыштап дамып, ол зор шикізат қорын талап етті. Германия өзін шикізатпен қамтамасыз ету үшін және арзан шикізатқа қол жеткізу мақсатында отарлар иелену әрекеттерін жалғастырды. Герман үкіметі өз кезегінде Осман империясының территорияларынан шикізат қорларын табуды жоспарлап, Осман империясынан шикізат қорларын іздестіре бастады. Осы орайда, Йель университетінің профессоры Людвиг Россидің Герман империясы құрылмай тұрып Бисмарктың Осман империясымен жақындығы [5, 170 б.] болмағаны туралы ұсынған ғылыми тұжырымдары, Бисмарктың Осман империясына ұстанған сыртқы саяси әрекеттеріне қатысты тұжырымдарға қайшы келеді. Жоғарыда атап өткендей, Герман канцлері Отто фон Бисмарктың Осман империясына деген саяси ұстанымы ерекше болып, сонымен бірге экономикалық қызығушылықтары да жоғары болған. Германияның Осман империясымен сыртқы экономикалық байланыстарды заңды түрде дамытуда Бисмарктан кейінгі канцлер II Вильгельмнің ролі өте зор болды.

Германия мен Осман империясының экономикалық байланыстары саяси қатынастармен қатар жүріп отырды. Герман империясының әлемдік отарлар жаулап алу процесінен кеш қалуы оны отарлар жаңа «жерлер» іздеуге итермеледі. Герман империясының мұндай саясаттағы басты бәсекелестері Франция, Англия, Ресей болды. Герман билеушісі бұл кезде тек Осман империясымен жақын болды. Екі мемлекет арасында жақсы қатынас орнады. Мұның барлығы сұлтан II Абдулхамиттің билігі кезіне тұспа-тұс келді. Бисмарктың тұсында Осман империясы мен Германия арасындағы саяси және экономикалық қатынастардың орын ала бастауы кейіннен екі мемлекетті саяси, экономикалық және әскери салаларда одақтас етті. Осман империясы мен Германия арасындағы саяси қатынастар тарихын зерттеуші ғалым Пауль Рурбахтың «Әлсіреп тұрған Осман империясы үшін шығын шығару түкке тұрмас, бірақ Осман империясы үшін барымызды беруге дайынбыз» - деген сөзі екі мемлекет арасындағы экономикалық байланыстың қаншалықты дәрежеде болуы қажет екендігін көрсете [6, 16 б.] алады.

Герман канцлері Отто фон Бисмарк, Англия мен Франция сынды Еуропа мемлекеттерінің Осман империясымен сауда жасау арқылы үлкен экономикалық пайдаға кенелгенін көріп, өз мемлекетін де Осман империясымен экономикалық салада жақындастыруды көздеді. Осылайша, Бисмарктың билігі тұсында Германия мен Осман империясында сауда келісімдері жасалып отырды. Герман канцлері өз елшілері арқылы Осман империясына хат жолдап, сыртқы сауданы реттеп отырған[7]. Соның негізінде, Осман империясы мен Германия арасындағы сауда қатынастары XIX ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап жандана бастады. Бұл кезде Бисмарк Осман империясымен сауда-экономикалық қатынастардың орынды екенін түсініп, онымен экономиканың қай саласында болмасын байланыс орнатуды ұйғарды. Герман империясының Осман империясынан алынған негізгі тауарлар жоғарыда атап өткендей, шикізат көздері болып, неміс кәсіпкерлері Осман империясынан ауылшаруашылық өнімдерін шикілей түрде алды [8, 20 б.]. Ал оны өңдеп, Осман империясы мен өзге елдерге өз бағасынан бірнеше есе қымбатқа сатты. Сауда қатынастарының өрбуі Бисмарк тұсында осман-герман сауда-экономикалық байланыстарының жоғары деңгейде болғанын айқындайды. Нақты сандарға сүйенсек, 1880 жылдан 1888 жылға дейінгі аралықта Германияның Осман империясына шығарған экспорты 11,7 миллион герман маркасына тең болып, ал Осман империясынан импортталған тауардың қаржылай көлемі 2,3 миллион маркаға тең болды.

XIX ғ. 80-жылдары империялар арасында сауда қатынастарында өз кезегінде қиындықтар да орын алып жатты. Бұл қиындықтың басты себебі, сауда жолдары еді. Осындай қиындықтардың алдын алу мақсатында, 1884 жылы Осман империясы мен Германия арасындағы басты сауда жолдарының бірі болған Киль мен Стамбул арасында теңіз [9, 8-11 бб.] сауда жолы ашылды. Уақыт өте осман-герман саудасы қыза түсіп бұл тағы бір сауда жолының ашылуын талап етті. Соның салдарынан 1888 жылы Гамбург пен Измир арасындағы теңіз сауда жолы ашылды. Бұл порттар Осман империясы мен Герман империясы арасындағы сауда қатынастарын жандандыруға зор үлес қосты. Бұл порттар күн сайын екі ел арасындағы сауданы күшейтіп, экономикалық байланыстарды жоғарылатты. Алайда, күн сайын қарыштап дамыған осман-герман саудасы үшін уақыт өте бұл жолдар да аздық етті. Сауда жолдарын ретке келтіру мақсатында 1889 жылы Неміс Левант жолы (Deutsche Levante Linie) компаниясы ашылып, ол да осман-герман саудасын дамытуға зор үлес қосты.

Бисмарктан кейін Осман империясымен сауда-экономикалық қатынастарын жалғастырған билеуші II Вильгельм болды. Герман кайзері II Вильгельм Осман империясының құлдырап, оған Ресей бастаған еуропалық империялар тарапынан саяси және экономикалық қысымның күн сайын артып жатқанын көрген соң, территориясы табиғи байлыққа толы болған Осман империясына қандай да бір сыртқы саяси қауіптің төнгенін қаламады. Ол үшін өзге еуропалық империялар сияқты Осман империясына саяси және экономикалық қысым көрсетпей, онымен ортақ келісімдер жасап, сол арқылы Осман империясын өзіне тек саяси емес, сондай-ақ экономикалық серіктес етуді қалады [10, 10 б.].

Бұл кезде Осман империясынан шығатын Германияның өнеркәсібі үшін қажет болған мұнай, қорғасын, мыс, хром кендерінің сарқылмас қорлары герман басшылығын қатты қызықтырды. Сонымен қатар, Осман империясында өндірілетін мақта герман тоқыма өнеркәсібі үшін таптырмас шикізат еді. Герман үкіметі Осман империясынан шығатын мұндай шикізат қорларын өзге еуропалық елдердің талауына түсірмей аз уақыт ішінде өз еліне тасымалдауды жоспарлады[11, 71 б.]. Германияның мұндағы басты мақсаты аталған шикізат көздерін тасымалдау үшін Осман империясымен сауда-экономикалық байланыстарды нығайтып, соның қабатында Османдық Шығысқа терең енуді және сол арқылы Парсы шығанағына, одан әрі Үнді мұхитына шығу болды. Германияның мұндай геэкономикалық және геостратегиялық жобалары сол кездегі герман баспасөздерінің беттерінде де жарияланды. Осындай жоспарлар негізінде, II Вильгельм тұсында Осман империясы мен Германия арасындағы сауда қатынастары жаңаша өріс алды. Сауда көлемі артып, империялар арасында мемлекеттік деңгейдегі сауда қатынастары орнатылды. Германия Осман империясының бірден-бір экономикалық серіктесіне айналды [12, 93 б.]. Империялар арасындағы сауда қатынастары Жерорта теңізі арқылы жүргізіліп, онда Измир порты осман-герман саудасында маңызды роль ойнады. Осман империясымен теңіз арқылы сауда жасауда Германия алдыңғы орындарға шығып, ол Англия мен Франциядан кейінгі орынды иеленді. Осман империясы мен Германия арасында басталған сауда қатынастарының негізінде герман өнеркәсібі өнімдері осман базарларына толассыз ағылды. Бұл жағдай осман-герман сауда байланысының жоғары деңгейге көтерілгенімен сипатталды.

1889 жылы Deutsche Levante Linie құрылғаннан кейін екі ел арасында теңіз арқылы сауда ісі дами түсті. Германияның осман порттарына жасаған импортының көлемі артты. Бұған жауап ретінде осман үкіметі сырттан келетін тауарларға пайыздық есеппен салық салатын шешім қабылдады. Өйткені, сапалы

германдық тауарлар жергілікті өнімдермен бәсекеге түсіп, көбінесе оларды ығыстырып отырды [13, 57 б.]. Жалпы 1886 жылдан бастап осман-герман саудасында осман үкіметі сырттан келетін тауарлардан 8 пайыздық көрсеткішпен салық алып отыратын еді [14, 21 б.]. Мұндай салық көрсеткіштерінің өсуі империялар арасында жаңа бір сауда келісімінің жасалуын қамтамасыз етті. Германия Осман империясымен жүргізген сауда қатынасынан орасан зор табысқа кенеліп отырғандықтан, көп жағдайда осман үкіметінің қабылдаған шарттарына келісуге мәжбүр болып отырды. Сонымен қатар, Герман үкіметі Осман империясының порттары мен базарларында өзге еуропалық мемлекеттердің тауарларының көбеюін қаламайтын еді. Алайда, мұндай келісімдердің Германия үшін экономикалық тіпті саяси маңыздылықтары да зор еді. Порттар мен базарларда сыртқы сауданы дамыту үшін импорт пен экспортқа тиесілі болған алым-салықтарға қатысты келісімдердің жаңарып отыруы да тиіс еді [15]. 1889 жылы басталған келіссөздер 1890 жылы Осман империясы мен Германия арасында жаңа бір сауда келісімінің жасалуымен аяқталды. Келісімшарт 21 жылға жасалып, жеті жыл өткен соң, тараптардың ұсынысы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болды. Келісімшарттың негізгі мазмұны экспорт пен импортқа салынатын салықтардың артуына байланысты болды [16]. Бұл келісімшарт екі тілде жасалып, Осман империясы мен Германия арасындағы маңызды экономикалық құжат болып қабылданды және империялар арасындағы экономикалық байланыстарды одан сайын нығайтатын құжаттың бірі болды [17]. Кейіннен бұл келісімшартқа қосымша ретінде сыртқы сауданың көлемін арттыру үшін тағы да қосымша тәртіп енгізілді [18]. Герман үкіметімен жасалған сауда келісімшарты мемлекетаралық деңгейде болып, ол кедендік тарифтерден алынатын алымдар туралы келісімдерді бекітті [19].

1890 жылы қабылданған бұл келісімшарттан кейін осман-герман сауда қатынастары ешбір кедергісіз жүргізіліп, ол өз алдына дами түсті. Сауда көлемі 6 пайыздан 21 пайызға дейін өсті. Келісімшарттан соң, екі мемлекет арасында саудаланған тауар түрлеріне келсек, Германиядан Осман империясына мақта, жүн, жібектен тоқылған маталар, әскери материалдар мен құрал-жабдықтар, қалайы, темір, болат, шекер, шай және кофе сынды тауар түрлері әкелінсе, Осман империясынан Германияға мақта, жүн, жібек, астық, темекі, жүзім, інжір, мия, апиын және кейбір металдар саудаға түсті [20, 24 б.]. Мұндай көрсеткішке қарай отырып, Осман империясының әлі де болса, шикізат тауарларын экспортқа шығарып жатқанын көреміз. Ал Германия болса, Осман империясынан алынған бұл шикізатты өндеп, оларға қайта сатып отырды. Осыған байланысты, Германия Осман империясынан мұндай шикізат көздерін көптеп алу үшін оған инвестиция салуды ұйғарды. Инвестиция салудың тағы бір маңызды тұсы Германияға әкелілетін тауарға кеден салығының төленбеуінде еді. Ал, осман үкіметі де Германияның мұндай әрекеттерін пайдалануды көздеп, өзінде өндірісті дамыту үшін арнайы оқу орындары мен мектептер ашуды жолға қойды [21]. Ол үшін Германиядан арнайы мамандар мен кітап басып шығаратын баспа құралдары әкелінді. Герман үкіметі Осман мемлекетіне басқа салалар бойынша да мамандар жіберіп, олар оқу-білім, сауда-саттық және өндіріс салаларында жұмыс істейтін болды. Осман империясына Германиядан келтірілген оқу құралдары кітап басуға қажетті құрал-жабдықтар арзан бағада сатылды және оған салынатын кедендік салықтың көлемі аз болды.

Осы орайда, II Вильгельмнің билікке келгенінен бастап дамудың жаңа сатысына көтерілген осман-герман сауда қатынастарына қатысты көрсеткіштерге тоқталсақ, жоғарыда атап өткендей Бисмарктың тұсында 1880-1888 жылдар аралығында Германияның Осман империясынан алған импортының жалпы сомасы 2,3 миллион герман маркасына тең болса, 1898 жылы бұл көрсеткіш бірнеше есеге ұлғайып, 29,5 миллион марканы құрады. Ал, Осман империясына экспортталған тауардың қаржылай көлемі 1888 жылы 11,7 миллион маркаға тең болған болса, 1898 жылы бұл көрсеткіш үш есеге өсіп, бұл жылғы германдық экспорт көлемі 37 миллион марканы құрады. Сондай-ақ, 1908 жылы Осман империясының Германияға шығарған импорт көлемі 47,6 миллион маркаға жетті. Ал, 1908 жылы Осман империясына жасаған герман экспортының сомасы 64 миллион марка болды. Мұның барлығы екі империя арасындағы экономикалық байланыстардың жоғары деңгейде болғандығын тағы бір рет көрсетіп берді [22]. Бұл көрсеткіштер Осман империясы мен Германияның сыртқы сауда байланыстарының XIX ғасырдың соңғы он жылдығына қарай артқанын көрсетеді. Бұған дейінгі кезеңде Осман империясының сыртқы саудадағы басты серіктері Англия мен Франция болса, енді оның қатарын Германия толықтырды.

Герман императоры II Вильгельм Осман империясы мен Германия арасында экономиканың өзге секторлары бойынша да қатынастарды дамытуға тырысты. Соның негізінде, уақыт өте осман-герман экономикалық байланыстары қыза түсті. «Барлық нәрсеге қол жеткізу оңай болып табылатын мемлекетте» (XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясын еуропалықтар көбіне осылай атаған) Германияның кең мүмкіншіліктері бар екендігін сезінген кайзер, 1889 жылдың қараша айында Стамбулға келді. Осман астанасына келген кайзердің экономикалық салада көптеген жоспарлары бар еді.

Өзінің сапарының сәтті болуын қалаған кайзер, сұлтан II Абдулхамитпен келіссөздер жүргізіп, оған өзінің қымбат бағалы жекесый-тартуын ұсынды» [23, 53 б.]. Бұл сапары барысында Стамбулға келген кайзер II Вильгельм, зор құрметке бөленіп, соның негізінде Германия алдындағы Осман империясының беделі өсті. Кайзердің сапарынан кейін 1890 жылы экономика саласында бұрынғы қабылданған келісімшарттар жаңаланып, сондай-ақ, герман салымшыларына қатысты жаңа келісімшарт қабылданды [23, 72 б.]. Германияның атақты және бай банкі болып саналған Дойче Банк бастаған германиялық банктер Осман империясына тарай бастады және бұл банктер Осман империясына кредит беретін болды. Осы банктердің қаржылай қолдауының арқасында екі мемлекет арасында теміржол салу жоспарланды. Мұның нәтижесінде Анадолы жерінде теміржолдар салына бастады.

XIX ғасырдың соңғы онжылдығында Еуропада ең атақты банктердің қатарына жатқызылған Дойче Банк пен өзге де герман банктері Осман империясына инвестициялар салу мен кредит беру ісінде белсенділік атқарды. Осы орайда осман-герман экономикалық байланыстарының басты көрінісі ретінде Осман империясының Германия банктерінен қарыз алуын ерекше атап өткен жөн. Бұл кезеңге дейін Осман империясына қарыз беруде негізінен Англия мен Францияның қаржы топтары мен банктері белсенділік танытқан болса, енді олардың қатарын герман банктері мен ірі кәсіпкерлері толықтырды. Герман қаржы топтары мен банктері Осман империясына қарызды қаржылай және инвестициялар негізінде беріп отырды. Осман үкіметі Германиядан ең алғашқы қарызын II Вильгельмнің билікке келуі кезінде алды. Осыдан бастап I Дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықта бірнеше рет қарыз алып, оның басым бөлігі Анадолы жерінде теміржол салуға жұмсалды. Осман империясының әр түрлі қаржылай мәселелерді шешу мен әр салада қаржылай жетіспеушіліктердің алдын-алу мақсатында Германиядан алынған сыртқы қарыздардың басым бөлігі Дойче Банктен алынды. Ендігі кезекте, Осман неміс кәсіпкерлерінің Осман империясында өнеркәсіп өндірісіне қаржы салуына келсек, герман капиталистері 1895-1914 жылдар аралығында осман экономикасына 138 млн қаржы салды [24, 25 б.].

#### **Кесте. XIX ғасырда Осман империясының Германиядан ірі көлемдегі алған қарыздарының көрсеткіші**

Алған уақыты	Алынған қарыздың көлемі	Түрік лирасымен есептегенде	Жылдық пайызы	Брокерлер мен қарызды беруші қаржы топтары	Қарыз алудың себептері	Қарызды өтеу үшін белгіленген қаржы көздері
1888 жылы	1.650.000 герман маркасы	1.155.352 түрік лирасы	5 + 2	Дойче Банк	Германиядан әскери қару-жарақтар сатып алу үшін	Измирден жібек және балық саудасынан түсетін салықтан
1894 жылы	1.762.000 герман маркасы	1.260.600 түрік лирасы	4	Дойче Банк	Шығыста теміржолдар салу мақсатында	Румелия теміржолдарынан түсетін табыстан

II Вильгельмнің 1889 жылғы Осман империясына жасаған сапарынан соң, Осман империясындағы немістердің саны да арта бастады. Империялар арасындағы саяси байланыстардың жақсы деңгейде болуына байланысты, Германиядан Осман империясына немістер көптеп көшіп келді. Бұл кезде Осман империясындағы табиғи байлық көздері германиялық кәсіпкерлерді қатты қызықтырып, Осман империясына көшіп келген немістердің басым бөлігі кәсіпкерлер мен неміс жұмысшылары болды. Неміс кәсіпкерлері империя территориясындағы табиғи байлықты игеру мақсатында көптеген қаржы салып отырды. Сонымен қатар, мұндағы өзге де шикізат байлықтарын Германияға тасу мақсатында түрлі экономикалық қадамдар жасады. Осман империясындағы неміс кәсіпкерлерін барынша қызықтырған шикізат ол Жерорта теңізінің жағалауындағы аудандарда өндірілген мақта болды. Сонымен бірге Анадолыдағы ауыл шаруашылығы өнімдері немістерді өзіне тартты [25, 47 б.].

Герман экономикасы уақыт өткен сайын қарыштап дами берді. Неміс экономикасының бұлай тез дамуы өзге еуропалық мемлекеттерді қатты алаңдатты. Еуропалық мемлекеттер Германиямен сыртқы



экономикалық жобалар жасауға ниеттілігін білдіріп отырды. Алайда, өз экономикасының негізін османдық Шығыстан іздеген неміс экономистері мен кәсіпкерлері герман үкіметін Осман империясымен жақындасу қажеттігін алға тартты. Бұл жағдай, Осман империясын өзінің сыртқы саясаттағы сенімді серігі етуге тырысқан герман үкіметін Осман империясына тағы да саяси сапар ұйымдастыруға итермеледі. Соның негізінде 1898 жылы герман императоры II Вильгельм Осман империясына кезекті іссапарын ұйымдастырды. Бұл іссапардың негізгі мақсаты негізінен саяси мақсаттарға бағытталып, сонымен бірге ішкі-сыртқы экономикалық жоспарларды да жүзеге асыруға бағытталды. 1898 жылы герман кайзері II Вильгельмнің Осман империясына жасаған кезекті сапары барысында Герман империясының билеушісімен бірге Осман империясына келген герман кәсіпкерлері мен осман үкіметінің адамдары арасында түрлі экономикалық жобалар қабылданды. II Вильгельмнің осы сапарынан кейін екі мемлекет арасындағы сауда байланыстары одан сайын артып, көптеген экономикалық жобалар жүзеге асырыла бастады.

Бұл кезде Германия мен Осман империясы саяси, экономикалық, әскери саладан бөлек әлеуметтік салада да байланыс орнатты. Осыған орай, Германиядан Осман империясына көшіп келушілердің қатары барынша арта түсті [25, 59 б.]. Германиядан көшіп келген неміс кәсіпкерлері Осман империясында мектеп, аурухана, дәріхана, жоғары оқу орындарын, әлеуметтік қамсыздандыру орталықтары мен денсаулық сақтау мекемелерін салды. Сонымен бірге мәдени салада жұмыстар атқарылып, неміс тарихшы ғалымдары мен археологтары Осман империясының тарихын зерттеп, оны Берлин музейіне жөнелтіп отырды [26, 63 б.].

II Вильгельмнің 1898 жылы жасаған саяси сапарының ең маңызды экономикалық тақырыптарының бірі Берлин-Бағдат теміржолын салу туралы және бұл теміржолдың Дойче Банктің қаржылай қолдауымен құрылған Анадолы теміржол компаниясының салатынын жариялауы болды. Кайзердің 1888 жылы Осман империясына жасаған алғашқы сапарынан соң, бұл компания Хайдарпаша-Измит, Анкара-Эскишехир-Конья бағыттары бойынша теміржол салуға рұқсат алған болатын. Ал, кайзердің екінші сапарынан кейін Анадолы теміржол компаниясы Берлин-Бағдат теміржолы деген атпен танылған болат жолды Стамбулдан Бағдатқа дейін салып бітіруді өз міндетіне алды.

Берлин-Бағдат теміржолы жобасының жүзеге асырылуының Осман империясы үшін де, Германия үшін де экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Салынатын теміржолдың Осман империясы үшін басты экономикалық маңыздылықтары мынадай болды:

1. Теміржолдың салынуы Осман империясында өнеркәсіптің дамуына жағдай жасайтын болды. Герман кәсіпкерлері Осман империясында жаңа және заманауи өндіріс орындарын ашып, соның негізінде [26, 40 б.] Осман империясынан шығатын дайын шикізат өз елінде өндірілетін болды.

2. Теміржол байланысы екі мемлекет саудагерлерінің алыстағы сауда базарларына барып сауда жасауына кең мүмкіндіктер тудырды және жалпы халықаралық сауданы дамытуға өз үлесін қосатын болды. Бұл жағдай мемлекетте өндірілген өнімнің артығының шетелде саудалануына жағдай жасады. Өндірушінің де үкіметтің де қаржы-экономикалық ахуалының жоғары деңгейде болуына жағдай жасайтын болды.

3. Осман империясының тек Германиямен ғана емес, сонымен бірге Батыс Еуропаның өзге де елдерімен сауда жасау мүмкіндіктері кеңейтілетін болды.

4. Теміржолдың маңызды тұстарының бірі Осман империясы Германиямен экономикалық байланыстарды одан сайын арттыратын болды. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан қандай болмасын қажетті материалдардың Стамбулға жылдам уақыт ішінде жеткізуге үлкен мүмкіндіктер туындады.

5. Теміржол арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажет болған құралдар мен түрлі бұйымдар ешбір кедергісіз жеткізілетін болды. Осман империясында салынатын өндіріс ошақтарын қажетті жабдықтармен тез қамтамасыз ету және қажетті мамандарды жылдам тарту мүмкіндіктері туындады [27, 44 б.].

Келесі кезекте, Берлин-Бағдат теміржолының Герман империясы үшін экономикалық маңыздылықтарына тоқталсақ:

1. Осман империясына немістердің санын арттыруға кіріскен кайзер II Вильгельм өндіріс пен өнеркәсіп саласында Осман империясымен тығыз байланысып, империяның осы салаларын өзіне тәуелді етуге тырысты.

2. Күн сайын өркендеген герман өнеркәсібі үшін Осман империясы үлкен шикізат жеткізуші күш еді. Таяу Шығыста мұнай мен өндіріс үшін қажетті шикізат сарқылмас қоры бар екендігін түсінген Германия

үшін Берлин-Бағдат теміржолының экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Мұндағы мұнай мен басқа да шикізат көздері осы теміржол арқылы үздіксіз тасымалданатын болды.

3. Суландыру жұмыстары мен оның технологиясын жетік білген немістер Анадолы мен Осман империясының басқа да провинцияларында егіншілікті дамыту үшін суландыру жұмыстарының заманауи жаңа жобаларын орнату ісімен де шұғылданды. Мұндағы басты мақсат, салынғалы отырған теміржол арқылы Германияға қажетті болған ауылшаруашылығы өнімдерін тасымалдау болды.

4. Теміржолдың, Осман империясының Шығыс территорияларында өндіріс орындарын салуда және ол жаққа арнайы мамандар мен техникаларды аз уақыт ішінде жеткізуде маңыздылығы өте зор болатын болды [28, 18-20 бб.].

5. Теміржол арқылы Германияда жұмыс істейтін кәсіпорындарға Осман империясынан арзан жұмысшы күшін жылдам тасымалдау Германияның басты жоспары жоспарларының бірі еді.

Берлин-Бағдат теміржолы Осман империясы мен Германия арасындағы ең ірі саяси және экономикалық жоба болды, оның құрылысы XIX ғасырдың аяқ шенінде басталып, XX ғасырдың басында аяқталды. Екі мемлекеттің арасында салыстырып қарағанда, бұл жолдың Германия үшін экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Себебі, XIX ғасырдың соңғы жылдары мен XX ғасырдың басында Германия бұл жол арқылы Осман империясының Шығыс провинцияларынан өзіне қажетті шикізат көздерін мейлінше тасымалдады. Оларды өндіріп, сол арқылы өз экономикасын одан сайын байытты. Германияның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында экономикалық даму жағынан әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынды, [29, 24 б.] ал Еуропада бірінші орынды иеленуінде Бағдат теміржолының маңыздылығы өте зор болды. Берлин-Бағдат теміржолының Осман империясына тигізген экономикалық көмегінің ең маңызды тұстарын көрсетсек, бұл жол арқылы империяға Германиядан өндіріс орындары көшіп келді. Бұл жол Осман империясының тарихында өндіріс саласын дамытуға ерекше серпін берді. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажетті құрал-жабдықтар тасымалданып, нәтижеде осман провинцияларында зауыттар мен фабрикалардың салынуына жағдай жасады. Бір ерекшелігі, империяда мұндай экономикалық процестер теміржол арқылы өте тез және жылдам жүргізілді. Бағдат теміржолының Осман империясы үшін экономикалық маңыздылығымен қатар, саяси, әскери және әлеуметтік салада маңыздылығы өте зор болды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде, яғни Құлдырау дәуірінде Осман империясы мен Германия арасындағы экономикалық байланыстар тарихына қатысты ғылыми тұжырымдарды қорытындыласақ, аталған кезеңде Германия экономика саласында Осман империясымен байланыс орнатқан бірден-бір мемлекет болды. Империялар арасындағы тығыз экономикалық байланыстар екі мемлекетті тек саяси салада ғана емес, сонымен бірге экономикалық салада да одақтас етті. Осман-герман экономикалық қатынастарының екі мемлекет үшін маңызы да өте зор болды. Германия Осман империясынан сатып алынған шикізатты өңдеп халықаралық базарларға шығарудан зор пайдаға кенелді. Арзан шикізатпен өндіріліп, қымбатқа сатылған өнімдер герман экономикасына зор үлес қосты. Ал, Осман империясында экономика саласында модернизациялау процестері орын алды. Империяда өндіріс орындары салынды. Мемлекет экономикалық дамудың басқа кезеңіне өтті. Осман империясы мен Германияның экономикалық қатынастарының өзге еуропалық мемлекеттерден басты ерекшелігі Осман империясы мен Германия арасындағы экономикалық қатынастар өте жылдам қарқынмен жүргізілді. Осман империясы мен Герман империясының экономикалық қатынастарында орын алған мұндай экономикалық процестердің нәтижесінде екі мемлекет одақтас болып ол I Дүниежүзілік соғыстың аяқталуына дейін жалғасты. Сонымен қатар, Осман империясы үшін Германиямен экономикалық байланыстардың саяси маңыздылығы да ерекше болды. Осман империясы Германиямен экономикалық қатынастар нәтижесінде өзінің саяси және әскери тұрақтылығын нықтап, соның салдарынан халықаралық қатынастарда өз беделін қайта көтерді. Экономикалық байланыстардың негізінде Германиядан алынған мұндай саяси және әскери қолдаудың нәтижесінде Осман империясы XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында сыртқы саясатта орын алған ірілі-ұсақты мәселелерді оңай шешіп отырды.

1. *Manfred Görtemaker. Deutschland im 19. Jahrhundert. Entwicklungslinien. Opladen 1983, s. 399*

2. *Önder Deniz, Hüseyin Vehbi İmamoğlu. // Osmanlı-Alman Ticari İlişkilerinin Niteliksel Analizi: 1890 Ticaret Anlaşmasının Öncesi İve Sonrası The Journal of Academic Social Science. 2014. № 30, s. 337-355,*

3. *Gerhard Herm: Der Balkan. Das Pulverfaß Europas. Econ Verlag GmbH, Düsseldorf/Wien/New York/Moskau 1993, s. 336*

4. Paul Kennedy. *Aufstieg und Fall der großen Mächte: Ökonomischer Wandel und militärischer Konflikt von 1500 bis 2000*. Frankfurt. 2000. s. 976
5. Enver Ziya Karal, *Osmanlı Tarihi*, C. VIII, TTK, Ankara, 2011, s. 631
6. Paul Rohrbach, *Die Bagdadbahn*, Berlin 1911. s. 90
7. BOA. (Başbakanlık Osmanlı Arşivi – Түркия Республикасы премьер министрлігінің құзіретіндегі Османлы мұрағаты) Y.A.HUS, 223/47, 19 B 1306
8. Önsöy Rıfat, *Türk-Alman İktisadi Münasebetleri (1871-1914) İstanbul*, Enderun Kitabevi 1982, s. 141
9. Wiedenfeld Kurt, *Die deutsch-türkischen Wirtschaftsbeziehungen und ihre Entwicklungsmöglichkeiten*, München: Duncker & Humblot. 1915. s. 80
10. Ali Gözeller, *Osmanlı-Alman Yakınlaşmasının Basına Yansıması: Sabah Gazetesi Örneği (1889–1895)*, MÜTAE, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, İstanbul, 2005, .
11. Lothar Rathmann, *Berlin-Bagdad: die imperialistische Nahostpolitik des kaiserlichen Deutschlands*. 1962. сmp. 141
12. Hakan Aykar, *Bismarck ve II. Wilhelm'in Osmanlı Üzerine Düşünceleri*, Muğla Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Muğla, 2003, s. 115
13. Savrul Kılınc, Burcu, Özel, Hasan Alp, Kılıç, Cüneyt, “Osmanlı'nın Son Döneminden Günümüze Türkiye'de Dış Ticaretin Gelişimi”, *Girişimcilik ve Kalkınma Dergisi*, 8(1), 2013, s. 58.
14. Yakup Kepenek, Nurhan Yentürk, *Türkiye Ekonomisi*, 17. Basım, Remzi Kitabevi, İstanbul, 2005, s. 616
15. BOA. Y.MTV, 221/150, 27
16. BOA. Sabah, Nr: 470, 6 Ca 1308
17. BOA. İ.DH, 1210/94738, 09 Ca 1308
18. BOA. Y.A.RES, 52/4, 08 M 1308
19. BOA. Y.A.HUS, 249/8, 01 Z 1308
20. Adem Anbar, “Osmanlı İmparatorluğu'nun Avrupa'yla Finansal Entegrasyonu: 1800-1914”, *Maliye Finans Yazıları*, Yıl: 23, Sayı: 84, Temmuz 2009, s. 23-27
21. BOA, ŞD., 1192/16, 19/C/1309 (M. 19.01.1892).
22. *Denkschrift zum Deutsch-Türkischen Handelsvertrag von 1890*, Reichstagsdrucksachen, Nr. 170, 8. Legislaturperiode, 1890-1893, S. 127.
23. Edward Mead Earle. *Turkey, the great powers, and the Bagdad Railway: a study in imperialism* Charleston. Nabu Press 2010, 390 p.
24. Adem Anbar, “Osmanlı İmparatorluğu'nun Avrupa'yla Finansal Entegrasyonu: 1800-1914”, *Maliye Finans Yazıları*, Yıl: 23, Sayı: 84, Temmuz 2009,
25. Fahri Türk, *Türkiye ile Almaya Arasındaki Silah Ticareti 1871-1914*, IQ Kültür Sanat Yayıncılık, İstanbul, 2012. s. 299
26. Sean McMeekin. *The Berlin-Baghdad Express: The Ottoman Empire and Germany's Bid for World Power*. Harvard University Press. p. 490
27. Wallach Jehuda L., *Anatomie einer Militärhilfe*, Düsseldorf, 1976, s. 284
28. Karl Von Winterstetten, *Berlin-Bagdad; neue Ziele mitteleuropäischer Politik*, A. von Winterstetten. München J.F. Lehmann. 1914. s. 80
29. Stolper Gustav, *Deutsche Wirtschaft 1870-1940*, Stuttgart, 1950, s. 180

**Некоторые направления экономических отношений между Османской империей и Германией (последняя четверть XIX в.).  
Абдукадыров Н.М. Толешбеков М.Р.**

**Аннотация**

В данной статье рассматриваются основные направления экономических взаимоотношений Османской империи с Германией в последней четверти XIX века. В этом периоде между Османской империей и Германией были установлены тесные экономические отношения (по секторам торговля, банк, аграрный, финансы, кредит и т.д.). Экономические взаимоотношения между двумя странами поднялись на более высокий уровень, и этот фактор сделал большой вклад в развитие экономики и внешней политики Османской империи. В научной работе анализируется установление, укрепление и результаты экономических связей Османской империи с Германией. А также, изучение экономических и политических важности экономических связей для Османской империи, является одним из основных

целей статьи. Определение экономического климата двух империи и их роль в международной экономике, является одним из важных объектов научной статьи.

**Ключевые слова:** Османская империя, Германия, Экономика, Финансы, Кредит.

### Summary

#### Some directions of economic relations between the Ottoman Empire and Germany (The last quarter of 19th century)

**Abdukadyrov N.M. Toleshbekov M.R.**

This article discusses the main directions of economic relations between the Ottoman Empire and Germany in the last quarter of XIX century. During this period between the Ottoman Empire and Germany were established close economic relations (trade sector, banking, agriculture, finance, credit, etc.). The economic relationship between the two countries rose to a higher level, and this factor made a big contribution to the economy and foreign policy of the Ottoman Empire. The article analyzes the establishment and strengthening of economic relations and the results of the Ottoman Empire with Germany. In addition, the study of economic and political importance of economic ties to the Ottoman Empire is one of the main goals of the article. Determination of the economic climate of the two empires, and their role in the international economy, is one of the important objects of the article.

**Keywords:** The Ottoman Empire, Germany, Economy, Finance, Credit.

УДК 295 - 016

#### О ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ В НЕМЕЦКИЕ КОЛОНИИ ПО МАТЕРИАЛАМ КОЛОНИАЛЬНЫХ ЖУРНАЛОВ И ПУБЛИЦИСТИКЕ ГЕРМАНИИ

**Вальдемар Шмидт** - магистр истории Университет Регенсбург, Германия

В статье рассмотрены вопросы связанные с колониальными журналами и немецкой публицистики, в которых нашли отражение вопросы переселенческой политики Германии в ее колониальные владения. Автор попытался показать различные аспекты в формировании взглядов на саму проблему переселения немцев в колонии Германии. В основном эти проблемы раскрыты на примере колонизации одной из крупнейших колоний кайзеровской Германии немецкой Восточной Африки

**Ключевые слова:** колониальные журналы и публицистика, Восточная Африка, буры, политика переселения, колонии Германии

Рассмотрение и исследование вопросов связанных с развитием колониальной экспансии Германии перед началом Первой мировой войны, невозможно без анализа периодической печати и публицистики того времени (журналов, газет, ведомственных сообщений), в которых прежде всего нашли отражение вопросы организации переселенческой политики Германии в приобретенные колониальные владения. К сожалению нужно констатировать, что содержание многих журналов публиковавших материалы отражающие вопросы переселенческой политики Германии в колонии практически не исследованы. К тому же исследование этой проблемы интересно прежде всего тем, что на основе содержания опубликованных материалов освещающих колониальную политику Германии, можно проследить этапы в развитии различных общественных мнений на саму проблему колониальной и переселенческой экспансии Германии в колонии.

Надо подчеркнуть, что по данной теме имеется полная библиография колониальных журналов, которая опубликована в работе Петера Юнге. Данная работа интересна тем, что в ней автор разработал определенную классификацию колониальных журналов по группам. К первой группе исследователь относит следующие журналы: Ведомственные известия, атласы, различные сообщения о деятельности колониальных обществ; вторую группу составляют журналы научного характера - это прежде всего информационные журналы, календари и ежегодники, журналы религиозных миссий, а также газеты.[1]

Большинство журналов, которые касались вопросов переселения из Германии в ее колониальные владения относятся к информативным журналам, рассчитанным на широкий круг читателей. К этому типу журналов нужно отнести прежде всего: «*Deutsche Kolonialzeitung*», «*Koloniale Zeitschrift*». Другая группа журналов относилась к строго научным печатным изданиям: «*Beiträge zur Kolonialpolitik, Kolonialrecht und Kolonialwirtschaft*», а также «*Koloniale Monatsblätter*» и строго научный журнал «*Jahrbuch über die*

*deutschen Kolonien*». Помимо этого имелись специальные журналы информативного характера непосредственно для переселенцев желающих переселиться в колонии: «*Deutsche Kulturpionier*», который был ориентирован на молодых мужчин желающих переселиться, а также был специальный журнал для женщин «*Kolonie und Heimat*».

Специальная литература, по вопросам переселения в немецкие колонии не многочисленна. В большинстве своем во многих публикациях на колониальную проблематику дается только лишь информация общего характера. Однако среди многообразной литературы посвященной колониальному прошлому Германии имеется ряд интересных исследований, которые непосредственно отражают вопросы переселения в колонии. К числу таких исследований следовало бы в первую очередь отнести работу Удо Каулиха, в которой дан профессиональный анализ имперской политики в немецкой Юго-Западной Африке. Причем очень глубоко исследованы вопросы о колониальном управлении, экономическом состоянии этой колонии, о мероприятиях по переселению и заселению этой территории, деятельности религиозных миссий и вопросы ее финансирования. [2] Тема миграций рассмотрена в книге Клауса Баде, в которой автор исследовал общие вопросы переселения. [3] Хотелось бы отметить работу Бирты Кундрус, в которой автор рассматривает целый ряд вопросов о развитии колониальных взглядов. [4]. Здесь перечислены более значимые работы немецких авторов по вопросам колониального прошлого Германии и ее переселенческой политике.

**Шоқатова А.Қ.** - *ал Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант, тарих, археология және этнология факультеті, Email: aisek85@mail.ru*

**Беделова Г.С.** - *ал Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент, тарих, археология және этнология факультеті, Email: bedelova\_g.77@mail.ru*

Мақалада VII-VIII ғасырлардағы Авар қағанатының ішкі жағдайының кейбір мәселелері қарастырылады. Дүниежүзі тарихында VI-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа даласына Халықтардың Ұлы қоныс аударуының әсерінен, Карпат өңірінде шамамен екі жүз елу жылдай уақыт өмір сүрген аварлар мықты саяси билікті иемденген болатын. Авар қағанатын құрушылар мен олардың құрамына енген тайпалар, одақтың тарихы жайында ешқандай мемуар немесе жазба ескерткіштер, құжаттар т.б. сияқты мәліметтерді қалдырмаған. Соған қарамастан, жазба деректер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, VII-VIII ғасырлардағы Авар қағанатының ішкі жағдайын қарастыру әлем тарихының ақтандақ беттерін толықтыруда өте маңызды болып табылады. Ғұн империясының ізін жалғастырушы Авар қағанаты түркі тайпаларының бір тармағы бола отырып, әлем тарихында өзіндік із қалдырған қағанат болды.

**Тірек сөздер:** аварлар, Авар қағанаты, ішкі саясат, түркі тайпалары

Дүниежүзі тарихында VI-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа даласына Халықтардың Ұлы қоныс аударуының әсерінен, Карпат өңірінде (қазіргі Орталық Венгрия, Трансильвания) шамамен екі жүз елу жылдай уақыт өмір сүрген аварлар мықты саяси билікті иемденген болатын. Авар (avaris avares) қағанатын құрушылар мен олардың құрамына енген тайпалар, одақтың тарихы жайында ешқандай мемуар немесе жазба ескерткіштер, құжаттар т.б. сияқты мәліметтерді қалдырмаған. Қазіргі таңда жоғалып кеткен халықтардың қатарына жатқызуға болады. Соған қарамастан, жазба деректер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, VII-VIII ғасырлардағы Авар қағанатының ішкі жағдайын қарастыру әлем тарихының ақтандақ беттерін толықтыруда өте маңызды болып табылады.

Отандық тарих ғылымында Еуразия мен Еуропаның ерте дүние кезеңінен орта ғасырларға көшу дәуірінің мәселелері Қ.Т. Жұмағұловтың еңбектерінде қарастырылады. Халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысын ғұн тайпа ұйымының тарихымен байланыстыра отырып, ғалым орта ғасырлар тарихының жаңа дәуірлеуін дәлелдейді. Зерттеуінде автор бірсыпыра латын, грек, неміс т.б. тіліндегі жазба деректермен бірге археологиялық, этнологиялық, лингвистикалық материалдарды кеңінен қолданып, еңбектерін қазақ, орыс, неміс тілінде шығарады [1].

Аварлар Шығыс Еуропа даласында, біздің жыл санауымыздың VI ғасырында қалыптасып, авар атты қағандық құрып, үлкен саяси одаққа айналды. Авар қағанатын құрушылар Еуропа мемлекетінің тарихына өзінше ықпал етті. Ақырында қағандық ыдырап жергілікті халықтармен ассимиляцияға ұшыраудың нәтижесінде IX ғасырда тарих сахнасынан кетеді.

VI-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа даласына қоныс аударып барған аварлар жергілікті халықтың тек қана этникалық құрамын өзгертіп қана қоймай, олардың қоғамдық өміріне, тұрмыс салттарына, әскери тактикасына бірқатар өзгерістер енгізді. Олар ғұн дәстүрін жалғастырушы болғанымен, ғұндар сияқты ірі держава дәрежесіне жете алмады. Дегенмен де, Авар қағанаты өз заманында ірі тайпалық одақ құрып, Шығыс Еуропаның бірнеше тайпаларын өзіне бағындырып, Византия империясының ішкі және сыртқы жағдайларына өз әсерін тигізді. Аварлар славян тайпаларын өзіне тәуелді етіп, тіпті олардың бір тармағы шығыс славян – анттарды тарих сахнасынан жоғалтып жіберген деген мәліметтер Византия жылнамаларында айтылады. Аварлар әр түрлі тайпалардан құралған одақ болды. Деректер мен археологиялық мәліметтер бойынша аварлар Шығыстан яғни Орта Азиядан шыққан тайпалар. Яғни Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыстарды жандандырушы, материалдық және рухани құндылықтарды синтездеуге әкеп соқтырушылар болды.

VI ғ. ортасында қоныс аударудың барысында түркі Авар тайпа одағы Еуразияның шығыс аймақтарынан батысқа өтіп, бұған дейін Ғұн державасының болған территориясына барып орналасады. Авар қағанатының билік түрі жайында деректер, монархиялық билік тек лонгобардтарда және түркілерде, сонымен бірге аварларда болды дейді. Яғни Авар қағанатында монархиялық биліктің, әкеден балаға мұра ретінде берілгендігін байқаймыз.

Мәліметтерге қарағанда авар тайпалық одағында ерекше басқарушы рөлді «Вархонит» (Uarchonotae) тайпасы атқарған. Яғни вархониттер руынан негізінен ақсүйектер шыққан. Оларға бағынатын бірнеше тайпалар, соның ішінде гепидтерді (герман тайпасы, кезінде ғұндарға бағынышты болған), өздерінің құлдары ретінде есептеп, жиі-жиі алым жинап отырған. Алым ретінде көбінесе азық-түлік, жер

шаруашылығынан шығатын өнімдердің жартысын жинаған. Мысалы, Франк қолбасшысы Сигибертті тұтқыннан босатып алу үшін аварларға ұн, жемістер, қой және өгізді төлем ретінде төлеген. Менандр осы мәселені жобалап былай дейді: аварлар гепид тайпасынан барлық төрт түлік малдың онан бір бөлігін талап еткен, олар лангобардтармен одақтасып гепидтерді жеңгеннен кейін, түскен олжаның жартысын және бүкіл гепид жерін талап еткен [2].

Авар қоғамының қоғамдық қатынастары яғни, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен шаруашылығы жайында деректер өте аз. Сондықтан қағанаттың ішкі қоғамдық қатынастары жайында басты мәліметті, археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған, молалар мен қоныстардың қалдықтары береді. Зираттардан табылған заттар, авар қоғамында теңсіздіктің болғанын дәлелдейді.

Аварлардың қоғамдық қатынастары рулық-тайпалық дәстүрде болды. Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконына тоқталсақ төмендегідей мәліметтерді келтіруге болады: Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Псевдо Маврикий жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. «Олардың саяси қатынастарына келе, автор қағанның билігін ерекше айтады [3]. Ғұндардағыдай [4], аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақ пен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған да, олар ат үстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен баудай түсіретін. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найзадан тұрған. Сондықтан да аварларға көптеп төтеп беру үшін, оларға қарсы атты әскермен шығу керек. Аварларға жайылымды жер бермеудің жолын іздестірген дұрыс себебі олар аттарынан басқа, өздерімен бірге басқа да көптеген мал түрлерін айдап жүреді» Псевдо Маврикий [3, 45с.].

Қағаннан кейін – тудын тұрды, олар елдің бір бөлігін және югурдің билеушілері болса керек. Қағанның тапсыруы бойынша қағанатта салық жинаушыларды тархандар деп атап – олар ақсүйектер болуы мүмкін. Иерархиялық баспалдақ бойынша тархандардан төмен қарай – тайпа мен ру көсемдері тұрды. Тайпа мен ру көсемдеріне қатысты (Сентэндрде, Бочеде, Кунсентмиклош – Бабонда т.б.) жерлерден, археологиялық қазба кезінде қабірлерден табылған құрал-саймандар әртүрлі заттар дәлел бола алады.

Авар қоғамының жартысынан көп бөлігі, жауынгерлерден тұрған. Оған археологиялық қазба жұмысы кезінде қабірлерден көптеген қарулардың табылуы дәлел болады. Қабірлерде жауынгермен қоса қару жарағын бірге жерлеу, ертеден келе жатқан наным сенім. Яғни, о дүниеде де керек болады деген ұғым. Авар дәуірінің зираттарын қару жараққа бай деп те айтуға болады. Көбінесе қымбат бағалы заттар, жайдан-жай жауынгерлердің зиратынан табылмайды, ол мүмкін әкеден балаға мұра ретінде берілуі мүмкін. Қабірлерде садаққа толы қорамсақ табылмаған (тек жалғыз – Боче қабірінде көсем жерленген мәйітте ғана толы қорамсақ табылған). Көбінесе садақтың саны оннан аспаған. Шамасы әр садақ еркін он жауынгердің билеушісін білдіретін нышаны болса керек – себебі, авар әскерінің ұйымы Азиялық бойынша ондық жүйемен құрылды.

Аварлар басқа көшпелі халықтар сияқты классикалық құлдық институтын білмеді. Бірақ, жазба деректердің мәліметтері бойынша, оларда құлдық болған. Таптық қатынас жаңадан қалыптаса бастаған болатын.

Шығыс Еуропа даласына келіп қоныстанған аварлардың негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болған. Археологиялық мәліметтер бойынша қазіргі Венгрия мен Дунай өзені бойында аварлардың отыз жеті қоныстарының қалдықтары табылған, олар жартылай жерге көмілген үйде тұрған, бұл құрылыстың қабырғасы ағаштан тұрғызылған және ішінде пеші бар. Яғни, ауыл іспеттес топтасып қоныстанған үйлерге қарап, олардың жартылай көшпелі, жазғы жайылымдардан кейін қыс мезгілінде мал-жандарымен келіп қыстап шығатын деп тұжырымдауға болады. Аварлардың экономикалық негізі мал шаруашылығы болғандықтан, көктемнен күзге дейін киіз үй сияқты тез жиналатын құрылыстарда тұрған. Көшпелі малшылар ретінде өздерінің экономикалық қорын жаугершілік арқылы толықтырып отырған.

Олардың шаруашылық өмірінде негізгі рөлді жылқы малы атқарған. Бұған дәлел, қазба жұмысы кезінде көп жылқы сүйегі табылған. Жылқы сүйектерін зерттеу барысында, бұл аттардың шығыс тұқымынан шыққандығы – жылдам жүргіш, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған. Дәл осы жылқыларды ерте орта ғасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған.

Авар қолөнершілері әртүрлі заттарды жасауда өз заманының технологиясын жетік меңгерген. Айталық қышты күйдіріп әртүрлі құмыралар жасаған, сондай-ақ темір өндіруді жақсы білген оны дәлелдейтін Венгрия территориясынан домна пештердің қалдықтары табылған.

Авар қоғамында заманның талабына сай тауар қатынасы жақсы дамыған. Тауар өндірісі тек өздерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында емес, сонымен қатар айырбаста болған. Оны дәлелдейтін

кабырлерде шеттен келген заттардың көптеп табылуы. Айталық, алтыннан, күмістен және қоладан жасалған әшекей бұйымдарды (сырға, блезік, жүзік, әр түрлі әйнек моншақтар, жібек материалдарын тағы басқа бағалы заттарды) аварлар сатып немесе малға, жылқыға, былғарыға және жүнге айырбастап отырған.

Авар қағанатын құрушылар жазу сызуды білген. Археологиялық мәліметтер бойынша аварлар руникалық жазуды білген, мысалы: жамандықтан сақтану үшін, әртүрлі жалбарынуларды шимақтап ойып жазған және әр түрлі таңба белгілері сақталған. Бірақ осы жазу, хат немесе әдеби жылнамаларды жазуда пайдаланды деген мәліметтер жоқ.

Діни-наным сенімдері жайында жазба деректерде мәліметтер өте аз. Авар қағанатын құрушылар түркі тайпасы болғандықтан пұтқа, тәңірге табынушылық басым болған. Зираттар мен молалардағы заттарды зерттей отырып, олардың дүниені жер беті және жер асты деп екіне бөлгенін байқауға болады. Кейін VIII ғ. христиан діні тараған. Қазба жұмыстары кезінде табылған әшекей бұйымдарындағы аң үлгісіндегі орнаменттер-фетишизмнің нысаны болса керек, бұл аң суретін салу, олардың Азиядан шыққанын тағы да бір дәлелдей түседі. Жазба деректерде аварларды өте өнерлі, керемет кілемдер мен маталарды тоқушылар дейді. Өкінішке орай бұл заттардың қалдықтары қазба кезінде табылмаған, оның есесіне сүйектен, мүйізден, темірден әртүрлі бұйымдар мен қаруларды жасаған. VII-VIII ғғ. Авар қағанатының ерікті жауынгерлері қайыстан жасалған белбеулер тағатын болған, осы белбеудің ұшы темірден құйып, әртүрлі өрнектер мен аң суреттерімен әшекейлеген.

Авар дәуірінің үлкен жаңалығы, олардың қабірлерінен ат әбзелдері, соның ішінде темірден жасалған үзеңгінің табылуы болды. Үзеңгілер күміспен жалатылып, аң бейнелерімен безендірілген.

Кейбір орыс ғалымдары, славян тайпалары авар қағанатына бағынбады деген сияқты бұрмаланған тұжырымдарын айтуда, бұл дұрыс емес. Жазба дерек мәліметтері бойынша Тисс өзенінен шығысқа қарай орналасқан славян тайпалары, Авар қағанына тәуелді болғанын айқын жазады. Сонымен қатар, басқа да Еуропа тайпалары қағанатқа бағынышты болған. Осындай қарқынды дамып, көптеген жетістіктерге жеткен Авар қағанаты, өзінің құлдырау кезеңін басынан өткізеді. Ішкі саяси жағдайлардың шиеленісуі, қағанат ішінде христиан дінінің таралуы керісінше әсерін тигізді. Еуропада Франктердің күшейіп, Ұлы Карлдың жаугершілік соғыстарының барысында, Авар қағанатына күйрете соққы беріледі. Ұлы Карлдың саясатын оның баласы жалғастырып, қағанаттың орталығына «Хринг жүйесіне» шабуыл жасап, біржолата оларды құлатады. «Хринг» Авар қағанатының Еуропа даласын екі ғасырдан астам билеп төстеген орталығы болған. «Хринг жүйесінің» құрылысына қарап Авар қағанатында басқарушылық аппараттың, ірі саяси орталықтың болғанын байқаймыз. Яғни, авар мемлекетінің негізі қаланғанын дәлелдеп береді. Тоғыз дуалмен қоршалған ірі бекініс Авар қағанатының астанасы, тіпті Баянның резиденциясы болған деген де мәліметтер бар. Сондықтан өз заманында ірі қала бекініс салған аварларды варвар, тек мал шаруашылығымен айналысушы, тонаушылар деп айтуға болмайды.

Аварлардың көптеген жорықтарының сәтті болуы, Еуропа даласының саяси аренасында басты рөл атқаруына түрткі болған – әскери жағынан жақсы ұйымдастырушылығы, негізгі орында атты әскердің болуы және басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы. Аварлар заман талабына сай барлық қарудың түрлерімен жабдықталған, атап айтқанда жеңіл қарудан басқа қамал бұзатын ауыр техникалармен де қамтамасыз етілген.

Авар қағанаты ыдырағаннан кейін орнына болгар, хазар патшалықтары құрылып, түркі тарихын жалғастырады.

Сөзімізді түйіндей келе, Ғұн империясының ізін жалғастырушы Авар қағанаты түркі тайпаларының бір тармағы бола отырып, әлем тарихында өзіндік із қалдырған қағанат болды.

*1. Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлардың басындағы Еуропадағы халықаралық қатынастардың сипаты // ҚазҰУ хабаршы. Тарих сериясы. – 2003. -№1 (28). -44-51 бб.*

*Zhumagulov K.T. Orta gasyrlardyn basyndagi Europadagi halykaralyk katynastardyn sipaty.- KazUU Habarshysy, Tarikh seriyasy. - 2003. - №1 (28). 44-51 bb.*

*2. Menander Protector. Fragmenta /Ed. B.G. Nribuhur // Corpus Scriptorum Historiae Byzantiane. –Bonn, 1829. –Fr. 4 -312 s.*

*Menander Protector. Fragmenta /Ed. B.G. Nribuhur // Corpus Scriptorum Historiae Byzantiane. –Bonn, 1829. –Fr. 4 -312 s.*

*3. Стратегикон Маврикия / Издание подготовил В. В. Кучма. — СПб.: Алетейя, 2004. — 248 с.*

4. Жумагулов К.Т. Гунский союз племен в центральной Азии и Великое переселение народов на Евразийском континенте // *Евразия на стыке веков: Материалы международного симпозиума.* – Астана, 2002. С.190-202.

**А.К. Шокатова** - Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, PhD докторант. Республика Казахстан, г. Алматы Email: aisek85@mail.ru

**Г.С. Беделова** - Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, к.и.н., доцент, Республика Казахстан, г. Алматы

Email: bedelova\_g.77@mail.ru

#### **Некоторые проблемы внутреннего положения Аварского каганата в VII-VIII вв.**

##### **Аннотация**

В статье рассмотрены некоторые вопросы внутреннего положения Аварского каганата в VII-VIII веках. История Аварского каганата VI-VIII вв. - это часть тюркского мира и евразийской истории. В западной науке до сих пор отсутствует какое-либо подробное изложение истории этнических образований, пришедших с Востока в Европу в бурную эпоху масштабных переселений. Это касается и русскоязычной литературы, включая советскую медиевистику, где история гуннов и авар почти не освещалась. Поэтому мы можем и должны начать систематическое изучение давно назревших проблем истории тюркского мира, взаимодействия Востока и Запада. Прежде всего, это и история Аварского каганата, тюркоязычных авар, пришедших с глубин Азии и евразийских степей на места прежних гуннских поселений в Паннонии.

**Ключевые слова:** авары, Аварский каганат, внутренняя политика, тюркские племена

**A.K. Shokatova** - Al-Farabi Kazakh National University, PhD doktorant, Department of History, archeology and ethnology

Email: aisek85@mail.ru

**G.S.Bedelova** - Al -Farabi Kazakh National University, candidate of historical sciences, docent, Department of History, archeology and ethnology

Email: bedelova\_g.77@mail.ru

#### **Actual problems of the internal situation of Avar khanate in VII-VIII centuries.**

##### **Summary**

The issues of the internal situation of the Avar khanate in VII-VIII centuries were discussed. The history of Avar khanate in VI-VIII centuries is the part of the Turkic world and Eurasian history. In Western science there is still does not have any detailed account of the history of ethnic entities, which came from the East to Europe in the turbulent era of large-scale migrations. This also applies to the Russian-language literature, including the Soviet medieval studies where the history of the Huns and Avars almost not considered. Therefore, we can and must begin a systematic study of the history of long-standing problems of the Turkic world, the interaction of East and West. First of all, it is the history of the Avar Khanate, Turkic-speaking Avars, came from the depths of Asia and the Eurasian steppes to the site of the former Hun settlements in Pannonia.

**Keywords:** Avars, Avar Khanate, internal politics, Turkic tribes.

## САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

ӘОЖ 316.3(574-23)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА ДЕНГЕЙЛІ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ОРТА ТАПТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Н.Ж.Аманбеков** – *Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 6D050100- Әлеуметтану мамандығының PhD докторанты, nuraman83@mail.ru*

Осы мақалада Қазақстан Республикасының орта қалаларындағы әлеуметтік құрылымның трансформациясын анықтау жөніндегі эмпирикалық зерттеу жұмысы жүргізілген. Зерттеу жұмысының мақсаты - әлеуметтік құрылымның трансформациясын негізге ала отырып, орта қалалардағы өмір сүру деңгейі мен сапасын орта таптың қалыптасуымен байланыстыру.

**Түйін сөздер:** орта деңгейлі қала, орта тап, табыс деңгейі, білім деңгейі.

Әлеуметтік, экономикалық, саяси модернизациялық үдерістер еліміздің әр түрлі елді мекендерінде әлеуметтік теңсіздіктің жаңа түрлерінің қалыптасуы мен дамуына жол ашты. Жаңа әлеуметтік топтар, жаңа қауымдастықтар пайда болды, әлеуметтік құрылым трансформацияланды, нарықтық экономикаға бейімделуде тіршілік әрекетінің жаңа тәсілдері қалыптасты.

Сәтбаев (Қарағанды облысы), Балқаш (Қарағанды облысы) және Жаңаөзен (Маңғыстау облысы) сияқты орта деңгейлі монобейінді қалаларда жүргізілген эмпирикалық зерттеулер материалдарына байланысты жазылған мақалада қалалық жерлердегі салыстырмалы түрде орта деңгейлі әлеуметтік топтардың өмір деңгейі мен сапасын көрсетуге талпыныс жасалған.

Мақаланың зерттеу объектісі – орта деңгейлі монобейінді қала тұрғындары. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, қазақстандық қалалардың саны – 59 шағын қала (тұрғындар саны 50 мыңға дейін), 11 орта деңгейлі қала (тұрғындар саны 50 мыңнан 150 мыңға дейін), 15 ірі қала мен 2 мегаполис [1].

Қазақстан Республикасының монобейінді қалалары – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала [2].

Осы түрдегі қалалардың дамуындағы негізгі мәселелердің бірі инновацияларды енгізудің баяулығында, халықтың іскерлік белсенділігінің төмендігінде, қала құраушы кәсіпорынға тәуелділік себебінен жергілікті өзін-өзі басқарудың аз тиімділігінде, сонымен қатар халықтың көп бөлігінің тұрғылықты орнын, мамандығын ауыстыруға, қайта оқуға деген шамалы дайындығында жатыр. Алайда, монобейінді қалалар жоғары кәсіби, шығармашылық және білім деңгейі, дамыған көлік және коммуникациялық инфрақұрылымы, білімі жоғары еңбек ресурстарының жиынтығы зор, жиынтық адами капиталына байланысты әрі қарай даму үшін едәуір әлеуетке ие екенін атап кетпеуге болмайды.

Осы орайда, еліміздің алға қойған қысқа және орта, ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларын тез арада жүзеге асыра алатын, саяси тұрақтылықтың тізгінін ұстап тұратын, экономикалық, әлеуметтік, мәдени капиталдары жоғары әлеуметтік қауымдастықтар орта деңгейлі монобейінді қалаларда бар ма, болса олардың саны қанша, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасы қандай деген сауалдар жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Облыстық статистика агенттігінің мәліметтері орта деңгейлі қалалардың әлеуметтік-экономикалық қатынастарында сапалы өзгерістер болғандығын сипаттайды, кеңестік дәуірде белең алған біртұтас мемлекеттік меншіктің орнында алуан түрлі меншік иелері пайда болды, мысалы, 2014 жылдың 1 қаңтарында Балқаш қалалық әкімшілігі бойынша 526 іс әрекеттегі заңды тұлғалар тіркелген, оның 462 шағын бизнес, 59 орта бизнес, 5 ірі бизнес өкілдері. Сәтбаевте, сәйкесінше 212 шағын бизнес, 33 орта және 3 ірі бизнес іс әрекеттегі заңды тұлғалар тіркелген [3, 128 б.]. Жаңаөзенде – 600, 64 және 18 сәйкесінше. Жаңаөзенде әрекет етіп жатқан 682 заңды тұлғалардың 107 мемлекеттік және 575 жеке



меншік нысаны болып табылады. Осы макроэкономикалық өзгерістер жағдайында халықтың жұмыспен қамту саласында да өзгерістер орын алады, мысалы, Жаңаөзенде экономикалық жағынан белсенді халық саны ұлғайды, ол 2000 жылы – 32,5 мың адамды, 2005 жылы – 41,4 мың адамды, 2010 жылы – 45,1 мың адамды құрады. Экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 2000 жылы 27 мың адамнан 2005 жылы 40 мың адамға дейін, ал 2010 жылы 42,9 мың адамға дейін ұлғайды, өз-өзін жұмыспен қамтығандардың саны – тиісінше 0,3 мың адамнан 1,1 және 3,01 мың адамға дейін өсті [4, 104 б.].

Демек, аталған қалаларда жақсы жаққа өзгеріп келе жатқан, өмір деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық алғышарттар қалыптасуда. Бұл жағымды фактор. Сонымен қатар, белсенді, жасампаз әлеуметтік қауымдастықтардың дамуы мен сол тұрғылықты елді мекеннің шеңберінде тұрақтануына кері әсер ететін факторлар да жоқ емес.

Біріншіден, бұл – жұмыссыздық, мысалға, Өңірлік даму министрлігінің бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев айтқан деректер бойынша, республиканың жалпы көрсеткіштерімен салыстырғанда жұмыссыздықтың ең жоғарғы көрсеткіштері монобейінді қалаларда тіркелген. Оның үстіне, бұл қалалардың көбісінде экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігінен астамы өзін-өзі жұмыспен қамтыған санатқа жатады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жоғары деңгейі Қаратау, Арқалық, Жетіқара, Жаңатас, Күлсары қалаларында белгіленген [5].

Жұмыссыздықтың себептері негізінде келесі мәселелер жатыр: экономикалық (сала түрі, даму көрсеткіштері, нарықтың жалпы жағдайы, нарықтағы бәсекелестік деңгейі, қала құраушы кәсіпорын өнімінің тиімділігі, қала құраушы кәсіпорын негізгі өндірістік қорларының жағдайы және т.б.); демографиялық (енбек ресурстарының саны, жастық-жыныстық көрсеткіштер, қартаю дәрежесі); географиялық (өткізу нарықтарынан қашықтық); сыртқы (әлемдік ресурстық нарықтардағы жағдаят).

Екіншіден, қалалық тұрғын үй қорын көркейту жұмыстарының жабырқаулы күй кешуі, қалалық инженерлік жүйелердің техникалық жағдайы коммуналдық қызметтерді көрсетудің сапасын көтеруге мүмкіндік бермеуі. Мысалы, 2015 жылдың тамыз-қазан айларында өткен әлеуметтік зерттеудің өрістік кезеңінде автордың өз қолымен жергілікті әкімшілік органдарынан алған есептік мәліметтеріне жүгінсек, Балқаш қаласында тұрғын үй қорының тек 78% су құбырымен, кәріз жүйесі – 78%, 70% орталық жылу беру инфрақұрылымымен қамсыздандырылған. Көппәтерлі 572 тұрғын үйдің 140 үйі күрделі жөндеуді талап етеді. Тұрғын үй қорындағы ескі және апатты тұрғын үйдің үлесі 24% жеткен.

Жалпы айтқанда, қала ортасы жағдайының нашарлауы, жұмыссыздықтың белең алуы қоғамның әлеуметтік жүріс-тұрысының нашарлауына, нашарлық пен маскүнемділіктің қалыптасуы мен дамуына, сонымен қатар қалалардағы қылмыстың өсуіне әкеп соқты. Ал бұл мәселелер орта таптың дамуына кері әсер ететін факторлар болып табылады.

Зерттеу нысанына айналған қала тұрғындарын нақты бір әлеуметтік топқа жатқызу үшін әлеуметтанушылық ғылыми ортада кең таралған орта тапты сәйкестендірудің негізгі өлшемдерін қолдану абзал. Бұл ретте ғылыми айналымда орта тапты сәйкестендірудің негізгі өлшемдерін қолдануда үш тәсілдің пайдаланылатындығын атап өту қажет. Бірінші тәсіл салыстырмалы түрде жоғары тұтыну деңгейімен сипатталатын көпшілікті әлеуметтік субъект ретіндегі орта тап жайлы көпшілік арасында таралған ұғыммен байланысты, жан басына шаққандағы табыстың деңгейін және/немесе бағасы қымбат мүліктің белгілі бір жиынтығының болуын пайдаланады.

Екінші тәсіл орта тапты бөліп ажыратудың неовеберлік бағыт үшін дәстүрлі болып табылатын өлшемдерін (нақты кәсіби сипаттамалар, білім, мүліктік сипаттамалар, кейде оларға өзін-өзі сәйкестендіру қосылады) кешенді қолдану әрекетімен байланысты. Соған сәйкес орта тапты бөліп ажырату өлшемдері орта таптың мәдени деңгейімен, оның бірқатар ерекшеліктерінің болуымен байланысты сипатталады.

Үшінші тәсіл қазіргі орта тапты зерттеу академиялық қана емес, саяси мәнге де ие екендігімен байланысты. Осы тәсіл аясында орта таптың өлшемдерін айқындау кезінде басты екпін индивидтердің мүліктік немесе кәсіби емес, идентификациялық-психологиялық сипаттамаларына жасалады, себебі тап солар халықтың әлеуметтік жағынан өзін-өзі сезінуіне және әлеуметтік-саяси қылықтарына басым дәрежеде әсер етеді [6].

Біз мақала аясында осы аталмыш тәсілдердің арасынан екінші тәсілдің өлшемдерін пайдалануды жөн көрдік, оларға: табыс, шығыс деңгейі, жинақ көлемі, нақты кәсіби сипаттамалар, білім деңгейі, өзін-өзі сәйкестендіру.

Табыс деңгейі орта тапты сәйкестендірудің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Елімізде 2003-ші жылдан бастап негізгі экспорттық шикізаттардан түскен табыстың ұлғаюы салдарынан орын алған «экономикалық бум» республика халқының, әсіресе, кен өндіру өнеркәсібі бар орта деңгейлі қала тұрғындарының табыс және шығыс құрылымына өзгерістер енгізгені сөзсіз. Бірақ статистика агенттігінің статистика қоры қала тұрғындарының табыс және шығыс деңгейін тек облыстың қалалық жерлер бойынша орташа көрсеткіштерін беру себебінен нақты зерттеу нысанына айналған орта деңгейлі қала тұрғындарының табыс деңгейін анықтау мүмкін емес. Сондықтан эмпирикалық зерттеу барысында біз респонденттерге «Сіздің отбасыңыздың негізгі табыс көздерін атап шығыңыз?» деген сауал қойған болатынбыз. Сауалнама барысында алынған жауаптарға сәйкес халықтың ақшалай табыстарының құрылымында еңбек қызметінен түскен табыстар басымдыққа ие, Балқашта 87,5%, Сәтбаевта 94,4%, Жаңаөзенде 78,2%. Яғни, бұл сауалнама деректері орта деңгейлі қала халқының табыс деңгейін экономикалық қызмет түрі бойынша орташа айлық еңбекақы мөлшері арқылы көрсету шынайылық қағидаларына қайшы келмейтіндігінің көрінісі.

Экономикалық қызмет түрі бойынша орташа айлық еңбекақы ресми статистика деректеріне сәйкес келесідей сипатталады: Жаңаөзен қалалық әкімшілігінде 2014 жылы орташа айлық атаулы еңбекақы өнеркәсіпте 418 406 теңгені (ерлер – 452151, әйелдер – 290964 теңге), құрылыста – 277556 тг., көтерме-бөлшек саудасында – 128188 тг., көлікте – 120466 тг., қаржы саласында – 154196 тг., мемлекеттік басқаруда – 90223 тг., білім беруде – 63979 тг., денсаулық сақтау саласында – 82955 тг., өнер, ойын сауық саласында – 61422 тг. құраған болатын [4, 119 б.].

Балқаш қалалық әкімшілігінде 2013 жылы орташа айлық атаулы еңбекақы өнеркәсіпте 106 376 тг., құрылыста – 93569 тг., көтерме-бөлшек саудасында – 77333 тг., көлікте – 112178 тг., қаржы саласында – 111336 тг., мемлекеттік басқаруда – 76316 тг., білім беруде – 63380 тг., денсаулық сақтау саласында – 84059 тг., өнер, ойын сауық саласында – 47633 тг. құраған болатын.

Сәтпаев қалалық әкімшілігінде 2013 жылы орташа айлық атаулы еңбекақы өнеркәсіпте 188784 теңгені, құрылыста – 210981 тг., көтерме-бөлшек саудасында – 149246 тг., көлікте – 100610 тг., қаржы саласында – 77474 тг., мемлекеттік басқаруда – 99588 тг., білім беруде – 64708 тг., денсаулық сақтау саласында – 77279 тг., өнер, ойын сауық саласында – 68608 тг. құраған болатын [3, 105 б.].

Бұл салалар бойынша орташа айлық еңбекақы мөлшерінен нені байқаймыз? Біріншіден, халықтың салалар бойынша бөлудің ресми статистика деректері еңбекақы төлеудегі әлеуметтік теңсіздіктің тереңдей түскендігін көрсетеді. Екіншіден, орта деңгейлі монобейінді қалаларда қазіргі уақытта өнеркәсіп, құрылыс, көтерме сауда салаларында орта тап қалыптасуы үшін экономикалық алғышарттардың қалыптасқандығын байқатады. Үшіншіден, орта таптың қатарына табыс көлемі жағынан жатқызуға болмайтын барлық қызмет етуші жалдамалы қызметкерлердің арасында шамамен үлес салмағы 55% жететін еңбекақысы төмен сала қызметкерлерін, басым бөлігі бюджеттік сала өкілдерінің мүшкіл жағдайын айқындайды.

Тұтыну шығындары да назар аударуға тұрарлық. Ресейдің әлеуметтанушысы Н.Е.Тихонова тұтыну шығындары құрылымындағы айырмашылықтарды анықтауға негізделген әдістемелік бағыт, бір жағынан өмір сүру салтындағы айырмашылықтарды, екінші жағынан - адами капиталды өсіруде түрлі мүмкіндіктерді айқындауда өзге көрсеткіштерге қарағанда анағұрлым тиімді, себебі олар қазіргі және жинақталған әл-ауқатты ескерумен қатар нақты топтарды бөліп ажыратуға мүмкіндік береді деп пайымдайды [7].

Ақшалай шығыны мен тұтынушылық шығын құрылымына қатысты ақпаратты анықтау мақсатында респонденттерге «Отбасыңыздың шығыстарын %-да келесі санаттар бойынша үлестіріп шығарыңыз?» деген сауал жолданаған болатын. Сауалнама нәтижелері бойынша орта деңгейлі қала тұрғындары табыстарының жартысынан астамын тамақтануға (53%), үштен бірін несиелерді қайтаруға, ақылы қызметтерге (коммуналдық төлемдер, ойын-сауық және т.б.) мен киім-кешек алуға (16%), ақша қорын жинақтауға тек (2%), салықтар мен алымдарға (1%) шығындайды.

Бұл субъективті бағалаулар Облыстық статистика департаменттері деректерімен пайыздық мөлшерде айырмашылықтары болғанымен, жалпы даму қарқыны тұрғысынан ұқсастықпен ерекшеленеді (кесте 1).

Кесте 1. Үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарының құрылымы.

Тұтынушылық шығындар	Маңғыстау облысы (қалалық жер) (%)					Қарағанды облысы (қалалық жер) (%)				
	2010	2011	2012	2013	2014	2009	2010	2011	2012	2013
Тұтынушылық шығындар										
Азық-түлік тауарлары	39,5	34,7	35,0	44,2	45,1	38,8	38,3	40,7	38,0	36,9
Азық-түлік емес тауарлары	35,6	38,7	34,8	28,3	27,9	26,5	26,5	24,3	26,2	25,4
Ақылы қызметтер	24,0	24,9	26,4	23,1	21,5	23,0	23,5	21,2	21,9	23,2
Жақындарына, таныстарына материалдық көмек, алименттер	0,5	0,9	1,3	2,5	2,6	4,3	4,2	5,8	5,7	5,8
Салықтар, төлемдер және басқалай алымдар	0,2	0,0	0,1	0,1	0,1	0,3	0,2	0,3	0,2	0,2
Несиені және қарыздарды жабу	0,2	0,8	2,4	1,8	2,2	7,1	7,3	7,7	8,0	8,5

Ескерту – мына дереккөздері негізінде құрылған [www.mangystau.stat.kz](http://www.mangystau.stat.kz), [www.karaganda.stat.gov.kz](http://www.karaganda.stat.gov.kz)

Кесте көрсеткіштері мен сауалнама нәтижелері көрсеткендей, шығынның көп бөлігі азық-түлік тауарларына келген және ол өсу қарқынына ие. Бұнын негізінде біздің ойымызша екі себеп жатыр, біріншіден, алдында атап өткен экспорттық шикізаттардан түскен табыстың ұлғаюынан туындаған «экономикалық бум» салдарынан халықтың орта тапты ерекшелендіретін жаңа тұтынушылық үлгіге көшуі, бірақ оның негізінде тек қысқа мерзімде ғана көпшілік тұрғындардың әл-ауқатын жақсартатын, бірақ ұзақ мерзімде керісінше кесірін тигізетін жеке тұлғаларды несиелендіру институтының таралуы жатыр. Оны кесте көрсеткіштерінен байқаймыз, мысалы, Маңғыстау облысының қалалық жерлерінде 2010-2014 жылдар аралығында несиелерді өтеуге кететін шығындар 0,2%-дан 2,2%-ға, Қарағанды облысы қалалық жерлерінде 2009-2013 жылдар аралығында 7,1%-дан 8,5%-ға артқан. Екіншіден, көпшілік жалдамалы қызмет ететін тұрғындардың табысының инфляция, девальвация қарқынына пропорционалды ілесе алмауы жатыр.

Жалпы алғанда, азық-түлікке кеткен шығындардың басқа шығындарға қарағанда көп болуы халықтың өмір деңгейінің төмендігін көрсетеді. Бірақ біз өмірдің салыстырмалы түрдегі төменгі деңгейіне қарамастан, орта деңгейлі қалаларда тұрғындардың әлеуметтік дифференциациялануын жоққа шығармаймыз.

Сауалнама нәтижелері бойынша топтастырылған табыстық топтарды тұтыну шығыны құрылымымен арақатынас орнату арқылы біз ең төменгі табыстық топ (20000 теңгеден аз) пен ең жоғарғы табыстық топ (100000 теңгеден артық) өкілдерінің азық-түлікке жұмсайтын қаражат үлесінің айтарлықтай айырмашылығын байқамадық, сәйкесінше 64% бен 49% құрайды. Едәуір айырмашылықтар ақылы қызметтерге шығындалу, несиелерді өтеу, ақша қорын жинақтау құрылымында аңғардық. Мысалы, жалпы массив бойынша ақша қорын жинақтау бойынша ең жоғарғы табыс тобында шамамен 8%, ең төменгі тобында тіпті 1%-ға да жетпейді.

Осылайша, орта деңгейлі қалаларда табыс деңгейі бойынша пайыздық мөлшері тіпті 25%-ға жетпейтін орташа қамтылған әлеуметтік топтар болғанымен, шығыны құрылымы бойынша әлі де болса орта тап емес. Олар орта таптың өзегін қалыптастыратын мүмкіндік қана. Сондықтан орта деңгейлі қалалардың әлеуметтік топтарын орта таппен сәйкестендіруді кешенді түрде өткізген дұрыс, ең алдымен, білім деңгейі мен кәсіптік біліктілігіне назар аудару қажет.

Өндірістік қатынастар жүйесінің бұзылуы мен қайта құрылуы салдарынан білімді, біліктілікті және еңбек әрекетінің өзін арттыруға ынталандырудың жоқтығына қарамастан орта деңгейлі қалалар тұрғындарының білім деңгейі (сауалнама нәтижелері бойынша), әсіресе жас адамдарға келсек, қуантарлық жағдайға ие.

Білім деңгейі – зияткерлік қауым дамудың маңызды аспектісі және әлеуметтік топтарды әлеуметтік дифференциациялайтын белгі. Респонденттердің білім деңгейіне келетін болсақ, мұнда келесі көрініс

байқалады: балқаштықтардың 44%, сәтбаевтықтардың 45,8% мен жаңаөзендіктердің 40,3% кәсіби орта білімі бар. Жоғары білімі барлар Балқаш қаласында 47%, Сәтбаевта 46%, Жаңаөзенде 48,7%. Шамамен 2-4% респондентте толық емес орта білім. Орта деңгейлі қаланың қазіргі еңбек нарығында толық емес орта және жалпы орта білім бәсекеге қабілеттілігін жоғалтқан. Кәсіби орта білім көрсеткіштері бойынша гендерлік сипат біркелкі таралған – әйелдер 42,6%, ерлер 40,6%. Жоғары техникалық білімі бар ерлер саны әйел адамдардың осы көрсеткішінен шамамен 2 есе артық, ер адамдарға қарағанда, жоғары гуманитарлық білімі бар әйелдер шамамен 1,5 есе көп.

Табыстық топтар мен білім деңгейінің арақатынасын орнату табыстар шамасының білім деңгейіне тәуелділігі әлсіз екендігін көрсетті. Жоғары техникалық білімі бар азаматтардың 40%-дан, жоғары гуманитарлық білімі бар 16,5%-дан астамының және кәсіби орта білімі бар 10,4%-дан астамының 100000 теңгеден асатын табыстары бар. Егер біз салыстырмалы түрде орта тап өкілінің орта табысының шегі ретінде еліміздегі 2015 жылғы орташа еңбекақыны алатын болсақ (124227 теңге), онда жоғары техникалық білімі бар азаматтардың 26,6% және жоғары гуманитарлық білімі бар азаматтардың 18,9%, кәсіби орта білімі бар азаматтардың 25,2% табыстарына сәйкес «азқамтылғандар» тобына, ал жоғарғы техникалық және гуманитарлық білімі бар қалған орта деңгейлі қала тұрғындарын «кедейлерге» (тіісінше 15,5% және 48,2%) жатқызуға болады.

Осылайша, орта тапты сәйкестендіретін табыс пен білім деңгейіне лайық жоғары және кәсіби орта білімі бар тұрғындардың ішіндегі үлес салмағына сәйкес шамамен тек 10-14% құрайтынын аңғаруға болады. Бұдан біз әлеуметтік иерархиялық топтардың қалыптасуы тұрғындардың білім деңгейі факторына емес, олардың салалық тұрғыдан жұмыспен қамсыздандырылуына байланысты деп тұжырымдаймыз.

Орта деңгейлі қалаларда салалық тұрғыдан жұмыспен қамсыздандырылуына байланысты орта тап белгілерінің кен өндіру саласында ең жоғарғы шоғырлануы монобейінді қаланың еңбек нарығы мен жалпы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуы үшін қала құраушы кәсіпорынның маңызы салдарынан туындаған.

Қалада орта тап қалыптасуында табысы жоғары саламен салыстырмалы түрде төменгі мүмкіндігін мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау саласы, өнер, ойын сауық саласы құраған. Мысалға, бұл салаларда шоғырланған азаматтардың шамамен 62% (нақтырақ 61,8%) жақсы білім деңгейіне ие бола отырып, алайда материалдық игілік, табыс деңгейі, тұтыну шығыны құрылымы тұрғысынан орта тапқа жатқызу үшін жеткіліксіз сипатты белгілерге ие.

Орта тапты сәйкестендірудің келесі өлшемі – өзін-өзі сәйкестендіру. Өзін-өзі сәйкестендіру субъективті пікір болғанымен, ол нақты бір объективті экономикалық көрсеткіштерге сүйенеді, сонымен қатар, нақты бір өзін қоршаған топтың мүмкіндіктерін салыстыру барысында туындайды. Орта деңгейлі қала тұрғындары өздерін қандай әлеуметтік қауымдастықпен сәйкестендіретінін анықтау мақсатында біз сауалнама барысында «Сіз өзіңізді қоғамның қай әлеуметтік қабатына жатқызасыз?» деген сауал қойған болатынбыз. Сауалнама нәтижелері қарама-қайшылыққа толы көрсеткіштерді белгіледі. Біріншіден, табыс деңгейі төмен де, табыс деңгейі жоғары да, орта білімді, жоғары білімді, кәсіпкер де, бюджет саласы қызметкері де, жалпы айтқанда сауалнамаға қатысқан балқаштықтардың 50%, сәтбаевтықтардың 49,7%, жаңаөзендіктердің 46,5% өздерін орта таппен сәйкестендірген. Бұл біздің ойымызша, көпшілік халықтың әлі де болса орта таптың күнкөріс салтын түсінбеушіліктен немесе орта тап ұғымының қызметтік ортадағы орташа еңбекақы ұғымымен алмастырудан туындаған. Осы себепті тұрғындардың әлеуметтік иерархиялық құрылымында өз орнын нақтылау мақсатында сауалнама барысында әлеуметтік мәртебені бағалаудың стандартты 10 балдық шәкілін («1» – ең жоғарғы қоғамдық жағдай, «10» – ең төменгі қоғамдық жағдай) қолдандық.

Сауалнама деректері бойынша орта деңгейлі қалаларда әлеуметтік құрылым төменгі тап өкілдерінің (7,8,9 шәкіл) басымдылығымен ерекшеленеді. Орта тапқа тиесілі 3,4,5 шәкілдермен өзінің әлеуметтік мәртебесін бағалаған респонденттердің «нәзік-аморфтығы» байқалды. Орташа мәртебелік рангтер барлық әлеуметтік құрылымның 27% құрайды. Төменгі тап дифференциациясының көрінісі келесідей: төменгі таптың жоғары бөлігі - 43,1%, төменгі тап - 27,5%.

Сонымен орта деңгейлі қалаларда өзін-өзі орта тап өкілі деп сезінетін азаматтардың саны аз. Оларды

табысы, тұтыну шығыны, білім деңгейі, өзін-өзі сәйкестендіруі бойынша орта тапқа жатқызу да қиынға соғады, оларды шынайы түрде тек орта таптың алғышарттары деп қарастыруымызға болады.

Қазақстан Республикасының орта деңгейлі монобейінді қала тұрғындарының табыс деңгейі тұрғысынан орта тапқа сәйкес келетін азаматтардың көбісі қала құраушы кәсіпорындарда қол еңбегі жұмысында істейтіндіктен, ал білімі жоғары, бірақ енбекақысы төмен қабаттың басымдығынан қазіргі таңда орта таптың пайда болуына негіз болатын жағдайлардың әлі де болса қалыптаспағандығын айтуға болады және жақын арада әлемдік нарықтағы энергия тасымалдаушы шикізатқа бағаның құлдырауы салдарынан оның қалыптасуына едәуір қиындық туғызатыны сөзсіз. Мақала аясында қойылған өзекті мәселеге қатысты жүргізілген талдау нәтижелері еліміздің барлық орта деңгейлі қалаларына тән сипаттама деп жорамалдауға мүмкіндік береді.

*1 Урбанизация в Центральной Азии: вызовы, проблемы и перспективы // Аналитический доклад, Центр экономических исследований, 2013.*

*2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен. Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы.*

*3 Қарағанды облысының өңірлері. Статистикалық жинақ. - Қарағанды, 2014. – 211 б.*

*4 Маңғыстау облысының аймақтық статистикалық жылнамалығы. Статистикалық жинақ. – Ақтау, 2015. – 370 б.*

*5 Ефимова Е. А. Рынок труда моногородов: состояние и перспективы // Пространственная экономика. — 2011. — № 1.*

*6 Тихонова Н.Е. Социальная стратификация в современной России: опыт эмпирического анализа. – М.: Институт социологии РАН, 2007. – 320 с.*

*7 Тихонова Н.Е. Малообеспеченные в современной России: специфика уровня и образа жизни // Социологические исследования. – 2009. — № 10.*

#### **Резюме**

**Аманбеков Н.Ж.** - Ph.D докторант 3 курса по специальности  
6DO50100-Социология, nuraman83@mail.ru

#### **Особенности формирования среднего класса в средних городах Республики Казахстан**

В данной статье проведена эмпирическая исследовательская работа по определению трансформации социальной структуры в средних городах Республики Казахстан. Цель исследовательской работы – исходя из трансформации социальной структуры определить связь уровня и качества жизни в средних городах с формированием среднего класса.

**Ключевые слова:** средний город, средний класс, уровень дохода, уровень образования.

#### **Summary**

**Amanbekov Nurzhan** - 3<sup>d</sup> course Ph.D student specialty of Sociology, nuraman83@mail.ru

#### **PECULIARITIES OF FORMATION OF MIDDLE CLASS IN MEDIUM-SIZED CITIES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

In this article, we conducted empirical research to determine the transformation of social structure in the medium-sized cities of the Republic of Kazakhstan. The aim of the research is based on the transformation of social structure define the level and quality of life in medium-sized cities, with the emergence of a middle class.

**Keywords:** medium-sized city, middle class, income, level of education.

УДК 11.674

## КУЛЬТУРНАЯ ПАМЯТЬ КАК СРЕДСТВО ПОСТРОЕНИЯ ИДЕНТИЧНОСТИ

**Галимжанова Ж.Б.** - Докторант 3 курса, кафедры социологии, факультета Социальных наук Евразийского Национального университета им. Л.Н.Гумилева, z.galimzhanova@gmail.com

В статье поднимается проблема влияния культуры на процесс формирования идентичности. Обсуждаются вопросы влияния памяти как социального конструкта на воспроизводство культуры. Прошлое постоянно пересоздается и переформулируется в меняющемся настоящем. Оценка прошлого зависит от тех социально-политических обстоятельств, в которых находится общество или группы в тот или иной момент. В тоже время, поддержание идентичности требует ощущения непрерывности истории. В картине прошлого должны отсутствовать большие перемены и разрывы, чтобы группа могла бы себя узнать в ней на любом историческом этапе. Таким образом, мемориализация и забвение играют ключевые роли в формировании культурного ландшафта, на фоне которого происходит конструирование идентичности.

**Ключевые слова:** культура, идентичность, память, история

Известно, что одна из основных функций культуры — интегративная. Культуры объединяют людей, создавая единое знаково-символическое пространство, с которым как со «своим» идентифицируют себя определенные сообщества. Вместе с тем (и одновременно) они разъединяют людей, проводя культурные границы, чреватые иногда превращением в линии фронтов. Обе стороны этого процесса неотделимы друг от друга, объединять, разделяя, и разделять, объединяя, — неотъемлемое свойство культуры. Постоянно проводя границы с другим, культура постоянно конституируется как таковая. Культура, как подчеркивал М. М. Бахтин, целиком размещается на собственной границе, на границе с другой культурой и с иным смыслом «границы проходят всюду через каждый момент ее». Маркеры, обозначающие границы, могут быть изменчивыми и переменными, но сам факт проведения границы является необходимым для существования культуры как таковой.[1]

Борьба за свою идентичность против попыток “других” присвоить и воспроизводить элементы культурной традиции, воспринимаемой как «своя», стала характерной чертой современной эпохи. Источником конфликтов становятся не только различия культур, стремление подчеркнуть и усилить уникальность своей идентичности, о чем говорит, например, С. Хантингтон, но и притязания на одну и ту же идентичность, стремление одной из групп смягчить, или же вовсе устранить различия, унифицировать культурное пространство.[2,240] Понятие культурного разнообразия («cultural diversity») превратилось в «нормативный метанарратив» современного культурного пространства. Таким образом, производство культурного единства и разнообразия, борьба вокруг культурных границ и идентичностей становятся центром культурной политики сегодня.

Обсуждение проблем культурного разнообразия и культурных идентичностей невозможно вне проблематики памяти и забвения в культуре. Неразрывность памяти и идентичности отмечалась еще Дж. Локком. Он писал о том, что во всех случаях, когда мы «теряем из виду свое прошлое Я, тогда возникает сомнение, являемся ли мы тем же самым мыслящим существом, т. е. той же самой субстанцией, или нет». [3,388]. Не случайно концепты памяти и идентичности практически одновременно стали ключевыми понятиями как современного социально-гуманитарного знания, так и публичного дискурса политиков, общественных деятелей, СМИ и т. д.

Связь памяти, забвения и идентичности была проблематизирована у самых истоков изучения памяти (memorystudies). Причем о забвении речь зашла здесь раньше, чем о памяти. В 1882 г. философ культуры Э. Ренан в своей знаменитой речи «Что такое нация?» подчеркивал, что для существования нации необходимы как общие воспоминания, так и коллективное забвение определенных моментов прошлого. «А сущность нации в том и состоит, что все индивиды, ее составляющие, имеют между собой много общего и в то же время они забыли многое, что их разъединяет. ...Всякий французский гражданин должно быть уже позабыл ночь Святого Варфоломея и резню на юге в XIII столетии» [4,216].

Особого внимания в этой связи заслуживает Э. Дюркгейм. Основатель французской социологической школы. В своей последней книге «Элементарные формы религиозной жизни» (1912) обращал внимание на тотемические культы первобытных австралийских племен, где тотем выступал как воплощение социальной общности, а связанные с ними ритуалы призваны поддерживать ее сплоченность и идентичность. Социология Э. Дюркгейма приводит нас к выводу о том, что для поддержания стабильности общества, для того, чтобы его члены ощущали солидарность и историческую преемственность существования своей группы, они должны помнить определенные вещи определенным

образом, а некоторые вещи организованно забывать. Общество нуждается в определенной степени не только интеллектуального и эмоционального конформизма своих членов, но и «конформизма мемориального».

Общество может существовать, только порождая у своих членов чувство священного, воздействуя на них своей высшей по отношению к любому индивиду сверхличной силой. Оно поддерживает у людей ощущение солидарности и общей идентичности при помощи периодически повторяющихся специальных ритуалов, воссоздающих совместное сакральное прошлое. В центре того, что данное сообщество считает сакральным, располагается коллективно воображаемое прошлое. Среди событий этого прошлого особенно выделяются события, связанные с мифом о происхождении. Именно регулярное ритуальное воссоздание событий, конституирующих общее происхождение группы, является наиболее важным способом поддержания ее единства. Благодаря циклически воспроизводимым ритуалам, группе удается поддерживать ощущение самоидентичности на протяжении длительного времени, несмотря на происходящие с ней более или менее радикальные перемены.

Поддержание идентичности требует ощущения непрерывности истории. Коллектив, адаптируя новые явления и идеи, должен периодически проводить переинтерпретацию прошлого так, чтобы эффект новизны был утрачен и новое предстало продолжением исторической традиции. Поэтому прошлое в коллективной памяти постоянно подвергается реорганизации. В этой картине прошлого должны отсутствовать большие перемены и разрывы, чтобы группа могла бы себя узнать в ней на любом историческом этапе.

В американской социологии первой четверти XX века основатель символического интеракционизма Дж. Г. Мид был в числе первых социальных мыслителей, систематически анализировавших социальную роль прошлого. Прошлое постоянно пересоздается и переформулируется в меняющемся настоящем. Он подчеркивал, что прошлое придает значение настоящему, что оно используется как инструмент для поддержания современных верований и ценностей («прошлое в настоящем»). Прошлое припоминается и конструируется так, как это в данном случае наиболее соответствует групповым потребностям. Неактуальное в определенной ситуации воспоминание может оказаться жизненно важным для группы в иных социально-политических обстоятельствах. Реконструкция прошлого происходит тогда, когда люди ощущают неадекватность прежних исторических представлений. Обычно это происходит в моменты радикальных исторических перемен. Нарушение обычного порядка вещей может быть нормализовано и рутинизировано, прерванный континуитет может быть восстановлен, если травмирующие массовое сознание события будут вписаны в новую концепцию исторического прошлого («прошлое для настоящего»). Память у Мида можно трактовать как инструмент поддержания и нормализации социальной идентичности.

Идентичность поддерживается памятью. Коллективная память о совместном прошлом — основа идентификации группы, выражение коллективного опыта, объединяющего группу, объясняющего ей смысл ее прошлого, причины нынешнего совместного бытия и определяющего надежды на будущее. Однако между памятью и идентичностью существуют отношения взаимозависимости. Не только идентичность укоренена в памяти, но и память зависит от присвоенной себе идентичности.

Идентификация — одна из основных (наряду с легитимацией) функций коллективной памяти. Память поддерживает коллективную идентичность тем, что сохраняет и передает ценности и образцы поведения. Коллективная память удерживает образы событий и лиц с отчетливой позитивной или негативной окраской. Они превращаются в лишенные нюансов и полутонов символы идентичности группы, обладающие повышенной резистентностью к исторической критике. Образы триумфа и страдания структурируют память. Они помогают давать определения текущим ситуациям и выбирать модели реагирования. Коллективная память формирует символический универсум, очерчивающий границы общности. Эти знаки становятся знаками идентификации, отличительными маркерами «своих». Одной из общих отличительных черт подходов основоположников исследований социальной (культурной) памяти является то, что акцент в их теориях делается на содержание коллективных воспоминаний, на закономерности их формирования и социально-культурного функционирования.

Память обладает способностью структурировать серии разрозненных событий в различные структурированные нарративы. Одно и то же событие при этом может приобретать разное значение, в зависимости от того, в какую сюжетную структуру оно оказалось включено. В этом процессе структурирования можно выделить определенную логическую последовательность. Во-первых, в зависимости от задач и ситуации сегодняшнего дня, выбирается временная перспектива. Группа может смотреть в более или менее удаленное прошлое. Таким образом, событие может попасть в то или иное

Біз қазіргі Қазақстан қоғамының ажырамас және құрамдас бөлігі болып табылатын этникалық репатрианттардың (Шымкент маңайында өмір сүретін Өзбекстаннан келген репатрианттар мысалында) әлеуметтік және ұжымдық уақытының қандай кезеңдер (өткен жолдардан) мен элементтерден құралатынын қарастырамыз [3]. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- 1) әлеуметтік және ұжымдық уақыт арасындағы жалғамалы ұстанымдардың табиғатын айқындау;
- 2) әлеуметтік уақыттың негізгі белгілі уақыттың ішінде орындалуын немесе кезеңдерін және олардың репатрианттар үшін мәндік маңыздылығын бөлу;
- 3) Шымкент маңында тұратын, Өзбекстаннан келген репатрианттардың уақыт кезеңдеріндегі ортақтық және ерекшеліктерін түсіндіру;
- 4) репатрианттардың өмір сүріп отырған кезеңдегі өткен мен болашақ арасын жалғастыратын бағыттық дәлелдерін анықтау;
- 5) репатрианттардың өмірлік өлшемдері мен құндылықтарын саптау.

Сонымен қатар баяндамада репатрианттардың әлеуметтік, қимыл-әрекеттік, өзіндік уақытты қалай пайдалантындығын, оның шекарасын кеңейте алады ма, оны белгілі бер кезеңдерге бөледі ма, әр кезеңдерде оны жылдамдатады ма, өзі үшін ғана емес туыстары, өскелең ұрпақ осыған қарап болжам жасай алатындай әрбір кезеңде үйлестік жүйесін қалыптастыратындығын қарастырады. Әлеуметтік жүйеде қалыптасқан репатриант болашақта қиыншылықтарды жеңе білу үшін «қайта келгеннен байырғы кезеңге дейін» деген қозғалыс бағытының кестесін құрады, өзіндік «жол картасын» жасайды. Репатрианттардың әлеуметтік уақытының ішкі құрылымы қандай, және оны жаңа қоғамның осы кезеңінде өзінің этникалығын саналы түрде сезіну немесе соның бір бөлшегі болып табылатын өздері, ішкі қоршаған айналасындағылар – топтар, қандай деңгейде анықтайды.

*Этникалық репатрианттардың әлеуметтік уақыт мәселесінің зерттелуінің теоретикалық-әдістемелік негіздері.* Уақыттың ішкі өлшемдеріне деген қызығушылық (физикалық немесе астрономиялық ерекшелікте) зерттеушілер тарапынан ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды және бірте-бірте психологиялық тұрғыда (тұлғаның жеке факторлары – оның белсенділігінің және қозғалысының табиғаты, көңіл-күйі немесе қобалжуы) немесе әлеуметтік түсіндірілген бірқатар бағыттар қалыптасты. Бізді өмір сүріп отырған кезеңін топтың немесе жеке тұлғаның әлеуметтік факторлар: әлеуметтік-мәдени уақытының шарттық көрінуі, айналысатын әрекеті мен өмірлік қызметі арқылы анықталатын ұжымдық уақытша тәртіп және тәжірбие деп қарастыратын әлеуметтік тәсіл қызықтырады [4].

А. Бергсон тең аралыққа бөлінбейтін уақыттың «ішкі» немесе «ұзақ мерзімді» сапалық және сан қырлы түсінігін енгізді [5]. Р. Мертон топпен бірігудің маңыздылығын анықтауда уақытша кезеңнің топтық бірлік қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетті [6].

«Анналар» француздық мектебі тарихи және әлеуметтік уақыт, кеңістік мәселесін зерттеудің бірқатар бағыттарын ұсынды. Ф. Бродельдің «әртүрлі жылдамдықтағы әлеуметтік уақыт» теориясы бойынша уақыттың бірнеше түрлері; 1) жеке тұлғаның күнделікті өмір ырғағымен өлшемдес; 2) экономикалық өмір бөлшегі үшін тән емес; 3) «үлкен ұзақтықтағы» – адамзат тарихын оны қоршаған ортамен бірге қарастыратын түрлері беріледі [2].

Сонымен қатар, «Анналар» мектебі тарихи фактілерді қайта қарауда оқиғаны адамдардың ішкі жағдайды қалай түсінуіне байланысты істейтін арнайы әрекеті деп түсіндіру арқылы қарастыратын жаңа тәсіл ұсынды [7].

М. Хольбакс уақытты ұжымдық деп анықтай отырып, уақытты қабылдаудың белгілі-бір әлеуметтік топқа (мысалы айналысатын ісіне қарай) немесе тарихи жағдайға (төңкерістік немесе қалыпты жағдайдағы) тәуелділігіне ерекше көңіл бөлді [8].

Адам уақытта және кеңістікте өмір сүріп қана қоймайды, өзіндік сезімдерден тұратын алаңдау және елестетуден/үлгілерді әлеуметтік, мәдени, жеке уақытта өмір сүреді. Дәл осы арқылы өзінің сыртқы әлем туралы пікірін қалыптастырып, және белгілі-бір мақсатқа жету үшін нақ осыдан бастау алған, бір жағынан өзгермейтін болып есептелген, бірақ жағдайды бағалау мен өз мүмкіндіктеріне орай стратегиясы мен тактикасын құрады.

*Өзбекстаннан келген репатрианттардың кеңістіктік- уақыттық континуумының ерекшеліктері.* Өзбекстаннан келген қазақтар Оңтүстік Қазақстанда өмір сүретін оралман тұрғындардың ең көп тобын

құрайды. Қолайлы климат, бір қарағанға отбасын асырауға экономикалық мүмкіндіктердің молдығы репатрианттардың тұрғылықты мекен етіп Оңтүстік Қазақстан жерін таңдауға себеп болады. Және бұл Отанға деген ыстық ықылас белгілі-бір жерге байланысты емес деп түсіндіріледі.

2012 жылдың басындағы статистикалық мәліметтерде 2012 жылдың бастапқы айларында облыс аумағы халықтардың қоныс аударуының жоғары тығыздығымен ерекшеленеді (1 шаршы метрге 22 адамнан келеді). Шымкент қаласы мен оған жақын елді-мекендердегі тұрғындар саны Өзбекстаннан келген сыртқы миграция есебінен жедел өсуде [9].

Өзбекстаннан келген рапатрианттар төмендегідей ерекшеліктерімен ерекшеленеді:

а) сыртқы-кеңістіктік және уақытша оқшаулану – қаланың өзінде «Асар» ықшамауданында және Шымкентке іргелес елді-мекендерде өмірлік-әлеуметтік-экономикалық және этномәдени алаңды біртіндеп өзгеріске түсіре отырып тығыз шоғырланған.

б) мемлекеттік әкімшілік құрылымға бейімделген, басқарудың дәстүрлі әкімшілік құрылымындағы ақсақалдардың ұйымдастырушылық-бағыттаушылық жетекшілігімен, ішкі – отбасылық туыстық негізде, әлеуметтік-экономикалық және этномәдени аймақты құру, аз қалыптасқан әлеуметтік қауымдастықтарды (өзіндік көше, тұрғылықты мекен-жайына байланысты көршілік қауым және жастық – жыныстық ерекшеліктерге байланысты гәптер) құруымен ерекшеленеді. Қауымдастықтардың қызметінің әдістері бытыраңқы өзін-өзі басқарудан (көрші тұратын бірнеше отбасы) көшбасшысы бар қатынас жүйеге өтетін және жергілікті әкімшіліктің бір бөлігі болып табылатын ішкі құрылым құру шарттарымен өзгеріп отырады. Бұл Өзбекстаннан келген рапатрианттар өмір сүретін барлық елді-мекендердегі белсенді жұмыс істейтін ақсақалдар кеңесі (ақсақал кеңесі, апалар кеңесі, ардагерлердің кеңесі, билер кеңесі). Асар ықшамауданындағы Өзбекстаннан келген репатрианттар қазақстандық қоғамға бейімделу мен бірегейленуде барлық ішкі үрдістер механизмін бақылап отыратын институттар құру арқылы топтық үлгі жасап шығарды.

Баяндаманың негізгі өзегі – Оңтүстік Қазақстан облысындағы облыс орталығына жақын үш елді – мекендерге орналасқан, Шымкент қаласындағы «Асар» ықшамауданындағы, және бұрынғы саяжайлық елді-мекендер – Бозарық, Шұбарсу жерлеріндегі Өзбекстаннан келген репатрианттардың өмір тарихына сараптама (әлеуметтік уақыт қызметін анықтау мақсатында) жасау болып табылады.

«Асар» ықшамауданы Бозарық және Шұбарсу елді – мекендеріне қарағанда өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан (жергілікті тұрғындар тарапынан мемлекеттік қолдауымен «Ақ Ордасы» корпорациясы құрған) айтарлықтай ерекшеленеді. Елді-мекен тұрғындары (Өзбекстанның түрлі аудандарынан келген этникалық қазақтар) мезгілдік өмір сүруге арналған сая-жайды әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымы жетілген тұрақты мекен ету аймағына айналдыруда этно-мәдени құндылықтарды сақтап өткенді қазіргі кезеңмен, болашақпен ұштастыруда. «Асар» ықшамауданында асарлық жастар мен тұрғындардың жарқын болашағына арналған әлеуметтік-экономикалық кластерлер – зауыттар, жылу шаруашылықтары, әлеуметтік-мәдени құрылымдар құрылды.

Бозарық және Шұбарсу тұрғындары тұрғылықты және маусымдық жұмыс орнымен қамтылуда қиындықтарға жолығып отыр, қосымша жалақы көздерін іздеумен айналысуға мәжбүр, ауыл шаруашылығымен айналысу ісінде және мал жайылымының жетіспеуі сынды қиыншылықтарды бастан кешіп отыр. Олардың сөздеріне сенсек уақытша бос тұрған жерлерге иелері мал жаюға тиым салған, тіпті шөпті өртеп жібереді. Елді-мекеннің жас және жұмысқа жарамды тұрғындары Шымкентте кездейсоқ ақша табу ісімен, өте төмен еңбек ақыға жұмыс істеуге мәжбүр. Аталған адамдардың басым бөлігінің жоғарғы білім туралы дипломы бола тұра, оралман статусына сәйкес жұмысқа орналаса алмайды. Шұбарсу елді-мекенінің бір тұрғыны, Өзбекстандағы бір колхоздың бұрынғы төрағасы, бүгінде ауыл ақсақалының - «өз балаларымыз өз Отанымызда құл болады деп ойламағанбыз» деп қынжыла айтқанын ауыл ақсақалдары да қоштаған.

Демографиялық және әлеуметтік-экономикалық салада елді-мекендердің даму жағдайы біркелкі емес, 2012 жылы «Асар» тұрғындарының саны 18 мың және Шұбарсу тұрғындарының саны 32 мың болған. Сондықтанда елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымы мемлекеттің араласуын қажет етеді. Дегенмен репатрианттардың бір жерде ұжымдасып өмір сүруі уақыт өте келе бұл бірліктің жаңаша түсіндірілуіне яғни туған жерлері болған ел немесе Өзбекстан аймақтарына қарай емес, «Асардың адамдары» (сол арқылы әлеуметтік-мәдени жағдайдың мүлде басқа деңгейде екендігін көрсету үшін) немесе «Бозарықтың адамдары» атты этно-территориялық бірегейліктің өтпелі түрінің қалыптасуына әкелді. Этникалық ұғым әлеуметтік шынайылық ретінде түсіндіріліп, пайдаланыла басталды. Енді жаңа бірегейлік қазақстандық шек деңгейінде емес, оралмандар арасында әлеуметтік-экономикалық қолайлы аудандарда тұратындардың менсінбеушілік көзқарасы тұрғысынан түсіндіріле бастайды. Бозарықтағы

біздің сауалнамамызға жауап бергендер ішінде (жасы 30-дан асқан жұбайлардың екеуі де) өз жетістіктерін Қазақстан ішінде көшумен байланыстырған – Өзбекстаннан Петропавловскіге (ондағы туыстары жайлы орналасқан және бұларға көмектесуге уәде берген), содан кейін Шымкент түбіндегі Славянкаға (Мүзкентке), кейін Леңгірге көшу арқылы (барлық аталған жерлерде жалдамалы пәтерлерде тұрып, ақша жинау арқылы) Шұбарсуда жер телімін алып, Бозарықта қаладан жақын жерден дүкен соғып алғандықтарын айтқан. Аталған территориялық көшулер бас-аяғы 10 жылдың ішінде орын алған және бұл отбасы үшін аталған кезең әлеуметтік дамудың жылдам көрсеткіші деп есептелеген.

«Асар» тұрғындары ықшамаудан тарихын 2002 жылы Өзбекстанның үш облысы ақсақалдарының Қазақстандағы Шымкент аумағына бейімделу шарттары туралы қабылданған шешімімен кезеңдей отыра қарастырады. 2012 жылы мамыр айында Асар тұрғындары осы шешімнің 10-жылдық мерейтойын және өткен жылдардың қиыншылықтарының - елді-мекенді құру, қаржы тапшылығы, жайлы жылыжайлары бар коттедждерде өмір сүру үшін инфрақұрылым жолдарын қарастырудағы қиыншылықтарды еңсеріп, осындай жарқын күндерге қол жеткізгендерін атап өтті. Мерекелі іс-шара басында «аңсағаным Асарым, қолым жетті арманым, атамыздың арманына» -деген жыр-шумақтарына толы «Асар» әнұраны орындалды. Әнұран мәтіні одан әрі: «мәңгі жыр, көзім тоймайды жеріме, гауһарысын жайнаған, ата қоныс» сынды өлең жолдарымен өрілді. Негізгі күш «Ақ Ордасы» корпорациясының президенті И. Қалибековке жүктелді, ол «асарлықтар болу үшін» өз уақытының 60% жұмсады, қалған 40% – ықшамаудан құрылысына және оның әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымына жұмсады. Өз сөзінде аталған мерекелік іс-шара тек салтанатты мереке ғана емес, қол жеткізілген табыстарға есеп, болашаққа жоспар жасау үшін болып жатқан бас қосу деп атап өтеді. Өсу көрсеткіштері ретінде қысқа уақыт ішінде атқарылған жұмыстар нәтижесі паш етілді. Оның пікірі бойынша «асарлықтар» қол жеткізген табыстар басқа репатрианттарға бастау болуы тиіс.

Осылайша, Шымкент аумағындағы өмірлік кеңістіктерді игеру кезеңінде, оралмандар жалпы әлеуметтік уақытқа сәйкес келмейтін уақыттың бағасын бағамдау үлгісін құрды, ол өзіндік кезеңдерден, тапсырмалар жылдамдығынан, оқиғаның ұзақтығы мен кезектілігінен, белгілі даталардан, және оларды түсінуден тұрды. Мысалы, «Асар» тұрғындары Өзбекстаннан көшу туралы шешім қабылданғаннан 1 мамыр меркесіне дейін деген өзіндік институционалдық ырғақ қалыптастырды.

Уақыттық бағдарлаудың кезектілігі байқалады – «Асар» тұрғындары үшін бұл жаңа мектеп құрылысын, ықшамаудан орталығында сая-бақ салу немесе Елбасының жергілікті халықпен кездесуі және экономикалық қатынастарда – жылыжайлардағы өнімді жинау, ал Шұбарсу тұрғындары үшін – бұл отбасын асырау мақсатында маусымдық жұмыс іздеуден тұрды. Оралмандар үшін жалпыға бірдей уақы өлшемі жоқ – ол кей жағдайларда жергілікті және республикалық мүдделермен ұштасып жатады. Өткенге, қазіргі кезеңге және болашаққа деген жалпыға бірдей басымдықтар жоқ. Уақыттық болжауда да үйлесушілік жоқ – елді-мекен тұрғындары өмірдің барлық саласына біртектес емес жағымды немесе жағымсыз мән береді (істеу керек еді, істеу керек, істеуге тиісті). Елді-мекен тұрғындарының күнделікті күн тәртібі де сәйкес келе бермейді, себебі, елді-мекен тұрғындары жексенбі күндері де жұмыс іздеумен шұғылданады.

Кез-келген уақыттың бірегейлігі адамның ерекшелігіне байланысты және біз сұрастырған респонденттердің көңіл-күйі мен уайым-қайғыны бастан кешу сияқты психологиялық терминдермен нақтылана түседі:

– асыға күту (қашан Өзбекстаннан немесе басқа елді-мекеннен көшіп кетеміз, үй құрылысын аяқтаймыз, несиемізді қашан өтеп боламыз, отбасында бір мерейлі іс шара ұйымдастырамыз ба? – үйлену тойы, ас беру және т.б.);

– ыза болушылық (мемлекеттік мекемелерден қажетті қаражатты ала алмауға байланысты – жәрдемақы, жергілікті әкімшілік орындарындағы жемқорлық, оралман болғаны үшін жұмысқа орналаса алмауы, Өзбекстанда жоғары мемлекеттік орындарда істегеніне қарамастан зейнетақы мөлшерінің аздығы, Бозарық және Шұбарсу елді-мекендері тұрғындары үшін қаржының әділ бөлінбеуі, олардың айтуынша «Асарлықтарға» қаржыландыру ісіне көбірек көңіл бөлінеді);

– қуаныш (көшу, қаржы қорын жинақтау, жақындарымен кездесу, отбасын құру және сәбидің өмірге келуі, балаларының белгілі-бір жетістіктерге қол жеткізуі);

– сенімділік (бәріде артта қалады, ата-баба өсиетін орындап Отанымызғы оралуымыз қажет, көшіп келеміз деп бекер шешім қабылдаған жоқпыз, барлық қиыншылықтарды артта қалдырамыз және өз жерімізде, өз елімізде өмір сүріп отырмыз ғой артқа қарай жол жоқ, үй салу керек және бала-шағамызды жеткізу қажет, әлеуметтік сатымен өсу қажет).

Адам көңіл-күйін жете түсіну қиын. Дегенмен біз сұрастырған респонденттер арасында Қазақстанға көшіп келгендеріне өкінген жан кездестірмедік.

Біз сұрастырған респонденттер үшін ол өткенінде кім болғаны, қайдан көшіп келгені, білімі, кәсіби жетістігі, қоғамдағы беделі маңызды емес. Көшіп келгенге дейінгі материалдық жағдайлары жаңа орында табысты орналасуға, үй алуға үлкен көмек болды деп есептейді. Дегенмен, ерекше айта кететін жәйт, оралман-әйелдер аса қымбат жиһаздар (диван, техника) көрсетумен ерекшеленбеді, өздеріне тиеселі кем дегенде 2 бөлмедегі сандық, таудай болып жиылған көрпе-төсекті көрсетті. Оны «мынау менің енемнен қалған, мынаны өзім жидым» деп көрсетумен болды. Отбасының жылдар бойғы тарихи айғағы өткен мен қазіргі кезеңнің алтын көпірі іспеттес фото-суреттерде жиылған. Біздің респонденттер фото-суреттерін көрсете отырып, эмоцияға беріліп, толқыды. Бұл суреттер өмірлеріндегі асты сызылған кезеңдер айғағы. Онда отбасы тарихын електен өткізер мереке уақыты және орны сақталған. Естелік күнтізбесі фото/видео арқылы артта қалған қиыншылықтар дәлелі болып табылады. Ол жас ұрпақ тарапынан отбасылық-туыстық қолдау көрсету үшін де қажет.

Әлеуметтік уақыт ырғағы жеке адамға төмендегідей ықпал етеді:

- топқа қатыстылығы жөніндегі сезім қалыптастыру және белгілі-бір мақсатты жүзеге асыруға;
- өзгелерден артта қалмауға – оны оған өз уақыт шеңберінде жүзеге асыруға, кейінде ол мақсатқа жетелеуге;
- өз өмірінің сыртқы қалпын қалыптастыруға, әрине бұл топтан жырақ өте қиын, сондықтан топпен байланыста болуға;
- қол жеткізілген жетістіктерді бағалау арқылы өмірге мән беру;
- адамды топ, халық, ел болашағының тұтқасы ретінде тарихқа енгізу, осы және болашақтың қиыншылықтарын аластатуға;
- күнделікті өмірді әлеуметтік-мәндік іс-қимылдардың алгоритмі ретінде – мен бәрін істей аламын, олар маған қарап тұр және мені бағалайды, менің ұтылуға құжым жоқ, мен Отанға оралуды аңсаған ата-баба алдындағы борышымды өтеуге тиіспін деп түсіндіруге;
- адам қимылының әлеуметтік қызметін бақылауға;
- қарым-қатынас жүйесін және қызмет түрлерін қалыптастыруға;
- өмірлік құндылықтарды дұрыс түсінуге және келер ұрпаққа өмір сүрудің баға жетпес тәжірбиесі ретінде құнды пайымдау жүйесін жасауға көмектеседі;
- өз іс-әрекетін бақылау арқылы сыртқы әлемге ашылу шегін қалыптастыруға.

*Репатрианттармен әлеуметтік уақытты әлеуметтік-мәдени транзит ретінде түсіндіру.* 1990 жылдардың басынан бастап жүргізілген этникалық қазақтардың репатриациясы еліміздің саяси-құқықтық жүйесі тарапынан құрылған репатрианттардың мәдени транзиті, нәтижесінде қазақ халқының санасына икемдеудің әлеуметтік-экономикалық дәлізі болып табылады. Этникалық (қазақтық) репатриацияның қазақстандық тәсілі – мемлекеттендіру, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді мекемелердің құзырына бермеу. Қазақстан үкіметі «қазақстандық» ұғымын территориялық бірегейлік (азаматтық, ұлттық) ретінде мақсатты түрде күнделікті өмір тәжірбиесіне енгізуде. Қазақстандық биліктің міндеті – этникалық топтардың және репатрианттардың, қалыптасып келе жатқан диаспоралық санада азаматтық қоғам құру мақсатында партикулярлық сұранымының дұрыс шешімін табу. Сондықтанда репатрианттар өз бастарындағы қиыншылықтарды қазақстандық қоғам тұрғысынан ұғынуы қажет. Жұмыссыздық, ауыр әлеуметтік – тұрмыстық жағдай, аймақтар дамуының әркелкілігі, шенеуніктердің біршама тобының сауатсыздығы, жемқорлық және тамыр-таныстық (түрлі жолдармен) – бұл біздің еліміздің барлық тұрғындары кездестіріп отырған шындық. Ел азаматы бола тұрып, ондай мәселелерді білмеу мүмкін емес.

Дегенмен репатрианттар бұл үрдістің белсенді қатысушылары болып отыр және өздері жалпы уақытты бөлшектеп өз статустарын көтеру ісінде сапалы «секіріс» жасауға сандық өзгерістерге темпоральды ерекшелік туғызып отыр. Мұның айқын көрсеткіші репатрианттар тарапынан енгізіліп отырылған әлеуметтік уақыт құрылымы өлшеміндегі, тарихи маңызы бар – 1 мамыр, 9-мамыр, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу (31 мамыр) сияқты қазақстандық мерекелерді (Қазақстан билігі түсінігіндегі) Өзбекстандық саяси тәртіп ерекшеліктеріне байланысты ерекше күндер деп санамауы.

Адам тәжірбиесіндегі әлеуметтік-мәдени үлгінің кез-келген түрі (соның ішінде уақыт өлшемі) ол жалпы мәдени қағидаларға сәйкес ментальдық өңдеуден өткен саналы әрекет. Біз сауалнама алған респонденттер үшін мұндай әрекеттер қатарына әлемнің негіздері және мәңгілік деп есептелетін ата-бабадан қалған өсиеттер және діни ілімнің ұстанымдары жатады. Оның өзегі бұлжымай орындалуға тиіс және қоғамда тұрақтылық қалыптастыруға әлеуметтік ақиқатты ортақ ережелерге сай емес, сіңірген

енбегіне орай қамтамасыз ететін рулық тайпалық құрылымдағы рәміздерде, білімнің қағидаттарында, шежіреде, әлеуметтік шарттар мен тәжірбиеде көрініс тапқан. Әулиелер мен ата-баба рухы біздің респонденттер үшін ұрпақтар сабақтастығы және атамекенге қоныс аударудың негізгі себебі.

Өзбекстан жерінде қазақтардың мекен еткен территорияларының бірқатары ата-баба жерленген әулиелі жерлер деп есептеліп, малшаруашылығы мен егіншаруашылығына пайдаланылмады. Өзбек билігінің қазақтарды осы жерлерге қарай «ығыстыруы» Қазақстанға көшеуге бірден-бір себеп болды.

Қазақ ауылдарында молдалар ұдайы болмады, сондықтан оның қызметінің бірқатарын ру/тайпаның басшысы орындады, яғни әлеуметтік-саяси бақылау рухани істермен ұштастырылды. Ақсақал беделінің мойындалуы – ұрпақтардың ата бабаға құрмет заңдылығының мәңгілік ережесінің сақталуы болып табылады. Біз сұрастырған барлық респонденттер сөзінен шығатын қорытынды қарапайым тұрғындар мен басшылық арасында «тіршілік» идеясының көрінбейтін желісінің бар екендігі. Біз «тіршілік» ұғымын қазақтар тұрмысындағы адамзат тарапынан жасалатын құнды-құштарлық жағдайын түсіндіретін уақыттан тыс әмбебап дәрежесі деп түсіндіреміз. Ол тұрмыстың барлық түрлері мен деңгейінде кездеседі – материалдық қызмет, әлеуметтік – мәдени тәжірбие, жеке моральдық – психологиялық эволюцияда – дамудың өзіндік қарапайымнан күрделіге қарай бағытына қызмет етеді. Қазақтардың тілдік қорында «тіршілік» ұғымын түсіндіретін - «еті тірі адам», «өлі-тірі», «тірі жан», «тіршілік жасау» және т.б. көптеген ұғымдар бар. Қиын жағдайға қарамастан репатрианттар қаржылық шығыны көп – баланың өмірге келуі, үйлену тойы және барлық құдандаласу ырымдарын, өмірлік жастық рәсімдер – сүндетке отырғызу, бір жастан келесі жасқа өту рәсімі, жерлеу және еске алу сынды барлық іс-шараларды атап өтеді. Бұған ата-баба, замандастар және келешек, т.б. жеткіншектерде кіреді. Уақытты шарттық-тәжірбиемен ұштастырсақ – «салт-дәстүр және жора-жазын» – тұрмыстық ұйымдасу түрлерінің байланысы.

Репатриация және миграциядан кейінгі кезең мәдени бейімделудің бірнеше кезеңдерінен тұрады: «мәдени шошынудан» бастап жаңа жағдайды өзінше талдаудың үлгісі мен әлеуметтік-мәдени кеңістікте қарым-қатынас жолдарын қалыптастырудың субъективті түрде байыптау. Бұл көбінде когнитивтік құрылым қызметінің ерекшелігіне байланысты: санасыз қарым-қатынас, топқа мүшелік пен тәртіптің бұлдыр ара-қатынасын орнатуға, осыған дейінгі тәжірбие адамның алынған ақпаратты қабылдауына, көруіне, түсіндіруіне, сақтауына және оны пайдалануына ықпал етеді. Бастан кешкен моральды – психологиялық қиыншылықтарды когнитивті қабылдау өзінің моральдық азап шегуінен, күрделі моральдық соққылар туралы әңгімелерінен, тұрмысты философиялық тұрғыдан қорытуларынан, бірге сезініп, бірге бастан кешіруінен, мигранттардың жаңа толқыны үшін және өскелең ұрпақты баға жетпес өмірлік тәжірбие мен әлеуметтік капитал ретінде ұжымдық тәжірбие түрлерін іздену бағыттарынан және бағалануынан байқалады. Бірақ этномәдениеттің негізі өзгеріссіз қалады.

*Алдын-ала берілетін бірқатар қортындылар.* Біздің респонденттер әлеуметтік уақытты бөле отырып әлеуметтік капиталды құра отырып оның ерекшеліктерін төмендегідей жағдайлардан көреді:

– жеке бастық ерекшеліктерде – көшіп келгенге дейін қандай еді, неге дәл сол уақытта шешім қабылдадық деген сезімдер мен қобалжулардан;

– ұстамдылықтың жоғарғы үлгілерінде, жанның тұрақтылығында, мақсат қоя білуден, өзіне деген сенімділіктен және мақсатқа жету жолынан таймаудан – ең жоқ дегенде балаларына білім алуға немесе отбасының жағдайының жақсы болуына, немесе саясаткерлер - саяси-әкімшілік құрылымның бір мүшесі болу және сыртқы істер министрлігінде қызмет атқару немесе мемлекеттік құрылымдарда, немесе саяси партияларға қызмет етуден;

– отбасы беделінің ұрпақтар есінде сақталуы үшін және қауымдастықтағы жоғарғы беделін құруда әлеуметтік коммуникация мен әлеуметтік капиталдың қордалануында – өздерінің жеткен жетістіктерімен бөліседі және өзгелерден жақсы пікірлер алады.

Репатрианттар өздері қолдайтындай өткен оқиғалар естеліктерден тұрады және бірнеше кезеңді камтиды – жаңа жағдайға бой үйрету (климат, тұрғын үй, тамақ, су және т.б.), уақытша бейімделу, қауіпті шешімдер мен оның бағасы, оны еңсерудің жолдары және кезеңі бейімделу. Психологиялық тұрғыдан олар ең алдымен шошынуды бастан кешеді, ешкімге керек емес, қайтып кету қалауының болуы, тіпті елге, туысқандарға деген сағыныштан өзге, осы қиыншылықтарға тап болғанға дейінгі кезеңге деген аңсау орын алады, кейін бірте-бірте ақиқатпен келісе бастайды, бейімделуді бастан кешіп, бірегейлікке бой ұрады.

Сауалнамаға алынғандардың көбі кәсіби қажетсіздікті баса айтты. Мамандықтарына сәйкес жұмыс таба алмайтындықтарын, көшіп келгенге дейінгі әлеуметтік-саяси беделдерін қайтара алмайтындықтарын айтты. Бұл көшіп келгеннен кейінгі өздерін жоғары бағалауға ұрындырып, жергілікті жердегі



халықтардың оларды қабылдауына деген наразылықтарын тудырады және күрделі моральдық және мәдени соққыға әкеледі, түрлі түсініспеушілікке бой ұрады (әкімшілік, тәртіп сақтау орындарымен). Репатрианттар Қазақстаннан тыс жерлерде алған білімдері мен іс-тәжірбиелерінің жергілікті еңбек нарқындағы, жұмыс бершілер арасындағы алшақтықты мойындағылары келмейді. Өздерін жоғары санатты маман ретінде санайды.

Шымкент маңына Өзбекстаннан көшіп келген репатрианттар мәселесін түсіндірудегі уақыт жылдамдығы мен кескінінде жаңа қоғамға бейімделу мен бірегейлену үрдісінің өзіндік кезеңденуі бар. Оның толысуы репатрианттардың өзіне байланысты, дегенмен репатрианттардың бейімделу қауіп-қатерінің азаюуы үшін мемлекет тарапынан бағдарлама қажет.

- 1 *Elias N. Time: an Essay. – Oxford: Blackwell, 1992.*
- 2 *Braudel F. Ecrits sur l'histoire. – Paris: Flammarion, collection Science, 1969. – 315 p.*
- 3 *Авторлардың ел арасынан жинаған мәліметтері. Оңтүстік-Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, наурыз-мамыр 2012 ж.*
- 4 *Гуссерл Е. Феноменология внутреннего времени. – М.: Гнозис, 1994. – 218 с.*
- 5 *Бергсон А. Опыт о непосредственных данных сознания. Собр. соч. – Т.1. – М., 1992. – 422 с.*
- 6 *Merton R. Social time: A Methodological and Functional Analysis // The American Journal of Sociology. – 1937. – Vol. 42. – Issue 5. – P.615-629.*
- 7 *Блок М. Апология истории, или ремесло историка. – М., 1986. – 282 с.*
- 8 *Хальбвакс М. Коллективная и историческая память // Неприкосновенный запас.– 2005. – № 2-3. – с. 22-28.*
- 9 *Агентство РК по статистике, 2011// <http://www.resurs.kz/catalog/stat>.*

**A.B. Kalysh, A.I. Isayeva**  
**Criteria and indicators for social and cultural adaptation and integration**  
**of the repatriates in Kazakhstan**

**Summary**

The problems associated with adapting of the immigrants are costly to the state and society, both economically and socio-culturally. Through (by stages and levels) temporary identification of problems of adaptation and integration of ethnic immigrants urgently requires study. Social time objective and subjective, ie people's lives depend on what happens in society, but they can control their activities and to interpret what is happening in terms of their interests or evaluation of the processes. Social time is both collective and individual. People interpret collective events through the prism of their vicissitudes of life, produce and exchange symbols, values and ways of organizing their time, and because of this change and the groundwork for further developments. Furthermore, the report looks at how repatriates acquire social, physical, and their time - extend its boundaries, divide it into certain stages, accelerate it be and how at each stage form a coordinate system on which we must focus not only to themselves but also to other - family, the younger generation. Drawn attention to the fact that a significant portion of our compatriots who arrived in the Republic of Kazakhstan, talk about their professional unclaimed, because they cannot get a job in their specialty and occupy the socio-economic situation, which they had in the past, prior to migration. This indicates a high self-esteem, which does not coincide with the way their local population estimates, and this leads both to serious moral and cultural trauma and socio-economic problems and conflicts at different levels (administration, law enforcement agencies), after the move. Repatriates do not recognize that there is a large gap between their professional experience and knowledge gained outside of Kazakhstan, and the needs of the local labor market as well as the preferences of employers. Incorporation of these features should help not only them - repatriates, but also to relevant authorities and institutions in overcoming the existing risks and deficiencies in the successful integration into the community of Kazakhstan.

**Key words:** oralmans, repatriates, adaptation, integration, social time, traditional institutions of governance.

**А.Б. Калыш, А.И. Исаева**

**Критерии и показатели социокультурной адаптации и интеграции репатриантов в Казахстане**  
**Резюме**

Проблемы, связанные с адаптацией репатриантов дорого обходятся государству и обществу, как в экономическом, так и социально-культурном планах. Сквозная (по этапам и уровням) временная идентификация проблем адаптации и интеграции этнических репатриантов настоятельно требует

изучения. Социальное время объективно-субъективированно, т.е. жизнь людей зависит от того, что происходит в обществе, но они могут управлять своей деятельностью и интерпретировать происходящее с точки зрения своих интересов или оценки происходящих процессов. Социальное время является одновременно коллективным и индивидуальным. Люди интерпретируют коллективные события сквозь призму своих жизненных перипетий, продуцируют и обмениваются символами, ценностями и способами организации своего времени, и вследствие этого меняют и канву дальнейших событий. Кроме того, доклад рассматривает, как репатрианты овладевают социальным, физическим и своим временем – расширяют его границы, делят его на определенные этапы, ускоряют ли его и как на каждом этапе формируют систему координат, по которым надо ориентироваться не только им самим, но и другим – родным, подрастающему поколению. Обращено внимание и на то, что значительная часть наших соотечественников, прибывших в Республику Казахстан, говорят об их профессиональной невостребованности, так как не могут получить работу по специальности и занимать то социально-экономическое положение, которое у них было в прошлом, до миграции. Это свидетельствует о высокой самооценке, что не совпадает с тем, как их оценивает местное население, и это приводит как к серьезным моральным и культурным травмам и социально-экономическим проблемам, так и конфликтам на разных уровнях (администрация, правоохранительные органы), после переезда. Репатрианты не признают, что существует большой разрыв между их профессиональным опытом и знаниями, полученными за пределами Казахстана и потребностями как местного рынка труда, так и предпочтениями работодателей. Учитывание указанных особенностей должно помочь не только им – репатриантам, но и заинтересованным государственным органам и учреждениям в преодолении имеющихся рисков и недостатков в их успешной интеграции в казахстанское сообщество.

**Ключевые слова:** оралманы, репатрианты, адаптация, интеграция, социальное время, традиционные институты управления.

**УДК 94: 316.75 (574)**

## **ПАРТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ В КЫРГЫЗСТАНЕ – ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ**

**Омурова Ж.К. -**

*И.о. доцента Кыргызского Государственного университета имени Арабаева, Республика Кыргызстан, г. Бишкек e-mail: jursun71@mail.ru.*

Автор рассматривает особенности цели и задачи партии национального возрождения «Асаба» и их роль в системе политической жизни Кыргызстане. Основными целями и задачами были разработаны собрать лучших патриотов кыргызстанцев, рвущихся за свой народ, обновить интересы развития национальной науки, языка, культуры, традиций и обычаев, сохранения религии и партия поддерживала не только экономическое и политическое развитие кыргызского народа в соответствии с требованиями времени и повышение на новый уровень. Раскрывает всесторонне защищающего права человека, появление сознания и культурно- политического уровня и гражданской позиции и инициативности народа. Достижение социальной справедливости во всех сферах жизнедеятельности.

Общие цели и направления партии объединение в своей ряды патриотичной молодежи.

**Ключевые слова:** политическая система, кыргызские патриоты, национальная наука, экономика.

Вместе с ходом перестройки в Кыргызстане в результате изменений в политической системе наше государство имеет многопартийные развитые общественные движения, и стало демократическим государством.

Из числа политических партий партия национального возрождения (ПНВ) «Асаба» в истории кыргызского народа является первой политической партией, которая делает упор на национальное развитие, обращает больше внимания на национальные права нежели на права человека.

Движение «Асаба», отделившись от движения «Ашар», затем преобразовалось в партию – бытует мнение в обществе. Но, если опираться на полученные сведения, создавалась как движение «Асаба», за короткое время стала называться партией. На встрече с первыми основателями партии «Асаба» [1] «собравшись в Национальном драматическом театре, одна кыргызская патриотическая молодежь, решили создать политическое движение, долго обсуждали его название, споря до разгоречения. Те, кто были за движение «Асаба», были на одной стороне, те, кто предлагал другие названия, разделились в другую группу, так и спорили. Были также опасения, что поддерживающие движение «Асаба» – это

националистически настроенные люди. И, наконец, тех, кто был за это название, оказалось большинство, поэтому победу одержала группа, стоявшая за движение «Асаба». Таким образом, 28 апреля 1990 года в малом зале Кыргызского государственного университета (в настоящее время КНУ имени Жусупа Баласагына) образована организация «Демократическое движение «Асаба» [2].

В начале 1990 года, когда организовывались многочисленные митинги против тоталитарной власти коммунистической партии, одна кыргызская молодежь всегда собиралась и обсуждала судьбу языка, культуры, истории, обычаев и традиций, возрождение завтрашнего будущего кыргызского народа и вносила свои предложения по созданию политической партии и проводила непрерывную работу в этом направлении.

Основной деятельностью народного движения «Асаба» было проведение своей миссии не вразрез с общими положениями Конвенции о правах человека Организации Объединенных Наций и статьями основного закона кыргызского народа (Конституции КР) и другими законами Кыргызской Республики.

Основная цель движения: создание общественного строя, всесторонне защищающего права человека, повышение сознания и культурно-политического уровня и гражданской позиции и инициативности народа; создание демократических движений, стремление к реальной народной власти. Вместе с принятием основной цели движение «Асаба» поставило перед собой следующие задачи:

- раскрытие всех действий, противостоящих демократизации и прозрачности;
- способствование превращению Кыргызстана в правовое государство, обеспечивающее свободное развитие каждой личности и народа в целом;
- достижение реального суверенитета государства;
- повышение гуманности, нравственности общества;
- способствование сохранению и повышению культурного наследия всех народов, проживающих в государстве;
- оказание помощи коренному изменению чистоты окружающей среды;
- достижение социальной справедливости во всех сферах жизнедеятельности [3].

Высшим органом движения «Асаба» считается общий курултай (общее собрание). Предлагается выбрать по одному представителю из 10 человек для создания самостоятельных групп на общий курултай. Когда количество групп превышает 20 человек, создаются самостоятельные группы, по их рекомендации Курултай созывается минимум раз в полгода, принимает решения движения «Асаба» и утверждает Устав, вносит изменения, за период на один год намечаются выборные мероприятия по выборам органов управления Ордо Кенеша (политсовета) движения, контрольно-ревизионной комиссии.

20 октября движение «Асаба» во главе которого стояли основоположники из села Новопавловка Сокулукского района. На собрании присутствовали 25 человек [4] председателем заседания выбраны Райкан Төлөгөнов, секретарем – Нарынбек Исабеков. На повестке дня рассматривался вопрос: создание национальной политической партии. А также принятие названия и Устава партии.

По первому вопросу выступил Чапрашты Базарбаев, который поднял следующие вопросы: «на основе функционирующей до этого общественной организации «Асаба» нужно создать национальную партию, повышение национального сознания кыргызского народа и полного достижения суверенитета кыргызского государства, заново формировать национальные традиции и обычаи и другие наследия отцов наших [4]. Данные вопросы бурно обсуждались на собрании и единогласно приняты общим решением. По второму вопросу уточнения названия партии 22 человека проголосовали «за», 3 человека «против», в итоге принято решение о названии партии – партия национального возрождения «Асаба» [2]. По третьему вопросу в обсуждениях участников собрания с согласия 23 человек принят Устав партии. Таким образом, ранее бывший народным движением «Асаба» переименован как партия национального возрождения «Асаба».

Председателем партии национального возрождения «Асаба» (ПНВ) единогласно избран до этого выполнявший обязанности руководителя движения Чапрышты Базарбаев [5].

Партия национального возрождения «Асаба» официально зарегистрирована в министерстве Юстиции 30 декабря 1991 года. Когда только регистрировались, в партии было 503 члена [5]. На сегодняшний день в партии есть более 18 тысяч членов. Руководящий орган партии – Центральный кенеш (Ордо кенеш).

На вопрос журналиста Апсаматова Раимбека: Почему партия называется партия национального возрождения «Асаба»? в то время руководивший партией председатель, доктор исторических наук

А.С. Ормушов ответил: «никто не может отрицать тот факт, что кыргызский народ является одним из самых древних народов в Средней Азии. Мы ведь в последние 70 лет не признавали самые лучшие

традиции и обычаи, культуру, религию этого древнего народа, считая их недостойными. И вот только теперь, когда родной язык кыргызского народа стал государственным языком, на тоях начали играть национальные игры, больше стали одевать национальную одежду, возвращаемся к традициям и обычаям предков, вспоминаем религию, уточняем исторические личности, проходит эпоха возрождения в национальном сознании, как можно не волноваться! Вот так правильно выбрали свою партию достойные сыны и дочери кыргызов, проводящие эти национальные возрождения, изменения, рост под Синим флагом (Көк Асаба)» [6].

На основе разработанного партией национального возрождения «Асаба» положения приняты *основные цели* партии: «объединить в свои ряды молодежь, лучших патриотов кыргызов, ратующих за свой народ, за свое отечество, обновить интересы развития кыргызской национальной науки, родного языка, культуры, традиций и обычаев, сохранения религии, повышение их на уровень современных требований. Вместе с сохранением полной независимости и суверенитета Кыргызское государство стало членом ООН, и становится государством истинно демократического типа, уважает и защищает свободу и права кыргызского народа» [7]. А также А.С. Ормушов в информации, которую он дал журналистам, остановился на еще одной особенности целей партии: «...поддержим государственность языка и будем способствовать его развитию. Кроме этого, наша цель состоит в том, чтобы по-новому развивать богатую историю, этнографию, традиции и обычаи, обряды нации в новом понимании, в соответствии с развитием общества» [8]. Вместе с этим, партия поддерживала не только экономическое и политическое развитие кыргызского народа, но и сохранение традиций и обычаев древних предков, суверенитет государства, языка и культуры, развитие традиций и обычаев в соответствии с требованиями времени и повышение на новый уровень [5]. На основе положения намечены общие цели и направления партии: объединение в свои ряды кыргызской патриотичной молодежи, думающей о своем отечестве – Кыргызской Республике; развитие государственного языка, науки и образования Кыргызской Республики, традиций и обычаев, культуры кыргызского народа и повышение их на новый высокий уровень в соответствии с требованиями времени; вместе с сохранением полной свободы и единства Кыргызской государственности служение развитию демократии; разработать, вынести на общественное обсуждение и рекомендовать государственным органам Национальную модель современного развития Кыргызской Республики по развитию и совершенствованию внутренней и внешней политики, экономики, науки и образования, культуры кыргызского народа.

Таким образом, партия национального возрождения «Асаба», как говорит за себя само название, является той партией, которая все свои силы направляет на сохранение современных требований, свобод кыргызской нации, восхваление и развитие традиций, культуры, религии и языка кыргызского народа.

1. Полевые материалы автора, г. Бишкек, М.Чекирова, Д.Нусупова. 20 августа 2009 г.
2. Партия национального возрождения “Асаба”. – Бишкек, 1992. – С. 2.
3. Личный архив Партии национального возрождения “Асаба”. – Бишкек, 2009.
4. Личный архив Партии национального возрождения “Асаба”. – Бишкек, Протокольный журнал, 1990.
5. Кыргызская культура. – 1994. – 7 апреля.
6. Кыргыз Туусу. – 1991. – 27 ноября.
7. Бишкек шамы. – 1992. – 13 февраля.
8. Учительская газета. – 1992. – 31 января.

### Ж.К. Омурова

#### Кыргызстанның Ұлттық қайта жаңғыру партиясы - мақсаты мен міндеттері Түйіндемесі

Автор Ұлттық жаңғыру «Асаба» партиясының ерекшелігін, мақсаттары мен міндеттерін және Кыргызстанның саяси өміріндегі орнын қарастырады. Негізгі мақсаттар мен міндеттер, Кыргызстанның өз халқының мүддесін қорғайтын, үздік патриоттарын жинау, дінді сақтау, ұлттық ғылым, тіл, мәдениет, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жаңғырту және партияның қырғыз халқының экономикалық және саяси бағыттарын, заманға, талаптарға сәйкес жаңа деңгейге көтерілуін қолдауы болып табылады. Адам құқығын, сана, мәдени және саяси деңгейінің пайда болуын, сондай-ақ адамдардың азаматтық позициясын және халық жігерлілігін толық ашады. Өмірдің барлық салаларында әлеуметтік әділеттілікті қол жеткізу. Партияның жалпы мақсаты мен бағыты өз қатарына жас ұрпақты бірлестіру.

**Тірек сөздер:** саяси жүйе, Қырғыз патриоттары, ұлттық ғылым және экономика.

**J.K. Omurova**

## **National Revival Party's aim and challenge in Kyrgyzstan.**

### **Summary**

The author considers the peculiarities of aim and challenge of National Revival Party Asaba and also role of political system life in Kyrgyzstan. The main aim and task were to have elaborate of unity the best kyrgyz patriots, have intercede for their nation, work up a new interest for development of national science, language cultural tradition and customs keep the religion. And party supported not only political economical development of Kyrgyz people, according to the requirements of time and improvement on new stage of nation. Reveals the full protection human right, appearance of understanding cultural- political stage in civic positions and initiatives of nation. Achievements of social equity in all ability of life sphere. The Kyrgyz patriots youth unite in party is the main purpose and directions.

**Key words:** political system, kyrgyz patriots, national science, economical development.

**ӘОЖ 297.1(574)**

## **ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Сандықбаева Ө.Д.** - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы философия ғылымдырының кандидаты* [sandykbaeva@mail.ru](mailto:sandykbaeva@mail.ru),

**Мажикызы Н.** - *аға оқытушы* [nurlihan80@mail.ru](mailto:nurlihan80@mail.ru),

**Арыстанбекова Қ.Д.** - *аға оқытушы* [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

Мақалада қоғамның негізгі күші жастар болғандықтан және жастар мемлекетіміздің болашағы болып саналғандықтан жастар белсенділігінің әлеуметтік – мәдени көзқарасын қалыптастыра отырып, бүгінгі күннің талабына сай елдің болашақ ұрпағының санасын дұрыс бағыт бағдар беру арқылы құндылық мәнін ашып көрсету. Сонымен бірге жастар қоршаған ортада өздерінің жауапкершілігін түсіне алатындай Отан сүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелей отырып рухани тұрғыдан жетілдіру құндылық ұғымын жастардың бойына сіңіру арқылы адамның толыққанды болмысын тәрбиелеу мақсатында алғышарттар қарастырылғын. Ал қазір, рухани тұрғыдан толыққанды азаматтарды қалыптастырудағы елеулі шаралардың бірі, өткенді жаңғыртатын отандық тарихты, ұлттық-рухани құндылықтарды зерттеп оқыту арқылы іске асыруға баса назар аударылды.

**Түйінді сөздер:** мәні, жас адамдар, әлеуетті ұрпақ үлгісі, рухани үрдісі, этникалық, діни деноминация, демократиялық, реформа.

Жастардың жаңа жағдайға бейімделуі немесе жаңашылдыққа ұмтылысы жоғары деңгейде болғандықтан қоғамдағы өзгерістерден шет қала алмайды. Жалпы қоғамның дамуы, болашағына деген сенімді көзқарастың қалыптасуы сол қоғамдағы жастар және жастардың әлеуметтік-мәдени болмысымен тікелей байланысты. Осы жағдайда шығыс елдері аға ұрпақтың тәжірибесіне сүйенсе, Солтүстік Америка мен Батыс Еуропалық елдер жастарға көп үміт артады [1, 76.]. Осыған байланысты қазіргі жастардың санасындағы «құндылық» ұғымын дұрыс қалыптастыру елдің болашағын айқындайтын факторлардың қатарына жатады.

Құндылық - әлеуметтік субъектіге қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма деп [2, 126.] алынатын болса, моральдық құндылықтар, тәрбие, құқық осы жалпылама қағидаға негізделеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды осы пайда анықтайды. Адамның адамгершілігінің, этикасының, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуында жауапкершіліктің мәні өте зор. Оның мүмкіншілігі көбейген сайын жауапкершілігі де арта береді. Сонымен қатар, адамның жан дүниесі өзінің мойнындағы жауапкершілікті бағалап, түсіне алатындай дәрежеде кемел болуы да шарт. Бұл ол адамның дүниеге көзқарасымен, діни танымымен және алған тәрбиесімен ұштасып жататын мәселе.

Осыған орай қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден бастап яғни ұрпақтың дұрыс қалыптасуына ерекше мән берген халық. Сондықтан баланы бастан тәрбиелеу керек деген даналық сөз қалдырған. Жастарды, ел болашағы ретінде жасынан қайратты, қайырымды, ақылды, адал, әділ, өнерлі етіп өсіру мәселесі қай кезде де айрықша мәселе болған [3, 1366.].

Қоғамның қалыптасуы мен мемлекеттің өркениеттілігін арттыру үшін ондағы адамдардың, әсіресе өскелең ұрпақтың рухани тұрғыдан жетілген болуына баса назар аударылады. Олай болса, біздің еліміздің болашағы болатын жастардың белсенділігі қандай бағытта дамуы керектігі өзекті мәселелердің

бірі екені дауысыз. Сол себептен жоғарыда аталған қасиеттерді жастардың бойына дарыту, қоғамдағы құндылық түсінігін қалыптастыруда ерекше мәнге ие болады.

Бұрыннан қалыптасып келе жатқан рухани қазынамызды, дала өркениеті мен қазіргі әлемдік өркениеттің үндесе, үйлесімді дамуын ғылыми негіздерге бағыттап отырып қарастыру заманның талабынан туындайды. Ел ішіндегі осындай шаралардың көрінісі, жастардың патриоттық сезімін оятып, тарихи сананың қалыптасып келе жатқанына куә боламыз. Тарихшылардың айтуы бойынша, жалпы тарихи сана, қоғамдық саналардың бір түрі әрі тарихи процестердің рухани жағы нақты іс-әрекеттерден туындайтын категория болып табылады. Ал қазір, рухани тұрғыдан толыққанды азаматтарды қалыптастырудағы елеулі шаралардың бірі, өткенді жаңғыртатын отандық тарихтың, ұлттық-рухани құндылықтарды зерттеп оқыту жақсы жолға қойылып отыр.

Жастар - қоғамның жемісі және оны түрлендіруші күш. Бұл шындықты түсіну өскелең ұрпаққа қатысты объективті дұрыс саясаттың алғышарты болып табылады. Адам өмірге, келешегіне негіз болып табылатын қатынастар жүйесімен, өндіруші күштердің белгілі деңгейімен, мәдениетпен күнделікті кездеседі. Өмір жолының сипаты, оның бағыты, оның түрлендіруші күші көптеген жағдайда адам басынан өткен жағдайлармен анықталады. Теориялық тұрғыда әр адам өмірде рационалды өмір сүруге құқылы.

Жастардың қоғамдық саяси потенциалының болмысы мен мазмұнын қазіргі кездегі зерттеушілердің көпшілігі «өз қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес саяси өмірге араласу» қабілеттіліктерінің жиынтығы деп қарастырады. Қызығушылық әдетте қоғамның қажеттіліктерімен сәйкес болады. Бұл кездегі потенциал құрылымын құндылықтық бағдар, бейімділік, мақсатын таңдау мен оған жету құралдарын бағалау, мотивациялық бағдар жиынтығы деп қарайды [4, 86].

Жастардың қоғамдық мәдени потенциалы негізінен табиғи қажеттіліктерді, табиғи жүрісті, адам өмірінің ағынын, оның потенциалдық мүмкіндіктерін іске асыруды, оның ұрпақтық ерекшеліктерінен, «болжау моделіне» сүйене отырып ескерумен құрылу керек. Әрбір жаңа буынның потенциалын көрсету кезінде сол кездегі нақты тарихи жағдайларда нақты қоғамның әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерімен байланыстырып қарау қажет. Өздігімізге оралудағы үрдісте даму бағытымыз көп жақты болып кеткендігін ескеруіміз керек. Елімізде және көрші елдерде де әсіресе жастардың дүниетанымы, біреулері тарихи санадан көзін тауып, өмірлік ұстанымдарын дәстүрге бағыттаса екінші біреулері, білім беру саласынан батыстық үлгіде келе жатқандықтан, еуропалық үлгіде дамуда.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі жағдайға келер болсақ; әртүрлі этникалық және көп конфессиялық көрсеткіштер, елді демократиялық бағытта дамуға ықпал етуде. Діни сенімге қызығушылық қоғамның әр тобында оянды. Дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес ағымдар жаппай миссионерлік сарында қызметтерін жалғастыруда. Бұлардың жұмыстары елдің жас буынына басым бағыт береді. Себебі олар да елдің болашағының жастардың қолында екендігін біледі. Жас ұрпақ өз кезегінде, қоғамның басым бір бөлігі, өзегі, өкілі болғандықтан, біз оны қоғамнан тыс қарастыра алмаймыз. Сонымен қатар қазіргі жастар деп бағалап отырған буын, болашақ қоғамның қайраткерлері және басшылары әрі өкілдері екендігі даусыз.

Еліміздің мәдениетінің дамуында, өмірімізде ерекше орны бар өзгерістер басталды. Аз ғана уақытта асқан асуларымыз, алған белестеріміз, қол жеткізген табыстарымыз, рухани жетістіктеріміз де аз емес. Мұның жас ұрпақ үшін маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда әр азаматтың өзін жас ұрпақтың алдында жақсы, ұнамды жағынан көрсете білуге ұмтылып, оны жақсылық пен адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баули білетін болсақ болашағымыздың дұрыс бағытта болатындығы шындық.

Жастардың, тек өз халқының мәдени, рухани құндылықтарын дәріптеу керек деген сөз емес. Халқының ұлттық ерекшеліктерін құрметтеп, оны өз бойына сіңіре отырып, басқалардың құндылықтарына да құрметпен қарау адамзаттың жоғары нышаны, құндылығы, адамгершілігі болып табылады. Біздің көздеген мақсатымыз, жастарға мәдениеттің не екендігін үйретіп, өзге халықтармен ынтымақты қарым-қатынас жасауға, салтын құрметтеуге, бейбітшілікке баулу. Мәдениет – кез-келген халықтың айнасы.

Жастар үшін ең алдымен назарда ұстайтын мәселелердің бірі, сонымен бірге шет елде білім алатын мамандардың өз ұлттық құндылықтарын дәріптеуі болып табылады.

Жастардың әлеуметтенуі қазіргі қоғамда болып жатқан процестерден тыс жүре алмайды. Бұл процесті бір арнаға түсіру үшін жаңа мемлекеттік жастар саясатын тереңірек жетілдіру қажет. Бұл қоғамның реформалануы тұсында жас ұрпақтың нарықтық қатынасқа ерте бейімделуіне әсер етеді.

Мемлекеттік жастар саясаты елдің әлеуметтік-мәдени дамуының негізі болып табылады. Жастар саясаты өз кезегінде кез-келген елдің басты басымдығы. Сондықтан еліміздің жастарын ұлтжандылыққа,

адамгершілікке, білімділікке, өркениеттілікке тәрбиелеу біздің ең басты құндылықтарымыздың бірі болмақ.

Еліміздің экономикалық-саяси, рухани-мәдени жағынан дамуы, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін және ұлттық-рухани құндылықтарын ескеріп, нарықтық қатынастарға өтудің сатысын қалыптастыра отырып демократиялық мемлекет құру ең басты көздеген мақсатына айналуы тиіс.

Сондықтан да жан-жақты жетілген адам мәселесі бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда өзінің маңыздылығын жоймаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары біздің елімізде, жалпы дүниежүзіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты бұрынғы құндылықтар өзінің мән-мағынасын жойса, жаңа құндылықтар әлі бой көтере алған жоқ. Тек саяси-әлеуметтік немесе экономикалық емес, рухани өмір тұрғысынан да қазіргі жағдайда өмір сүріп жатқан біздің еліміз үшін бүгінгі күн талабына сәйкес келетін жан-жақты жетілген адамды, немесе ұлы Абай айтқандай «Толық адамды» тәрбиелеу қазіргі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады [5, 186.].

Ал дұрыс бағытты адам жастық шағынан бастағанда ғана толыққанды жетілген адам деңгейіне көтерілуге мүмкіндігі болары сөзсіз. Сондықтан жас буынды барынша рухани, құндылықтық тұрғыдан тәрбиелеу, оларға дұрыс бағдар беру, болашаққа сеніммен қараудың басты тетігіне айналуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, отанына опасыздық жасайтын, барлық рухани құндылықтарды материалдық байлыққа ойланбастан айырбастайтын, білімділікті адамгершіліктен жоғары қоятын ұрпақ пайда болатындығы шындық.

Қазақстанның гүлденуі, прогрессивті тұрғыда алға жылжуы көбінесе сол мемлекеттің гүлденуіне жастардың қандай қарқынмен, қандай азаматтық көзқараспен қатысуына, алдағы жас ұрпақтың санасында азаматтық тұрғыдағы басым құндылықтарға байланысты болмақ. Қандай да болмасын қоғамның жалпы міндеттерінің бірі – болашақ жастардың ұлттық, адамзаттық, қоғамдық құндылықтарды ұстана отырып, халықтың бірлігі мен елдің тәуелсіздігіне басымдық беруге жастарды баулу, осы бағытты әлеуметтік-мәдени шараларға көңіл бөлу, жастардың құндылықтық бағдарын анықтауға қол ұшын беру болып табылады.

Қорыта айтқанда, елдің әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық дамуында жастардың орны ерекше. Сондықтан жастар арасындағы қызығушылықтар мен бейімділікке дұрыс бағдар ұсыну, оның еліміз үшін тиімділігін көрсету, жастарды ұлжанды әрі білімді етіп тәрбиелеу қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі болмақ.

**Түйін сөздер:** құндылық, жастар, потенциал, ұрпақ, моделі, рухани, үрдіс, этникалық, конфессиялық, демократиялық, реформалану.

1. Майлыбаев Б. Государственная молодёжная политика - важнейший фактор реформ. // Столичное обозрение, 1999, 22 января. - 7с.

2. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. - Алматы, ҚР, БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 12 б.

3. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: «Қаржы қаражат», 1995.- 136 б.

4. Леванов Е. Общественно-политический потенциал молодежи: состояние, проблемы и пути реализации. (Опыт социологического анализа), Диссертация на соискание учёной степени доктора социологических наук в форме научного доклада, Москва, 1990. - 8с.

5. Байтенова Н.Ж. Шығыс философиясында жан-жақты жетілген адам ілімінің өзіндік ерекшеліктері. // Қазіргі заман адамының рухани ізденісі / халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2006. – 18 б.

#### Резюме

**Сандыкбаева У.Д.**- кандидат философских наук, старший преподаватель факультета Довузовского образования КазНУ им. Аль-Фараби [sandykbaeva@mail.ru](mailto:sandykbaeva@mail.ru) ,

**Мажикызы Н.**- старший преподаватель факультета Довузовского образования [nurlihan80@mail.ru](mailto:nurlihan80@mail.ru)

**Арыстанбекова К.Д.**-старший преподаватель факультета Довузовского образования [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

#### Особенность ценностей молодежи на социально-культурной натуре

Нашей основной целью является доведение до сознания молодежи основную суть культуры и религии. Привить любовь и уважение к традициям и обычаям, в целом к культуре и духовной религии

других народов, тем самым, сохраняя дружбу и миролюбие между народами. Культура - это и есть "зеркало" народа.

Человечество, живя в общественной среде должно ориентировать свои действия и свободу согласно общественному порядку. В свою очередь государство должно создавать все условия, чтобы государственная молодежная политика работала во благо народа.

**Ключевые слова:** ценность, молодежь, потенциал, поколение, модель, духовный, тенденция, этнический, конфессия, демократический, реформирование.

### Summary

**Sandykbaeva U.D.** - the candidate of philosophical sciences, the senior teacher of faculty of Pre-university education TREASURY of Al-Farabi of [sandykbaeva@mail.ru](mailto:sandykbaeva@mail.ru),

**Mazhikyza N.**- senior teacher of faculty of Pre-university education [nurlihan80@mail.ru](mailto:nurlihan80@mail.ru)

**Arystanbekova K.D.**- senior teacher of faculty of Pre-university education [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

### Feature of values of youth on welfare nature

Our main purpose is доведение before consciousness youth main essence of the culture and religions. Graft the love and respect to tradition and custom, to culture as a whole and spiritual religion other folk, hereunder, saving friendship and peaceful nature between folk. The Culture - and there is "mirror of" folk.

The Mankind, live in public ambience must orientate their own actions and liberty according to public order. In turn state must create all condition that state youth policy worked in good of folk.

**Keywords:** value, youth, potential, generation, model, spiritual, tendency, ethnic, faith, democratic, reforming.

UDC 327: 338.45 (574)

### MODERN THREATS AND PREREQUISITES OF FORMATION THE CONCEPT OF ENERGY SECURITY OF EU COUNTRIES

**Mukan Saken**– *PhD in International Relations. Associate Professor of the Chair of International Relations at Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages*

**Raev Dauletbek**– *Doctor of Philosophical Sciences. Dean of the Faculty of International Relations at Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages*

**Bizhigitova Karligash** – *Candidate of Historical Sciences, Head of Chair of Journalism and International Relations at University of International Business*

The concept of energy security of any country or the region in many cases is defined by those threats of energy security that any country or the region faces up largely.

The existing classifications of energy security threats (energy risks) in scientific literature and the state documents divide the energy risks on such factors as that can be the reason of energy resources deficiency as a primary one and the consequences of taken place the energy delivery failures as the secondary ones. Therefore, for example, the risks of physical or technical character can be the primary reason of energy carriers' deficiency and further the arising economic, social and ecological threats of the whole energy security are rather the consequence of deliveries failure in any cases. Special value on division into primary and secondary reasons of energy risks in practice for their prioritization is essential when forming energy strategy of the state.

**Key words:** Energy Security. European Union Energy Strategy. Russian "Gazprom". Geopolitical Energy Game.

The prerequisites of formation the European Union's concept of energy security and the related increase of the energy security importance when forming energy strategy of EU countries in the market of gas at the beginning of the 2000s in many respects were defined by growth of the largest suppliers' share in supply of gas to the EU market, and also an entrance of the Russian company "Gazprom" to the capital investment of the gas transmission and distributive companies in Europe in 1990-2000.

If in 1990s, the share of deliveries of three largest export countries of gas in the EU market (Russia, Norway and Algeria) made about 49% of gas consumption by the European Union countries, gradually by the middle of the 2000s this indicator increased to 55% [1].

Thus, for these three mentioned above countries is indicated more than 80% of gas import to the EU, including for Russian share more than 40% were sharing to the end of the considered period of time [2].



The Russian company “Gazprom” with the purpose for increasing the volumes of gas supply, ensuring its stability and entry into the market of the European consumers since the beginning of the 1990s, sought to receive control over gas transmission and distributive assets in European continent largely. The first joint venture for gas supply to Germany market was created in 1993 in cooperation with the German company “Wintershall” (sister-company of the German “BASF”) and named as “Wingas” where “Gazprom” got 35% of its share. By 2000s, the company owned a wide network of the main pipelines in Germany and one of the largest underground gas storages. Consequently, the “Wintershall” and “Gazprom” founded one more joint venture named as “WIEH” where the shares consisted of 50% respectively each one.

“Gazprom” has expanded its presence in other markets of EU countries too. By the middle of the 1990s, the company got the shares in a number of joint ventures with the European companies: for example, in France “Fragaz” (50% - “Gazprom” and 50% of “Gaz de France”), in Finland “GasumOy” (25% - “Gazprom” and 75% of “Neste”), in Italy “Volta” (49% - “Gazprom” and 51% of “Edison”) and “Promgaz” (50% - “Gazprom” and 50% of “SNAM”) etc.

In 1995, the Russian company also got the 10% of the “Interconnector” international consortium where it had to lay the pipeline from Great Britain to continental Europe on a bottom of the North Sea.

In the 2000s, “Gazprom” has continued to realize the strategy of its entry into the market of gas in Europe that has been promoted in many respects by process of liberalization of European gas industry. In 2006, the agreement on strategic partnership was signed with the Italian company “ENI” that granted for the Russian company the right to carry out direct sales to Italian consumers around 3 billion cubic meters a year. Besides of that, it was succeeded to reach agreements in Austria on acquisition of 50% share of the “Central European Gas Hub Company” that was the operator of large gas-distributing knot in the Austrian Baumgarten.

At the same time, such activity of the Russian gas exporter has faced the increasing vigilance of EU countries from the point of view of regional energy security threats and the related growing resistance from the governments and regulators of these countries. At the beginning of the 2000s, the “Gazprom” could not get a number of assets in Germany, Romania and Hungary. In 2006, the government of Great Britain blocked the planned transaction on acquisition by “Gazprom” of the “Centrica Company” occupying about 20% share of the market in retails of gas in the country [3].

The European commission issued the document named as “Towards an European strategy for the security of energy supply” in 2000 that laid the foundation of ensuring energy security strategy of the EU at that time and for the future perspective. The essence of the energy security concept in framework of this document is given in the section 1.1. that reveals the formation of system the energy security threats of EU in detail [4]:

*physical threats*, namely as exhaustion of energy resources, failures of deliveries in a view of accidents or strikes, geopolitical crises or natural cataclysms,

*economic threats*, i.e. the negative consequences for national economies because of the prices of energy resources instability,

*social threats*, as namely consequences of social character because of price increase or lack of energy resources supply,

*ecological threats*, resulting from production, production or consumption of energy resources and the electric power (techno-genic accidents, emissions of the polluting substances in the atmosphere).

The authors of the monograph “EU Energy Security in the XXI Century” [5] offer the system of energy security threats applicable for the European Union countries and the expressing relationship of cause and effect for various types of energy risks of the import country and energy resources where the primary threats of energy security are the reasons of secondary and tertiary risks of energy supply system by and large.

In framework of primary risks, it is allocated into two subgroups that in turn share the various types of risk factors:

social and economic threats resulting from the organization different types of person’s activity, economic, political and social:

- *economic factors* having direct or indirect influence on country’s energy including economic growth and growth of the population, share of monetary incomes/expenses from export/import the energy resources and the electric power in the total export/import income/expenses of the country as a whole, trade relations and the level of competition for energy resources with energy resources consuming countries;

- *geological production factors*, namely it estimates of internal stocks in absolute and relative values (the relation of stocks to production) and reliability of these estimates;

• *political factors*, namely external (international military operations), internal (civil war, revolution), terrorism, violation of rights and person's freedoms, membership in international organizations (for example, OPEC), international political alliances etc.;

• *social factors* connected with living conditions, social well-being and justice, and also cultural values;

technical threats include the risk factors having influence on normal functioning of energy producing objects and infrastructure namely are:

• *natural cataclysms*,

• *accidents* taking place because of the personnel or as a result of the equipment's faulty works,

• *intended destructions* resulting from the social including labor, or political conflicts.

Being a consequence of the events resulting from the emergence primary threats of energy security, the group of secondary risks includes:

– risk of the termination of energy resources supply,

– risk of health harm infliction of the person and private property,

– risk of harming environment.

The group of tertiary threats of energy security includes instability of the prices and vulnerability of an energy system and partly a consequence of secondary risks emergence. So, for example, actual or even the potential termination of energy resources supply to the country can significantly raise the prices of it that can affect eventually considerable social and economic well-being in the country by and large. The vulnerability of energy production in framework of this classification of threats system of energy security is considered not as a risk of it or that level it is rather as direct element of any social and economic system defining the extent of influence of secondary risks.

It should be noted that at the current stage of world energy system development – the increasing value for regional and global energy security in general gets geopolitical, but not geological factor in a view of political and social instability in many key regions-suppliers and transitory states of energy resources: the countries of Middle East, North Africa, and also Ukraine.

The threats of energy security at the level of the country or the region in many respects depend on the created energy system, the existing tendencies of its transformation, prevalence of it or that type of the fuel used for energy power generation in transport and industry. These factors of influence in many respects define the created system of energy resources supply, the size of operational expenses, possible depth external influences.

The carried out analysis of prerequisites the formation of the energy security concept of EU countries allowed to create the following understanding of energy security threats in the European Union, forming the modern energy security concept of the region:

– high level of import dependence in oil and gas industries. The level of dependence in oil is made by about 87%, in gas - 66% [6]. According to European Commission Forecast [7], these indicators will grow, but the main vigilance is connected mainly with complex political situation in key supplying countries and transitory countries of energy resources;

– active actions of foreign suppliers in some types energy resources on an entry into the markets of European consumers;

– high level of the competition for energy resources to the fast-growing countries, mainly India and China;

– high prices of energy resources with positive dynamics of growth;

– political instability in a number of supplying countries and transitory countries of energy resources;

– complexity of the environmental issues solution in framework of the region and achievements of the related purposes in crisis conditions.

1. Eurostat Statistics Database [Electronic resource] / Eurostat – European Commission. – 2014. – Mode of access: <http://epp.eurostat.ec.europa.eu/portal/page/portal/statistics/themes>

2. EU Energy in Figures – Statistical Pocketbook 2014 [Electronic resource] / European Commission. – Brussels, 2014. – P. 26. – Mode of access: [http://ec.europa.eu/energy/publications/doc/2014\\_pocketbook.pdf](http://ec.europa.eu/energy/publications/doc/2014_pocketbook.pdf)

3. Пусенкова Н.Н. Российский «Газпром» в газпромовской России [Электронный ресурс] // История новой России – 2010. – Режим доступа: [http://www.ru-90.ru/node/1320#\\_ftnref40](http://www.ru-90.ru/node/1320#_ftnref40)

4. Towards a European strategy for the security of energy supply: Commission Green Paper of 29 November 2000 COM(2000) 769 [Electronic resource] / Europa.eu. – 2000. – P. 64 – 65. – Mode of access: [http://europa.eu/legislation\\_summaries/energy/external\\_dimension\\_enlargement/l27037\\_en.htm](http://europa.eu/legislation_summaries/energy/external_dimension_enlargement/l27037_en.htm)

5. Energy Security for the EU in the 21<sup>st</sup> Century. Markets, geopolitics and corridors / J.M. Marin-Quemada, J. Garcia-Verdugo, G. Escribano (eds.). – Abingdon, Oxon: Routledge, 2012. – P. 120-123.

6. *EU Energy in Figures – Statistical Pocketbook 2014 [Electronic resource] / European Commission. – Brussels, 2014. – P. 26. – Mode of access: [http://ec.europa.eu/energy/publications/doc/2014\\_pocketbook.pdf](http://ec.europa.eu/energy/publications/doc/2014_pocketbook.pdf)*

7. *EU energy trends to 2030 [Electronic resource] / European Commission, Directorate-General for Energy. – Luxembourg, 2010. - P. 31. - Mode of access: [http://ec.europa.eu/energy/observatory/trends\\_2030/doc/trends\\_to\\_2030\\_update\\_2009.pdf](http://ec.europa.eu/energy/observatory/trends_2030/doc/trends_to_2030_update_2009.pdf)*

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАУШТЕР МЕН ЕО ЕЛДЕРІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОНЦЕПЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### Түйіндеме

Кез келген елдің немесе аймақтың энергетикалық қауіпсіздік концепциясы көптеген жағдайларда энергетикалық қауіпсіздік қауіп-қатерлерімен байланысты болуда. Мұндай жағдайда кез келген ел немесе аймақ осындай мәселелермен бетпе бет келуі анық.

Энергетикалық қауіпсіздік қауіп-қатерлердің қалыптасқан классификациясына байланысты энергетикалық тәуелділіктер – ғылыми әдебиеттер мен мемлекеттік құжаттамалармен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты, энергетикалық ресурстардың тапшылығы басты себебі болса, «энергетикалық қателіктер» деп аталатын зардаптары болса екінші дәрежедегі маңыздылықтарға ие болатыны айқын. Мәселен, физикалық және техногендік тәуелділіктер энергетияны өндірудің тапшылығы, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қауіп-қатерлерге әкеліп соғуы әбден мүмкін. Бұл дегеніміз – энергетикалық ресурстарды жеткізілудің орындалмауы. Басты және екінші дәрежелі энергетикалық саясат концепциясын бөліп қарастырудың жолы ретінде мемлекеттің осы саладағы стратегиясын айқындап көрсетеді.

**Кілтөме сөздер:** Энергетикалық қауіпсіздік. Еуропалық одақтың энергетикалық стратегиясы. Ресейлік «Газпром». Геосаяси энергетикалық ойын.

## СОВРЕМЕННЫЕ УГРОЗЫ И ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ КОНЦЕПЦИИ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАН ЕС

### Резюме

Концепция энергетической безопасности любой страны или региона во многих случаях определена теми угрозами энергетической безопасности, с которой любая страна или регион сталкивается с общей проблемой в области энергетической безопасности.

Существующие классификации энергетических угроз безопасности (энергетические риски) в научной литературе и государственных документах делят энергетические риски на таких факторах, что может быть причиной дефицита энергетических ресурсов как основной, а также последствия имевших место так называемые “энергетические ошибки” как вторичные причины. Так, например, риски физического или технического характера могут быть основной причиной дефицита энергоносителей и далее возникновения экономических, социальных и экологических угроз целой энергетической безопасности. То есть, последствие неудачи доставок в любых случаях. Главная задача в подразделении на основные и вторичные причины энергетических рисков на практике играет роль для их установления приоритетов, формируя энергетическую стратегию государства в целом.

**Ключевые слова:** Энергетическая безопасность. Энергетическая стратегия Европейского союза. Российский “Газпром”. Геополитическая энергетическая игра.

ӘОЖ:327.5:070

## «АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫС» ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Мұқашев С.Ж. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ. e-mail: [ms14@mail.ru](mailto:ms14@mail.ru)

Мақалада «ақпараттық соғыс» ұғымы мен оның қоғамдық пікір қалыптастырудағы ролі мен ықпалы қарастырылады.

Бүгінде «ақпараттық соғыс» жайында көп айтылады. Алайда оның не екендігін тап басып ешкім де айта алмайтыны анық. Ақпараттық соғыста терроризмге тән әрекеттер, яғни адамның ақыл-ойына кері әсер ететін препараттардың, тікелей бопсалап үркітудің немесе пара беріп аузын алу және күш көрсетіп қорқыту сияқты әрекеттерінің қолданылмайтындығы белгілі. Десек те, мұндай қитұрқылықтар қосымша түрде «кәдеге асып» жататындығына қарамастан, олар ақпараттық айқастың міндетті элементі болып табылмайды. Өйткені ақпараттық соғыстың көздейтін негізгі объектісі - жекенің емес, жалпының ой-санасы екендігі әмбеге аян. Яғни, бұл жерде жеке тұлғаның емес, белгілі бір ірі топтардың мүдделік ерекшеліктері ескеріледі.

**Кілт сөздер:** ақпарат, ақпараттық соғыс, медиа, медианарық, медиакеністік, лаңкестік, әсер ету.

Бүгінгі таңда ақпараттық соғыстарды анықтап, зерттеу ісінде қолданылатын «технологиялық толқын» туындатқан ұғымдар әлі бір ізге түсіп үлгермегендіктен, бұл терминдер түрліше түсіндіріліп жатады. Мұны айтпағанда, «ақпараттық соғыс» сөз тіркесінің өзі қашан пайда болғандығы және ақпаратты қару ретінде пайдаланудың қашаннан басталғандығы турасында мамандардың өздері бір тұжырымға келе алмай отыр.

Сонымен, ақпараттық соғыс дегеніміз не және мұндай түсінік қайдан пайда болған?

Ақпаратпен әсер ету деген барлық кезде де болған. Мәселен, ерте замандарда мифтік аңыздар алғашқы ақпараттық шабуыл ретінде қолданылған. Айталық, Шыңғысхан әскерлерінің асқан қатігездіктері туралы дақырттың ел арасына кеңінен таралуы олар шабуылға шықпас бұрын-ақ қарсыластарының құтын қашырып, сағын сындырып тастайтын. Қарсылық көрсету, отан қорғау және жеңіске жігерлендіру тұрғысындағы психологиялық нұсқамаларға тиісті идеология мен тәрбие арқылы ықпал жасалып отырған. Ерте заманғы гректер: «Отан үшін өлім тәтті» (Гораций) десе, өзіміздің Бауыржан Момышұлы Батыр ағамыз: «Отан үшін отқа түс - күймейсің» - демеп пе еді.

Қазіргі өркениеттің ақпаратқа айтарлықтай тәуелді болуы оны анағұрлым әлсіретіп тастағаны рас. Ақпараттық жүйелердің жылдам қызметі мен кеңінен таралуы тап сол ақпараттық қарудың қуатын бірнеше есеге арттырды. Бұған қоғамның ашық болуы да қосымша әсер етеді, өйткені жабық қоғаммен салыстырғанда ашық қоғамда түрлі ақпараттар ағынының көп болатыны белгілі.

Ақпараттық соғыста терроризмге тән әрекеттер, яғни адамның ақыл-ойына кері әсер ететін препараттардың, тікелей бопсалап үркітудің немесе пара беріп аузын алу және күш көрсетіп қорқыту сияқты әрекеттерінің қолданылмайтындығы белгілі. Десек те, мұндай қитұрқылықтар қосымша түрде «кәдеге асып» жататындығына қарамастан, олар ақпараттық айқастың міндетті элементі болып табылмайды. Өйткені ақпараттық соғыстың көздейтін негізгі объектісі - жекенің емес, жалпының ой-санасы екендігі әмбеге аян. Яғни, бұл жерде жеке тұлғаның емес, белгілі бір ірі топтардың мүдделік ерекшеліктері ескеріледі. Ал психотерапиялық тәсілдер жеке тұлғаға қалай әсер етсе, ақпараттық соғыс тәсілдері көпшіліктің санасына тап солай әсер етеді деуге болады.

Ақпараттық даңғаза өршіген тұста, сондай-ақ ақпарат аясында бос кеңістік пайда болған жағдайда ақпараттық шабуыл өрши түседі. **Бөтен мақсат пен мүддені күштеп таңу - ақпараттық соғыс дегеннің шын мәніндегі соғыс екендігін және оның қандай да бір жарнамамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығын айдан анық көрсетеді.** Мұндай ақпараттық айқас алаңында бұқаралық ақпарат құралдарынан (БАҚ) бастап, пошта мен өзек-аяңға дейінгі ақпарат таратудың кез-келген түрі соғыс құралы болып табылады. Өйткені, шындығы шырмалған, мән-мағынасы бұрмаланған ақпарат бір-ақ жаққа - оны таратушы жаққа ғана тиімді болмақ.

Осы мәселені эволюциялық даму тұрғысынан қарастырып көрелікші. Әйгілі американдық футуролог Э.Толфлердің пікірінше, **ғылым мен техниканың дамуы мейлінше қарыштап жүзеге асқанымен, оның терминологиясы толқынды түрде ғана жылжып отырады.** Оның «ауыл шаруашылығының өркениеті» деп атаған **бірінші толқыны** бұдан 10000 жыл бұрын өткен. Ол қоғамдасудың алғашқы қауымдық құрылымын ыдыратып, еңбек бөлінісіне және сатылы ұйымдық құрылымдардың қалыптасуына алып келді. Осыдан 300 жыл бұрын басталған **екінші толқын** - «өнеркәсіптік өркениет»

болса «оған сәйкес келетінді әлем әлі танып білмеген ең қуатты, берік топтасқан, экспансионистік әлеуметтік жүйені» дүниеге әкелді [1]. Ал өткен ғасырдағы 50-жылдардың орта шенінде басталған **үшінші толқын** - «технологиялық өркениет» ақпараттың әсіре көптігінен адам оны ақпараттық технологияларсыз игере алмайтын дәрежеге жеткен шақтағы дүмпумен байланысты еді.

Аталған әр толқынның өз экономикасы, өзінің әлеуметтік және саяси институттары, мәдениеті, өзіндік коммуникациялық құралдары, сондай-ақ соғыс жүргізудің өздеріне тән әдіс, сипаттары болды. Толқындардың ауысуын соғыс түрлерінің ауысуымен байланыстыра қараған Т.Червинский былай деп тұжырымдайды: «Бірінші толқынның» соғыстары жер үшін жүргізілді, «екінші толқын» соғыстары адам күшінің өнімділігін арттыруға арналды, ал «үшінші толқынның» соғыстары сапалы білім алуға және оған бақылау орнатуға бағытталатын болады. Егер кез-келген қоғамның «әскери қимылдарының формалары» сол қоғамның «әл-ауқатының қалыптасу формаларына» сәйкес болатындығын ескерсек, онда болашақтағы соғыстар тек «ақпараттық соғыспен» ғана шектеліп қалмаса керек» [2].

Американдық әскери сарапшы, АҚШ әскери әуе күштерінің полковнигі Ричард Шафрански өзінің «Ақпараттық қару теориялары» атты мақаласында «Ақпараттық соғыстың мақсаты – қарсыластың бет алысына ол өзіне әсер етілгенін сезбей қалатындай болып әсер ету. Жемісті ақпараттық науқан қарсыластың шешімдері мен іс-қимылына кері әсер етіп, олардың орындалуына кедергі келтіреді. Операциялық деңгейдегі ақпараттық шабуылдың мақсаты – қарсыластың үйлесімді де тиімді әрекет жасауына кедергілер келтіру. Іс-қимылдың екі деңгейдегі үндестігі қарсыластарды бұрыс шешімдер қабылдап, қателесуге мәжбүрлеп, ал біздің көздеген мақсатымызға жетуімізге көмектеседі» [3] - деп атап көрсетеді.

Ашық қарулы қақтығыстар адам шығыны болатын қантөгістерге алып келетінін, ал «ақпараттық соғыстағы жеңіс – жауды тізе бүктіріп, оған шексіз үстемдік жасау» екендігін атап өткен Шафрански «қазіргі заманғы ақпараттық технология ешқандай күш көрсетіп, қан төкпей-ақ «басқару» тетігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді» [3] - деп жазады.

Ақпараттық соғыс ірі деңгейдегі және толыққанды әскери іс-қимылдардың – желілік немесе киберсоғыстардың бір бөлігі ретінде немесе әскери іс-қимыл жасаудың дара тәсілі ретінде де жүргізілуі мүмкін.

**«Қарсылас» дегеніміз** – іс-әрекеті көшбасшының көздеген мақсатына сәйкес келмейтін кез-келген ойыншы болуы мүмкін. Мемлекеттен тыс жағдайда ол деген «жау образы» немесе «біз жақ емес» болуы мүмкін. Өз ішінде ақпараттық соғыс құралдарын басқарып отырған көшбасшыға қарсы келген сатқын немесе оны толық қолдамайтын кез-келген кездейсоқ қаңғыбас - жау болып табылады. Егер әскери іс-қимыл барысында топтың кейбір мүшелері көшбасшының көзқарасын қолдамайтын болса, ішкі ақпараттық соғыс (үгіт-насихат, лаңкестік әрекеттер, өтірік пен өсек-аяң) оларды көзбасшының мақсатына барынша жақын болуға мәжбүрлеу құралы ретінде пайдаланылады.

Ең алғаш рет «ақпараттық соғыс» терминін 1976 жылы Томас Рон өзінің «Боинг» компаниясы үшін әзірлеген «Қарулар жүйесі және ақпараттық соғыс» атты есебінде пайдаланған болып саналады [4]. Автор мұнда ақпараттық инфрақұрылым АҚШ экономикасының басты құрамдас бөлігі болып бара жатқандығын, сонымен қатар соғыс уақытында болсын немесе бейбіт кезеңде болсын оның осал тұсқа айналғанын атап көрсетті. Томас Рон есебінің жариялануы БАҚ-та белсенді пікірталастың басталуына мұрындық болды. Мәселенің қойылуының өзі «құпия материалдармен» айналысатын американдық мамандардың қызығушылықтарын анағұрлым арттырды. Сөйтіп, АҚШ әскери әуе күштері 1980 жылдан бастап бұл мәселені белсенді түрде талқылай бастады. Бұл кезеңде ақпараттың тек мақсат-нысана ғана емес, оның қару бола алатындығы туралы жалпы түсінік қалыптасып үлгерген болатын.

Басқа бір пікірге сүйенсек, «ақпараттық соғыс» термині алғаш рет XX ғасырдағы 80-жылдардың ортасында «суық соғыс» аяқталғаннан кейінгі АҚШ қарулы күштерінің алдына қойылған жаңа міндеттерге байланысты пайда болған және ол құрамында Г.Е.Экклз, Г.Г.Саммерз, т.б. бар американдық әскери теоретиктер тобы жүргізген жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Бұдан әрі 1991 жылғы «Шөл даладағы дауыл» операциясында жаңа ақпараттық технологиялар алғаш рет әскери іс-қимыл құралы ретінде пайдаланылғаннан кейін бұл сөз тіркесі баспасөзде де жиі көрінетін болды. Ресми түрде осы термин бірінші рет АҚШ Қорғаныс министрінің 1992 жылғы 21 желтоқсандағы № 3600 бұйрық нұсқауында пайдаланылды [5].

Бірнеше жыл өткен соң, 1996 жылдың ақпан айында АҚШ Қорғаныс министрлігінің «Басқару жүйелерімен күрес доктринасы» күшіне енді [6]. Бұл құжатта ақпараттық соғысты пайдалана отырып басқару жүйелерімен күрес жүргізу принциптері баяндалған: «ақпарат жинауға жол бермеу үшін, қарсылас жақтың соғыс алаңын бақылап, басқаруына кедергі жасап, оның әлсіреуіне ықпал ету үшін

қауіпсіздіктің, әскери алдаудың, психологиялық операциялардың, радиоэлектрондық күрестің, барлау ісі растаған басқару жүйелері нысандарын қиратудың амал-әдістерін бірлестіріп пайдалану, сонымен қатар өз күшіміз бен одақтастардың күшін қорғау, сондай-ақ қарсыластардың осындай іс-қимылдарды іске асыруына кедергі жасау». Осы құжатта операцияның ұйымдық құрылымы, жоспарлау тәртібі, оны жүргізудің жолдары мен басқарылуы туралы нақты анықтама берілді. Ең бастысы сол - бұл жарияланым басқару жүйелерімен соғыс жүргізудің ұғымы мен доктринасын анықтап берді.

1996 жылдың соңында Пентагон сарапшысы Роберт Банкер белді бір симпозиумда ХХІ ғасырдағы АҚШ қарулы күштерінің құрылысы мен әскери қолданысының жаңа бағдарламасына («Force 21» тұжырымдамасына) арналған баяндама жасады. Баяндамада жалпы әскери іс-қимылдар жасау алаңын дәстүрлі кеңістік және киберкеңістік деген екі құрылымдық бөлікке бөлу негізге алынды, алайда бұл жерде екінші кеңістіктің мәні неғұрлым зор еді. Р.Банкер қарсыластың әскери күштерін жоюды немесе әлсіретуді көздейтін дәстүрлі әскери тұжырымдаманы табиғи тұрғыдан толықтыратын «киберманевр» доктринасын ұсынды.

Осылайша, жер, теңіз, ауа мен ғарыш сияқты әскери іс-қимылдар жүргізілетін алаңдар қатарына енді ақпараттық алаң да қосылды. Әскери сарапшылар атап айтқандай, қазіргі заманғы жаңа соғыстарда нысанаға алынатын негізгі нысан – қарсыластың ақпараттық инфрақұрылымы мен психикасы (әуелі «human network» деген термин де пайда болды).

1998 жылдың қазан айында АҚШ Қорғаныс министрлігі «Ақпараттық операциялардың біріккен доктринасын» іске қосты (алғашқыда бұл жарияланым «Ақпараттық соғыстың біріккен доктринасы» деп аталған болатын) [7]. Мұның өзі ақпараттық операция мен ақпараттық соғыс ұғымдарын бір-бірінен ажырату қажеттілігінен туындағандықтан, оларға төмендегідей анықтамалар берілді:

**Ақпараттық операция** – бұл өз ақпараты мен ақпараттық жүйелерін қорғай отырып, қарсыластың ақпараттық жүйелерінің мәлімет жинауына, өңдеуіне, беруіне және сақтауына кері әсер ету мақсатында іске асырылатын іс-қимыл.

**Ақпараттық соғыс** – бұл қарсылас жақтың мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне, оның әскери-саяси басшылығына кешенді түрде әсер ету (ақпараттық операциялардың жиынтығы). Бейбіт кезеңде мұндай іс-қимыл ақпараттық әсер етуді бастаған тарапқа қажетті шешімдердің болуын қамтамасыз етсе, ал қақтығысты жағдайда қарсылас жақтың басқару инфрақұрылымын толықтай істен шығарып тастай алады.

Американдық әскери сарапшылар атап көрсеткендей, ақпараттық соғыс өз ақпаратын, өзінің ақпараттық жүйелері мен инфрақұрылымын нығайта және сақтай тұра, қарсыластың ақпараты мен ақпараттық жүйесіне кері әсер ету жолымен ұлттық әскери стратегияны қамтамасыз ету үшін ақпараттық басымдыққа қол жеткізу мақсатында жасалатын іс-қимылдардан тұрады.

**Ақпараттық басымдық** дегеніміз - қарсылас жаққа ешқандай мүмкіндік берместен, қалыптасқан жағдай туралы үздіксіз ақпараттар легін жинау, өңдеу және тарату мүмкіндігіне ие болу болып табылады. Ақпараттық басымдыққа ие бола отырып, қарсылас жақтың жоспарлап қойған қарымта шабуылының алдын алуға, содай-ақ қарсыластан оқ бойы озып, майдан бағытын мүлде күтпеген басқа арнаға бұрып жіберуге болады.

Ақпараттық басымдық қарсыластардың әскерлері мен өз күштерінің іс-қимылдары туралы интерактивті түрде нақты мәлімет алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шешуші операциялар кезінде қарулы күштер құрамын тиісінше жасақтап, орналастыруға, әскери қорғанысты күшейтіп, қойылған міндеттерге сай келетін топтарды шайқасқа қосуға, материалдық-техникалық мүмкіндіктерді қажетінше реттеуге онтайлы жағдай тудырады. Ақпараттық соғыс басқару жүйесіне (Command & Control Warfare, C2W), сондай-ақ компьютерлік, ақпараттық желілер мен жүйелерге (Computer Network Attack, CNA) қарсы бағытталған іс-шараларды жүргізуді көздейді.

Басқару жүйелеріне деструктивті, яғни зиянды әсер етуге қызметкерлер құрамы мен оларға басшылық етіп, шешім қабылдайтын, қызметкерлердің моральдық көңіл-күйіне, ішкі сезімдері мен шешім қабылдау мүмкіндіктеріне әсер ете алатын тұлғаларға қарсы психологиялық операциялар (Psychological Operations, PSYOP) жүргізу арқылы, сондай-ақ оперативті қауіпсіздік бойынша іс-шаралар атқару (OPSEC) мен инфрақұрылым нысандарын қирату жолымен қол жеткізіледі.

Бұдан бірнеше жыл бұрын АҚШ Орталық барлау басқармасы (ОББ) киберкеңістіктен қауіп-қатер төндіретін негізгі дұшпандар ретінде тек Ресей мен Қытайды атайтын еді. Ал қазір американдық сарапшылар дүниедегі 20-дан астам елдің АҚШ-қа қарсы түрлі ақпараттық операцияларды жоспарлап және жүзеге асырып отырғандығын айтады. ОББ мәлім еткендей, оларға қарсы мемлекеттердің бірқатары ақпараттық соғысты өздерінің жаңа әскери доктриналарының ажырамас бөлігі ретінде қарайтын көрінеді.

АҚШ әскри-теңіз күштері мамандарының қауіп-қатерді бағамдаған сараптамалары Ресей мен Қытайды, Үндістан мен Кубаны «өз мүмкіндіктерін жылдам кеңейтуді қолға алған және ақпараттық соғысқа дайындалу саясатын ашық растаған» елдер ретінде атап отыр. Олардың пікірінше, КХДР, Ливия, Иран, Ирак және Сирия елдері «бұл бағытта енді ғана қозғала бастады», ал Франция, Жапония және Германия ендігі «бұл салада мейлінше белсенділік танытуда». Әскери сарапшылардың есебі бойынша, қазіргі кезде ақпараттық соғыс саласындағы жұмыстарға кететін шығын - жылына 120 млрд. доллардан асып отыр.

Енді әлемнің бірқатар елдеріндегі ақпараттық соғыс жүргізудің кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетсек.

Жоғарыда атап өткеніміздей, **АҚШ** әкімшілігінің сындарлы инфрақұрылымды қорғау саласындағы қызметі 1996 жылғы арнайы президенттік комиссияның (President's Commission for Critical Infrastructure Protection) құрылуынан бастау алады. Сол уақытта әкімшілік жасаған есепті баяндама АҚШ ұлттық қауіпсіздігінің ақпарат саласындағы осал тұстарының бетін ашты. Сөйтіп, комиссия жұмысының қорытындысы сындарлы инфрақұрылымның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы үкіметтік саясатты әзірлеу барысында негізге алынып, оның басты ережелері 1998 жылғы маусымда АҚШ президентінің № 63 (PDD-63) директивасымен бекітілді.

Директивада көрсетілген нұсқауды орындау мақсатында АҚШ ақпараттық жүйелерін қорғаудың ұлттық жоспары әзірленіп, оған 2000 жылғы 7 қаңтарда ел президенті қол қойды. Ал оны жүзеге асыру үшін федералдық бюджеттен 2,03 млрд. доллар талап етілді. Мұнымен қоса, АҚШ Қорғаныс министрлігі ақпараттық қауіпсіздік үшін жылына 10 млрд. доллардан аса қаражат бөледі. Бүгінгі таңда тек Қорғаныс министрлігінің аясында ақпараттық соғыс проблемаларымен 40-қа жуық ұйым айналысады.

Аталмыш министрліктен бөлек АҚШ-та ақпараттық соғыс мәселелерімен өзге де құрылымдар айналысады. Атап айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік агенттігі (штаты - 20 мыңнан астам адам; бюджеті - 3 млрд. доллардан аса), ОББ (штаты - 15 мыңнан аса; бюджеті - 3 млрд. долларға жуық), Федералдық тергеу бюросының компьютерлік қылмыстармен күрес жөніндегі арнайы бөлімшелері құрылған, ұлттық инфрақұрылымды қорғау жөніндегі президенттік комиссия, ұлттық инфрақұрылымды қорғау орталығы, университеттер, зерттеу фирмалары және басқа да ұйымдар. Елдегі ақпараттық қауіпсіздікке жұмсалатын жалпы шығын - жылына 50 млрд. долларға жуық қаржыны құрайды.

Ақ үйдің бірқатар қызметкерлерінің мәлімдемелеріне сүйенсек, құрылған ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық жүйесі өте ауыр әрі қолайсыз болып шыққан. Мұнда кейде ақпараттың жеткізілуін түрлі бюрократиялық кедергілердің тежейтіндігі соншалық, нәтижесінде жағымсыз жағдайлар жиі ұшырасып жатады (мәселен, компьютерлік вирустың жаңа түрі пайда болған кезде оны емдейтін дәруменді не CERT, не JTF-CND қызметкерлері дер кезінде таба алмай қалған және т.б.).

«Ақпараттық соғыс» термині **ҚХР** әскери мамандарының сөздік қорынан да өзінің орнын ойып алды. Қазіргі кезде қытай мамандары ақпараттық соғыс тұжырымдамасын жасау үстінде. Бұған стратегиялық, операциялық және тактикалық деңгейде қалай соғысуға болатындығы жөніндегі, сондай-ақ ұлы Сун Цзының қарсыласты айлакерлік пен алдап-арбау арқылы тізе бүктіруге негізделген 36 «стратегемасын» қалай қолдануға болатындығы туралы барлық тарихи және ұлттық түсініктер енгізілетін түрі бар. Мұнда ақпараттық соғысқа «индустриалды жастағы механикаландырылған соғыстан шешімдер мен басқару стилі соғысына, білім және ақыл-ой соғысына өту» деген анықтама беріледі.

Сонымен қатар, Қытайда ақпараттық соғыс құрамаларын құру, яғни ең үздік университеттерде, академиялар мен оқу орталықтарында білім алған жоғары дәрежелі компьютерлік сарапшылардан құралған арнаулы әскери бөлімшелер жасақтау мәселесі зерттелуде. Бұл мәселеге мейлінше үлкен мән беріліп, мүмкіндігінше, бұл іске жастарды көптеп тартуға күш салынууда.

**НАТО** альянсының 1999 жылы қабылданған басқару құжаттарында ақпараттық операцияларға «өзінің ақпараты мен ақпараттық жүйесін сақтай отырып, қарсыластың ақпаратына, ақпараттық үрдістері мен басқару жүйесіне әсер ету жолымен өзінің саяси және әскери мақсаттарына қолдау жасауға қажетті шешімдер қабылдануына ықпал жасау мақсатында қолданылатын іс-қимылдар» деген анықтама беріледі. Американдықтардың шешімі сияқты ақпараттық операциялардың қорғаныстық және шабуылдық түсініктері де айшықталып берілген. Дей тұрғанмен, 2000 жылдың басында НАТО-ның бірлескен штабы өткізген ақпараттық соғыс проблемаларына арналған конференцияға қатысушылардың әрқайсысы өздерінің елдерінде жасалған анықтамаларды қолданған.

**Ұлыбританияда** аталмыш проблемамен құрамында 6 мыңға жуық қызметкері бар Үкіметтік коммуникациялар департаменті (The Government Communications Head-quarters) айналысады. Британдық әскери талдаушылардың ақпараттық соғыс туралы түсініктері дәл американдықтардың түсінігіне саяды: ақпараттық соғыс деген - өзіндікін қорғай тұрып, қарсыластың ақпараттық жүйесіне әсер ету деп

анықталады. Солай бола тұра, британдық мамандар киберкеңістіктегі іс-қимылдарға айтарлықтай дәрежеде қолдануға болатын заңдық нормативтік актіні (Regulation of Investigatory Powers Act, 2000 жылы қабылданған) жиі пайдаланады. Бұл құжатқа сәйкес, ақпараттық жүйелерге шабуыл жасау дегеніміз - кәдімгі толыққанды қылмыстық іс болып табыла тұра, аталмыш акт британ үкіметіне электронды поштаны ұстауға және оқуға, сондай-ақ мемлекеттік шенеуніктердің талабы бойынша жеке файлдарды оқуды талап етуге мүмкіндік береді.

**Германияда** штатында 500-ге жуық қызметкері бар және жылдық бюджеті 50 млн. еуродан астам қаржыны құрайтын Ақпараттық техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы (Bundesamt fuer Sicherheit in der Informationstechnik) құрылған. Сондай-ақ, ГФР Қорғаныс министрлігінің ақпараттық технологиялар бойынша сынақ орталығын ашу жоспарланған. Сонымен қатар, неміс мамандарының ақпараттық соғыс туралы түсініктері АҚШ пен Ұлыбритания қабылдаған түсінікке сәйкеседі. Ол ақпараттық соғыстың шабуылдық және қорғаныстық операциялары ұлттық мақсатқа қол жеткізу үшін жүргізіледі дегенді де білдіреді. Солай бола тұра, мұнда үлкен жүйелілікке деген беталыс анық байқалады. Әрине, мұны неміс халқына тән педанттықпен түсіндіруге болар. Қауіп-қатер мен оған қарымта жауапты анықтау барысында шет мемлекеттер бөлек қарастырылады, мемлекеттік емес (саяси партиялар, халықаралық ұйымдар және БАҚ сияқты) бірлестіктер - өз алдына бір бөлек, қылмыстық қоғамдастықтар (хакерлердің ұйымдасқан қылмыстық топтары т.б.) арнайы санатқа бөлінген, жеке адамдар (діни фанатиктер және т.б.) – бір бөлек қарастырылады.

Басқа жағынан алғанда, американдық сарапшылардан бір айырмашылығы - неміс мамандары БАҚ-ты басқаруды ақпараттық соғыстың бір элементі деп қарастырады. Сонымен қатар, олар экономикалық ақпараттық соғысты бөлек қарастырады (француздар сияқты). Мұның өзі ГФР елінің неміс бизнесі мен экономикасына тиіуі мүмкін экономикалық зиянның көлемін бағалай алғандығының нәтижесі болып табылады.

**Француз** сарапшылары ақпараттық соғыстың әскери және экономикалық (азаматтық) екі басты элементтен тұратын тұжырымдамасын ұстанады [8]. Оның әскери жағы ақпараттық операциялардың неғұрлым шектеулі ролін қамтиды, өйткені ақпараттық соғыс көбінесе қарқыны бәсең шиеленістермен немесе бітімгершілік операцияларымен байланыстырыла қарастырылады. Мұндай жағдайда одақтас бір-біріне қарсылас болуы мүмкін емес.

Керісінше, экономикалық немесе азаматтық тұжырымдама ақпараттық операциялардың неғұрлым кең көлемде толыққанды қолданылуын қамтиды. Бұл тұрғыда француз сарапшыларының ұстанымдары экономикалық саладағы шиеленістерді ауқымды түрде және неғұрлым терең зерттейтіндігімен ерекшеленеді. Әрі мұндай жағдайда француздар өздерін НАТО-ның, БҰҰ-ның шеңберімен немесе АҚШ-тың көзқарасымен шектеуліміз деп сезінбейді. Олардың экономикалық шиеленіске деген ұстанымдары бойынша одақтас та бір мезгілде ақпараттық соғыстың объектісі болуы мүмкін.

Қазір Францияда ел азаматтарын киберкеңістікте бақылайтын құрылымдар белсенді қалыптасуда. Мәселен, америкалық БАҚ-тардың хабарлауынша, француздар өздеріне «Эшелон» жүйесінің нұсқасын жасау үстінде. Журналистер «Frenchelon» деп атап та үлгерген бұл жүйе, ең алдымен, француздық (және басқа да) электронды коммуникация желілеріндегі хабарламаларды ұстап алуға бағытталған.

Бүгінде әлемнің көптеген елдері өздерін ақпараттық басқыншылық пен американдық мәдени өктемдіктен қорғайтын жүйе қалыптастыруда. Мысалы, Францияда телевидение арқылы берілетін шетелдік кинофильмдердің үлесі көрсетілетін кинокартиналардың жалпы санының 50 пайызынан аспауы тиіс. Бұдан басқа ұсыныстардың ішінде: ақпараттық қаруды жасау мен қолдануды бақылайтын арнайы басқарушы органдар құру; ақпараттық соғыс проблемаларын ғылыми тұрғыдан зерттеуге күш біріктіру; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында арнайы заңдық база жасау; біртұтас терминология қабылдау; федералдық ведомстволардың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы іс-қимылдарының келісілген бағдарламасын әзірлеу барысында олардың арасындағы өкілеттіктерді нақты бөлу сияқты шаралар бар.

Алайда, АҚШ Компьютерлік қауіпсіздік институтының мамандары ақпараттық соғыс, түптеп келгенде, әлемдік экономикаға бағытталған деп есептейді. Сондықтан да болар, Вашингтондағы Ұлттық қорғаныс университетінде компьютерлік соғыс жүргізетін мамандар даярлау мақсатында студенттердің арнайы тобы құрылған. Олардың негізгі қаруы – клавиатура. Сол қарудың күшімен олар алыста отырып-ақ дұшпанның кез-келген коммуникациясын істен шығарып, ақпарат және байланыс құралдарын ұршықша иіріп, қандай да бір қаржылық жүйенің тас-талқанын шығара алады.

Яғни, бұдан шығатын қорытынды – ақпараттық соғыстың діттейтін мақсаты жалпы қабылданған ұғымдағы соғыстың көздейтінінен әлдеқайда өзгеше: қарсылас дұшпанды күшпен қырып, оның қарулы



күштерін жапыра жою немесе маңызды стратегиялық я экономикалық нысандарды тас-талқан ету емес, бұл деген – қаржылық, көліктік, коммуникациялық желілер мен жүйелерді орасан ауқымда істен шығарып, экономикалық инфрақұрылымды ішінара бүлдіру арқылы ойрандалған елдің халқын жеңген елдің еркіне бағындыру. Қала берді, ақпараттық соғыс дәуірінде төтенше операциялардың жоспарын әскери адамдар азаматтық кәсіп иелерімен бірлесе отырып әзірлейді және кейінгілерінің бұл іске қосар үлесі өте басым. Осылайша, алдымен жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, содан кейін ғана оларды пайдаланудың жолдарын іздеуге қарулы күштер тұңғыш рет мәжбүр болып отыр.

1 Э.Тоффлер, *Третья волна*, М., Аст, 1999. – 54 б.

2 Czerwinski T.J. *The Third Wave: what the Tofflers never Told You* // *Strategic Forum*, N72. April 1996

3 <http://www.rususa.com/news/news.asp-nid-30622-catid-2-lang-rus>

4 Thomas P. Rona, «Weapon Systems and Information War», Boeing Aerospace Co., Seattle, WA, 1976.

5 [http://soldiering.ru/psychology/conception\\_psywar.php](http://soldiering.ru/psychology/conception_psywar.php)

6 Joint Pub 3-13.1 «Command and Control Warfare». DOD US, February 1996

7 Joint Pub 3-13 «Information Operations», DOD US. December 1998

8 *Cybrwarfare*, CRS Report for Congress, RL 30735, Nov. 15, – 2000

#### Мукашев С.Ж.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, г.Астана.

e-mail: [ms14@mail.ru](mailto:ms14@mail.ru)

#### «ИНФОРМАЦИОННАЯ ВОЙНА» И СОВРЕМЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ

##### Аннотация

В данной статье рассматривается значение «информационной войны» и ее роль и влияние в формировании общественного мнения.

Сегодня много говорится об «информационной войне». Однако вряд ли кто-либо сможет точно сказать, что это такое. Известно, что в информационной войне не задействуются психотропные препараты, прямой шантаж и запугивание (это характерно для терроризма), подкуп, физическое воздействие и т.п. Хотя указанные воздействия могут применяться параллельно с информационной войной, они не являются обязательным ее элементом. Можно сказать, что методы информационной войны воздействуют на массовое сознание аналогично тому, как методы психотерапии воздействуют на сознание индивидуальное.

**Ключевые слова:** информация, информационная война, медиа, медиарынок, медиaprостранство, терроризм, влияние.

#### Mukashev S.M.

L.N. Gumilyov Eurasian university,

Kazakhstan, Astana. e-mail: [ms14@mail.ru](mailto:ms14@mail.ru)

#### «INFORMATION WARFARE» AND II MODERN CONCEPTS

##### Summary

This article discusses the importance of "information warfare" and its role and effect in shaping public opinion.

Today a lot of people talk about "Information warfare". But hardly anyone can say exactly what it is. It is well known that there is no use of psychotropic drugs, blackmail and intimidation straight (this is typical for terrorism), bribery, physical impacts, etc. in the information warfare. Although impacts mentioned above can be used parallel with the information warfare, they are required elements of it. We can say that the methods of information warfare influence on the mass consciousness the same way as methods of psychotherapy affect on the individual consciousness.

**Key words:** information, informational war, media, media market, media space, terrorism, effect.

94 (574) "1991/2016"

## ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Саябаев Д. – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің*  
3-курс PhD докторанты, *saya\_danik@mail.ru*

Мақалада тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы мен дамуы жайлы айтылған. Мемлекет қалыптасуының жолдары, оларға тән ортақ заңдылықтары көрсетілген. Мемлекеттің пайда болуының тоғыз себебі жан-жақты талқыланды. Тәуелсіз мемлекет құру қозғалысын әлемдік қозғалыс, әлем халықтарына ортақ заңдылық, ортақ парадигма. Мемлекеттің құрылуын зерттеуде қоғамдық-экономикалық формациялар теориясына сүйенгеннен гөрі, өркениеттер (цивилизациялық) теорияларға арқа сүйеген дұрыс. Мемлекет ұғымына жан-жақты талдау жасалады. Мемлекеттің пайда болуына қатысты теориялар мен тұжырымдар салыстырмалы түрде талданды.

**Түйін сөздер:** тәуелсіз мемлекет, өркениеттілік теориясы, Қазақстан Республикасы, заңнамалық актілер

Адамзат тарихының маңызды ерекшеліктерінің бірі халықтардың тәуелсіз мемлекет құру жолындағы күрестеріне толы болуы. Шынтыуайтына келгенде, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы соғыстар, күрестер, түрлі әрекеттер тарихтың қозғаушы күресі болғандығы ақиқат. Тәуелсіз мемлекеттерді құру барысында адамзат өркениеті ұдайы қозғалып, алдыға қарай жылжып отырған. Адамдардың түрлі мүдделері үшін күрестері барысында өмірге келген мемлекеттер қуатты империяларға айналып, сол аймақтың, немесе бүткіл адамзаттың даму процесіне ықпал етіп отырған.

Положительным моментом исторической литературы изучаемого периода является дальнейшее исследование истории земельного вопроса в дореволюционный период. Существовавшая критическая оценка прошлого Российской империи позволяла историкам более или менее объективно освещать социально-экономическую историю дореволюционного Казахстана согласно принципу историзма.

Ряд авторов показали основное содержание переселенческой политики царизма и ее негативное влияние на освоение земельных ресурсов казахским населением и на трансформацию хозяйственных форм. О. Ваганов показывает лишь правительственную политику в отношении землеустройства казахов, не уделяя внимание парадигме теоретических, альтернативных взглядов по этому вопросу [5]. В его работе недостаточно раскрыты ход и результаты землеустройства казахов в дореволюционный период. А. Геллер также сумел показать причины, которые побуждали казахов перейти к оседлости [6]. Он отмечал, что казахи вынуждены были отказаться от прежнего образа жизни и перейти к оседлости, чтобы закрепить за собой часть удобных для земледелия земель. Особое стремление, по его мнению, к оседлости проявилось в тех районах, где были произведены большие изъятия в колонизационный фонд.

Турсунбаев А.Б. полагал, что крестьянское переселение в Казахстан еще больше способствовало открытию пути для развития более высоких форм хозяйства, для перехода к оседлости и земледелию [7]. Тезис о возможности развития земледелия является верным лишь в отношении северных регионов Казахстана как наиболее подготовленных с точки зрения природно-климатических условий. Основное содержание земельной политики Временного правительства показал М. Ким. Он оценивал ее как прямое продолжение колонизационной политики царизма. Вместе с тем исследователь провел анализ первых аграрных мероприятий Советской власти [8].

Таким образом, налицо были классовые подходы исследователей к освещению земельных преобразований, они не уделяли внимание экономической целесообразности этих мероприятий. Б. Семевский, на наш взгляд, неверно оценивал экономические результаты земельно-водной реформы 1921-22 годов и передела пахотных и сенокосных угодий как обеспечение развития земледелия у казахов. Он уверенно сделал вывод о необходимости и неизбежности процесса оседания. Относительно результатов передела угодий авторы работ утверждали, что эта мера сильно подорвала экономическую мощь баев в земельном отношении, количество же бедняцких земель значительно увеличилось. Подводя итог краткого историографического обзора литературы середины 1930 - середины 1950-х гг. по интересующей нас тематике, хотелось бы отметить ослабление научного интереса к аграрной проблематике, и, в частности, к экономической истории казахского аула доколхозного периода. Массовое оседание казахского населения было завершено, землеустроительные мероприятия также были окончены, а поэтому изучение этих явлений перестало считаться актуальным как в практическом, так и в теоретическом плане.

Следующий историографический период (середина 1950-х - 1980-е гг.) характеризуется качественным и количественным переломом в изучении экономической истории аула. Качественный скачок в исследованиях тесным образом связан с изменением политической атмосферы в стране, и, как следствие этого - частичным снятием идеологических штампов, заполнивших историческую науку во времена культа личности. Историографические интересы казахстанских историков 1950-1980-х годов были апеллированы к обширной проблематике истории казахского аула в начале XX века. Наиболее объемно в литературе были рассмотрены вопросы, определяющие характер казахской экономики и влияние колонизационной политики метрополии на генезис и развитие экономических укладов в хозяйстве национальной деревни Казахстана в указанные хронологические рамки, а значит и проблемы хозяйственного освоения земли казахским населением. Оценивая развитие оседлости и земледелия казахского населения в дореволюционный период, многие авторы сходились во мнении, что политика царизма ограничивала процесс оседания и земледелия у казахов.

Так, Е. Бекмаханов отмечал как реакционный характер переселенческой политики царизма (захват и грабеж обжитых казахских земель), так и ее прогрессивное значение (проникновение элементов капитализма, развитие у казахов сенокосения, оседания и земледелия). Ученый отмечал, что переход к новым формам хозяйствования вызывался прежде всего социально-экономическими причинами.

Проблеме оседания казахского населения посвятил свои работы М.Омаров. [9]. Он рассматривал оседание казахского населения в дореволюционный период как этап, в котором происходила эволюция от единичных случаев до необратимого процесса, охватившего весь край. Исследователь не указывает, что в основном оседание было формальным явлением, фактически же казахи оставались кочевыми и полукочевыми. Исследователь не концентрирует свое внимание на хозяйственно-экономических противоречиях оседлых и кочевых систем хозяйствования, не говорит об основной причине, побуждавшей казахов переходить к оседлости (усиление колонизации земель), а акцентирует свое внимание на социальных противоречиях.

Г. Сатыбекова пришла к выводу, что переход от кочевания к земледелию был подготовлен всеми теми сдвигами в экономике Казахстана, которые произошли под влиянием развития капитализма в пореформенной России. Вместе с тем исследователь показывает колониальную политику царского правительства в земельном вопросе на территории Казахстана в освещении журнала "Айкап", останавливая свое внимание на столыпинской аграрной реформе и на проблеме перехода кочевников к оседлости в дореволюционный период [10]. Исследователи дореволюционной истории уделили незначительное внимание вопросам землепользования и землевладения казахов. В большинстве своем они сходились во мнении, что в дореволюционный период частная собственность на землю у казахов существовала. Соглашаясь в определенной степени с этим тезисом видных историков, хотелось бы добавить, что фактическое состояние дел по этому вопросу (установление частной собственности на землю) резко расходилось с юридическим статусом казахских земель, определенных как государственные. Поэтому с точки зрения законодательства можно говорить лишь о частном землепользовании, но не землевладении, вплоть до принятия Инструкции 1909 году, по которой земли казахского населения, переходящего на оседлое положение, признавались частной собственностью последних. Относительно Инструкции от 9 июня 1909 года П. Галузо считал, что она была направлена на установление уравнительного землепользования в казахских аулах [11].

Анализ форм землепользования казахов в дореволюционный период провел С.Е. Толыбеков. Наряду с этим, он изучал специфику основных средств производства кочевого скотоводства и оседлого земледелия. Он пришел к выводу, что сам кочевой образ жизни дореволюционных казахских скотоводов был одним из показателей отсталости и примитивности их материального производства [12].

Книга известного ученого представляет собой яркий пример использования и признания теории евроцентризма, а также отхода от концепции географического детерминизма. В качестве антитезиса к взглядам ученого приведем мнение Л.Н. Гумилева, которое разделяется и нами. Он писал, что "воздействие на природу определяется характером, а не степенью культуры» [13].

В этот историографический период появились работы, изучавшие экономические воззрения по земельному вопросу. Интересным представляется исследование Д. Кабдиева, в котором он прослеживает развитие экономической мысли Казахстана на рубеже XIX-XX в.в. В исследовании собран интересный фактологический материал, использовать который возможно при условии учета методологических "ошибок", вызванных конъюнктурностью исторической науки того времени [14].

Зарубежная историография внесла определенный вклад в изучение аграрных отношений в Казахстане на рубеже XIX-XX веков. Зарубежные авторы (Mc Caulley M., Rywkin M., Williams D. S.M., Becker S, Zenkovsky S.A., Treadgold M., Pierce R.A., Winner I., Winner T.G., Olcott M., Demko D., Conolly V.) оценивали русскую аграрную политику в отношении казахского края, писали о нарушении традиционной экономики степи под воздействием колонизации, рассматривали проблему оседания казахов и переход их к земледелию в конце XIX-начале XX веков.

Таким образом, можно утверждать, что в связи с актуальностью многих вопросов аграрной проблематики, она оказалась крайне важной и значимой для исследователей. Историографический обзор показывает, что проблема земельных отношений и освоения земельных ресурсов Казахстана и его регионов в конце XIX-начале XX вв. в непосредственной связи изучения теоретических подходов к вопросу и анализа практических форм и путей не получила достаточной разработки в силу отсутствия обобщающего исследования.

*1 Вопрос о землеустройстве киргиз на съезде чинов переселенческой организации Тургайско-Уральского района //Вопросы колонизации.-1907.- №2.- С.107*

*2 Галузо П. Туркестан - колония. (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 г.). - М.: Изд. Ком. Ун-та Тр-ся.- 1929.- С. 92-131.*

*3 Асфендияров С. История Казахстана. (С древнейших времен).-Алма-Ата Казак ун-ті.- 1993.-С.304.*

4 Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). - Алматы: Жалын.- 1996.-С.270.

5 Ваганов О. Земельная политика царского правительства в Казахстане (1907-1914 г.г.)// Исторические записки.-1940.- №31.-С.61-87.

6 Геллер А.Б. Переселенческая политика царизма и колонизации Казахстана в XX веке (1906-1916). По материалам бывшей Семиреченской области: автореф. дис. канд.ист.наук:07.00.02 -Л., 1954.-16 с.

7 Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянских переселений в Казахстан.-Алма-Ата: Изд. АН КазССР.-1950.-С.101.; Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья.-Алма-Ата: Изд. АН КазССР.-1950.-С.182.

8 Ким М. Октябрьская революция и аграрный вопрос в Казахстане// Вопросы истории.-1947.- №10.-С.81-105.

9 Омаров М. Из истории перехода казахских шаруа к оседлому образу жизни до начала сплошной коллективизации (1917-1929 г.г.)//Проблемы истории СССР. Вып. 13.-М.: Изд. МГУ.-1983.- С.278-291.

10 Сатыбекова Г. Журнал "Айқап" как источник по истории Казахстана: автореф. дис. канд.ист.наук 07.00.02: - Алма-Ата.- 1996.-С.26.

11 Галузо П. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 годах: автореф. дис. канд.ист.наук 07.00.02: - М., 1964.- С.73.

12 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. Политико-экономический анализ. - Алма-Ата: Наука.- 1971.- С.633.

13 Гумилев Л. Этносфера. История людей и история природы.-М: Экспресс.-1993.-С.544.

14 Кабдиев Д. Развитие экономической мысли Казахстане (конец XIX – начало XX в.в.) - Алма-Ата: Казахстан.- 1978.- С.192.

**Абдурахманов Н.А.**

ОҚМФА «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасының доцент м.а., т.ғ.к.,  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

E.mail: nurmuhameda@mail.ru

## **XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР ҚОРЫН ИГЕРУ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ**

### **Түйіндеме**

Мақалада XIX ғ. соңы XX ғ. басында Қазақстандағы жер қатынастыры және жер қорларын игеру жөніндегі мәселелер бойынша тарихнамалық шолу берілген. Яғни, қарастырылып отырған кезеңде жер мәселесі бойынша зерттелген еңбектер мен ғылыми пікірлер сараланып қарастырылған.

Жер мәселесі қазақстандық тарихи ғылымда өз орны бар, айтарлық деңгейде зерттелген бөлім болып саналады. Мақалада революцияға дейінгі қоныс аудару саясатының салдары, қазақ халқының жерге орналасуындағы өзекті проблемалар жөнінде ұлттық интеллигенцияның көзқарастары мен олардың ғылыми еңбектеріне тарихнамалық шолу берілген. Сонымен қатар, осы мәселе бойынша көптеген ресейлік, қазақстандық ғалымдардың ғылыми талдаулары, сараптамалары, өзіндік ойлары көрсетілген. Көптеген ғалымдардың осы сала бойынша жазған еңбектеріне сүйене отырып, зерттеліп отырған кезеңдегі жер мәселе бойынша объективті тұжырымдамаларға жетуге болады.

**Кілт сөздер:** жер мәселесі, жерге орналасу, жер қатынастары, тарихнамалық шолу, революцияға дейінгі Қазақстан, ұлттық интеллигенция, қоныс аудару.

**Abdurakhmanov Nurmuhamed**

candidate of historical sciences, associate professor of South Kazakhstan state pharmaceutical academy, Republic Kazakhstan, Shymkent.

## **HISTORIOGRAPHICAL REVIEW ON THE ISSUE OF LAND TENURE AND LAND IN KAZAKHSTAN AT THE END OF XIX-BEGINNING OF XX CENTURIES**

### **Summary**

In this article the method of comparative analysis and principle of scientific objectivism is probe the historiography aspect of the landed relations and mastering of the landed resources in Kazakhstan in the end XIX - at the beginning of XX centuries. The primary purpose of this scientific article is an exposure of historiography problem in the study of this subject. Labours are analysed on this problematike since pre-revolution literature and concluding modern labours of the Kazakhstan and foreign authors. Along with complex research of problem of organization of the use of land, also attention is spared the aspect of organization of the use of land on the certain historical stages, not limiting research chronologic and geographical scopes. A historiography review shows that



problem of the landed relations and mastering of the landed resources of Kazakhstan and his regions in the end XIX - at the beginning of XX centuries. in direct connection of study of the theoretical going near a question and analysis of practical forms and ways did not get sufficient once-work by virtue of absence of summarizing research.

**Keywords:** pre-revolution Kazakhstan, historiography review, landed relations, mastering of the landed resources, agrarian policy, national intelligents.

**ӘОЖ:930.25(075.8)**

### **АУДИОВИЗУАЛДЫ ДЕРЕКТЕРДІ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Алпысбаева Н.К.** - *әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ң доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,*  
*nurzipakz@mail.ru*

**Айтқалиева Р.А.** - *Абай ат. ҚазҰПУ оқытушысы, [altin\\_aul@mail.ru](mailto:altin_aul@mail.ru)*

Аталмыш мақалада авторлар аудиовизуалды деректердің оқыту үдерісінде пайдалану ерекшеліктерін көрсетеді. Бүгінгі таңда аудиовизуалды құжаттар үлкен рөлге ие және қазіргі қоғамды дыбысжазбалары, кинематограф және теледидарсыз елестету мүмкін емес, олардың саяси, әлеуметтік, мәдени және тарихи құндылықтары жоғары. Студенттер аудиовизуалды деректерді оқытуда мына мәселелерге назар аударды, яғни, деректердің шығу тегіне, аудиовизуалды мұраларды ішкі және сыртқы сыннан өткізуіне. Сонымен қатар, аудиовизуалды деректер студенттердің танымдық әрекеттерін күшейттеді, материалдарды тез қабылдауға әсер етеді, ойлау, бақылау, қабылдау қабілеттерін дамытады.

**Тірек сөздер:** аудиовизуалды деректер, кинофотофоноқұжаттар, оқыту үдерісі, дерек, кинематограф, мәдени және тарихи құндылықтар.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан мұрағаттарында сақталатын аудиоқұжаттардың қорлары айтарлықтай көбейіп келеді. Елімізде орталық және жергілікті жерлерде жекелеген телекомпаниялардың пайда болуы, сандық форматтардағы жаңа жанрлардың қалыптасуы, қоғамымыздың белгілі бір кезеңдері туралы маңызды мәліметтер беретін негізгі жаңа дереккөздерінің базасының қалаптасуына себеп болып отыр. Әлеуметтік мәдени феномен ретінде аудиовизуалды құжаттардың дамуы қазақстандықтардың санасы мен әлемтанулық көзқарастарының қалыптасуына үлкен ықпал етуде және осындай тенденция жаһандану және ақпараттық заманда бүкіл әлемде байқалуда.

Нанотехнологиялардың дамуы, түрлі тасымалдаушылардағы кинофотофоноқұжаттарды сақтау ерекшеліктері, телебағдарламалар мен түрлі жанрлардағы фильмдердің қоғамның даму үрдісін бейнелейтін толыққанды құжаттарға айналуы - осының дәлелі.

Кинофотофоноқұжаттарды зерттеуге деген қызығушылықтың өсуін салааралық байланысқа деген қызығушылықпен де түсіндіруге болады. Қазақстандық қоғамда ақпаратты жаңа аудио-видео-мультимедиялық техниканың көмегімен сақтаудың кең таралуы, олардың мәдени және коммуникативтік өміріміздегі мәнін айқындайды. Осыны ескере отырып аудиовизуалды артефактілер қазіргі кезде ең айқын және көрнекі тарихи дереккөзі екенін мойындай отырып, оларды жан-жақты және кешенді зерттеу қажеттігіне тағы да баса назар аударамыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылы қабылданған «Мәдени мұра» [1] бағдарламасы аясында Қазақ Мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазу мұрағаты қорында сақталған әйгілі әншілеріміз бен атакты орындаушыларымыздың, белгілі ғылым мен мәдинет қайраткерлерінің дауысын осы заманғы аудиотаспалар мен дискілерге жазып қалдыру ісін қолға алу мәселесін көтерді. «Мәдени Мұра» және оның аясында бүгінге дейін талай құнды жобалардың дәнекеріне айналған «Асыл Мұра» [2] бағдарламалары біздің көтергелі отырған мәселеміздің басты тетігі болып отыр. Мәдени мұраның мәйегіне айналған рухани байлықтарымыздың көзі болып табылатын мұрағат құжаттарының, соның ішінде аудиовизуалды құжаттардың перспективасына мән беру қажет.

Сондықтан отандық мамандардың аудиовизуалды мәдени мұрамызды зерттеп, оларды сақтау, көпшілікке тарату, автоматты түрде индекстеу, кинофотоқұжаттарға зерттеушілердің қолжетімділігі мәселесін шешу – бүгінгі күнде өзекті мәселеге айналууда.

Аудиовизуалды құжаттарға жататын кинофотофоноқұжаттар - заманауи ғылым, білім мен мәдениеттің қайнар көзі. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофото және дыбыс мұрағатында жинақталған кинофотоқұжаттардың барлығы да ең алдымен, халқымыздың өткенін бейнелеген, яғни,

бойларында өткеніміз туралы мол ақпарат сақталған тарихи дерек көздері болып табылады. Демек, оларды Қазақстан тарихының тарихи дерек көздері ретінде зерттеп, зерделеу арқылы олардан ғылыми деңгейі жоғары мәліметтер алу арқылы шынайы тарихымызды өзімізге де, келешек ұрпағымызға, болашақ жастарымызға таныта білу тарих ғылымы мен тарихшы ғалымдарымыздың еншісінде деп есептейміз.

Осыған орай, қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін тек аудиовизуалды құжаттарды зерттеуден ғана емес, сонымен қатар оны пайдаланудың жаңаша әдіс - тәсілдерінен, пайдаланудың даму үрдісінен де көруге болады.

Аудиовизуалды құжаттар адамның ерік – жігеріне, сезіміне, ақыл – ойына, эмоциональдық жай – күйіне жылдам әсер ету мүмкіндігіне ие. Сондықтан да аудиовизуалды құжаттар жоғарғы дәрежелі көркемдік – эстетикалық құндылығымен ерекшеленеді және мәдениеттің бірегей ескерткішіне жатқызылады. Дәстүрлік (қағаздық) құжаттармен салыстырғанда аудиовизуалды құжаттардың артықшылығы ешқандай да талас тудырмайтын шындық. Өйткені олар бейнелік және дыбыстық ақпараттарды адекватты бекіту мен көбейтуді ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар ақпаратты қабылдау кезіндегі эмоциональдық негізді, құбылысқа қатысу әсерін де қамтамасыз етеді.

2011 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің оқытушылары «Аудиовизуалды құжаттар- Қазақстан республикасы тарихының тарихи дерегі ретінде (1991-2011 жж.)» тақырыбында ғылыми жоба бойынша жұмыс жасап, жоба нәтижелерін студенттерге тереңірек меңгеру мақсатында «Аудиовизуалды құжаттар», «Аудиовизуалды құжаттардың теориялық-методологиялық мәселелері» атты курстар 5D051500-мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету мамандығының бакалавр және магистратура бөліміндерінде оқытылуда. Курстардың мақсаты – дәстүрлі емес құжаттар түріне жататын аудиовизуалды, яғни кинофотофоноқұжаттардың тарихи дерек ретіндегі теориялық-методологиялық негіздерін және олармен жұмыс жасау әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін ашып көрсету.

Мысалы, сабақ барысында аудиовизуалды құжаттардың тарихи білім жүйесінде алатын орнын, олардың шығу тарихын, түрі мен құрамын, кинофотофоноқұжаттардың сақталуын, деректік маңыздылығын айқындау тарихи салыстырмалы, жаңа инновациялық технодогиялар (кейіс әдісі, мультимедийялық) әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Белгілі бір проблеманы ашуда аудиовизуалды құжаттарды басқа да дерек көздері мен салыстырып, тарихи салыстырмалы түрде қарастырса, көптеген мәліметтер алуға мүмкіндіктер туады және қай деректер қаншалықты шынайы екенін көрсетіп, айырмашылықтарды студенттер, оқып біліп, өзіндік тұжырымдар жасап, ғылымға азда болса өз үлестерін қосары сөзсіз.

Сабақ барысында, дәріс, семинар, сабақтарында слайд шоулар, презентациялар арқылы әрбір тақырыпты ашатын мақсат, міндеттерін айшықтап, зерттелу деңгейі қарастырады, жалпы әдіс-тәсілдердің бір-біріне сабақтасып жатқандығын аңғаруға болады. Сонымен қатар, студенттердің өздік жұмыстары да теориялық материалдарды игеруде маңызды рол атқарады. Студенттердің өзіндік жұмыстары мынандай формада өткізіледі: эссе, коллоквиум, презентация, ситуациялық тапсырмалар, іскерлік ойындар, топтық жоба, жеке жоба және т.б. Әрбір студент берілген тапсырмаларының тақырыптарын ашу үшін жаңа инновациялық технологиялар негізінде қорғап шықса, студенттің өзінің заманауи оқу үдерісінің талаптарына сай даярығын, білімінің жоғарылығын көрсететін, бірден бір ұтымды, пайдалы әдіс-тәсілдер болар еді.

Аудиовизуалды құжаттарды деректанулық тұрғыда талдау барысында студенттер келесі жайттарды басты назарда ұстаған жөн:

- кинофотофоноқұжаттардың шығу уақыты мен орнына;
- оларды жасау сәтіндегі мүмкіндіктеріне;
- кинофотофоноқұжаттарды жасайтын мекемелердің маңызына;
- құжаттардың түпнұсқалығын анықтау;
- авторлығы;
- құжаттардың сыртқы бейнелерін зерттеу;
- түсіру барысындағы ұйымдардың шараларына назар аудару.

Аудиовизуалдықұжаттардың мазмұнын анықтайтын жалпы өлшемдер мыналар:

- нақты шындықты көрсету үшін пленкадағы бейнеленген оқиғалардың маңызын анықтау;
- аудиомұралардың мазмұны тарихи шындыққа сай болу керектігін көрсету;
- аудиоқұжаттарда көрсетілген мәліметтердің толықтылығын, шынайлығын, өзектілігін анықтау;
- аудиоқұжаттардың физикалық жағдайымен сақтау деңгейіне назар аудару.

Деректану ғылымында арнайы өлшемдерді қолдануы аудиоқұжаттардың құнды тарихи дерек ретінде ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай критериялар қатарына жатады [3]:

- аудиокұжаттарды өнер туындысы ретінде құндылығын анықтау. Бұл деректердің көркемдік-түсірімділік сапасына байланысты, яғни:

- құжаттардың композициялық жағына мән берілуі;

- оқиғаны толық қамыту, яғни түсірілім барысында оқиғаның бір жағы көрсетілген бе немесе оқиға толығымен алынған ба деген мәселеге назар аудару;

- түсірілімнің қозғалысы, яғни кинофото кейіпкерлері қозғалыста түсірілген бе немесе бұл қозғалыс анық берілген бе деген деректанулық әдіснамаға жауап беру.

Сонымен қатар киноқұжаттардың техникалық ерекшеліктері де маңызды, мысалы: құжаттарды түсіріп алу тәсіліне, кинопланкалардың түрлеріне, түсіне;

- түсірілім немесе дыбыс жасаушы автордың көзқарасы мен дүниетанымына назар аудару. Киноны жасау, түсіру, бір жүйеге келтіру, сараптау, бағалау, содан кейін барып көрсету үлкен жұмысты, уақытты талап етеді. Сондықтан да болар көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, киноқұжаттардың тарихи құндылығын айқындауда киноны монтаждаудың кинотаспалардың бөлшектерін біріктірудің, бір-біріне жалғаудың техникалық тәсілі ретінде ғана қарастырмай, авторлық дүниетанымды білдірудің, кинематографиялық тұрғыда көрсетудің заңдылықтарын білудің маңызды рөл атқарады [4]. Өйткені бұл аталғандар киноқұжаттарды дұрыс түсінуге және олардың қаншалықты бізге маңызды екенін анықтауға мүмкіндік береді. Яғни, қоғамдық санаға үлкен ықпал ететін көркем фильмдердің өзі деректанулық талдаудан өте отырып тарихи дерек көзі ретінде пайдаланыла алады. Ал деректі фильмдердің дерек ретіндегі маңызы ерекше.

Фоноқұжаттар радиолық хабарлар мен жаңалықтар үшін жасалып, таратылып отырды. Оларда елдегі және шетелдердегі болып жатқан оқиғалар дер кезінде хабарланып жатады, жекелеген тұлғалар жөнінде де хабарлар беріліп, олармен сұқбаттар жүргізіледі. Бұлардың барлығы да тарихи зерттеулер үшін маңызды мәліметтер бере алады. Әсіресе әйгілі қаламгерлер, музыканттар мен актерлердің дауыстары жазылған фоноқұжаттардың мәні мен маңызы өте жоғары. Бұлар арқылы әсіресе еліміздің мәдени дамуы туралы құнды деректерге ие бола аламыз.

Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар мен дыбысжазбалар Орталық мемлекеттік мұрағатында өте көп баға жетпес құнды аудиовизуалды құжаттар сақталуда. Олардың әсіресе тарихи, көркемдік және мәдениеттанулық маңызы өте зор. Аудиовизуалды құжаттардың бұл жалпыұлттық қоры қазақстандық қоғамның рухани және материалдық негізін құрады және әртүрлі мақсаттар үшін деректердің сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Онда сақталып отырған тарихи деректердің ақпараттық әлеуеті баға жетпес дәрежеде және қоғам өмірінің барлық қырларын қамтиды.

Қорыта келе, аудиовизуалды құжаттарды дерек көзі ретінде талдау негізінде студенттердің тарихи-әлеуметтік қызығушылықтарын ояту, халқының өткені мен бүгінін танып білуге, ата-бабаларымыздың өткен өмірінде қалдырған рухани-мәдениетін игеруге ықпал ететін тарихи білім мен тәрбие – құралы ұлт мәдениетінің құндылықтарын игеру барысындағы тарихи іс - әрекеттердің, білімнің қалыптасуы, білім алушы жастардың оқуға, білімге, имандылыққа деген құштарлықтарын оятары сөзсіз. Аудиовизуалды құжаттардың тарихи таным көздері ретіндегі аса үлкен маңыздылығы, оларды сақтауды дұрыс ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар деректану ғылымының тұрғысынан зерттеп-зерделеу сияқты өзекті де келешегі зор проблема туғызады.

1 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы // [hrc.nabrk.kz](http://hrc.nabrk.kz)

2 «Асыл Мұра» бағдарламасы // ҚР ОМ КФДЖ. - 1979-ж, 1-т, 25- іс, 3-4 п.

3 Магидов В. М. *Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания*. М., 2005. - 394 с.

4 Магидов В.М. *Кинофотофонодокументы как исторический источник // Отечественная история*. - 1992. - №5. – С. 104-116.

## Резюме

**Алпысбаева Н.К.** – кандидат исторических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби, [nurzipakz@mail.ru](mailto:nurzipakz@mail.ru)

**Айткалиева Р.А.** – преподаватель КазНПУ имени Абая, [altin\\_aul@mail.ru](mailto:altin_aul@mail.ru)

## Особенности применения аудиовизуальных документов в образовательном процессе

В данной статье авторы рассматривают специфику применения аудиовизуальных источников в образовательном процессе. На сегодняшний день аудиовизуальные документы играют огромную роль и современное общество не мыслит своего существования без звукозаписи, кинематографа и телевидения, как массовых коммуникативных средств общения, политическая, социальная, культурная и историческая

ценность которых неоспорима. Студенты при изучении аудиовизуальных источников должны обратить внимание на происхождение источника, должны уметь проводить внешнюю и внутреннюю критику источника, именно аудиовизуальные источники активизируют познавательную деятельность студентов, способствуют быстрому усвоению материала, развитию мышления, пространственного воображения, наблюдательности.

**Ключевые слова:** аудиовизуальные источники, кинофотофонодокументы, образовательный процесс, источник, кинематограф, культурная и историческая ценность.

### Summary

**Alpysbaeva N.K.** - candidate of historical sciences, associate professor,  
KazNU the name al-Farabi, nurzipakz@mail.ru

**Aytkaliev R.A.** - Teacher of KazNPU the name Abai, [altin\\_aul@mail.ru](mailto:altin_aul@mail.ru)

### Features of audiovisual documents in the educational process

In this article authors examine the specific of application of audiovisual sources in an educational process. To date audiovisual documents play an enormous role and modern society does not think the existence without the audio recording, cinema and television, as mass communicative facilities communications the political, social, cultural and historical value of that is unquestionable. Students at the study of audiovisual sources must pay attention to origin of source, must be able to conduct external and internal criticism of source, exactly audiovisual sources activate cognitive activity of students, assist the rapid mastering of material, development of thinking, spatial imagination, observation.

**Keywords:** audiovisual documents, film photo phonon documents, educational process, source, cinema, cultural and historical value.

## ӘОЖ 94 (574)

### I. ЕСЕНБЕРЛИН ЖӘНЕ “КӨШПЕНДІЛЕР” ТРИЛОГИЯСЫ

**Арыстанбекова Қ. Д.** - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы* [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

**Қошымова А.О.** - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс PhD докторанты,* [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

Мақала алғашқылардың бірі болып тарихи тақырыпқа өз әдеби туындысын арнаған ұлы жазушылардың бірі І. Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясының “Алмас қылыш” романына арналады. Мақала авторлары жазушының бірегей туындысы саналатын “Алмас қылыш” романындағы тарихи деректердің шебер пайдаланылғандығына көңіл бөле отырып, еңбектің сол кездегі қазақ тарихының ашық айтылуына мүмкіндік берілмеген тақырыптарда қалам тербеп, шектеулерге қарамастан әдеби тілмен қабыстыра жеткізе білгендігімен маңызды болып есептелінеді деп қорытындылайды. Бүгінгі таңға дейін өз оқырмандарын тауып, олардың ыстық ықыласына бөленіп отырған бұл еңбектің маңыздылығы ерекше. Себебі, ең біріншіден, шығарма авторының тарихтың кей тұстарын айтуға тыйым салынған қиын замандардың тұсында хандық тақырыбына барып, әдеби-көркем шығарма арқылы тарихтың міндетін атқаруға ат салысуы ерлікпен пара-пар еді. Сондай-ақ, қазақтың төл дерегі саналатын ауыз әдебиетімен қатар жазба дерек мәліметтерін де өз шығармасына арқау еткендігімен ерекшеленеді.

**Кілт сөздер:** қазақ хандары, І. Есенберлин, тарихи деректер, “Көшпенділер”.

«Алмас қылыш» романы – XV ғ. оқиғалары жөніндегі мәліметтерге бай әрі оқиғалардың жылнамалық реті сақталып отырып жазылған еңбек. Сол себепті де оны роман-хроника деп те атайды.

Шығармадан жазушының әр кезеңдегі тарихи деректер мен мағлұматтарды мол жинай отырып, ғалымдар еңбектерін барынша оқып танысқандығы, тереңдей зерттегендігі байқалады. Шығармада Батудың Венгер короліне жазған хаты, Лаврентьев шежіресіндегі деректер жөнінде, араб жазушысы Абу әл-Фи жөнінде айтылып[1] (Құрбандыққа Қыпшақтар кісі бауыздаған), мағлұмат беріледі, ал кейде Рашид-ад Дин сияқты тарихшылар еңбектерінен үзінділер келтіріледі. Яғни автор өзі дерек алған шығармалар жөнінде мағлұмат бере отырып, керегінше роман сюжетіне пайдаланған материалдарына бағыт сілтеп отырады. Мысалы, 52-бетте «Калка ұрысы деп аталып кеткен монғол, орыс, Қыпшақ қырғынын тарихшы Рашид-ад Дин былай деп жазады: «Орыс пен Қыпшақтар дайындалып көп әскер

жинады. Жауының көп екенін көріп монғолдар кейін шегінді. Монғолдарды қорыққаннан шегінді деп ойлаған Қыпшақтар мен орыстар оларды жиырма күн соңынан қуды. Кенет монғолдар аттарының басын кейін бұрып алып, қуып келе жатқан әскерлердің қосылуына мүмкіндік бермей, біразын қырып салды. Бір апта бойы ұрысты, ақырында Қыпшақ пен орыстар шыдай алмай қашуға мәжбүр болды. Монғолдар сондарынан қалмай өкшелеп, қалаларын қиратып, жұртын бастырып жіберді»[2].

I. Есенберлин деәдеби шығармалар мазмұнына тән тарихи дерек мәліметтерін өз тарапынан көркемдеп, шығарма өзегіне сіндіріп жіберген, сол себепті де жоғарыда келтірілген үзіндідегідей тарихи деректер кей жерінде ашық көрініп тұрса, кей тұстарынан деректік бөлігін айқын басып айту қиынға соғады.

«Алмас қылыш» романында Дешті Қыпшақ ханы Әбілқайырдың билігі кезінде қазақ руларының қазақ хандығы қол астына топтасуы, бір жағы – Әбілқайыр, екінші жағы – Жәнібек, Керейлердің тақ үшін таласы, хан ордасындағы оқиғалар баяндалған. Романда тарихи тұлға есімдері, яғни Шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтандардың есімдеріде дерек негізінде берілген, оны былай деп жазады: «Әбілқайырдың сескенетін жауы екеу: бірі - Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақ ұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ. Бұл да құр сұлтан емес, Алтын Орда мен Ақ Ордаға ие болған хан тұқымдары». Осы баян парсы деректерінде, яғни «Таварих-и гузида-йи нусрат наме» шығармасында былай баяндалады «В тот век в юрте Абу-л-Хайр-хана появились враги. Они покушались [на жизнь Шайх-Хайдар-хана]. Имена этих врагов:сын Хаджи Мухаммад-тархана Сайидек [и внук Хаджи Мухаммад-хана, сын Махмудек-хана] Ибак , сыновья Барак-ханаДжанибек [и] Кирай, из сыновей Араба Буреке-султан, измангытов Аббас-бек и Муса [и] агмурчи, во главе [с нимивраги] собрались и покушались [на него] со всех сторон». Дәл осы дерек келесі шығарма «Фатх-намеде» («О кончине Йадг Ар-хана, восшествии на его место Шайх-Хайдар-хана, возникновении смут и мученической кончине Шайх-Хайдар-хана») Много раз хан и ханзаде водили войска в поход, но не утвердили они покровительства к себе со стороныпобеды.Одному из них [врагов] имя было Ибак,

Другому — Джанибек-хан, сын Барака,  
Третьим был Буреке [и еще] Муса,  
Чьим прозвищем всегда было Йамгурчи.

Все держали умысел воевать с ним,

Чтобы благодаря [злой] судьбе свергнуть его в бедствие» деп беріледі[3].

Тарихи романдарда жанрлық ерекшеліктерінің ең басты көрсеткіші дәуір шындығын тарихи деректерге, фактілерге, құжаттарға сүйене отырып ашуында жатқан болса, онда роман табиғатындағы сол тарихи деректерге бағытталған көркемдік табиғатын ашудың мәні зор. Осыған орай, ең алдымен, сол кезеңде жазылып, сақталып қалған деректерді роман мазмұнымен салыстыру қажеттілігі туады. Тарихи факт дегеніміз белгілі мазмұны бар объективті шындық болып табылады. Сондықтан да қандай да болмасын тарихи тақырыпқа еңбегін арнайтын қаламгер белгілі бір кезеңге назар аударып отырып, оның бүкіл болмысын қағаз бетіне түскен шынайы оқиғалар мен құжаттар арқылы ашады.

Десек те, тарихи құжаттарды жазушы өз шығармасында сол кезеңнің айрықша ерекшеліктерін көрсетуге сүйенетін басты құрал ретінде ғана пайдалана отырып, кей тұстарын өз қиялында қорытындылайды. Шығарма тек тарихи құжаттарды пайдаланып жазылған деп айтуға болмайды, сондай-ақ ауыз әдебиеттерін де жиі пайдаланып отырады.

Жәнібек пен Керей бастаған қазақ жұртының Әбілқайыр хан құрамынан бөлініп, көшуін баяндайтын аңыздар мен тарихи еңбектердегі деректерге назар аударайық. Әуелі Шәкәрім қажы қағазға түсірген аңызды келтірейік: «1455 жылы өз Жәнібек немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Тоқлуқ Темірханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады. Біздің арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Өз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Өз Жәнібек хан өкпелеп кеткен» [4,22-23 бб.]– дейді.

Ал, тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» атты белгілі еңбегінде былай деп баяндайды: «Ол кездегі Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан

сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң Әбілқайыр хан дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды...» [5. 13,95-66.].

Романның сюжеттік желісімен аңыздық және тарихи деректерді салыстыра қарағанда, жазушы екеуін де өз шығармасының өзегі ретінде пайдаланған. Жазушы тарихи деректен де, аңыздық деректен де алшақ кетпеген, кей тұстарында тек кісі аттарында ғана сәл өзгерістер байқалады.

Шығармада осы деректерден өрбіп, дамыған жазушы болжалын айқын танымыз. Осы деректердің романдағы көрінісіне көз жүгіртіп көрейік: «Жәнібек пен Керей Моғолстан ханымен бір ай бірге болып, бір ыдыстан ас ішіп, бір ауыздан сөз шығарысып, тату-тәтті бітімге келді. Исан Бұғы көшіп келген қазақ руларына бүкіл Шу, Сарысу, Талас, Бадам өзендерінің бойы мен Қозыбас, Қаратаумен Моғолстанға қарайтын теріскей жағын тегіс қонысты берді» [6. 8,174-66.].

Осылайша, роман желісіне негіз болған жоғарыдағы дерек романда еш өзгертілмей берілген. Романдағы оқиға желісінің көп мөлшері қазақ хандығының пайда болуының тарихи алғышарттарын көрсетуге құрылған.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасынан: «...Қолда бар шежірелер мен бұрынғы авторлардың еңбектерінде Моғолстанның шекаралары көрсетілмеген, [сондықтан] қазір оларды ешкім білмейді... Алайда қазір Моғолстан деп аталатын территорияның ені мен ұзындығы 7-8 айлық жол [қашықтық] болып табылады. [Моғолстанның] шығыс жағы қалмақтар жерімен шектесіп жатыр және Барыс-көлді, Емелді, Ертіс өзенін [қамтиды]. Солтүстігінде ол – Көкше теңізбен, Буммен және Қараталмен, батысында – Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде – Ферғана уәлаятымен, Қашғармен, Ақсумен, Шалышпен және Тұрфанмен шектеседі... Осы жердің бәрінің о шеті мен бұ шеті жеті-сегіз айлық жол болады»[7]. «... В имеющихся летописях и трудах предшествующих авторов границы Могулистана не указаны, /поэтому/ сейчас их никто не знает. Однако та территория, которая теперь называется Могулистаном, в ширину и длину составляет путь /протяженностью/ в 7-8 месяцев.

Восточная окраина /Могулистана/ примыкает к землям калмаков и /включает в себя/ Барс-Куль, Эмиль и Иртыш. На севере он граничит с Кокча-Тенгизом, Бумом и Кара-Талом, на западе – с Туркестаном и Ташкентом, на юге – с Ферганским вилайетом, Кашгаром, Аксу, Чалышем и Турфаном»[8. 219-бет].

Ал енді бұл «Көшпенділерде» мынадай көрініс табады: «Моғолстан! Бұл бір Әбілқайырдың әзірге тісі бата алмай келген, көлденеңі мен ұзындығы жеті айлық кең алқап, күншығыс жағы қалмақ жерімен шектесіп, Барыс көл, Алтын Емел, Ертіс өзендерімен бітеді. Солтүстігінде Көкше теңіз (осы күнгі Балқаш көлі) бен Қаратал өзені жатыр. Күнбатысында Ташкент пен Түркістан, Оңтүстігі Қашқар, Ферғана уәлиеті мен шығыс Түркістандағы, Тұрфан қаласы»[9. 33-бет].

«Алмас қылыштағы» тағы бір дерек атақты сұлтан Мұхамед-Шайбанидың басқыншылық жорықтарына қатысты, оны да автор «Шайбани-намеге» сүйеніп жазған «Султан Махмуд-хан, приведя войско из Ташкента, захватил вилайет Отрара. В благодарность за благое дело Султан Махмуд-хан послал группу своих эмиров с дарами и подарками к хазрату наместнику всемиростивого, написав {ему} письмо: Мы не можем прибыть в то [ваше] высокое жилище, разве что вы окажете любезность выступить [сюда].... После подтверждения верности обеими сторонами Султан Махмуд-хан вручил вилайет Отрарамулазимамхазратанаместника всемиростивого, а сам вернулся в вилайет Ташкента» [10], яғни Ташкент билеушісі шағатайлық Сұлтан-Махмуд хан кеп Отырарды басып алды, ол үлкен той жасап, мәңгілік одақтас боламыз деп достасып, Отырарды Мұхамед-Шайбаниға басыбайлы беріп, өзі әскерімен Ташкентке қайтып кетті деп баяндалады.

Бізге Моғолстан ханы Есенбұға Керей мен Жәнібекке Шу, Талас аңғарындағы жерді бөліп беретіндігі көптеген тарихи деректер арқылы белгілі. Ол «Көшпенділерде» былайша бейнеленген: «Исан-Бұғы хан Жәнібек пен Керейге қонысқа Моғолстан мен Түркістанның шекарасында жатқан Шу, Сарысу, Талас өзендерінің жағалауы мен Балқаш көліне келіп құятын Қаратал өзенінің бойын берді. Сөйтіп қазақ рулары бірден Моғолстанның солтүстік, солтүстік-батыс шеті мен Көкше теңіздің Шумен қатарлас тұсына ие болды».

Екінші мәселе, Бұрындық ханның халық арасында абыройы төмендеп, Самарқандқа көшіп кетуі. Көптеген деректерде, оның ішінде Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасында «...Әдік сұлтан өлгеннен кейін Қасым ханның ықпалы күшейгені сонша, Бұрындық ханды қуып жіберді; ол Самарқанға жетіп, жат жерде қайтыс болды» делінген.

Ал, шығармада бұл көркемделе отырып, мынадай көрініс табады: «Қасым ханды қасына шақырып алып айтқаны: «Қарамағыңдағы елің теріс қарап кетсе, хан деген ит қорлық екен. Оны мен Әбілқайыр ұрпағына қыздарымды бергелі білдім. Қонысымды жайладың деп қамсыз жатқан елді шапсам, сынықтан сылтау іздегенім. Айып менен. Бірақ айыптымын деп қарашыға бас иер жайым жоқ. Оны жақсы білесің, Қасым. Жазылмас кеселдің емі – өлім. Ал менің кеселімнің жазасы өлімнен де ауыр. Бұл жазаны өзіме өзім таңдадым. Жазам сол! Ертең күйеу балам Мұхаммед-Темір сұлтанның қолына, Самарқанға көшемін. Жұртымды басқара алмаған күнәмді өзім осылай жумақпын. Дәшті Қыпшақты билеген Бұрындық Мұхаммед-Темір сұлтанды күшік күйеу етіп өз ордасына кіргізудің орнына, ата жауы Әбілқайырдың ордасына өзі күшік ата болып кірмек. Бұдан артық жаза, бұдан артық өлім бар ма?...»

XV ғасыр қазақ халқы үшін қиын да күрделі кезең болғандығы белгілі. Трилогияның бірінші бөлімі «Алмас қылыш» қазақтардың бірігуінің қиын процесін – жеке ұлт, халық ретінде дербестікке ұмтылу, азаттық жолындағы күресін бейнелейді. Жалпы қазақ халқын біріктірген хандықтың пайда болуы, қалыптасуы қаншама уақыт бойғы күрестің жемісі.

І.Есенберлин «Алмас қылыш» романында көшпелі өзбектер мемлекетінің билеушісі Әбілқайырдың, одан әрі Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, одан әрі Бұрындық пен Қасым болып ауысып отырған бірнеше хандар билеуінен өткен халық өмірінің қиын да ауыр өмірі, оның ішінде көршілес елдермен бірде тату, бірде қырғи-қабақ саясат ұстанған тұстарын көрсететін оқиғаларды әдеби көркемдеп суреттей отырып, ұзақ жылдарды қамтитын күрес жолының бейнесін жасайды. «Алмас қылыш» романы ел билеудегі өзінің сара да дара жолын салып қалдырған Қасым хан дәуірін баяндаумен аяқталады.

1. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: “І. Есенберлин атындағы қор”, 2002.- 760 бет 37 бет.

2. Сонда, 52 бет.

3. «Таварих-и гузида-йи нусрат наме», «Фатх-намеде» // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.(Оданәрі МИКХ.).

4. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хам хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 80 бет.

5. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди». – Алматы: Тұран, 2003. – 318 б.

6. Есенберлин І. Аталған еңбек.-174 б.

7. Мұхаммед Хайдар Дулати. Аталған еңбек. – 318 б.

8. МИКХ, 219-бет

9. Есенберлин І. Аталған еңбек.- 33-бет.

10. «Шайбани-наме» // МИКХ.-115 б.

### И. Есенберлин и трилогия “Кочевники”

Арыстанбекова К.Д. -старший преподаватель факультета Довузовского образования [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

Кошымова А.О. – PhD докторант, [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

#### Резюме

В данной статье раскрывается историческая данность по литературному роману И. Есенберлина «Алмас қылыш» из трилогии «Кочевники» И. Есенберлина. В статье сюжеты романа анализируются по имеющимся историческим источникам, выводятся исторические параллели между романом и действительностью. На сегодняшний день роман выделяется своей содержательной особенностью, а также славится своим успехом среди молодых читателей и историков. Во – первых, в произведении автор затрагивает запретные темы, которая доходит до ханского периода тех трудных времен, и стремится раскрыть задачи истории через художественно - литературное произведение. Роман выделяется особенностью тем, что устная литература и сведения письменных источников оправдывают события происходящих в романе и не теряют своего значения на сегодняшний день.

**Ключевые слова:** казахские ханы, И. Есенберлин, исторические источники, «Кочевники».

### I. Esenberlin and trilogy of “Nomads”

Arystanbekova K.D. - Senior Lecturer, Faculty of Pre-University Education, [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

Koshymova A.O. – Doctor student, [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

#### Summary

This article opens up the historical reality of the literary novel I. Esenberlin "The Charmed sword" of the trilogy "Nomads". The article analyzes the novel by the available historical sources, displays historical parallels between romance and reality. Today the novel stands out for its substantial features, and is renowned for its success among young readers and historians. At first, the product of the author's forbidden that comes to Khan' Roman videlyaetsya osobennostyu Terry, something wstnaya literature and details pismennix istochnikov opravdivayut events proisxodyashix novel and teryayut svoego znaçeniya segodnyaşniy day.

**Keywords.** Kazakh hans, I.Esenberlin, historical sources, “Nomads”.

УДК 930 25 (574)

### НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КОМПЛЕКТОВАНИЯ АРХИВОВ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

Жакупова Г.Т. – кандидат исторических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби,  
[doktor\\_zhak777@mail.ru](mailto:doktor_zhak777@mail.ru)

Алпысбаева Н.К. – кандидат исторических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби,  
[nurzipakz@mail.ru](mailto:nurzipakz@mail.ru)

Полякова А.Р. - магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби,

Комплектование архивных фондов и принципы отбора документов на постоянное хранение или уничтожение является важной проблемой для любой страны. Перед архивистами, специалистами в области оценки документов, стоит очень сложная задача – сохранять относящиеся к истории нации документы, подлежащие перманентному хранению. Проблемы комплектования на современном этапе являются наиболее важными среди значительного спектра проблем, стоящих перед государственными и ведомственными архивами. От их решения зависит качество и объем Архивного фонда любой страны, а значит, и обеспечение социальных прав граждан, работы органов власти и управления, развития науки и культуры, а также других важных сфер жизни и общества.

**Ключевые слова:** комплектование, архивный фонд, архивное дело, архивоведение, ценность, принципы, экспертиза.

На современном этапе изучение проблемы комплектования архивов в зарубежных странах вызвана появлением новых форм хозяйствования, форм собственности, что в свою очередь это стало основой поиска оптимальных подходов к комплектованию национального документального наследия. Модель управления архивным делом, которая на протяжении многих лет складывалась в нашей стране, изжила себя. Необходимо использования опыта развитых зарубежных стран в архивном деле Республики Казахстан. Архивы Казахстана должны войти в международное информационное пространство. Важным является, то, что требуется внимательное отношение к новейшим зарубежным технологическим разработкам. Изучать архивного дела зарубежных стран впервые начал Д.Я. Самоквасов. С 1966 г. по 1990 г. на страницах главного архивоведческого журнала было опубликовано свыше 100 статей, информационных сообщений, докладов по зарубежной проблематике. В 1979 году с большим научным аппаратом история зарубежных архивов была изложена в Трудах ВНИИДАД. На зарубежном и постсоветском пространстве архивного дела узловые понятия архивоведения имеют универсальный характер (фонд, коллекция, архив, архивоведение и др.), но и имеются различия в их понимании. Оно отражает скорее особенности формирования национальных архивных школ, но никак не идеологию. В процессе комплектования архивных документальных фондов зарубежных стран имеется специфика. Так, например, в США и в зарубежных архивных учреждениях документы частных промышленных компаний собираются историческими обществами штатов, университетскими библиотеками и другими исследовательскими учреждениями.

Можно отметить, что подход к процессу комплектования архивов США прошел определенную стадию развития. В Национальном архиве США стандарты на оценку документов установил Теодор Р. Шелленберг в книге «Современные архивы, принципы и методы работы». Данный ученый предложил для хранения отбирать документы в соответствии с их «очевидной» или «информационной» ценностью.



При этом архивисты должны знать о месте каждого структурного подразделения в составе ведомства, историю ведомства, функции каждого его подразделения. Документы, не отвечающие указанным требованиям, могут, тем не менее, быть оставлены на хранение по своей информационной ценности. Архивисты должны выступать в роли арбитра между учеными, желающими сохранить документы, и служащими, стремящимися уничтожить материалы, вышедшие из активного обращения, в целях экономии денежных средств и площади хранения. Учитывать двоякую ценность документов: «первичной» и «вторичной». Под «первичной» автор понимает ценность, которую представляют документы для фондообразователя. «Вторичную» ценность приобретает документ для исследователей, после того как он теряет свое первоначальное значение для учреждения-фондообразователя и не используется в текущей работе. Сделал вывод по вопросу экспертизы:

«1. При определении ценности документов необходимо помнить, что нельзя ограничиваться рамками определенных норм-принципами;

2. Архивисты могут иметь различные точки зрения на оценку документов, созданных в различные периоды времени.

3. Принципы оценки документов не могут быть абсолютными, поэтому они должны использоваться разумно.

4. Оценка документальных материалов не должна основываться на интуиции и догадках, она должна базироваться на тщательном анализе документов. Анализ является основой определения ценности документа; предложил два метода выбора образцов: статистические, которые предполагают сохранение образца документа, типичного для большой серии документов, и метода - специального выбора, которые предполагают сохранение наиболее важных дел из серии документов, предназначенных на уничтожение...»[1].

Поль Левинсон подробно объясняет методы выбора образцов, указав при этом, что они являются особенно ценными при решении вопроса о том, какие дела следует сохранять: использовать статистический метод, если документы, отражают отдельные аспекты или информирующие о деятельности ведомства в целом; использовать метод специального выбора для документов, имеющих информационную ценность. Итак, в Национальном архиве принципы и методы, то есть основы современного порядка отбора документов определены архивистами-теоретиками, которые основываются на очевидной и информационной ценности документов.

Порядок проведения экспертизы документов федеральных учреждений США определяется: Законом от 7 июля 1943 года; перечнем документов, предназначенных к уничтожению, с указанием сроков хранения составляются в каждом федеральном учреждении и передаются на утверждение в НАРС. К 1968 г. НАРС создал 136 перечней документов на хранение или уничтожение. Специалисты по проведению оценки документов считают, что необходимо всегда сверять существующие планы с тем, какие изменения произошли в структуре учреждения, какие новые виды документов были в нем созданы. Осуществление работы по оценке документов в федеральных учреждениях состоит из двух частей: сначала определяется класс и вид документа, подлежащего хранению. Это осуществляет персонал архива при консультации с архивистом ведомства. При проведении оценки документов приглашают консультантов со стороны, дающих советы о ценности документов. Архивисты внимательно изучают советы консультантов, хотя они и не имеют обязательной силы. В Национальном архиве созданы группы по уничтожению документов для срочного сокращения объема фондов правительственных документов с целью снижения стоимости их хранения. Три подразделения Национального архива сами проводят оценку материалов: отделения картографических архивных материалов, аудиовизуальных источников информации и сектор машинных документов. Джеймс Грегори Bradsher в своем исследовании «Федеральный архив: прошлое, настоящее и будущее» отмечает, интересный факт, что «с конца 1960-х годов, Национальный архив в своих региональных отделениях, хранятся и обслуживаются по многим архивным фондам страны и научно-исследовательским материалам» [2].

Сюзанна Мопен в работе «Документирование федеральной научно-технической информации (НТИ): обсуждение критериев оценки и их применение для национального управления архивов и документации» определяет особенности комплектования «сохранение научных данных является сложной задачей, как в теории, и на практике. Рассматриваются основные производители США научно-техническая информация федеральное правительство (ИППП), основные категории этих данных, и роль национальных архивов в документировании научных документов. Сохранение научных данных Национального управления архивов и документации (NARA) является монументальной задачей по объему и сложности оценки и сохранение научных данных по Нара»[3].

Интересной является статья Арджун Сабхарвал «Цифровые история, архивы, и курирования цифрового культурного наследия» в которой отмечается проблема цифровых технологий применяемых историками и архивоведами: «цифрование представляет новую главу в сотрудничестве между историками, архивистами, библиотекарями, и технологов. В то время как историки интегрированы вычисления в различных научно-исследовательских проектов задолго до прихода World Wide Web, цифровые технологии открыли поле для новых методов в историографии, анализа и интерпретации. Для архивистов и кураторов цифровых, этот этап также представляет новые возможности, вопросы, и опасения по поводу сохранения, продвижения и предоставления долгосрочного доступа к цифровому рожденный, цифровой, и гипертекстовой содержания. Основное внимание уделяется взаимосвязи между цифровой истории и архивов, а также последствий цифровой истории и историографии для цифрового курирования и наоборот»[4].

Майкл Пиготт в работе «Библиотеки и архивы: подчинение, партнерство» отмечает, что «в первой половине XX века, все ведущие государственные архивы в Австралии начали перевод организационных подразделений по структуре соответствующей публичной библиотеки. Государственные архивы в настоящее время работают под руководством библиотеки»[5].

Для казахстанской сферы архивного дела важной проблемой является комплектование бизнес документов в составе архивных учреждений. В этой связи важным является изучение в данной области зарубежного опыта. Теоретические разработки в сфере бизнес-архивов появились в США в связи с возникновением интереса к истории предпринимательства и оформлением ее вследствие этого в специальную область знания. В центр изучения истории бизнеса были поставлены американские предприятия с их документальными источниками, позволяющими изучать структуру отдельных фирм, понять их эволюцию, процесс укрепления (ослабления) внутренних и внешних экономических позиций в тот или ной период времени, определить типологию своеобразие различных компаний, уяснить их стратегическую и маркетинговую политику. Большую работу провело общество истории бизнеса при Гарвардском университете. Особенно много труда по приему материалов и организации их коллекций вложили сотрудники библиотеки Гарвардского университета, где был создан крупнейший архив, содержащий документы по развитию бизнеса в США начиная с ХУП века [6]. 80 американских компаний имели свои музеи. В конце 60-х – начале 80-х годов в США развернулось движение за создание бизнес-архивов. Фирмы реально почувствовали практическую пользу от наличия в своих структурах исторических архивов. При их помощи компании активно проводили: документальные и другие выставки; организовывали юбилеи, как самой фирмы, так и ее сотрудников; предоставляли ценный материал для разработки стратегических планов компании; документы для организации и осуществления маркетинговых исследований; публикаций по истории компаний. В 1982 г. Общество американских архивистов опубликовало справочник по бизнес-архивам разных фирм. В него вошли сведения об условиях хранения документов на отдельных предприятиях, характеристика состояния и степени сохранности бизнес-коллекций, положения с кадрами и оборудованием.

С середины 80-х годов история американских бизнес-архивов вступает в современный период своего развития. Прежде всего, он характеризуется складыванием определенной, достаточно четкой системы хранения документальных бизнес-источников. Этот данный документальный фонд комплектуется в следующих уровнях: национальный - коллекция документов по американской бизнес-истории в Национальном архиве США и библиотеке Конгресса; региональный - библиотеки и архивы, созданные при университетах и научных центрах в различных штатах и имеющие в своих фондах источники по бизнес-истории; локальные специализированные исторические бизнес-центры (например, библиотека и архив Гарвардского университета, Музей в Вильмингтоне и др.; бизнес-архивы в частных фирмах, на промышленных предприятиях»[6].

В истории архивного дела европейских государств Франции принадлежит особое место. «В этой стране впервые была проведена реформа архивного дела, были претворены в жизнь новые взгляды на архивы, их роль в жизни общества и государства. Она имеет огромный опыт в организации архивного дела, одна из первых стала на путь централизации архивной системы. Парижская Школа хартий является старейшим высшим учебным заведением по подготовке кадров архивистов, а международные архивные курсы проводятся в Париже на основе французского материала. Франция принимала участие во всех крупных начинаниях международного архивного сотрудничества, стояла у истоков его зарождения»[7].

Архивные учреждения Франции проводят свою деятельность на основе трех законов: первый был принят 24 июля 1794 г.; второй – в 1979 г. третий - в 2008 г. «Вторая глава Закона 2008 г. свидетельствует о развитии методики комплектования архивов» [8]. На современном этапе архивная служба Франции

рассматривает вопросы комплектования электросетевых документов, а также пересмотра архивного законодательства: «1 июля 2015 г. Архивная служба Франции сообщила о пересмотре архивного законодательства. В сообщении указывается, что архивное право, которое регулируется несколькими правовыми режимами, должно адаптироваться к развитию информационного общества. При разработке положений, регулирующих архивное дело, следует использовать законопроекты смежной с архивами тематики, как это осуществлено в отношении положений законов о культурном наследии»[9].

Спецификой многовекового развития любой страны в мире зависит от процесса комплектования в архивной сфере. По данному направлению в архивоведении оценивается настоящее, и составляются прогнозы на будущее, причем практически всегда это делалось на самом высоком государственном уровне. Комплектование архивных учреждений это сохранение культурного наследия и самопознания человечества.

Актуальными вопросами комплектования архивных учреждений на казахстанском и зарубежном пространстве являются:

- анализ списков организаций и физических лиц - источников комплектования государственных и муниципальных архивов;
- определение новых видов документов, создающихся в организациях, и оценки их информационной деятельности;
- развитие договорных форм работы с негосударственными организациями-источниками комплектования государственных архивов;
- выявление наиболее острых проблем комплектования архивов;
- решение проблем комплектования электросетевых документов.

1 Шелленберг Т. Р. *Современные архивы. Принципы и методы работы / Глав. архив. упр. При Совете Министров СССР; пер. с англ. В.А. Алешковской, Э. Г. Баскакова, Н. Д. Болдыревой [и др.]. – Москва, 1962. – С. 21.*

2 James Gregory Bradsher *Federal field archives: Past, present, and future. Original Research Article Government Information Quarterly, Volume 4, Issue 2, 1987, Pages 151-166.*

3 Suzanna Maupin *Documenting federal scientific and technical information (STI): A discussion of appraisal criteria and applications for the national archives and records administration. Original Research Article. Journal of Government Information, Volume 22, Issue 4, July–August 1995, Pages 311-319.*

4 Arjun Sabharwal *Digital history, archives, and curating digital cultural heritage. Digital Curation in the Digital Humanities, 2015, Pages 49-67.*

5 Michael Piggott *Libraries and archives: from subordination to partnership. Archives and Societal Provenance, 2012, Pages 85-102.*

6 Карапетянц И.В. *Бизнес-архивы в США // Отечественные архивы. - 1996. - №4. – С. 12-13.*

7 Кальсина Е.А. *Французское архивоведение: история, теория, методология (конец XIX века - XX век) : Дис. ... канд. ист. наук : 05.25.02 : Москва, 2004. - С.45.*

8 <http://www.archivistes.org/>

9 Прозорова В. *Новый закон об архивах Франции // Отечественные архивы. -2010. - № 1. – С. 34.*

#### Түйіндеме

#### ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МҰРАҒАТТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Жакупова Г.Т. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,

Алпысбаева Н.К. - әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ң доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,  
nurzipakz@mail.ru

Полякова А.Р.- әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ң 2 курс магистранты

Мұрағаттық қорларын толықтыру және оларды тұрақты сақтауға немесе жоюға беруде құжаттарды іріктеу принциптері әр мемлекет үшін маңызды мәселе болып табылады. Мұрағатшылар, құжаттарды бағалау саласындағы мамандар алдында ең күрделі мәселе – ұлт тарихына қатысты тұрақты сақталуға жататын құжаттарды сақтау. Қазіргі таңда толықтыру мәселесі мемлекеттік және ведомстволық

мұрағаттар алдындағы ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Олардың шешімдерінен әр мемлекеттің мұрағаттық қорларының сапасы және көлемі, сондай-ақ, азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, билік және басқару органдарының жұмыстары, ғылым және мәдениеттің дамуы, сонымен қатар, қоғам және өмірдің барлық маңызды салалары байланысты.

**Тірек сөздер:** толықтыру, мұрағаттық қор, мұрағаттық іс, мұрағаттану, құндылық, принциптер, сараптау.

### Summary

#### SOME ASPECTS OF THE COMPLETION OF THE ARCHIVES OF FOREIGN COUNTRIES

**Zhakupova G.T** – candidate of historical sciences, associate professor, KazNU the name al-Farabi,

[doktor\\_zhak777@mail.ru](mailto:doktor_zhak777@mail.ru)

**Alpysbaeva N.K** - candidate of historical sciences, associate professor,  
KazNU the name al-Farabi, [nurzipakz@mail.ru](mailto:nurzipakz@mail.ru)

**Polyakova A.R** - magistracy 2 course.

Acquisition of archival funds and principles of selection of documents for permanent storage or destruction of an important issue for any country. Before archivists, specialists in the field of assessment instruments is a very difficult task - to preserve the nation's history relating to documents subject to permanent storage. Problems of recruitment at the present stage are the most important among a large range of problems facing the state and departmental archives. Their decision depends on the quality and volume of the Archives Fund of any country, and therefore the maintenance of social rights, the organs of power and administration, the development of science and culture, as well as other important areas of life and society.

**Keywords:** acquisition, archives, records, archival, values, principles, examination.

### УДК 94 (5)

#### ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЫҢ ТЕОРИЯЛАР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАР

**Қартабаева Е.Т.** - *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.,* [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)

**Солтиева Б.Ш.** - *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы,* [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)

Мақалада соңғы кезеңде тарихнамада қалыптасып жатқан тарихи дамудың заңдылықтарын түсіндіретін теориялар мен концепциялар, атап айтқанда, бір сызықты және көпсызықты теориялар, өркениеттік теория және әлем-жүйе теориялары өзара салыстыра қарастырылады. Осы теориялар негізінде көшпелілер өркениеті, соның ішінде түркі өркениетінің өмір сүру заңдылықтары талданады. Бір сызықтық теория өкілдері адамзат қоғамы тұрпайы аңшылардың кіші-гірім топтарынан қазіргі постиндустриалды әлемдік қауымдастыққа дейін, яғни қарапайымнан күрделіге қарай прогресс жолымен дамыды деп көрсетсе, өркениеттік теорияны жақтаушылар әлемдік тарихтың біртұтастығын жоққа шығарып, тек мәдениеттің белсенділігінің артуы түріндегі өркениеттер ғана шынайы деп есептейді. Өркениеттер, тірі ағзалар тәрізді туылады, өмір сүреді және өледі. Бұл екі, бір біріне қарама-қарсы теориялардың арасындағы аралық жағдайды әлем-жүйе теориясы мен дамудың көпсызықты теориялары алады. Қазіргі көпсызықты теория саяси жүйелер трансформациясының бірнеше мүмкін болатын нұсқалары (альтернативті даму) бар деп есептейді. Осындай теориялардың бірі қазақстандық зерттеуші Ж.Байжуминнің әлемдік тарихтағы көшпелілердің орнына қатысты қалыптастырған концепциясына мақала авторлары ерекше назар аударып отыр.

**Түйін сөздер:** теория, өркениет, түркілер, көшпелілер, балама нұсқа.

Түркі халықтары ежелден Орталық Еуразияда маңызды рөл атқарғаны белгілі. Өздеріне тән жоғарғы әскери қабілетінің арқасында түркілер ежелгі дәуір мен орта ғасырларда ұлан-байтақ кеңістікті жаулап алып, көптеген империялар қалыптастырды. Еуразия халықтарының әскери өнері мен саяси мәдениетінің дамуына ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына да орасан зор үлес қосты. Осыған қарамастан, философиялық-тарихи, саяси және мәдениеттану ғылымдарында «түркі өркениеті» деген түсінік таяу уақытта ғана пайда болды. Бұл жағдай көбіне өркениет туралы түсінік алғашында батыстық қоғамдық ғылымдар аясында пайда болуымен байланысты болса керек. Батыс Еуропаның тарихи жағдайларына байланысты, оның геосаяси кеңістіктегі басымдығы жағдайында «өркениет» түсінігінің анықтаушы негізі ретінде Еуропаның өзі алынды. Еуропа, еуропалық емес әлемге қарама-қарсы, өркениеттіліктің бірден-бір өлшемі ретінде қарастырылды. Еуропалық емес халықтар «тарихи

емес», артта қалған халықтар деп жарияланды. Сондықтан да XVII-XX ғғ. зерттеушілердің түсінігінде адамзаттың өркениеттік дамуы Еуропамен және отырықшы, жазуы бар мәдениеттермен байланыстырылды, ал өркениеттілік түсінігінің маңызды құрамдас бөліктері ретінде мемлекет, жазу, материалдық негіздер және онымен байланысты экономикалық қатынастар алынды.

Ал өз негізі бойынша көшпелі өмір салты басым, түркілер дүниесін көпшілік зерттеушілер тарихы да, мемлекеттілігі де, мәдениеті де жоқ тағы тайпалардың тұрпайы ретсіз жиынтығы деп қарастырды. Еуропацентристік көзқарасты жақтаушылар көне түріктер ерекше діндар болмады, саудаға да бейімсіз еді. Сондықтан төл жазуының әліпбиін шығаруға құлықсыз болды [1, 136], қатаң даланың жыл мезгілдерінің ығына жығылып, көшіп-қонып жүріп, табиғатқа тәуелділікке түскен көшпенділердің қоғамы – тарихы жоқ қоғам дейді [2, 86]. Сондықтан да «түркі өркениеті» түсінігі XVIII-XX ғғ. зерттеушілері А.Фергюсон, маркиз де Мирабо, И. Морас, Л. Снетлаге, Э. Бенвенист, З.Фрейд, М.Хайдеггер, М.Мосс және басқалардың өркениетті сипаттаған еңбектерінде кездеспейді. Сондай-ақ бұл түсінік XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бірінші жартысындағы зерттеушілер Ж.Гобино, Г.Рюккет, К.В.Леоньев, Н.Я.Данилевский, Р.Генон, А.Дж.Тойбни, О.Шпенглер және т.б. окшау өркениеттер концепцияларында да жоқ. Түркі өркениеті өркениеттердің типтерін анықтаумен айналысушы қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде де көрсетілмеген (Б.Н. Кузык, Ю.Б. Яковец, Э.Д.Фролов, Ю.В.Павленко) [3, 120, 421-423].

Сонымен ғылымда түркі халықтары өздері жасаған ештеңесі жоқ, көшпелі халық болғандықтан әлемдік өркениетке үлес қоса алмады деген еуроцентристік көзқарас қалыптасқан. Осы орайда Л.Н. Гумилевтың мына сөздері ойға оралады: «Тарихшы басқа халықтың мәдениетінен өзіне маңызды болып көрінетін белгілерді табуға тырысатын және ол болмаған жағдайда халықты тұрпайы деп қарастыратын қауіпті методологиялық аберрациядан аулақ болуы тиіс».

Көне түркі-монғолдар жайындағы еуроцентристік ғылымда қалыптасқан тек қиратушы, құртушы, жоюшы, тағы халықтар деген қасаң, біржақты түсінікті бұзып, бұл халықтардың да адамзат қоғамының дамуында өзіндік жасампаздық роль атқарғандығын, тарихқа сүбелі үлес қосқандығын дәлелдеу үшін отандық тарихшылар қандай методологияға сүйенуі тиіс, қандай теориялық тұжырымдамаларды басшылыққа алғанда біз бұл мәселелерді объективті түрде зерттей аламыз. Мүмкін, өзіндік ерекше тарихи даму жолы бар бұл халықтың тарихын жете түсіну үшін мүлде тың, жаңа ғылыми методология жасалуы керек шығар. Осы бағыттағы мәселелер төңірегінде түбегейлі ғылыми ізденістер жасау Қазақстанның тарих ғылымының кезек күттірмес, маңызды мәселелерінің қатарына жатады.

Жалпы, қазіргі әлеуметтану ғылымы мен тарихта күрделі адам қоғамдарының пайда болуы мен дамуы және күйреуінің негізгі заңдылықтарын түсіндіретін төрт негізгі теориялық бағыттар бар. Бірінші теориялық бағытқа - даму мен эволюцияның бір сызық бойынша дамуын жақтайтын теорияларды жатқызуға болады (марксизм, неоэволюционизм, модернизация теориясы және т.б.). Бірсызықты теория өкілдері адамзат қоғамы тұрпайы аңшылардың кіші-гірім топтарынан қазіргі постиндустриалды әлемдік қауымдастыққа дейін, яғни қарапайымнан күрделіге қарай прогресс жолымен дамыды деп көрсетеді. Екінші теориялық бағыт – өркениеттік теорияның әр түрлі мектептері. Бұл теорияны жақтаушылар әлемдік тарихтың біртұтастығын жоққа шығарып, тек мәдениеттің белсенділігінің артуы түріндегі өркениеттер ғана шынайы деп есептейді. Өркениеттер, тірі ағзалар тәрізді туылады, өмір сүреді және өледі (Данилевский, Тойнби, Шпенглер, Сорокин және басқалар). Бұл екі, бір біріне қарама-қарсы теориялардың арасындағы аралық жағдайды әлем-жүйе теориясы мен дамудың көпсызықты теориялары алады. Әлем-жүйе теориясы (Wallerstein, Chase-Dunn, Hall) дамудың бірсызықты теориялары тәрізді, қоғамның үш үлгісін: мини-жүйелер, әлем-империялар және әлем-экономикаларды бөліп қарастырады. Алайда бұл жүйелер, бірсызықты теориядан ерекше, уақыт шегінде емес, кеңістікте қарастырылады. Бұл тарих туралы түсінікті анағұрлым толық етеді. Қазіргі көпсызықты теориялар (Коротаев, Бондаренко т.б.) саяси жүйелер трансформациясының бірнеше мүмкін болатын нұсқалары (альтернативті даму) бар деп есептейді.

Мұндай нұсқалардың бірінде иерархиялық құрылымның дамуы негізінде тайпалық құрылым мемлекетке айналса (ұлттық мемлекеттер), ал екіншісінде қауымдық ұйымның күрделенуі бюрократияның қалыптасуына апармайды (мысалы, грек полистері), үшінші нұсқада белгілі бір экологиялық жағдайларда тайпалық жүйенің сақталып қалуы мүмкін (көшпелілер мемлекеттілігі). Жоғарыда көрсетілген теорияларды қарастыра отырып жасайтын басты қортындымыз, іс жүзінде, әлемдік тарихтың бір мезгілде орын алатын әр түрлі өлшемдері болатындығында. Әр өлшем өз кеңістігінде әлеуметтік жүйелердің тіршілік етуінің тиісті жағдайларын көрсетеді. Алайда көрсетілген концепциялардың әрқайсысы, жеке алғанда, зерттеліп отырған құбылыстың ерекшеліктерін толық ашып

бере алмайды. Тек жиынтық түрде ғана бұл теориялар тарихи дамудың заңдылықтарын түсіндіруі мүмкін.

Соңғы уақытта номодологтардың көпшілігі көшпелілер әлемін әлеуметтік эволюцияның ерекше балама нұсқасы деп қарастыра бастады. Д.М.Бондаренко, А.В.Коротаев, Н.Н.Крадин [4] сияқты Ресей номодологтары, сондай-ақ Ж.Байжумин [5], Т.Әсемқұлов [6], З.Наурызбаева [7] сияқты отандық ғалымдар тарихи дамудың сызықтық - формациялық және өркениеттік теорияларының әлсіз тұстарын көрсете отырып, бұл теориялардың әсіресе көшпелілер қоғамының даму ерекшеліктерін түсіндіруге қабілетсіздігін мойындай келе, тың теориялық-методологиялық ұстанымдар негізінде соны ізденістер жасу қажеттігін айтып отыр.

Аталмыш ғалымдардың көрсетуі бойынша, бірсызықты схемалар көшпелі қоғамдардың ерекшеліктерін мүлде түсіндіре алмайды. Марксизм теориясы үшін номадизм, «азиаттық өндіріс тәсілі» тәрізді, алынбас қамалға айналды деуге болады. Қоғамдық қатынастар тұрғысынан тұрақты, өзгеріске түсе қоймайтын көшпелілер қоғамын, өндіріс тәсілдерінің үнемі дамып отыруына негізделген сызықтық дәуірлеуге қалай сыйдыруға болады? Көшпелілер империяларының пайда болуын, өркендеуі мен күйреуін, «базис» пен «қондырғының» сәйкестігі принципіне негіздеп түсіндіру мүмкін емес. Көшпелі-малшы қоғамдардың экономикалық «базисі», негізінен алғанда, әрдайым өзгеріссіз қалып отырды: ол қоршаған экологиялық ортаның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған экстенсивті шаруашылық типімен ерекшеленді. Бірсызықты теория бойынша «базис» өзгермесе» «қондырғы» да өзгеріссіз қалуға тиіс. Алайда, көшпелі қоғамдардың «қондырғысы», «базистің» тұрақтылығына қарамастан үнемі өзгеріп отырды. Көшпелілер бірде қуатты алып империялар құрса, ал келесі бір кезеңде жекелеген хандықтар мен тайпа бірлестіктеріне ыдырап кетіп отырды. Бесмүшелі формация схемасы аясында «көшпелі феодализм» теориясын жақтаушылар (Владимирцев және басқалар) көшпелілер мен отырықшы қоғамдар арасындағы ерекшелікке көз жұмып, номадизмнің «базисін» айтарлықтай өсіріп көрсетеді. Осы негізде ерте (ежелгі, феодализмге дейінгі және құлиеленушілік) және кейінгі (ортағасырлық, феодалдық) көшпелілер деп бөлу орын алды. Алайда бұл концепция өкілдері көшпелілердің ерте және ортағасырлық империялары халқының саны және иерархиялық құрылымы бойынша жаңа дәуір мен қазіргі замандағы көшпелілер хандықтары мен тайпалық конфедерацияларымен салыстырғанда әлдеқайда күрделі болғанын ескермейді.

«Көшпелі феодализм» теориясын сынға алған «көшпелілердің тапқа дейінгі дамуы» концепциясын жақтаушылар, шынайы марксистер ретінде, материалдық өндірістің анықтаушы ролін (детерминизм) бірінші орынға қояды. Номадтардың «базисінің» деңгейі ұзақ дәуірлер бойы іс жүзінде өзгеріссіз қалғандықтан, көшпелі қоғамдардың алғашқы қауымдық, мемлекетке дейінгі «базисіне» алғашқы қауымдық «қондырғы» сәйкес келуге тиіс болды. Бұдан шығатыны, көшпелілер қоғамдық дамуда алғашқы қауымдық қоғамда қалып қойды, одан өсіп шыға алмады. Бұл теорияның өкілдері саяси қондырғы ретінде, дамыған күрделі бірлестіктер болған көшпелілер империясының орын алуын диалектикалық материализм теориясындағы «кездейсоқтық және қажеттілік» категорияларына сәйкес, уақытша және жасанды (эфемерлік) құрылымдар деп көрсетуге тырысады. Яғни, бір сөзбен айтқанда, марксизм негізінде қалыптасқан бірсызықты даму теориясы көшпелілер қоғамын түсіндіруде тығырыққа тіреліп отыр.

Әлеуметтік эволюцияны түсіндіруші теориялардың бірі - антропологиялық теория бойынша көшпелілер мемлекет құра алды ма деген мәселе маңызды болып табылады. Ғылымда мемлекеттің пайда болуын түсіндіруге бағытталған ең кең тараған екі теориялар тобы бар, бұл: «интегративтік» және «қақтығыстық» теориялары. Алайда, екі көзқарас тұрғысынан алғанда да, көшпелілер үшін мемлекеттілік ішкі қажеттілік болды деуге негіз жоқ. Мал шарушылығымен айналысушы қоғамда негізгі экономикалық мәселелер жекелеген үй шарушылығы шеңберінде шешіліп отырды. Сондықтан да басқару және бөлу қызметімен айналысатын арнайы, бюрократиялық аппаратқа деген зәрулік бола қойған жоқ. Саяси және әлеуметтік қайшылықтар дәстүрлі мекемелер аясында шешіліп отырды. Оның үстіне билік тарапынан көшпелілерге жасалған қысым олардың басқа жаққа көшіп кетуіне немесе мұндай қысымға қарсы тұруына алып келер еді, өйткені әрбір ерікті көшпелі малшы бір мезгілде жауынгер де болғаны белгілі. Көшпелілердің бірігуіне деген қажеттілік табиғат ресурстары үшін жүргізілген соғыстар кездерінде, отырықшылардың территориясына жасалған жаулаушылықтар тұсында, сондай-ақ, сауда жолдарына бақылау орнату қажеттілігінен туындап отырды. Бұл жағдайда көшпелілер империялары түріндегі күрделі саяси ұйымның қалыптасуы бір мезгілде ішкі интеграцияның және сондай-ақ көшпелілер мен отырықшылар арасындағы қақтығыстың да салдары болып табылды. Бұл тұста көшпелі малшылар «тап-этнос» және ерекше, ксенократиялық (грекше «ксено» – сыртқы, «кратос» – билік) саяси жүйе ретінде

көрініс тапты. Бейнелеп айтқанда, олар отырықшы-егіншілер «базисінің» үстіндегі саяси «қондырғы» ролін атқарды [3]. «Көшпелі империялардың» құрылуын осы тұрғыдан түсіндіру ХХ ғ. басынан-ақ пайда болған «жаулаушылық» теориясының (Л.Гумплович, Ф.Оппенхаймер) бір бұтағы болып табылады. Аталмыш концепция бойынша соғыстар мен жаулаушылықтар кейінірек орын алған теңсіздік пен әлеуметтік жіктелістің алғышарты болып табылады. Бұл жағдай «далалық империялардың» екіжақты табиғатын анықтайды. Сырттан қарағанда олар деспоттық жаулаушылық мемлекеттер болып көрінеді, өйткені отырықшы-егіншілерден қосымша өнімді алып отыру үшін құрылады. Ежелгі түркі қағандықтарында саяси қатынастар бір топтардың үстемдігімен (көшпелілер), ал екіншілердің бағынуымен (отырықшы халық) сипатталды. Көшпелілердің империялары «империялық конфедерациялар» формасында ұйымдасты. Бұл конфедерациялар сыртқы формасы жағынан автократиялық сипатқа ие болды (олардың саясатының негізгі бағыты отырықшы аудандардан қосымша өнім алу болды). Алайда іштей «көшпелі империялар» малшыларды шектен тыс қанауға жол бермейтін, олардан салық алу жүйесін орнықтырмаған, тайпалық байланыстарға негізделген құрылымдар болып қала берді, яғни ішкі жағдайында ұжымдық және тайпалық сипатын жоғалтқан жоқ. Көшпелілердің өз арасындағы, яғни тайпалар мен басқару органдары арасындағы саяси байланыстар таза автократтық болған жоқ. Қағанның тайпалар үстінен жүргізетін билігі, бір жағынан, конфедерацияға мүше болу тайпаларға тиімді болған жағдайда, яғни көршілерден тәуелсіздікті қамтамасыз еткен жағдайда, және басқа да бірқатар маңызды пайдасы болған жағдайда, ал екінші жағынан, көшпелілер державасының билеушісі тайпаларға қағандық шеңберінде белгілі бір көлемде ішкі автономия берген жағдайда ғана сақталды және мойындалды. Осыған қарап, қазіргі көпшілік политогенез теорияларының өкілдері көшпелілер империяларында мемлекеттіліктің басты белгісі болған жоқ деп есептейді: егер билеуші тек консенсуалды (келісімге негізделген) биліктің иесі ғана болса, яғни іс жүзінде тек беделімен ғана басқаратын болса, онда бұл шынайы мемлекеттілік бола алмайды. Көшпелі қоғамдағы билік заңдық негізге ие болған қанаудан гөрі, билеушінің әскери жорықтарды ұйымдастыру қабілетіне, саудадан, көрші елдерге жасаған жорықтардан түскен алымды әділетті бөлуді ұйымдастыра білуіне негізделді. Алайда басқарудың мұндай құрылымы мемлекет бола алмайды дегенді білдірмейді. Өркениет деңгейіндегі аса күрделі қоғамдар басқарудың бюрократиялық ұйымынсыз да өмір сүргенін тарих дәлелдейді. Атап айтқанда, мамандардың антика тарихы саласындағы терең зерттеулері грек және рим полистері де, бұл тұрғыдан алғанда, «шынайы мемлекеттер» болмағандығын көрсетеді. Бюрократиялық басқаруы дамыған мемлекеттілік, бұл жерде тек кейінірек, эллинистік мемлекеттер мен империялық Рим дәуірінде ғана қалыптасты [8].

Сонымен әлеуметтану және тарих ғылымының қазіргі дамуы бұрынғы теориялар мен концепциялардың адамзат дамуының негізгі мәселелерін түсіндіруде тығырыққа тіреліп отырғанын көрсетіп отыр. Сонымен бірге, жер шарының әр түрлі елдері мен халықтарының тарихы бойынша жинақталған эмпирикалық материалдар ұшан-теңіз. Осыған байланысты, тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі, жинақталған фактілерді терең, ғылыми талдау негізінде, жаңа теориялар мен тың концепциялар қалыптастыру деп ойлаймыз.

Осы орайда, соңғы уақытта елімізде дами бастаған номодология саласындағы түркілер тарихына қатысты тың методологиялық ізденістер жайында айта кету қажет. Атап айтқанда, қазақстандық лингвист-зерттеуші Ж. Байжумин Еуразия көшпелілерінің әлемдік тарихтағы орнына қатысты мүлде жаңа теория ұсынып отыр. «Қазіргі қоғамтанудың жалпы адамзат дамуындағы көшпелілердің шынайы орнын анықтауға дәрменсіздігі адамзат білімінің осы маңызды саласындағы терең ғылыми дағдарысын айғақтайды» - деп көрсетеді ғалым. Өз зерттеулерінде ол, тарихи үдерісті қоршаған әлемнің барлық құбылыстары бағынатын болмыстың негізгі әмбебап заңдарына сәйкес зерттеу қажеттігін көрсетеді. Адамзат қоғамы биосфераның, және сол арқылы одан да ауқымды космостық біртұтастықтың бір бөлшегі болғандықтан, объективті әлемнің жалпы даму заңдарымен өмір сүреді. Бұдан шығатыны, тарихи даму үдерісін осы заңдардың әрекет етуінен тыс қарастыруға болмайды. Әлемдік тарихи дамуды түсіндіруде ол, «қарама-қайшылықтардың өзара күресі мен бірлігі» диалектика заңын басшылыққа алады. Осы заңды негізге ала отырып, отырықшы-егіншілер мен көшпелілердің мыңжылдықтар бойғы өзара қарым-қатынастарын түсіндіруге тырысады. Ол, сондай-ақ өз концепциясының негізіне әлемдік философия тарихындағы ең озық дүниетанымдардың бірі болып табылатын, өзара қарама-қарсы инь-янь элементтерінің әрекеттестігін болмыстың негізінде жатқан бастаулар деп қарастыратын ежелгі даосизм философиясының негізгі принциптерін алады.

Ж. Байжуминнің концепциясы бойынша отырықшы-егіншілердің мәдениеті, өз табиғаты бойынша консервативті. Ғалымның бұл көзқарасына неміс зерттеушісі Альфред Вебердің пікірі ықпал еткен болуы

керек, ол кезінде, егінші халықтар мәдениетінің «матриархалды, оянбаған» сипатын көрсеткен болатын. Ежелгі кетпенді-соқалы егіншіліктің аса төмен өнімділігі және қауымның ішкі құрылымының тарихи тұрақтылығы жағдайында егінші қауымдардың іштей мүліктік және әлеуметтік жіктеліске түсу мүмкіндігі шектеулі екендігін көрсете отырып, А.Вебер ежелгі отырықшы қоғамдарда, дербес түрде, ерте таптық мемлекеттердің қалыптасуының мүмкіндігін жоққа шығарады. Ежелгі егінші қауым әлеуметтік жағынан біртекті және барынша консервативті ұйым және өзінің негізгі әлеуметтік сипаттамасы бойынша көшпелілердің рулық ұжымынан оншалықты алысқа ұзап кете қоймаған болатын. Арнольд Тойнби, керісінше, номадтардың мәдени-шаруашылық қоғамының тоқыраушылық сипаты жайында айта отырып, көшпелілер мәдениетінің консервативтілігін көрсетеді. Осылайша екі зерттеуші де, мүлде бөлек екі мәдениет жайында айта отырып, олардың жеке-дара, дербес жағдайда қоғамдық прогреске қабілетсіз екендігін көрсетеді. Өркениеттің пайда болуына мал шаруашылығының егіншіліктен бөлінуімен анықталған «еңбектің алғашқы ұлы бөлінісі» ықпал еткені белгілі. Осы негізде әр түрлі аймақтардың географиялық ерекшеліктерімен анықталған шаруашылықтың белгілі бір түріне мамандану пайда болды, ал мұның өзі сол аймақ халықтарының мәдениетінің ерекшеліктерін анықтаған болатын. Дәл осы терең мәдени айырмашылықтар, Ж.Байжуминнің көзқарасы бойынша, мемлекеттіліктің қалыптасуының қажетті алғышарттары және жаңа, таптық негіздегі қоғамның қалыптасуының анықтаушы критеріі болды. Ол, мемлекет қалыптасуының «жаулаушылық» теориясының негізін қалаушы ХХ ғ. басындағы бірқатар Еуропа ғалымдарының (Л. Гумплович, Ф. Оппенхаймер және т.б.) көзқарастарын ары қарай дамыта отырып, Еуразияның әр түрлі аймақтарындағы және одан тыс жерлердегі мемлекеттердің пайда болуын, Еуразия даласынан ығысып шыққан малшы тайпалардың отырықшы аудандарға басып кіруімен байланыстырады. Дәл осы жаулаушылар ежелгі таптық қоғамның қалыптасуында шешуші рөл атқарған. Таптық қоғам, жаулаушы-малшы тайпалардың этномәдени бірлестігі жауланып алынған жергілікті егіншілердің этномәдени бірлестігіне келіп орналасуының нәтижесінде қалыптасты. Оның пікірінше, тек көшпелілер ғана, тарихи түрде, мемлекеттік ұйымдар тәрізді қоғамдық құрылымдар құру дағдысына ие болды. Далалық тайпалардың өмір салтының ерекшеліктері, кең-байтақ кеңістікте жайыла қоныстанған халықты мықты әскери-саяси ұйымға топтастыру қажеттігін талап етті. Осының нәтижесінде Еуразия далаларында бірінен кейін бірі әр түрлі саяси бірлестіктер мен көшпелілердің бүтіндей державалары – көшпелілер империялары пайда болып отырды. Тек осындай жолмен ғана экстенсивті көшпелі экономикаға тән қайшылықтардан шығу мүмкін еді.

Сонымен, мыңжылдықтар бойы Еуразия далаларын көшпелілердің жаңа толқындары тастап кетіп отырды. Олар, ескі, күні біткен мемлекеттерді жаулап ала отырып, жауланып алынған аймақтың ары қарай дамуына серпін берді. Ежелгі өркениеттер, тек таптық қоғам мен мемлекеттіліктің қалыптасуымен ғана ерекшеленбеді, ежелгі қоғамдарда, сондай-ақ өз уақыты үшін жоғары дамыған мәдени жетістіктерге де қол жеткізілген болатын. Бұл мәдени жетістіктерді, ең алдымен, көшпеліліктен отырықшылыққа, яғни динаикалық өмірден, «статикалық» өмір сүру формасына өтумен байланысты жағдайлармен түсіндіруге болады. «Өмір салтының түбегейлі түрде өзгеруі көшпелілердің рухани-энергетикалық потенциалының тіршіліктің басқа салаларына ойысуы қажеттігін туғызды. Шектеулі кеңістік жағдайында көшпелілерге тән көлденең қозғалысқа кететін энергия, енді тік бағытта, яғни қоғамды дамытуға жұмсалды» [5, 22]. Осылайша әлемдік қоғамдық прогрестің үздіксіздігі қамтамасыз етіліп отырды.

Сонымен, Еуразия континентінің ішкі, далалы бөлігі адамзат қоғамының прогресс бойымен алға қарай дамуы үшін қажет екі маңызды компоненттің біреуін мыңжылдықтар бойы шығарып отырған ерекше мәдени-географиялық кеңістік. Дәл осы жағдай көне түркілердің таңдаулы, арийлік халық екендігі және олардың елінің дүниенің ортасында орналасқандығы жөніндегі ежелгі идеяның қалыптасуына ықпал етті. «Әлемдік дамудың бұл моноцентристік концепциясы тарихи процесті тәртіпке келтіріп, болмыстың әмбебап заңдарына негізделетін қажетті логикамен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, бұл концепция көшпелілердің, қазіргі ғылым анықтаған «мәдениеттен тыс халықтар» деген бағасынан құтқарып, олардың шынайы тарихи потенциалына сәйкес келетін еуразиялық және әлемдік тарих эпицентріндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді» [5, 8]. Ж. Байжуминнің аталмыш концепциясына қатысты өз тарапымыздан айтатынымыз, бұл концепция ғылыми ортада талқыға салынып, тарихшы маман-ғалымдардан тиісті бағасын алуы тиіс.

Түркі-монғолдар тарихына қатысты еуроцентристік тарихнамада қалыптасып қалған «қара аңызды» жою бағытында осындай іргелі ізденістер, дәйекті концепциялар жасалуы отандық тарих ғылымының алдындағы ең бір кезек күттірмейтін, зәру қажеттілікке айналып отыр. Әсіресе, адамзат тарихында өзіндік орны бар көшпелілер қоғамын түсінуде отандық ғалымдардан ерекше күш-жігер, байыпты ізденістер талап етіледі.



1. Клосон Дж. Происхождение тюркского рунического письма. Пер. с англ. Д.Д. и А.А. Васильевых // Зарубежная тюркология. - М., 1986.
2. Тойнби А. Постыжение истории. Сборник. Пер. с англ. Сост. А.П. Огурцов. - М.: Прогресс, 1991. - 730.
3. Павленко Ю.В. История мировой цивилизации. Философский анализ. - К., 2002.
4. Бондаренко Д.М. Многолинейность социальной эволюции и альтернативы государству. Восток, 1998. № 1: 195-202; Коротаев, А.В., Крадин, Н.Н., Лыниа, В.А. Альтернативы социальной эволюции (вводные замечания). Альтернативные пути к цивилизации. Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев и др. - М., 2000. 24-83; Крадин, Н.Н. Кочевые общества. Владивосток, 1992.
5. Байжумин Ж. История рождения, жизни и смерти пастуха Авеля. Арийский лексикон. В 2-х томах. - Алматы, 2009.
6. Әсемқұлов Т. Кет-бұғаның соңғы жорығы: көшпелі өркениеттің құпия миссиясы // <http://otuken.kz/index.php/historytalas/296-2013-08-23-11-47-11>
7. Наурызбаева З. Культура кочевников и современный менталитет казахов // <http://otuken.kz/index.php/mythzira>
8. Берент М. Безгосударственный полис: раннее государство и древнегреческое общество. Альтернативные пути к цивилизации. Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев и др. - М., 2000. 235-258.

**Картабаева Е.Т.** к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)  
**Солтиева Б.М.**, старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)  
**НОВЫЕ ТЕОРИИ И КОНЦЕПЦИИ В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ**

#### Резюме

В статье рассматриваются теории и концепции в историографии, которые по-своему объясняют закономерности исторического развития, это – однолинейная и многолинейная теории, цивилизационная теория и мир-системная теория. На основе этих теорий анализируются закономерности существования кочевой цивилизации, в том числе тюркской цивилизации. Представители однолинейной теории представляют, что человеческое общество развивалось от простейшего до сложного, с маленьких, примитивных групп охотников, до современных постиндустриальных мировых сообществ. Представители цивилизационной теории опровергая единство исторического процесса, считают реальными отдельные цивилизации, которые существуют в виде активности культуры. Цивилизации, как живые организмы рождаются, живут и умирают. Положение между этими противоположными теориями занимают мир-системная теория и теория многолинейного развития.

**Ключевые слова:** теория, тюрки, цивилизация, кочевники, альтернативное развитие.

**Kartabayeva E.T.** candidate of historical sciences, associate prof. of Al-Farabi KazNU [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)

**Bakytkul Soltieva**, senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)

**New theories and concepts in the study of the history of Turkic civilization**

#### Summary

This article allows to know the theories and concepts in historiography, which explain regularity of historical development. These are single-line and multiline theories, civilizational and world-system theory. Regularity of existence of nomadic and Turkic civilization are analyzed on basis of these theories. Representatives of single-line theory represent that human society has evolved from the simplest to difficult, from the small primitive groups of hunters to modern postindustrial world communities. Representatives of civilizational theory consider that individual civilizations are real which exist as a cultural activation and refuting unity of historical process. Civilizations are borned, live and die as alive organisms. World-system and multiline development theory take the position between two opposite theories. World-system and also single-line theories consider three models of society: mini-systems, empire world and world of economy.

**Key words:** theory, turks, civilization, nomads, alternative development

**УДК 63.3**

**В.В. ВЕЛЬЯМИНОВ-ЗЕРНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МӘСЕЛЕСІ**

**Рүстем К.М.** - Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, PhD доктор, *kamshat\_rustem@mail.ru*

**Кожаметов Б.Б.** - «Ғылым ордасы» РМК бас маманы, Археология және этнология магистрі, *explorer\_kz@mail.ru*

**Г.Б. Бакаюва** - Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы, тарих магистрі, *bakauova@mail.ru*

Мақалада Қазақ хандығының құрылу мәселесінде негізгі дерек болып табылатын Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегін ғылыми айналымға енгізіп, Қазақ хандары тарихынан мағұлмат беретін орыстың белгілі шығыстанушысы, ғалым В.В. Вельяминов-Зерновтың Қасым хандығының билешілерінің тарихын баяндаған еңбегінің екінші кітабына талдау жасалған.

В.В. Вельяминов-Зерновтың бұл еңбегі тікелей Қазақ хандығының тарихына арналмаса да, Қасым хандығында билік құрған қазақ ханзадасы Ораз-Мұхамедтің шығу тегін баяндау арқылы, Қазақ хандарының тарихын бірқатар шығыстық деректердің мәліметтерін салыстыра отырып зерделеген.

**Түйін сөздер:** В.В. Вельяминов-Зернов, «Тарихи Рашиди», Қазақ хандығы, тарихнама.

XIX ғ. екінші жартысынан бастап белгілі орыстың-шығыстанушы ғалымдары В.В. Григорьев, Н.И. Веселовский, И.М. Мелиоранский сынды тағыда басқа ғалымдары қазақ тарихын зерттеп, ғылыми еңбектерін жариялаған болатын. Солардың бірі – мұрағат құжаттарының негізінде тарихи оқиғаларды зерттеуші- ғалым В.В. Вельяминов-Зернов еді.

Владимир Владимирович Вельяминов-Зернов 1830-1904 жж. өмір сүрген орыстың белгілі академигі (1858ж.), тарихшы-шығыстанушы, археолог, лингвисті, нумизматигі. 1851 г. В.В. Вельяминов-Зернов генерал-губернатордың өкімімен Орынбор қаласына келіп, жергілікті қазақтар мен башқұрлардың тілі мен тарихын, этнографиясын зерттеді. Ғалымның қазақтар мен башқұрлардың тарихы туралы кең мағұлмат беретін еңбегі «Исследование о Касимовских царях и царевичах» деп аталады [1]. Бұл еңбек тікелей Қазақстан тарихына арналмаған болса да, онда орта ғасырлық Шығыс деректерінің негізінде, алғаш болып Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәлімет берген зерттеу жұмысы болып табылады [2, с. 527-528]. 1864 ж. жарық көрген «Исследование о Касимовских царях и царевичах» [3] деген еңбегінің екінші бөлімі, яғни Қазақ хандығының тарихынан мағұлмат беретін бөлімі ғылыми көпшіліктің қолына тиген еді.

Еңбектің ғылыми зерттеулердегі маңызы жөнінде, қазіргі уақытта Қазақ хандығының құрылу тарихын методологиялық тұрғыдан талдап, зерделеп жүрген белгілі ғалым Б.Б. Кәрібаев: «...осы еңбектен бастап ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Қазақ хандарының шығу тегі мәселесі ғылыми түрде күн тәртібіне қойылып және күні бүгінге дейін тарихшылардың зерттеулеріне негіз етіп алынуда. В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінің ғылыми құндылығы әлі күнге дейін өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Сондықтан да ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандарының тарихы мәселесімен айналысатын зерттеушілер бұл еңбекті айналып өтпейді» [4, 77-78 б.] - деген пікір білдірген еді. Алайда бұл еңбектің ғылыми маңыздылығы өз замананда-ақ оң бағасын алғаны белгілі. Бұл жөнінде белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Григорьев былай деген еді: «...Екінші томда Қасым хандығының тарихы бірінші томға қарағанда аз қамтылған. Мұнда ең бастысы қазақ хандары туралы айтылады. ...енді қазақтардың өздерінің қайдан шыққанын және екі ғасыр бойы өздерінің не істегенін біле алады» [4, 79 б.] деп, еңбектің Ресейдегі түріктанушы ғалымдарды елең еткізген оқиға болғаны жөнінде атап өткен.

Сол себепті де, біз В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің орта ғасырлық Қазақстан тарихы туралы мағұлмат беретін екінші кітабына кеңінен тоқталып өтеміз. Екінші кітап – 1567 мен 1610 жж. Қасым хандығында билік құрған үш хан – Сайн Болат, Мұстафа Әли мен Ораз-Мұхаммедке арналған. Нақтырақ айтқанда екінші кітаптың үшінші тарауы, яғни 97-498 беттер аралығын қамтып, барлығы 401 бет Қасым хандығының ханы, қазақ ханзадасы Ораз-Мұхаммед пен оның бабаларына арналған. Ғалымның өзі бұл тараудың маңыздылығы жөнінде, жоғарыда аталған еңбектің бірінші кітабының арнайы кіріспесінде: «Осы Қасым хандары мен өзге хан, сұлтандардың шығу тегін іздестіруім, менің ойымша нәтижесіз болмады. Себебі, бұрынғы қырғыз-қайсақ сұлтаны, кейін Қасым ханы болған Ораз-Мұхамедтің шығу тегін зерттеу барысында, оның нақты және жалпы шығу тегін ғана емес, сонымен қатар Орынбор және Сібір ведомстваларына кіретін Қайсақ ордасының қалыптасуы, біртіндеп династияның дамуындағы Қырғыз-қайсақ хандары мен сұлтандары туралы мәлімет таптым» [5, 3 б.] деп, Қазақ хандарының тарихын және хандықтың қалыптасу тарихы жөнінде мәліметтер баяндалатыны жөнінде тоқталып өткен.

Зерттеу жұмысының үшінші тарауында – Қасым ханы болған Қазақ ордасының ханзадасы Ораз-Мұхамедтің Ресей патшалығына тұтқын болғанын Сібір және орыс жылнамалар арқылы баяндаған. Сондай-ақ ханзадаға 1600 жылы патша Борис Федоровичтің Қасым қаласын билеуге «патша» деген титул берілгенін мәлімдеген. Бұдан соң, ғалым «Ораз-Мұхамедтің Қасым хандығындағы билігін баяндауды біраз уақытқа тоқтата тұрып, енді шығыс деректері арқылы Ораз-Мұхамедтің шығу-тегі мәселесіне тоқталамыз» [6, с. 111] дейді де, қазақ ханзадасының шығу-тегін бұған дейін орыс деректері негізінде зерделеген ғалым, енді шығыс деректерінің мәліметтеріне назар аударады. Осы жерде атап өтетін бір мәселе, ол В.В. Вельяминов-Зерновтың Ораз-Мұхамедтің шығу-тегін баяндауда Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты да мәліметтер қамти отырып, оларды бірнеше деректерді салыстыра отырып бергендігі.

Ораз-Мұхамедтің шығу-тегін баяндауда ғалым төмендегідей деректер мәліметіне тоқтаған.

1. Императорлық Ғылым Академиясының Азиаттық музейінде сақталған құранға арналған күміс сандықшада сақталған ханзаданың шығу-тегі берілген жазу арқылы. Алайда ондағы мәліметтер Ораз-Мұхамед ханның шығу тегіне байланысты, яғни шежірелік кесте түрінде берілген. Оның жазылу уақыты хижра бойынша 1012 (1603,4) жылға жатады. Яғни бұл сандық Ораз-Мұхамедтің меншігі болған [6, с. 111].

2. Келесі деректі ғалым И.Н. Березин 1854 ж. «Жылнамалар жинағы» деген атпен Қазаннан басып шығарған ХҮІІ ғ. Ресейде татарша жазылған шығыстық деректің мәліметіне сүйене баяндаған [6, с. 121]. Бұл жерде ғалым Ораз-Мұхамедтің ата-бабаларына сипаттама берген. Ғалым Қасым хандығының билеушісі болған Ораз-Мұхамедтің арғы бабалары туралы тарқатып қарастыра келе, «... Жәнібек пен Жәдік туралы Френ ештеңе айта алмаған, алайда «Жылнамалар жинағында» бірқатар тарихи мәліметтер берілген» дей келе олар туралы «... олардың әрқайсысы өздерінің руын қалыптастырған билеуші бола білген танымал тұлғалар еді. Олардың есімдері әлі күнге дейін халық жадында» дей келе, олардың ел билеген ұрпақтарына тоқтаған [6, с. 124-125]. «Бұл деректегі мағұлматтан Жәнібек пен Жәдіктің ХҮ ғасырдың екінші жартысында беделді болғанын байқауға болады. Олардың қазіргі қырғыз-қайсақтар жерінде, бұрынғы Көк Орда жерінде өмір сүргенін біле аламыз» дей келе, ғалым «...егер «Жылнамалар жинағы» дұрыс мәліметтер берген болса, онда Жәнібек пен Жәдік туралы өзге де Орта Азияға қатысы бар басқа да деректерде сақталуы керек еді ғой» [6, с. 129] - деген сұрақты туындата отырып, жаңа дерек іздестіру барысында, өте қызықты, ғылыми айналымға енген, ең бастысы өзінің сұрағына жауап таба алған шығыстық дерек – «Тарихи Рашидиді» тапқан еді [6, с. 130]. Сондай ақ, ғалым Жәнібек пен Жәдік туралы мағұлматтар беруде өзге де шығыстық деректер: Бабырдың «Бабыр намесін», Хондемирдің «Хабиб ассиар», «Шайбани наме», Әбілғазының, Гаффаридің мәліметтері мен Левшиннің материалдарын пайдаланған. Бүкіл бірінші тараудың жартысынан астамы (145 бет) аталған деректердің Жәнібек пен Жәдікке қатысты материалдарына арналған [4, 81 б. ].

Қазақ хандығының құрулы уақыты берілетін бірден-бір дерек «Тарихи Рашиди» туралы баяндағанда – еңбектің авторына, оның жазылу уақытысы мен кітаптың құрлымына тоқтала келіп, дерекке жалпы сипаттама берген. Сонымен қатар, «Тарихи Рашиди» еңбегінің авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі, шығу-тегі туралы да мәлімдейді. Және де аталған деректердің Шығыста сирек кездесетін кітап еместігін, оның бірқатар баспаларының Үндістаннан кездестіруге болады деп атап өтеді. Және бұл еңбектің қазіргі таңда біздер дерек ретінде қолданып жүрген Бабырдың «Бабыр наме», Алин-Ахмед Разидің «Гефт-иклим» («Жеті климат»), яғни Қашқар туралы мақаласында, ал «Үнді тарихы» еңбегінде Мұхаммед Қасым Фиришта, «Кашмир тарихы» атты шығармасында Мұхаммед Азам, сондай-ақ «Абдулла наме» авторы Хафиз Тыныш та осы «Тарихи Рашиди» мәліметтеріне сілтеме бергенін В.В. Вельяминов-Зернов атап көрсетеді [6, с. 130-136].

Жоғарыда берілген мағұлматтарды баяндай келіп, бұл еңбектің Европада сирек кездесетініне тоқтала отырып, бұл деректі қайдан табуға болады деген сұраққа, ғалым былай жауап берген: «Тарихи Рашиди» Петербургте бір ғана данамен кездеседі. Алайда ол толық емес. Сондай-ақ, Қазанда (1843 ж.) көшірілген көшірмеде де түрлі қателіктер бар. Ол Императорлық Санкт-Петербург университетінің меншігі болып саналады. Бұған дейін Қазан университетінің меншігі болып келген. Сонымен қатар Императорлық Ғылым Академиясының Азиятық музейінде «Тарихи Рашидидің» Қашқар тіліндегі толық емес нұсқасы сақталған. Бұны Қашқарлық Мұхаммед Садық аударған» дей келе, В.В. Вельяминов-Зернов «Тарихи Рашидидің» жоғарыда айтылған екі түп нұсқасын салыстыра отырып және өзге де шығыстық деректердің мәліметтеріне сүйене отырып, М.Х. Дулати еңбегін ғылыми айналымға енгізген еді. Атап айтқанда, ғалым «Тарихи Рашиди» мәліметтерін қолдана отырып, Жәнібек пен Керей хандардың Әбілқайырдан

бөлініп, Моғолстанға көшіп келуі, яғни Қазақ хандығының құрылу датасына қатысты мәліметіне назар аударды [6, с. 137-138].

2. Камзина А.Д. *Миссионерская деятельность русской православной церкви среди старообрядцев в Оренбургской епархии в XVIII- пер. пол. XIX вв. // История православия на Урале: сбор. стат.* – Екатеринбург, 2005. - С.134

3. Тасмагамбетов А.С. *История конфессии Казахстана в конце XVIII- начале XX вв.: распространение, организационное развитие и миссионерство (По материалам ислама и православия): автореф.... канд. истор. наук: 07.00.02- Уральск, 2009- С.24*

4. Буряков Ю.Ф., Жукова Л.И., Проскурин В.Н. *К истории христианства в Средней Азии: Сборник статей*. – Ташкент, 1998. – С.14

5. Артемьев А.И. *Религиоведение: Основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане*. – Алматы: КазАтк, изд-во «Бастау», 2002 – С 366, 368с.



**А.М.Жүнісбаева**

*ОҚМФАҚазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер кафедрасының доценті, тарих ғылымның кандидаты, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.*

*E-mail: [aigul68os@mail.ru](mailto:aigul68os@mail.ru)*

## **ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЯНЫҢ ТАРАУЫ ТАРИХЫНАН (XVIII Ғ. ЖАРТ. – XIX Ғ.)**

### **Түйіндеме**

Қазақстан территориясындағы православиенің таралуы жергілікті әкімшіліктің бюрократиялық шенеуніктік аппараты мен дін көмегімен жүргізілген христианизация және орыстандырудың дәстүрлі саясатының ауқымында іске асырылды. Православие дәстүрлі түрде мемлекеттік діннің мәртебісімен ерекше жағдайға ие болды.

Алғашқы православиелік шіркеулердің пайда болуы Қазақстанның Ресейге қосылуымен, өлкенің әскери түрде отарлауы үдерісімен байланысты болды. Шіркеулер тек жергілікті орыс қоныстары мен әскери форпостарында ғана құрылды.

Православиелік қауымдардың ұйымдастырушылық түрде рәсімделуі де жүрді. Қазақстандағы Орыс Православие Шіркеуінің ұйымдық түрде дамуы үш аймақта - Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтарының негізінде іске асырылды. Патша саясатының аумағында Қазақстан территориясындағы ашық түрде көрсетілген антимұсылмандық бағыттылықпен жергілікті халықты христиандандыруда православиені насихаттау және оның жақтаушыларын ұлғайту мақсатымен миссионерлік мекемелер құрылады.

**Кілт сөздер:** орыс православиесі шіркеуі, Қазақстан, қосылуы, отарлау, миссионерлік қызмет, мұсылмандар, орыс қаныстанушылары

**A.M. Dzhunusbayeva**

*Docent of “Kazakhstan History and social-humanitarian sciences” department, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy(SKSFA), candidate of historical sciences, Republic Kazakhstan, Shymkent c.*

*E-mail: [aigul68os@mail.ru](mailto:aigul68os@mail.ru)*

## **FROM HISTORY OF DISTRIBUTION OF ORTHODOXY ON TERRITORY OF KAZAKHSTAN (SEC. HALFOFXVIII - XIX C.)**

### **SUMMARY**

Distribution of Orthodoxy on the territories of Kazakhstan came true within the framework of traditional politics of Christianization that was conducted through a clergy and bureaucratic vehicle of local administration. Orthodoxy traditionally occupied the privileged position, having status of state religion.

Appearance of the first orthodoxy churches is related to tacking of Kazakhstan to Russia, with the process of military colonization. Churches and arrivals were built only in the places of the Russian settlements and soldiery posts.

There was organized the registration of Orthodox communities. The organizational development of Russian Orthodoxy Church in Kazakhstan comes true on the basis of three governor generals - Orenburg, the West-Siberia and Turkestan.

Within the framework of tsar's politics of Christianization of native population with the brightly expressed antimoslem orientation on the territories of Kazakhstan missionary establishments are created with the purpose of propaganda of Orthodoxy and increase of her supporters.

**Keywords:** the Russian orthodoxy church, Kazakhstan, joining, colonization, missionary activity, moslems, Russian migrants.

УДК 94(575.12.122) : 39

## 1920-1930 жж. ӨЗБЕКСТАН ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНАН

Қалшабаева Б.К. - т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
(Алматы қаласы) [kalshabaeva\\_b@mail.ru](mailto:kalshabaeva_b@mail.ru)

Мақалада автор 1920-1930 жж. аралығында қазақтардың Өзбекстан және Қырғызстан территориясына қоныстануының тарихи себептері, саны, орналасу аумағы, этникалық территорияны межелеу мәселелерін көрсетеді. Қазақтардың жоғарыда көрсетілген мерзім аралығында Өзбекстанға қандай себептермен келгендігі нақты деректермен берілген. Мақалада көбіне Қазақстан мен Өзбекстан елдері арасындағы шекара межелеу нәтижелері қарастырылады. Сонымен қатар қазақтардың бір тобының ХІХ ғ. ІІ жартысында Қырғызстанға келгенін, онан кейінгі Кеңес дәуірінің бастапқы кезеңдерінде Қытайға ауа көшу және ол жақтан қайта елге көшу барысында Қырғызстанда қалып қойған қазақтар жөнінде жазылады.

**Түйін сөздер.** Өзбекстан, Қырғызстан, этникалық территория, диаспора, ирредент, этникалық территорияны межелеу, тарихи Отан.

Қазақтардың Орта Азия елдеріне жылжуы сонау жоңғар шапқыншылығынан бастау алып, кейін келе елде жүргізілген әр түрлі саяси шаралардың нәтижесінде жат жерлік қандасымызға айналғандығы тарихтан белгілі. Оның себептері: орыс патшалығының қазақ даласын жаулауы, ХІХ ғ. аяғындағы ашаршылық, 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс, қызыл террорлық Кеңес өкіметінің орнауы, 1924-1926 жж. этникалық территорияны межелеу, ұжымдастыру саясаты, 1932-1933 жж. нәубет, т.с.с. саясат зардаптары еді. Міне, осы тарихи оқиғалар Орта Азия елдерінде қазақ диаспорасының көбеюіне ықпал етті. Тек, Кеңес өкіметінің 1920-1930 жж. жүргізілген саясаты нәтижесінде қазақ халқының бір бөлігі, өзінің тарихи отанынан ажырап, шет жерлік отандасымызға айналды. Олардың осы кезеңдердегі тарихи тағдырына қатысты мәліметтер Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. елдердің Орталық архивтерінде әлі күнге дейін сақтаулы. Мақалада келтірілген бірнеше құжаттардың өзінен ақ, олардың жат жерлік отандасқа айналу себебін бағамдауға болады.

Өзбекстанның ішкері аудандарына қазақтардың жылжуы тек қана саяси оқиғалармен ғана емес, экономикалық қажеттіліктермен де байланысты болды. Мәселен, мындаған қырғыз-қазақ отбасы 1920 жылдан 1924 жылға дейін Шөл-дала (Мырзашөл) ауданына еңбек миграциясымен де барған. Ол жөнінде: «Хорезм қазақтары мен қарақалпақтары Хорезм облысының солтүстік батыс бөлігіне ("шуро" Хтай мен Қыпшақ топтары) жылжыды. Ал, Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұхара оазистеріне тиіп жатқан далалы аудандарға жылжыды. Олардың көпшілігі малшы және жүк тасымалдаушылар болды. Қазақтардың Бұхара мен Қаракөлден батысқа қарай мал жайылымы ыңғайына қарай жылжуы отырықшы, қаракөл қойын өсіретін малшы өзбектермен жайылым үшін таласты да тудырып отырды. Сөйтіп, қазақтар біртіндеп өзінің көші-қонымен орталық далаға (Қаршыға), Орталық Бұхараға, Байсын ауданындағы бос жайылым кеңістіктерге, тіпті Оңтүстік Тәжікстандағы Қорған төбе уәлаяты жерлеріне дейін жетті. Қазақтардың осы аудандарға таралуы бір жағынан жайылым жерлердің сапасымен байланысты болса, екінші жағынан оазистерге тиіп жатқан кәсіпорындарға жалдануға құлшыныстың артуы еді. Сонымен бірге қандай да болмасын ирригациялық не темір жол құрылыстарында бүкіл ауыл-аймағымен, мал-жанымен келген қазақтарды көруге болады» [1, 349 п.]. Бұл қазақтардың Орта Азия елдеріне таралуын көрсетсе, осы құжатта онан әрі мынандай мәліметтер беріледі: «Орталық Бұхарадағы 86 мың қоңыраттың 70 мыңы көшпелі қазақтар сияқты, олардың қысқы тұрағы далада, көктем мен жазда ауыл болып малдарымен тау биіктеріне, кейде Альпі жайылымына дейін шығып кетеді. Бұлардан басқа 6,5 мың сарай (белгісіз ру-К.Б.), 5,5 мың қатаған, 1 мыңнан аса юз, барлық көшпелі өзбектер саны 90 мыңға жетеді», - деп көрсетеді [1, 351 п.]. 1920 жылдары БКХР-ның (Бұхара Кеңестік халық Республикасында) - Керменин уәлаятында – 160 мың, Қаршыда 100 – мың, Гузарда – 100 мың, Бұхарада – 80 мың, Нұратада – 5 мың қазақтың бар екендігі архив құжатында көрсетіледі [2, 7 п.].

Ал, Қырғызстандағы қазақтардың қалыптасуының себептері сонау ХІХ ғасырдың аяғында жайылым ыңғайымен, 1916 жылғы көтерілістер мен Қазан төңкерісі, ұжымдастыру науқаны және ашаршылық кезінде Қытайға ауған (ел тыныштала бастағанда елге оралу барысында Қырғызстанда қалып қойған), не ол елге өте алмай, қалып қойған. Олар Қарағандыдан 10-15 үйден жақын туыскандарымен бірге көшіп отырған. 1916 жылы Жетісу облысындағы «Қазақтар көтерілісі» оқиғасы халықтың жаппай шетелдерге,

көршілес елдерге оның ішінде Қытай мемлекетіне қашуына мәжбүр етті. Әсіресе Қаракөл, Нарын округінен (бұрын уезд болған) қырғыздар мен қазақтар көп кеткен. Осы жөнінде архивтен алынған деректе былай делінеді: «...Қаракөл уезінің барлығы, Нарыннан 5 болыстықтың жартысынан астамы, Пішпек уезінен Сарыбағыш болыстығы және көрші Шансы және Тыковскі халқының үлкен бөлігі Қытайға қашты. Сондай ақ, Алматы, Жаркент, Лепсі және Қапал уезінен де көптеген қазақтар ауды. 1916 ж. оқиға зардабынан қашқан адам саны шамамен 100 мыңға жеткен», - деп көрсетеді [3, 136 п.]. Ал, Кеңес өкіметінен, яғни 1917-1918 жж. партизандардың қызыл отрядтары террорынан, дүние мүлкін алып қояды деген қауіппен, тағы да халықтардың Қытайға қашуы кең етек алды. Қытай елінде қазақтардың жағдайы өте ауыр болды. Уәкіл Салтанаевтың есебі бойынша 600 адам бір үзім нанға баласын әйелін сатқан. Өртүрлі қарызды мойынға ілгендер саны - 500 дей болған. Көп әйелдер қытайларды дүнген - мұсылмандар деп күйеуге шықты, ал кейін қателігін біліп, олардан кетемін деген әйелдердің тілін кесті. Тіпті олармен бірге еріп келген жас қыздарын әйелдікке алды. Кейбіреулерін жезөкше үйлерінде ұстады», - деп көрсетеді [3, 137 п.]. Бұларды қайтарып алуға Кеңес өкіметінен көмек сұралып, оған ақша бөлінеді. Бірақ олардың елге қайтуы бірнеше жылдарға 1917 ж. және 1921-1922 жж. жер реформасын жүргізуіне байланысты созылды. Соның өзінде 2300 қожалық сол жерде қалып қойды. Осындай жағдайларды басынан өткізген қазақтардың бір тобы Қырғызстан территориясында қазіргі Бішкектің манайындағы елді мекендерде, Ыстықкөлде қалып қойған. Бұл жөнінде 2000-2001 жж. Қырғызстандағы қазақтар арасынан жиналған деректерде бірнеше информаторлар өздерінің Қытайға ауып, одан қайтарда елге оралудан үрейленген бір тобы жоғарыда көрсетілген аймақтарда қалып қойғандығын, қырғыздардың бай, манаптарынан көп жақсылық көргенін, олар алдарына мал, жер беріп көп көмек жасағандығын айтады [4]. Осы кезеңдегі елге деген сағынышын былай көрсетеді:

Арғынның Ақшидегі Абланымын,  
Жақсылардың артында қалғанымын.  
Атадан алтау туып, жалғыз қалған  
Алланың риза болдым салғанына.  
Арғынның кәрсән деген елім еді.  
Мекенім Сарыарқадай жүйім еді  
22 болыс Қарқараға билік еткен  
Дейтұғын Көппай атам бағым еді.  
Сарыарқа қош аман бол туған жерім  
Сол Арқаны бір көрсем қалмас еді

Ішімде қалған шерім- деп жырлаған [5].

Орта Азия елдеріндегі қазақтардың қалыптасуында 1924-1926 жж. этникалық- территориялдық жағынан межелеу саясатының да ықпалы зор болды. 1924 жылы 23-24 наурызда өткен Түркістан Компартиясының Комитеті Орталық пленумы Түркістан республикасын ұлттық-территориялдық жағынан межелеу мәселесін қойды. Бірақ бұл мәселе оңай шешіле қалған жоқ. Бұл әсіресе көршілес халықтармен ежелден жаз жайлауы, қыс қыстауы ортақ қазақтарға қиындау тиді. Соған байланысты, Қазақстанмен Өзбекстан, Қырғызстан шекараларын белгілеуде де дау-дамайлар аз болған жоқ. Қазақстан мен Қырғызстан арасында бұл көбіне жайлауларға қатысты болды.

1924 жылға дейін Орта Азия елдерінің мемлекеттілігі біртұтас бола қойған жоқ. Мәселен, Өзбекстан территориясының өзі 3 әкімшілік басқаруға: Түркістан республикасы, БКХР (Бұхара Кеңестік Халық республикасы) және ХКХР (Хорезм Кеңестік халық республикасы) біріктірілген болатын. 1924 жылы жаңадан құрылған Өзбекстандағы халықтың жалпы саны 3.963285 құрап, оның 1.319498 - Бұхара, 320023 - Хорезм республикасында, 170682- адам даулы аудандардағы халықты құрады [6, 431п.]. Түркістан республикасынан Өзбекстанға Сырдария облысының оңтүстік-шығысындағы Ташкент және Мырзашөлдің бір бөлігі, даулы аймақ Зеңгіата және Ниязбек болыстықтары өтті. Мұнан басқа Бұхарадағы қазақтар басым Кенимех ауданы құрылып, ол Орталық өкіметке бағынды [7, 5 п.]. БКХР-да тұратын қазақтар РКП (б) Орталық Комитеті Саяси бюросына, КСРО, ОАК (Орталық Атқару Комитеті) төрағасы М.И. Калининге, БКХР ОАК мүшелері мен БКХР қазақ делегаттарына өтініш жазып, қазақ автономиялы облысын құруды сұрайды [8, 41 п.]. Қазақтардың арыз тілегін РКП (б)-ның қазақ облыстық комитетінде талқылап, шешім шығарады. Бөл жөнінде зерттеуші К.И. Қобыландин өз мақаласында РКП(б)-ның Киробком (Қазобком-К.Б.) мүшелері Бұхара республикасындағы қазақтардың тұрмысын жақсартуды, өзбек республикасынан Бұхарадан қазақтарға жеке автономиялы облысты бөлуді және Бұхара қазақтарымен Өзбекстан Республикасы тең құқықтағы қарым-қатынасты орнатуды, қазақтардың

өзіндік ұлттық дербестігін сақтауды, өзбектердің қазақтарды ассимиляциялау бағытын тоқтатуды сұрағандығын мұрағат құжаттарымен дәлелдей отырып жазады [9, 62-67 бб.]. Бірақ Бұхара республикасының Халық Нәзірі (комиссар) кеңесінің төрағасы Ф. Ходжаев БКХР тек 40 мың қазақ бар деп көрсетуіне байланысты, облыс емес, Кенимех ауданы құрылады [10, 42 п.]. Бірақ, 1924 жылы 20 қазанда Орта Азия Кеңестік республикалары территориясының шекараларын нақтылаумен байланысты БКХР территориясы қайтадан құрылған ӨКСР-ның құрамына қосады. Сондай ақ, даулы аудандардағы қазақтардың да бір бөлігі де Өзбекстан республикасы құрамында қалады. Мәселен, Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасын межелеу барысында Ташкент уезінің Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары төңірегінде дау болды. Себебі, Ташкент қаласында негізінен өзбектер тұрғаныменде, қаланы жоғарыда аталған үш болыстық: солтүстік шығысында Ниязбек болыстығы, батысын Болат болыстығы, Оңтүстігін Зеңгіата болыстығы қоршады. Бұл үш болыстықта Шыршық өзенінің батысына қарай жатса, шығысқа қарай Шыршықтың арғы бетінде Ташкентке қарай күршіті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасты. Межелеу барысында Қазақстан республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары да Өзбекстан территориясына енгізіледі [11, 20 п.]. Міне, осы аудандардағы қазақтар сол кезеңдегі КСРО-ның ірі орталықтарының бірі болған Ташкент қаласын және Шыршық өңіріндегі жоғарыдағы болыстықтармен қосып, Қазақстан республикасына қосуды талап етті. Ал, өзбектер Өзбекстаннан Ташкент пен оның уезіндегі 18500 өзбектерді (құрамаларды қоса) бөліп тастау ұлттық межелеудің мәнін жоққа шығарады деп санады [11, 20 п.]. Осы мәселелерді шешуде екі жақта келісімге келмейтін бағытты ұстанды. Сондықтан, бұл тығырықтан шығу үшін халық саны, ұлттық құрамы және осы үш болыстықтың экономикалық маңызы жөнінде қысқаша анықтамаларға сүйену қажет болды. Соған байланысты шекара межелеу комиссиясы осы даулы аудандарда өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесі мына мәліметтерді берді.

1. Ниязбек болыстығында 29504 халық болды, оның 14051-і өзбектер, 11312-і қазақтар, қалғаны орыстар. Шаруашылығының негізгі бағыты суармалы егіншілікте мақта, күріш, бау-бақша өсірумен және мал шаруашылығымен қоса қосалқы кәсіппен де айналысты. Суландыру көзі Ташкентті сумен қамтамасыз ететін Бозсу магистральді арығы.

2. Болат болыстығында 32713 адам, оның 12688-і өзбектер, 19276-ы қазақтар. Ұлттық құрамы және экономикасы бойынша 2 ауданға: Кенсай селолық қауымы (13396 адам) бірыңғай өзбек болыстығынан шоғырланып, Ташкентке тиіп жатса, екінші аудан қалған барлық селолық қауымдастықпен бірге, Сулы-Келес өзені бойынан Құр-Келеске (архив дерегіндегі атау бойынша) дейін орналасқан қазақ ауылдарынан тұрды. Қазақ аудандары аралас шаруашылық егіншілікпен мал шаруашылығы және аздаған кәсіпкерлікпен айналысты. Өзбек аудандары Бозсу, Зах арықтарымен суландырылса, қазақтар суландыру көзін Келестен алды.

3. Зеңгіата болыстығында 32307 адамның, оның 20517 өзбектер, 10551-і қазақтар, қалғандары орыс-татарлар болды. Экономикалық сипаттамасы Ниязбек болыстығына ұқсайды [11, 20-21 пп.]. Сонда үш болыстық бойынша өзбектер саны 33205, қазақтар 41139 санын құрайды. Тарату комиссиясы (Ликвидком) мен ОКРКП (ЦКРКП) Орта Азия елдері бюросының арнаулы комиссиясы қараған осы үш болыстықтың төңірегіндегі дау-дамай қазақтар бірыңғай қоныстанған (59200 адамы бар) Өзбекстанға өткен алғашқы станция Қауыншы тағдырымен де байланысты болды. Бұл станция қазақтардың селолық қауымдастығында болатын. Егер жалғыз темір жол магистралі бойынша станцияны Қазақстанға берсе, өзбек территориясынан Ташкент бөлініп қалар еді. Қазақтардың мақсаты станцияны алу арқылы Ташкент уезі қазақтарын біріктіретін ірі Орталық Қауыншы уезін құру болды. Осы жағдайлардың барлығын зерттей отырып, комиссия мүшелері мынандай тұжырым жасады. Егер бұл станция қазақтарға берілсе, Ташкент барлық жағынан Қазақстан территориясымен қоршалады. Сөйтіп, Ташкент қаласының өзі Қазақстан республикасына қосылу мәселесіне, не еркін қала болып жариялануы күн тәртібіне кезекке қойылады, әрі осы уақытқа дейінгі істелінген ұзаққа әрі күрделі жұмыстар қайта қаралып межеленеді сондықтан Қауыншы станциясын Қазақстанға беру Өзбекстан үшін де, саяси да экономикалық жағынан да тиімсіз деп саналды [11, 22 п.]. Мұнан басқа осы тығырықтан шығудағы комиссияның әртүрлі шаралары шекараны шартты түрде белгілеу екі жақ Өзбекстан мен Қазақстан тарапынан да сондай ақ саяси жағынан да тиімді емес еді. Мұндай жағдайларда шекара тек қана болыстықтарды ғана емес, селолық қауымдастықтармен кейбір кишлоктардың үй-жай, саяжай жерлерін де бөлшектейді. Тәжірибеде мұндай межелеулер шексіз соқтығыстарға әкеліп соғады делінді. Осындай пікірлерден кейін мынандай шешімдер қабылданады: 1925 ж. 24 шілдедегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық

атқару комитеті Президиумы шешімімен Ташкент қаласы, оған қоса қала маңындағы барлық болыстықтар, Ниязбек болыстығы түгелімен, Ниязбек болыстығының солтүстік-шығыс селолық қауымдастығы, Тройцк, Кенсай елді-мекендері Болат, Зеңгіата болыстығы өзіне қарайтын барлық қоныстарымен пайдаланатын жер, суландыру иеліктерімен Қауыншы және Халдарма селолық қауымдастығымен түгелдей үзілді-кесілді Өзбек КСР-не беріледі [11, 23 п.]. Зерттеу барысында және таратушы комиссиялардан (Ликвидком) алынған мәліметтер бойынша, әрбір болыстықтың аумағы, шекарасы анықталды. Мәселен, Ниязбек болыстығы Бозсу арығы бойымен Ивиш арығының басынан ары қарай Аққабак селолық қауымдастығы жерінің шекарасын қоса алып жатса, мұнда Қанды, Дархан, Сасбұға, т.б. қазақ ауылдары екінші жағынан Бурата өзбек селолық қауымдастығы (бұған өзбектердің Чиноват кишлоғы кіреді) мен Танагүл қазақ ауылы және Чиноват, Қожақорған өзбек кишлоқтарымен Красноводопад тәжірибе алқабына дейінгі жерлерді алып жатты. Болыстықтағы барлық қожалықтың жалпы саны- 6265, оның 3575 өзбек, 1906 қазақ, 679 орыс, 5 әртүрлі халықтардан құралған қожалық болды. Осы 6265 қожалықтың Қазақстанға—1217 оның 919 қазақ, 200 орыс, 72 өзбек қожалығы өтті. Өзбек КСР-не кеткен қожалық саны 5048 оның 3603 өзбек, 987 қазақ, 453 орыс [12, 19 п.]. Келтірілген деректерге қазақтардың өзбектерге кеткен қожалығымен (987 қожалық) салыстырғанда өзбектердің қазақтарға кеткен қожалығы (саны-72) бірнеше есе аз.

Болат болыстығының шекарасы Болат және Ақжар болыстығы бойынша Су Келеске дейін, одан темір жол бойымен, төмен Көктерек мал базарынан Зах арықтың аяғына дейін жетеді. Зах арықтың аяғындағы тәлімі жерлер нақты пайдаланған қауым арасында бөлінеді. Қожалықтың жалпы саны 7273. Оның 2803 өзбек, 4464 қазақ, 6 орыс, Қазақстанға 4826 қожалық өтті. Оның 3968 қазақ, 858 өзбек, Өзбекстанға кеткен қожалық саны –2447, оның 1730 өзбек, 717-қазақ [12, 20 п.]. Зеңгіата болыстығының шекарасы Болат болыстығы шекарасынан Жар, Күркілдек арығына дейін және онан әрі Зах арығынан Шыршыққа дейін созылды. Зеңгіата болыстығы бойынша 6939 қожалық болды. Оның 4169 өзбек, 2650 қырғыз (қазақ-К.Б.) 120 орыс. Ал, 6939 қожалықтың Қазақстанға кеткені-2985, оның 1783 қазақ, 1082 өзбек, 120 орыс, Өзбекстанға 3954 қожалық енді. Оның 3097 өзбек, 857 қазақ [12, 21 п.]. Келтірілген мәліметтерге талдау жасайтын болсақ, Қазақстанға өткен өзбек қожалығымен салыстырғанда (2062 қожалық), қазақтардың Өзбекстанға өткен қожалық саны көбірек (2561 қазақ қожалығы). Осы үш болыстықтың шекарасы, ондағы қожалықтардың қаншасы Өзбекстанға, қаншасы Қазақстанға өту керектігі жөніндегі комиссия мүшелерінің ұсынған жобалары жан-жақты зерттелді. Айта кету керек, жоғарыдағы дау-дамайды барынша Қазақстанның мүддесіне шешуге тырысқан қазақтың көрнекті қайраткерлері С. Ходжанов, С. Асфендияров, т.б. еңбектері зор. Мәселен, болыстықтардағы (үш болыстық бойынша) барлық қожалық саны-20477. Оның 10547-і өзбек, 9020-і қазақ, 810-і орыс, қожалық санына еңбегені- 100. Осы бойынша комиссия мүшесі С. Манжара ұсынған межелеуде Өзбекстанға өзбектердің 8790, қазақтардың 3718 қожалығы, Қазақстанға қазақтардың 3638, өзбектердің 1880 қожалығы енеді делінген мәлімдемесіне [12, 18 п.] С. Асфендияров Қазақстанға өзбектердің 2012 қожалығы, Өзбекстанға қазақтардың-2561 қожалығы қалатын қарсы жобаны яғни, Өзбекстанға өтетін қазақтардың қожалығын яғни 1157 қожалықты азайтып ұсынады [11, 20 п.]. Нәтижеде С. Асфендияровтың ұсынысы өтіп, Манжараның ұсынған 3718 қазақ қожалығы емес, 2561 қожалығы өтеді. Үш болыстық бойынша шекара межеленіп, жоғарыдағы соңғы шешімдер қабылданғанмен қазақ арасында наразылық тоқтаған жоқ. Межеленген Орта Азия республикаларының шекарасына қатысты наразылықтар 1924-1926 жж дейін созылды. 1925 ж. 17 наурызда комиссия президиумы мәжілісінде қаралған 10 версткалық картадағы әкімшілік-бөліну тізімі қосымшасында Орта Азия елдерінің шекарасы дәлелденіп, бекітілді [13, 63 п.].

1925 ж. 17 наурыздағы Орта Азия елдерінің Тарату комитеті комиссиясы президиумы шешімімен, КСРО-ның Орталық Атқару комитеті мәжілісінің № 11 хаттамасымен, 1925 ж. 5 маусымда КСРО-ның Орталық Атқару комитетінің президиумы бекіткен қаулысымен Ташкент уезінің үш даулы ауданы Шурахан уезі мәселесі былай шешіледі: 1. Зеңгіата болыстығымен барлық елді-мекендері суландыру иеліктерімен Қауыншы, Халдарма селолық қауымымен ӨзКСР-на кіреді. 2. Өзбекстанға Болат болыстығынан Кенсай, селолық қауымдастығы түгелімен (Хиован, Чуваши, Яу елді-мекендері) ал Көктерек базары Қазақстанда қалады. 3. Ниязбек болыстығы түгелімен дерлік Өзбекстанға кіреді деп шешілді.

1929 ж. 6 сәуірде ұлттық- мемлекеттік межелеу ӨзКСР-і ОАК Президиумы мәжілісінде аз санды ұлттырдың және аралас аудандардың мәселелерін қарап, мына аудандарда аз санды ұлттардың бар екендігін бекітті: 1. Ташкенттің Жоғары Шыршық ауданында 82 % қазақ, Ташкенттің Ангрен округінде-Құрамада (72,3%), Кенимех жеке ауданы – Қазақ-қарақалпақ (41,7%) қазақтар, 26,2 % қарақалпақ), 2.

Аралас аудандар: Ташкенттің Орта Шыршық ауданы - қазақ-өзбек (44,4 % қазақ, 33,8 % өзбек), 3. Ташкент округі – Ташкент-құрама-өзбек (44,2 % құрама, 39,4 % өзбек) қала типтес Пскент қонысымен бірге. 4. Мырзашөл округі Ташкент- орыс- өзбек (39,1 % өзбек, 43,6 % орыс) , 5. Андижанның Қорған-Тепе округі – өзбек, қырғыз (48,1 % өзбек, 39,5 % қырғыз), 6. Андижанның Мархамад округі – түрік-өзбек (38,9 % түрік, 35,2% өзбек) , 7. Фергана округі Фергана қаласымен бірге – өзбек- тәжік (45,1 % өзбек, 26,9 % тәжік) [14, 157, 6 п.].

Міне, осындай саясат нәтижесінде қалыптасқан Өзбекстандағы қазақтардың бүгінде бір бөлігін яғни Ташкент, Мырзашөл, Сырдария облыстарындағы қандастарымызды ирредент қазақтар десек, ендігі бір тобын оның ішінде Қырғызстандағы қазақтарды диаспора тобына жатқызамыз.

1 *ӨРОМА –Р-1 қор. – 1 тізбе. – 721 іс. – 314-315, 349-356 пп.*

2 *ӨРОМА. – Р-5 қор, – 5 тізбе, –670 іс, – 7 п.*

3 *ҚырРОМА. – 847-қор. –1 тізбе. – 27 іс. –135-137 пп.*

4 *Әбдібаев Кәсеннен жазылып алынды. 1918 жылы туған, руы – аргын. Қырғызстан. Манас селосы.*

5 *Баймаганбетов Абылан 1907 жылы туған, руы аргын кәрсен, Баймаганбетов*

*Елісбай Абылан баласы, Сокулук ауданы, Ақжол селосы.*

6 *ӨРОМА. – 86 қор. –1 тізбе. –2550 іс. –431 п.*

7 *Балашев Н.И. Узбекистан и сопредельные Республики и области. – Ташкент: Узгосиздат, 1925. – 97 с.*

8 *ӨРОМА. – Р-5 қор, –5 тізбе, –67а– іс, –41 п.*

9 *Кобландин К.И. Участие казахов в процессе нациестроительства в*

*Бухарской народной советской республике //Вестник НАН РК. – 2008. –№5. – С. 62-67.*

10 *ӨРОМА. – Р-30 қор, –4 тізбе, – 506 іс, –42 п.*

11 *ӨРОМА. – р 39 қор. –2 тізбе. –454 іс. –20-24 пп.*

12 *ӨРОМА. – Р-1 қор. –1 тізбе. –704 іс. –18-21 пп.*

13 *ӨРОМА. – Р-1 қор. –1 тізбе. –706. іс. – 63-74, 105-106 пп.*

14 *ӨРОМА. –Р-86 қор. –1–тізбе. –5266 – іс. –6 п.*

## Узбекистан и Кыргызстан в истории этнических казахов (1920-1930 гг.)

Қалшабаева Б.К. - д.и.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

### Резюме

Автор в статье рассматривает исторические причины переселения казахов на территорию Узбекистана и Кыргызстана, их численность, ареал расселения и проблемы размежевания этнических территорий. История и причины переселения казахов на территорию Узбекистана в вышеуказанное время аргументируется конкретными источниками. В статье в основном показаны результаты размежевания границ между республиками Казахстан и Узбекистан. Вместе с этим автор утверждает, что часть казахов во II половине XIX в. переехала в Кыргызстан, а позже, в начале Советского периода часть казахов переезжает в Китай, потом возвращается и тогда многие казахи остаются в Кыргызстане.

**Ключевые слова.** Узбекистан, Кыргызстан, этническая территория, диаспора, ирредента, размежевание этнической территории, историческая Родина.

### Summary

Kalshabaeva B.K.

### 1920-1930. The ethnical history of Kazakhs in Uzbekistan and Kyrgyzstan

The author of the article examines the historical reasons for the resettlement of Kazakhs to the territory of Uzbekistan and Kyrgyzstan, their numbers, and the problem of resettlement area demarcation of ethnic territories. The history and the reasons for the relocation of the Kazakhs to the territory of Uzbekistan in the above time argued specific sources. The article basically shows the results of demarcation of borders between the republics of Kazakhstan and Uzbekistan. However, the author argues that the portion of the Kazakhs in the second half of the XIXth century moved to Kyrgyzstan and later, at the beginning of the Soviet period the Kazakhs moved to China, then moved back and many of them remain in Kyrgyzstan.

**Keywords.** Uzbekistan, Kyrgyzstan, ethnic territory, Diaspora, Irredenta, demarcation of ethnic territories, historical Homeland.

УДК 94

Қ-42

## СОПЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ӘУЛИЕЛІК КУЛЬТІ

**Қартабаева Е.Т.** - *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к., [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)*

**Солтниева Б.Ш.** - *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)*

Мақалада ислам тарихындағы күрделі мәселелердің бірі – әулиелік мәселесіне қатысты ізденістер жасалған. Әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтандақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлерді жазбаға түсіру, оларды тәкпіншеп зерттеу тыңғылықты түрде қолға алына қойған жоқ. Аталмыш мәселені зерттеуге методологиялық және теориялық көзқарастардың ескіруі де кедергісін келтіріп отыр. Діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен әулиелі жерлердің пайда болуы, олардың атқаратын қызметін түсіндіруде, кеңестік ғылымға тән тұрпайы схемалар мен қарапайым шешімдер жасау әлі күнге дейін үстем болып отыр. Мақала авторлары тарихнамадағы осы олқылықтың орнын толтыруға күш салып, мәселені тың көзқарастар тұрғысынан, арнайы зерттеулер мен деректерді талдау негізінде қарастырады.

**Тірек сөздер:** тарих, ислам, сопылық, әулиелер, хадис.

Ислам тарихының негізгі мәселелерінің бірі «әулиелік» түсінігі болып табылады. Бұл тақырыпты толыққанды игеру ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. Осы уақытта венгр ғалымы И. Гольдциердің «Исламдағы әулиелік культі» [1] еңбегінің орыс тіліне аудармасының жарық көруі кеңес ғылымында да аталмыш мәселе бойынша зерттеулердің қарқынды түрде жүруіне ықпал еткен тәрізді. Атап айтқанда, кеңес зерттеушілері В.Н. Башилов, Т.Д. Баялиева, С.М. Демидов, Г.П. Снесарев, О.А. Сухарева, И.Г. Петрушевский сияқты белгілі ғалымдар исламдағы әулиелік культі жайлы тарихи-этнографиялық еңбектерін жариялады. Аталмыш зерттеулерде әулиелік культін, негізінен алғанда, шығыс халықтарының исламға дейінгі наным-сенімдерінің қалдығы ретінде қарастыруға бейімділік байқалды [2]. Зерттеушілердің мұндай көзқарасына сол кезеңнің идеологиясы ықпал еткен болатын. Кеңес Одағында ислам тарихын зерттеуге тиым салынғандықтан [3], көпшілік ғалымдар әулиелік культін исламға дейінгі наным-сенімдердің қалдықтары деп жариялай отырып, мәселені зерттеуге мүмкіндік алды.

Аталмыш тақырыпқа қызығушылық Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, дәлірек айтқанда, 1990-шы жылдары барынша артады. Исламдағы әулиелік культіне қатысты алуан түрлі деректер мен материалдарды ғылыми айналымға енгізіп, мәселені жаңа қырынан ашқан бірқатар жаңа авторлар шықты. Атап айтқанда, Орталық Азиядағы әулиелік культі мәселесіне қалам тартқан О.В. Горшунова, Ә. Муминов, Р.М. Мұстафина, В.Л. Огудин, Т.С. Саксанов, А.И. Шевяков, Б.А. Аджаматов, Р.А. Рамазанов пен В.О.Бобровниковтардың еңбектері жарық көрді [4].

Мәселеге қатысты осындай тыңғылықты зерттеу жұмыстарының болуына қарамастан әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтандақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлер жазбаға түсірілмеген, зерттелмеген. Сондай-ақ мәселені зерттеуге методологиялық және теориялық көзқарастардың ескіруі де кедергісін келтіріп отыр. Діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен әулиелі жерлердің пайда болуы, олардың атқаратын қызметін түсіндіруде, кеңестік ғылымға тән тұрпайы схемалар мен қарапайым шешімдер жасау әлі күнге дейін үстем болып отыр [4, 5].

Жалпы, діндегі әулиелік түсінігі жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Әулиелік тек исламға ғана тән емес, ол басқа да діндерде, соның ішінде христиан дінінде де бар. Христиан дінінің католик бағытына тән әулиелік түсінігін, кезінде, протестанттық реформаторлар толықтай жоққа шығарған болатын. Протестанттардың түсінігінде, әулиелерге табыну, католик дініндегі ырымшылдықтың бір формасы болып табылады.

Ислам фундаменталистері де (ваххабиттер) әулиелерге табынуды Құдайға серік қосу (ширк), барып тұрған пұтқа табынушылықтың өзі деп айыптай отырып, исламның бастапқы тазалығын бұзатын, рұқсат етілмейтін жаңалық (бида) деп жариялайды. Осыған байланысты қазіргі таңда исламдағы әулиелік мәселесі өткір қойылып, осы уақытқа дейін мұсылмандардың діни өмірінде әулиелердің маңызды орын алып келгеніне қарамастан, дәстүрлі ислам тұрғысынан оны жоққа шығару үстем болып отыр.

Зерттеушілер арасында исламдағы әулиелік культін түсіндіруде, оны анағұрлым көп зерттелген христиан дініндегі әулиелікпен салыстыру кеңінен орын алған. Исламдағы әулиеліктің өзіндік ерекшеліктері жеткілікті зерттелмегендігіне қарамастан, оның христиандықтағы әулиеліктен елеулі түрде

айырмашылықтары бар екені анық. Басты айырмашылық – исламда әулиелерді діни заңдастыру (канонизация) мекемесінің жоқтығы. Мұсылман әулиелері арнайы бір шешімдер арқылы бекітілмейді, исламда адамның әулиелігін анықтау түсінігі жоқ, ресми мойындалған әулиелер, агиологиялық шығармалар тізімі, ресми белгіленген әулиелерді құрметтеу мерекелері, әулиелерді еске түсіру рәсімдері т.б. жоқ. Исламдағы әулиелерді тек халықтың мойындауы, әр түрлі діни ілім иелерінің, сыйлы, беделді адамдардың, билеушілердің мойындауы жеткілікті.

Арабтың «вали» (көпше түрі «аулия») сөзінің бірнеше мағынасы бар, атап айтқанда, «қамқоршы», «сенімді адам», «Құдайдың қамқорлығындағы кісі», «Құдайдың досы». Бұл сөз Құранда Аллаға қатысты, Алла Тағаланың «мұсылмандардың қамқоршысы» екендігі мағынасында қолданылады. Мұсылмандардан тек Алла ғана шынайы қамқоршы және көмекші екенін мойындауы талап етіледі. Сондықтан да Құдайдың қамқорлығында деп есептелген адам ерекше кісі, «Алланың досы» немесе «әулие» деп саналады [5, 45]. Бір сөзбен айтқанда, әулиелер деп ислам қоғамындағы тақуа, ерекше діншіл адамдарды сипаттауға болатын тәрізді.

Сопылықтың ерте дәуіріндегі ғұламалардың көрсетуінше әулиелік сопылықтың негізінде жатыр. Осындай ғұламалардың бірі Кушайридің (465/1072 ж. қ/б.) еңбегінде әулиеліктің сопылық доктринасы баяндалады [5, 131]. Кушайри әулиелікті екі қырынан түсіндіреді: біріншіден, тақуалардың ішіндегі Құдайдың ерекше қамқорлығындағылар, екіншіден, барлық адамдардың Құдайға құлшылық етуі үшін жауаптылар. Әулиеліктің бұл анықтамасы Құдай мен адам жанының өзара жақын байланыста екендігін көрсетеді, бұл байланыс Құдай тарапынан қамқорлық пен жауапкершілік түрінде көрінсе, ал адам тарапынан – құлшылық ету мен табынудан көрініс табады.

Кушайри Құдаймен жақындық идеясынан сопылықтағы әулиелердің мистикалық тәжірибелеріне қатысты басқа да қорытындылар жасайды. Егер ислам догматикасы бойынша, Пайғамбар күнәдан таза болса, онда Пайғамбар жолын таза ұстанушы әулие де күнәдан таза деген қорытынды жасалады. Бұдан кейін сопылықтағы әулиеліктің табиғаты жөніндегі ертеректегі беделді сопылардың әр түрлі пікірлері келтіріледі. Мысалы, Баязид Бистами әулиелерді ешкімге белгісіз, Құдайдың қалыңдықтары деп көрсеткен екен. Әулиелер, өздеріне тән ерекше жағдайды сезінбеуі де мүмкін, сондықтан да адамдардың көпшілігі олардағы әулиелікті байқамайды. Әбу Әли Жузджани (964 ж. қ/б.) әулиелікті әулие эгосының мистикалық жойылуы (фана) және Құдайдың адам жанына түсуі (бака) деп түсіндіре келе, «әулие деген өз жағдайында жойылып кеткен адамға, Құдайдың Ақиқатты куәландыруына қатысуы: оның өмірін Құдайдың өзі реттейді, ол Құдірет иесінің үздіксіз бақылауында болады. Ол өзі туралы ештеңе білмейді, білетіні тек бір Құдай және Құдайдан басқа еш тірегі жоқ», - дейді [5, 138].

Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сүйене отырып жасалған сопылық дәстүрге сенсек, Құдайдың ерекше сүйікті құлдары болады, олар ешкімге белгісіз болғанымен, әлем солардың арқасында әлі өмір сүріп тұр. Бұл көзге көрінбейтін иерархия әр түрлі категорияға бөлінеді, соның ішінде сатының ең шыңындағы ең жоғарғы тұлға – құтқарушы (гаус) немесе әлемнің темірқазығы, тұтқасы (кутб) болып табылады және оның жеті орынбасары (абдал) бар [6, 46].

Бұл мәселедегі өзіндік бір нұсқа Рузбиханның әулиелерді сипаттауы болып табылады. Оның ойынша әулиелер арқылы Құдай дүниенің төрт бөлігін басқарады. Ол Үндістанның, Түркістанның, Занзибар мен Эфиопияның он екі мың әулиелері жөнінде айтады. Бұлардың ішінде төрт жүзі Анадолы, Хорасан мен Иранда, төрт жүзі теңіз жағалауында, үш жүзі Египет пен Магрибте, жетпісі Ирак пен Сирияда, оны Мекке, Медина, Қағбада, жетеуі әлемді кезіп жүр, үш әулиенің бірі Персияда, екіншісі Анадолыда, ал соңғысы арабтар арасында [5, 141]. Бұл рухани иерархия сыртқы саяси тәртіптен тыс, көзге көрінбейтін екінші бір әлем. Төртінші «тақуа халиф» Әли қайтыс болғаннан кейін ислам державасы өзінің рухани сипатынан айрылып, дүниелік әулеттердің қолына түсіп қалған болатын. Сол уақыттан бастап көпшілік халық арасында әулиелерді дүниенің шынайы билеушілері деп қарастыру орын ала бастады.

Сопы ғұламаларының арасында әулиеліктің табиғатын анықтауда, Мұхаммед пайғамбардың беделіне нұқсан келтірмеу жағын ойлағаннан туындаған болуы керек, белгілі бір ұстамдылық байқалады. Сопылық теоретиктерінің көпшілігі пайғамбарлардың әулиелерге қатысты жоғарғы беделін анық түрде мойындайды. Осындай көзқарасты жақтаушы Сулами: «Әулиелер біткен жерде пайғамбарлар басталады» [5, 142], - дейді. Яғни сопы-әулие пайғамбардан кейінгі орында тұрады, және оның жолын тақуалықпен ұстанушы болып табылады. Осы негізде, Пайғамбар беделі мен әулие беделі арасындағы айырмашылық діни доктрина ретінде бекітілді. X ғасырдың басында ханафиттік құқықтық мектептің маңызды қағидасы пайғамбарлар мен әулиелердің ғажайыптарын (немесе Құдай шапағатын) мойындай отырып, сонымен бірге, екеуінің арасындағы айырмашылықты көрсетіп берді. Атап айтқанда пайғамбардың көрсететін ғажайыбы – мұғжизат, ал әулиенің ғажайыбы – керемет деп көрсетілді. Рузбихан әулиелердің мистикалық



тәжірибесіне сенбейтіндерге мұндай тәжірибелердің Пайғамбарларға түскен Құдай сөзімен тығыз байланысты екендігін көрсете келе: «Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмметтері адасушылыққа түсіп, қарсылық көрсетіп, жазаға ұшырай ма деп қорқамын. Әулиелердің кереметтеріне сенбегендер, пайғамбарлар мен елшілердің ғажайыптарына да сенбейді. Өйткені әулиелік пен пайғамбарлық мұхиттары өзара бір-біріне еніп жатыр», - дейді [5, 147].

Әулиелікке тән қайшылықтардың бірі, оның ең бір ерекше белгісіне, яғни құпиялылығына байланысты туындайды. Өйткені әулиенің эгосы жойылған, сондықтан оны тану мүмкін емес. Әулиелік туралы ең ерте пайда болған теориялық трактаттар әулиелер тек Құдайға ғана белгілі екендігін көрсетеді және олар өздері де әулие екендігін білмеуі мүмкін. Әулиеліктің құпиялығы сопылықтың жалпы алғандағы эотерикалық сипатына сәйкес келеді. Әулиелер жөнінде Мұхаммед Пайғамбардан (с.ғ.с.) сұрағанда, ол былай деп жауап берген көрінеді: «Барлық сыртқы көрініс ішкі мәнге ие болғандықтан; барлық ішкі мән жасырын мәнге ие болғандықтан; барлық жасырын мән шынайы мәнге ие. Ұлы да даңқты Жаратушы өз әулиелеріне осыны тарту етеді – құпияны құпия жолмен. Әулиеліктің белгілерінің бірі осындай. Әулиелер осы арқылы ғажайып өмір сүреді. Олар пайғамбарлардан кейінгі Құдайдың ең құдіретті пенделері, олардың ғылымдары барлық ғылымдардың ішіндегі ең құдіреттісі» [7, 150].

Әулиелік туралы осындай тұжырымдардан кейін, енді, нақтылай әулиелердің өзіне тоқтала кетейік. Жекелеген әулиелер жөнінде агиографиялық шығармалар арқылы, яғни әулиелердің өмірбаяндарының (макамат) мәліметтері арқылы және әулиелердің басына зиярат етудің тарихы арқылы танысуға болады. Әулиелердің өмірін баяндау әулиелік идеясын мұсылман қауымына таратудың бір формасы ретінде қалыптасты. Әулиелер өмірбаянының алғашқы жинағы Х ғасырда пайда болды. Мұндай өмірбаяндар жазуда негізгі екі үрдіс орын алды. Бірінші үрдіс әулиелерді имани және рухани тәрбиенің көзі ретінде қарастыруға бейімдік таныта отырып, шығармаларда әулиелердің айтқан сөздеріне ерекше көңіл бөледі. Мұны ең ерте пайда болған агиографиялық еңбек – Суламидің «Сопылардың ұрпақтары» атты еңбегінен жақсы байқауға болады. Сулами екі ғасыр ішіндегі сопылардың бес ұрпағының өмірінің мәліметтерін береді, әрбір ұрпақтан ең белгілі жиырма сопының өмірін баяндайды. Мүмкіндігінше ол, әрбір сопының жиырма сөзін келтіруге тырысқан және әрбір сопы жеткізген Пайғамбардың бір хадисін қосымша келтіреді. Бұл өмірбаяндар әулиелердің тақуалық қасиеттерін үлгі түрінде көрсете отырып, оқырманға әулиелік жолды насихаттайды. Мысалы Сари ас-Сакатидің (865 ж.к/б.) өмірбаяны былай басталады: «Осындай әулиелердің бірі Сари ибн әл-Мугаллас ас-Сакати, оның алғашқы есімі Әбу әл-Хасан болған еді. Ол әл-Жүнәйттің ағайыны және ұстазы болған деген мәлімет жеткен. Ол Бағдадта «бірігу мен рухани ахуалдың ақиқаттығы» тілінде сөйлеген алғашқы адам. Ол бағдадтықтардың имамы және өз уақытындағы олардың тәрбиешісі. Осы кітапта көрсетілген екінші ұрпақ ұстаздарының көпшілік бөлігі онымен байланысты болған» [5, 155]. Әулие туралы биографиялық мәліметтер осы ғана. Бұдан кейін Сакатидің өзі жеткізген хадис келтірілген, онда кәдімгі хадис жинақтарындағыдай хабарды жеткізушілердің толық тізімі көрсетілген. Бұдан кейін әулиенің тікелей өзі айтқан отыз сөзі және дәл хадистердегідей бұл сөздерді жеткізген хабарлаушылардың тізімі келтірілген. Әулие айтты деген осындай сөздердің бірі: «Мен Нусайрадағы Джафар ибн Мұхаммад арқылы, Жүнәйд арқылы Саридің айтқан мына сөзін естідім: Маған жұмаққа жеткізетін қысқа жол белгілі. Бұл не деген сұраққа ол: Ешкімнен ештеңе сұрама, ешкімнен ештеңе алма, сонда сен де ешкімге ештеңе беруге мәжбүр болмайсың, - деген екен» [5, 155]. Әулиелердің мұндай өмірбаяндары тақуалықпен өмір сүрудің үлгісі қызметін атқарды.

Әулиелер өмірбаянын жазудағы екінші үрдіс әулиелердің өмірінен қызғылықты жайттарды, олардың әулиелік дәрежесіне жетуінің жолдарын және көрсеткен кереметтерін баяндауымен ерекшеленді. Әулиелер өмірбаяндарынан көретініміздей, әулиенің Құдайға жақындығы, оның ерекше ішкі қуатынан, керемет көрсетуге мүмкіндік беретін Құдай шапағатынан (барака) көрініс табады. Бұл күш-қуат адамның ойын оқу, науқасты емдеп жазу, өлген адамды тірілту, құс тәрізді ұшу, судың бетімен жүру, келбетін өзгерту және бір мезгілде әр түрлі жерлерде болу сияқты, әдеттен тыс қабілетке ие етеді. Сопы ғұламалары, әулиенің көрсететін кереметін, Құдайдың ерекше діндарларды сынаққа алуы деп анықтайды – ғажайып жасау әулиеліктің тек бір ғана өлшемі ретінде қарастырылды.

Исламдағы әулиелік культі аса бір өміршен құбылыс ретінде әлі күнге дейін мұсылман халықтарының өмірінде маңызды орын алып отыр. Әулиені құрмет тұтушылар, оны адам мен Құдай арасындағы аралық күш ретінде қарастырады. Аса құдіретті, қол жетпес күш ретіндегі Құдайға қарағанда, әулиемен жеке байланыс орнатуға болады, және ол адамдардың жеке өмірінде қамқоршысы, кеңесшісі бола алады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелік культін ислам дінін тұрмыстық деңгейде ұстанудың өзіндік бір формасы деп анықтауға болады, сондықтан да бұл құбылыс қарапайым халықтың өмірімен біте қайнасып, бірігіп кеткен ажырамас бір бөлігі болып табылады.

1. Гольдциер И. *Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы)*. – М., 1938.
2. Басилов В.Н. *Культ святых в исламе*. – М., 1970; Баялиева Т.Д. *Доисламские верования и их пережитки у киргизов*. – Фрунзе, 1972; Демидов С.М. *Туркменские овляды*. – Ашхабад, 1976; Снесарев Г.П. *Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма*. – М., 1969; Сухарева О.А. *К вопросу о культе мусульманских святых в Средней Азии // Материалы по археологии и этнографии Узбекистана*. – Ташкент, 1950.
3. *Ислам: историографические очерки*. – М., 1991.
4. Гориунова О.В. *Вариант «священной земли» (на примере пос. Шахимардан Ферганской области Узбекистана) // Краткое содержание Лавровских (среднеазиатско-кавказских) чтений. 1990-1991 гг.* – СПб., 1992; Муминов А. *Святые места в Центральной Азии (Взаимодействие общецисламских и местных элементов) // Маяк Востока*. – Ташкент, 1996; Мустафина Р.М. *Предстазления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX – XX в.)*. – Алматы, 1992; Саксанов Т.С. *Поломничество к святым местам: традиция и современность*. – М., 1991; Абашиев С.Н. *«Семь святых братьев» // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н.Абашиев, В.О.Бобровников*. – М., 2003.
5. *Соблазны культа святых. Вместо предисловия // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе*. – М., 2003.
6. Карл Эрнст В. *Суфизм*. (пер. с англ.). – М., 2002.
7. Кныш А. Вали // *Ислам. Энциклопедический словарь*. – М., 1991.

**Картабаева Е.Т.** к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)  
**Солтиева Б.Ш.**, старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)  
**Суфизм и культ святых в исламе**

#### *Резюме*

Статья посвящена одной из актуальных проблем истории ислама, а именно проблеме культа святых в исламе. Данная проблема до сих пор остается одним из белых пятен в отечественной исторической науке. Особенно недостаточно изучены памятники в святых местах, не записаны устные предания, связанные с ними. обстоятельному исследованию проблемы мешают и устаревание методологических и теоретических концепции в науке. До сих пор незыблыми остаются присущее советской науке примитивные схемы и простые заключения в объяснении культа святых и святых мест, сохранивших до сего важное значение в религиозной жизни казахов. Авторы статьи попытались внести вклад в исследование данной проблемы, рассматривая ее с позиции новых теоретических концепции в науке и на основе изучения специальной литературы и анализа источников.

Ключевые слова: история, ислам, суфизм, святые, хадис.

**Kartabayeva E.T.** candidate of historical sciences, associate prof. of Al-Farabi KazNU [erke\\_66@mail.ru](mailto:erke_66@mail.ru)  
**Bakytkul Soltieva**, senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, [baxa14@mail.ru](mailto:baxa14@mail.ru)

#### **Sufism and the cult of saints in Islam**

#### **Summary**

The article is devoted to one of the most urgent problems of the history of Islam, namely the issue of the cult of saints in Islam. This problem still remains one of the gaps in the national historical science. Especially insufficiently studied sites in the holy places, not recorded oral traditions associated with them. Thorough investigation of the problem and prevent obsolescence kontsenptsii methodological and theoretical science. Until now nezyblimymi are inherent in Soviet science primitive schemes and simple imprisonment in obesnenii the cult of saints and holy places that have survived to the village of great importance in the religious life of the Kazakhs. The authors have tried to contribute to the study of the problem, seeing it from the perspective of new theoretical concepts in science and based on an extensive literature review and analysis of the sources.

**Key words:** history, Islam, Sufism, holiness, hadith

УДК 903/904(574)

## НОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КУЛЬТОВЫХ СООРУЖЕНИЯХ Г. ТУРКЕСТАНА /XII-XVIII вв./

Кожа М.Б. - д.и.н., проф. каф. «История» Международного казахско-турецкого Университета им. Ахмеда Ясави.

Вновь выявленные и датированные памятники из культовых сооружений г. Туркестана являются ценными источниками о развитии в средневековье прикладного искусства, несут новые данные об истории архитектуры и орнаментального искусства народов Казахстана и Средней Азии. Новые памятники резного дерева из туркестанской ханаки свидетельствуют о наличии вблизи караханидского мавзолея Х.А. Ясави монументальной деревянной мечети с элементами росписи и резьбой, которая была разобрана в ходе строительства грандиозной ханаки Тимуром. Колонна из мавзолея Али-ходжа-ата представляет большую историческую ценность как памятник периода Казахского ханства. Интересные результаты дает сопоставление с казахским орнаментом известным по изделиям прикладного искусства.

**Ключевые слова:** культовые памятники г.Туркестана, караханиды, Казахское ханство.

Архитектурный комплекс Ахмеда Ясави в г. Туркестане – уникальный памятник средневековой истории и искусства Казахстана и Средней Азии (рис. 1). Французская исследовательница Мари де Ужфальви-Бурдон, в 1876 г. посетившая г. Туркестан, свое впечатление об увиденном выразила следующим образом: «Чудо Туркестана – это мечеть Хазрет ... Архитектура свода, позволяющая проникать в здание узким лучам света, поражает гармонией линий. Архитектор, создавший это творение, был одновременно гениальным профессионалом и человеком тонкого вкуса» [ИКЗИ 2006: 245].

Мавзолей Ахмеда Ясави является многокамерным сооружением со сложной объемной композицией. Это единственный из четырех крупных построек Тимура сохранившийся до настоящего времени целиком. Памятник часто именуют мавзолеем, ханакой, архитектурным комплексом-мавзолеем. Судя по надписи на бронзовом навершии знамени [МХАЯ 2013: 145] здание выполняло функцию ханаки – обителя дервишей и паломников, места высшего духовного совершенства суфиев, центра последователей Ахмеда Ясави. Необходимо отметить, что среди средневековых документов о привилегиях, присланных на имя туркестанского святого от различных владетелей, была и грамота казахского хана Турсуна, датированная 1035/1625-26 годом [Лерх 1870: 21].

В XVI-XIX вв. г. Туркестан служил резиденцией казахских ханов. Здесь проходили собрания степной элиты. Мавзолей Ахмеда Ясави являлся местом коронации ряда верховных правителей казахов. «... в 1771 г. ... все наши знатные и именитые люди, ханы казахского юрта Уч-алач, города и степные окраины, а также знатные люди Туркестанского юрта согласились в том, чтобы поставить меня главным над всеми ханами. По нашему обычаю и по правилам предшествующих ханов, в городе Туркестане, где скончался наш святой хазрет Ходжа Ахмед Ясави, над его могилой была прочитана Фатиха, и я был поднят ханом ...» - писал хан Абылай оренбургскому губернатору [Масанов, Абылхожин, Ерофеева 2007: 208].

Ханака Ахмеда Ясави является одним из наиболее исследованных памятников средневековой архитектуры Центральной Азии. Поэтому для нас большой неожиданностью стало обнаружение в 2012 г. при обследовании межкупольного пространства главного зала (казандыка) ханаки Ахмеда Ясави ряда балок с резным орнаментом (Фото 1, 2) и с остатками росписи, выполненной красной и зеленой красками. В большинстве случаев декор располагается на нижней или боковых частях деревянных креплений, что скрывало их от взора немногих лиц попадавших в межкупольное пространство. Если на боковых гранях некоторых балок имелась простая плосковыемчатая резьба (Фото 1), то на нижних гранях одной балки встречен сложный многоплановый орнамент (Фото 2). Примечательно, что в последнем случае резьба произведена на двух соседних гранях балки.

Части стен караханидского мавзолея Ахмеда Ясави были обнаружены в 1957 г. при ремонте цокольной части западной боковой грани северного портала внутри западного пилона здания эпохи Тимура [Маньковская 1960: 65]. В ходе реставрационных работ 1994 г. на крыше архитектурного комплекса было собрано около шестидесяти разновеликих фрагментов резной терракоты, относимые к раннему мавзолею [МХАЯ 2013: 22]. Выявленные нами балки с резьбой и росписью, скорее всего, служили элементами украшения потолка ранней мечети, вероятно, находившегося рядом с первым, караханидским мавзолеем Ахмеда Ясави. Возможно, ранняя мечеть располагалась на месте помещения тимуридской ханаки, которая в источниках XIX - нач. XX вв. обозначается как мечеть.

Гуманитарлық сабақтарды оқытуда оқу материалының молдығы оқытушыны жоба тәсілдерін қолдануға итермелейді. Латын тілінен аударғанда «проект» – «жолды өз бетінше ізде» деген мағына береді. Жоба студенттің зияткерлік мүмкіндігін, коммуникативті және адамгершілік қасиеттерін, білім деңгейін, дағдысын, мақсатқа ұмтылуын, өзін-өзі дамыту және ұйымдастыру әрекеттерін көрсетеді. Жоба технологиясына «ой-талқы» әдісін қолдану дұрыс. «Ой-талқы» әдісі идеялардың көптеп қалыптасуына, шығармашылық ойлауын белсендіруге, мәселені шешу үшін дәстүрлі ой-санадан өзге жолдар іздеуге мүмкіндік береді. «Ой-талқы» әдісі оқу тобында жаңа идеялардың тиімділігін арттырады. Жобалық технология америка, жапония мектептерінде кең қолданысқа ие.

Дүние жүзі тарихын оқытудағы кең қолданысқа ие болып жүрген келесі тәсіл компьютерді тарихты оқытуда қолдану. «Ежелгі дүние тарихы» бойынша әрбір тақырыпқа қатысты тесттер дайындап, үйрету және бақылау бағдарламасын қолдануға болады. Ежелгі дүние тарихына қатысты құжаттар, фильмнен үзінді, тағы басқа көрнекіліктер тақырыптың тез игерілуіне мүмкіндік береді. Дүние жүзі тарихына қатысты көптеген тақырыптарды ашуда, дағды мен біліктілікті қалыптастыруда компьютерді қолдануға болады.

Жалпы, қазіргі кезде тарих сабағына өзгеше міндеттер қойылып отыр. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік адаптациясымен, қоғамдық өмірге белсенді дайындықпен, жалпы адамзаттық құндылықтармен байланысты. Тарихтың негізгі мақсаты жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, өткенге сын көзбен қарай алу және болашаққа бағдар жасай алуды үйрету болып отыр.

1 <http://www.nur.kz/972351-polnyy-tekst-poslaniya-nazarbaeva-nar.html>

2 Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. *Теория и методика преподавания истории: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений.* – М.: ВЛАДОС, 2003. – 384 с.

3 Л.Л. Шпаковская *Политика высшего образования в Европе в XX веке: от государства к рынку// Журнал исследований социальной политики, том 8, №4, С.495-518*

4 Степанищев А.Г. *Методика преподавания и изучения истории: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений: в 2 ч.* – М.: ВЛАДОС, 2002. – 304 с.

5 Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии.* - М., 1998.-С.37-43.

#### Аннотация

**Р.С.Мырзабекова** – КазНУ им. Аль-Фараби, к.и.н. доцент, myrsabekova\_r@mail.ru

**М.С. Мырзабеков** – КазНУ им. Аль-Фараби, к.и.н. доцент

#### Применение модульных технологий в преподавании истории и международная практика в высшем образовании

В статье авторы обсуждают практическую и научную актуальность модульной технологии и ее применение в преподавании истории. Уроки модульной технологии по своей структуре и организации учебной деятельности приближают современную высшую школу к индивидуальному, личностно ориентированному обучению. Каждому новому этапу развития общества соответствуют новые задачи образования. В современном образовательном процессе можно обнаружить противоречие между глобальными задачами формирования компетентного человека и отсутствием эффективных путей этой деятельности. В связи с этим предъявляются новые требования к системе организации и проведения учебно-образовательного процесса, предпринимаются попытки его технологизации, которые при определенных условиях должны привести к прогнозируемому результату.

**Ключевые слова:** Высшее образование, преподавание истории, модульные технологии, «мозговой штурм», проблемные лекций, семинар-диспут.

#### Summary

**Myrzabekova Ryskeldy** – candidate of historical sciences, docent,

Al-Farabi Kazakh National University, myrsabekova\_r@mail.ru

**Moldakhmet Myrzabekov** – candidate of historical sciences, docent,

Al-Farabi Kazakh National University

#### The modular technology in the teaching of history and international PRACTICE IN HIGHER EDUCATION

In article authors discuss practical and scientific relevance of module technology and its application in teaching history. Lessons of module technology by its structure and organization of educational activity approach modern higher school to the individual, personally focused training. To each new stage of development of society there correspond new problems of education. In modern educational process it is possible to find a contradiction between global problems of formation of the competent person and lack of effective ways of this activity. In this regard new requirements are imposed to system of organization and carrying out educational process, attempts actions of its technologization which under certain conditions have to lead to predicted result.

**Keywords:** higher education, teaching history, module technologies, "brainstorming", problem lectures, seminar debate.

УДК 61:378.147

#### «PGGJ» БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСІ

**Сериева Ж.А.** - С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқытушысы,

**Шайхина Л.Т.** - С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқытушысы [name.zhanar@mail.ru](mailto:name.zhanar@mail.ru)

**Рүстем К.М.** - Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, PhD доктор, [kamshat\\_rustem@mail.ru](mailto:kamshat_rustem@mail.ru)

Аталған мақалада қазіргі заман талабына сай белсенді оқыту әдісі ұсынылған. Әдісте төрт кіші топқа бөліп, оларға атаулар беріліп, тақырыпты ашу мақсатында өзіндік жұмыстарын орындайды. Сонымен қатар әдістің мақсат-міндеті, жететін жетістіктері көрсетілген.

«PGGJ» белсенді оқыту әдісі студенттерге тәжірибелік дағдыларды тереңірек меңгеруге көмектеседі. Студент өзі белгілі бір шешімді орындау барысында, өзінің тәжірибелік дағдысын өзі қалыптастырады. Белсенді оқыту әдістері тек қана тәжірибелік дағдыларды қалыптастырып қоймай, алдында тұрған мәселені шешу барысында, тұлғаның шығармашылық және коммуникативті қасиеттерін ашуға, дамытуға көмектеседі.

**Түйін сөздер:** баяндамашылар, глоссарий, ойын тобы, бағалаушы, белсенді оқыту.

Заманымыздың алға қарай дамып, жаңашыл заттарды танып біліп үлгермей жатқан уақытта, адамдардың материалдық және рухани дамуының құндылығын түсініп, сол қажеттіліктерді қанағаттандырудың ең жоғарғы шешімін жаңашыландырып отырған кезеңде, оқыту үрдісі де әрдайым ауысып, жетілдіруді талап етеді. Жоғарғы оқу орнының басты - мақсаты қазіргі әлемде болып жатқан жағдайларға сай, қалыпсыз, бірден әрекет ете алатын, уақытында шешім таба алатын тұлға қалыптастыру. Сол себепті мамандарды дайындау барысында жоғарғы оқу орындарында оқыту үрдісіне

жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет. Кез-келген жоғарғы оқу орнын аяқтаған тұлғаның ең басты құндылығы оның біліктілігі (компетенттілігі) мен мобильділігі болып табылады. Яғни оқу пәндерін танып білу үрдісінде студенттің өзінің танып білу белсенділігіне байланысты. Студент нақты нәтижеге жету үшін тек қана білім беріп қоймай, сонымен қатар оны қалай пайдалану, өзі біліп-түйген материалдарды өзгелерге қалай жеткізу керек деген мәселені қарастыра отырып, оқытудың мазмұндылығын ескеріп, әртүрлі әдістермен оқыту қажеттілігі туындайды.

Осы тұрғыда белсенді оқыту әдістері студенттерге тәжірибелік дағдыларды тереңірек меңгеруге көмектеседі. Студент өзі белгілі бір шешімді орындау барысында, өзінің тәжірибелік дағдысын өзі қалыптастырады. Белсенді оқыту әдістері тек қана тәжірибелік дағдыларды қалыптастырып қоймай, алдында тұрған мәселені шешу барысында, тұлғаның шығармашылық және коммуникативті қасиеттерін ашуға, дамытуға көмектеседі. Оқытушы өзінің белсенділігіне және шығармашылығына қарай оқыту әдістерін құрастырса болады. Болмаса интернет желілерінде де көптеген оқыту әдістері ұсынылады. Осы мақалада сіздерге кіші топтарға бөліп оқыту түрін ұсынамын.

Төменде таныстырылып өтетін оқыту әдісі ЖОО студенттермен семинар сабағын қызықты, тақырыпты толық ашу үшін қолданылады. Бұл әдістің мақсаты – студенттерді топпен жұмыс жасауға, материалдарды дұрыс пайдалануға, жаңа сөздермен тереңірек танысуға, өз-өздерін бағалауға, өзара баллдарды бөлісуге, бір-бірін тыңдауға жан-жақты үйрету болып табылады. Семинар сабағына келген топты 4 кіші топқа бөлеміз. Мысалы, топта 20 бала болса, әр кіші топта 4 студенттен келеді.

4 кіші топтардың атауы:

1. Баяндамашылар тобы
2. Анықтамашылар-гlossарий тобы
3. Ойын тобы
4. Бағалаушылар тобы.

Әр топтың атқаратын қызметтеріне тоқталып өтейік: бірінші – баяндамашылар тобы, міндетті түрде тақырыпқа байланысты презентация дайындап келеді. Осы кіші топтағы әр студент берілген баяндамаға байланысты барлығы қатысып, өз білімдерін, көзқарастарын көрсетеді. Бұл кіші топ тақырыпқа байланысты материалдарды жинауға, топтастыруға, презентация жасауға, ең бастысы сөйлеп, өз ойларын жеткізуге үйренеді.

Екінші кіші тобымыз, анықтамашылар тобының мақсаты тақырып бойынша қандай жаңа сөздер және терминдер бар, солар бойынша жұмыс жасайды. Яғни, аталған сөздерге анықтама береді, мағынасын толықтай түсіндіріп өтеді. Сонымен қатар қазіргі үштілдік саясатқа байланысты жаңа сөздерді үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аудармасын жаттап, атап өтеді. Өзге студенттерге қосымша тілдік білім беріледі. Анықтамашылар тобының студенттері жаңа сөздерді жаттау, мағынасын анықтау барысында және үш тілге аудару арқылы өздерінің сөздік қорын толықтырып отырады.

Келесі кіші топ, ойыншылар тобы. Бұл топ сабақтың арасында қызықты, әрі студенттердің көңілін көтеру және сол арқылы білімдерін жетілдіру мақсатында қызмет етеді. Ойыншылар тобы тақырыпқа байланысты әртүрлі ойындарды өздерінің фантазияларына қарай ойластырып келеді. Осы әдісті пайдаланып келе жатқан аралықта студенттер неше түрлі ойындар өткізді. Олар: есептік, іскерлік, қимылды ойындар, тіпті кейбір жағдайда тақырыпқа байланысты рольдік ойындар да қолданылады. Ойындар әртүрлі әдістермен жүргізіледі, кіші топтардың арасында жарыс ретінде немесе барлық студенттер біріктіріліп ойнатылады. Ойыншылар тобының студенттері тек өздерінің кіші топтарын ғана ұйымдастырып қоймай, өзге топтарды, яғни барлық студенттерді ұйымдастыруды, тақырыпқа байланысты түрлі ойындарды өздерінің шеберліктеріне қарай ойлап табуды (себебі тақырыптарға қарай кез-келген ойын түрі келе бермейді), оны тиімді жүргізуді үйренеді.

Соңғы кіші тобымыз, бағалаушылар – ең маңызды роль атқаратын топтың бірі. Аталған топ алдындағы үш топқа сұрақтар дайындап келеді. Әр топ өз дайындаған материалдарын жеткізіп болған соң, бағалаушылар оларға тақырыптың қамтылмай немесе түсініксіз болған тұстарына қарай сұрақтар береді. Егер сұрақтарға жауап болмаған жағдайда, бағалаушы топ студенттері өздері толық жауаптарын береді. Сонымен қатар тақырыпқа байланысты әдебиеттерде жоқ, қазіргі заманға байланысты немесе өзге де қосымша материалдармен өзге топ студенттерін таныстырып өтеуі тиіс. Кейбір жағдайда, бағалаушы топ сұрақтарды әр топтан кейін емес, соңында «XXI ғасыр кәсіпкері» бағдарламасында көрсетілетіндей презентация ретінде сұрақтар, оларға тиісті баллдар дайындап келіп өткізеді. Және ең соңында бағалаушылар тобы өзге үш кіші топтарға бағаларын береді. Бағаны топқа, яғни әр студентке бірдей балл немесе әр студентке жеке балл, сонымен қатар өзара бөлісіп алыңыздар деп балл бере алады.



Бұл жағдайда кіші топтағы студенттер өзара келісіп отырып, кім қандай үлес қосты соған қарай балдарды бөліседі. Бағалаушы топ бағаларды қандай еңбектері үшін бергенін, жетістіктері мен кемшіліктерін көрсете отырып, өздері түсіндіріп өтеді. Бұл бағаларды, әрине, оқытушы өзі де саралап отырып қояды. Бағалаушыларды сабаққа қатысуларына және тақырыпты ашуға қосқан үлестері мен дайындаған сұрақтарына қарай оқытушы тиісті бағаларын береді. Бағалаушылар тобының студенттері нақты сұрақ қоюға, қосымша ізденіске, өзгелерді бағалауға және сол бағаларды не себепті қойғанын ашып айтып беруге үйренеді.

Көрсетіліп отыған оқыту әдісінде студенттер тақырыпты толық меңгереді, өзара білімдерімен алмасады. Бұл кіші топтар келесі сабақтарда ауысып отырады, мысалы, баяндамашылар бағалаушылар тобы, бағалаушылар ойыншылар тобы, ойыншылар анықтамашы-гlossарий тобы, ал анықтамашы-гlossарий тобы баяндамашылар болып ауысып отырады. Соның нәтижесінде студенттер барлық кіші топтың мүшесі бола алады және әр түрлі қызметтер атқарады.

Ұжымдық қарым-қатынас және іс-әрекет студенттерді өзін тыңдата білу және өзгені тыңдай білу, бірге шешім қабылдау қасиеттерін қалыптастырады. Бірге жұмыс жасау арқылы өзіңе ғана емес, өзге адамдар үшін де жауап беруге тура келеді, сол себепті талап ету мен өзара жауапкершілікті бағалау қабілетін де қалыптастыруға көмектеседі.

Талаптарға сай оқыту әдістерін пайдалана отырып, оқытушы да өзіндік білімін, шығармашылығын әрдайым жетілдіріп, студенттермен тығыз қарым-қатынаста бола алады. Ұсынған оқыту әдісі қазіргі кезде студенттермен жүргізіліп жүр, студенттерге ұнайды, сабағымыз өте қызықты өтеді.

### Резюме

**Сериева Ж.А.** – преподаватель КазНМУ им. С.Ж. Асфендиярова, [name.zhanar@mail.ru](mailto:zhanar@mail.ru)

**Шайхина Л.Т.** – преподаватель КазНМУ им. С.Ж. Асфендиярова

**Рүстем К.М.** – старший преподаватель КазНПУ им. Абая, доктор PhD, [kamshat\\_rustem@mail.ru](mailto:kamshat_rustem@mail.ru)

#### «PGGJ» активный метод обучения

В данной статье раскрывается современный, активный метод обучения в форме «PGGJ». В процессе проведения занятия группа студенты делятся на 4 подгруппы. Каждая подгруппа получает индивидуальное задание согласно теме занятия.

Активный метод обучения "PGGJ" помогает развивать у студентов практические навыки. Студент при принятии решения они повышают свои навыки. Активный метод обучения кроме формирования практических навыков обучающихся, помогает развивать творческие и коммуникативные навыки.

**Ключевые слова:** докладчики, гlossарий, группа игра, оценщик, активное обучение

### Summary

**Serieva Zh.A.** – Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiarov, [name.zhanar@mail.ru](mailto:zhanar@mail.ru)

**Shaihina L.T.** – Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiarov

**K.M. Rustem** – PhD, Senior Lecturer at Abay Kazakh National Pedagogical University, [kamshat\\_rustem@mail.ru](mailto:kamshat_rustem@mail.ru)

#### «PGGJ» active teaching method

This article deals with the modern, active teaching method in the form of «PGGJ». In the course of the class group, students are divided into 4 subgroups. Each group receives an individual task according to the theme.

Active learning method "PGGJ" helps to develop students' practical skills. Student in making the decision they improve their skills. Active learning method in addition to the formation of practical skills of students, helps develop creativity and communication skills.

**Keywords:** Presentation, a glossary, a group game, judge, active learning

УДК 378

## ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМДА ЗЕРТТЕЛУІ

**Жаппасов Ж.Е.** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, т.ғ.к., доцент, [Zhappasov-74@mail.ru](mailto:Zhappasov-74@mail.ru)*

**Асанов Н.А.** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, п.ғ.д., профессор, [asanov1950@mail.ru](mailto:asanov1950@mail.ru)*

**Ибрагимова М.Н.** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, тарих пәнінің оқытушысы, [ibragimova.meruert@mail.ru](mailto:ibragimova.meruert@mail.ru)*

Мақалада авторлар жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды тиімді басқарудың жолдарын қарастырған. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару технологиялары жүйелі басқару үрдісін жүргізуді қамтамасыз етеді. Сол себепті, инновацияларды басқару технологияларын тиімді қолдану инновацияларды басқарудың теориялық моделін практика жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Мақала авторлары жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың дәстүрлі және инновациялық технологиялар топтамасына жеке-жеке сипаттама бере отырып, талдау жасайды. Жоғары білім беру саласының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың дәстүрлі және инновациялық технологияларына жеке-жеке сипаттама беру арқылы әр технологияның өз ретімен орынды қызмет атқаруы анықталды. Осы екі инновациялық технологиялар топтамасын талдау көрінісі бойынша, дәстүрлі технологиялар оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәдениетінің дамуына қарамастан фундаменталды қызмет атқаратыны айқындалды. Авторлар қазіргі уақыттағы ғылыми ізденістер нәтижесін сараптау негізінде инновациялық технологияларды практикалық қолдану мәселелеріне жан-жақты тоқталған және олардың өз ретімен орынды қызмет атқаруы анықталған.

**Түйін сөздер:** инновация, технология, практика, жоғары оқу орны, әдістеме.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару үрдісі практикада анық көрінісі бар феномен болып табылады. Осы үрдістің тарихы терең. Себебі, әлем деңгейінде, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің дамуы инновацияларды қолданумен байланысты болып келеді.

Жоғары оқу орындарының тарихи дамуы деңгейінде инновацияларды қолдану және оларды басқару тек практикалық үрдісте жүргізілуі мүмкін емес. Өйткені жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіндегі жаңалықтар көбінесе ғылыми тұжырым формасында енгізілген. Яғни, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару үрдісінің ғылыми мәселе тұрғысында зерттелген әдіснамалық аппараты бар деген ой келеді.

Оқу-әдістемелік жұмысты жүйелі ғылыми талдау әлемдік деңгейде жүзеге асырылып жатыр. Осы аспектіде, қазіргі уақытта, жан-жақты тұжырымдар қалыптасты. Соның қатарында, Қазақстан ғалымдарының үлкен қоры бар. Оқу-әдістемелік жұмыстың ғылыми мәселелерін шешу бойынша Н.А.Асанов, Ш.Т.Таубаева, А.Қ.Мыңбаева, С.С.Хасенов, Е.Ш.Қозыбаев еңбектері үлкен үлес қосты.

Білім және ғылым министрлігі әлем практикасына сүйене отырып, білім беру жүйесіне қойылатын негізгі әлеуметтік-экономикалық талаптарды оқу-әдістемелік жұмыстың жалпы мазмұны ретінде нормативтік жүйеге келтіріп, жоғары оқу орындарына оқу-әдістемелік жұмысын нормалы ұйымдастыру және үйлесімдіру, ғылыми-әдістемелік жұмыстың бағытын анықтау мақсатында берді.

Оқу-әдістемелік жұмысты зерттеу бойынша Қазақстан ғылымы бірнеше бағытқа бөлінді: оқу-әдістемелік жұмысты құрылымдық негізде ұйымдастыру; белсенді оқыту технологияларын қалыптастыру; білім беру үрдісін оқу-материалдарымен қамтамасыз ету; оқу-әдістемелік жұмысты басқару; оқу үрдісінде тәрбиелілік, дамытушылық, оқытушылық мақсаттарды жүзеге асыру; оқытушылардың құзырлығын көтеру және т.б. бағыттары. Осыған қарамастан, салалық зерттеулерді ортақ мақсат біріктіреді. Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты болып сапалы білім беру болып табылады. Осы арнада оның сапасын қамтамасыз ету негізгі мәселе болып табылады. Себебі сапаға қойылатын критерийлері өзгермелі құбылыс. Оның мәні әр қоғам дамуы деңгейінде өзгереді.

Сонымен оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті – білім беру мақсатына жету болып табылады. Осы ретте, Қазақстан ғалымдары білім беру мақсатын дәстүрлі оқу-әдістемелік жұмыс жүргізу арқылы жету тиімсіздік танытып тұрғанын ғылыми тұрғыда анықтайды. Дәстүрлі оқу-әдістемелік жұмыстың тиімсіздігі көп жағдайлы факторлардан анықталды. Олардың қатарында: маман құзыреттілігіне қойылатын талаптардың өзгеруі; студенттердің мәдениетінің өзгеруі; қоғамдық қатынас түрінің өзгеруі; білім беру мақсатының өзгеруі және т.б. Қазақстан ғалымдарының ғылыми алғашқы қадамы болып оқу-әдістемелік жұмысында «инновация» сөзінің мәнін анықтау болып табылды.

«Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove – жаңа) – жаңаны енгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация – бұл жаңаны енгізу үрдісі болып табылады. Жаңашылдық – өз бойында жаңаның мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс [1,5-6.].

Инновация терминіне Қазақстан ғалымдары 2005 жылдары ең алғаш рет назар аударып бастады. Инновация терминіне бірінші анықтама берген Немеребай Нұрахметов болды. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі”-деген анықтаманы ұсынды. Осы жылдардан бастап Қазақстан елінде әлеуметтік-экономиканың жан-жақты саласында инновация мәселесі талдана бастады. Бұл мәселені педагогика саласында Н.А.Асанов, А.Қ.Мыңбаева, Н.Р.Юсуфбекова, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, З.М.Садвақасова, Г.Д.Урастаева зерттеген.

Н.А.Асанов инновацияларды оқу үрдісін басқару аспектісінде қарастырған. Оның тұжырымдауынша, инновация – оқу үрдісін басқаратын жаңа технологиялар болып табылды [2,15-25-б.б.].

А.Қ.Мыңбаева, З.М.Садвақасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды. Олар инновацияны жаңалық және жаңалықты практикаға енгізетін үрдіс, мақсатқа бағытталған үрдіс ретінде қарастырған [1, 33-б.].

Н.Р.Юсуфбеков педагогикалық инновацияға көп назар аударды. Оның ойынша педагогикалық инновация бұл педагогикалық жаңалықтарды құру, бағалау және педагогикалық қауымдастықтың игеруі, практикада жүзеге асыруы туралы ілім [3,50-78-б.б.]. Сонымен инновация термині ғылыми зерттеуде мәселелік жалғасымын тапты. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәселесін зерттеу актуалдылық туғызып отыр. Оның себебі жоғарыда көрсетілгендей, инновациялардың сапалы нәтиже бермеу мәселесі. Ғалымдар жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару бойынша жүйелі, тікелей, нақты зерттеу жүргізбеген. Бірақ жоғары мектептің оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың арнайы бағыты бойынша, тақырып көлемінде шағын күйде, жанама түрде зерттеу жүргізген.

Осылардың бірі ретінде В.М.Полонскийдің ғылыми тұжырымдарын айтуға болады. В.М.Полонский оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару әрекетінде бұрын қолданыста болған инструменттерді, қағидаларын қолдануды жоғалтпау қажет деп санайды. Зерттеушінің тұжырымдауы бойынша инновациялар тарихи тәжірибенің жалғасымы болып табылады. Қазіргі қолданыстағы тұғырлар: табиғи көріністілік пен көрсетілімдік қағидасы; гуманистік педагогика; жеке тұлғалыққа бағытталған тұғыр; әріптестік педагогикасы және т.б. бұрынғы тәжірибенің негізінде дайындалған [4,4-5 б.б.].

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару бойынша В.М. Полонский ойын А.И.Уман жалғастырады. Оның тұжырымдауынша, қазіргі күні жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысында, жалпы дидактикада күрделі өзгерістер болу үстінде. Оның себебі – білім берудегі инновациялық процесстермен негізделген, яғни оқытудың дәстүрлі жолынан инновациялық жолына ауысуы. Бұл тенденция педагогикалық теория мен педагогикалық практика арасында үлкен алшақтықтың жоюлуына әкелді. Қазіргі инновациялық үрдіс – бұрынғы қалыптасқан педагогикалық дидактиканың жалғасы болып табылады. Дидактиканың жаңа мазмұны – әлдеқашан дамыған, ол дидактикалық теория мен соған сәйкес дидактикалық технологияларды өз бойында синтездеген. Осы жағдайда Уман А.И. оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқаруда, бұрынғы қалыптасқан дидактикалық категориялардың маңыздылығын жоғалтпау қажет деп санайды. Себебі бұл дидактикалық категориялар инновациялық үрдістің дамуына арқау болады деп санайды. Маңызды дидактикалық категориялардың қатарына «оқытудың мақсатын анықтауды кіргізді». Сонымен А.И.Уман пайымдауынша, қазіргі жоғары оқу-орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқаруға бұрынғы қалыптасқан дидактикалық категорияларды енгізу қажет деп санайды [5,4-11 б.б.].

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәселесінің инновациялық проекттерді қалыптастыру аспектісі бойынша Е.А.Новикова ғылыми тұжырымдар жасады. Оның ойынша инновациялық оқыту технологияларын құрастыру кезінде келесі талаптар міндетті түрде ескерілуі қажет: диалогтылық, істік-шығармашылық сипат, студенттің жеке дамуына қолдау жасауға бағытталуы, студентке өзіндік шешім жасауға, шығармашылыққа қажетті кеңістік қалдыру.

Г.С. Гавреева жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық шығармашылыққа әлеуметтік-психологиялық қолдау жасаудың маңыздылығын көрсетті. Оның

айтуынша, жоғары оқу-орындарындағы инновациялық шығармашылығына негізгі қажетті талап болып - интеллектуалды потенциал, сыншыл ойлау қабілеті, ізденіс болып табылады. Бірақ интеллектуалды ортада жүргізілген зерттеу бойынша көп оқытушылар шығармашылық потенциалының тек 50-70 пайызын ғана қолданады. Бұл жағдай әлеуметтік-психологиялық қолдаудың жетіспеушілігін көрсетті. Демек, оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық шығармашылыққа әлеуметтік-психологиялық қолдау жасау жұмысының маңыздылығын көрсетті [6, 93-95-б.б.].

С.Д.Резниктің «Управление высшим учебным заведением» деген еңбегінде оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды басқарудың негізгі аспектісі ретінде – оқу үрдісін ұйымдастыратын құжаттарды жүйелі дайындауды ұсынады. Оқу-әдістемелік құжаттарды дайындау – оқу әдістемелік кешен көлеміне байланыстырылады. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, оқу-әдістемелік кешен қаншалықты ойластырылған болса, соншалықты оқу үрдісінің сапасын басқару жүйесі қалыптасады. С.Д.Резник оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды басқарудың негізгі ғылыми жолы ретінде оқу-әдістемелік құжаттар дайындауды тұжырымдайды [7, 220-б.].

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың нақты инновациялық оқыту әдіснамасын қалыптастыру аспектісінде А.Қ.Мыңбаева жүйелі ғылыми ізденіс жүргізді. Оның «инновационные методы обучения» еңбегінде инновациялық оқыту мәселелері қарастырылған. Білім берудегі инновациялардың негізі ретінде педагогикадағы әдіснамалық тұғырларды көрсетті. Осы жағдайда, А.Қ.Мыңбаеваның ойы бойынша жалпы педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар жалпы инновациялық үрдістердің қалыптасуына, жүйеленуіне септігін тигізеді, яғни инновацияларды басқаруда әдіснамалық тұғырлардың маңыздылығының басымдығын білдіреді. А.Қ.Мыңбаева жалпы білім беру үрдісінде келесі тұғырларға талдама берді:

Жүйелік тұғыр – негізгі екі элементтен тұрады: статистикалық жүйе және динамикалық жүйе. Статистикалық жүйе – компоненттердің тәртібін және өзара байланысын көрсетеді. Динамикалық жүйе функционалды болып, кірісі мен шығыс компоненттері бар. Жүйелік тұғырдың педагогика ғылымында қолданудың иллюстрациясы ретінде «педагогикалық жүйе» категориясын айтуға болады. Педагогикалық жүйе – өзара байланысы бар әр-түрлі компоненттерді қамтитын, тұлғаны дамыту бойынша бір мақсатқа біріккен жүйе. Педагогикалық жүйеде негізгі төрт компонентті ерекшелеуге болады: оқытушы және студент, білім беру мазмұны, материалды-техникалық база. Педагогикалық жүйе үрдіске айналады, егер жүйедегі әр компонент жұмыс істесе. Педагогикалық үрдіс – бұл өзінің компоненттері, элементтері бар жүйе болып табылады. Педагогикалық үрдістің педагогикалық компоненттерінде универсалды элементтерді байқауға болады: мақсат; міндет; мазмұн; әдістер; құралдар; формалар; қадағалау; жетістік.

Сонымен жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәселесі ғылыми тұрғыда жан-жақты аспектіде зерттелген болатын.

*1 Мынбаева А.К., Садуақасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы.: ИП Волкова, 2009-341 б.*

*2 Асанов Н.А., Вышенский В. В. Научно-методические основы планирования и организации учебного процесса в вузе для заочной формы обучения: для преподавателей вузов. КазНУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 32 с.*

*3 Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки инновационных процессов в образовании. – М., 1991.-91с.*

*4 Полонский В.М. инновационное обучение// инновации в образовании. - М., №2, 2007г., 4-5с.*

*5 Уман А.И. Теория обучения: от единой – к триединой дидактике// инновации в образовании.- М., №4, 200г., 4-11с.*

*6 Гавреева Г.С. Социально-психологические условия творчества// инновации в образовании.- М., №4, 200г., 93-108с.*

*7 Резник С.Д. Управление высшим учебным заведением. –М: Инфра-М, 2013- 610с.*

### Резюме

**Жаппасов Ж.Е.** – КазНУ им. аль-Фараби, к.и.н., доцент, [Zhappasov-74@mail.ru](mailto:Zhappasov-74@mail.ru)

**Асанов Н.А.** – КазНУ им. аль-Фараби, д.п.н., профессор, [asanov1950@mail.ru](mailto:asanov1950@mail.ru)

**Ибрагимова М.Н.** – КазНУ им. аль-Фараби, факультет довузовского образования, преподаватель по истории, [ibragimova.meruert@mail.ru](mailto:ibragimova.meruert@mail.ru)

### Вопрос о научном исследовании управления инновациями

В статье авторы рассматривают проблемы и пути эффективного управления инновациями в учебно-методической работе высших учебных заведений. Технологии управления инновациями в учебно-методической работе вузов обеспечивают процесс системного управления. Следовательно, эффективное использование технологий управления инновациями является залогом осуществления на практике теоретической модели управления инновациями. Авторами проанализированы и в отдельности охарактеризованы группы традиционных и инновационных технологий управления инновациями в учебно-методической работе. Посредством отдельной характеристики традиционной и инновационной технологий в учебно-методической работе вузов выявлено, что каждая технология выполняет свою функцию должным образом. На основе анализа современных научных исследований авторы подробно освещают проблемы практического использования инновационных технологий и определяют их надлежащие функции.

**Ключевые слова:** инновация, технология, практика, высшее учебное заведение, методология.

### Summary

**Zhappasov Zh.E.** – al-Farabi Kazakh National University, c.h.s., associate Professor, [Zhappasov-74@mail.ru](mailto:Zhappasov-74@mail.ru)

**Asanov N.A.** – al-Farabi Kazakh National University, D.p.s., professor, [asanov1950@mail.ru](mailto:asanov1950@mail.ru)

**Ibragimova M.N.** – al-Farabi Kazakh National University, the Faculty of Pre –University education, teachers of history, [ibragimova.meruert@mail.ru](mailto:ibragimova.meruert@mail.ru)

### The issue on the management of innovation is scientifically researched

The authors of the article have considered effective ways of managing innovation in teaching of higher education institutions. The technologies of managing innovations in teaching of higher education institutions provide systematic management process. Therefore, the effective use of technologies of managing innovations provides the theoretical model of managing innovations to the practical implementation of the model. The authors of the article have given the separate description and analysis to a series of traditional and innovative technologies for the managing innovations in teaching of higher education institutions. Each technology finds its correct function owing to giving the separate description and analysis to a series of traditional and innovative technologies for the managing innovations in teaching of higher education institutions. According to these two views on the analysis to a series of innovative technologies, the traditional technologies are fundamental despite of the development of culture of managing innovations in teaching. The authors have deeply analyzed the problems on the practical use of innovative technologies on the basis of the results of scientific research and have identified technologies' correct functions.

**Keywords:** innovation, technology, practice, higher education institution, methodology.

УДК 378.015.3

## НЕКОТОРЫЕ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ АНАЛИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ

**Жакупова Г.Т.** – кандидат исторических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби,  
[doktor\\_zhak777@mail.ru](mailto:doktor_zhak777@mail.ru)

**Алпысбаева Н.К.** – кандидат исторических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби, [nurzipakz@mail.ru](mailto:nurzipakz@mail.ru)

Сегодня важнейшим требованием к высшему образованию становится приведение уровня профессиональной подготовки и качества специалистов в соответствии с потребностями общества, а именно развитие аналитического мышления как фактора адаптации к новым условиям жизни и профессиональной деятельности. Поэтому одной из задач высшего образования является формирование аналитического мышления у студентов.

В данной статье анализируются технологии и этапы развития аналитических мышлений у студентов, такие как, сущностное понимание информации; интерпретация информации; оптимизация усвоения объема информации и ее анализ; обогащение и развитие информации; управление информационным потоком на основе анализа объектов, которые способствуют развитию аналитических умений студентов.

**Ключевые слова:** специалист, аналитическое мышление, студент, интерпретация информации, профессиональная деятельность.

В аспекте профессиональной подготовки критерием качества образования является способность и готовность подвергать любую информацию критическому анализу, что требует развитого аналитического мышления. Не случайно, что формирование аналитического мышления объявлено одной из задач высшего образования, а именно усвоения информации на основе систематизации, интеграции, глобализации, инновационно-творческого ее применения и создания. В современных условиях образование строится на компетентностной основе. Поэтому важное значение приобретает проблема формирования у студентов в течении всей учебной деятельности общекультурных, профессиональных компетенций т.е. способность выпускника университета к использованию логики при анализе информации и принятии решений. Для реализации этого вопроса в системе образования имеются предпосылки: социальные, психологические, технологические и педагогические. К социальным предпосылкам относятся: интенсификация духовно-культурной и экономической жизни, интенсификация деятельности человека, прежде всего профессиональной и индивидуально-творческой. Психологические предпосылки аналитической подготовки будущего специалиста становятся интеллектуальная культура, образованность, профессионализм, творческий подход к делу, предельная самоотдача сил и способностей, развитие одаренности, таланта, проявляемые в деятельности.

От человека в любой профессии и историка особенно требуются умения диагностировать свою деятельность на основе: аналогии, сравнения, обобщения, систематизации, структурирования, моделирования, классификации, прогнозирования. Вышеназванные предпосылки служат ориентационной основой формирования аналитического мышления будущего специалиста, которое, в свою очередь, становится главным показателем качества образования выпускников вузов любого профиля, в том числе педагогического.

В отечественной науке уже длительное время рассматриваются различные аспекты специальной аналитической подготовки будущих специалистов. Комплексное развития интеллекта определено С. Выготским, О.С. Газманом, С.И. Гессеновым, А.И. Кочетовым, которые считают, что информация предназначена для управления и самоуправления познавательной деятельностью, индивидуализации, дифференциации обучения. На основе аналитического мышления в науке различают следующие виды анализа: содержательный, структурный, сущностный, функциональный, ценностно-ориентационный, культурологический. «Аналитическое мышление развивается от первоначального, элементарного анализа предметов и явлений к их все более глубокому изучению» (1, с. 33). Аналитическое мышление не есть только анализ, это синтезирование информации, поднятие её на все более высокий теоретический уровень. Формирование аналитического мышления предопределяет развитие целостной информационной культуры личности, сущность которой состоит в возможности, способности и умении анализировать информацию, оперировать ею в целях оптимального использования для эффективного решения исследовательских и педагогических задач.

Аналитический подход к информации с позиции формирования научного и профессионального мышления определения качества образования как характеристики собственного интеллектуального потенциала и возможностей педагогического состава образовательного учреждения. В связи с этим цели исторического образования имеют две главные составляющие: первая из них - ценностно-смысловая - связана с развитием гуманистического профессионального самосознания, профессиональной идентичности, принятием гуманистических установок; вторая заключается в технологическом овладении основами профессиональной культуры и деятельности. Профессиональная деятельность историка невозможны без высокого уровня развития у него аналитических умений, формирование навыков самореализации личности, целостного миропонимания и современного научного мировоззрения, способных к профессиональному росту и профессиональной мобильности в условиях информатизации общества и развития новых наукоемких технологий.

Поэтому первоочередными задачами в сфере исторического образования являются: разработка механизмов, создание условий для воспитания специалистов, обладающих профессиональной мобильностью и адаптивностью, осуществляющих непрерывное в течение всей жизни повышение квалификации. Так как для специалистов данной сферы в зависимости от дальнейшей деятельности, если выпускник является исследователем или занимается педагогической работой большое значение, имеет постоянный анализ и синтез источников, архивных материалов, исторической информации. Исходя из

этого аналитическое мышление, определяемое педагогической профессией, имеет следующие сущностные характеристики: оно предполагает объективную социальную оценку педагогической реальности, научную оценку информации, результативную оценку путей, средств и методов его реализации в дидактической системе на основе преобладания анализа и синтеза. Теоретическая модель формирования аналитического мышления представляет собой педагогическую систему, обеспечивающую переход студента от объективной позиции в обучении в субъективную. Где основой является осознанное принятие разноуровневых критериев, стратегических направлений, комплекса индивидуально-ориентированных педагогических форм, методов и средств активизации мыслительной деятельности.

Содержательная направленность процесса формирования аналитического мышления студентов это обучение логике аналитических рассуждений на основе сравнения, противопоставления информационных данных, анализом и синтезом предлагаемой исторической информации, установления причинно-следственных взаимосвязей. Процесс развития аналитических умений у студентов, изучающих исторические дисциплины, будет более эффективным, если:

- разработка модели развития аналитических умений ведется с учетом специфики будущей профессиональной деятельности специалиста и направлена на решение типичных профессионально значимых задач, а также осуществляется на основе интеграции дисциплин;

- процесс реализации модели развития аналитических умений построен и функционирует как системно-организованный и дифференцированный процесс, ориентированный на достижение его конечного результата - подготовку профессионала;

- педагогическая технология профессионального обучения через общение направлена на решение коммуникативных аналитических задач будущими специалистами.

Тем самым мы должны сформировать привычку смотреть на всё с разных точек зрения и умения видеть ситуацию, как в целом, так и по частям

развитию способности эффективно восстанавливать недостающую информацию путем логических умозаключений, развить навыки делать достоверные предположения о наиболее вероятных вариантах развития событий.

В процессе разработки технологии развития аналитических умений мы определили конкретный перечень методов, средств, приемов работы по развитию аналитических умений, использование которых позволяет достичь оптимальных результатов. В этот перечень вошли аналитический тренинг студентов, ролевая игра, профессиональная дискуссия, научно-исследовательский проект. Этапы усвоения исторической информации, сопряженного с ее анализом: I этап - сущностное понимание информации, ее содержательно-смысловой анализ и оценка значимости для учебного продвижения; II этап - интерпретация информации, анализ предусмотренных в ней способов ее приложения к решению конкретных проблем и самореализации студента; III этап - оптимизация усвоения объема информации и ее анализ с позиции последующего применения; IV этап - обогащение и развитие информации, сопровождающиеся аналитическим извлечением той ее части, которая необходима для ее системной организации деятельности - учебной и профессиональной. V этап - управление информационным потоком на основе анализа объектов, ситуаций, явлений с целью обнаружения закономерностей. Выделение данных технологий и этапов основано на том, чтобы повысить мотивацию студентов к изучению исторических дисциплин за счет активизации творческой деятельности, что способствует развитию аналитических умений студентов. Кроме того, эффективность данных технологий и этапов заключается в том, что она удачно сочетается со всеми другими методами, которые применяются в комплексной технологии фундаментального образования.

Для обоснования технологии формирования аналитических умений выбраны студенты 4 курса, учебные дисциплины «Источниковедение», «Историография истории Казахстана», которые призваны завершить теоретическую подготовку и углубить аналитико-диагностические умения. При этом мы руководствуемся следующими обстоятельствами:

1. студенты уже имеют умения, которые необходимы в будущей профессии, среди них аналитико-диагностические умения;

2. знания, умения и навыки, полученные студентами в результате освоения данного курса позволяют, студентам проводить анализ и синтез исторических источников и научной литературы при написании дипломных работ.

Студентам предлагались задания исключительно творческого и исследовательского характера требующие более сложных мыслительных действий, таких как анализ, синтез, сравнение, абстрагирование, обобщение, конкретизация, прогнозирование. «В целом это касается всех семинарских вопросов и СРС. Выполняя эти задания, я научилась разделять тему на части, анализировать каждую в отдельности и в совокупности, объективно оценивать каждый этап развития исторической науки, критики исторических источников делать выводы и заключения. Если первые задания казались сложными и невыполнимыми, то в дальнейшем, благодаря выработанным умениям, выполнять остальные работы было легче. В процессе решения задачи важное значение имеет прогнозирование - предвидение тех результатов, к которым может привести поиск в процессе анализа, синтеза, обобщения. Выполняя задания и опираясь на имеющиеся знания, выдвигали свои предположения, а затем проверяют их.». *Айгерим Бакытжанова студентка 4 курса – специальность «История».* «Информационно - модельные задания, несущие в себе новую информацию, охватывают, как правило, большой по объему изучаемый материал из различных разделов и тем; предусматривают вариации различных моделей в зависимости от составления и комбинации условия. Данные задания предусматривают установление множества связей, выводов и раскрывают перед нами новые свойства изучаемого источника или историографического периода». *Майра Берлибаева студентка 4 курса – специальность «История (педагогическая)»*

Исходя из практики установлено, что качественное усвоение исторической информации осуществляется на основе ее отбора для практического применения при одновременном анализе и синтезе. Данные взаимосвязи определяют сущность информационно-аналитического подхода к усвоению учебной информации по «Источниковедению» и «Историографии истории Казахстана». Концепция информационно-аналитического подхода к профессиональной подготовке специалистов историков, позволяет оптимально сформировать личности - аналитическое мышление, а также приобщение студентов к самопознанию, саморазвитию, пониманию свободы и ответственности, собственного предназначения и способности к самоактуализации.

Сегодня важнейшим требованием к высшему образованию становится приведение уровня профессиональной подготовки и качества специалистов в соответствие с потребностями общества, а именно развитие аналитического мышления как фактора адаптации к новым условиям жизни и профессиональной деятельности.

Фундамент профессиональной подготовки будущего историка - ученого, педагога составляет формирование у него аналитического мышления. Это высший уровень мышления, который включает механизмы анализа, синтеза, обобщения, осознанного и интуитивного осмысления окружающего мира, информационного насыщения деятельности, повышение качества познания и эффективности образования. При этом доминирующими ценностями выступают ценности профессии.

*1 Ждан А.Н. Аналогия. Анализ. -М.: Пед. энциклопедия. Изд. 2-е, т.1, С. 33-34*

#### **Түйіндеме**

**Студенттердің аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытатын кейбір технологиялар**

**Жақупова Г.Т.** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,

[doktor\\_zhak777@mail.ru](mailto:doktor_zhak777@mail.ru)

**Алпысбаева Н.К.** - әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ң доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,

[nurzipakz@mail.ru](mailto:nurzipakz@mail.ru)

Қазіргі таңда жоғарғы білімберуге қойылатын маңызды талаптардың бірі қоғамның сұраныстарына сай кәсіби даярлық деңгейін және мамандардың сапасын ретке келтіру, яғни, аналитикалық ойлау



кабілеттердің дамуын заман талабына сай және кәсіби қызметтеріне байланысты бейімделу факторы ретінде қарастыру. Сондықтан да жоғарғы білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі студенттердің аналитикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Аталмыш мақалада студенттердің аналитикалық ойлау қабілеттерін қалыптастырудағы технологиялар мен кезеңдерге талдау жасалады, атап айтсақ, ақпараттың мәнін түсіну, ақпаратты талдау, ақпараттың легін тиімді меңгеру және оны талдау; ақпараттың молайтылуы және дамуы, объектілерді талдау негізінде ақпараттық ағынды басқару, осылар студенттердің аналитикалық икемдіктерін дамытуға әсерін тигізеді.

**Тірек сөздер:** маман, аналитикалық ойлау, студент, ақпаратты талдау, кәсіби қызмет.

### **Summary**

#### **Some of the technology development of analytical thinking in students**

**Zhakupova G.T** – candidate of historical sciences, associate professor, KazNU the name al-Farabi,  
[doktor\\_zhak777@mail.ru](mailto:doktor_zhak777@mail.ru)

**Alpysbaeva N.K** - candidate of historical sciences, associate professor,  
KazNU the name al-Farabi, [nurzepakz@mail.ru](mailto:nurzepakz@mail.ru)

Today, the most important requirement to higher education becomes bring the level of training and quality professionals to the needs of society, namely the development of analytical thinking as a factor of adaptation to new conditions of life and professional activities. Therefore one of the tasks of higher education systems is to develop analytical thinking in students. This article analyses the technologies and stages of development of analytical thinking in students, such as, the essential understanding information; interpreting information; optimization of the absorption volume of information and its analysis; the enrichment and development information; management of information flow based on the analysis of objects that contribute to the development of analytical skills of students.

**Keywords:** specialist, analytical thinking, student, interpretation of information, and professional activities.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

ӘОЖ 94(574)(092)

АБЫЛАЙ ХАН – ТАРИХИ ТҰЛҒА

**Арыстанбекова Қ.Д.** - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы* [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru),

**Қошымова А.О.** - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс PhD докторанты* [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

Мақала қазақ хандары ішіндегі ең ірі де бірегей тұлға саналатын Абылай ханның тарихына арналады. Мақалада оның тарихта алар орны мен қалыптасқан тұлға ретіндегі сипаты қарастырылады. Сондай-ақ өз халқының қайталанбас дара тұлғасы, қиын-қыстау замандарда халқын бір орталыққа жинап бағындырған, ел басқарушысының араманы елімен бір екендігін халқына ұғындырған Абылайдың ішкі және сыртқы саясатта ұстанған бағыттарына ерекше көңіл бөлінеді. Абылай билік еткен жылдары Қазақстанның аумақтық тұтастығын қалпына келтіріп, мемлекетте айтарлықтай өзгертулерді жүзеге асыра алған бірден-бір билеуші ретінде танылған еді. Міне, осындай тұлғаның тарихы жайында көптеген пікір талас тудыратын тұстары көп-ақ. Сондай мәселелердің қатарында Абылай ханның шығу тегі мен дүниеге келген датасы мақалаға өзек болады.

Кілт сөздер. Абылай хан, Ресей, Қытай, тәуелсіздік, саясат.

Халқының жағдайын өзінің қара басының қамынан жоғары қойып, елдікті, ерлікті мұрат тұтқан, тұтастықты мақсат еткен қазақ өкілдері әр кезеңде-ақ бой көрсетіп келеді. Шүкір, ондай азаматтардан Тарих-ана ұлтымызды кенде етпеген. Мұндай жандарды (батырлар, хандар, шешендер және т.б.) тарихи өлшеммен тұлға деп атаймыз.

Бүгінгі еліміздің тәуелсіздігі – кешегі жер үшін, ел үшін үздіксіз жүргізілген күрестің нәтижесі. Ал ондай күрестердің басы-қасында, әрине, ел, халық батырлары мен хандары болып, басшылық етті. Қазақтың сондай біртуар ұлы, тарихымызда қазақ халқын бір орталыққа жұмылдыра білген тұлға – Абылай хан.

Абылай ханның тарихта алар орны өзі секілді өзге тұлғалардан ерек. Бүгінгі егемендігіміздің жарқын да баянды болуы, міне, осы сияқты хандарымыздың ерен ерлігі, асқан көрегендігі мен сыртқы және ішкі саяси жағдайды оңтайлы жүргізген саясатының арқасында десек қателеспейміз. Қазақ жерінің бірде-бір сүйемі де осындай кемеңгер тұлға, хас батырлардың еңбегінің арқасында ғана жау қолына кетпеді.

Абылай ханға қатысты көптеген мақалалар баспасөз беттерінде жарық көріп келеді. Олардың бірқатарында Абылай ханның дүниеге келуі жайындағы пікірдіңөзі, бірі оны 1711 жылы дүниеге келді десе, келесі бірі 1713 жылы туылған деп, дай-дай таласқа түсіп жатады. Сол секілді оның шыққан тегін тарататын шежіресіне келгенде де бәтуалы бір тоқтам жоқтың қасы. Себебі бір жақ Абылайдың шығу тегіне қатысты «Уәли, оның баласы Абылай, оның баласы Уәли, оның баласы Абылай хан» деген пікірді ұстанса, екінші көзқарас одан басқаша өрбиді. Оны белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбековтың сөзімен өрбітсек: «Көркем Уәлидің баласы болмаған. Ол Абылайды екі жасында асырап алған. Бірақ он шақты жылдан кейін сұлтан қайтыс болып кетеді де, жетім қалған Әбілмансұрды Төле би қолына алып тәрбиелеп, хандыққа дейін жеткізеді. Абылайдың Абылай болып қалыптасуына, кеңінен ойлап, кеңінен толғап, мәселені мемлекеттік тұрғыда шеше білуіне, жан-жақты, көпқырлы саясаткер, елші, дипломат, батыр болуына Төле би себепкер болған. Бұған Қазыбек би мен Әйтеке билердің де септігі тиген».

Жалпы Абылай ханның шығу тегіне қатысты төрт түрлі болжам бар. Оның біріншісі – Жәнібек, одан Еңсегей бойлы ер Есім, одан Салқам Жәңгір, одан Уәлибақы, одан «қанішер» Абылай, одан Көркем Уәлі, одан Абылай хан болып келетін ханның жұртқа белгілі ата-тегі. Екінші жорамал – «Қай жеріңмен төре едің, // Жаныс-Қарабайдың үйінде // Түнде туған ұл едің, // Қай жеріңмен төре едің» деп келетін тарихи

жырға байланысты. Шын мәнінде жаныс Қарабайдың баласы болса, онда туыстары қайда, сол кезде туысым еді деп неге біреу айтпаған деген ой келеді. Үшінші жорамал – Абылайдың ешқандай төре емес, тек Төле бидің ауылына қаңғып келген кірме екендігі. Төле би оның ерекше алғырлығын байқап, баяғы ханның тұқымы ғой деп, аңыз шығарып, қазақтың ежелгі үрдісімен бауырына басып, сіңіріп жіберуі. Төртінші жорамал – Шәді төре Жәңгірұлының шежіресі. Бұндай үлкен қайшылықтардың орын алуы, әрине, Абылай хан тарихының әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Абылай ханның билік еткен тұсы қазақ халқының қайта бас қосып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, Қазақ хандығының қайта шарықтаған кезі болатын.

Абылай сыртқы саясатта екі жақтық бағыт ұстанған. Бір жағынан орыс мемлекетімен жақындасса, екінші шығыста жатқан, аспан асты қытай елімен саяси байланысқа түседі. Ол екі жақтың да көңілін тауып, ел арасындағы тыныштыққа көңіл бөлді. Ал бұл туралы А. Левшин былай деп жазады: «Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра, ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен, шын мәнінде ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз патша болды» [1].

Қазақ халқының аса көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баянда» Абылайдың саясаткерлігін былайша суреттейді:

«Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.  
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы – жау,  
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?  
Сол кезде елге қорған болған Абылай,  
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап [2].

Көріп отырғанымыздай өзге хандықтардың шабуылына төтеп беруімен қатар үш алыппен (Ресей, Жоңғар, Қытай) тіл табыса білу мықты көрегендікті, білімділікті, қайрат пен жігерді, терең ойшылдықты талап етеді.

Ата жау саналған жоңғардың Абылай заманы тұсында жеңіліс тауып, бетінің қайтқаны, халқымыздың аңсаған мұратына жетуі тарих бедеріндегі аса бір керемет кезең болды. Академик В.В. Бартольд «XVIII ғасырдағы ең күшті Орта жүздің ханы Абылай болды» деп жазады [3].

Ал Шоқан Уәлиханов болса «Абылай ғасыры – қазақ ерлігінің ғасыры еді» дейді.

Тарихшы ғалым Н. Мұхаметқанұлы «XVIII ғасырдағы Чин патшалығы мен қазақтың қарым-қатынасы» атты мақаласында былай деп жазады: «1755 жылы Орта жүз ханы Абылай Чин хандығының елшілерін күтіп алған кезде, оларға Чин хандығына бағынышты болу ниетін білдірді; Ұлы мәртебелі патшаның орталық ойпатты билеп отырғанын бұрыннан естуші едім, арада асқар тау, алып өзендер көп, жер шалғай болғандықтан тарту-таралғы апара алмадық. Міне, бүгін патшаның құдіреті шалғайды шарлап, Ілені сапырып, Лама дінін көркейтті. Қазақтар мен жоңғарларға тыныштық орнатылды деп қуанып отыр. Мен шын ниетіммен мәртебелі патшаға қараймын». Абылай 1741 жылы Жоңғар қолына тұтқынға түскенде де ол елдің ішкі, сыртқы жағдайын бақылаумен болды. Олардың шайқастарда жеңіске жетулерінің сырын ұғынып, елдің, халықтың бір орталыққа бағынып, бірлікте, біріге отырып жұмылуында екендігін түйсінеді.

Абылай сөзге шешен, тапқыр, батыл болған. Жоңғар билеушісі Қалдан Церен «ол заманынан жүз жыл бұрын туды, бүкіл әлемді билеу қолынан келеді» деп оны жоғары бағалайды. Оның Қалдан Церен қолына түсіп, аман шығуы да ғажап емес пе?! Себебі жекпе-жекте Сабалақ ханның сүйікті ұлы Шарышты өлтірген болатын. Тұтқыннан босанғанда да құр қол емес, оған сый-сияпат жасалып, жоңғар ханының қызы Абылайға тұрмысқа ұзатылады. Осыған байланысты орыс деректерінде былай жазылған: «Он, Аблай, от зюнгарцев с великим награждением отпущен, а именно: дана ему палатка, шитая золотом шуба, крытая парчою золотою, палатка железная складная, панцырь и прочее» [4].

Абылай хан 1745 жылы Қалдан Церен дүние салғаннан кейін, Жоңғар билеуші топтарының такталасынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің

тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдайлармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. Оның кез келген іс-қимылы, әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды.

1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін, қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбет інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Бірақ сұлтандар мен старшындардың және Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістан қаласында Абылайды хан көтереді. Бірақ ол тек Орта жүздің ғана емес, барша қазақ жұртының ұлы ханы етіп тағайындалады. Алайда бұл орыс мемлекетіне ұнамағаны хақ. Себебі орыс патшасы Екатерина II Абылайды тек бір ғана Орта жүздің ханы ретінде танығысы келді. Оның да өзіндік ойлаған жоспарлары бар-тын. Соның бірі Қазақ хандығын бір ғана адам басқармай бірнешеуі басқарса, ел арасында кикілжіндер мен келіспеушіліктер орын алып, ел арасында іріткі пайда болады. Міне, бұл жағдай орыс елінің қазақ жеріне билігін шексіз жүргізуіне септігін тигізеді.

«Бұл бір жағынан «Бөліп ал да билей бер» саясатының көрінісі еді. И.И. Неплюевтің «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды болуы да мүмкін» деген пікірі мұны айғақтай түседі» [5]. Бірақ Абылай патшаның хандыққа бекіту үшін шақыртуына бармай: «Мені үш жүзге хан қылып сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ», – деп жауап қатады.

Абылай ханның алдына қойған басты мақсаты, арманы десек те болады, ол – қазақ халқының бірлігі, бостандығы, тәуелсіздігі. Бірақ ардақты ханның арманы орындалмай, ол дүние салғаннан кейін қазақ мемлекеті қайта ыдырай бастады. Абылай көз жұмар алдында Бұқар жырауды шақыртып ойындағысын айтады. Жырау одан «Не арман-тілегің бар?» десе керек. Абылай үш арманын айтыпты. Айтқан үш арманына тоқталайық: «1. Қан көп төгілді. Мен төкпесем, дұшпан менің қанымды төгетін болды. 2. Халқым жер емшегін еме алмады, қала-кент сала алмадым. 3. Елдің басы бірікпеді, тентегі-телісі көп болды» депті [6].

Абылай хан 69 жасқа қараған шағында Арыс өзенінің жағасында дүниеден озады. Ол туралы Ресейдің Сібір шебі әскерлерінің әміршісі генерал-майор Огаревтың Сыртқы істер коллегиясына 1781 ж. мамыр айында жазған құпия қатынасында: «Осы жылғы мамыр айының 23-і күні маған хабар жетті: қырғыз-қайсақ ордасының ханы Абылай жасы алпыс тоғызға қараған шағында, жорық үстінде ауырып, дүние салыпты», – деп жазады [7]. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қойылған.

Азаттық күрес жолында білікті басшы болған Абылай ханның тұлғасы, бейнесі Бұқар, Үмбетей, Шәді төре Жәңгірұлы жырларында, І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділовтың, т.б. туындыларында сомдалды.

Абылай өз заманының тынысын да, ағысын да, даму барысын да терең түсінген қайраткер еді. Қазақ хандарының ішінде Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бір хан жоқ.

Сонымен, қорыта айтқанда, Абылай – қазақ халқы өз бостандығына өзі ие, егеменді, тәуелсіз ел болсын деген саясат жүргізді. Сол жолда қызмет атқарды, соңында үш арманының бірі болған тәуелсіз елдігі міне бүгінгі таңда іске асып, Қазақстан өз алдына жеке мемлекет, ішкі, сыртқы саясатын өзі жүргізетін тәуелсіздікке, дербестікке қол жеткізді.

1. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общ. акад. М.К. Козыбаев). – Алматы, «Санат», 2009. – 656 б.

2. Батырлар жыры, 6-том. Тарихи өлең-толғаулар, дастандар. /Құраст. (Е. Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2008. – 226 б.

3. Бартольд В.В. История тюрко-монгольских народов. М., 1968. -5 т.

4. Қаражан Қ.С. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. – Алматы, 2008. – 106 б.

5. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 47 б.

6. Абылай хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). – Алматы: Ғылым, 1993– 60 б.

7. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 133 б.

## АБЫЛАЙХАН – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ

**Арыстанбекова К.Д.** -старший преподаватель факультета Довузовского образования [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

**Кошымова А.О.** – PhD докторант, [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

### Резюме

Статья посвящена исследованию исторической личности выдающегося казахского правителя, полководца Абылай хана. В статье рассматривается место и роль Абылай хана в истории казахского народа. Автором особое внимание уделяется раскрытию личностных качеств и взглядов, а также изучению внутренней и внешней политики Абылай хана. Всю свою деятельность Абылай хан направил на упрочнение казахского ханства. Благодаря мудрой политике он сумел обезопасить свою землю от агрессивных соседей. Тем самым Абылай хан заслужил любовь и уважение народа. Во время своего правления Абылай хан восстановил суверенитет Казахстана и осуществил значимые политические реформы.

**Ключевые слова.** Абылай хан, Россия, Китай, независимость, политика.

## ABYLAIKHAN IS A HISTORICAL PERSON

**Arystanbekova K.D.** - Senior Lecturer, Faculty of Pre-University Education, [dankura@mail.ru](mailto:dankura@mail.ru)

**Koshymova A.O.** – Doctor student, [aknur\\_k@mail.ru](mailto:aknur_k@mail.ru)

### Abylai khan is a historical person

### Summary

The article investigates the historical personality of the outstanding Kazakh ruler, commander Abylai khan. The article examines the place and role Abylai khan in the history of Kazakh people. The author focuses on the disclosure of personal qualities and attitudes, as well as the study of domestic and foreign policy Abylai khan. All its Abylai khan directed at strengthening of the Kazakh Khanate. Thanks to the wise policy he managed to protect their land from aggressive neighbors. Thus Abylai Khan earned the love and respect of the people. During his reign, Abylai Khan regained sovereignty of Kazakhstan and implemented significant political reforms.

**Keywords.** Abylai Khan, Russia, China, Independence, politics.

## ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ӘӨЖ 94(574) «1917»:929

### ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ЕҢБЕГІ

Абдреймова М.С. - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің*  
2-курс магистранты [Abdreymova\\_madina@mail.ru](mailto:Abdreymova_madina@mail.ru)

Автор бұл мақалада ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі «Түркістан автономиясының» дүниеге келуінің тарихи жағдайларын, түбі бір түркі халықтарының интеграциялануы үдерістерін, 1916 жылғы көтерілістен кейінгі тарихи жағдайды зерттеді. Әсіресе, Ресейдің алғашқы буржуазиялық революциясының нәтижесінде қалыптасқан ахуалға орай өзіндік пікірін білдірген ұлттық саяси элитаның игі бастамаларын қарастырды. Сонымен қатар ұлттық негіздегі автономияны құруға тырысқан зиялы қауым өкілдерін атап көрсетті. Әсіресе, бұл қатарда Нәзір Төреқұловтың орны ерекше. Өйткені тоталитарлық режим және цензура үстемдік етіп тұрған зұлмат заманда ұлттық мемлекет мәртебесі туралы батыл сөз қозғағандардың алғашқы толқынында Нәзір Төреқұловтың есімі белгілі. Сонымен қатар мақалада Н. Төреқұловтың өмірімен қызметі қарастырылды.

**Кілт сөздер:** «Түркістан автономиясы», ұлт, интеллигенция, империя, революция, большевиктер, социализм, партия, интернационал, ұлт-азаттық қозғалыс.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ елінде ірілі-ұсақты тарихи оқиғалар орын алып, мемлекеттің болашаққа деген бағыт-бағдарын айқындап берді. Алып империяның орталық алаңында Қазан төңкерісіне дейін орын алған саяси шиеленістер мен теке-тірестер оның перифериялық аймағына да өзіндік септігін тигізбей қоймады.

Тарихи кезең өз қайраткерлерін тудырып, қабілеті бар жастар тез өмір сахнасына шыға бастады. Бұлардың алдыңғы толқынында жиырмасыншы жылдары жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтқали Меңдешев, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Нәзір Төреқұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Тұрар Рысқұлов және тағы басқа зиялы қауым өкілдері бар еді.

Осындай ұлт зиялыларының қатарында шоқтығы биік ұландардың бірі Нәзір Төреқұловты ерекшелеп көрсеткен жөн. Өйткені Н. Төреқұлов Түркістан автономиясының құрылуы, алғашқы мұсылман автономиялық мемлекеті мен партиясының дүниеге келуі үшін аянбай еңбек етті. Ол сол кезеңде орын алып жатқан тарихи жағдайды баяндауға тырысты. Мәселен, Нәзір Ресей отаршылдығының Түркістан халықтарына қаншалықты қасірет болып жабысқанын жан-жүрегімен сезді. Ол: «Түркістан автономиялық республикасы» деген еңбегінде: «бұл Ресей Түркістанды шикізат өндіретін ел ретінде санап, оның мәдени өркендеуіне мүдделі болмай, қайта жергілікті халықтардың ұлттық дамуына барынша тежеп отыр», -деп әшкерелейді [1]. Мәселен, 1915-1916 жылдары Орта Азияда мақта өнімі Ресей тоқыма өнеркәсібіне қажетті шикізаттың тең жарымын өндіргенімен, жергілікті халық әлеуметтік теңсіздік қыспағында қала бергенін, қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алудың тұрпайы зорлықпен жүргізілгенін дәлелді талдайды: «Қазақтардың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, ондағы шаруашылықты тып-типыл етті. Ақ патшаның әмірін орындаушымыз деген қазақтар мен кулактар күннен-күнге жергілікті халықты талам-таражға ұшыратып, елді тонады, күш көрсетті. Жер-жердегі әкімшілік орындары кулактардың қолтығынан су бүркіп отырды, жергілікті халықтың жеке меншігіне ешқандай кепілдіктің болмауының, керісінше, отаршылдардың жүгенсіздігін қоштауының салдары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне әкеліп соқтырды» деп жазды [2].

Ол қазақ халқының біртуар перзенттері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтармен жақын араласып, өзіне ұстаз тұтып, құрметтеген. 1916 жылы патша өкіметінің озбырлық саясаты салдарынан Орта Азия жастарының бір тобы Батыс майданындағы Белоруссияға қара жұмысқа жіберілді. Осылардың қатарына Нәзір де бар еді. Ол Мәскеудегі оқуын тастап осы жерге келген Төреқұлов «Земсоюз» мекемесінде нұсқаушы болып орналасты. Сол кезеңдер жайында Н. Төреқұлов былай деген болатын: «Сол жылдардағы мендегі түйсікпен социал-демократтар қатарына кіру мүмкін

емес. Өйткені, мен саяси-демократтар жолды таңдау үшін ескі және жаңа шаһар ортасында сарсаң болып жүрген едім. Мұсылмандар арасында тәрбие алғандықтан, әлеуметтік тегімді ұмытпағандықтан һәм соңынан 1916 жылғы халық толқуын көрген соң біржола халықтың көзқарасы жағына шықтым», - деп ағынан жарылып мойындапты, содан бастап-ақ патшаның отарлау саясатын әшкерелеу, Түркістан өлкені еңбекшілерінің ұлт-азаттық көтерілісіне ден беру мақсатымен Минск қаласы маңында «Еркін дала» атты құпия қоғам құрды [3].

Бұл қоғамның атқарған жұмысы орасан зор. Осылайша, Нәзір Төрәқұлов қоғамның саяси өміріне білек сыбана батыр да, батыл түрде кірісіп кетті. Н. Төрәқұловтың білек сыбанып, саясатқа араласуы, тағдырдың жазуымен 1916 жылғы оқиғаларына тұспа-тұс келді. Оның бір ерекшелігі осынау ұлт-азаттық көтеріліске құр еніп қоймай, батыс майданындағы тыл жұмыстарының бел ортасында дүруі. Н. Төрәқұлов бұлдыр болашағына жол нұсқар ортаны Әлихан Бөкейханов бастаған алаш қайраткерлерінің арасынан тапқан. Ал олар Нәзір Төрәқұловтан үміт күтіп, оған тәлім-тәрбие берді. Осылардың үмітін арқалап, үш-төрт жылда Нәзір ел бастаған көсемге, Түркістан автономиялық республикасының билігін ұстаған мемлекеттік қайраткерге айналып шыға келді. Яғни Нәзір Төрәқұловты баураған социал-демократтар емес, ұлттық демократия-Алаш қайраткерлері болатын.

1916 жылы патша үкіметі Түркістанның жергілікті халқын тыл жұмысына алу туралы жарлығын жариялағанда, ол земстволар одағынан нұсқаушы ретінде қызметке кірді. «Тыл жұмысына шақырылған түземдік жұмысшыларға көмектесу» ниетімен келген Төрәқұлов өзі үш жыл оқыған институтты тастап, тыл жұмысшыларымен еліне қайтқанша сол қызметте қала берді [4].

Н. Төрәқұлов отандастарының ауыр тағдырына, өкімет орындарының әділетсіздігіне, тіршілік тауқыметіне бұрын да бей жай қарамайтын. Қоқанда тұрған кезінде-ақ қыстақтардағы жарсыз-жақыбайлардың әкесіне мұңын шағып келетінін, байлардың, кулактардың зорлық зомбылығы туралы жоғарыдағы басшыларға шағым жазып беруін өкінетінін көріп өсті. Жан баласын жатырқамайтын Нәзір келгендердің жай-жапсарын сұрастырып, заңсыздыққа ызаланатын. Ол арызданып келгенімен, шындыққа жете алмай, жаны жабырқауларды, ұрыс-сөгіс естіп мүлдем қарасын батырғандарды жиі көріп өскен.

1918 жылы Қоқан қаласында төңкеріс комитетінің хатшысы, Қоқан кеңесінің жұмысын атқара жүріп, оның баспасыз органы «Халық газетасын» шығаруға қатысты. Кейін Ферғана облыстық төңкеріс комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерілді. Облыстық халық ағарту бөлімінің бастығы қызметін атқара жүріп «Жаңа Шығыс», «Ферғана» газетінің редакторы болды [5].

Ол 1917 жылы әскерлердің ықпалымен саясатқа біржола ден қойғанымен, 1918 жылдың қазанында большевиктерге қосылады да, артынша өз еркімен Қызыл армияның қатарына өтеді. Түркістан майданының революциялық әскери кеңесінің мүшесі, Бүкілодақтық коммунистер партиясының Орта Азия бюросының мүшесі болды [6].

Жалпы, 1918 жылдың 23 наурызы мен 3 сәуірі аралығындағы он күнге созылған Торғай облыстық кеңестері І съезінің қазақ арасында кеңес үкіметінің билігін нығайтудағы тарихи орны бөлек екені даусыз. Нәзір осы съезге арнайы шақырылып, «Қазақ мұңы» газетінің редакторлығына сайланады [7]. Көршілес өзбек ағайындар Нәзірді төл перзенттері санап, қатты құрметтейді. Мәселен, Ташкент қаласында №283 орта мектепке, осы шаһардың А. Икрамов ауданындағы Шараф Рашидов мақаласында, бір үлкен көшеге, төрт тұйық көшеге Нәзір Төрәқұловтың аты берілген. Қоқан қаласында Нәзір атындағы көшеде «Түркістан және Өзбекстан мемлекетінің көрнекті қайраткері» деп жазылған ммориалды тақта қойылған [8].

1918 жылы Төрәқұлов Қоқан-Кеңес депутаттары революциялық кемитетінің секретары, 1918-1919 жылдарда Ферғана облыстық ревкомның төрағасы, Түркістан ОАК мүшесі, Түркістан республикасының ағарту комиссары, «Вестник просвещения коммунистической культуры» журналының редакторы тәрізді қызметтерде болды. Бұдан әрі Нәзірдің қызметі Мәскеуде жалғасты.

Төрәқұлов-талантты, көпқырлы журналист еді. Ең алдымен ол еңбектерін қазақ, өзбек, орыс тіндерінде қатар жариялағанын атап өту керек. Ол Түркістанда жұмыс істеген жылдарында өзбек және орыс тілдеріндегі бірталай газет, журналдардың редакторы және белсенді шығарушылардың бірі болған. Бұған оның «Ынтымақ» журналында, «Қызыл байрақ», «Ферғана» газеттеріне басылған алпысқа жуық жарияланған дәлел бола алады.

Оның орыс тіліндегі еңбектерінің маңызы зор. Еңбектерінің тематикасы көп спектрлі. Бұлардың ішінен саяси шолу да, тіл, дін, мәдениет, дәстүр проблемасын қозғайтын мақалалар, аудармалар, сын кітаптар да кездеседі. «Автономияшылдар» қуылғаннан кейін Н. Төрәқұлов Қоқан жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесінің хатшысы және оқу ағарту комиссары, Скобелова қаласында облревком төралқасының мүшесі және оқу ағарту бөлімінің меңгеруші қызметтерін атқарған. Бұл кезде

ол солшыл әскери қатарында жүріп, осы партияның жергілікті ұйымы төрағасының орынбасары міндетін атқарады.

1920-1922 жылдары Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, Түркістан коммунистік партиясының бірінші хатшысы, халық ағарту комиссары сияқты көптеген жауапты қызметтерді атқарды. Н. Төрәқұловтың ел басқару қызметкерінің негізгі арқауы халықты азатыққа, тәуелсіздікке жетелеу болды.

1921 жылдың 21-25 тамызында Кеңестердің бүкіл Түркістандық X съезінде Нәзір Төрәқұлов есепті баяндама жасап, Түркістан Атқару Комитеті жанынан ұлттық білімін ашуды сұрады. Түркістан мұсылман бюросын құрған кезінде, Түркістан Атқару Комитетінің жанында қазақ, өзбек, түркімен бөлімшелерін ұйымдастырып, жергілікті халық мәселесіне айрықша көңіл бөлді.

22-мамыр мен 6-маусым аралығында Түркәстан республикасы оқу-ағарту қызметкерлерінің I съезі өткен. оны шақыруға бастама көтерген Нәзір Төрәқұлов онда оқу-ағарту комиссарларының міндетін саралаған баяндама жасады. Делегаттар оннан астам ортақ мәселені ортаға салып, аса зәруіне тоқталып пікір алысқан. Съезд қарарында кеңес мектептерін көптеп ашу, мұғалімдерді тәрбиелеу, кадр тандау, жат элементтерге қарсы күресу, ендігіде мұндай нұсқауларға жол бермеу қажеттігіне назар аударды [10].

Түркістанда өзбек тілінде мектеп оқулықтарын құрастырып, баспадан шығаруға басшылық жасаған болатын. Оған қоса, Төрәқұлов, көрші жатқан бауыр халықтар арасында да дипломатиялық қызметтер атқарған. Мысалы, Ферғана алқабының қыстақтарында әлденеше рет болып, әскери қақтығыстарды шешуге атсалысқан, Түркістан майданының революциялық әскери кеңесімен тығыз байланыс жасап отырған [6].

Түркістан компартиясының IV съезіне «Ферғана мәселесі» жөнінде ол жасаған баяндама негізінде қабылданған қаулылардың өзі-ақ айғақтайды. Бұл шешімдерде басшылық «тек қана мұсылман байлардың таптық және сословиелік артықшылықтарын қорғауға бағытталған контрреволюциялық антикеңестік қозғалыс» деп айыпталды. Сол кезде бұл контрреволюциялық-бандиттік бағыт ұстаған басшылықтың мәніне берілген баға еді. Ферғананың Түркістан республикасы ғана емес, бүкіл Кеңес Федерациясы үшін саяси, әсіресе экономикалық маңызын мойындаған съезд бандиттік басшылық жасақтарын жою жөнінде шұғыл шаралар белгіленген болатын [3].

Басмашылардың негізгі күштері талқандалған соң олардың басшылары сотқа тартылды. Маңызды саяси және бар ашық соттар ұйымдастырылды, өйткені оларда қоғамдық айыптаушыларға ерекше рөл берілді. Мұндай айыптаушылардың қатарында қарапайым диқандар ғана емес, республиканың саяси жұмыста белгілі бір дәрежеде шындалған жауаты қызметкерлері де болған [4].

Сот барысы баспасөзде кеңінен жазылды. Газет материалдарында қоғамдық айыптаушы Нәзір Төрәқұловтың саяси қайраткері ретінде өз міндетін жете білуімен, басмашылардың контрреволюциялық мәнін ашып көрсетуде, сотқа көмектесіп қана қоймай, өзінің қайсарлығын көрсеткен. Ол өзінің сөзін саяси пафоспен жеткізіп, оны естен шықпас эпизодтармен, фактілермен, айқын тұжырымдармен жасады. Аталмыш сотқа қатысқан, кейіннен Кеңес армиясының генерал-лейтенанты дәрежесіне көтерілген Я.Д.Чанышев: ТКП ОК-нің хатшысы Н. Төрәқұлов айқындығымен, шындығымен әрі қайтпас бір беттігімен жұрттың бәрін таңырқата тамаша сөз сойледі деп еске алады [9].

Іс жүзінде Түркістанның жетекшісіне айналған Н. Төрәқұлов өзін нағыз көсбасшы және білікті маман ретінде көрсете білді. Ол жаңа өкіметтің алдынан туындайтын проблемалардың өзегіне жергілікті жерлерде үңілу үшін республиканың әртүрлі облыстарын жиі аралап тұрды. Түрлі деңгейдегі съездерге қатысып, сөз сөйлейді, жиналастар мен митингілерге жұмысшылармен, қызыл гвардияшылармен, диқандармен жүздесті. Ол әуел бастан-ақ бұқараның үніне құлақ аса білу, әрбір адамға ықыласпен қарау халық жетекшісінің ең негізгі қасиеттерінің бірі екендігін көкейіне мықтап түйген. Елдің ұлттық экономикасын қалыптастыруға ұмтылған Н. Төрәқұлов оны өрлетіп, гүлдендірудің негізгі, тек ауыл шаруашылық өндірісін ғана емес, жергілікті өнеркәсіпті де дамыту деп білді.

Түркістан республикасы Кеңестерінің X съезінде Н. Төрәқұлов жер реформасы секілді қабырғалы мәселе жөнінде өзіне тән нақ сезіммен былай дейді: «Бұл міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Түркістан Орталық Атқару Комитеті басшылығымен ең алдымен жер реформасын белгіледі, ол туралы Түркістан басылымдарында көп жазылады, ол туралы әртүрлі съездерде көп айтылды. Жер реформасы туралы ой қадап айтатын, көктен түскен жоқ, ол Түркістанның өз шындығынан, революцияның өзінен туындаған, ол ең үлкен міндетретінде алға тартты, Түркістан ОАК-ін оны тез арада жүргізуге мәжбүр етті... Бұл жөнінде осы тақырыпқа жер шаруашылығы халық комиссарының арнайы баяндамасында айтылған менің міндетім – атқарылған іске жалпы саяси және экономикалық баға беру әрі тиісті қорытынды жасау», деген болатын [7, 100 б.]. Нәзір 1923 жылдың көктемінен бастап қолға алу жоспарланған Жетісу темір жолының



құрылысына да көп үміт артты, себебі бұл жас республиканы Түркістанның астық проблемасын шешуге жақындата түсетін [10].

Қорыта айтқанда, Нәзір Төрекұловтың Түркістан автономиясының құрылуы мәселесіне сіңірген еңбегі өте мол. Қазақ зиялыларының өкілі ретінде ұлттық автономия мен мұсылман мәртебесі үшін аянбай күрес жүргізді. Кеңес өкіметінің солақай саясатын ашық әшкерелей отырып, ұлттық қозғалыстарды қолдады. Қалың бұқараның азаттығы мен еркіндігі, құқықтары мен бостандықтары үшін тер төкті. Сол себепті Нәзір Төрекұлов сынды азаматты ұлтымыздың мақтанышы ретінде бағалау – бізге сын.

1. Әлмашұлы Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – А.: Алаш, 2004. – 135 б.

2. Н. Төрекұлов. Шығармалары. – Шымкент: Ордабасы. - 1996. – 4 б.

3. Г. Төлеуқұлов. Жазықсыз жазаланғандар. – Ташкент. – 2000. – 20 б.

4. Әбдізұлы Қ. Алаш перзенті // Егемен Қазақстан. – 2007. – 3 тамыз. - 5 б.

5. Мұсадиева А. Нәзір Төрекұловтың мұрасы-тарихи дерек көзі ретінде // Ақиқат. - 2005. - №10. – 154-155 бб.

6. Кәкішев Т. Нәзір Төрекұловтың қайраткерлігі: беймәлім тағдыр және тарихи әділдік // Қазақ әдебиеті. – 2004. - №20. – 11 б.

7. Ы. Ысмаилұлы, Әшірбек С. және т.б. Нәзір Төрекұловтың шығармалары: Дипломат, А.: Қазақстан, 1997. – 336 б.

8. Көп томдық шығармалар жинағы: зерттеулер, мақалалар. – А.: Ел-шежіре, 2007. – 256 б.

9. Н. Назаров. Түркістанның туын ұстап өткен ер // Әзіретті Түркістан. - 2001. – №28. – 3 б.

10. Т. Мансұров. Тағлымға тағзым // Жас Алаш. - 2003. – 30 қазан. – 5 б.

Абдреймова М.С. – магистрант 2 курса КазНУ им. аль - Фараби

[Abdreymova\\_madina@mail.ru](mailto:Abdreymova_madina@mail.ru)

Труды Назира Турекулова в строении Туркестанской автономии

**Аннотация.** В данной статье автор рассматривает историческую картину возникновения «Туркестанской автономии», консолидацию тюркоязычных народов, исторические события после восстания 1916 года. Особенно надо уделять внимание национальной интеллигенции после первой русской буржуазной революции, которая происходила в России и ее элементы повлиявшие на культурную жизнь казахов. Также автор в статье пытался показать роль и деятельность интеллигенции, которые хотели создать национальную автономию под эгидой тюркизма. Один из лидеров национальной интеллигенции был назир Турекулов. Как один из лидеров Туркестанской автономии смело выдержав давление со стороны центральной власти, объявлял о статусе национального государства. Также уделяется внимание роли и деятельности Назира Турекулова.

**Ключевые слова:** «Туркестанская автономия», нация, интеллигенция, империя, революция, большевики, социализм, партия, интернационал, национально-освободительное движение.

Abdreimova M.S. - 2 undergraduate courses KazNU the name al-Farabi

**Work of Nazir Torekulov at Turkestan autonomy construction**

**Summary.** In this essay the author examines the historical emagine of the emergence of "Turkestan autonomy", the consolidation of the turkic-speaking peoples, historical event after the 1916 uprising. Especially need to pay attention to the national intelligency after the first russian bourgeois revolution that took place in Russia and its elements influenced the cultural life of the Kazakhs. Also the author of the article tried to show the role and activities of the intelligency, who wanted to create a national autonomy under the aegis of Turkism. One of the leaders of the national intelligency was NazirTurekul. As one of the leaders of the Turkestan autonomy safely withstand the pressure from the central state announced the status of a national state. Also focuses on the role and activities Nazir Turekul.

**Keywords:** "Turkestan autonomy", the nation, the intelligentsia, the Empire, the revolution, the bolsheviks, socialism, party, International, the national liberation movement.

УДК: 394.26(574+581)

## ПРАЗДНОВАНИЕ НАУРЫЗ В КАЗАХСТАНЕ И АФГАНИСТАНЕ

Адиб Абрахми Мохаммад Шариф - КазНПУ им. Абая, магистрант 2 курса

Данная статья посвящена празднованию Наурыза в Казахстане и Афганистане. На сегодня по данной проблеме написана не мало работ, но сравнительный анализ празднования и выявления специфических особенностей с учетом традиционного празднования Наурыз, не была специальным объектом исследования для исследователей. Это праздник сохранения национальных и исторических традиций, также является одним из древнейших праздников, который объединяет разные культуры и народы, в том числе Казахстан и Афганистан. Наурыз был включен в 2009 году в Репрезентативный список ЮНЕСКО по нематериальному культурному наследию человечества, а также имеет статус культурного наследия, который способствует сохранению ценностей мира и солидарности между поколениями и внутри семьи, а также примирения и добрососедства, тем самым способствуя дальнейшему укреплению интеграции народов

**Ключевые слова:** зороастризм, Наурыз, традиция, интеграция, культурное наследие, культурная ценность, обряд, обычай

Праздник Наурыз - один из самых древних праздников на Земле. Он отмечается уже более пяти тысяч лет как праздник весны и обновления природы многими народами Передней и Средней Азии, а по некоторым данным и у восточных славян. Исторические сведения об этом празднике встречаются в трудах многих античных и средневековых авторов. По восточному летоисчислению он соответствует иранскому Новому году (Навруз). Из поколения в поколение передавали традиции празднования Наурыза казахи, узбеки, уйгуры. Таджики называли его «Гульгардон» или «Гульнавруз», татары – «Нардуган», а древним грекам он был известен как «Патрих». Корни праздника можно отыскать в древних языческих обрядах. Сама по себе форма празднования с глубокой древности несла в себе принципы любви к природе. Несмотря на давность, этот праздник сохранился в народной памяти, и в настоящее время приобрел новый духовно-этический смысл. Термин «Наурыз», как известно, означает новый день или время обновления или древний восточный «Новый год». По сравнению с другими традиционными празднованиями «Нового года» разных народов его истинность и планетарность подтверждена тем, что он начинается в день весеннего равноденствия или начала нового солнцестояния. То есть, это взаимосвязь космоса и земли предвещает новый импульс, обновление, возрождение природы и всего живого, в том числе и человека. Значение слова «наурыз» – словосочетание, корнями являются персидские слова «нау» (новый) и «руз» (день). Но надо иметь в виду тот факт, что в коптском словаре (Египет) существует слово «нияру». Впоследствии, греки, по своему обычаю, изменили произношение иностранного слова, присоединив к корню «нияру» букву «с». Получился «ниярус», наподобие «антони-антонис». Что интересно, коптское слово «нияру» переводится как «дни». И еще один интересный факт, связанный со словом «нияру». Нияру – название весеннего периода, а именно дней, соответствующих мартовским дням. Интересен тот факт, что в коптском языке существует и слово «ниярус», которое дословно переводится как «празднество благодатных дней». И согласно лингвистическим исследованиям египетских, а именно коптских ученых, прародителем персидского слова «науруз» является коптский корень «нияру». Как известно, что коптская культура существовала еще до происхождения календарей, и возможно более молодая культура Месопотамии впоследствии переняла это слово от коптов. Это говорит о том, что изучение происхождения слова «Наурыз» остается открытым [1]. На территории стран бывшего Содружества Независимых Государств, праздник Наурыз, в основном широко отмечается в республиках Средней Азии, как Казахстан, Узбекистан, Туркменистан, Кыргызстан, Таджикистан. По древнему летоисчислению этот день обычно совпадал с 22 марта - днем весеннего равноденствия. Поэтому казахи называли месяц март - Наурыз. Считалось, что в этот день происходит обновление в природе, гремит первый весенний гром, происходит набухание почек на деревьях, буйно прорастает зелень. Следует отметить, что Наурыз мейрамы как нерелигиозный праздник весны и обновления имеет общие корни и параллели с проходами зимы и многими другими значимыми моментами в жизни всех народов Казахстана. Если в этот день рождались мальчики, их называли по традиции Наурызбайями или Наурызбеками, а девочек просто Наурыз или Наурызгуль. Если в этот день выпадал снег, то это считалось добрым знаком. Даже девичью красоту в казахских легендах сравнивают с белым снегом Наурыза, поскольку в марте месяце обычно идет мягкий пушистый снег с особенной белизной. В далеком

прошлом казахи называли Наурыз Днем улуса - народа или Великим днем улуса. В народе повелось: чем щедрее будет отмечен праздник Наурыз, тем благополучнее пройдет год. Отсюда и изобилие праздничных обычаев и атрибутов. Накануне праздника весеннего равноденствия люди приводили в порядок жилье, расплачивались с долгами, мирились находившиеся в ссоре, ибо, как утверждали старики, когда Наурыз входит в их дома, все болезни и неудачи должны обходить их стороной. В ночь перед торжеством в знак пожелания обилия молока, урожая и дождя все емкости наполняли молоком, айраном, зерном, ключевой водой, а в день Наурыза все старались быть в добром расположении духа, при встрече заключали друг друга в объятия, высказывали самые добрые пожелания, чтобы все невзгоды и беды миновали их. Празднование Наурыза начиналось традиционной встречей рассвета, связанного со старинным ритуалом – «Если увидишь родник - расчищай его исток». Встречая рассвет, все взрослое население, молодежь и дети, взяв в руки лопаты, кетмени, собирались в условленном месте у родника или арыка и производили его расчистку. Затем все вместе под руководством почтенных стариков производили посадку деревьев. При этом по установившейся традиции произносились слова: «Пусть останется в памяти от человека дерево, нежели стадо», «Срубил одно дерево - посади десять». После исполнения ритуальных мероприятий три человека в образе жыршы - зазывалы (глашатая) обходили все улицы, площади, дворы и звали всех на праздник. Они одевались в яркие, праздничные костюмы. Ими могли быть персонажи казахских сказок - Алдар Косе, Жиренше и красавица Карашаш. После этого начиналось праздничное представление. Люди веселились, поздравляли друг друга с наступлением Нового года, желали друг другу добра, пели песни, которые издавна были сложены специально для этого праздника - Наурыз жыр, устраивали борьбу мужчины с женщиной, состязания в скороговорках - жанылтпаш, отгадывании загадок - жумбак. В эти дни готовилось много еды, которая символизировала достаток и изобилие в наступающем году. В полдень на установленном месте у селения резали быка и варили из его мяса блюдо «бель-котерер», что означает «выпрямляющий стан», поскольку бык считался одним из самых сильных животных, и пища из него давала людям силу и выносливость. Дастархан накрывали в каждой семье. Трапеза приурочивалась к полудню, до и после которой мулла читал молитвы в честь предков. По завершении старший по возрасту из присутствующих давал благословение (бата), чтобы из года в год благополучие не покидало семьи. У казахов при праздновании Наурыза обязательным являлось присутствие числа «7», которое олицетворяет семь дней недели - единицы времени вселенской вечности: перед аксакалами ставились семь чаш с напитком Наурыз-коже, приготовленным из семи сортов семи видов злаков. В состав семи компонентов обычно входили мясо, соль, жир, лук, пшеница, курт, ирим-шик (творог) [2].

В эпоху сложения тоталитарной системы, когда все национальное было признано несущественным, а все упоминания о традиционном наследии причислены к анахронизмам и пережиткам древности, Наурыз мейрамы был отменен (1926 г.) Впервые после долгих лет забвения в Казахстане он праздновался в 1988 году и, как ни странно, получил широкий общественный резонанс. Официальное признание Праздник Наурыз приобрел 15 марта 1991 года после выхода Указа Президента Казахской ССР «О народном празднике весны – Наурыз мейрамы». Президент страны объявил 22 марта, день весеннего равноденствия, праздничным днем – «Наурыз мейрамы», а с 2009 года праздник отмечается 3 дня подряд, начиная с 21 марта. Эти три дня в Казахстане объявлены нерабочими. С этого времени началось широкое празднование «Наурыз мейрамы» по всей республике. Безусловно, современные очертания праздника существенно отличаются от их прежнего содержания. Это не только театрализованные представления и богато убранные юрты, вкусно приготовленный наурыз-коже, но и проведение благотворительных акций, народно-спортивных игр, уход за зелеными насаждениями, посадка деревьев, очистка парковых и других зон отдыха, улиц и площадей. В наши дни «Наурыз мейрамы» стал общенародным праздником весны, труда и единства.

Сегодня этот праздник одинаково дорог всем народам, живущим в многонациональном Казахстане. Таким образом, древний праздник Наурыз гармонично трансформировался в современную жизнь, сохранив преемственность традиций древности [3].

Празднование Наурыз во все периоды истории Афганистана, является как один из старейших праздников арийцев в наследие тысячи лет. Также является Наурыз одним из ценных традиционных праздников одним из основных показателей культуры страны Афганистан. Итак, Наурыз в Афганистане имеет более 3000 летнюю историю и уходит глубокими корнями в зороастрийскую религию и празднуется сегодня как один из крупнейших в стране, от древних времен до наших дней, первый день первого месяца солнечного года, когда день и ночь равны. Праздник Наурыз сопровождается спортивными соревнованиями и развлечениями, проводятся бузкаши (конные скачки), борьба, народные

танцы, дартс игры, игры в мяч, запускают воздушных змей [4]. С появлением и распространением ислама, в празднование Наурыза приходят и религиозные элементы. Это получило дальнейшее развитие и сохранилось до сих пор. В Афганистане подготовка к празднику начинается за сорок дней. В мавзолее четвертого Халифа ислама Али «Хайдар», которая расположена в исторической провинции Балх, с разных уголков страны собираются немощные и инвалиды. Днем и ночью они молятся Аллаху с надеждой, что он услышит их наврузную молитву. Считается, что Бог слышит искренние молитвы людей в эти дни [5]. В Мазари Шериф, где люди считают, похоронен Имам Али торжества имеют религиозное измерение. Праздник начинается с поднятия зеленого религиозного флага. В течение нескольких недель, пока Янда не завершится во второй церемонии на 13-й день Нового Года, город будет принимать десятки тысяч посетителей со всей Афганистане. Поднятие жанда (флага), у мавзолея Хазрат Али, в Мазари-Шариф, Кабуле и преследует свою традицию. Каждый человек может взять флаг и поставить его на свое место, если флаг удастся быстро поставить, то год сулит быть удачным и процветающим. Так же в эти дни по всей стране расцветают розы, что также считается праздничным. Регион Балх отличается особым изобилием роз.

В первый день Нового года, великолепные церемонии, проходят в храме, в размере сотен тысяч соотечественников со всех уголков страны и даже соседи по Центральной Азии приезжают, чтобы посетить его. В Мазари-Шарифе, Новый год, определенным образом связан с цветком под названием "Роуз Бар" (или Праздник Розы) проводится. В Новый год дома, сады и парки, дороги и улицы делаются безопасными и чистыми. Особое внимание уделяется чистоте парка Храма Мазари. В первый день Нового года, десятки тысяч людей собираются у могил, приписываемых Али ибн Аби Талиба с утра. Губернатор, наряду с руководителями государственных органов, судей и высокопоставленных чиновников и священнослужителей собираются во дворе гробницы, а затем в знак уважения играют музыку, и после прочтения первой главы Корана и выступления губернатора завершается молитвой благословения. Чтобы наступающий год был счастливым, запрещается плакать, нервничать, сердиться, наказывать детей [6]. В Афганистане готовят «Семь фруктов», а не «Семи син», который является общим в Иране. Семь фруктов, как фруктовый салат, сделанный из 7 различных сухофруктов: изюм, сенжэд (Senjed) (сухофрукты из лоха дерева), фисташка, фундук, чернослив (сухой плод сливы) и грецкий орех (или миндаль или другой вид плода сливы). Также готовят «Самонаг»- это особый тип сладкого блюдо из ростков пшеницы, который имеет большое значение в празднований. Женщины устраивают особую вечеринку для его приготовления, распевая хором специальную, также традиционные.

Фестиваль Гули Сурх, что буквально означает красный цветок фестиваля, является старым праздником, отмечаемый только в Мазари-Шариф в течение первых 40 дней в году, когда цветут тюльпаны. Люди путешествуют из разных уголков страны в Мазари-Шариф для того, чтобы посетить фестиваль. Он отмечается наряду с проведением Церемонии поднятия флага, которая проводится в священной Голубой мечети Мазари. Это место считается в основном для суннитских афганцев, местом похоронения Али ибн Аби Талиба, четвертого халифа ислама [7]. В этот день люди идут в гости к друзьям и родственникам, чтобы поздравить и приветствовать новый год и пожелать счастья. В рамках празднования тысячи паломников из разных городов Афганистана приходят в Мазари-Шариф. Мавзолее Мазари служит в качестве гостевого дома для путешественников и паломников, но места обычно не хватает и люди идут домой и празднуют праздник вместе со своими друзьями [8].

Итак, Наурыз является одним из древнейших праздников, который объединяет разные культуры и народы, в том числе Казахстан и Афганистан. Это праздник сохранения национальных и исторических традиций на обширной земле древней Арианы.

Таким образом, Наурыз был включен в 2009 году в Репрезентативный список ЮНЕСКО по нематериальному культурному наследию человечества. Это нашло отражение в 2010 году, когда Генеральная Ассамблея Организации Объединенных Наций приняла резолюцию, признающую 21 марта Международным днем Наурыза, а также имеет статус культурного наследия, который способствует сохранению ценностей мира и солидарности между поколениями и внутри семьи, а также примирения и добрососедства, тем самым способствуя дальнейшему укреплению интеграции.

1 [www.kazreligiya.kz](http://www.kazreligiya.kz)

2 Пустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов, Алма-Ата 1992, С.116- 118.

3 [www.kazakhstan.orexca.com](http://www.kazakhstan.orexca.com).

4 [www.khorshed.org/](http://www.khorshed.org/)

5. پوپل ڪريم. جشن نوروز در افغانستان. کابل، 1390، ص

6 [www.h-obaidi.com](http://www.h-obaidi.com)

7 [www.cultureofiran.com/nowruz\\_in\\_Afghanistan](http://www.cultureofiran.com/nowruz_in_Afghanistan).

8 . . . كاويانی ،نجم ،جشن جهانی نوروز. 1390، ص 2

**Адиб Абрахми Мохаммад Шариф – Абай ат. ҚазҰПУ 2- курс магистранты  
Қазақстан мен Ауғаныстанда Наурыз мерекесінің тойлануы  
Түйіндеме**

Бұл мақала Қазақстан мен Ауғаныстанда Наурыз мерекесін тойлауға арналған. Бүгінгі күнге дейін осы мәселе бойынша бірталай еңбектер жазылды, бірақ зерттеушілер үшін Наурыз мейрамының дәстүрлі тойлануын ескере отырып, оны атап өтудің өзіндік ерекшеліктерін анықтау және мерекелеуді салыстыра отырып талдау зерттеудің негізгі объектісі болмай отыр. Бұл ұлттық және тарихи дәстүрлерді сақтау мейрамы, сонымен қатар түрлі мәдениеттер мен халықтарды, соның ішінде Қазақстан мен Ауғаныстанды біріктіретін көне заманнан келе жатқан мереке. Наурыз 2009 жылы адамзаттың бейматериалдық мәдени мұрасы бойынша ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілді, сондай-ақ әлем құндылықтары мен ұрпақтар арасындағы және отбасы ішіндегі ынтымақтастықты сақтауға ықпал ететін мәдени мұра мәртебесіне, сонымен бірге бұдан әрі де халықтар ықпалдастығын нығайта түсуге мүмкіндік туғызатын ымыраластыру мен достық қарым-қатынас мәртебесіне ие.

**Кілт сөздер:** зороастризм, Наурыз, дәстүр, интеграция, мәдени мұра, мәдени құндылығы, салттық, дәстүр

**Summary**

**Adib Abdrahmi Muhammad Sharif - 2-year Master of KazNPU by Abay  
Nauryz celebration in Kazakhstan and Afghanistan**

This article is dedicated to the celebration of Nowruz in Kazakhstan and Afghanistan. on this issue was written little work, but the celebration of the comparative analysis and the identification of specific features, taking into account the traditional celebration of Nowruz, was not a special object of study for researchers. This is a celebration of preservation of national and historical traditions, is also one of the oldest holidays that unites different cultures and nations, including Kazakhstan and Afghanistan. Nowruz was included in 2009 in UNESCO's Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity, and has the status of cultural heritage, which helps to preserve the values of peace and solidarity between generations and within the family, as well as reconciliation and neighborliness, thus contributing to further strengthen the integration of the peoples

**Keywords:** Zoroastrianism, Nowruz, the tradition, the integration, cultural heritage, cultural value, ritual, tradition

ӘОЖ 930.85

**ӨНДІРІСТЕГІ ӘЙЕЛДЕР ЕҢБЕГІ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**

**Байкелова Л.К. - Абай атындағы ҚазҰПУ 6МО11400 – «Тарих» мамандығының 2 курс  
магистранты, [Lyzka-89b@mail.ru](mailto:Lyzka-89b@mail.ru)**

Мақала өндірістегі әйелдер еңбегі, оның үлес салмағы және ерекшелігі мәселелеріне және оларды кеңестік және қазіргі ахауларында салыстырмалы зерттеуге арналған. Нәзік жандылар қай қауымда болса да, өндірістің әртүрлі саласында қызмет атқарып жүр. Бүгінгі таңда мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі әйелдер еңбегінің үлесінің нәтижесінде дамып келеді. Өндірістің әртүрлі салаларында еңбек етіп жүрген әйел қауымына жеңілдіктер жасалып, оларға көптеген жағдайлар қарастырылып отыр. Ерлермен тепе-тең еңбек еткенімен, әйелдер жалақысы ерлерге қарағанда төмен. Әйел қауымы өндірістегі еңбектен бөлек, үй шаруасы бала күтімі сияқты еңбектер атқарылып отыр.

**Түйін сөздер:** әйел еңбегі, гендерлік теңдік, өндіріс, әйел қызметі.

Әйелдер еңбегі қай қауымда болса да өзіндік мәнге ие процесс. Әйелдер еңбегінің сипаты мен формасы әр қоғамдық құрылысқа байланысты дамып отырды. Әйелдер қауымының өндіріске тартыла бастауы жаңа заман дәуіріне тура келеді. Бұл әйелдердің экономикалық дербестігіне жол ашты.

Жаңа заман дәуірінің қоғамында еркектер еңбегіне қарағанда әйелдер еңбегіне ақыны аз төледі. Жұмысшы әйелдер мұнан да өзге өндірістің дискриминациялық қанау саясатын бастан өткерді. Әйелдер еңбегінің жағдайы әсіресе отар және дамушы елдерде өте ауыр болды, оларға ақы төлеу мөлшері дамыған елдер әйелдері жағдайымен салыстырғанда тіпті төмен болды. АҚШ-та машина жасау өнеркәсібінде еркектермен теңдей жұмыс атқарған жұмысшы әйелдерге еңбекақы 20% кем төленсе, Францияда әйелдердің сағаттық тарифтік нарқы еркектер атқарған сондай жұмыстағы еңбек нарқының

50-60%-ы мөлшеріндей. Ал, Норвегия әйелдері еркектерден еңбек ақысының 60-65%-ын, Швецияда 70%-ын, Швейцарияда 61-65%-ға дейін алады.

Бүкіл дүниежүзілік кәсіпшілер одағы федерациясының инициативасымен тең еңбегі үшін әйелдерге еркектермен бір мөлшерде ақы төлеу туралы мәселе БҰҰ -да қаралды (1948). Әйелдер еңбегінің прогресшіл мәні әйелдердің қоғамдық өндіріске кеңінен тартылуында, олардың қоғам өміріне белсене қатысуында. Капиталист кәсіпорындарында әйелдер еңбегін жүгенсіз қанау еңбекші әйелдер тарапынан үзілді-кесілді қарсылыққа кезікті. Капитализм жойылғанда ғана әйелдер бостандық, әйелдер еңбегі жаңа мазмұн алды, оның прогресшілдігі айқындала түсті.

Кеңестік қоғамның әйелдерге қатысты заңдары олардың өндіріс пен мәдениеттің барлық саласында еңбек етуіне жол ашты. КСРО-да конституциялық құқық ретінде «әйелге шаруашылық, мемлекеттік, мәдениет және қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында бірдей тең құқық беріледі» деп бекітілді. Өндірісте әйелдердің еңбегін тиімді қолдану-«социализмнің капитализмнен артықшылығының белгісіндей» сипатталып, қабылданды.

КСРО-да басқа елдермен салыстырғанда, әйелдердің еңбегін шаруашылық саласында пайдалану жоспарланып бөлінді. Социалистік қоғамда әйелдер атқарған жұмысына еркектермен бірдей ақы алды, білім алуына жол ашық, денсаулығы қорғаулы, мамандық алуға құқылы болса, басшы қызметке тартылды, тұрмыс жағдайы үздіксіз жақсартылып тұрды деген сияқты әлеуметтік жетістіктерге қолы жетті. Сандарға жүгінетін болсақ, КСРО-да жоғары білімді барлық мамандардың жартысына жуығы әйелдер. Одақ бойынша 464 мың әйел дәрігер (72%), 1657 мың әйел мұғалім (71%) болып, істейді. Кеңестік қоғам әйелдері басқару ісіне де қатысқан. Мысалы, 1966 жылғы өткен сайлауда 425 әйел (28%) КСРО Жоғарғы советіне депутат болып сайланған. 1971 жылы одақтас және автономиялық республикалардың жоғарғы кеңесіне сайланған депутаттардың 36,4% жергілікті советтерге депутаттардан 45,8% әйелдер. [5]

Бүгінгі қазақ әйелдері түгел сауатты, қоғамның еркектермен терезесі тең мүшесі. «Екі жылдың ішінде Совет өкіметі Еуропаның ең артта қалған елдерінің бірінде әйелді азат ету үшін оны күшті жыныспен теңгеру үшін бүкіл дүниежүзінің алдыңғы қатарлы білімді, республиканың бәрі жабылып 130 жыл ішінде істемеген ісін істеді» деген ұлы көсем сөзінің мысалын бұрын қанауда езгіде болған әйелдерінің бүгінгі тамаша өмірінен айқын көруге болады. Қазақстан ғылыми мекемелері мен оқу орындарында 52 әйел ғылым докторы, 1370 әйел ғылым кандидаты жұмыс істейді. Қазақстанда 18 әйел КСРО жоғарғы советінің (1970 жылы), 170 әйел Қазақ ССР Жоғарғы советінің (1971 жылы) және 5028 (45%) әйел жергілікті жердің депутаты болды. Совет үкіметі әйелдердің қажырлы еңбегін жоғары бағалайды. КСРО-да 91 әйел – Совет Одағының Батыры, 3925 әйел – Социалист Еңбек Ері.

Қазақстанда 115 мың әйел Совет Одағының ордендері және медальдарымен наградталған, 2 әйел – Совет Одағының батыры, 187 әйел – Социалист Еңбек Ері. Қазақстан әйелдері республиканың шаруашылық, мәдени, қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысады. Оны әйелдердің республика халық шаруашылық салаларында жұмыс істеуінен айқын көреміз.

2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Осы Съезде сөз сөйлеген елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Елбасы әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндіктеріне назар аударды. Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министр және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. Жүздеген әйелдер Парламент пен мәслихат депутаттары болып сайланды.

Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясында мемлекеттік басқару органдар арасындағы әйелдер өкілеттілігін 30 пайызға дейін көтеру міндеті қойылған. 2010 жылы ол көрсеткіш 10 пайыз көлемінде ғана болған.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы әйелдердің мемлекеттік басқарудың шешім қабылдау деңгейіндегі үлесінің өте аз екендігін тілге тиек етті. Бүгінде Үкімет құрамында 3 министр әйел болса, бірде-бір облыс әкімі жоқ. Облыс әкімдерінің 5 орынбасары және 3 аудан әкімі ғана әйелдер. Осы мәселелерді шешуге Президент Үкіметке Президент әкімшілігімен, Ұлттық комиссиямен және «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып, әйелдерді шешімдер қабылдау деңгейіне дейін жылжыту жөнінен 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған нақты жоспарлар жасауды тапсырды. [4,16]

Өндірісті механикаландыру, автоматтандыру нәтижесінде әйелдер еңбегі қолданылатын мамандықтар көбейді. Әйелдер организмнің өзгешелектеріне байланысты олар ауыр және денсаулығына зиянды өндірісте жұмыс істеуден босатылды, кейбір өндіріс саласында оларға ерекше жағдайлар жасалды, КСРО Министрлер Кеңесінің «Әйелдерді ауыл шаруашылығының күрделі мамандықтарды қажет ететін жұмысына көбірек қатынастыру туралы» қаулысында (1969) ауыл шаруашылығының күрделі машиналарын меңгеретін әйелдерге еңбек нормасы 10% төмендетілді және қосымша демалыс уақыты 12 күнге ұзартылды. Жұмыс орындарында әйелдерге арналған бөлмелер бар, үй шаруасын жеңілдету мақсатымен тұрмыстық қызмет көрсететін ұйымдардың атқаратын жұмыс түрі молідасы, балалар бақшасы мен яслилері үздіксіз көбейтіліп, аяғы ауыр және жас балалы әйелдерге көптеген жеңілдіктер жасалып, олардың қоғамдық еңбектен қол үзбеуіне жағдай туғызылды.

#### *Рыноктық қатынастар жүйесіндегі әйел жұмыс күшінің ерекшеліктері*

Жұмыспен қамту теориясының пікір-талас тудырушы мәселелерінің бірі қоғамдық өндіріске араласуы мен онан әрі қолдануында айқын әлеуметтік сипатқа ие болатын - әйел еңбегінің қызмет етуі. Осыған орай, рыноктық экономикада әйелдердің жұмыспен қамтылуының орны мен ролін зерттеуде ерекше жүйелі көзқарас қажет. Сонымен бірге, жүйелі көзқарастың болуы әйел еңбегінің қоғамдық және экономикалық өмірдің басқа да бірқатар құбылыстарымен байланыстарын анықтай отырып, бір жағынан, бұл құбылыстардың әйелдер еңбегін қолдануға әсерін, екінші жағынан – оның әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа зардаптарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Еңбек үдерісінің мазмұны нақты формадағы тұтыну құндылықтарын өндірудегі адамның мақсатты қызметін білдірсе, физиологиялық мағынасында - мақсатты түрде жұмыс күшін шығындау. Яғни, еңбек жұмысшының өзі өңдейтін затына ғана емес, сонымен бірге, ерлер мен әйелдерде әртүрлі болып келетін өзінің еңбек ету қабілетіне қатынасы болып табылады. Егер қоғамдық өндірісті материалдық игіліктер өндірісі мен халықтың табиғи ұдайы өндірісі тұрғысынан алып қарастыратын болсақ, онда бұл үдеріске әйелдердің қатысу ауқымы аса кең, себебі, әйелдер тек қоғамның материалдық байлығының көбеюіне ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар, репродуктивті қызмет атқарады. Әйелдердің аналық қызметі олардың материалдық игіліктерді өндірудегі мүмкіндіктерін сандық және сапалық тұрғыда шектейді. Сандық тұрғыда - репродуктивті қызметті орындауға байланысты әйел еңбегіне үзіліс жасаудың әлеуметтік қажеттілігі. Үзіліс уақытпен өлшенеді және өндіргіш күштердің даму деңгейі мен өндірістік қатынастардың сипатына тәуелді болады. Бір жағынан, мұндай үзілістің қажеттігі мен мүмкіндігі өседі, екінші жағынан – төмендейді. Сапалық тұрғыда - ауыр және зиянды жұмыстарда әйел еңбегін шектеу қажеттілігінен көрінеді.

Сондай-ақ, ерлер еңбегі мен әйел еңбегін пайдалануда белгілі бір түйісу нүктелері де бар. Ерлер мен әйелдер еңбегі үдерісін талдау сырт қарағанда екеуінің ортақ сипаттарының бар екендігін көрсетеді (екі топтың да өкілдері нақты формадағы тұтыну құндылықтарын өндіруді жүзеге асырады), басқа қырынан алғанда, өндіріс алдында екеуінің табиғи жаратылыс ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Адамдардың табиғи мүмкіндіктеріне қарай осылайша ерекшеленуі, ең алдымен, ерлер мен әйелдер арасындағы еңбек бөлінісінің туындауына негіз болды. Қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінде ерлер мен әйелдер бірдей орындай алатын тұтыну заттары өндірісі басты орын алды. Сонымен бірге, негізінен ер адамдар іске асыра алатын еңбек құралдары пайда бола бастады. Мұндай еңбек құралдарын дамыту бұлшық ет энергиясы шығынымен байланысты болғандықтан, ерлердің жұмыс күші тиімдірек болып саналды.

Табиғи жаратылыс негізінде балалардың өмір сүруін қамтамасыз ету мен натуралды үй шаруашылығының қажеттілігін өтеу қызметтері әйелге үй жұмысының бекітілуіне объективті түрде әсер етті. Тарихи дамудың келесі кезеңдерінде қолөнердің жер өңдеуден бөлінуінде, сауда мен тауар-ақша қатынастарының дамуында отбасы өнімдерінің бір бөлігі ішкі тұтыну шеңберінен шыға бастады. Қоғамдық еңбектің қоғамдық өндіріс пен үй шаруашылығына бөлінуіне қарай әйел еңбегі соңғысының синонимі ретінде қалыптасты. Онан әрі әйел тек үй шаруашылығы және оған байланысты қызмет түрлерімен біріктіріліп, әлеуметтік-экономикалық сипатқа ие болды, ал ерлер еңбегі қоғамдық өндірістегі еңбекпен байланыстырылды.

Адамның табиғи энергиясын пайдалануға негізделген мануфактураның пайда болуында сұраныс, ең алдымен, ерлердің жұмыс күшіне қатысты туындады. Сондықтан ерлер нақты мамандық бойынша жалдамалы жұмысшының ролін алғашқы болып меңгерді. Жалдамалы жұмысшының тұрмыстық-отбасылық ролі өмір сүру қажеттіліктерін табумен шектелді, 12-14 сағаттық жұмыс күні мен еңбек шарттарының ауырлығы жеке шаруашылық жұмыстарын орындауға және бала тәрбиесімен айналысуда уақыт пен күш қалдырмады.

Еңбектің механикалық құралдарымен жабдықталған мануфактураның өнеркәсіптік өндіріске айналуы, өндіріс технологиясының күрделенуі, еңбек бөлінісінің тереңдеуі белгілі бір кәсіптік біліктілігі бар жұмыс күшіне деген сұранысты тудыртып, екінші жағынан, энергияның механикалық және басқа да түрлерін қолдану өнеркәсіптегі жалдамалы еңбекке әйелдер мен балаларды тартуға мүмкіндік жасады.

Осылайша, өндіріс құралдары мен жұмыс күшінің бірігуіне үстемдік етуші жалдамалы еңбек шарттарында әйел еңбегі шаруашылықтың жеке секторынан қоғамдық секторға қарай ауыса бастады. Бұл әйелдерден дәстүрлі тұрмыстық-отбасылық ролмен қатар жаңа әлеуметтік-кәсіби ролді игеруді талап етті. Кәсіби еңбектің үзуді қажет ететін репродуктивті қызметтің орындалуы, бала тәрбиесіне қатысты және отбасы мүшелеріне қызмет жасау сияқты міндеттер әйелдер үшін жоғары білімділік және кәсіби деңгейге қол жеткізуге мүмкіндік қалдырмайды. Сондықтан кәсіби-біліктілік ролді кеңінен меңгере отырып, әйелдер аз еңбек ақылы және төмен біліктілікті жұмыс орындарын иемденді.

Алайда, күні бүгінге дейін қоғам санасында әйел еңбегіне қатысты «екінші деңгейлі» көзқарас қалыптасқан. Физиологиялық үдерістің субъектісі ретінде (бала туу қабілеті) бала күтімі мен отбасының басқа да мүшелеріне қызмет көрсету сияқты әлеуметтік үдеріс бекітіліп қалған. Ағылшындық әлеуметтанушылар Л.Мэкки мен П.Потулло айтқандай: «Әйел еңбегі ерлер еңбегінен түбегейлі өзгеше болады. Әйел еңбегіне, ерлер еңбегіне қарағанда, төмен ақы төленеді, әйел еңбегін пайдаланатын салалар ауқымы тар. Әйелдер, әдетте, толық емес жұмыс күнімен қамтылған және олар өндірісте басқа әйелдермен бірге жұмыс істейді. Бірқатар себептерге байланысты әйелдердің еркектерге қарағанда кәсіби біліктілігі төменірек, оларды қызмет сатысымен баяу жоғарылатады; олардың арасында еркін мамандық иелері мен ақыл-ой еңбегінің жұмыскерлері көп емес және де олардың арасында басқарушы қызметкерлер сирек кездеседі» [1,56]. Әйел еңбегінің бұл сипаттамасы мен еңбек саласындағы жайы түрлі елдерге қандай да бір дәрежеде қатысты, оның ішінде Қазақстанға да. Әйелдің жұмыс күші арзандатылған, аз төлеуге болатын, еш нәрсемен есептеспей-ақ, конъюнктураға байланысты қабылдауға немесе босатуға болатын еңбек сияқты саналады. Қазақстанда рыноктық қатынастардың қалыптасуы жағдайында әйел құрылымдық қайта құрудың негізгі құрбаны болды, жаңа жағдайда әйелдердің барлығы бірдей жедел бейімделе, өзіндік бастама көтере алмады. Әйел еңбегі төменгі жалақысы бар салаларға шоғырлана бастады, еңбек саласында әйелдердің мамандыққа байланысты құқығын шектеу орын алды. Әйелдің бостандығы екі жақты жүктемеге байланысты әр кезде аз, шектелген болғандығын және оның рыноктағы бәсекеге төтеп беру қабілетінің төмендігін айта кеткен жөн.

Өкінішке орай, әйел еңбегіне нақты осы тұрғыдан қарайтын көптеген зерттеушілер де бар. Олар еңбек саласындағы әйел белсенділігін ең алдымен оның аналық қызметіне бағыттайды. Мысалы, Н.М.Шишкан әйел еңбегіне қатысты былайша анықтама береді: «Әйел еңбегі - әйел өзінің жұмыс күшін, ағзаның табиғи және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып орындай алатын, яғни бұл әйелдің салыстырмалы түрде жеңіл жұмыстарды орындауын білдіретін, нақты көріністегі кез-келген қоғамдық қажетті еңбек болып табылады» [2,156].

Мұнан да қарапайым пікірді Т.А.Машиканың еңбектерінде кездестіруге болады: «Әйел еңбегі - бұл қоғамдық өндірісте, тұрмыста, бала күтімі мен тәрбиесінде әйелдің табиғи және рухани мүмкіндіктерін шығындау үдерісі» [3,76].

Отандық ғалымдар қатарынан Н.У.Шеденова еңбекті жыныстық бөлу қоғамдық және кәсіби салаларда қабілеттерінің, экономикалық ресурстар мен табыстарға жету мүмкіндіктерінде ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылық тарихи белгіленген, сонымен бірге қоғамдық санада олардың биологиялық ерекшелігі туралы ой басым деген көзқарас білдіреді. Әйел еңбегі туралы Н.У.Шеденованың мына тұжырымымен біз де толық келісеміз, яғни: «Әйел еңбегі – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі әйелдер ерекшелігін бейнелейтін әлеуметтік-анықталған және өзгермелі еңбек формасы». Осылайша, әйел еңбегі күрделі, көп қырлы әлеуметтік-экономикалық категория ретінде өндірістік қатынастардың жиынтығын

Қоғамдық өндіріске қатыса отырып, жұмыс істейтін әйелдер жиынтық жұмыс күшінің бір бөлігі болып табылады. Әйел жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің экономикалық сипаттамасы ретінде келесі жайттарды атап өтуге болады:

- әйелдердің еңбекке араласу сипаты (сала, өнеркәсіп бөлігі, мамандығы);
- еңбек мазмұны (қандайда бір өнеркәсіптік операцияларды орындауы);
- еңбек түрі (бір жақты, жай, күрделі);
- еңбек ету шарттары (қалыпты, зиянды, ауыр);
- еңбек өнімділігі (ұзақтығы, жұмыс уақыты, жалпы және кәсіби еңбек өтілі, жалақы).



Қазіргі заманғы экономикалық теория әйел мен еркек еңбегін ұсынуды екі түрлі өзгеше фактор ретінде қарастырмайды. Сондықтан тек әйелдің жұмыс күшін ғана ұсыну үлгілері жоқ. Іс жүзінде, кез-келген үлгі әйелдің, сондай-ақ еркектің де жұмысшы күшін зерттеуде қолдануға тиісті болуы қажет, бірақ мұнда гендерлік ерекшеліктерді ескеру мүмкіндігі болуы тиіс. Соның салдарынан әйел жұмысшы күшін ұсынудың экономикалық талдауы еңбекті ұсынудың қарапайым үлгісіне сүйенеді.

Еңбекті ұсынудың қарапайым үлгісі әрбір адамның жұмыс пен жұмыстан тыс уақытты өз қалауынша жұмсауына байланысты туындайды. Адамның жұмыстан тыс уақыты бос уақыт деп аталады. Бос уақыт – адамның өзі тұтынатын және оған қанағаттанушылық сезімін немесе қандай-да бір пайда әкелетін игілік болып саналады. Сонымен бірге, еңбекті ұсыну үлгісі келесі алғы шарттардан бастау алады, яғни бос уақыт – бұл табыстың көбеюімен қатар тұтынуы да өсетін қалыпты игілік. Екінші жағынан, адам өз еңбегіне жалақы алады. Осы жалақысына өзіне белгілі бір пайда әкелетін қажетті игіліктерді (азық-түлік, өнеркәсіп тауарлары, қызмет түрлері және т.б.) сатып алады. Мұнда әр адамның жұмыс істеген сағаттарына байланысты алған жалақысына қанша тауар ала алуы ескеріледі және өзіне таңдау жасай алады: бос уақыттың көп болуы тиімді ме, тиімсіз бе? Жұмыс пен бос уақыттың, жалақы ставкаларының, еңбексіз табыс көлемінің сәйкестігін саралай отырып, олардың үйлесімділігінен тұтынатын бос уақыты мен игіліктерді алу деңгейі барынша жоғары болу мүмкіндігіне ұмтыла отырып, адам өзінің еңбек іс-әрекетін анықтайды.

1. *Расширение экономических возможностей женщин в странах Центральной и восточной Европы и в СНГ. Пакет информационных материалов/ ЮНИФЕМ, Казахстан.- Алматы, 2000.- 55 с.*

2. *Уровень жизни населения в Казахстане: статистический сборник.-Алматы, 2010.- 64 с.*

3. *Нұғыманова Н. Гендерные исследования в экономической теории: автореферат дис.к.э.н.:08.00.01. - А., 2001. 30 с.*

4. *М. Дюсембинов. Гендерлік саясат, 02.12.2014 Алматы облысы «edu.e-history.kz»*

5. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

#### Резюме

Байкелова Л.К. - магистрант 2 курса по специальности 6M011400-«История», [Lyazka-89b@mail.ru](mailto:Lyazka-89b@mail.ru)

#### Женщины на производстве: вчера и сегодня

Труд женщин на производстве равносителен мужскому труду. В любом обществе женщины работают в разных отраслях производства. На сегодняшний день вся система государственного управления развивается в результате активного участия женщин. Женщинам, работающим в разных отраслях производства, предоставлены льготы и созданы все условия. Хотя женщины работают наравне с мужчинами, уровень их зарплаты ниже. Женщины, кроме работы на производстве, занимаются домашними делами и воспитанием детей.

Ключевые слова: женский труд, гендерное равенство, производство, женские функции.

#### Summary

Baikelova L.K. - 2<sup>th</sup> course master specialty 6M011400- «History», [Lyazka-89b@mail.ru](mailto:Lyazka-89b@mail.ru)

#### Women on a production: yesterday and today

The working capacity of women workers is equal to that of men. Even if they are vulnerable, but now in various industries can be seen in their work, it can be said that the human body is through the development of. National institutions have provided the conditions for women who work in the health industry. Even if they do the same work with male workers, their wages are lower than man. Woman workers in addition to work, but also take into account the family, care for the young and old.

**Keywords:** female labor, gender equality, production, women's functions.

УДК: 674:03

## ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ И РАЗВИТИЕ ЗВУКОВОГО РЕШЕНИЯ ФИЛЬМА

Баджанова Ж.Ж. – магистрант Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова

Звук и изображение в кино взаимосвязаны. То, что нельзя показать на экране, можно передать через звук. И в процессе создания фильма режиссер, звукорежиссер и композитор должны работать совместно. Музыка это - одно из выразительных средств в создании фильма. С помощью музыки можно усилить восприятие картины и эмоции зрителей. Многие режиссеры авторского кино считают, что музыка мешает киноязыку развиваться. И стараются не использовать его в своем детище. Но авторское и коммерческое кино имеет разную целевую аудиторию. В данной статье проанализированы саундтреки и звуковое решение коммерческих фильмов. И автор попытается ответить на вопрос «Мешает ли музыка киноязыку?». Звуковой дизайн – чрезвычайно интересный и творческий процесс работы над озвучиванием экранного действия. Он требует от специалиста особых навыков и комплексных знаний. И данная статья рассматривает значение звука в кино.

**Ключевые слова:** История кино, саундтрек, звуковой дизайн, зритель, изображение, коммерческий фильм, катарсис, киноязык.

Кино это синтетическое искусство, которое впитало в себя фотографию, театр, литературу и музыку. В основе любого аудиовизуального проекта лежит осмысленная и выстроенная его создателями связь звука и изображения, соединение зрительных и слуховых образов, дающее полную картину искусственно смоделированного и развивающегося экранного пространства, протяженного во времени. Попробуйте посмотреть современный голливудский блокбастер без звука, и вы быстро почувствуете, как статично и маловыразительно экранное действие, лишённое звуковой составляющей. Выключите изображение и попытайтесь понять, что происходит в фильме, основываясь только лишь на слуховых ощущениях от звуковой дорожки, и такой «просмотр» превратится для вас из удовольствия в пытку. Традиционно кинематографисты уделяли изображению гораздо больше внимания, нежели звуку. История кино изобилует примерами, когда звук в кинофильмах выполняет лишь иллюстративную функцию. В творчестве отдельных киномастеров звук становился столь же значимым художественным средством, как изображение, вплоть до так называемого «контрапунктического» использования звука в кино [1].

Музыка это - одно из выразительных средств в создании фильма. С помощью музыки можно усилить восприятие картины и эмоции зрителей. Аристотель считал, что через сострадание и страх, зритель очищает свою душу. И назвал этот термин катарсисом (от др. греч. очищение). Целью режиссера является вызвать катарсис. Можно сказать, что музыка один из этих инструментов режиссуры.

Музыка была в кино с самого начала. В немом кино вместо звуковой дорожки использовалась живая музыка в исполнении [тапёров](#) или специально приглашённых [оркестров](#). Музыка давала атмосферу к фильму и подчеркивала характеристику персонажей. В 1927 году 6 октября появился первый звуковой фильм «Певец джаза». Дальше возможность музыки в кино продолжала развиваться.

Многие режиссеры авторского кино считают, что музыка мешает киноязыку развиваться. И стараются не использовать его в своем детище. Но режиссеры коммерческого фильма в своих картинах жадно используют музыкальные оформления. И так, рассмотрим саундтреки фильмов западного кинематографа. Музыка написанная композитором Хансом Циммером к фильму «Ангелы и Демоны» подчеркивает атмосферу фильма. Основную тему начинают играть скрипка и орган, органично сочетаясь. Структура мелодии основана на вопросно-ответной линии. То есть скрипка задает вопрос, а орган отвечает, словно ведут диалог. Потом подхватывают другие инструменты оркестра. Так как история фильма связана с католической церковью, композитор пишет в стиле И.С.Баха. Основная тема звучит в разных голосах, в данном случаи в разных инструментах.

Другой известный [американский композитор](#) и [дирижёр](#), один из самых успешных кинокомпозиторов в истории - Джон Уильямс. Он написал музыку к таким известным картинам, как «[Челюсти](#)», «[Супермен](#)», «[Инопланетянин](#)», «[Индиана Джонс: В поисках утраченного ковчега](#)», «[Список Шиндлера](#)», «[Парк юрского периода](#)», киноэпопею «[Звёздные войны](#)», «[Гарри Поттер](#)» и многим другим [2]. Основной саундтрек из фильма «Гарри Поттер и Философский камень» называется «Hedwig's flight». Про этот саундтрек сам композитор говорит: «Хедвик это – сова Гарри Поттера. Оно – белое и светлое. Поэтому тема должна была быть такой светлой. Челеста это - мини фортепиано, которое звучит как колокольчики. Полет птицы должен быть легким, как этот звук» [3]. Музыка начинается с главной темой, которую играет челеста. Звучание челесты и мелодия предугадывают волшебство и необычность всего фильма. Композитор очень тщательно выбирает инструменты для оркестровки. Во время просмотра фильма

музыка не навязывает себя зрителю, а дает изображению какой-то блеск и изюминку. Другая композиция оформляет сцену с заколдованной арфой и спящей трехголовой собакой. Основную тему играет арфа, а контрафагот держит басы. Арфа играет колыбельную. А контрафагот это – изображение спящей собаки. Сцена соревнования квиддича аккомпанирует духовой оркестр. Трубы и тромбоны играют тему победителя.

Джон Уильямс – один выдающихся композиторов своего времени. Он имеет 50 номинации премии «Оскара» что делает его вторым по счету после Уолта Диснея. Он известен своими совместными работами с Стивеном Спилбергом.

«Когда он (Стивен Спилберг) показал мне Список Шиндлера», говорит Уильямс, «я был так взволнован, я едва мог говорить. Я, помню, сказал ему: «Стивен, тебе нужен композитор лучше, чем я, чтобы сделать этот фильм.» И он сказал, «я знаю, но они все мертвы.» Это шутка. Наверное»[4]. За эту написанную музыку к фильму Стивена Спилберга «Список Шиндлера» Джона Уильямс выиграл много наград: в 1994 году Премию «Оскар» в номинации «Лучшая оригинальная музыка», Премию ВАФТА в номинации «Лучшая оригинальная музыка», Премия «Золотой Глобус» за «Лучшую оригинальную музыку», в 1995 году Премия «Грэмми» за «Лучшую инструментальную композицию для кино».

Вступление основного саундтрека начинается гобой. Арфа своим нежным звучанием аккомпанирует. Основную тему играет виолончель, потом скрипка. Композитор не зря выбрал именно эти инструменты. Тембр виолончели похож на человеческий голос, и он как бы призывает к помощи. Он как крик души страдающих людей, у которых есть последняя надежда жить. И главный герой Оскар Шиндлер и есть их надежда. Тембр скрипки звучит глубоким и густым в нижнем регистре, а в среднем мягким и мелодичным. А высоком регистре звук скрипки пронзает душу. Слушая эту музыку узнаешь почерк и стиль композитора.

Режиссер и композитор тесно связаны. У режиссера свой стиль и атмосфера, у композитора свой. Когда эти стили совпадают друг с другом фильм получается.

В кинопроизводстве композитор работает совместно с дизайнером звука над звуковым сопровождением кинофильма. Дизайнер звука приступает к работе еще на этапе подготовки к съемкам фильма, участвуя в создании общей концепции звукошумового озвучивания. На следующем этапе осуществляется разработка звукового решения и реализуются поставленные режиссером и продюсером звукодизайнерские задачи.

Звуковой дизайн – чрезвычайно интересный и творческий процесс работы над озвучиванием экранного действия. Он требует от специалиста особых навыков и комплексных знаний. Качественный и продуманный звук оказывает значительное влияние на привлекательность экранного продукта зрителя. От успешно выполненного звукового дизайна во многом зависит успех на рынке каждого нового экранного проекта. Основная функция дизайна звукового оформления – обеспечение аудиовизуального проекта звуковыми элементами (звуковыми шумами, специальными звуковыми эффектами, музыкой). Дизайнер звука работает в команде совместно с режиссером, продюсером, композитором и звукорежиссером, разрабатывая звукошумовую партитуру для аудиовизуального проекта.

Звук – отличное средство для создания различных психологических состояний: состояния страха, неопределённости, горя, радости, волнения и пр. Точно подобранный звукошумовой эффект или музыкальная фраза увеличат зрелищность в проекте, значительно динамизируют экранное действие. При помощи звука в аудиовизуальном проекте возможно охарактеризовать размеры, характер, отличительные особенности персонажей и детали их поведения, а также детализировать происходящие на экране события.

Основной задачей звукового дизайна в аудиовизуальном проекте является разработка достоверного, реалистичного «звукового окружения» для экранного действия, включающего всевозможные звуки, фоны, голоса, а также ряд специальных звукошумовых эффектов.

Звук, так же как изображение, способен передавать иллюзию движения. Более того, даже если изображение статично, при помощи звука можно имитировать вполне реалистичное представление движения. Ритм, в котором дизайнер звука выстраивает звуковые компоненты, позволяет в свою очередь организовать динамику экранной сцены в аудиовизуальном проекте.


Совместно с другими компонентами аудиовизуального проекта качество звукового дизайна определяет общепродуктивную ценность проекта при массовом распространении и продаже. Продюсеры и режиссеры при подготовке проекта учитывают показатели качества и эффективности дизайна звука, так как эти показатели в настоящее время становятся одними из определяющих для коммерческого успеха проекта в целом[5].

Если изображение ограничивается границами экрана, то звук расширяет эти границы. Иногда бывает, что звукорежиссер может предложить режиссеру какую-то идею, которая может чуть-чуть изменить сценарий.



Схема №1. Взаимоотношение звука с изображением

В этой схеме показано, что изображение – одно. А звуки делятся на несколько видов. То есть это: диалоги, интершумы, низкочастотный звуковой фон и музыкальное сопровождение. В интершумы входит бытовые звуки и спецэффекты. А низкочастотный звуковой фон дает объемность. На площадке звукорежиссер должен максимально чисто записать фонограмму. Все реплики героев должны быть без помарок, шума, шуршания одежды. И он должен на съемочной площадке как можно детальней записать различную атмосферу и дополнительные шумы. Очень важно соблюдать максимальную тишину во время съемок. На этапе постпродакшн можно все эти звуки сводить.



### Dolby Digital cinema system

Рис.№1. Система DolbyDigital

*Dolby Digital* - система цифрового [многоканального звука](#), разработанная фирмой «Dolby Laboratories, Inc.» для создания высококачественных [оптических фонограмм совмещённых фильмокопий](#) [6]. Современные кинотеатры работают системой Долби. Как она работает? Впереди находится экран. За экраном стоят четыре акустических системы: левый, правый, центр и сабвуфер. Диалоги воспроизводятся на центральном канале, низкочастотные звуки на сабвуфере, а остальные звуки на других каналах.

Зритель перед собой видит картинку. Звук окружает его со всех сторон, создавая иллюзию реальности. То есть если мы видим на экране летающий самолет над головой, соответственно звук самолета передается через эти каналы в этом направлении. И создается ощущение, что действительно над нами пролетел самолет.

Подведя итог мы видим, что звук и изображение в кино взаимосвязаны. То, что нельзя показать на экране, можно передать через звук. И в процессе создания фильма режиссер, звукорежиссер и композитор должны работать совместно. Записывая музыку зарубежные звукорежиссеры используют симфонический оркестр. И это делает музыку богаче. Используя только синтезатор и компьютерную программу мы ограничиваем рамки и в музыке пропадает объемность и гибкость.

1. А.А.Деникин «Звуковой дизайн в кинематографе и мультимедиа». М., ГИТР. 2012г. С.23
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Уильямс,\\_Джон\\_\(композитор\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Уильямс,_Джон_(композитор))
3. <http://www.listal.com/video/10426993>
4. <http://www.theguardian.com/film/2002/feb/04/artsfeatures>
5. А.А.Деникин «Звуковой дизайн в кинематографе и мультимедиа». М., ГИТР. 2012г. С.18, 16, 17, 14, 32, 33.
6. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Dolby\\_Digital](https://ru.wikipedia.org/wiki/Dolby_Digital)

### Фильмнің дыбыстық шешімінің шығу және даму тарихы

**Ж.Ж. Баджанова** – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистранты

#### Түйіндеме

Кино өнерінде дыбыстар мен көріністер бір-бірімен тығыз байланысты. Экранда көрсетуге келмейтін дүниелерді дыбыстардың көмегімен бейнелеуге болады. Фильм түсіру барысында режиссер, дыбыс режиссері және композитор шығармашылық жұмысты бірігіп жасағаны жөн. Фильмнің маңызы мен мәнін ашуда ең әсерлі әрі ерекше дүниелердің бірегейі – музыка. Музыканың көмегімен фильмдегі түрлі көріністердің әсері мен көрермендердің эмоцияларын ұлғайтуға болады. Авторлық кино режиссерлерінің пікірінше музыка кинотілінің дамуына кері әсер етеді деп есептейді. Алайда, авторлық және коммерциялық фильмдердің аудиториясы әртүрлі болып табылады. Берілген мақалада коммерциялық фильмдердегі саундтректер мен дыбыстық шешімдерге талдаулар жасалынған. Жәнеде автор «Музыка кинотілінің дамуына кері әсер етеме?» деген сұрақты қозғайды. Ал, дыбыстық дизайн – экрандағы әрекеттерді дыбыстаудағы өте қызық шығармашылық процесс. Ол маманнан үлкен жауапкершілік пен білімділікті, әрі біліктілікті талап етеді. Жалпы, мақала «Кино өнерінде дыбыстың алар орыны қандай?» деген сұраққа жауап іздейді.

**Тірек сөздер:** кино тарихы, саундтрек, дыбыстық дизайн, көрермен, көріністер, коммерциялық фильм, катарсис, кино тілі.

### The history of creation and development of audio solutions in a film.

**Zh. Bajanova** – undergraduate of the Kazakh national Academy of arts named by T.Zhurgenov

#### Summary

In the film sound and video are interrelated. What cannot be shown on the screen, you can pass through sound. And in the process of filmmaking Director, sound designer and composer must work together. Music is one of the expressive instruments in filmmaking. Music helps to increase the perception and emotions of the audience. Many filmmakers of auteur cinema believe that music hinders to development of the film language. And try not to use it in their product. But auteur cinema and commercial films have different target audiences. This article analyzes soundtracks and sound solution of the commercial films. And the author tries to answer the question «does the music hinder to the development of the film language?» Sound design is an extremely interesting and creative process of scoring the on-screen action. It requires the special skills and comprehensive knowledge. The question "What place does a sound take in the movie?" - will be discussed in this article.

**Keywords:** History of cinema, soundtrack, sound design, viewer, image, commercial film, catharsis, film language.

**ӘӨЖ 16.89**

**ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ ТҮРКІ ДӘУІРІНІҢ РӨЛІ**

**Бабаханова Ә. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы**

Мақалада автор көне түркі жазба ескерткіштерінің тарихи танымдық маңызына баға бере отырып сипаттайды. Сонымен қатар дала өркениеті тарихындағы түркі жазба ескерткіштерінің рөліне тоқталған. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу түркі тілдес халықтардың ортақ тарихы, тілі мен діні, рухани және материалдық мәдениетінің болғандығын сипаттау үшін өте қажет. Көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндеріндегі азаттық пен мемлекеттілік идеяларының маңызы зор. «Мәңгі ел», «Қасиетті Жер-Су» ескерткіштерде кездесетін мемлекеттік идеялардың мәні өте құнды. Жазба ескерткіштердегі сыртқы саяси қарым-қатынастарға байланысты тарихи деректік материалдар Түркі қағанатының сол кезеңде Қытай, Византия, Иран, эфталиттер мемлекеті сияқты қуатты империялармен терезесі тең ел болып, Еуразия континентіндегі геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды роль атқарғанын көрсете алғандығын дәлелдейді. Осы тұрғыда автор әлемдік өркениеттегі түркі жазба ескерткіштерінің тарихи мәнін ашуды негізге алады.

**Тірек сөздер:** Көне ескерткіштер, түркі жазуы, жазба ескерткіштер, Күлтегін

Қазақстанның тарихы – әлем өркениетінің құрамдас бөлігі. Осы күнгі және тағы басқа ғылым өкілдерінің арасында пікірталас туғызып жүрген проблемалардың бірі әртүрлі халықтардың өркениеттілігі және олардың әлемдік тарихтағы орны болып отыр. Соның ішінде қазақ халқының қалыптасуында ерекше орны бар түркі дәуірінің әлемдік өркениеттегі орны ерекше. Еуразияның қас ортасында, Алтайдан Анадолыға дейінгі ұланғайыр иен далада ат ойнатып, салтанатты өмір сүрген түркі халықтары адамзат баласының қоғамдық дамуына да айтарлықтай үлес қосты. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын Орхон-Енисей жазбаларының оқылуы әлемдік ғылымда айтулы оқиғаға айналды. Швед ғалымы Томсеннің Орхон өзені бойындағы тас ескерткіштерге жазылған жазбалардың құпиясын ашуы бүкіл түркі халықтарының өткен тарихына, мәдениетіне басқаша қарау дәуірінің басы болды. Орхон ескерткіштері – бұл түркі қағанатының Орхон, Сэлэнгі, Тоғыл дарияларының бойында қалдырған жазу үлгілерінің тарихи-мәдени мұралары болып табылады. Жалпы, «Дала» деген ұғымды тек бір шөл деп ұғуға болмайды [1]. Дүниежүзі бойынша әлемдік өркениетке өзіндік кескін-келбетімен келіп жеткен, оған өзіндік үлесін қосқан халықтар аса көп емес. Әлемдік өркениетке өзіне тән мәдени бітім-болмысымен келгендердің бірі – түркі тілдес халықтар. Түркі халықтарының әлем келбеті мен бейнесін танып-түсінуі және оларды әр текті түрлі жанрда сомдауы – олардың бізге мирас етіп қалдырған мәдени-әдеби мол мұраларынан айқын байқалады. Және осы дүниелер тек түркі халықтарының ғана емес, дүниежүзі халықтарының өзін-өзі танып-білуінде рухани азық, сарқылмас қазына болып келеді. Ол мұралардың көпшілігі түркі тілдес ру-тайпалардың әлі іргесі сөгілмеген, шаңырағы шайқалмаған біртұтас халық болған кезінде, сонау өткен ғасырлардың қойнауында қалыптасқан болатын.

Тәңірлік дәуір ескерткіштері болып саналатын ежелгі түркілердің «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөкке» арналған тастағы жазуларының мазмұны кейіпкерлердің туылғанынан бастап, оның ерлікке толы өмірі мен өлімін көрсетумен аяқталады. Осы секілді батырлық жырлардың да мазмұндық-идеялық құрылымы – түркі халықтарының барлығына тән болып келеді. Бұл – ежелгі дәстүрдің жұрнағы, осы дәстүрдің тұрақтылығын аңғартады.

«Алып Ер Тонға», «Шу» дастандары мен ғұн дәуірінің батырлық дастандары «Оғыз қаған», «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекон», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» секілді т.б. көркем туындылардағы қалыптасқан әлемді тану мен танытудың көркемдік тәсілдері түркі әдебиетіндегі тарихи сабақтастықтың үздіксіз дамуының айғағы деуге болады. Түркі тілдес халықтардың шығу тегінің, тарихы мен рухани мұра-ларының (тіл мен әдебиет т.б.) ортақтығы – оларға мына жаһандану зама-нында бір-бірлеріне жақындасып, рухани жаңаруларын, бірлесе отырып өз тарихының өткеніне терең үңіліп, өзін-өзі танып-білуін ғана қажет еткізіп отырған жоқ, оларға әлемдік өркениеттен өзінің орнын анықтауда да, біртұтас түркілік мәдениетті қалыптастырып, орнықтыруда да үлкен мүмкіншілік беріп отыр. Себебі, қазіргі әлемдік бәсекелестік адамзат өркениетінің көшбасшысы немесе алдыңғы қатарлы елдерінің бірі болмасаң, із-түзсіз жоғалып, жойылып кететінін өзінің техникалық прогрессивті дамуымен үнемі ескертуде.

Әлбетте, әлемді танып-түсіну және ол туралы ұғым бүкіл халықтарға ортақ болып келетіні және ұлттық немесе жалпыадамзаттық құндылықтарға айналған сол рухани мұралар гуманистік қағидалардың сабақтастығы негізінде жасалатыны, сөйтіп, оның озық үлгілері әлемдік өркениеттен берік орын алатыны

ақиқат. Ондай мұралардың көпшілігі әлемдік өркениеттің жетістіктерінің қатарына жатқанымен, жалпы түркілік өркениет пен түркілік ерекшелікті нақтылай отырып, бір негізден шыққан бірнеше түркілік ұлттардың (қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, саха, түрік т.б.) қалыптасуына да, олардың болашақ даму жолына да, өзіндік өркениетінің өрілуіне де негіз болды. Сонымен қатар түркі тілдес елдерге әлемдік өркениеттен елеулі орын иеленуде маңызды рөл атқарып, түркі әлемінің қалыптасуына ой-саналық (идеологиялық) әсерін тигізді. Осы тұрғыдан алғаның өзінде түркілік жазба мұраларды әлемдік өркениеттің рухани қазынасы ретінде зерттеп-зерделеудің маңызы зор.

Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі құрлықтың басын қосты. Ол Еуропа мен Азияның қақпасы, тоқсан жолдың торабы еді. Біздің жыл санауымыздан мың жылға жуық бұрын Алтайдан Донға дейін Еуразия сахарасында пайда болып, эволюциялық даму сатыларынан өтіп, бірегейлік, біртұтастық қадір-қасиеттерін сақтаған өркениет – Дала өркениеті. Бұл географиялық аймақта этномәдени тұтастық қалыптасты, славян, финноугор, үнді арийлік, түркі тетес тайпалар өзара әлеуметтік-экономикалық процестер барысында өзара байланысты. Осы тектер тоғысында түркі тегі, оның бірегейлігі жеңіп шықты. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңыншы жылдың аяқ шегінде адамдары ең жүйрік аңы – жылқыны үйретті. Салт атты көшпелілер пайда болды. Украинадағы Дерьевка елді мекені, Ресейдегі Воловад қонысы, Қазақстандағы (Көкшетаудағы) Ботай қонысындағы археологиялық қазбалар, т. б. осының дәлелі. Жыл сайын дала Әмудария мен Сыр бойы арқылы Қытай-парсы, Үнді, Араб өркениеттерімен тоғысты. Түркілерде VII ғасырда сына жазуы қолданылды. Ол жазу ғылымда X-VII ғасырдың 20-ж. белгілі болды. Енесей өзендері бойынан табылған бұл жазуды неміс ғалымы Д.Мессершмидт пен оның жанында болған швед офицері И.Страленберг ашты. Скандинавиядан табылған руна жазуларына ұқсас болғандықтан бұл жазуды да руна деп атады. 1889 ж. орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Солтүстік Монголияда Орхон өзені аңғарынан да тапты. Мәтінін дат ғалымы В.Томсен мен орыс ғалымы В.Радлов оқыды. Негізгі ескерткіштерінің табылған жеріне байланысты бұл жазу Орхон-Енисей деп аталды. Орта Азия мен Қазақстанда руна жазуы ферғаналық (керамикаға түскен ұсақ таңба) және жетісулық (қырғыз және қазақ жерлерінде табылған) деп екіге бөлінеді. Біртіндеп түркі жазуын араб жазуы ығыстырды. Халықтың тілі түркі тілі болып қалғанымен, оқымыстылар өз еңбектерін араб тілінде жазды[1]. Әрбір дәуірдің елеулі, кезеңді оқиғаларын заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары тарих-шежіреге айналдырып, шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған.

Тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің мәні өте зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш.

Ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.).

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде жазу, сызу, әдебиет өнері, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түрік» дәуірінде сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон – Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің ең көп табылған жері – Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойы.

Орхон-Енисей жазуы өзінің жазу ерекшеліктері мен қолдану өрісіне сай Орхон-Енисей және Талас жазуы делініп екі топқа бөлінеді.

Енисей жазба мұраларының бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Олардың ішінде кіші – кіші жазбалармен қатар ірі мәтіндер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа сәйкестігі жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеумен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді[2].

Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай

Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Монғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты аралық алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер. Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В. Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үлесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген. Көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды. Оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді. Бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті.

Орхон ескерткіштері оқиғалар мерзімі, жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазуы, халық арасына кеңінен тараған болу керек. Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліндері түркінің қазіргі халқының бектері» - дейді[3]. Жазба ескерткіштегі Білге қаған – үлкен ел басқарушы, Күлтегін - өз заманының даңқты батыры, Тоныкөк - әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кемеңгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тоныкөк мемлекет қамын ойлайтын басшы түрінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білге қаған кезінде әскер басы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Сол жазбалардың ішінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған шешендік сөз үлгілері мен өлең ұйқастары, мақал-мәтелдер, арнаулар мен жоқтаулар молынан кездеседі. Мысалы: «Көрур көзум көрмес тег бопты, білер білігім білмес тег бопты, «Түн қатып» деген сияқты қолданыстар аздаған дыбыстық ерекшеліктері болмаса, күні бүгінге дейін тілімізде сол күйінде қолданылып келеді.

Талас жазу ескерткіштері. Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр. Талас өзенінің бойынан, Қырғызстан жерінен барлығы 23 ескерткіш табылған. Таластан табылған ескерткіштер көлемі тар көлемі әзірше өте шағын және сан жағынан да аз.

Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар алатаяқ та қызықтыра түсті. Оның төрт қырында да көне түркі алфавитімен жазылған. Бұл алатаяқ шыршадан жасалған. Оның құндылығы да осында. Алатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитажда сақталуы. Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба-жазылуы, тастар Әулиеата түбінен, Талдықорған өңірінен, Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған. Сонымен ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп, өзіне лайық жазуын, тілін, өзге де мәдениетін дамытқан. Ежелгі түркі мәдениетінің Орталықтары Енисей, Орхон, Селенгі, Талас өзендерінің бойы, Минувельск ойпаты, Алтай тауы, Қазіргі Тува, Краснояр, Жетісу аймақтары болды. Оған Шығысы Хангай, Сарыөзеннен, батысы – Карпат тауларына, Оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан, Теріскейі – Ленаға дейінгі аралықтағы байтақ аймақты мекендеген түрік халықтарының жазу-сызу дәстүрінен қалған барлық мұралар енуі. Ғылым әлемінде түрік жұрттарының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500 жылдан бері бар деп есептеледі. Әзірге мәлім болған есеп бойынша, көне Түрік жазуымен тас бетіне 240-тай қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті. Маникей әріпімен 554 бетіне жуық мұралар, ұйғыр әріпімен 1000-ға тарта мәтіндер, 10-ға жуық кітаптар жасалыпты. Араб қарпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып, пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған [1].

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данағой білімдарияры өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді. Көшпенділер өз тарихын VI ғасыр да Орхон-Енисей бойындағы қабырға жаңа, ескі түркі әріптерімен ойып жазғанда орыс халқы әлі тарих сахнасында жоқ еді. Орыс жерінде кириллицаның келіп тууына әлі 300 жылдай уақыт бар еді. Осыларды А. Хмелев мырза білсе «көшпенді халықта әріп деген қайдан болсам» деп ауа жойылмас еді. 1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев Орхон өзенінің



бойынан, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім, қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді.

Н. Ядринцев тасқа мынадай сыпаттама береді: биіктігі - 3,5 метр, төменгі ені - 1,32 метр, жоғарғы жағының ені - 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішке береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы да, қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған[3].

Н. Ядринцевтің айтуына қарағанда, ескерткіштен 25 метрге дейін созылған аласа дөңес жатыр. (кейінгі зерттеудің нәтижесінде бұл қытай кірпішінен жасалған қабырға екендігі анықталды). Осы қабырғаның жанынан басы жоқ, мрамордан жасалған 7 түркі статуясы табылған. Ескерткіштің батыс жақ бетінде басы бір-біріне қараған, қараған екі хайуанның мүсіні бар (ғалымдар мұны мазарға кіретін есіктің белгісі болу керек деген болжам айтады). Ал осы кіре берістен әрқайсысының арасы 10-12 метрден, беттері шығысқа қарағанда мүсіндес сын тастар ұзындығы 4,5 шақырымға дейін созылып жатыр екен. Мұқият зерттеудің нәтижесінде әлгі мүсіндердің осында жерленген кісінің тіршілігінде өлтірген дұшпандарының келбеті екені және айқындалып отыр.

Көп кешікпей Н. Ядринцев Россия археологтарының VIII конгресінде ғалымдардың назарын Орхон бойындағы көне мұраларға аударады. Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері деп қана аталып келген жазбалар енді Орхон, яки Орхон-Енисей жазулары деген атқа ие болады.

Шамамен VI ғасырдың орта кезінде Жетісу, Алтай, Орталық Азияны мекен еткен түрлі ру-тайпалар бірігіп, Түрік қағанаты деп аталатын мемлекет құрғаны тарихтан жақсы мәлім.

Міне, сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Бұлар – «Күлтегің», «Білге қаған», және «Тоныкөк» жырлары деп аталады. Бұдан 1250 жыл бұрын үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді[4].

Руна жазуындағы жәдігерліктер жанры туралы соңғы кезге дейін әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Бұларды біресе прозалық шығарма десе, екінші жолы поэзиялық туынды деп келеді. Ал кейінгі кезде, әсіресе, көрнекті совет ғалымы И. В. Стеблеваның «VI – VIII ғасырлардағы түркі поэзиясы» деген еңбегі басылып шыққаннан кейін руна жазуындағы әдеби мұралар поэзиялық туынды деп танылады.

Оның жан дүниесі психологиялық драмаға жақын болды. Адам жанына тереңнен үңіле отырып, оның құпиясын, жұмбағын, философиясын, мінездердің қақтығысын, сол қақтығыстың туындау себебін ашуды мақсат тұтты. Аз уақыттың ішінде жас театрдың сахнасына көптеген спектакльдер қойып үлгерген оның батыл қадамын өзі оқыған Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Ресейдің Санкт-Петербург қаласында белгілі орыс режиссер Лев Додиннен алған білімі, жылдан-жылға толысуға бет алған тәжірибесі қалыптастырды.

Р.Есдәулеттің қолтаңбасын білдіретін спектакльдер: О.Бөкейдің «Бес тиын», Абай өлеңдері бойынша «Марионетка», «Атымды адам қойған соң», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» (барлығы да сахналық жүйе), Ғ.Байбатыровтың «Өнім бе, ойбай түсім бе?», Шахмарденнің «Томирис», Иран-Ғайыптың «Махамбет», К.Кикүтидің «Оралған әке», С.Жұматтың «Вампир күйеу», Ж.Құддыстың «Антұрған», Ж.Өзубекованың «Толғақ», Т.Ахтановтың «Әке мен бала», Т.Ахметжанның «Қараторғай», С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», А.Чеховтың «Шағала», Ғ.Байбатыров пен Р.Есдәулеттің «Отан үшін», т.б. Ұзын-ырғасы – 25-ке жуық қойылым.

Бұлардың арасында көркемдік жағынан төмен қойылымдар да, өзіндік ізденісімен көрермен мен сыншылардың ыстық ықыласына бөленген шығармалар да болды. Әсіресе, алғашқы жылдары сахналаған «Марионетка», «Бес тиын», «Вампир күйеу» тәрізді қойылымдары сәтті бола қойған жоқ, әрі айтарлықтай шығармашылық табысқа жете алмады. Бірақ жатпай-тұрмай ізденудің және бірте-бірте жинақталған тәжірибенің нәтижесінде кейінгі уақыттардағы «Ғашықсыз ғасыр», «Атымды адам қойған соң», «Толғақ» тәрізді спектакльдері жетістікке ие болды. Сондай-ақ, аталмыш спектакльдер Р.Есдәулеттің қарымы мен қабілетін, шығармашылық болашағын аңғартып, көркем дүние жасаудағы өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Р.Есдәулеттің режиссурасымен сахналанып, көптеген театр фестивальдерінде жүлделі орындарды иеленіп жүрген қойылымның бірі – Абайдың өлеңдері бойынша қойылған «Атымды адам қойған соң» спектаклі. Адам жанының тазаруын метафоралық үлгіде, символдық негізде бейнелеген режиссер сахнаға топырақ алып шығып, роль орындаушы актерлер сол топырақты бейнелеу құралы ретінде пайдаланады.

Мұнда режиссер көрерменнің адам жанын танып-білуі үшін көптеген сахналық эффектілерді қолданған. Мысалы, топырақ, жаңбыр, су, т.б. Бұлардың қызметі туралы ол өзінің бір сұхбатында: «...она (актриса А.Ильясова) у нас под глиной лежала 45 минут, а когда раздался гром небесный – знак Аллаха – она поднялась, что было очень эффектно. Примечательно что, когда в любовной сцене предстала статуя девушки, все думали, что это действительно статуя. А потом она оживает, появляется... Еще мы дождь добавили в финальной сцене. И вся вот эта массовка – все персонажи, которые ищут чистоты, – они под этим ливнем сидят и плачут» [4, С. 71], – деп түсіндіреді.

Негізінен Абайдың қара сөздері де, өлеңдері де, поэмалары да адамзаттың сол адам атын сақтап қалуға бағыттайтыны анық. Бұл спектакльде топырақтан жаралған адам баласы бұл өмірде біріне-бірі топырақ жағып, денесін де, жанын да кірлетеді. «Осы өзін өмір сүріп отырған қоғамыңа, ортаңа, жақындарыңа залал келтірсең, күнә жасасаң қылқөпірден өту-өтпеуің екіталай» дейді режиссер. Иmandылықтың, сенімділіктің, түзу, әрі ақ жолдың адастырмайтындығын актерлік топ та небәрі 50 минуттық экспериментте барынша нанымды суреттейді.

Жалпы бұл қойылым өскемендік жас ұжымның, жас режиссер Рүстем Есдәулеттің ізденісін, шығармашылық тұрғыдан өскендігін байқатты. Және олар адамдардың қазіргі психологиялық-моральдық күйреген күйіне жауап іздей отырып, бүгінгі заманға тек имандылықтың жетіспей жатқандығын алға тартқан.

Абай өлеңдері бойынша сахналанған тағы бір шығарма, яғни «Марионетка» қойылымында Р.Есдәулет бүгінгі билікке таласқан тоғышар топтың жиынтық бейнесін, бір кеңсенің төңірегіне топтасқан жағымпаздар мен олардың бастықтың көзіне жақсы жақтарымен түсу арқылы кішігірім болса да орынтаққа жайғасуды көздеген түпкі мақсатын әшкерелейді. Тақырыпқа сай мұндағы кейіпкерлердің барлығы да биліктің тізгінін мықтап ұстаған Семір Семіровичтің қолшоқпарына айналған. Сол бәсеке қалтасы қалың қызметкерлер керек және ондайлар оның маңынан табылған.

Шығармадағы кейіпкерлердің аттары да жағымсыз естіледі. Мысалы, бастық Семір Семірович, оның бірінші орынбасары Жемір Жемірович, екінші орынбасары Кемір Кемірович, бөлім меңгерушісі Қаңғыртовна, бухгалтер Жаңғыртовна, хатшы Мәңгіртовна және Пысықай. Аттары айтып тұрғандай бұлардың барлығы жең ұшынан жалғасқан сыбайластар, қаңғырып жүрген кеміргіштер мен мәңгірттер. Бұл кейіпкерлердің барлығы да Семір Семіровичтің сол қабағына ілінуден қорқады. Сондықтан үнемі жағымпаздықпен күн көріп, біріне-бірі өтірік күліп, қайткенде жылы орынын суытпауды мақсат еткен.

Режиссер Абайдың көрегендікпен айтып кеткен, қай кезеңде де, қай заманда да өзектілігін жоймайтын өлеңдеріндегі идеясын мүмкіндігінше жақсы баяндауға тырысқан. Жалпы ақын өлеңдерінің қайсысында болмасын сол өз заманында топастық пен тоғышарлық, билікке таластың асқынғандығы байқалады. Р.Есдәулет те осы ойды актерлік ойын мен олардың сөз саптаулары арқылы дамытқан. Спектакльдің мазмұны, идеясы, басты тұжырымы Абайдың:

«Болыс болдым мінекей,  
Бар малымды шығындап,

Түйеде ком, атта жал,

Қалмады елге тығындап ...» [5, 81 б.], – деген өлеңінің желісімен негізделген.

Өзінің ғылыми жұмысында театртанушы З.Исламбаева осы спектакльге талдау жасай отырып, кәсіби ой-пікірін: «Режиссер шешімімен Семіровичтің қол астындағылардың баспалдақтың әр сатысына ақша қоюы Абайдың осы идеясын толық ашып берген. Абай дәуірінен келе жатқан, одан бұрын да қоғамды жайлаған жегі құртты тоқтату мүмкін бе деген сауал режиссер тұжырымындағы көкейтесті мәселе» [6, 364-365 б.б.], – деген жолдармен жеткізген. Осындай көріністер мен режиссер тұжырымы қойылымда анық, әрі ашық түрде баяндалады.

Жылпос, жағымпаз, пайда құған арсыз, ақша мен билікті байлық, бақыт деп түсінетін топас кейіпкерлердің рольдеріндегі актерлердің көздері жоғарыға қарай бірде тесіле, тағы бірде ұрлана қарайды. Олар осы жолда барын сарп етуге, құрбандыққа шалуға дайын. Адам бойында болуға тиісті адамгершілік, мейірім, ар тазалығы, намыс, ұят сынды игі қасиеттерден бойын аулақ ұстаған кейіпкерлер көрерменін жирендіреді.

Қ.Ниязбеков (Семірович), М.Чидеринов (бірінші орынбасар), Т.Дүзбаев (екінші орынбасар), Г.Сүлейменова (Қаңғыртовна), М.Исина (Мәңгіртовна), Г.Бақтыбаева (Жаңғыртовна), Е.Хасеновтердің (Пысықай) сахналық жұптасығы көп ойды аңғартады. Абай өлеңдерінің өзектілігін көпшілікке күлкілі, астарлы қимыл-әрекеттері арқылы көрсеткен олардың ойындарында адам өмір сүрген жерде мұндай жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың тоқтауы мүмкін емес деген ой бар. Актерлік топ мұндай кейіпкерлердің өзіміздің арамызда жүргендігін барынша ашып береді.

Жалпы Р.Есдәулет Абай шығармаларының сахналық жүйесін түсіре отырып, өзінің басты мақсатын алға тосқан. Бұл – жемқорлықтың қоғамға да, адам өміріне де зиян екендігін ұғындыру, мұндай былықпен өмір сүрудің мүмкін еместігін түсіндіру және ар тазалығы мен адамгершілік қағидаларын насихаттау.

Өскемен қазақ театрының репертуарындағы осы «Атымды адам қойған соң» спектаклі кәсіби жүделерден тыс қалған емес. Мысалы, 2009 жылы Қарағанды қаласында болып өткен Біржан сал Қожағұлұлының туылғанына 175 жыл толуына арналған ХҮІІ Республикалық театрлар фестивалінде үшінші орынды иеленді. Демек, бүгінгі заманға сай өзіндік бағыты, шығармашылық-көркемдік ұстанымдары, көзқарастары бар театр ұжымы мен оның режиссері Рүстем Есдәулеттің еңбегі орасан деп айта аламыз.

1. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.

2. Жақсылықова М. Рухы биік – Рүстем // Театр.kz. № 10, 2010.

3. Ескенқызы А. Сахнада – жапон өмірі // Әдебиет айдыны. 5.06.2008.

4. Дорошенко Х. Победоносный эксперимент Рустема Есдаулетова // Театр.kz. № 1, 2010

5. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – т. 1. – 296 б.

6. Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 488 б.

#### Аннотация

**Есдәулет М.** - магистрант Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова

В статье автор анализирует постановки спектаклей режиссера Восточно-Казахстанского областного театра имени Жамбыла Рустема Есдаулета. Анализируя спектакли «Атымды адам қойған соң» и «Марионетка» написанных по произведениям Абая, определяет режиссерскую интерпретацию Рустема Есдаулета. В научной статье дана профессиональная оценка почерку психологической драмы режиссера.

**Ключевые слова:** театр, режиссер, режиссура, актер, спектакль, сценарий

**Esdaulet M.** - undergraduate of the Kazakh national Academy of arts named by T.Zhurgenov

#### Research of Rustem Esdaulet about Abay

#### Abstract

In the article an author analyses raising Rustem Esdaulet`s theatricals the stage-director of the East Kazakhstan regional theater named after Zhambyl. Analysing the theatricals of «Atymdy adam koigan song» and «Marionette» written on Abai works, determines the stage-director Rustem Esdaulet`s interpretation. In the scientific article given the professional estimation to handwriting of psychological drama of stage-director.

**Key words:** theater, stage-director, direction, actor, theatrical, scenario



УДК: 94(574)“19”:791:929

## ШӘКЕН АЙМАНОВТЫҢ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Тұралбаева О.Б.- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «6М011400-Тарих» мамандығының 2 курс  
магистранты, [Oryngul.1991.15@mail.ru](mailto:Oryngul.1991.15@mail.ru).

Мақалада қазақ мәдениеті мен өнер тарихына үлкен еңбек сіңірген қайраткер, белгілі актер, режиссер, кинорежиссер Шәкен Аймановтың балалық шағы мен өскен ортасы, отбасы мен жеке тұлғалық келбеті, жеке өмірі, атқарған қызметі мен еліне сіңірген еңбегі жайлы кеңінен мәліметтер келтірілген. Оның өнер жолына түсуіне ықпал еткен факторлар мен жеке туындылары қарастырылады. Актер, режиссер, кинорежиссер ретіндегі кәсіби шеберлігі, театр сахнасында және кино саласында ойнаған рөлдері жайлы мәселелері оның әріптестері мен замандастарының естеліктерінде берілген деректер арқылы сипатталады. Ш. Аймановтың қоғамдық қызметтегі атқарған игі істері, оның түрлі жанрда түсірген көркем туындылары, т.б. шығармашылық мұралары жайлы баяндалған.

**Түйін сөздер:** Баянауыл, отбасы, актерлік шеберлік, театр, кино, режиссер, кинорежиссер, концерт, спектакль, сахна, өнер, Қазақфильм.

Шәкен Аймановтың есімі қазақ мәдениеті мен өнерінің тарихына танымал актер, кинорежиссер, өз ісінің шебері ретінде енді. Шәкен Кенжетайұлы Айманов 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданы Айманбұлақ ауылында дүниеге келген.

Мұрағат қорларындағы деректерінде Ш. Аймановтың інісі Кәукен Кенжетаевтың «Шәкен аға» деп арнап жазған жазба естеліктері де бар. Ол кісі ағасы Ш. Айманов екеуі туып-өскен жерінің жер-су аттары ерекше екенін керемет жазады. Оның айтуынша, тіпті тастарының өзі «қыздың жиған жүгіндей» демекші, бірінің үстіне бірі, әдемілеп қолмен қалағандай және әртүрлі бейне, сурет болып көрінеді.

Баянауылда «Ақбет тауының» бауырында, сары жазықтың ортасында Айманбұлақтың түбінде Қызылшіліктің тау жақ бетінде әкесі Кенжетайдың қарағайдан салынған екі бөлмелі аласа ғана үйі болған.

Шәкеннің әкесі Кенжетай жасынан мойнына мылтық асып, ит жүгіртіп, құс салған, аң аулап, қолынан домбырасы түспеген, ән салуды жанындай жақсы көретін адам болғаны байқалады.

Кенжетайдың кішкентай қараша үйінде Қали әнші, Ысқақпай күйші, Дүйсенбай ертегіші, Рахмет қожа қиссашы, өзінің сауық сүйгіш ағасы Мұзапар, інісі Қажымұрат, тағы басқа ел жақсылары жиналғанда ойын-думан қатты қызады. Таң атқанша ән айтылып, күй тартылып, қиссалар оқытылады.

Кенжетай атамыздың үш ұлы Әбдікәрім, Шахкәрім, Әбдірахим осы екі бөлмелі үйде өмірге келген. Кейіннен Әбдікәрім – Абдан, Шахкәрім – Шәкен, Әбдірахим – Кәукен болып аталып кетеді. Бала кездерінде еркелетіп айтылған бұл аттар кейін есейген шағында да олардың атына айналады. Осындай ортада дүниеге келген бала Шәкен кішігірім кештерде аға-інілерімен әке-шешесінің алдына отырып, таң атқанша ән тыңдап, көзінің ұйқыға кеткенін білмей қалатын болған. Аймановтардың отбасы үшін Қалидың әні, Ысқақбайдың күйі өмірде қол жетпейтін қиял сияқты көрінген екен [1, 1 б.].

Шәкен Айманов туралы бірталай естелік кітаптар да баршылық. Шәкенге арнап Шәкеннің інісі Кәукен Кенжетаев пен Рақымбай Сатаев құрастыруымен «Шәкен Айманов туралы естеліктер» атты кітап жарық көрген. Осы кітаптағы деректер мұрағат материалдарында да кездеседі. Себебі, Кәукен Кенжетаевтың өзі сол мәліметтерді жазба естеліктерінде жазып қалдырған. Бұл кітапта Кәукен Кенжетаев, Асанәлі Әшімұлы және т.б. Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың балалық шағы мен өмір жолы туралы сыр шертеді. Кітапта Кәукен ағамыз: Шәкен еркіндеу, өжеттеу болып өсті. Оны ауыл-аймақ жақсы көріп, ән салдырып, тақпақ оқытады, ертегі айтқызады. Жұмысқа бейімі жоқ еді, қайда ойын сауық болса, Шәкен сол жерден табылатын. Марқұм шешеміз «бұзау бағып кел, тезек теріп келе қойындар» десе, Шәкеннің не іші, не басы ауыра қалады. Анамыз қаттырақ айтса, Серектастың басына шығып алып, екі аяқты салбыратып жіберіп жылайды да отырады.

«Сенің жұртты қылжақ қылғанда басын ауырмайды, ал жұмысқа келгенде бас та, іште ауыра қалатыны қалай?» - деп апам ренжитін еді. Шәкеннің қалжыңқой екені рас. Ауылдағы қыз-келіншек, кейбір жігіттердің мінез-құлқын айнытпай салып, жұртты қыран топан күлкіге батыратынын Кәукен ағамыз айтып өткен. Шәкен мен ағасы Кәукен Кенжетаев екеуі қатар өседі.

Шәкен туралы «Өнер қысып жылап отыр» деген сөз тегін шықпаған еді. Шәкен Аймановтың әкесінің Айманұлы Аббас деген дәрігер ағасы болады. Бірде Серектастың басында жылап отырған Шәкенді көріп,

неге жылап отырғанын сұрағанда Шәкен Аймановтың анасы қатты ұялып, Шәкенге қолын сермеп, «тоқтат» дейтін. Сол кезде Аббас ағасы:

- Жәмке, Жәмке, оған ұрыспаңыз, ұрыспаңыз. Ол тегін жылап тұрған жоқ. Ол өнер қысып жылап отыр, менің атыма міңгестіріп жіберіңіз, мен үйге алып кетейін, - деп Шәкенді үйіне алып кетеді. Шәкен Айманов кейін әртіс болған соң, ауыл үлкендері, Аббас Шәкенді жасында «өнер қысып жылап отыр» деуші еді, жарықтық біліп айтқан екен ғой» деп таңдайларын қағады.

Шәкенді 1924 жылы үлкен ағасы Қажымұрат Семейге оқуға алып келеді. Ол өзі мұғалім болған соң, Шәкенді де мұғалім болсын деп ойлаған болу керек. Алғаш Шәкенді «Каз.Коммунаға», кейіннен Халық ағарту институтына оқуға түсіреді. Ол институтта оқып жүрген кезінде қолынан домбыра мен мандалин түспей, сондағы көркемөнер үйірмелеріне қатысып, «Халық үйінде» (Народный дом) Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы бойынша қойылған спектакльге қатысады.

Шәкен Тоқбайдың «Екі жиренін», Қалидың «Жиырма бесін» өте жақсы көреді. Қолына домбыра алғанда алдымен асыл әндер есіне түседі екен [2, 1 б.].

Шәкен Айманов сияқты талатты өнер иесін зерттеген ғалымдар, жазушылар аз емес. Соның ішінде Шәкенмен Семейде оқып жүрген кезінде танысқан досы – Қабыш Сиранов. Ол 1970 жылы Аймановқа арнап «Шәкен Айманов – кинорежиссер и актер кино» атты кітап жазады. Бұл кітапта Сиранов КСРО Халық әртісі, қазақ киносының актері, режиссері - Ш.Аймановтың шығармашылығымен таныстырады. Сол бір естеліктерінен Қабыш Сиранов: «Семей театрының сахнасында педагогикалық институттың үйірме мүшелері өнерін көрсетті. Олар «Еңлік - Кебек», «Сары-Арқа» пьесаларынан үзінділер көрсетті, күйлерді, халық әндерін орындады.

Концерттен соң осы институттың өнерпаздық мүшесі Шәкенге, Қазақ драма театрының актерлік труппасын толықтыру үшін республиканың қалалары мен ауылдарында дарынды жасөспірімдерді іріктеумен айналысатын арнайы комиссияның мүшелері келді.

- Сіз бізге өте ұнадыңыз, - деп бастады олардың біреуі, - біздің сізбен сөйлескіміз келіп еді...
- Біз сізді біздің театрдың актерлік труппасына шақыруды шештік, - деп басқасы сөзін бөлді.

Шәкен ойланып қалды.

- Сіздің мұғалім болғыңыз келеді, - деп біріншісі жалғастырды. – Оныңыз жақсы. Бірақ сізде дарын бар және сіз актер болуыңыз керек».

Бұл 1933 жылы болатын. Он тоғыз жасар Шәкен Алматыға шақырылды да, Қазақстанның кәсіби театрының алғашқы актерларының бірі болды. Театр сахнасында ол жүзден аса рөл ойнады. Бірдей табыстылықпен қаһарман рөлдерді, трагедиялық рөлдерді және комедиялық рөлдер сомдады. Оның репертуарында қазақ ұлттық пьесалары да, орыс та, кеңес драматургиясы мен әлемдік классика да бар. Шәкен Айманов 1953 жылы театрдан киноға ауысады.

Кинода еңбек ету туралы ой оған ертерек келген еді және бірнеше жыл бойы ол кино өнерінің ерекшеліктерін фильмдерге түсіп, ең керемет деген кеңес үкіметі мен шетел фильмдерін тамашалап, сараптау арқылы кино саласының теориялық мәселелерін зерттейді.

– Менің театрдан киноға өтуімнің басты себебі, менің туған өлкемде орын алған түбегейлі өзгерістерді барынша ауқымды және терең көрсеткім келген құмарлыққа байланысты, – деп баяндайды Шәкен Кенжетайұлы. – Мен театрды жақсы көремін. Бірақ театр, кино тәрізді көп көрермендерді қамти алмайды. Спектакль бір ғана театрда жүреді. Ең жақсы жағдайда – бірнеше театрда. Ал фильмды ондаған мың адам қарайды. Менің «Біздің сүйікті дәрігер» атты фильмім, мысал үшін, көптеген мемлекеттерде көрсетілді және оны 50 миллион адам таниды. Бұл дегеніміз, 50 миллион адам менің халқымның өнерімен, оның дарынды әншілері және сазгерлерімен танысты.

Киноның артықшылығы жайлы айта отырып, Шәкен Кенжетайұлы театрдың маңызын еш төмендетпейді. Ол театрды жоғары бағалайды және жақсы көреді. Ол үшін театр – киноның дамуына игілікті әсер етуге қабілетті үлкен өнер болып қалуда. Оның шығармашылығында театрдың шығармашылық тәжірибесін кинода пайдалану ұмтылысы анық байқалады. Бұл оның актерлармен жұмысынан ерекше көрінеді [3, 3-6 б.].

Шәкен ағамыздың достары, жолдастары қашан келсе де үйінің есігі ардайым ашық, ардақты мейманы.

Кеңес Одағының әр түпкірінен келген Шәкен Аймановтың достары оның үйіне барып, дәм татпай кетпейді. Әсіресе, совет киноартистерінің Шәкен Аймановтың үйіне бармағаны жоқ десем, артық айтпаған болар едім.

Тіпті, бұлар болмаған күннің өзінде Шәкеннің үйінде ағайын-туғандар, оқушылар, студенттер көп болушы еді. Сондықтан да болар, осы оқушылардың көбі Шәкенді өз әкесіндей көріп кетті.

Шәкен үйінде жалғыз отыруы мүмкін емес. Кейде өзінің жақсы көретін артистерін шақырып алып, үйінде текеметтің үстінде отыра қалып асық ойнайды екен. «Қақпақыл», «құмар», «хан» деген асық ойындарына қатты қызығыпты. Бұдан кейін концерт басталады. Евгений Диордиев тақпақ оқыса, Романов Сахи кейбір атақты адамдардың мінез-құлқын, сөз сөйлеу мәнерін аудармай салып, отырғандарды қыран күлкіге батырады.

Ришат Абдуллин татарша шақырша, Мүсілім Абдуллин, «Қыздар-ай, айтсаңдаршы достарыңа» әніне басып кетеді. Мағауия Хамзин домбырасын алып «Саржайлауға» сұңқылдатады.

Міне, осы әндердің бәрін Шәкен де домбыраға, не мандолинге қосып отырады. Тіпті өзі де кішкентай – әдемі қоңыр дауысымен домбыраны Қалиша шертіп-шертіп жіберіп, Қалидың «Жиырма бесіне» салғандай манайындағы жұрт ұйып тыңдайды. «Әнді дауыспен емес, жүрекпен айту керек»- дейді.

Шәкен ән айтып, домбыра тартып қана қоймай, әндердің тарихын жақсы білген, және әндердің тарихын әркез айтып отырады екен. Шәкен өнердегі ағаларын қалай сыйлап жақсы көрсе, ол кісілер де Шәкенді сондай жақсы көріп, құрметті қонағы, өз адамындай сыйлады. Ағалары да, достары да көп еді. Шексіз жақсы көрген ағаларымның бірі, [актер](#), ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, [Қазақ АКСР](#)-інің халық артисі – Елубай Өмірзақов: «Мен өлгенде Шәкеннің жанына қойындар», - деп өсиет айтып кетеді. Кейін оның өсиеті орындалады.

Шәкен Айманов актерлік шеберлігі өте керемет болған. Сахнада өзін еркін ұстап, оған шыққанда жүрексінгені байқалмай, өзі ойнап жүрген кейіпкердің жан дүниесіне еніп, соның қимыл-әркетімен, ой-пікірімен, ішкі сырымен қоян қолтық араласып кетеді. Халықтың Шәкен сомдаған кейіпкерлерді жақсы көретіні сондықтанда шығар. Ол жөнінде Кәукен ағамыз:

-Әкеміз бір күні Шәкенге: «Мына Кәукен соңыңнан еріп келе жатқан жалғыз інің емес пе? Сен қолынан келіп тұрғанда, көз қырынды сала жүр», - дегенде, Шәкен: «-Әке, бойына біткен талабы мен дарыны болса, менің жәрдемсіз-ақ адам болады. Ал, жоқ болса, менің көмегім түк болмайды», - деді. Әрине, бұл қатты айтылған сөз, бірақ шындық еді.

Шәкен «Найзатас» фильмінен бос кездерде өзі дүниеге келген, баяғыда құлап қалған қараша үйдің жанындағы «Серектастың» басына шығып, «Ақбет», пен «Үш шошаққа» бас игендей көп қарап тұратын.

Есік алдындағы сар жазықтың шалғынына аунап-құнап, ата-анасы жатқан бейітке барып қайтатын. Шәкен ата-анасын қатты құрметтеп, жақсы көрді. Анамыз Жамал 1962 жылы, әкеміз Кенжетай 1963 жылы дүние салған.

Шәкен жұмыс бабымен үйінде көп бола бермейді. Кино түсіруге кетеді, студиядағы қызмет бастан асып жатады, т.б. Кейде қызметтен шаршап шығып, бізге келеді.

Шабалдың (менің қосағым) «күрең төбел» шайын ішіп отырып, әкесінің шерте тартқан қоңыр домбырасының үніне балқып кеткендей болады.

Тағы бір келгенінде жас баладай әкейдің тізесіне басын салып, ән мен күйін тыңдап, кәрі кеудеден рухани нәр алғандай күй кешеді.

Кей күндері әкеміздің жанынан төсек салғызып, қоныпта кетуші еді. Ата-анамыздың Шәкенге деген, оның әке-шешеге деген махаббаты маған өзгеше көрінетін.

Шәкенді ұйқыды тұрғызу деген өте қиын екен. Оны ояту әрбір кино директорының қолынан келе бермейтін. Тек Лелюх (киногруппа директоры) қана амалын табатын. Ол Шәкенмен замандас адам, сондықтан ойын-шыны аралас. Шәкеннің үйіне барып оны не керуеттен сүйреп тұрғызады, не үстіне су құйып оятады. Оған Шәкен ренжімейді, бетін шала жуып павильонға алып келсе болғаны – Шәкен дайын... Біз «Апыр-ау, бұл қай уақытта дайындалады? Түсінде ме? – таңданушы едік. Сөйтсек, Шәкен ұзақ түнін сол дайындықпен өткізеді екен. Таңертең келе мүлтіксіз істеп кетуі де сол түні еңбегінің жемісі еді.» [4, 3-11 б.].

Мәрт мінезді, ашық-жарқын, ақкөңіл Шәкен аға өмірде екі некелі болған екен. Алғашқы жары – атақты биші Шара Шиенқұлованың сіңлісі Хадиша. Одан Мұрат атты ұл сүйген. Ол сондай-ақ Хадишаның алғашқы күйеуінен көрген қызы Майраны да туған перзентіндей қабылдап, бауырына басқан. Күйеу баласы, белгілі актер, режиссер Асанәлі Әшімов бұл жөнінде: Майра Шәкеңе еркін еді, кейде «дядя Шәкен», кейде «папа», енді бірде «Шәкен Кенжетаевич» дейтін. Шәкең көп мәселеде Майрамен ақылдасатын. ... Халық қадірлеген Шәкеңнен ұрпақ қалмады. Ұлы Мұраттан бір қыз бала ғана бар. Әрине, қазақ жиенді ұрпаққа санай бермейді. Дегенмен ол кісі Майра екеуіміздің ұлдарымыз Мәди мен Сағиды «нағыз ұрпағым» деп санайтын,- дейді.

Өнерде ерекше талантымен танылған Шәкен Кенжетайұлы өмірде де ешкімге ұқсамайтын, ашық-жарқын, ерекше жомарт адам болған. Осы қасиетіне орай достары оны «бүгінгі заманның серісі» деп білген. Дүниенің бетіне қарамайтын ол жұртпен араласқанды, достарымен аңгіме-дүкенді құрғанды

ұнатқан. Кез келген жиылыстың аяғын кішігірім тойға, ойын-сауыққа айналдырып жіберетін Шәкеннің жалғыз жүретін, үйінде оңаша қалатын кезі сирек екен. Мәскеуден, одақтас республикалардан, тіпті шетелден келген кино мамандары, түрлі қонақтар, негізінен, Шәкен ағанның үйінде болып, оның сый-құрметін көріп аттануды дәстүрге айналдырған. Сондай-ақ ол кісінің үйінен ағайын-туғандар, оқушылар, студенттер де арылмаған. Жалғыздыққа жаны қас Шәкен аға кейде өзі ұнататын әртістерін шақырып алып, текеметтің үстіне кетіп, «қақпақыл», «құмар», «хан» деген асық ойындарын ойнайды екен [5, 5-7 б.].

Ш.Айманов кинорежиссерлік ғұмырында 20-дан астам рөлде ойнап, он бес көркем лента түсіріпті. Әңгіме, әрине, санда емес, сапада. Алайда, Шәкен бұл он бес кинофильмде түрлі көркемдік ізденістер жасады, суреткерлік батылдық танытты. Кейінгі ізбасар інілеріне тәлім-тәрбие беріп, сабақ болатын ізденістерге жасады. Оны «Атаманның ақыры» атты екі сериялы фильмінен айқын көреміз. Бұл фильм өзінің оқиғалық құрылысы мен психологиялық тереңдігі, бейнелеп отырған жайының шынайылығы жағынан үздік туынды ретінде саналады.

Шәкен Аймановтың қазақ өнеріне сіңірген еңбегі жоғары бағаланды. Ол кезінде Ленин орденімен наградталды, СССР халық артисі деген құрметті атақ алды. СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарына ие болды. Ал күні кеше ғана «Қазақфильм» киностудиясына Шәкен Аймановтың есімі берілуі халықтың дарынды ұлына деген зор сүйіспеншілігінің тағы бір көрінісі болды [6, 1 б.].

Шәкен Айманов өз заманында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Өкінішке орай, өзінің соңғы фильмі «Атаманның ақырын» мәскеулік киногерлер қауымына апарған кезде 1970 жылы 23 желтоқсан күні көлік қағып қайтыс болды. Оқиға Кинотанушы Бауыржан Нөгербек айтпақшы, кино арқылы ұлттық мүддені қорғау, соны дәріптеу мақсатын қойған Шәкен ағаны ұлт экологиясының шын мәнісіндегі жанашыры десек, еш қателеспейміз.

1. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 2337-қор, 1- тізбе, 2-іс, 1-п.
2. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 2337-қор, 1- тізбе, 2-іс, 1-п.
3. К. Сиранов «Шәкен Айманов – кинорежиссер и актер кино». Издательство «Жазушы» Алма-Ата, 1970, 3-6 б.б.
4. К. Кенжетәев, Р. Сатаев «Шәкен Айманов туралы естеліктер». Алматы «Білім», 2004, 3-11 б.
5. Роза Рақымқызы «Бала Шахкәрімнен - "Қазақ киносының атасы" Шәкен Аймановқа дейін». // Аңыз адам. Жұлдыздар отбасы. №13 (25) шілде 2011, 5-7 б.
6. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 2337-қор, 1- тізбе, 2-іс, 1-п.

#### Резюме

**Туралбаева О.Б.** - Магистрантка 2 курса специальности «6М011400-История» КазНПУ имени Абая, Oryngul\_1991\_15@mail.ru.

#### Некоторые вопросы повлиявший в становлении Шакена Айманова как деятеля культуры

В данной статье раскрывается образ выдающегося казахстанского деятеля культуры, основателя режиссерской школы Шакена Айманова посредством исследования его детства и окружения, семьи и индивидуального облика его личности, личной жизни и трудодеятельность. Его профессиональное мастерство как актера, режиссера, кинорежиссера, роли сыгравшие в театре и кино характеризуются через воспоминания его коллег и современников. Также автором исследуется его творческое наследие, деятельность в общественной жизни

**Ключевые слова:** Баянауыл, семья, актерское мастерство, театр, кино, режиссер, кинорежиссер, концерт, спектакль, сцена, искусства, Казахфильм.

#### Summary

**Turalbaeva O.B.** - Undergraduate the 2<sup>nd</sup> course KazNPU named after Abai, specialiti «6M011400-History».

#### Something problems in the formation of civil personality Shaken Aimanov

This article reveals the image of a prominent Kazakh cultural figure, the founder of the school director Shaken Aimanov through studies of his childhood and the environment, the family and the individual shape his personality, his personal life and work. His professional skills as an actor, director, film director, who had roles in theater and cinema are characterized by memories of his colleagues and contemporaries. The author also explores his creative legacy, activity in public life

**Key words:** Bayanaul, family, actor mastery, theatre, cinema, stage-director, film director, concert, theatrical, stage, arts, Kazakhfilm.

УДК: 94(581):2

## ЭТНОРЕЛИГИОЗНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ В УСЛОВИЯХ АФГАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Ханд Сахиб Садик - КазНПУ им. Абая, магистрант 2 курса

Для всестороннего восстановления исторической действительности прошлых столетий необходимо исследование духовно-нравственного состояния общества. Такой духовно-культурологический научный подход сформировал особое направление настоящего исторического исследования, позволяющего анализировать исторические факты и события с позиции отечественной традиционной духовной культуры. В этом плане исследуемая проблема становится актуальной для современной исторической науки. В XXI веке население Афганистана является полиэтничным и фактически моноконфессиональным. Главной религией в государстве является ислам суннитского толка. На протяжении всего политического развития Афганистана религия является одной из причин объединения афганских племен, однако одновременно исламскому фактору можно противопоставить этническую принадлежность всего многонационального населения страны, которая сопровождала процесс установления государственности острыми социальными противоречиями и бесконечными ожесточенными стычками периодически переходящими в гражданскую войну. Несмотря на постоянную конкурентную борьбу двух факторов, этнорелигиозная идентификация играет существенную роль в урегулировании межплеменных и межэтнических конфликтов.

**Ключевые слова:** идентичность, этнорелигиозная идентификация, интеграция, моноконфессиональность, полиэтничность, общество, религия, ислам, конфликт.

Вопрос этнорелигиозной идентичности в условиях афганского общества относится к числу самых сложных и комплексных проблем. Потому, что потребности этнического развития народов активизируют духовную составляющую этничности - этническую идентичность. Процессы внутриэтнической консолидации, важную роль в развитии которых играет этническая идентичность, определяют динамику общественной жизни полиэтничных регионов. Вызванное ими обострение межэтнических взаимоотношений превратилось в серьезную проблему не только для государств, переживающих глубокий социально-экономический кризис, как Афганистан, но и для относительно "благополучных" в этом плане государств. Поэтому поиск факторов смягчения межэтнических противоречий имеет большое значение для ученых и политиков обусловлена местом и ролью Афганистана в системе стран Центральной Азии и Среднего Востока, преодолением кризиса, в том числе связанный с деформациями в сфере самоидентификации, в условиях интенсификации глобализации, роста конкуренции между странами, а также геополитическим раскладом сил между западом и востоком, поскольку этими факторами во многом определяется этнополитическая ситуация в Республике Афганистан.

На сегодня, население Афганистана является полиэтничным и фактически моноконфессиональным. Главной религией в государстве является ислам суннитского толка, что утверждено последней Конституцией Афганистана 2004 года [1], принятой на заседании Лойя-Джирги. Закон дает представление о том, какое положение занимает ислам как священная религия в обществе афганцев (граждан) и какова степень свободы вероисповедания представителей остальных религий. На протяжении всего политического развития Афганистана религия является одной из причин объединения афганских племен, однако одновременно исламскому фактору можно противопоставить этническую принадлежность всего многонационального населения страны, которая сопровождала процесс установления государственности острыми социальными противоречиями и бесконечными ожесточенными стычками периодически переходящими в гражданскую войну. Несмотря на постоянную конкурентную борьбу двух факторов, этнорелигиозная идентификация играет существенную роль в урегулировании межплеменных и межэтнических конфликтов. Тем более, что для мусульман Афганистана идентификация значима как на религиозном уровне, так и на этническом, поэтому признак национальности и гражданства должен анализироваться в контексте этих двух особенностей.

На сегодняшний день по данным Центрального статистического агентства Афганистана, население страны составляет приблизительно 26 миллионов человек, из которых только 5,7 миллионов являются жителями городов, остальные же проживают в сельской местности. Что касается населения афганских городов, то следует отметить, что даже в областях, которые можно считать пуштунскими, города не являются оплотом данной этнической группы. К примеру в Герате – третьем городе страны по численности населения и столице афганской провинции с одноименным названием, заселенной преимущественно пуштунами, они сами являются меньшинством, и их количество не превышает 10% от

общего числа всех жителей города; большинство же горожан – это таджики. Население столицы Афганистана – Кабула (более 3 миллионов человек) на 45% состоит из таджиков, на 25% — из хазарейцев, а пуштуны составляют только 25%, хотя в провинции Кабул их численность превышает 60%. А в Мазари-Шарифе – четвертом городе Афганистана по численности населения, количество пуштунов также не превышает 10%, а большинство составляют хазарейцы 60%.

Рассматривая динамику численности населения, следует упомянуть, что, несмотря на войны и связанную с ними экономическую и гуманитарную нестабильность, население Афганистана неуклонно растёт. Как утверждает Агентство по изучению населения (Population Reference Bureau) при сохранении текущих темпов роста, к 2050 году количество жителей Афганистана должно составить около 82 миллионов человек [2]. При этом, рост населения касается всех этнических групп без исключения. Хотя всё же стоит признать, что именно пуштуны страдают в наибольшей степени, так как из-за нахождения территорий их проживания под контролем Талибана, и, как следствие, нестабильной обстановки, им меньше остальных этнических групп доступны такие блага, как базовая медицинская помощь, доступ к чистой воде, минимальное образование и т.д. Эти факторы сдерживают возможный рост пуштунского населения Афганистана. Однако в последнее время наметилась тенденция к улучшению гуманитарной обстановки по всей стране [3].

Если взглянуть на этническую карту Афганистана, то видно, что страна условно может быть разделена на две части: пуштунский юг и непуштунский север. Также на юге находится территория, заселенная белуджами, однако их небольшая численность на территории Афганистана не позволяет говорить о серьёзном влиянии на этническую и политическую картину в данном государстве. Хотя нельзя не отметить, что в соседнем Пакистане белуджское население, насчитывающее около 8,8 миллионов человек, имеет несомненный политический вес и ведет борьбу за права автономии в составе пакистанского государства. Нельзя говорить о какой-либо поддержке афганского белуджского меньшинства властями Пакистана, поскольку эта страна является главным источником сил и, можно сказать, отцом исламистского движения «Талибан», являющегося, по сути дела, пуштунской националистической военной группировкой. Сегодня уже ни для кого не секрет, что отряды талибов проходили подготовку в лагерях на территории Пакистана, получали оттуда оружие и боеприпасы, а пакистанские солдаты принимали участие в военных действиях на территории Афганистана на стороне талибов. Именно это и стало одной из причин военного успеха «Талибана» и его прихода к власти в 1996 году [4].

Талибы, в ходе продвижения на север, получая контроль над новыми непуштунскими территориями Афганистана, занимались их пуштунизацией, вылившейся в откровенный геноцид. Так, резня хазарейцев в 1998 и 2001 годах в Бамиане (в 1998 году было убито более 1000 человек, столько же в 2001 году) и обнаружение в районе Талукана массового захоронения убитых талибами таджиков и узбеков, среди которых было множество детей и женщин, свидетельствовали о широком применении политики этнических чисток. В случае с Бамианом, после захвата города талибы провели не только его «зачистку», но и устроили рейд по близлежащим сёлам: они убивали всех хазарейцев мужского пола старше 13 лет, не разбираясь в их причастности к обороне Бамиана. Такое повторялось дважды после отвоевания города силами «Талибана» у «Северного Альянса». В Талукане же сотни мирных жителей погибли не только во время осады города талибами, но и уже после его падения в результате репрессий захватчиков [5].

В провинциях с преобладающими таджикским, узбекским и хазарейским населением лидеры движения «Талибан» пытались укрепить свою власть, переселяя пуштунов из других районов, предоставляя им лучшие земельные участки, различные льготы и пособия. Это не могло не вызвать негативной реакции у непуштунского населения, и только усилило его ненависть не только к «Талибану», но и к пуштунам в целом. Такие действия талибов были продиктованы желанием ассимилировать непуштунское население страны. Однако планам «Талибана» было не суждено сбыться не только из-за негативного отношения к пуштунским переселенцам коренного населения захваченных территорий, но и его строгих традиций, не позволяющих вступать в брак с представителями других народностей.

Таким образом, ассимиляция даже небольших групп непуштунского населения пуштунами практически исключена вне зависимости от региона страны. Все предположения зарубежных экспертов о том, что рано или поздно в Афганистане должна сформироваться «нация» в европейском понимании этого слова являются необоснованными. Некоторые западные исследователи уже употребляют такой термин как «афганская нация», что в принципе не соответствует действительности, так как в данном государстве сохраняется племенное деление. Учитывая мизерное количество межнациональных браков, а

также изолированность проживания этнических групп нельзя говорить о скором формировании единого «афганского народа», который будет выступать как неделимая нация.

Немаловажен и тот факт, что национальная идентичность является условием внутренней интегрированности любого общества. В этой связи ее формирование и развитие имеют огромное значение для Афганистана, особенно в свете того, что государство относительно недавно встало на путь самостоятельного развития.

Таким образом, процесс этнорелигиозной идентичности афганцев имеет свои особенности. И они заключаются в том, что самое значимое положение в обществе занимала религия, на основе которой базировались все сферы жизнедеятельности. У афганских племен на начальном этапе своей интеграции в государство исламская самоидентификация находилась в приоритете. В этом случае только мусульманское духовенство окончательно определяло будущее социально-экономическое и политическое развитие, одновременно являясь ведущей объединительной силой. Тем более, с течением времени афганцы уже не могли допустить, чтобы ислам, как религия, обеспечивающая права и свободы, подвергся унижению или был средством манипулирования.

Но, несмотря на феодальные междоусобицы афганских ханов и этнические племенные распри, положение ислама в обществе никогда не испытывало притеснения. Этнические конфликты только содействовали укреплению ислама в общественном сознании афганцев, поэтому при изучении идентичности афганцев как нации следует воспринимать эти понятия как взаимозависимые.

1. Авдеев В.Б., Севастьянов А.Я. *Раса и этнос*. М., 2007.

2. Масы урозганы, Али Наджафи. *Афганистан Радуга племен. публикации Собхе омед.* - Кабул, Афганистан, - 2011. -271с.

3. Ахмади. Мир Харун *Экономическая география Афганистане*. Кабул, Афганистан. -2010, -250с.

4. Азими, Мохаммад Азим. *Человеческая география Афганистана*. Бахтар, Тегеран, Иран, 2012, - 336с.

5. *Центральное статистическое организация Исламская Республика Афганистан. PDF/2014*

**Ханд Сахиб Садик - Абай ат. ҚазҰПУ 2- курс магистранты**

**Ауған қоғамындағы этнодіни сәйкестендіру жағдайы**

**Түйіндеме**

Өткен жүзжылдықтардың тарихи шындығын жан-жақты елестету үшін қоғамның рухани-адамгершілік жағдайын зерттеу қажет. Мұндай рухани-мәдениеттанушылық ғылыми көзқарас бұл тарихи зерттеудің, тарихи деректер мен оқиғаларды отандық дәстүрлі рухани мәдениет тұрғысынан талдауға мүмкіндік беретін, ерекше бағытын қалыптастырды. Бұл тұрғыда зерттеліп жатқан мәселе қазіргі тарих ғылымы үшін өзекті болып отыр. ХХІ ғасырда Ауғанстан халқы көпұлтты және шын мәнісінде моноконфессионалды болып отыр. Мемлекеттегі негізгі дін – сүнниттік бағыттағы ислам. Ауғанстанның саяси дамуы барысында ауған тайпаларының бірігуі себептерінің бірі дін болып табылады, алайда исламдық факторға мемлекеттілікті орнату процесі барысында шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтары мен бітпейтін қиян-кескі қақтығыстары оқтын-оқтын азаматтық соғысқа ұласқан елдің бүкіл көпұлтты халқының этнос құрамына енуін бір мезгілде қарсы қоюға болады. Екі фактордың үнемі бәсекелестік тартысына қарамастан, тайпааралық және этникааралық қақтығыстарды реттеуде этнодіни сәйкестендіру айтарлықтай рөл атқарады.

**Кілт сөздер:** бірігейлік, этнодіни сәйкестілік, интеграция, моноконфессиялды, полиэтникалық, қоғам, дін, ислам, қақтығыс

**Hand Sahib Sadik- Master of KazNPU by Abay**

**Ethno-religious identity in the conditions of Ukrainian society**

**Summary**

For a comprehensive restoration of the historical reality of the past centuries it is necessary to study the spiritual and moral state of society. This spiritual and cultural scientific approach has formed a special direction of the historical research for analyzing historical facts and events from the perspective of domestic traditional spiritual culture. In this regard, the studied problem is relevant to the modern historical science. In the ХХІ century the population of Afghanistan is a multiethnic and actually monoconfessional. The main religion in the country is Sunni Islam. Throughout the development of the political religion of Afghanistan is one of the reasons for combining the Afghan tribes, but at the same time the Islamic factor can be countered by the ethnicity of the

entire multinational population that accompanied the process of establishing the state of acute social contradictions and endless violent clashes periodically turning into a civil war. Despite the constant competition of two factors, ethno-religious identification plays an important role in resolving inter-tribal and inter-ethnic conflicts.

**Keywords:** identity, ethno-religious identity, integration, monoconfessional, multiethnicity, society, religion, Islam, conflict

УДК 327(574)

## РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ФРАНЦИЯ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Карибжанова Л.В.** – магистрантка 2-го курса Института Сорбонна-Казахстан, специальность - *Международные отношения* [leila-2013@bk.ru](mailto:leila-2013@bk.ru)

Данная статья посвящена партнёрским отношениям Франции и Казахстана. Франция является одним из ведущих государств Европейского Союза. По многим важнейшим вопросам ее позиция является определяющей, и служит одним из главных примеров для многих государств. Следует отметить, что Французская Республика также заинтересована в развитии взаимовыгодных партнёрских отношениях с Казахстаном. В ее политических кругах наша страна рассматривается в геополитическом плане как связующее звено между Европой и Азией.

Большое внимание в статье уделяется динамичному развитию двусторонних отношений в области образования, науки и культуры, а также значимым событиям и особенностям в области искусства. Сотрудничество Республики Казахстан с Францией находятся на уровне стратегического партнерства, на протяжении ряда лет успешно развиваются ориентированы на интеграцию и глобализацию и в дальнейшем имеют большие перспективы.

**Ключевые слова:** двустороннее сотрудничество, внешняя политика, Республика Казахстан, Французская Республика, культура, образование, стратегическое партнерство.

С обретением независимости и суверенитета в Казахстане были разработаны ориентиры международной политики и «Концепция внешнеполитического курса Республики Казахстан». Президент Н.А. Назарбаев на весь мир открыто заявил: «Прежде всего, мы декларируем миролюбивую направленность своей политики и заявляем, что не имеем территориальных притязаний ни к одному государству мира. Осознавая свою ответственность и понимая, что любой военный конфликт может привести к катастрофическим последствиям - признаем сохранение мира в качестве приоритетной цели государственной политики Казахстана; отвергаем войну или угрозу военной силой как средство достижения политических, экономических и иных целей; придерживаемся принципов нерушимости сложившихся границ, невмешательства во внутренние дела других государств»[1].

С первых дней своего образования, молодая республика была открыта для сотрудничества со всеми государствами мира. Миротворческая, открытая и взвешенная политика Казахстана была поддержана многими государствами, успешно развиваясь, продолжается и по сей день.

Большое значение во внешней политике республика уделяет европейскому вектору, что обуславливается высокой степенью экономической и политической интеграции в регионе. Ключевыми партнерами Казахстана в Европе изначально стали Великобритания, ФРГ и Франция.

В данной статье нам особое внимание хотелось бы уделить партнёрским отношениям Франции и Казахстана.

Франция является одним из ведущих государств Европейского Союза. По многим важнейшим вопросам ее позиция является определяющей, и служит одним из главных примеров для многих государств. Налаживание продуктивного сотрудничества с ней способствует укреплению позиций Казахстана в международном сообществе, содействует развитию нашей страны.

Следует отметить, что Французская Республика также заинтересована в развитии взаимовыгодных партнёрских отношениях с Казахстаном. В ее политических кругах наша страна рассматривается в геополитическом плане как связующее звено между Европой и Азией [2, с.6].

Важной вехой и началом дипломатического сближения двух республик явился официальный визит Н.А. Назарбаева во Францию в сентябре 1992 г., где произошло подписание основополагающего документа – «Договора о дружбе, взаимопонимании и сотрудничестве», который определил базовые принципы двусторонних отношений по всем направлениям.

Лидеры двух суверенных государств – Н.А. Назарбаев и Ф. Миттеран заложили прочные правовые основы сотрудничества, взаимопонимания и дружбы на долгие годы.



В тексте Договора говорится, что ... «во взаимных отношениях обе стороны выступают в качестве равноправных суверенных государств на основе взаимного доверия, при необходимости заключают другие договора и соглашения для осуществления положения настоящего Договора».

И далее, Казахстан и Франция осуществляют политическое сотрудничество, как на двустороннем, так и на многостороннем уровне, признавая общечеловеческие принципы свободы и демократии, особо подчеркивается, что Республика Казахстан и Французская Республика отдают особый приоритет развитию сотрудничества в таких областях, как сельское хозяйство, энергетика, добыча полезных ископаемых, промышленность, безопасность атомной энергетики, космос, научные исследования, подготовка кадров [3].

Франция явилась первой из государств дальнего зарубежья, с которой подписан межгосударственный документ подобного уровня. Свое дальнейшее развитие двусторонние отношения получили в ходе официального визита в Казахстан в 1993 г. Президента Франции Ф. Миттерана. Политический диалог на высшем уровне приобрел достаточно регулярный характер, продолжал активно развиваться и с Президентом Ж. Шираком. Так, в 1995 -1999 гг. состоялось шесть встреч между главами наших государств, в ходе которых была продемонстрирована близость и совпадение позиций по ключевым международным и региональным проблемам [4, с.547]. Международное сотрудничество двух республик было продолжено Н. Саркози. Сегодня Президент Республики Казахстан продолжает взаимовыгодное сотрудничество на новом уровне с руководством Франции Франсуа Олландом.

В Париже высоко оценивают усилия главы нашего государства Н.А.Назарбаева по модернизации страны, углублению политических и экономических реформ, повышению конкурентоспособности казахстанской экономики.

Сегодня в Казахстане работает около 40 французских предприятий, среди которых: «Тоталь», «Женераль дез О», «Альстом», «Нексанс», «Ондео Дегремон» и др.

Следует отметить, что Францией в числе других ядерных государств были предоставлены гарантии ядерной безопасности Казахстану. Это свидетельствует о том, что Казахстан рассматривается Францией как гарант стабильности в регионе. Наша страна пользуется репутацией государства, проводящего взвешенную политику, укрепление региональной и международной стабильности.

Президент Н.А. Назарбаев по этому поводу сказал: «Как участники Хельсинского Акта Казахстан и Франция, думается, в состоянии повлиять на положение дел в Европе. В деле создания безопасного мира мы рассчитываем на сотрудничество с Францией, на вашу поддержку»[5, с.29].

Сотрудничество Республики Казахстан с Францией является практической составляющей внешнеполитического и внешнеэкономического курса страны, ориентированного на интеграцию и глобализацию. Обе республики сегодня находятся на уровне стратегического партнерства [2, с.5].

Нельзя не отметить новый уровень сотрудничества в сфере гуманитарно-культурного направления, где были достигнуты большие успехи.

Развитию двухсторонних отношений в области культуры, образования и науки было положено «Межправительственное соглашение в области культуры и искусства» от 1993 г., «Соглашение между Национальной академией наук Казахстана и Национальным Центром научных исследований Франции» от 1994 г.

Двухстороннее соглашение в области культуры и искусства содержит 11 статей, в которых обозначены контакты культурных учреждений, общественных организации, фондов, учебных заведений и различных центров по изучению французского языка [6].

Председатель Сената Парламента Республики Казахстан К.К.Токаев, будучи Министром иностранных дел, после подписания «Соглашения» сказал: «Хорошие перспективы для сотрудничества между нашими странами существуют в области культуры, образования и науки. Культура в двусторонних отношениях выступает тем связующим звеном, которое сближает наши народы» [4, 549].

Культурные взаимоотношения Казахстана и Франции многолики и многообразны, они охватывают различные отрасли и сферы, такие, как образование, науку, культуру и искусство.

Знаменательным событием для казахстанцев стало празднование 100-летия великого казахского писателя Мухтара Ауэзова в 1997 году во Франции. В рамках празднования прошли такие мероприятия, как творческий вечер в Международной дипломатической академии, встреча в Парижской государственной консерватории, встреча в Доме писателей, торжественный вечер в престижном зале Плейель. Главным событием этих дней стала международная конференция: «Мухтар Ауэзов - великий певец национального величия!» в Париже. С казахстанской стороны в работе конференции приняли участие такие видные деятели Казахстана - Абдижамил Нурпеисов, Олжас Сулейменов, Нурлан

Оразалин, Сакен Жунусов, Серик Кирабаев. Глубокими по содержанию были выступления французских ученых Леона Робеля, Шантале Лемерсье-Келькежей, Жака Моннье, Реми Дора, Альбера Фишлера и др.

На конференции было отмечено, что знаменитый французский писатель Антуан Витеза начал работу по переводу романа «Путь Абая» на французский язык.

В заключение празднования в здании ЮНЕСКО были показаны работы казахстанских режиссеров: кинофильм «Красавица в трауре» и документальный фильм «Памяти Мухтара Ауэзова» [7, с 427].

1998 и 1999 гг. – это «Казахские сезоны во Франции», здесь состоялись концерты исполнителей классической и казахской народной музыки, которые пользовались большой популярностью у французской публики. Осенью 1998 г. в Париже проходила Неделя казахского кино. С 2000 г. под патронажем и при финансировании МИД Франции осуществляется международный проект – сотрудничества Парижской высшей национальной консерватории музыки и танца и Казахской национальной консерватории им. Курмангазы. Данный проект нацелен на долгосрочную перспективу. Он, по своему масштабу, высокому уровню участвующих артистов и педагогов, объему выделяемых французским правительством финансовых средств, является одним из уникальных и престижных проектов, как для Казахстана, так и для Франции.

18 октября 2001 г. состоялась торжественная церемония открытия памятной стелы, посвященной Мустафе Шокаю. Кроме того, была достигнута договоренность с руководством Национального института восточных языков и цивилизаций Франции о передаче правительству Казахстана копий исторических материалов и документов из архива Мустафы Шокая, который провел последние годы своей жизни во Франции.

Историческим событием для казахстанцев можно назвать малый Курултай казахов, который состоялся в 2006 году в Париже при содействии Посольства РК во Франции. На Курултай съехались около 1000 делегатов-казахов, проживающих в Европе, из таких стран, как Германия, Бельгия, Швейцария, Швеция, Норвегия и др. В ходе работы малого Курултая были обсуждены вопросы, связанные с консолидацией зарубежной казахской диаспоры, созданием условий для развития тесных контактов с соотечественниками, проживающими в Европе. В первый день Курултая открылась выставка прикладного искусства Казахстана, были организованы выступления казахстанских артистов и музыкантов. В тот же день были проведены спортивные мероприятия с участием команд казахских диаспор [8].

Нельзя не отметить и тот факт, что в Казахстане большое значение придают международным Неделям франкофонии – всех говорящих на французском языке, которые проходят ежегодно при поддержке Посольства Франции в Казахстане и Французских Альянсов. Примечательно то, что в Казахстане, не франкоговорящей стране, эти мероприятия проходят на высоком уровне. Так, в 2006 г. неделя открылась спектаклем Карагандинского театра французской пьесой: «Я тебя люблю», созданной по произведениям А. Моруа, Ж. Кокто и Г. де Мопассана.

В 2007 году в Алматы прошел IV Международный кинофестиваль «Евразия», который стал одним из важных мероприятий в культурной жизни Казахстана. На кинофестивале присутствовали звезды французского кинематографа, известные во всем мире, такие как Софии Марсо, Жерар Депардьё, Эммануэль Беар, Кристофер Ламберт и др.

В 2010 году кинофестиваль «Евразия» был обозначен новой внеконкурсной программой «Французское кино сегодня», организатором которого стала Ассоциация кинематографистов «Untfran.se», Бертран Бонелло «Стиль - это Я» и Жан-Пьер и Люк Дарденн «Два дня, одна ночь» в рамках фестиваля авторского кино [9].

2013-й год был официально объявлен Францией в Казахстане. Это событие совпало с 70-летием знаменитого французского произведения «Маленький принц» Антуана де Сан-Экзюпери. Издательством «Атамура» «Маленький принц», широко известный казахстанским читателям, вновь был переиздан. 2014-й год был официально объявлен Казахстаном во Франции.

Представительство Франции неоднократно высказывалось о том, французская сторона хотела бы усилить свое культурное присутствие в Казахстане.

Президент Франции Франсуа Олланд сказал: «В Казахстане культура играет особую роль. Она очень богата. Это культура кочевников, которая внесла значительный вклад в наше общее наследие. Вы должны беречь свою культуру и гордиться ею. Культурное наследие Казахстана должно шире распространяться во Франции, и наша страна готова сотрудничать с вами сегодня в данном вопросе» [10].

Особую роль в развитии двусторонних отношений между Казахстаном и Францией играет наука и образование, которые на протяжении ряда лет динамично развиваются и имеют большие перспективы.

Республика Казахстан и лично Президент Н.А.Назарбаев придают большое значение образованию молодёжи в стране. Казахстан одним из первых вошёл в мировое образовательное пространство, главной целью которого является построение Открытого общества, гуманизация и гуманитаризация всей системы образования, создание наиболее благоприятных условий для формирования высокообразованной, конкурентноспособной, творческой личности, что совпадает с основными критериями образования во всем мире.

Поэтому Казахстан заинтересован в развертывании сотрудничества с Францией в деле обучения и подготовки высших управленческих кадров. Французская республика заинтересована в расширении и распространении преподавания французского языка, как в школе, так и в Вузе, в увеличении числа молодежных обменов, языковых центров и подготовке специалистов гуманитарных областей.

Для реализации этой цели была в 1994 г. создана Национальная «высшая школа государственного управления (НВШГУ), которая сотрудничает с французской Национальной школой администрации и с французским Национальным центром, были также подписаны ряд соглашений, благодаря которым казахстанские студенты имеют возможность обучаться в Вузах Франции. Немаловажным фактором является внедрение в казахстанских школах, колледжах, институтах и университетах французского языка. С целью подготовки высших управленческих кадров налажено сотрудничество между Академией государственного управления при Президенте РК и французской Национальной школой администрации (ENA). В декабре 2004 г. в Алматы открылось представительство культурно-образовательного агентства «Альянс Франсез». В настоящее время представительства этого агентства функционируют в 4-х казахстанских городах: Астане, Алматы, Шымкенте и Актобе.

В рамках развития трансферта технологий и реализации государственной программы «Путь в Европу» на 2009–2011 годы создан «Казахстанско-Французский центр трансферта технологий». Учредителями создаваемого Центра от Казахстана являются АО «Центр инжиниринга и трансферта технологий» (АО «ФНБ «Самрук-Казына»), от французской стороны – Европейская компания стратегических исследований (CEIS). Цель проекта – вхождение и интеграция Казахстанской сети трансферта технологий в Европейскую сеть трансферта технологий EEN (Enterprise Europe Network) [11,39-42]. В рамках прямых межвузовских соглашений и на регулярной основе осуществляется обмен студентами и преподавателями. Наиболее активно развивается межвузовские отношения по линии побратимских связей между городом Ренном и Алматы. Активными участниками данного процесса являются КазГУМОМЯ и университет Ренн 2. Взаимоотношения в сфере образования и межвузовского сотрудничества протекают достаточно интенсивно. Этому способствовало подписание в марте 2013 г. межправительственного Соглашения о сотрудничестве в сфере высшего образования и исследований в Астане и осенью того же года – Соглашения о создании института "Сорбонна-Казахстан" в Алматы на базе Казахского национального педагогического университета им. Абая. Президент парижской Сорбонны Жан-Франсуа Жирар и ректор Казахского национального педагогического университета имени Абая С.Ж. Пралиев подписали меморандум об открытии филиала старейшего и престижного Университета Франции в Алматы. Особо следует подчеркнуть, что на церемонии открытия "Сорбонна – Казахстан", второго в мире и первого французского Вуза в Центральной Азии, в декабре 2014 года приняли участие Президенты Казахстана и Франции Нурсултан Назарбаев и Франсуа Олланд [12]. Учебные занятия в "Сорбонна – Казахстан" были начаты уже в сентябре 2014 года. В институте большая часть занятий ведётся на французском языке ведущими профессорами Франции.

Студенты получают двойной диплом после окончания обучения. Будучи студенткой этого учебного заведения, я очень благодарна нашему правительству за открытие подобного Вуза и уникальную возможность получения престижного образования, не выезжая из страны.

В 2015 "Сорбонна – Казахстан" открыла ещё 2 специальности для бакалавриата, в 2016 году количество специальностей будет значительно расширено.

Подводя итог сказанному, хотелось бы отметить, что сотрудничество Республики Казахстан с Францией находятся на уровне стратегического партнерства, на протяжении ряда лет динамично развиваются ориентированы на интеграцию и глобализацию и имеют большие перспективы.

1. Назарбаев Н. А. *Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства.*
2. Куанышев Д.О. *Сотрудничество Казахстана и Франции в современных условиях историко-компаративный аспект (1991-2008 гг.) // автореф. дисс. ... канд. ист.наук.; 07.00.02.-Алматы, 2010.*
3. *Договор о дружбе, взаимопонимании и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Французской Республикой от 23 сентября 1992 года // base.zakon.kz*

4. Токаев К.К. Под стягом независимости: очерки о внешней политике Казахстана. — Алматы: Білім, 1997.
5. АП РК.- Ф 75-Н. Оп.1. Д.97. Л.29.
6. Сайт Министерства иностранных дел Республики Казахстан. URL: <http://www.mfa.kz>
7. Современная история Казахстана: Хрестоматия /Сост. Ауанасова. А., Сулейменов А. Под ред. Аягана Б. - Алматы: Паритет, 2010.
8. Казахстанско-французские отношения // [psi.at.kz/?a=1074&c=16&l=ru](http://psi.at.kz/?a=1074&c=16&l=ru)
9. <http://articlekz.com/article/5652>
10. <http://www.ambafrance-kz.org/VYSTUPLENIE-PREZIDENTA-RESPUBLIKI>
11. Смагулова Г.М., Бахмацкая М. Казахстанско-французское сотрудничество на современном этапе: 90-е годы XX- начало XXI вв. // Вестник КарГУ - г. Караганда, № 4(72) - 2010
12. Назарбаев и Олланд открыли институт "Сорбонна-Казахстан" в Алматы. <http://www.nur.kz/343912-nazarbaev-i-olland-otkryli-institut-sorbonna-kazahstan-v-almaty.html>

## Republic of Kazakhstan and France: perspectives and realities

### Summary

**Karibzhanova L.** - 2-st year international relations master student of the Institut Sorbonne-Kazakhstan ,  
[Leila-2013@bk.ru](mailto:Leila-2013@bk.ru)

**Scientific supervisor-** Kuznetsov E.A.- doctor of historical sciences, professor of KazNPU after Abay

This article is devoted to today's actual scientific research on cooperation between Republic of Kazakhstan and the French Republic in the sphere of culture and education. The article deals with the dynamic development of bilateral relations in the field of education and culture between two countries. The author traces the significant events and features of cooperation between two countries in the cultural and educational sphere. In the article, the author notes the interest of Kazakhstan to France, as evidenced by the process of expansion of the Kazakh-French cooperation. Considerable attention is paid to the joint partnership of French and Kazakh universities, cultural and scientific exchange of students and teachers. Cultural activities, the organization and carrying out of events in order to maintain confidential relationships of France and Kazakhstan.

**Keywords:** bilateral cooperation, foreign policy, the Republic of Kazakhstan, the French Republic, culture, education, strategic partnership.

## Қазақстан Республикасы мен Франция: шындығы және перспективалар

### Түйіндеме

**Карибжанова Л.В.** – Сорбонна-Қазақстан Институті, халықаралық қатынастар мамандығы 2- курс, студенті, [Leila-2013@bk.ru](mailto:Leila-2013@bk.ru)

**Ғылыми жетекші:** Кузнецов Е.А. - тарихы ғылымдарының докторы, ҚазҰПУ профессоры

Бұл мақала бүгінгі күні білім және мәдениет ортасындағы Қазақстан Республикасы мен Франция Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың маңызды ғылыми зерттеулері жөнінде. Екі мемлекет арасындағы білім және мәдениет тәңірегіндегі екі жақты қарым-қатынастың динамикалы түрде дамуы айтылмыш мақалада қарастырылады. Білім және мәдениет ортасындағы екі мемлекеттің ынтымақтастығының ерекшелігі мен оқиғалардың мәнділігін автор бақылап отырады. Автор мақалада Қазақстанның Францияға деген қызығушылығын білдіреді, Қазақстан мен Франция арасындағы қарым-қатынас жүйесінің кеңейтілуін күләндырады. Студенттер мен оқытушылардың мәдени және ғылыми алмасуына Франция және Қазақстан университеттерінің қос қарым-қатынастарына арнайы көңіл бөледі.

Мәдени жоспарда Қазақстан мен Франция арасындағы сенімді қатынасты қолдау үшін ұымдастырылған мерекелер өткізу.

**Түйін сөздер:** екі жақты ынтымақтастық, Қазақстанның сыртқы саясаты, Қазақстан Республикасы, Француз Республикасы, мәдениет, білім беру, стратегиялық әріптестік.

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОРНЫ

Исамет Нұрболат Асхатұлы

Мақалада негізінен тәуелсіз Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулардың атқарған қоғамдық қызметтері, елді қорғау жолындағы жасаған ғажап ерліктері мен батырлықтары қарастырылады. Жыраулар мемлекеттің бас идеологы болған. Олардың қоғамдағы орны, қызметі мен рөлі өте жоғары болды. Олар елінің келешегіне алаңдап, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады және ел билеу саясатына араласып отырды. Мәнді де, мағыналы айтылған толғауларын тек қана жаттанды түрде айтумен шектелмеді, олардың айтқан толғаулары мен жырлары көптің көкейінен шығып, жұрттың санасына сілкініс оятты. Жырау - ханның жасап отырған жетістіктерін мадақтап, кемшіліктерін сынға алып, дер кезінде түзетіп, қарапайым бұқара халық пен елді билеген хандардың арасын жалғастырушы қызметін атқарған. Олардың жалынды өлеңдері қараны да, ханды да аямады. Өкінішке орай, кеңес үкіметінің ұлттық тарихқа жасаған қиянаты кесірінен, жыраулардың мұрасы, тіпті есімдерінің өзі белгісіз болып келді. Қаншама жырауларымыздың өлеңдері жоғалып, осы күнімізге жетпеді. Тәуелсіздігіміздің арқасында бізге беймәлім болып келген жыраулардың мұрасы табылып, мемлекет тарапынан жүргізілген қолдаудың арқасында бұл аталған проблемалар шешімін тауып келеді.

**Тірек сөздер:** фольклор, жырау, хан, Қазақ хандығы

XV-XVIII ғасыр қазақ хандығының дәуірлеген тұсы болды, яғни өз алдына тәуелсіз, дербес саясатын жүргізе бастады. Дәлосы кезеңде хандармен бірге жыраулардың ықпалы қараша халықтың алдында басым бола түсті. Жыраулар атқарған қызметі елді басқарып отырған хандардан асып түспесе кем болған жоқ. Өкінішке орай, көптеген ақын-жырауларымыздың мұраларының көпшілігі біздің осы күнімізге жетпеді. Оның әр түрлі себебі бар: бірі жоғалды, енді бірі түрлі себептерге байланысты хат беттеріне түспеуі салдарынан ұмытылды. Алғашқыда иыр, иырағу – жыр, жыршы сөзінен шыққан жырау аты - әрі өз жанынан өлең, жыр шығарушы, әрі бұрыннан қалыптасқан туындыларды- эпостық дастандарды жатқа айтып, ұрпақ сана-есіне жеткізуші, орнықтырушы қызметін атқарды. Жыраулар мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік құбылысы. Қазақ мемлекеттілігінің тарихында салмақты орны бар ақын-жырауларымыздың тындырымды жасаған жұмыстары мен адал атқарған қызметі рухани құндылықтарымыздың алтын жәдігері болып табылады.

Аумалы-төкпелі уақыт аясында да қазақ сөз өнері өзіндік құнын жоғалтпай, жалғасын тауып отырды. Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі түркі жазба ескерткіштер негізінде қалыптасып дамыған XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасы – қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы. Бұл мұраның ең басты қасиеті- XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырлар аясында қазақ хандығының құрылып, қазақ халқының қалыптасуы сияқты күрделі тарихи кезеңдерінің көптеген тұстары көркемдік дәрежеде бейнеленуінде. Осы дәуірде Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтікара, Үмбетей, Бұқар және тағы басқа ақын-жыраулардың мұрасы пайда болып, кейін олар ұлттық тарихымыздың алтын қорына қосылды.[1;306]

Жалпы, қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты дәуірінен басталады. Әйгілі Йоллығ-тегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан бертінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға (Ұлық жыршы), Алтын Орда кезіндегі Сыпыра, бұлардың бәрі XV-XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздарының дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірлерінің талап-талғамына, болмысына сәйкес өз заманындағы сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті. Бір кезде бүкіл түркі халықтарында, олардың тарихтарында, рухани ғұмырында зор роль атқарған жыраулар орта ғасырларда тек қазақ мемлекетінде ғана өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, бертінгі жаңа дәуірге, яғни XIX ғасырға дейін жеткізді. Бұлай болуы – жыраулық негізінен тәуелсіз көшпелі-бақташылық мемлекетте ғана болатындығын дәлелдейтін заңдылық. Өйткені қазақтан басқа түркі елдері XV-XVI ғасырларда бірі тәуелсіздігінен айырылды, бірі көшпелілігін қойып, біржола отырықшылыққа ауысып, басқа идеология мен мәдениет жасады, ал енді біреулері өз мемлекетін құра алмады. Міне, Алтын Орда ыдырағаннан кейін, ордалы мемлекет құрған қазақ халқының рухани өмірінде байырғы жыраулық дәстүр мен әдебиет қайта жаңғырып, жаңа сапада көрінді. Қазақ жыраулары жаңадан құрылған мемлекеттің күшті, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кезеңдегі әдебиетті, күллі мәдениетті

мемлекетке, ханға қызмет еткізді. Олар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологына айналды. Ханның ақылгөй кеңесшісі, бас саясаткері болғандықтан жыраулар тек қана үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша толғаған, сөйтіп өз сөздерін тікелей әміршіге арнап айтқан. Олар әдетте елді абдыратқан, толғантқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан жырауларды әмірші де, халық та аса қадір тұтып, олардан хан да, халық та ел дағдарған, немесе бүліншілік болған шақта, я болмаса елге жау тигенде ақыл-кеңес сұраған. Жыраулар мұндай сәттерде жұртшылыққа тоқтау айтып, болып жатқан оқиғаға немесе жағдаятқа өз бағасын берген, өткенін еске түсіріп, бүгінін сипаттаған, болашақты барлаған. Өз заманы мен бұрынғы уақытты салыстыра толғап, дәуір туралы, қоғам жайлы, ел мен әмірші жөнінде нақылды-фәлсафалық ой түйіндеген.[2;366]

Жыраулар кім еді? Жыраулар – мемлекеттегі, әсіресе хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте де, ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рухын көтерген. Тіпті қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болған, тайпалар мен руларды да басқарған. Жыраулардың көбінесе әрі суырып салма ақын, әрі батыр, әрі данагөй және сәуегей болып келуінің себебі сол тұстағы Қазақ хандығының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болуына және ұдайы жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді. [3; 2056]

«Әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш, суырылған шешеннен, судырлаған ақыннан алатын. Бұлардың саяси салмағы зор болғандықтан, аузынан шыққан сөз де олқы болмауға тиіс. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қоржындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Бұлар қазақтың жоғарғы табынан шығып, ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің бәрі ел мұңына, ел қамына арналған сөздер болады», – деп М.Әуезов айтқандай, жыраулардың өз бастарындағы артық қасиеттерінен тыс, азулы жуан, саны көп рулардан шығуы да, тіпті өзінің ел тағдыры шешілетін ауыр кезеңдерде қол бастайтын әскербасы – батыр болуы да хан қасынан табылуға мәжбүр еткен. Олардың хан қаһарынан қаймықпай қашан да батыл сөйлеп, шындықты тайсалмай бетке басып айтуы да осыдан.[4; 1806]

Жыраулардың шығармаларындағы ең басты тақырып- Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал, мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген утопиялық қоғамды суреттеді. Өздерінің монолог түрінде айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды.

Жырау өзіне бақсылардың сәуегейлік қызметін, ежелгі пірлердің білімдерін, әлемді түсіндірудің формасын, сөз сиқырын, алғыс етуді, күнтізбе жүйелерінің білімдерін, шежіре білімін құрғақ тарих ретінде емес, әруақтармен байланыс және тағы басқа түрінде қабылданған. Олардың өнерінің негізінде- жол салушылар ежелгі білімдер мен елеулі аналитикалық тарту қалыпатастырған, қуатты аккумулятивті күшке ие болған ежелгі сөзтіркестердің сиқырлы қоюлануы жатты. Жыраулар тайпалардың рухани көсемдері болды. Сондықтан, хандар оларға көріпкелдер ретінде, киелі білімді алып жүрушілер ретінде және әруақтармен қатынас орнату әдісі ретінде сенім артты. Бақсылар тәрізді, жыраулар да табиғат құбылыстарын әртүрлі мүмкін болатын әлеуметтік мәселелермен байланыстырып, қатты аштық кезең – жұтты алдын ала ескертетін. Сыртқы және ішкі істерге қатысты, оларға әрбір ел мен тайпа ішіндегі жағдайлар егжей-тегжейіне дейін белгілі болатын. Сенімді ақпаратты ала отырып жырау дәл ме дәл сараптау жасайтын. Мысалы Асан Қайғы Алтын Орданың құлауын алдын-ала болжаған. Жырау бал ашпайды –оның бойында бабаларының тәжірибесі, шежіре, тарих, заманауи және болашақ әлемінің білімі бар, яғни жыраудың бойында бір емес бірнеше асыл қасиеттерді бойына сіңіргенін байқауға болады. Осындай керемет қасиеттері бар

данагөй жырауларымыз, хан ордасында мәртебелі атаққа ие болып, хан кеңесінің тұрақты мүшесі атанып отырған.

Жыраулар негізінен әскери ақсүйектер ортасынан шықты және халық арасы мен хан бөлімінде абыройға ие болды. Олардың өнерінде басқа жанрлармен қатар- көріпкелдік жанры да жоқ емес. Олар “көреген” адамдар болып саналды, саяси оқиғалар мен әлеуметтің өміріне әсерін тигізетін климаттық өзгерістерді болжайтын. Сонымен бірге жыраулар хан ордасындағы маңызды істерді атқарумен қатар сәуегейлік, яғни табиғатта болып отыратын климаттық өзгерістерді болжап отырған.

Жалпы, жыраулар шығармашылығында әміршіге, билеушілерге қарсы, оппозициялық ой-пікірлер де айтылатын болған. Қажетті жерде жыраулар хан мен сұлтандарға олардың халыққа жағымсыз кейбір қылықтары мен байлам-шешімдеріне наразы болып, өздерінің келіспейтінін ашық айтып отырған. Тіпті кей тұстарда жыраулар өз әміршісін сынға да алатын болған. Олай болатын себебі, – біріншіден, жыраулардың көбісі қай жағынан болса да хан-сұлтандармен терезесі тең ақсүйектер тұқымынан шыққандығы, екіншіден, олардың әміршіге, мемлекетке деген адалдығы, үшіншіден, жыраулардың ел алдындағы орасан биік беделдігі, төртіншіден, көшпелі хандық мемлекетте "өзіндік демократияның" болғандығы, бесіншіден, қазақ қауымында "өнер алды – қызыл тіл" деп бағаланып, "бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" деген қағида-шарттың мықтылығы еді. [3; 206б]

Қазақ хандығының өз алдына жеке мемлекет ретінде тәуелсіз өмір сүрген кезеңінде, ханның кеңесшісі қызметін атқарған жыраулардың шығармаларындағы өлең жолдары тек қана мадақтаумен шектелмей, хандардың жіберіп отырған қателіктері мен кемшіліктерін және халыққа жасаған озбыр қылықтарын әшкерелеп жырлады. Хан қаһарынан тайсалмай, шындықты бетке баса сөйледі.

XV ғасырда өмір сүрген, туылған жылы мен өлген жылы белгісіз, Керей мен Жәнібек ханның замандасы Асан Қайғы еді. Өзінің жалынды жырларымен қараны да, ханды да аямады. Жәнібек ханды сынағанын мына өлеңінен байқаймыз:

Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің.  
Жайылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып, қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай  
Елеуреп неге сөйлейсің?..  
Әй, Жәнібек ойласаң,  
Қилы-қилы заман болмай ма?  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?  
Мұны неге білмейсің?  
Қош-аман тұр, Жәнібек,

Енді мені көрмейсің, [5; 7б]–деп, біржолата ат құйрығын кесісуге дейін барады. Дәл осы сарындас жыр жолдары XVII ғасырда өмір сүрген Марғасқа жырауда кездеседі. Көптеген мұралары сақталмаған, осы күнге дейін жетпеген. Есім ханның тұсында хандықтың аумағы кеңейіп, хандықты бірорталықтандырған жүйеге келтіріп, Түркістан қаласын елдің саяси астанасы етіп бекіткен болатын. Дегенмен де Есім ханға хандықтың аумағын басқару оңайға түспеді. Бірде Есім ханмен келісіп жұмыс атқарып, енді бірде араздасып жүрген хандардың бірі – Тұрсын хан еді. Тұрсын хан - Ташкент қаласын астана етіп, үй ішінен үй тігіп, тіпті өз атынан теңге шығарып, ұлы хан Есім ханға қарсы шығып, үнемі ханның басқару саясатымен келіспей қарсыласып отырды. Ақырында Есім хан Тұрсын ханның жасаған озбыр әрекеттері мен бүлігін қатаң жазалаған болатын. Осы саяси оқиғалар Марғасқа жыраудың өлеңінде бейнеленеді. Марғасқа жырау Тұрсын ханның бүлігін былайша жырлайды:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,  
Кім арамды ант ұрсын!  
Жазықсыз елді еңіретіп,  
Жер тәңірісіп жатырсың.  
Хан емессің, қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың!

Алтын тақта жатсаң да,  
Ажалы жеткен пақырсың!  
Еңсегей бойлы ер Есім  
Есігінде келіп тұр:  
Алғалы тұр жаныңды,  
Шашқалы тұр қаныңды![5;566]

Бұл өлең жолдары Марғасқа жыраудың Есім ханның төңірегінде болған батырлардың, ақылшылардың бірі, жоғын жоқтаушысы болғанын айғақтайды.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тарихы оның әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалары, оның көркем әдебиетінде тарихи шындық тұрғысынан дәлме-дәл суреттеліп отырған. Аңыз түбі ақиқат дегендей, біздің жырауларымыздың көптеген мұралары аңыз түрінде жетті. Аңыз түрінде жетседе бүгінгі таңда өзіндік құнын жоғалтқан жоқ. Дегенмен де жыраулардың әлі де зерттелінбей жатқан тұстары өте көп. Бабаларымыздың мұраларын бір жүйеге келтіріп, әлі де зерттеуді қажет ететін тұстарын айтатын болсақ, мысалы жырауларымыздың басым көпшілігінің қашан туылып қашан өлгені белгісіз, сонымен бірге олардың айтып кеткен заман жайлы, өздері өмір сүрген кезеңдегі хандардың жасаған ерліктері мен жіберген қателіктері, алдағы замана жайлы айтқан толғаулары мен өлеңдері ауызша жеткендіктен, көбісі заман ағымына қарай өзгеріске ұшырап отырған. Осы аталған жайттар ескеріліп, алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп, кемшін тұстардың орнының толықтырылуы уақыттың еншісінде.

Ауыз әдебиеті қазақ тарихының қайнар көзі болып табылады. Жырау ел тағдырына қатты алаңдап, аса маңызды оқиғалар тұсында жалынды жырларымен толғап отырған. Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірінен жыраулар түгелі, хандар мен сұлтан, батырларымыздың өзі тыңғылықты зерттелінбей тарих беттерінен ысырылып тасталынып отырды. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар елдік, ерлік, өмір, келешек заман қалай болатыны жайлы толғаған. Сонымен бірге, жер-суды, атамекенді қорғау, ел бірлігі мен татулығын сақтау мәселелерін жырлаған. Жыраулардың қызметі орасан болды. Олар бір ғана нәрсемен шектелмеді, хан кеңесінің тұрақты мүшесі, ел басына күн туғанда, қиын-қыстау заманында қолына қару алып, майдан даласында сарбаздармен бірге шайқасып, елін, жерін жау қолынан азат етуге бар күш-жігерін салып, ерен ерліктерімен көзге түсіп отырған. Жалынды жырлары қараны да, ханды да аямады. Жырау- этнограф, яғни, қазақ тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерін өз өнері арқылы келер ұрпаққа жеткізуші тұлға. «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды»[6;5036]-дегендей хандықтағы ең басты мәселе татулық, тыныштық, ынтымақ бірлік, елдің тыныштығы болды. Қазақ халқын бірлікке, отансүйгіштікке, елдікке, татулыққа үндейтін жыраулардың шығармаларын және олардың қазақ қоғамы өміріндегі атқарған қызметімен орнын білу, ұмытпау бүгінгі таңда өте қажет.

1. Қалижанов У. Қазақ хандығы және Қазақ әдебиеті. Алматы: Жалын баспасы 2015 ж 33-бет.
2. Қасқабасов С. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Алматы 2006 ж, 36-бет.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 3-том. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Алматы: Қазақпарат, 2008ж. 205, 206 бет.
4. Әуезов М. Жырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1985. 16-т. 180-бет.
5. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. 1-т.- Алматы, 1971ж, 7-б, 56-бет.
6. Қасқабасов Қ. Жаназық. –Астана, 2002. 503 бет.

**Исамет Нурболат Асхатулы**  
**Положение и деятельность жырау в казахском обществе**  
**Резюме**

В статье рассматриваются общественное влияние жырау в эпоху независимого Казахского ханства. Жырау были главными идеологами государства. Их положение и роль в обществе были очень высокими. Проблемы счастья, смысла жизни, взаимоотношения между ханом и простолудином, гордость и боль за человека, любовь к жизни, раздумья о прошлом и настоящим родной земли – вот что объединяет произведения жырау. Жырау не ограничивались воспеванием



забуренных стихов, значительной чертой стихов было содержательность, и пробудило в сознании народа веру в светлое будущее. Хваля достижения хана они своевременно скорректировали недостатки его, подвергая критике, таким образом жырау служили посредником между простым народом и ханом. Пламенные стихи жырау не жалели и хана, и простого народа. К сожалению, из-за политики советской власти к национальной истории наследие жырау, даже их имена оставались неизвестными. Произведения многих жырау не дошли до сегодняшних дней. Благодаря независимости Республики Казахстан мы смогли исследовать и познакомиться с наследиями забытых жырау.

**Ключевые слова:** фольклор, жырау, хан, Казахское ханство

**IssametNurbolatAskhatuly**  
**The position and activity of zhyrau in the Kazakh society**  
**nurbolat.31.93@mail.ru**

**Summary**

The article examines the public influence of zhyrau in the era of the independent Kazakh Khanate. Zhyrau were the main ideologists of the state. Their position and role in society was very high. Problems of happiness, meaning of life, the relationship between the khan and the commoner, pride and pain for the person loyal to life, thinking about the past and present of his native land - are what unite works of zhyrau. Zhyrau not limited jagged chanting verses of poetry was a significant feature richness, and awakened in the minds of people of faith in a brighter future. Praising achieve Khan they promptly corrected its deficiencies, criticizing thus zhyrau served as an intermediary between the common people and the khan. Flaming verses zhyrau spared and khan, and the common people. Unfortunately, due to the policy of the Soviet power to the national heritage zhyrau history, even their names were unknown. The works of many Zhyrau not reached until today. Due to the independence of the Republic of Kazakhstan, we were able to explore and discover the forgotten legacies zhyrau.

**Keywords:** folklore, zhyrau, khan, Kazakh Khanate

## СЫН-ШҚІР РЕЦЕНЗИИ

### ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА КІТАП

Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы - *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, т.ғ.д., профессор*

Жақында белгілі тарихшы, ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі Т.О.Омарбековтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары» атты жаңа кітап жарық көрді. Онда қазақ тарихнамасында тұңғыш рет қазақтың 30 ханның өмірі мен қызметі баяндалған. Мақала осы кітапты көпшілікке таныстыру мен оқырмандарға ұсыну мақсатында жазылған.

**Түйін сөздер:** Қазақ халқы, қазақ хандары, хандығы, Алаш, Ұлы дала.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай қалың оқырман қауымға арналған «Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары» атты кітап жарық көрген екен<sup>1</sup>. Авторы - тың тақырыптар мен жаңаша ойлары арқылы кеңестік кезеңнен-ақ белгілі болған, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін туралы мәселелерді жарқырата жариялап, тарих ғылымының әлеуметтік рөлін асқақтата түсуі барысында жасындай жалт етіп оның биігінен орын алған, көрнекті тарихшы Талас Омарбеков. Т. Омарбеков кейінгі жылдары қазақ ру-тайпалары, көне түріктер туралы көлемді еңбектер жариялап, өзінің тың ойлары, жаңаша көзқарастары, сондай-ақ ортағасырлық қазақ тарихының карталарын жасауы арқылы тарих ғылымындағы биігін асқақтата түсуде. Көп ешкімнің батылы бара қоймаған қазақ хандары туралы мына еңбек оның тарихи-энциклопедиялық білімінің тағы бір айғағы. Кітап алғысөзден, қазақ хандығының қалыптасуы туралы тарихи шолудан және Тоқтамыстан бастап Кенесарыға дейінгі 30 ханның билігі туралы эпсанадан тұрады.

Көпшілік қауымға арналғандықтан тілі жеңіл, баяндалуы көркем де әдеби болғанына қарамастан бұл жазушылар мен журналистердің стилінен бөлектеу кітап. Оны бұл тұрғыда ерекшелендіріп тұрғаны - ғалымның логикалық жүйесі мен тұжырымдары негізінде жазылуында екендігі бірден байқалады: ой желісі өте ауқымды деректер арқылы жасалған бұлтартпас дәлелдер негізінде бірінен біріне заңды түрде жалғаса отырып, нақтылы қорытындыларға алып келеді.

Алғысөзде бірден қазақ хандарының елге сіңірген еңбегі мен басқару жүйесіндегі орнына қарай бес түрге бөлінетінін айқындап көрсетеді. Бірінші тобына жататын «хандықты негіздеген және мемлекет ретінде күшейткен ірі тұлғалар» ретінде Керей, Әз Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандар көрсетіледі<sup>2</sup>. Екінші топты, «әртүрлі себептерге байланысты айбынды мемлекетті әлсіретіп алғандар құрайды. Олар – Мамаш, Қожахмет, Тахир, Тоғым» деп атап өтіледі<sup>3</sup>. «Қазақ хандығының даңқын асырып, дербес ел ретінде оны басқаларға мойындатқан, осылайша өздері де халық мақтанышына айналған хандарды» үшінші топқа жатқызады және бұлардың қатарында Тәуекел, Хакназар, Еңсегей бойлы ер Есім, Салқам Жәңгір, Әз Тәуке, Абылай, Кенесары ерекшеленеді. Автор «көрші, қуатты империялардың күшімен Қазақ хандығын сақтап қалуға және нығайтуға болады деп есептегендердің қазақ хандарының үлкен тобын құрағандығын» атап көрсетеді. «Олар – Шығай, Әбілқайыр, Нұралы, Ералы, Есім, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Болат, Сәмеке, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Арғынғазы» болғандығын айтады<sup>4</sup>. Автор көрсетіп отырған бұл төртінші топтың хандарының көбі Кіші жүзді биледі және олар туралы тақырыпшалардан байқалатындай көпшілігі билік үшін жанталасқанына қарамастан бұл саясаттары өздеріне көп опа да таптырмады, қайғылы, өкінішті жағдайда өмірін аяқтады. Бесінші топқа Оразмұхаммед, Қайып, Тұрсынмұхаммед сияқты, қазақ халқының өкілі бола тұрса да, қазіргі Қазақстан аумағынан тыс жерлерде билік құрған хандар жатқызылған.

Бұл қазақстандық тарихнамадағы қазақ хандарын мемлекеттік қайраткерлер ретінде топтастырудың ең жетік және біршама кең түрдегі үлгісі деп есептеймін. Бұл жүйені әсіресе оқулықтар жазу барысында пайдалану, ескеру керек. Дәлірек айтқанда, бірінен кейін бірін тізбелеп қысқаша көрсете бергеннен гөрі, мемлекеттің дамуына сүбелі үлес қосқан, күрделі бетбұрыстар мен реформалар жасаған, елімізді басқаларға мойындатқан, сөйтіп халық мақтанышына айналған билеушілерді ғана оқулықтарда, әсіресе жалпы білім беретін орта мектеп оқулықтарында кеңірек сипаттаған дұрыс. Бұл мәселеде Т.О. Омарбековтың тілі жатық, еркін оқылатын осы кітабының орны ерекше.

Автор қазақ хандары туралы мәселелерді зерттеуде тарихи деректерге сыни тұрғыда қарап, салыстырмалы түрде талдап, шынайылық дәрежесін айқындап барып, ұлттық дәстүр мен рух негізінде тиісті пайымдаулар жасау қажеттігіне баса назар аударады. Мұнымен қатар көрнекті тарихшының мына мына тұжырымдарын да ерекшелік көрсете кеткеніміз жөн деп ойлаймын: «Қазақ хандығының тарихын зерттегенде жеке тарихи тұлғалардың, хандардың және батырлардың саясатын халықтың мүддесімен, этникалық қауымдастықтардың іс-әрекетімен тығыз байланыста үйлестіре қарастыру керек. Сол замандағы қазақ қоғамындағы рулық-тайпалық мүдделерді ескермей, Алаш қауымдастығының қалыптасу ерекшеліктерін, қазақ ұлтының дәстүрлі өркениет жолындағы тарихи сатыларын тереңдете зерттемей, жекелеген қазақ хандарының қызметіне толыққанды баға беру де мүмкін емес екендігін естен шығаруға болмайды»<sup>5</sup>. Тарихта елі үшін еңіреп, халқы үшін қан жұтқан тұлғалар ғана тарихи тұлғаға айналады, ел жадынан тиісті орнын алады және солар ғана тарихшылар еңбектері арқылы болашақтарға жетуі керек. Сондықтан да автордың жоғарыдағы айтқандары алда осы мәселелер туралы жазғанда негізге алынуы қажет.

Кітаптың «Қазақ хандығының қилы тарихы» атты екінші тарауында қазақ тарихындағы аса маңызды төмендегідей мәселелер ерекшеленеді. Олар: Алаш этноқауымдастығы, қазақ хандығының қалыптасуының саяси-этно және идеологиялық негіздері, үш жүз ұғымының және қазақ ұлтының қалыптасуы жөніндегі арнайы зерттеліп айқындалуы қажет мәселелер. ҮІІІ-ғасырдағы Түргеш-Алаш ұлысы, «Үш сан Алаш», «Алты сан Алаш», Алаш бахадүр, «Алаш!» ұраны, Алаш этноқауымдастығының қалыптасуы жөнінде жаңа ойлар түйіндеп, көптеген түйткілдердің мәнін аша түседі. Қазақ хандығының қалыптасуының алғышарттары, әсіресе Әбілқайыр билігінің әлсіреуі барысы жан-жақты сипатталады. Автор үш жүздің қалыптасуының алғышарттарын Жошы ұлысының Оң қанат, Сол қанат, Орта ұлыс әкімшілік бөліктері туралы мәселеден бастай отырып, оның «қазақ мемлекеттігінің үш этно-географиялық және шаруашылықтық басқару аймақтары ретінде өмірге келгендігін» атап көрсетеді. Жоңғар шапқыншылығы мен басқыншылығына қарсы күрес барысындағы Күлтөбедегі, Қарақұмдағы, Ордабасыдағы, Ұлытаудағы, Қарқаралыдағы кеңестер мен жиындар турала айта келе, олар «қазақтың «етек-жеңі» жиналған ынтымақшыл ұлтқа айнала бастағанын көрсетіп берді», - деген тұжырымының маңызы үлкен<sup>6</sup>. Өйткені қазақ ұлтының қалыптасқан уақыты, түрі мен формасы, ерекшеліктері жөніндегі пікірталасты, әрі әлі де айқындалуы қажетті мәселені шешуде өзіндік орын алады.

Кітапта қазіргі қазақ жерінде, ұлы дала елінде билік еткен отыз дара тұлғаның өмірі мен қызметі көптеген тарихи деректер негізінде баяндалған. Мұнымен қатар автор тарихшы-ғалым болғандықтан тарихи зерттеу еңбектерін, олардағы көзқарастар мен тұжырымдарды да талдап, айқындап пайдаланып отырған. Сөзіміз дәлелді болу үшін алғашқы болып сипатталған тек бір ғана Тоқтамыс хан туралы көлемі 13 беттік тақырыпта Муин-ад-дин Натанзидің, Низам-ад-дин Шамидің, Өтеміс қажының, Шараф-ад-дин Али Йездидің, Ибн Арабшахтың, Қадырғали би Қосымұлының еңбектері, «Ер Едіге» жыры, орыс жылнамалары, «Тоқтамыш хан» дастаны дерек көздері ретінде қолданысқа ендірілген. Автор Тоқтамыс ханның іс-әрекеттері жөнінде тұжырымдар жасау барысында С. Толыбеков, Л.Н. Гумилев, Б. Греков, М.Тынышбаев, М. Иванов, Л. Зимин сияқты зерттеушілердің еңбектерін, олардың көзқарастарын сыни тұрғыда талдай отырып пайдаланған. Мұндай мысалдарды басқа да билеушілер туралы тақырыптар бойынша келтіруге болады.

Сонымен, «Ұлы даланың дара тұлғалары» айдарымен жарияланған бұл кітап, қазақ тарихына қосылған қомақты үлес болып табылады. Оның сондай-ақ көпшілік қауымның тарихи көзқарастарын қалыптастыруда және жас ұрпақты отаншылдық, патриоттық тұрғыда тәрбиелеуде де маңызды рөл атқарары сөзсіз.

<sup>1</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары.* – Алматы, «Эксклюзив КА», 2015. – 180 б.

<sup>2</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары...* 4-б.

<sup>3</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары...* 4-б.

<sup>4</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары...* 4-б.

<sup>5</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары...* 5-б.

<sup>6</sup> Талас Омарбеков. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары...* 15-б.

**Резюме**

Тулбаев Т.А. – д.и.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби [tur-07@mail.ru](mailto:tur-07@mail.ru)

**Новая книга о казахских ханах**

Недавно мы получили новую книгу известного историка, почетного академика НАН РК Т.О. Омарбекова посвященный 550 летию Казахского ханства «Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары». В этой книге впервые в историографии Казахстана освещена жизнь и деятельность 30 казахских ханов. Статья написана с целью ознакомления основным содержанием и рекомендации широкому кругу читателей.

**Ключевые слова:** Казахский народ, казахские ханы, ханство, Алаш, Великая степь.

**Summary**

**Tulebaev T.A.** – d.hist., professor Kas NU al-Farabi [tur-07@mail.ru](mailto:tur-07@mail.ru)

New book on the Kazakh khans

Recently we got the new book of известный historian, honoured academician of NAN РК Т.О. Omarbekov devoted 550 летию of the Kazakh khanate of "Ұлы даланың дара тұлғалары : Қазақ хандары". In this book first in historiography of Kazakhstan life and activity are lighted up 30 Kazakh khans. The article is written with with the purpose of acquaintance basic maintenance and recommending the wide circle of readers.

**Keywords:** the Kazakh people, Kazakh khans, khanate, Алаш, Great steppe.